



**ЛАТЫН ӘЛШБИ:
ТАЛҚЫ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ
НӘТИЖЕ**



Нұр-Сұлтан
2020

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2
Л 23

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды

Редакция алқасы: Ә.Қаба, Г.Мұқан, Ә.Асқар, Е.Тілешов, А.Әбдіхалық,
Л.Есбосынова, Н.Аитова, Г.Мамырбек.

Л 23 **Латын әліпбиі: талқы, халықаралық тәжірибе және нәтиже. Құрастырушылар:** Н.Жұмаханова, Ә.Исмаилова. – Нұр-Сұлтан: «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ, 2020. – 264 бет + 8 бет түрлі түсті жапсырма.
ISBN 978-601-7504-46-5

Ғылыми-практикалық жинаққа қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруге байланысты 2020 жылғы атқарылған жұмыстардың барысы туралы еңбектер енгізілді.

Ғылыми мақалалар, әдістемелік, сараптамалық, сынамалық және насихат жұмыстары, халықаралық семинар-кеңес, сұхбат алаңы материалдары кітаптың әр тарауынан орын алды. Кітап соңында жыл бойы атқарылған жұмыстардың жылнамасы қоса берілді.

Жинақ – ізденушілерге, мамандарға және қызығушылығы бар жалпы көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2

ISBN 978-601-7504-46-5

© «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»
ұлттық ғылыми-практикалық орталығы»
КеАҚ, 2020



Аңдау

Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі әліпбиге кезең-кезеңімен көшіру бойынша жұмыстарды жоспарлы түрде атқарып келеді. Жұмыстардың жүйелі ұйымдастырылуына Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының (бұдан әрі – «Тіл – Қазына» орталығы) мамандары, «Қазақ тілін латын графикасына көшіру жөніндегі» Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық, Техникалық сүйемелдеу жөніндегі жұмыс топтарының мүшелері, университет оқытушылары және өңірлердегі Тілдерді дамыту басқармалары мен олардың жанындағы оқыту орталықтарының қызметкерлері, әдіскерлері, мұғалімдері атсалысты.

2020 жылы әліпби реформасын кезең-кезеңімен байыпты, жүйелі түрде жүргізуді көздейтін іс-шаралар жетілдірілген әліпбиді сынағалау, ақпараттық насихаттау, латыннегізді емле ережелері бойынша жазуға үйрету мен талқылау, сараптау, қазақ тілінің жаңа емле ережелерін апробациялау, орфография, терминтаным және әдістемелік тұрғыдан негіздеу, баспа өнімдерін даярлау, шетелдік тәжірибелермен бөлісу бағыттарында жүргізілді.

Латыннегізді әліпбиді меңгертуге қатысты еліміздің барлық өңірлерін қамти отырып онлайн форматта ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік семинарлар ұйымдастырылды. Семинар спикерлері ретінде Орфографиялық жұмыс тобының мүшелері тартылды.

Жетілдірілген әліпбиді насихаттау жұмыстары жүргізілді, «Тіл-Қазына» орталығы мамандары мен филологтар, Орфографиялық жұмыс тобы мүшелері медиажоспарға сай БАҚ-та мақалалар жариялап, радио, телеарналарда түрлі сұхбаттар, ақпараттар берді.

Бұл жылы әліпби мәселесі халықаралық деңгейде де қаралып, соған байланысты халықаралық семинар кеңес және сұхбат алаңы ұйымдастырылды. «Түркі әлемі: тілдік ахуал, латын әліпбиі және әдістеме» атты семинар-кеңесі әліпбидің жетілдірілген жаңа нұсқасы мен емле ережелері жобасындағы өзгерістерді, жетілдіру барысындағы басты ерекшеліктерді кеңінен насихаттау, латын графикасына көшкен түркі халықтарының әліпби түзу, емле құрастыру барысындағы тәжірибесімен бөлісу, түркі халықтары тілдерінің қазіргі ахуалын, келешек



даму бағыттарын талқылау мақсатында ұйымдастырылды. Ғылыми басқосуда ортақ түрік әліпбиі, оның қажеттілігі мен мүмкіндіктері, түркілік елдердегі әлеуметтік лингвистикалық мәселелер, жалпы тіл үйрету әдістемесі, түркі тілдерін оқыту мәселелері де қамтылды. Семинар географиялық тұрғыдан кең ауқымды қамтыды. Іс-шараға қазақ, гагауыз, қырғыз, ноғай, өзбек, хакас, қарақалпақ, түрік, тыва, татар және қазақ тілдерін зерттеуші ғалымдар қатысты.

Сонымен қатар «Әлем тілдері әліпбиіндегі диакритикалық таңбалар» тақырыбында сұхбат алаңы түрінде халықаралық онлайн шара өткізілді. Шараның мақсатына сай әлем тілдері әліпбиіндегі диакритикалық таңбалардың артықшылықтары мен кемшіліктері талқыланып, оларды әдістемелік тұрғыдан меңгерудің тиімді әдістері ұсынылды және ІТ технологияларға сәйкестігі мәселесі қарастырылды.

Сұхбат алаңының бірінші бөлімінде отандық және шетелдік ғалымдар әлем тілдері әліпбиіндегі диакритикалық таңбалардың қолданылу ерекшеліктеріне байланысты ғылыми-теориялық көзқарастарын білдіріп, сұхбаттасты. Екінші бөлімінде отандық және шетелдік әдіскерлер диакритикалық таңбаларды меңгерудің оңтайлы әдіс-тәсілдерін түсіндірді. Үшінші бөлімде диакритикалық таңбалардың ІТ технологияларға сәйкестігіне қатысты халықаралық тәжірибелер бойынша ой бөлісті.

2020 жылдың жоспарлы жұмыстары нәтижесінде латын графикасына негізделген әліпби мен емле ережелері жобасы жан-жақты екшеліп, жүйеленді. Бұл «Тіл-Қазына» орталығының ең маңызды стратегиялық жоспарды жүзеге асыруға қосқан сүбелі үлесі ретінде бағасын алып отыр.

Осы жұмыстарды атқаруда атсалысқан Жұмыс топтарының мүшелеріне, өңірлердегі Тілдірде дамыту басқармалары мен оқыту орталықтарының ұжымдарына, ғалымдарға, мамандарға, «Тіл-Қазына» орталығы қызметкерлеріне, семинарларға жалпы қызығушылықпен қатысқан барша адамдарға алғыс айтамыз.

Құрметті оқырман, қолдарыңыздағы жинақ жыл бойы атқарылған жұмыстар жөнінде толымды ақпарат беру үшін құрастырылған.

Редакция алқасы



I ТАРАУ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ: ОРФОГРАФИЯ, ТЕРМИНТАНЫМ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕМЕЛЕР

МІНЕ, «ҚЫЗЫҚ» ЕНДІ БАСТАЛДЫ...

(емілемен алысқан мұғалім-ұстаздарға көмектесейік)

Әлімхан Жүнісбек

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының бас ғылыми қызметкері, профессор*

Әліпби мен еміленің (әдейі «і-ні» түсірмей жазып жүрмін) мақсаты тек сауат ашу болмау керек, сол сауат ашудың арқасында бала білім алу керек: дауысты-дауыссыз дегенді білу керек, буын дегенді біліп, буынға бөле білу керек, тасымал дегеннен хабардар болу керек, сөзді түбір мен қосымшаға талдай білу тағы керек екен. Бұлар білуге тиіс ең бастықы жайттар, әліппеден бастап оқулықтар осыларды білдіруге тырысады. Білуге тиіс нәрсе жетерлік екен, ал осының бәрін білу үшін, әліпби мен еміле осы айтылғандарды мүлтіксіз жазып үйрету керек. Ақиқат білім сонда ғана игеріледі.

Бұған дейін не жазсам да жазғанымның соңын, не айтсам да сөзімнің соңын «шала әліпбидің әлегін әліппе мен оқулық жазғанда, сауат ашу басталғанда көретін боламыз» деп аяқтаушы едім. (Осы сөзіме орай, биліктегі бір ініміз «Әлекеңнің сәуегейлігін кезінде көре жатармыз» деп қағытып қалып еді, мен үндемей құтылғанмын). Бүгін ФБ-ті ашып қалсам, «әңгіме» басталып-ақ кеткен екен. Мәселенің басы-қасында мұғалім-ұстаз бен ата-ана жүр.

Бұл «әңгімеге» араласа кетуге себеп болған мұғалім мен ата-ана арасындағы еміле түсініспеушілік болып отыр. Оған себеп - «жануар» сөзінің дыбыс талданым емілесі екен. Мұғалім айтады: «у» дауыссыздан кейін тұр, сондықтан ол дауысты дыбыс болады» дейді; ата-ана айтады: «у» дауыстының алдында тұр, сондықтан ол дауыссыз дыбыс болады» дейді. Қазіргі «шатпақ» емілеміз бойынша екеуінікі де әрі дұрыс, әрі бұрыс. Өйткені осы «шатпақ» емілеміз бойынша қазақ тілінің дыбыстарының дауысты немесе дауыссыз болуы сөз шебіндегі орнына байланысты болып шығып отыр ғой. Сонда дыбысты дыбыс етіп тұрған оның жасалымы (артикуляциясы) екені қайда қалды?

Алдымен мына бір жаңылтпаш ережені көріп алайық, суретке түсіргендей қаз-қалпында көрсетіп отырмын.

Дауыстыдан соң және сөз басында дауыстыдан бұрын келген у дыбысы дауыссыз болады: *әуежай, уақыт, Сәуле*

Дауыссыздан соң және сөз басында дауыссыздан бұрын келген у дыбысы дауысты болады: *сусын, елу, улап-шулап*



«Дауыстыдан кейін дауыссыз болады, дауыссыздан кейін дауысты болады» деген тірегі жоқ, тайғанақ емілені мұғалім ойдан шығарып отырған жоқ немесе ата-ана ұстазбен жағаласып отырған жоқ, оны еміле құрастырушылар мойнымызға іліп, міндеттеп беріп отыр. Сонымен...

Біріншіден, емілешілер ұсынған «у дыбысы» деген тіркес дұрыс емес, өйткені «у» дыбыс емес, таңба (әріп). Әріп болған соң оның дыбыс мәні болу керек, кирилдегі дыбыс мәніне алаңдамаймыз, ал қазақ тілінде үш бірдей (!?) дыбыс мәні бар: а) дауыссыз у[w] - ауа [awa]; ә) жуан әуезді ұу[uw] дыбыс тіркесі сұу [suw]; б) жіңішке әуезді үу[üw] дыбыс тіркесі үуәж [üwäj], осы үштіктің өзі-ақ кирилден көшкен әліпбиіміздің орашолоқ, кирилден көшірген емілеміздің сауатсыз екенін көрсетеді.

Сонда жануар сөзінің қазақы дұрыс жазылымы жанұуар [januwar] болу керек. Ендеше қолдан бұзып жазып, мұғалім мен ата-ананы екеуара керістіріп қойып отырмыз. Әрбір дыбыс өз орнында өз таңбасымен тұру керек, сонда буынға да жөнімен бөлінеді жа-нұ-уар [ja-nu-war]. Бір қызығы, егер сөзді қазақ тілінің фонетика-морфологиялық заңдылығын сақтап жазатын болсақ, жоғарыдағы екі айтыскердің екеуінің де уәжі дұрыс болып шығады, өйткені олар қазақ тілінің (сөзінің) ұлттық түйсінімі мен танымының нәтижесін айтып отыр: дауыссыздан кейін дауысты ұ[u] тұр жанҰуар [janUwar]; дауыстының алдында дауыссыз у[w] тұр жанҰУар [januWar]. Жазуда әрбір таңба (әріп) өз орнында көрініп тұрмаса, әрбір дыбыс өз орнында айтылып тұрмаса әліпбидің әлегі мен еміленің ессіздігінен құтылу мүмкін емес, жоқ жерден жоққа таласып отырғанымыз отырған.

Ескерту. Жуан, жіңішке сөздерін жалаң пайдаланбау керек, әуез (тембр) сөзін қосып жуан әуезді (дыбыс, буын, сөз), жіңішке әуезді (дыбыс, буын, сөз) деп, жөнін тауып пайдаланатын болайық.

Екіншіден, әліпбиіміз бен емілеміздегі ары тарт, бері тарт бұл бір мысалмен бітпейді. Естеріңізде болса, осының алдындағы ақут әліпбиіміздің емілесінде сөздің құрамынан дауысты дыбыс жоғалып кетіп еді (проф.М.Малбақов: дауысты дыбысы жоқ сөз болады ма), шындығында, ақут жазылымы бойынша [júy] сөзінің құрамы үш дауыссыздың тіркесі, дауысты дыбыс жоқ. Ал енді бүгінгі умлаут әліпбиінің емілесін басшылыққа алатын болсақ, онда сөздің және сөз құрамындағы кейбір буынның жазылым құрамынан дауыссыз дыбыс жоқ болып кетеді. Мысалы, [aua, äue, au, auu, sauu] сөздерінің құрамындағы әріптер дауысты дыбыстардың таңбасы (ұсынылғалы отырған әліпби нұсқасын қараңыз). Енді буынға бөлеміз, «әр буынның құрамында бір дауысты дыбыс болады» деген ережеміз бар, осы ережені басшылыққа алып: [a-u-a, a-u-u, sa-u-u] деп буынға бөлуге мәжбүр боламыз. (кирилдегі аюы сөзінің а-ю-ы буын талданымы еріксіз ойға оралады, үйреншікті сокпақта жүр екенбіз ғой).

Ал сөздердің дұрыс фонетика-морфологиялық жазылымы мен буын талданымын көрейік: а-уа [a-wa], ә-уе [ä-we], ау [aw], а-уұу [a-wuw], са-уұу [sa-wuw]. Кирилмен таптауырын болған санамызға бірден қабылдай қою, әрине қиын, тіптен мүмкін де емес шығар, бірақ ақиқаты осы, үйрену керек, дағдылану керек болады.

Келесі «қызықты» көрейік. Кирилл үлгісін бірге-бір көшіріп отырмыз.

лат.	su	suu	suyq	su-yq
кир.	су	суу	суық	су-ық

Жарайды, кирилмен жазып та күн көруге болады, күн көріп те келдік. Бірақ мақсат, әйтеуір, күн көру емес қой. Кирилл «жазу» тіліміздің ұлттық табиғатына лайық, содан





туындайтын ұлттық санамызға лайық білім бере алмай отыр ғой, біз осыны мойындауымыз керек емес пе? Енді дұрысына көшейік.

лат.	suw	suwuw	suwuq	su-wuq
кир.	су	суу	суық	су-ық

Ұлттық әліпби санамызды қалыптастыру үшін кирилл жазуының құрсауынан арылу керек, ол үшін еңбек етуге тура келеді: ұлттық әліпбиді үйреніп, ұлттық емілені меңгеру керек, көз үйретіп, қол жаттықтыру керек. Сонда ғана әр таңбамыз өз орнында тұрып, әр дыбысымыз қазақша дыбысталады, ең бастысы, сөздің үндесім әуезі мен буын тұрқы сақталады. Таңба саны бірге-екіге артады ма, әрине артады, өйткені біздің тіліміздің табиғаты сондай, әлеми бірегейлігі осында. Бөгде тілдермен таңба санап жарысатындай бәйгенің бізге қажеті жоқ.

«Қызықты» жалғастырайық. Қазақ тілінің оқулықтары түбір мен қосымша жайлы білім беруге міндетті және беретін білім ақиқат болу керек. Морфем талдауға кирилше жазғанда оқу сөзі келді дейік. Енді оның латынша нұсқасы тағы да кирилл үлгісімен оқу болмақ. Мұғалімдердің бір қиналатын жері осы болмақ.

кир.	оқи	оқ-и	оқ
лат.	oquu	oqu-u	oqu

Көсемшенің жұрнағы деп қосымша «и-ді» алып тастадық, сонда сөздің түбір «оқ» болады ма? Балаға қалай түсіндіресің.

кир.	оқу	оқ-у	оқ
лат.	oquw	oqu-w	oqu

Тұйық райдың жұрнағы деп қосымша «у-ды» алып тастадық, сонда сөздің түбірі тағы да «оқ» болады ма, бала аң-таң қалады ғой. Әр дыбыстың таңбасы өз орнында тұру керек дегенді босқа қайталап отырған жоқпыз.

«Қызықты» жалғастыра берейік. «Сөздің бірінші буыны жіңішке (әуезді) болса, келесі буындар да жіңішке (әуезді) болады» деген ережеміз бар. Ал енді осы ережені неге көріне көзге бұзып жазамыз.

кирилл		латын	
жи	жи-ын	[jɪy]	[jɪ-yɪn] [mɪ-yɪ]
ми	ми-ы	[mɪy]	[ɪ-yɪq]
иық	и-ық	[ɪyɪq]	

Бірінші буындағы жіңішке дауыстыны көріп тұрған балаға келесі буында неге жуан әуезді дауысты тұрғанын қалай түсіндіресің.

Қорытында «қызықты» мұғалімдер ФБ-те өздері айтып отыр, сиыр деген сөзді буынға бөле алмай жатырмыз дейді. Өздеріңіз де көрген боларсыздар. Не айтуға болады: **бұрыс әліпбиден дұрыс еміле шықпайды, дұрыс әліпбиден бұрыс еміле шықпайды.** Жазылымы дұрыс сыйыр сөзінің сиыр болып бұрыс жазылып отырғаны жалған әліпби мен жалған еміленің нәтижесі. Кирилше жазылған сиыр сөзін буынға дұрыс бөлу мүмкін





емес, ұстаздардың қиналып отырғаны да сондықтан. Буынға дұрыс бөліну үшін дұрыс емілемен **сы-йыр** [sɪ-yɪr] болып жазылу керек.

Ұзын сөздің қысқасы, қорытындыға келейік, осындай шатпақ әліпби, сарсаң емілемен бірінші сыныптың баласын «алдауға» болады, ал ересек сыныптың балаларын, студенттерді, ата-аналарды қалай «алдайсың». Орынды сұрақтарға мұғалім қашанғы орынсыз жауап беріп отырады.

Ахан (А.Байтұрсынұлы) айтқан «ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» дегендей, бүгінгі «кирилл» ұрпақ түсіне түсінер, түсінбесе түсінбес, әліпби санасы жаңғырған келер ұрпақ түсінеріне күман жоқ.

Ата-аналар «жоғарғы жаққа мұғалімдер айтсын» деп, мұғалімдер «ата-аналар айтсын» деп, бәрі жабылып «ғалымдар айтсын» деп отыра беруге тағы болмайды. Енді не істеу керек? Міне, қызық енді басталды...

Соңғы сөз орнына. **Әліпби-жұмбақ**

Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: b, g, ğ, d, j, k, q, l, m, n, ñ, p, r, s, t, v, f, h, ʃ, z.

Мынау соңғы ұсынылып отырған еміле-ережедегі «дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі» деп берілген нұсқау.

Енді жұмбақ: осы тізбекте қазақтың екі төл дыбысы да, ол екеуінің әрібі де жоқ, кәне кім бұрын табады?

Мұғалімдердің теориялық дайындығына қосымша ретінде. «Тау» және «ту», «бау» және «бу», «жай» және «жи» жұп сөздерінің морфологиялық үлгісі (моделі) бірдей, дауыссыз+дауысты+дауыссыз: **taw-tuw, baw-buw, jay-ju**. Соған қарамай бір сыңарын жазғанда дауыстыны жұтып қоямыз - ту, екіншісіне тиіспейміз - **may**. Егер тілдің жүйе (система) екенін ескерсек, онда екеуін де дауыстысымен толық жазуымыз керек. Бұл жерде морфем бірліктердің морфологиялық қызыметінен басқа себептеріне сүйенуге болмайды. Құрылымы жүйелі әліпбиден ғана ұлттық еміле құрастыруға болады. Бірін жазып, бірін жазбайтын еміле сыңаржақ ұстаным болып табылады.

ОРФОГРАФИЯҒА ОҢТАЙЛЫ ӘЛІПБИ КЕРЕК

(сұхбат)

Нүргелді Уәли

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор*

Соңғы кездері газет-журнал, сайт басылым беттерінде жаңа әліпбидегі кейбір таңбаларға байланысты ғалымдар арасында келіспеушілік байқалады. Ой алшақтығын туғызған ол қандай таңбалар? Оның жазылу мен оқылымдағы ерекшеліктері қандай? Орфографияға оңтайлы әліпби қажет пе?

Міне, осы сұрақтардың жауабын іздеп Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, білікті ғалым филология ғылымдарының докторы Нүргелді Уәли мырзаға жолыққан едік. Әңгіме өзегі көп талқысында жүрген әліпбидегі кейбір таңбалар мен олардың жазылудағы ыңғайлылығы.

Алматы қаласында қарашаның 6-сы күні «Достық үйінде» «Қазақ тілінің жаңа әліпбиі: Тіл мамандарының ортақ тұжырымы» атты ғылыми-практикалық дөңгелек үстел өткен екен.

«Жаңа әліпби: тіл мамандарының ортақ тұжырымы» дегенге қарағанда Институт ғалымдары бірауызды болып бір пәтуаға келген сыңайлы. Көптеген оқырмандарымыз





да осылай ойлағанға ұқсайды. Алайда республикалық басылымдарда, өзге де ақпарат көздерінде, жарияланымдарға қарағанда Институт ғалымдарының ішінде аталмыш жобаны қолдамайтындары да бар екен.

- Сонымен, Институт ғалымдары кеңесінде қаралып, таныстырылымнан өткен, «Жаңа әліпби» жобасы туралы Сіздің, атап айтқанда, орфографиялық сөздіктердің түгелге дерлік басылымдарына қатысқан негізгі құрастырушылардың бірі, қазақ орфографиясының ғылыми-практикалық мәселелерімен шұғылданушы тіл маманы ретінде Сіздің пікіріңізді білгісі келеді. «Аттың жақсысы арбада сыналады» дегендей әліпбидің дұрысы орфографияда сыналады. Сонымен Орфография «көзімен» қарағанда «Жаңа әліпби» жөнінде ойыңыз қалай?

- Алдымен айтарым – хабар алмай қалғандықтан, Сіз айтып отырған «Дөңгелек үстелдің» мәжілісінде қатыса алмадым. Қатыспасам да, онда қабылданған әліпбимен, «Қарарымен», танысып шықтым. Сіз «Жоба», «Таныстырылым» деп отырсыз. Қарарда, «таныстырылым», «жоба» деген ұғымды білдіретін атаулар жоқ және Институт ғалымдары кеңесінде қаралған жоқ.

- Институт кеңесінде талқыланбауында, «Жоба», «Таныстырылым» сияқты «кілт» сөздердің болмауында себеп, не бір мән бар шығар?

- Ол жағын біле алмадым. Бәлкім, Институт директоры профессор Ерден Қажыбек мырза «Жаңа әліпби» түзуде өзінің тікелей қатысы болғандықтан, «директорлық билікке» салмайын дегені болар. Ал жаңағыдай, сіз айтқан «Кілт» атаулардың болмауын нақты біле алмадым. Мүмкін, күллі тіл мамандарының «түпкілікті шешімі» дегілері келген шығар? Солай да болуы ықтимал. Негізгі мәселе бұл емес.

- Дұрыс айтасыз, онда негізгі мәселеге көшейік. Бұл – танымал титулды ғалымдардың ұсынып отырған жобасы, жай әуесқойлық емес. Әдетте ғылыми этикада сөзді жақсыдан бастаушы еді ғой.

«Өлі әріпсіз» әліпби

- «Жаңа әліпбидің» тиімді жағы да, ойланатын жағы да жоқ емес. Тиімді тұсы дегеніміз – sh қосарының «өлі әріпсіз» s- мен берілуі; жіңішке дауыстылардың бірыңғай ä, ö, ü түрінде таңбалануы. Ал дауыссыздарға қойылатын диакритикалық белгілердің біртектес болуын ойластырған жөн сияқты.

- Кешіріңіз, «ойластыру» дегеніңізді біздің оқырмандарымыз сырғытпа сөз деп қалады.

- Бұныңыз да жөн шығар. Айталық, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл қазына» орталығы түрлі әліпби жобаларында кездесетін диакритикалық (акут, диграф, умлаут, бревис т.б.) белгілер бойынша сауалнама жүргізіп, оған әлеуметтаным лингвистикасы бойынша талдаулар жасаған. Сондайларға сүйену керек.

- «Өлі әріп» дегеніңіз қызық екен. Шамасы, дыбыстық мәні жоқ, қосалқы қызметі бар әріпті айтып отырсыз ғой. Қазіргі кезде ұсынылып жатқан жобаларда Ұлттық тілге тән дыбыс ерекшеліктерін «өлі әріппен» беру жиі ұшырасады.

- Оныңыз рас. Қазақ тіліндегі дыбыстардың жарым-жартысына жуығын (ә, д, ұ, ү, і, ғ, қ, ң) «өлі әріппен» беретін жобалар да жоқ емес.

- Сонымен, бұндай «өлі әріптерден» «Жаңа әліпби» жобасының аулақ болуын орынды деп отырсыз. Жақсысын айттыңыз. Ал қазақта, «Жақсысын айт, жаманын тақап қой» дейді ғой. Келіспейтіндеріңіз болса, әрине. Ондайда оқырмандарымыз, өзіңіз білесіз, айтқаныңыздағы «Меніңшеден» гөрі дәлелге қарайды.

- «Жаңа әліпбиді» орфографиялық тұрғыдан қолдауға болмайтын себептерді айтуға тура келеді. «Жаңа әліпбиді» ең түйткілді деген тұстарына тоқталып көрейік. Әдетте,





әліпбидің қандайы болмасын кемшілігі де, артықшылығы да жазу арқылы тексерілгенде байқалады. «Дөңгелек үстел» назарына ұсынылған әліпбиде w әрпі енгізілген екен. Бұл әріп (w) қазақтың төл дауыссыз дыбысын таңбалайды деп көрсетілген: *taw (tay), sawar (sauan)*. Бұрын *су, бу, жу* жазылатын сөздерді ендігі жерде әріп ашып *сұу, жұу, бұу* деп жазуға тура келді.

- «Әріп ашу» дегеніңіз жаңа термин сияқты. Бұндай сөздердегі у әрпінің тасасында тұрған ұ+у дыбыстарын ашып жазуды дұрыс санайтындар да бар ғой.

Әріп ашу. Тасымал ашу. Буын ашу

- Әріп ашу графикалық деңгейдегі, тасымал ашу орфографиялық деңгейдегі, ал буын ашу фонетикалық деңгейдегі ерекшеліктерге жатады. Содықтан контексті әрбасқа. Бірақ жұртшылыққа мәлім, қазақ тілі жалғамалы тіл ғой. Кез-келген мәтінде сөздің жеке тұлғасынан гөрі оның қосымшалармен түрленімдері әлдеқайда жиі кездеседі. Өйткені сөздің түрленімінсіз (формаларынсыз) ешқандай коммуникация жүзеге аспайтыны белгілі. Бұндайда сөздің өзімен қоса түрленімдерін қалай орфографиялаймыз? Орфографиялап көрейік. «Жаңа әліпбимен» жазылатын сөздерді түрленімге түскендегі жазылымын «Жаңа әліпбимен» мысалы, *су – сұу* сөзінің түрленімдік тізбе қайтарын жұртшылық төмендегідей жазуға мәжбүр болады

Су (2әріп) – сұу (3әріп)

Сууы (4әріп) – сұуұуұ (6әріп)

Суиын (5әріп) – сұуұуұн (7әріп)

Суыну (5әріп) – сұуұнұу (7әріп)

Суытылуы (8әріп) – сұуұтұлұуұ (10әріп)

- Бұл жерде «Жаңа әліпби» жобасына кіргізілген *дабл-ю-дың (w) орфографиялануындағы қиындық «басы артық әріптердің» көбеюіне саяды дейсіз ғой? «Жаңа әліпбидегі» «дабл-ю» әрпін неге қолдамайтыныңыздың бір себебі осы ғой.*

- Мәселе бұнымен шектелмейді, орфографиялағанда кесе-көлденең тағы бір қиындыққа тап боламыз. Мысалы, *сұуұнұуұ* деп жазамыз ба? Әлде *суыныуы* дейміз бе? Даудың басы осы бастан-ақ қылтылып тұр. *Оқууұ* деген дұрыс па? *Оқыуы* деген жөн бе? Мәселенің бұл айтылғандардан басқа да қиын жерлері, әсіресе, бір сөздің шенінде дабл-ю (w) мен і-нің аралас-құралас келетін тұстарымен байланысты. Мысалы, қиуластыруы дегенді жазар-мандарымыз қалай жазады? Ойланып көрсін. «Жаңа әліпби» бойынша орфография түзушілеріміз оны амалсыз қыйұластырұуұ деп жазып көрсетеді. «Жаңа әліпбиді» ұстанған мектеп мұғалімі терме диктантта итиуі дегенді ійтійууу деп үйретсе, көрші мектепте ійтійууі деп жазып көрсетеді. Қазіргі қоғамы өмірде жүрдек сөзге айналған рухани, уақыт, тарихи сияқты қайталамасы (рекуренттілігі) жоғары сөздер медиа-масс құралдарында, ішкі-сыртқы жарнамаларда, экрандағы жүгіртпе жазуларда т.б. ақпарат көздерінде қалай орфографияланбақ? Әрине, орфографиялануын, мысалы, тарыйхый, ырұуханый/ұрұу-ханый; ұуақыт үуәделесууу, ұуағдаласууұ деп жазуын жазып береміз-ау. Алайда бұндай үлгіні жазу деуден гөрі транскрипция дейді.

- Сонда қандай қиын әліпби болса да, орфография мамандары жазуын жазып, сөздігін түзіп те береді, бірақ Орфография «көзімен» қарағанда жалпақ жұртшылыққа қиын тиеді деп, күмән келтіргеніңізді байқап отырмыз.

- Әрине, жұртшылықтың сауатын ойлау керек. Өйткені жазу-сызу – әлеуметтік мән-ділікке ие ерекше категория.

«Төл» ме? «Төл емес» пе?





- «Жаңа әліпби» бойынша і әрпімен «төл» сөз болса, іні, кім, тіл, дін деп жазылады және солай оқылады. Ал «төл емес» болса, жаңағы і әрпімен *ministr, internet* деп жазасыз, бірақ [министр], [интернет] деп оқисыз. Бұл қалай? Міне, әліпбиге бейжәт қарамайтын оқырмандарымыздың бір білгісі келетіні осы мәселе.

- Бір әріптің «төл» сөз болса, бұлай, «төл» емес болса, олай жазылады деп орфографиялануын «олай-бұлайға» салып бұлталақтату ешбір талапқа сай келмейтін тиянақсыздық болып шығады.

Айталық, іңжіл сөзін [инжіл] деп оқисыз ба? Әлде [інжіл] деп оқисыз ба? Ал іңжі атауы [инжир] болып оқыла ма? Немесе [інжір] деп оқыла ма? Қайсысын қалай оқып, қайсын қалай жазарда оқырман-жазармандарымыз «төл», «төл емес» деп сұрыптап отырмақ па?

Бұл – бұл ма?! Мәселенің біз қауіптенбей тұра алмайтын тағы бір тұсы бар. Күні бүгін-ақ қазақ тілін шама-шарқынша білетін орыс тілді, ағылшын тілді білімді азаматтарымыз *іні, ілім, іскер* дегендерді [ині, уни], [улим], [искер], деп сөйлейтіні анық. Бүгін болмаса, ертең-ақ ана сүтімен ауызданған қазақтілді жас буынға бұл «жаңалық» жұғысты болып, дұбара айтылымдар етек алып кетпесіне кім кепіл?

Дәл осыған ұқсас көңілімізде ұялаған бір күдікті айтпауымызға тағы болмай тұр. *Ақтау, Қаратау, Алатау, Ұлытау, Көкшетау, Медеу* тәрізді тарихи-мәдени ономастикалық атауларды *Ақтау, Қаратау, Алатау, Ұлытау, Көкшетау, Медеу* деп дабл-ю әрпімен жазуын жазармыз-ау, бірақ бұларды күні бүгіннен-ақ *Ақтау, Қаратау, Алатау, Медеу* деуге бейімделіп, дағды алып кеткен ауызды қойдыра алмай әлекке түсеміз бе деп күдіктенемін.

Шарттылық па? Зандылық па?

- Сонымен, *сұу* дегендегі [F] мен [У]-ды у деп дара әріппен таңбалау, айтуыңызға қарағанда, әріп санын көбейте бермей, орфографиялауды оңтайландыратын шарттылық деп түсінуге болатын сияқты. Бұндай шарттылық, мысалы, ағылшын тіліндегі *text(текст) хегохс* (ксерокс), *fax(факс), boxing* (бокс) дегендерді еске түсіреді. Осыған еліктеу сияқты көрінбей ме?

- Жоқ! Сырт қарағанда солай көрінуі де мүмкін. Шеттілдік жазудағы бұндайлар біздің ұлттық жазу-сызуымыз үшін өнеге тұтар үлгі емес.

Ал қазақ орфографиясы дәстүріндегі [ұ] мен [у]-ды бір таңбаға сыйдырып беруді шарттылықтан гөрі заңдылық деуге болады.

Атап айтқанда, біріншіден, [ұ] қысаң әрі қысқа (келте) дауысты, ал [у] дауыссыз болғанмен, онда созылыңқы вокалді элемент басым. Сондықтан оны А.Байтұрсынұлы жарты дауысты деп дәл таныған. Екіншіден, [ұ] да, [у] да ерінбейім дыбыстар санатына жатады. Міне, осы ортақ қасиеттері жағынан бұлар *ту, бу, қу, су* сияқты сөздерде, яғни дауыссыздардан соң келген орындарда бір-бірімен кірігіп, ал дауыс жағынан бір-бірімен ұласып, созылыңқы сипаттағы кіріккен дыбыстық бірлікке айналады.

Осы тәрізді *уақыт, уәде, уыз, уыс* сияқты сөздердің бас шенінде жазылатын у әрпі, байқауымызша, кіріккен созылыңқы дыбыстық бірлікті таңбалайды.

Ал тау, бау дегендегі [у] ерінбейім дауыссыз болғандықтан, ашық, езубейімді [а]-мен кіріге алмайды. Өйткені бірі езулік [а], екіншісі еріндік [у] болып кіріге алмағандықтан,





дауыстыдан соң тұрған соң [у]-дың вокалді созылыңқы сипаты да болмайды. Сондықтан тау, бау дегендегі [у]-ды мектеп өмірінде мұғалімдер «шолақ у» деп дәл атаған.

[И] дауыссызының да мән-жайы осы тәрізді. И әрпінің дыбыстық мәнін ашатын болсақ, [i+и]. Бұндағы [i] қысаң, келте, езулік дауысты. Ал [и] де езубейім және дауыс (вокалді элемент) басым, сондықтан бұл дыбысты да жарты дауыстылар санатында қараған. Сөйтіп, ине, игі, иіл дегендегі [i] мен [и]-дің екеуі де езубейім болып, бір-бірімен кірігіп, созылыңқы сипаттаға кіріккен дыбыстық бірлікке айналады.

Илан, иман сөздеріндегі и әрпінің дыбыстық мәні [ы+й], олардың бір-бірімен кірігуін де осылайша түсіндіруге болады. Ал *ай, той, әйнек, сүй* дегендегі и әрпі дауыстылардан кейін келгенде қосар сынарсыз (вокаль элементсіз) дауыссыз жалаң [и]-ді таңбалайды, өйткені ілеспе вокаль элемент алдыңғы дауыстымен астасып кетеді. Мектептегі ұстаздарымыз кезінде бұндай [и]-ді шолақ й деп үйреткен.

- *Осы айтылғанғандарға орай кісі есімдерінің төлқұжатта жазылуы қалай болмақ? Ерекше құқықтық мәні бар төлқұжаттарда «төл» немесе «төл емес» деген еркіндік жүрмейтіні мәлім. Сонымен бірге көрнекті тұлғалардың есімі қалай жазылады? Әлде өз алдына жеке «Ереже» бола ма?*

- «Жаңа әліпбимен» байланысты тағы бір түйткілдің түйіні кісі есімдерімен байланысты. *Әл Фараби, Ясауи* сынды прецедентті тұлғалардың есімі қалай жазылмақ? «Төл емес» деушілер *Әл Фараби, Иасауи* десе, ал кірме емес «төл» деушілер *Әл Фарабий, Ыйасауый* деп жазылады деп әрі-сәрі күй кешері сөзсіз. Әр кімнің өз уәжі бар демекші, Сейілбек Исаев болса «төл сөзіміз», сондықтан «*Сейілбек Ыйсайев*» деп, ал Александр Исаев болса, «төл емес» кірме сондықтан «*Александр Исаев*» деп жазамыз деушілер де табылады. *Фарица, Фаузия, Фатима* сынды есімдерді «төл» деп танушылар *Фарыйза, Фаузыйа, Фатыйма* деп, ал оларды кірме, «төл емес» деп танушылар *Фаузия, Фарица, Фатима* деп жазамыз дер. Алайда құжаттанушы мекемелер «сұрыптаудағы» бұндай уәжге құлақ аса қояды дегенге сеніңкіремеймін.

Сұқбат соңы

Сонымен, дей келгенде, «Дабл-ю» жазу-сызудағы шиеленісе беретін түйіндер мен түйткілдерді көбейтеді. Әсіресе 30-жылдар мен 57-жылдар аралығындағы қазақ жазуының бастан кешкен қиындығы қайталанып, одан бетер көбейе береді.

Ал 1957 жылғы «Ережеден» кейін «и» мен «у»-дың орфографиялануы бір ізге түсті. Баршамыздың ұстазымыз – профессор Мәулен Балақаев оны бірден-бір дұрыс шешім болды деп, еске алып отыратын. Әсте тарих тағылымын ұмытуға болмас.

Сонымен, «и» мен «у» -ды орфографиялауда, яғни төлтума сөздерімізді де, шеттілдік сөздерді де таңбалаудың ең тиімді әрі оңтайлы әмбебап сипатын тәжірибе тағылымы көрсетіп отыр. Жиырма-отызыншы жылдардан қазіргі заманға дейінгі арғы-бергі көрнекті ғалымдарымыздың қазақ жазу-сызуын бірізге салып жетілдірудегі, бұл табысын, қазіргіше айтқанда, креативтіліктің нышаны деп таныған жөн болар.

Бұған да тоқтамайтындарға айтарым: алпыс жылдан астам, атап айтқанда, жеті буын үш ұрпақтың қатесіз жазған қалам-қағазының өзін куәға тартам.

- *Сонда сөздегі таңба (сурет) көбейген сайын қалың қауым, қарапайым жұртшылық кібіртіктеп оқып, кібіртіктеп жазатындай күйге түсе ме деп қауіптеніп отырсыз ғой.*

- Қиындық қай жерде болса, қауіп сол жерде. «Қиындық» деп отырғаным жазуда болсын, жазғанды оқуда болсын автоматизмнің бәсеңдеуі. Ал қауіп дегенім – рухани





жаңғыруымыздың іргелі бір саласы – латын графикасына негізделген әліпбиге көшуден жұртшылықтың күдер үзе бастауына себеп осылар болмай ма?

- *Дабл-ю бойынша жер-су атаулары қалай жазылмақ?*

- Әліпби жобасындағы дабл-ю (w) көңілімізге тағы бір күдік ұялатып тұрғанын айтпауымызға болмай тұр. *Ақтау, Қаратау, Алатау, Ұлытау, Көкшетау, Медеу* тәрізді тарихи-мәдени ономастикалық атауларды *Ақтау, Қаратау, Алатау, Ұлытау, Көкшетау, Медеу* деп жазуын жазармыз-ау, бірақ бұларды күні бүгіннен-ақ *Ақтау, Қаратау, Алатау, Медеу* деуге бейімделіп, дағды алып кеткен ауызды қойдыра алмай әлекке түсеміз бе деп секем алып отырмын.

Сөз соңында айтарымыз, баспасөз беттерінде, мектеп тәжірибесінде орныққан и мен у әріптерінің орфографиялануынан еш қате кетіп, жұртшылық қиындық көріп жатқан жоқ. Олай болса, сын тезінде сыннан өтіп, жазу тәжірибесінде 63 жылдан бері дәстүрлі нормаға айналып орныққан и мен у әріптерінің жазылуына «төңкеріс» жасаудың аяғы нәтижелі болады деп үміттеніп алмай отырмын.

- *Пікір айтқанның, пікірлесу барысында сын айтқанның да еш айып-шамы жоқ. Сын-дарлы сөз ойға ой қосады. Орфографияға оңтайлы әліпби керек екенін айтып, ойыңызды ортаға салып, әңгімелескеніңізге рақмет.*

<https://abai.kz/post/112210>

«АКУТ» ДИАКРИТИКАЛЫҚ БЕЛГІСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Зейнеп Базарбаева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ҚРҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор

Қазақ тілін латын графикасына көшіру мәселесімен Тіл білімі институты 90-жылдардан бері шұғылданып жүр. Менің алғашқы мақалам 1998 жылы «Караван» газетінде шығыпты. Сондықтан латын графикасына көшкен еуропа және түркі тілдерінің тәжірибесі жан-жақты зерттелген болатын: қай ел қалай көшті, қандай кемшіліктер болды.

Латыннегізді жобаны ұсынғанда, оның ғылыми негізі білу керек, тілдің тарихын, оның диалектикалық дамуын ескеру қажет. Дыбыс пен әріптің қарым-қатынасын анықтау керек. Барлық тілдерде ортақ бірнеше әмбебап ережелер бар: әліпбиіндегі әр таңбасының өзіндік мағынасы болуы керек және ол басқа таңбалардан ерекшеленуі тиіс, әліпбиде қосымша әріптер болмауы керек, олардың функциялары басқа таңбалармен қайталанбау керек, ұлттық емле тілдің табиғатына сәйкес болуы керек және басқа тілдердің ережелерін өз тіліне бейімдеуге болмайды. Жазбаша және ауызша сөйлеу формалары арасындағы нақты арақатынас емле ережелер арқылы және ұлттық әліпби негізінде белгіленеді.

Әріп дыбыстың (фонеманың) таңбасы. Әріп фонеманың таңбасы болғанымен, оның тілдегі дыбыстардың санымен бірдей болуы шарт емес. Еуропа тілдерінің фонетикалық жүйесі жақсы дамыған. Бір әріп бірнеше фонеманы таңбалайды. Әріптер дыбыстарға дәлме-дәл сәйкес келуі мүмкін емес. Мысалы дамыған француз және ағылшын тілдерінде 35, 44 фонема бар. Бұл фонемалар 26 латын әрпімен беріледі. Оның себебі неде?

Әр тілдің фонетикалық құрылымның дамуы оның жетілген дыбыс жүйесінің нәтижесі болып табылады. Әр тілдің фонетикалық жүйесі даму үстінде. Оған сыртқы және ішкі фактілер әсер етеді. Сыртқы фактілер: жаңа фонемалар жаңа ұғымымен, терминологиямен толығады және көршілес мәдениет пен өркениеттің ықпалымен байиды. Ішкі фактілер –





ол тілдің өзіндік заңдылықтары, фонологизация құбылыстары. Фонеманың аллофондары тәуелді позициясынан айырылып, дербес фонемаға айналады.

Жаңадан пайда болған фонемаларды таңбалау керек. Оның екі тәсілі бар: диграф және диакритикалық таңбалар арқылы. Жазуы ертерек қалыптасқан тілдерде диакритикалық таңбалар, диграфтар әліпбидің құрамына кірмеген: итальян, француз, ағылшын тілдері. Олар тек жазуда пайдаланады.

Жазуы кейінірек қалыптасқан тілдерде диграф, әсіресе диакритикалық таңбалар әліпбидің құрамына кірген. Сондықтан шығыс еуропа тілдеріндегі әріптердің саны 30-40 арасында. Неміс тілінің әліпбиі 30 әріпті қамтиды. 26 әріпке 3 умлаутпен жасалған (ä, ö, ü) әріптер және бір лигатура қосылған. Скандинав (швед, фин, норвеж) тілдерінде 29 әріп. Румын, молдован тілдерінде 31 әріп, поляк, литва, эстон тілдерінде 32 әріп, латыш тілінде 33 әріп, венгр, чех тілдерінде 40-42 әріп бар.

Әр тіл өзінің фонетикалық жүйесіне сәйкес диакритикалық таңбаларды пайдаланады. Диакритикалық таңбалардың өз қызметі болады. «Умлаут» дауысты дыбыстардың жіңішкелігін көрсетеді. «Седиль» ызың дауыссыздардың қасиетін көрсету үшін пайдаланады. «Бревис» дауыссыздардың, ал «макрон», «тильда», «трема» дауысты дыбыстардың ерекшелігін көрсетеді.

2018 жылдың 18 ақпанында латыннегізді жаңа қазақ әліпбиі бекітілді. Қазақ тілінің ұлттық дыбыстары «акут» арқылы белгіленді. Акут дегеніміз әріпүсті диакритикалық белгі. Диакритикалық белгілер латын әріптерінің негізгі дыбыстық мағынасын түсіндіру немесе өзгерту үшін еуропалық және түркі тілдерінде кеңінен қолданылады. Жаңа әліпби 32 әріптен тұрады, соның ішінде 6 әріп акутпен таңбаланған және екі диграф (**sh**, **ch**) бар.

Бекітілген әліпбиінде ұлттық дыбыстар акут диакритикалық таңбамен берілген. Ғалымдардың пікірі бойынша, осы әліпбиге кейбір өзгерістер енгізу керек.

1) **І** мен **Й, И** дыбыстарын беретін таңбаларды өзара алмастыру және **и**-дің бас әрпін нүкте арқылы **/İ** түрінде таңбалау ұсынылады: *İnstitut, universiada, respublika, ministrlik, kino, jinalys; bilik, İrimşik, izgılık, kırıspe, bilim*. Себебі **І** дыбысы **Й, И** қарағанда қазақ сөздерде жиі кездеседі, сондықтан әріпүсті нокаттар көбейіп кетеді. Ал түркі тілінің және жалпы түрік әліпбиінің тәжірибесі бойынша **І** нокатсыз ұлттық дыбыстарды таңбалауда қолданылады, мысалы, **Istanbul**.

2) **У** дыбысын **U** таңбасымен беру ұсынылады: *Universitet, turizm, magistratura, juu, qaru, беру, qui*. Сонда халықаралық сөздер барлық тілдерінде бірдей жазылады, ал қазақ сөздерінде базалық норма сақталады.

3) **Ұ** дыбысын **Ü** таңбасымен беру ұсынылады: *Üsynys, jürnaq, mağlūmat, qurylys*. Дыбыстық жағынан өзара ұқсас таңбаларды әліпбиде қатар орналастырған дұрыс. Сонда **/U/, /Ü/, /U̇/** таңбалары оңай танылып, қабылданады және «кирил жазуындағы **Ұ** әрпінің ортасындағы сызық латында осы дыбысты таңбалайтын әріптің үстінен қойылады» деп ассоциация арқылы үйрету **/Ü/** графемасын тез танып, жазуға септігін тигізеді.

4) **Ш (Sh)** дыбысын седиль таңбасымен (**Š**) беру ұсынылады: *Šañyraq, qaşyqtyq, alaş, úşınşı, şeşim*. Седиль диакритикалық таңба еуропа және түркі тілдерінде жиі кездеседі және ызың (жуысыңқы) дауыссыздардың ерекшелігін белгілеу үшін пайдаланады. **Sh** диграф екі түрлі оқылып, шатасу тудырады, мысалы, *shema (uema/cxema), sholast (uolact/cxolact), ashana (ašana/acxana), Eshil (Эсхил, Эшул), Ashat (Asham/Acxam)*. Сонымен бірге қазақ тіліндегі «бір дыбыс – бір таңба» принципін сақтауға да мүмкіндік туады.

5) **Сh (Ч)** таңбасын әліпбиден алып тастау ұсынылады, себебі **Ч** дыбысы қазақ тілінің төл сөздерінде кездеспейді және әліпбидің базасында **С** әрпі жоқ. Сондай-ақ біраздан бері Шымкент, Шамалған деп жазамыз да айтамыз.





6) **Г** дыбысын бревис диакритикасы арқылы **Ġ** таңбасымен беру ұсынынылады: *ġarys, jaŋgyru, ġylym*. Еуропа және түркі халықтарының әліпбиінде бұл белгі негізінен қысқа дыбыстарды таңбалау үшін қолданылады және UNICODE жүйесінде бар.

7) **Ң** дыбысын халықаралық фонетикалық әліпбиде бар **Ŋ** (энг) таңбасымен беру ұсынылады. Мысалы: *aŋɣu, jaŋɣyr, kŋleŋke*. Бұл белгі кирилнегізді қазақ әліпбиіндегі **Ң** графикасына ұқсас болғандықтан тез дағдыландырады, әріпүсті таңбаларын көбейтпейді және қолды үзбей жазуға ыңғайлы.

«Акут» диакритикалық белгінің екі қызметі бар:

Біріншіден, акут сөз екпінінің белгісі. Мысалы, *Janár, Aisaulé, Nazgúl, Qyzdarhán*. Екпін сөздің соңғы буынына түсетінін көрсетеді.

Екіншіден, акут француз тілінде *accent égu* қысаң дыбыстарды белгілейді: *écouter, écho, émotion, événement*. Ашық дыбыстарды *accent grave* белгілейді: *prière, poème, rivière, frère*.

Сондай-ақ, *súzbé, álém, sálém, kúmán, tárbié, kóleńké, kúrés* деген сөздерде акут белгісі сөз екпінінің белгісі ме, әлде төл дыбыстарының ерекшелігін көрсетіп тұр ма. Біздің ойымызша, *акут* диакритикасын *умлаут* диакритикасымен ауыстырса, бұл диакритикалық белгі өз қызметін атқарып келеді.

Акут диакритикалық белгісі басқа тілдерде көбінесе дауыстыларға қойылады. Сондықтан дауыссыз **ғ** әрпі **ġ** - мен **ң** әрпі **ń** – мен таңбаланғаны күмән тудырады. Сонымен, **Г** әрпі *бревис* диакритикалық белгімен берілсе, **Ġ** өзінің фонетикалық қызметін дұрыс атқарып келеді. Ал **ң** әрпі **ŋ** таңбамен белгіленсе, жолүсті таңбалар азаяр еді.

Бұл өзгерістердің арқасында, латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиі жалпы түркілік әліпбиіне жақынырақ болады.

ҚАЗАҚ ӘЛПБИІ: ПЕРНЕТАҚТАДА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Асқар Жұбанов

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор*

Айман Жаңабекова

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.*

Лингвистикалық зерттеулер жүргізу негізінен тіл білімінің қолданбалы бағытының зерттеу нысаны. Бұл ретте әріптерді пернетақтада орналастыруда қандай ұстанымдарға сүйенеміз деген мәселенің басын ашып алу қажет.

Әріптерді пернетақтада тиімді орналастыру мәселесіне қатысты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімі қолданыстағы әріптердің кездесу жиілігін анықтады. Бұл жиілік талдау Білім және ғылым министрлігі тапсырысымен жарық көрген «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігіне» негіз болған «Қазақ тілінің сөзформалар сөздігінің» мәтіні бойынша жасалды. Бұл сөздікте қазақ тілінің 5 стилінен 7 миллионнан астам сөзқолданыстан тұратын мәтіндер қамтылды. Төменде осы 7 миллионнан астам сөзқолданыстан алынған қазақ әріптерінің жиілік сөздігі берілді.



1-кесте. Қазақ тіліндегі әріптердің жиілікті-әліпбилік жиілік сөздігі

№	Әріп	Абсолютті жиілігі	Бір топ әріптің мәтінді қамту пайызы	№	Әріп	Абсолютті жиілігі	Бір топ әріптің мәтінді қамту пайызы
1	2	3	4	1	2	3	4
1	А	8630862	12,796	22	Г	903479	91,763
2	Е	5660025	21,187	23	Ң	872812	93,057
3	Ы	5378832	29,161	24	И	866761	94,342
4	Н	4192570	35,377	25	Ж	738252	95,437
5	І	4154893	41,537	26	Ұ	673484	96,435
6	Т	4066134	47,565	27	Ө	655787	97,408
7	Р	4028709	53,537	28	Ү	598755	98,295
8	Л	3824239	59,207	29	Ә	524073	99,072
9	Д	3413312	64,267	30	Я	231433	99,415
10	С	2708334	68,283	31	Х	105688	99,572
11	М	2040371	71,308	32	Ц	81165	99,692
12	Қ	1876617	74,090	33	Ф	58378	99,779
13	О	1639224	76,520	34	В	55978	99,862
14	К	1633360	78,941	35	Э	30250	99,907
15	Ғ	1256146	80,804	36	Ь	25076	99,944
16	Б	1229938	82,627	37	Ю	20877	99,975
17	Й	1175543	84,370	38	Һ	5406	99,983
18	У	1103283	86,006	39	Ъ	5148	99,991
19	З	1095869	87,630	40	Ч	3702	99,996
20	П	978676	89,081	41	Щ	1679	99,998
21	Ш	905698	90,424	42	Ё	1018	100

Ұлттық пернетақта жасауда жеке әріп жиілігі ғана емес, саусақпен оңай әрі тез басу үшін әріптердің тіркесімінің де жиілік сөздіктерін ескеру қажет. Яғни қай әріп қай әріп-

пен жиі тіркесіп қолданылады деген мәселе маңызды. Осы проблеманы шешу үшін қазақ тілінің жоғарыда аталған 7 миллионнан астам сөзқолданыстан тұратын қазақ тілінің мәтіндерінен құрастырылған «Қазақ тілінің сөзформалар жиілік сөздігінен», осы сөздіктің статистикалық деректерін пайдалана отырып, қазақ әріптерінің екіәріптік тіркестерінің жиілік сөздігін құрастырдық.

2-кесте. Қазақ тілінің екіәріптік тіркестерінің жиілік сөздігінен үзінді:

Рет саны №	Әріп тіркесі	Абсолютті жиілік	Бір топ әріп тіркестерінің мәтінді қамту пайызы	Рет саны №	Әріп тіркесі	Абсолютті жиілік	Бір топ әріп тіркестерінің мәтінді қамту пайызы
1	2	3	4	1	2	3	4
1	ар	688045	2,035495	44	ма	229464	46,495744
2	ан	582201	3,757865	45	са	226934	47,167100
3	ал	565089	5,429610	46	ге	226772	47,837976
4	ын	562671	7,094202	47	ел	209952	48,459093
5	да	560939	8,753670	48	ек	208945	49,077231
6	та	511161	10,265877	49	ғы	207327	49,690582
7	ен	501533	11,749600	50	лд	198170	50,276843
8	ер	481450	13,173909	51	ыр	197109	50,859966
9	қа	460416	14,535993	52	ағ	196589	51,441550
10	де	458037	15,891038	53	рд	195039	52,018548
11	ін	451434	17,226550	54	ес	189725	52,579826
12	ла	422562	18,476647	55	іл	189148	53,139397
13	ды	417831	19,712748	56	тт	184683	53,685759
14	ты	404750	20,910150	57	бі	184178	54,230626
15	нд	399330	22,091518	58	ің	181594	54,767850
16	ға	396123	23,263399	59	лі	181226	55,303984
17	ке	371958	24,363790	60	гі	178293	55,831442



18	ай	369359	25,456493	61	ау	177800	56,357441
19	лы	342672	26,470245	62	қы	172081	56,866521
20	ті	333046	27,455520	63	ре	169334	57,367475
21	ді	331481	28,436166	64	ыс	168863	57,867035
22	ас	330440	29,413731	65	сі	168801	58,366412
23	сы	327308	30,382031	66	ып	166290	58,858360
24	ме	323281	31,338418	67	ні	163289	59,341430
25	ат	284740	32,180786	68	ам	161755	59,819962
26	ба	281240	33,012799	69	ік	154050	60,275700
27	ны	276945	33,832107	70	ым	147729	60,712738
28	ың	275833	34,648124	71	ім	147386	61,148761
29	ол	273816	35,458175	72	бо	146149	61,581124
30	те	273269	36,266607	73	қт	144973	62,010009
31	ет	272744	37,073486	74	ад	144878	62,438613
32	ры	263800	37,853906	75	бе	143874	62,864246
33	ық	261904	38,628716	76	шы	140779	63,280723
34	ра	257203	39,389619	77	се	137879	63,688621
35	на	250705	40,131299	78	ем	133338	64,083085
36	жа	248531	40,866547	79	із	131926	64,473371
37	ақ	243641	41,587328	80	кі	130520	64,859499
38	ыл	241848	42,302805	81	ег	128229	65,238848
39	ле	241186	43,016324	82	кө	127963	65,617411
40	не	239816	43,725790	83	ор	126556	65,991811
41	ст	239516	44,434368	84	ап	120653	66,348748
42	ір	237178	45,136030	85	мы	120124	66,704120
43	рі	230151	45,816903	86	ыз	119848	67,058675

Әріптерді пернетақтада орналастыруда әріп жиілігінен басқа, олардың қасындағы келесі әріппен тіркесуін де негізге алу пернетақта батырмасын басудың тиімділігі үшін





қажет болғандықтан, олардың оң жақтарында жоғарыда үзінді келтірілген екіәріптік тіркестер жиілік сөздіктерінен алынған деректер мәліметіне сүйенген жөн болады.

Қазақ тілінің ұлттық компьютерлік пернетақтасында жиі кездесетін 19 әріп екі бөлікке бөлініп, пернетақтаның ортаңғы бөлігіне орналасады. Сол сияқты 2-кестедегі екіәріптік тіркестердің ең жиі қолданылатын тіркестердің екінші әріптерін жиі кездесетін әріптерге тіркесуге пернетақтаның жақын аралығына, яғни сол қол мен оң қол саусақтарына сәйкестендіріп орналастыру қажет.

Осы жиілік талдау (әріп және әріп тіркесінің жиілік сөздіктері) нәтижесі бойынша қазақ әріптері мен әріп тіркестерінің жиі кездесуі ескеріліп орналастырылған пернетақтаның пилоттық жобасы ұсынылды.

Пернетақтада әрбір әріптің кирилдегі және латындағы баламалары келтірілді. Пернетақтаның ортаңғы бөлігінде жиілік сөздіктегі ең жиі қолданған әріптер орын алды, ал олардың оң жақтарында екіәріптік тіркестер жиілік сөздігінен алынған әріптер орналастырылды.

Пернетақтаның шеткі жақтарына сирек кездескен әріптер орналастырылды. Пернетақтада көрініс таппаған дыбыстар: ш, ч мынадай әріп тіркестерінің sh/ш, ch/ч әрбіреуінің пернетақтада бар болуынан, олар орын алмады.

1-сурет. Статистикалық негіздегі пернетақта

Әріптерді пернетақтада орналастыруда оның бетіндегі батырмалар орналастырылған қатардың басуға, яғни мәтін теруге ыңғайлылығына қарай актив және пассив аймақтарға бөлінеді. Пернетақтаның әріп теруге ыңғайлы жері ортаңғы аймақ, әсіресе керттік тұрған жердің айналасы, асты мен үсті болып табылады. Ал шеткі батырмалар пассив аймаққа жатады. Актив және пассив аймақтарды пернетақтаның горизонталь (көлденең) және вертикаль (тіке) бөліктері бойынша да көрсетуге болады. Көлденең меже бойынша актив аймақ – ол екі керттік тұрған ортаңғы қатар, яғни қазіргі кирилдегі Ф әрпінен басталып, Э әрпіне аяталатын қатар. Одан кейінгі актив аймақ осы қатардың үстінде орналасқан үстіңгі қатар. Ал астыңғы қатар көбінесе сиректеу кездесетін әріптер орналасатын аймақ.

Батырмалардың тік бағыттағы (вертикалды) межесі керттік тұрған батырмалардың жаны, яғни ортаңғы, екінші қатардың жаны, ортаңғы тұсы. Сонымен қатар үстіңгі қатардағы кертпенің үстіңгі ортаңғы бөліктері. Одан кейінгісі кертпенің астыңғы ортаңғы бөліктері.

Ал осы үш қатардың шеткі бөліктері пассив аймақ болып есептеліп, сирек кездесетін әріптер не тыныс белгілер орналастырылады.

Осы әріптер орналастырылған пернетақта пилоттық жоба ретінде ұсынылып, пернетақтада теруге арналған арнайы компьютерлік бағдарлама жасалды. Жиілік талдау бойынша орналастырылған латын әріптері бірнеше пернетақта батырмасына жапсырылып, бұл пернетақта нұсқасының мәтін теруге ыңғайлы, тиімділігі уақыт сыйымдылығы мен қуат сыйымдылығына қарай сынақтан өткізілуде.

Сонымен егер жиілік ұстанымын негізге алатын болсақ, ең жиі қолданатын қазақ әріптері пернетақтаның ортаңғы жағында орналасуы қажет. Олар екі топқа бөлініп, бірінші, сол жақ қол саусақтарына және екінші, оң жақ қол саусақтарына деп ажыратылуы қажет. Сонымен бірге, екіәріптік тіркестердің статистикасы бойынша тіркестің екінші әрпі, тіркестің бірінші әрпінің оң жағына жақын орналасуы қажет деп білеміз.



ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ТАРИХЫНАН КЕЙБІР МӘЛІМЕТТЕР

(1929-1940 жылдардағы тілдік жағдаят)

Бағдан Момынова

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.*

А. Байтұрсынұлының өзі ұсынған көп жылдар бойы қазақ даласына сауаттылықтың өріс алып, қанат жаюына себеп болған төте жазуында 24 әріп, бір дәйекші болғаны қазіргі қауымға белгілі.

Кейіннен қазақ мәдениеті тарихында «әліпби айтысы» атауымен аталған тарихи жағдай кезінде осы жазуды жақтаушылар А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Е. Омаров, Қ. Кемеңгерұлы, А. Байтасұлы, І. Ахметұлы, М. Бұралқыұлы, П. Ғалымжанұлы болса, кезекті тарих сахнасына шыққан латын әліпбиін қолдаушылардың қатарында Ә. Байділдаұлы, Т. Шоқанұлы, Н. Төреқұлов, О. Жандосұлы, М. Жолдыбаев, І. Қайменұлы сияқты зиялылар болды.

Сол айтыста: «Араб графикасының кемшіліктері ретінде бір дыбыстың сөздің басы, ортасы, аяғында бірнеше түрлі таңбалануын, оңнан солға жазудың қиындығын, оңнан жазып келе жатып цифрларды солға қарай жазу қажеттілігін, нотаны араб қарпімен жазудың ыңғайсыздығын, техника мен ғылыми кітаптардың латын тілді болатындығын, араб алфавитінің шығыны көптігін т.б. келтірді.

«Бірақ 1926 жылғы Түркологиялық съездегі «әліпби айтысынан» кейін көп жылдар бойы қазақтың рухани өмірінде ерекше рөл атқарған «А. Байтұрсынұлы алфавиті» қоғам өмірінен ығыстырыла бастады. Себебі, КСРО-ның саяси жүйесі әлем қолданып жүрген алфавитке, яғни латынға көшуді міндеттеді. Байтұрсынұлын жақтаушылар азшылық болып қалды. Жақтағандар көп болған күннің өзінде саяси жүйенің мақсаты бөлек, көздегені басқа болғандықтан, оның графикасының тағдыры алдын ала шешіліп қойылған еді» [1, 154 б.].

А. Байтұрсынұлының төте жазуын жанын сала жақтағанын, «12-13 жыл бойы қолданылып, орнығып қалған, қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықталып өзгертілген, ресми түрде қабылданған алфавиттің қазақ мәдениеті мұқтаждығын толық өтеп отырғандығын, оның дыбыс әдісімен оқыту ісіне айтарлықтай қолайлы болып шыққандығын, полиграфиялық мүмкіншіліктері жағынан да, экономикалық тиімділіктер тұрғысынан да бұрынғы алфавитті сақтау пайдалырақ екендігін айтып, дәлелдегенін» Р. Сыздық өз зерттеулерінде айқын көрсетеді [2, 24-28 бб.].

Алайда латын графикасына көшуді үкімет орындары белсене қолдағандықтан, съезд латын жазуына көшуді ұсынады, сөйтіп 1929 жылы 24-қаңтарда Қазақстан Орталық Кеңес комитеті президиумы мен халық Комиссарлар кеңесінің «Жаңа алфавит туралы» қаулысы шықты. Жаңа әліпби ұсынылды. Бұл әліпбиде 29 әріп болды.

«Осыдан сәл кейінірек, 1929 жылдан бастап, КСРО территориясында араб алфавитін қолдануды мүлдем тоқтату туралы Совет өкіметінің жарлығы күшіне енді. Өйткені, араб алфавиті КСРО-ның өзге республикаларынан мұсылман республикаларын бөліп тастайды деген қауіп бас көтерген еді.

Осы жылдардан бастап, А. Байтұрсынұлының басына қауіп төнді, оның оқытушылық-ағартушылық қызметі де тоқтады, нағыз қуғындау басталды» [1, 155 б.].



Ал латын әліпбиін жақтап, іске қосылуына кіріскендердің қатарында Ә. Байділдаұлы, Т. Шонанұлы, І. Ақметұлы т.б. болды.

Әліпби мәселесі көтерілген съезде «Мәскеу жастары латын туралы», яғни Мәскеудегі қазақ оқушыларының ұйымынан және «Өлкелік латыншылар бұйрасына» Қостанай қара шекпен мектебінің оқушы жастары атынан сөз айтылды. Олардың бәрі де латынға көшуге байланысты үкіметтің шешімін қолдау мен көмектесу жайына арналды. Бұл пікірталаста «...латын әрпінің араб әрпінен пайдасы көш ілгері, араб әрпі мектептерімізге, баспа істерімізге көп кемшілік, қиындықтар туғызып, адымды аштырмай отырғаны, мәдениет, саясат, шаруа жүзінде араб әрпі осы күнгі қазақ еңбекшілерінің керегіне жауап бере алмайтыны... ескіліктің салдары» ...екені айтылды [3, 100-102 бб.].

Латын әліпбиін «түрікмен, азербайжан, өзбек, қырғыз, башқұрт жана басқа жұрттар тексеріп, дұрыс деп біліп, белсене кіріскені, ...әр жердегі латын ұйымшасын ашып, осы бастан үйрене беруіміз қажет деп, Мәскеудегі қазақ оқушылары басқа жердегі қазақтың саналы еңбекші, оқушы жастарын шақырып, осыны іс-жүзіне шығаруға күш көрсетулерін борыш санайтындарын» айтты [3, 100-102 бб.]. Ал Қостанайдағы қара шекпен мектебінің оқушылары «Шын көңілден ортақшылық (коммунистік) сәлемімізді жіберіп: «Өркендесін жаңа әліппе» деп бір ауыздан айтамыз» деп жар салды [3, 103 бб.]. Съезд латынды оқу-жазу ісіне ақырындап енгізе беруді, ол үшін «түрліше» латыншылар үйірмесін ашуды қолдауды, латынның араб әрпінен артықтығын түсіндіруді міндеттейтін төрт баптан тұратын қаулы қабылдады.

1930 жылдардың ішінде газет, журналдарда алфавит және емле жобаларын ұсынған көпшілік талқысына салу мақсатында ой-пікірлер айтқан мақалалар көп жарияланды. «Әсіресе, өз кезінде Ж. Аймауытов, Қабылов, С. Аманжолов, Ш. Сарыбаев пен Т. Жиенғалиев, Ж. Досқараев, Қ. Жұбанов т.б. емлені жетілдіруде талқыға салу үшін өз жобаларын ұсынды. Тек «Бас әріп керек пе?» деген мәселенің төңірегінде ғана оннан астам мақала жарияланыпты», – дейді Б. Әбілқасымов [4, 3 б.].

Қазақ жазуының тарихымен айналысқан зерттеуші Қ.Күдерінова «Тұрақты емлесі жоқ жазу айналасы отыз жылдың ішінде 3 дүркін ауыстырылды (1912, 1929, 1940). Бірнеше рет емле ережелеріне реформа жасалды, алғашқы емле ережесі 1940 жылы жобаланып, 1957 жылы 5- маусымда Жоғарғы Кеңестің қаулысымен бекітілуге дейін бүкіл филолог мамандар мен мектеп мұғалімдерінің, оқытушылардың, қалың көпшіліктің талқысына түсті», – деп атап көрсетеді [5, 162 б.].

Сөйтіп Ұлы Отан соғысының алдындағы жылдары латын әліпбиінің тағдыры да бірте-бірте жоспарлы түрде шешіле бастаған-ды. Ол үшін 1941 жылы шығып тұрған газеттерде Жаңа емлені (кириллицаны) таныстыру, оның жақсы жақтарына көбірек көңіл аударту жағын ойластырған танымдық мақалалар жариялана бастады. Бұл мақалаларда кирилл жазуының артықшылықтарын анықтап айту, анықтап көрсету, жан-жақты түсіндіру басты мақсат етіп қойылды. Ал алфавитті қабылдауға қарсы көзқарастардың көзге ілінбей, кирилл алфавитіне көшуді жоспарлы жүргізген совет үкіметі алдына қойған мақсатына көп кедергісіз қол жеткізеді. Оны 1941 жылғы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған Қазақ ССР жоғарғы Советі Президиумының Указынан анық көруге болады:

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

1941 жылғы 1 сентябрьден бастап, орталау және орта қазақ мектептерінде, педагогика ВУЗдарында және Қазақ ССР Оқу халық комиссариатының училищелерінде кейбір пәндерді қазақтың жаңа алфавитімен оқытатын болу туралы

Қазақ ССР-ның Оқу халық Комиссариатына 1941 жылғы 1 сентябрьден бастап орталау және орта қазақ мектептерінің Y-X кластарында, педагогика училищелері мен



ВУЗдарында кейбір пәндерді, сонымен қатар орталау және орта орыс мектептерінің У кластарында қазақ тілін қазақтың жаңа алфавитімен оқытуға рұқсат етілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары И. Лукьянец

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретарі үшін – Жоғарғы Совет Президиумының мүшесі – Қ. Байұзақов Алматы қаласы, 18 август 1941 жыл [6, 65-68 бб.].

Орыс графикасы негізіндегі қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясының жобасы СССР Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалының қазақ тілі секторында С.А. Аманжоловтың басшылығымен жасалып, ғалым авторлығымен 1940 жылы **латын графикасымен** емле ережелері жарық көреді. Солардың бірі - орыс тілінен енген сөздердің түпнұсқалық түрін бұзбай жазуды басшылыққа алынудың ұсынылуы. Мысалы, газет емес *газета* түрінде жазылу қадағаланды.

Орыс тіліндегі **ь** белгісін сақтау принципін ұстау және *иу* қосар дыбысының *ю*-мен жазылуын жолға қою мақсаты көзделді. Әсіресе күрделі сөздерді бірге танбалау (бүгінгі күні де актуалды болып отырған мәселе) ұсынылды т.б. Ал осы емле ережелерінің ресми нұсқасы **1953** жылы газеттерде жарияланып, көпшіліктің талқылауына ұсынылды. Әрине, 1940 жылғы емле ережелерінің жобасындағы басты ұстанымдары және негізгі қағидалары жазба мәтіндерде сақталғаны түсінікті.

1940 жылғы қарашада Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесіне жаңа әліпби жобасын ұсынды [7, 248 б.].

С. Аманжолов әзірлеген орыс графикасына негізделген қазақ әліппесі мен орфографиясының жобасы 1940 жылы қарашада республика Жоғарғы Кеңесі тарапынан қабылданды.

Кейіннен осы алфавитке қатысты мәселенің басы-қасында жүрген профессор С. Аманжоловтың «Орыс алфавитіне негізделген қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясы» деген еңбегі жарық көрді. Ғалымның «Орыс алфавитіне негізделген қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясы» деген еңбегі екі тілде, қазақ және орыс тілдерінде, жеке кітапшалар болып басылып шықты. Жаңа алфавитке көшудің себебі, мақсаты мен принциптері, қазіргі қазақ орфографиясының негізгі ережелері осы еңбекте барынша тұжырымдалды: «Қазақ тілі қай жағынан болса да, бұдан 10-20 жыл бұрынғысынан әлде қайда өсті. Өйткені қазақ елі де, СССР-дағы бұрынғы артта қалған елдермен бірге ұлы орыс пролетариатының көмегі арқасында, коммунистік партияның басшылығы арқасында қоғамдық формация жағынан капитализмді аттап өтіп, социализмге жетіп отыр» [7, 254 б.].

Профессор С. Аманжоловтың әліпби мәселесіне деген сыни көзқарасы да еңбектерінде көрінеді: «Феодализм дәуірінің тілі капитализм дәуіріне сәйкес емес болып қалғаны сияқты, капитализм дәуіріне дәл шақ келген тіл социализм дәуіріне шақ келмек емес. Тіл дегенде, біз жеке сөзді, сөйлемді ғана алып қоймаймыз, дыбыстарды да еске аламыз. Өйткені сөздің материалы – дыбыс.

...Сөз жоқ, араб әліппесіне қарағанда, латын әліппесі баспасөзімізді, оқу-ағарту ісімізді әлдеқайда тез алға бастырды. Бірақ 11 жыл қолдану тәжірибесі оның да өрісінің тар, икемі аз екендігін айқын көрсетіп отыр. Мұның негізгі кемшілігі:

1. Жаңа сөздерді, терминдерді орысшасындай (өйткені СССР-дегі барлық халықаралық, интернационалдық сөздерді орыс тілі арқылы аламыз), жаза алмауымыздың (мысалы, орыстың *и, щ, ч, я, ю, ь, ь* дыбыстарын дұрыс беру үшін, әрқайсысына екі, үш ереже керек болады) айқындалуында;

2. Сонымен қатар, орфографиялық (емлелік) ережелеріміздің көптігінде;

3. Орыс әліппесіне кей әріптеріміздің (р, п, с, г) ұқсас болып, балаларды шатыстыруында.



Мұның аты не деген сөз? Мұның аты – алфавитіміз өскен әдеби тіліміздің қасиетін өтей алмайды деген сөз» [7, 253-256 бб.].

Аталған еңбегінде ғалым әліпби тарихына тоқтала келіп, араб жазуының кемшін жақтарын, ыңғайсыздығын, қиындығын, диакритикалық белгілердің көптігін, таңбалар санын көбейткен сайын әліпбидің қолайсызданып, оңайламай отырғанына тоқталады. «Осы жазғы тұрым орталық жаңа әліппе комитеті барлық ұлттарға өзіндегі *q, o, ə, y, ь, ө* әріптерін алып тастауды ұсынды. Олардың кеміс бөгеті, қолайсыздығы көп. Бірақ мұны ұсыну алдында Жаңа әліпби комитеті әр ұлттың ерекшелігімен санаспағандығы көрініп тұр», – дейді. - Орыста *q, ө* әрпі жоқ екені рас, оларға ол әріптерді үйрету де қиын екені рас. Бірақ орыста жоқты жойып, ұлт тіліне балта шабуға бола ма? Әрине, оның бәрі еске алынбауы белгілі мөлшерде «солшылдыққа» жатады», – деп, ашына жазды [7, 253-256 бб.].

Өткен ғасырдың 30-40 жылдарындағы әдістеме проблемаларымен айналысқан белгілі ғалымдардың бірі Сейіл Жиенбаев емле, емлелік ережелер турасында: «Диктантты емлеге жатықтыру үшін жаздыратын болғандықтан, бұл жерде емле туралы да айтылу керек. Емле грамматиканың морфологиялық бөліміне негізделеді. Синтаксистің емлесі – тек тыныс белгілері. Мысалы сөз таптарын алсақ, олардың әр қайсысының жеке бастарына байланысты емле ережелері бірінде артық, бірінде кем. Сөздің өзгеруі есім сөздің тәуелденіп, септелуі мен етістік сөздің жіктелуі. Қазақ тілінде септеу атаулының бәрінің принципі бар. Жіктеудің де емлесі бірдей. Үстеулеріміз де орыстың «наречие» сі сыяқты өзгеше емлеге ие болмайды. Сонда біздің емленің негізгі грамматиканың фонетика бөлімі мен сөз тұлғасы деген бөліміне байланысты. Қазақ тілінің емлесін үйретем дегенде фонетика мен сөз тұлғасына көбірек тоқталып өту керек. Морфология курсының алдыңғы бөлімдерінің, соңғы бөлімдерінің арасында емле жағынан көп айырмашылық жоқ», – деп пікір білдіреді [8, 80 б.]. Емле мен фонетика, емле мен морфология (принциптер) арасындағы сабақтастықтың зор екені сол кездерде белгілі болған.

«Жазу емлесі негізінде грамматикаға сүйенеді, – дейді С. Жиенбаев тағы бір пікірінде, – Мысалы, орыстың *лучше, солнце* сияқты сөздерінің бұлай жазылу себебін грамматикаға сүйеніп дәлелдей қою қыйын, олар тек осылайша жазылып орнығып кеткен сөздер», – деп түйеді [8, 80 б.]. *Орнықтыру* немесе *орнығу, дағдыға айналдыру* да жазу практикасында қолданыста бар әдіс болғанын зиялылар сол кездерде-ақ мойындаған.

Қазіргі күн тұрғысынан қарағанда біраз емлелік және фонетикалық ерекшеліктердің жазба материалдардың бәрінде орын алуының бірнеше себептері болды. Ең алдымен, «Әліппе мәселесі де, емле, термин мәселесі де қазіргі жазылып жатқан тұрақты оқу кітаптарының алдынан бір рет мықтап қаралуы керек еді, өзгерістерді бұл кітаптармен бірге жіберу керек еді. Олай болмады. Мәселенің шешімі ұзаққа кетті. Бірақ шешіледі. Сондықтан біздің әліппеміз туралы тоқтамды келер жылдары тиянақты, тұрақты етуіміз керек. Оған осы бастан дайындалуға тиіспіз», - деген С. Аманжоловтың [7, 254 б.] бұл тақырыпқа арналған лекциялары, негізгі ойлары мен пікірлері 1940-1949 жылдары «Халық мұғалімі» атты ғылыми-педагогикалық журналда жарияланып, емле ережелері көпшіліктің талқысына ұсынылады.

Дәл осындай көпшілік талқысына ұсыну жұмыстары қазіргі латыннегізді жазуға көшу кезінде де жүріп жатыр.

1. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Атлас баспасы, 2001. – 199 б.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, 1990. – 24-28 бб.
3. Әліппе айтысы. Қарағанды. Кириллге түсірген Ш. Мәжітаева. – 1990. – 105 б.
4. Әбілқасымов Б. Алғысөз. Жинақта: 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Жауапты шығарушы Ш. Мәжітаева. – Қарағанды, 1994. – 167 б.





5. Күдеринаова К. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 275 б.
6. Момынова Б. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы газеттердің тілі // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2005. – №4(86) – 15-19 бб.
7. Проект. ҚК(б)П Орталық Комитетінің жанындағы Жаңа алфавит ұйымдастыру комитеті қабылдаған. Алматы, 1940 // С. Аманжолов. Тіл және жазу. – Өскемен, 2005. – 403 б.
8. Жиенбаев С. Жаттығу. Емле мен тіл дамыту. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік баспасы, 1944. – 80 б.

ШЕТТІЛДІК ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНДЕ ҚАЛАЙ ЖАЗАМЫЗ?

Қыздархан Рысберген

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты 2018 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген бағдарламалық мақаласында көрсетілген міндеттерге сай жазуымызды жаңғырту ісі қолға алынып, қазақ тілін латын графикасына көшіру туралы мемлекеттік жоспар, бағдарламалар қабылданып, нақты шаралар бекітілді. Соның ішінде шеттілдік ономастикалық атауларды қазақ тілінің жаңа әліпбиінде жазу мәселесі маңыздылығы артып, жауапкершілігі де еселене түсті. Тілші ғалымдардың басты міндеті де, мақсаты да жаңа әліпбиімізде шеттілдік жер-су атауларын мейлінше түсінікті әрі сауатты жасап шығу болып отыр. Бір қарағанда оңай көрінген бұл шаруаның өзіндік қиындықтары мол. Осыған орай мақаламызда шетел мемлекеттеріндегі географиялық атауларды жаңа латынграфикалы әліпби негізінде жазудың кейбір өзекті мәселелеріне тоқталамыз.

Дүниежүзілік саяси карта жүздеген мемлекет, қала, мұхит, теңіз, өзге де географиялық атауларымен өрнектелген. Ономастикалық терминологияда шеттілдік топонимдік атауларды шартты түрде экзонимдер деген терминмен белгілейді, яғни экзо-тыс, сырт+оним атау). «*Экзоним* -традиционная для данного языка форма топонима, относящегося к объекту вне территории этого языка, несовпадающая по фонемному составу, произношению и написанию с современной формой в языке-источнике. Пр.: *Баку (Bakı), Рим (Roma), Париж (Paris), Неаполь (Napoli), Вена (Wien)*» [1, 164].

Жалпы шеттілдік ономастикалық атауларды, сөз болып отырған өзге елдің жер-су атауларын жаңа латынграфикалы әліпбиде ауыстырудың екі жолы бар: біріншісі, дағдылы дәнекер тіл орыс тілі арқылы қалыптасқан жазуда қалдыру, тек графикасы өзгереді, екіншісі, қазақ тілінің заңдылығына сай икемдеп, сындырып жазу, жаңаша игеру. Бұл іс арнайы ережесіз бітпейді. Сондықтан алдымен ереже жасап алу керек. Алайда сөздік түзбей, біраз практикалық жұмыстарды қолға алып, нақты тілдік материалмен жұмыс бастамай тұрып, экзонимдерді қалай транслитерациялау керек, қандай кемшін, дұдамалды тұстары бар екендігін анықтау қиынға соғары да анық. Сондықтан экзонимдер тізімін саралау барысында ереженің біршама қағидаттарын айқындау мүмкіндігі болады. Мәселен, шеттілдік топонимдерді жаңа графикада жазу ережесінің басты қағидаттарының бірі-ереже, бұл картографиялық өнім кімге арналады және қалай жасалады деген сұраққа жауап іздеуден басталады.





Болашақ ереже де, шетгілдік жер-су атауларының саяси картасы алдыңғы уақытта өзге картографиялық өнімдер, атластар жасауға, мектеп, жоғары оқу орындары оқулықтары мен түрлі анықтағыштар әзірлеуге қажет. Сондай ақ, жаңа жазумен таңбаланған атаулар халықаралық келісімшарттарда, дипломатиялық қатынастарда, БАҚ құралдарында, отандық және шетелдік түрлі ақпараттық көздерде, жалпы ауқымды коммуникативтік кеңістіктегі айналымға түседі.

Сонымен қатар жаңа әліпбиде жазу қай негізге сүйенеді дегенде мұндай ережеде шет мемлекеттердегі физика-географиялық атаулардың, мемлекет атаулары мен елді мекен, қала атауларының карталарда, ғылыми әдебиеттер мен анықтамалықтар, туристік және басқа да басылымдар мен бұқаралық ақпарат көздерінде, ресми құжаттарда, ісқағаздарда т.б. мәтіндердегі жазылу нормасын қамтиды. Яғни ономастикалық ережелер, шетгілдік атаулар ережесі, нақтырақ айтсақ, ономастикалық атаулардың жазуы тіліміздің басты орфографиялық емле-ережелерінің нормаларына сай болады, болуы міндетті де. Өйткені қандай да алыс-жақын мемлекет атауы, әлем астаналарының атауы, өзге де жер-су атаулары алдымен ұлттық тіліміздің заңдылығына, ішкі нормаларына сай төл әріптерімізбен таңбалануы тиіс. Осыған орай мақаламызда шетгілдік географиялық атауларды игерудің кейбір тиімді жолдарын қарастырамыз.

Шетгілдік топонимдерді жаңа әліпбиде таңбалаудағы басты қағидаттардың бірі - Дүниежүзілік саяси картада қамтылатын атаулардың басым бөлігі қазіргі қолданыстағы дәстүрлі қалыбы сақталып, бірақ қазақ әліпбиінде жазылады: *Нью-Йорк//Niu-Iork, Кюрасао аралдары//Ки́расао аралдары, Франция//Fransia/, Испания//Ispania, Колумбия//Kolumbia, Армения// Armenia, Зимбабве//Zimbabve, Фуздияма тауы//Fuzdiama tauu, Санта-де-Лука/Santa-de-Luka, Валлетта /Valletta, Л'Акуила/L'Akuila, Сьюдад Реаль/Siudad Real, Порт-о-Пренс/ Port-o-Prens, Грасьяс-а-Дьюс/Gracias-a-Dus, Баб-әл-Мандеб шығанағы/ Bab-ül-Mandeb şyğanağy* т.б.

Ал Қазақстаннан тыс жерлердегі орыстілді географиялық атаулар орыс тілінің орфографиялық ережелерінің ұстанымдары мен нормаларын басшылыққа ала отырып, латынграфикалы қазақ әліпбиі негізінде жазылады:

- бас әріппен жазу,
- кіші әріппен жазу,
- бірге, бөлек жазу,
- бірнеше сөзден тұратын күрделі атаулардың жазылуы,
- күрделі атаудың алғашқы сыңары (сын есім) аударылып алынады) т.б.
- қосарланған географиялық атаулардың екі сыңары да бас әріппен, дефис арқылы жазылады. Ал *Нойбург-ан-дер-Донау, Булонь-сюр-Мер, Сент-Аман-Мон-Рон* сынды шетгілдік атаулардағы бірнеше дефис түпнұсқа бойынша сол күйде жазылады.

Осы кезге дейін біраз шетел мемлекет, астана, қала атаулары ұлттық лингвомәдениетімізге сіңісіп, игерілген, жазу дәстүрі қалыптасқан, аудармасы бар атаулар сол күйде жазылады. *Вашингтон, Мәскеу, Ресей, Орынбор, Жапония, Мажарстан, Ыстамбұл, Тегран, Пәкістан, Бейжін, Ұлыбритания* т.б. Келешекте бұл тізім толығын болады, яғни қазақ тілінің айтылу, жазылу нормаларына икемделіп тұрған атаулар бар, соларды анықтау міндеті тұр. Мұндай экзонимдерді үш топта қарастыруға болады: түркітекес топонимдер, шекаралас елдердегі географиялық атаулар, арабтекес атаулар, Қытайдағы қала, аймақ-өңір, өзен-су атаулары. Осы үш топтағы атаулардың дәнекер болған және орыс тілінде қалыптасқан дәстүрлі формасын келтіреміз, сондай ақ, қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сай игерілген және қазақ тілінің жаңа латынграфикалы әліпбиінде таңбалануын көрсетеміз.



Түркітектес топонимдер:

Орыс тіліндегі дәстүрлі жазылуы	Қазақ тілінде қалыптасқан қолданылу формасы	Қазақ латынграфикалы әліпбиінде жазылуы
Нукус	Нөкіс	Nökis
Самарканд	Самарқан	Samarqan
Ургенч	Үргеніш	Ürgeniş
Учкудук	Үшкүдық	Üşqüdyq
Чирчик	Шыршық	Şyrşyq
Хива	Хиуа	Hiua
Чолпон Ата	Шолпан Ата	Şolpan Ata

Бұл атаулар қазақ тілінде бұрыннан сіністі болып, қазақша жазылуы қалыптасып кеткен. Осы типтегі Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Әзербайжан, Түркия, еліміздің Ресеймен шекаралас аумағындағы, мысалы, Орынбор, Астрахан т.б. сынды атауларды қамтылуы тиіс деп есептейміз. Бірақ орыс жазуында әбден танымал болған *Ташкент, Баку, Кушкурған, Янгикурған* сынды атауларды *Тәшкен, Бақы, Қосқорған, Жаңақорған* деп сындырып жазса қалай болар еді деген мәселені ортаға саламыз

Ал Түркиядағы *Чанаккале, Ескишехир, Денизли, Кизилагач, Кизилот, Олюдениз, Акьюрт, Узункёпрю, Юртбаши, Сарыгёль* т.б. көптеген топонимдерді атауға болады. Бұларды қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай игеріп жазу ғылыми тұрғыдан қаншалықты тиімді, өз танымалдылығын (идентичность) арылып қалмай ма деген сауал туындайды.

Біздің ойымызша, топонимдегі бірнеше немесе көптеген фонемаларды бірден өзгертпей, танымалдылығын сақтау үшін бірлі-жарым ғана дыбысты, әріпті өзгерткен жөн. Өйткені, практикалық транскрипция мен транслитерацияның орфографиядан айырмашылығы екі тілдің арасындағы «уақытша көпір» іспеттес.

Сондықтан шет тілінен енген жалқы есім болсын, жалпы есім сөз болсын алғашында тек транскрипцияға ғана бағынады, орфографиясына, емлесіне қатаң түрде бірден икемделмейді, бүкіл лексикалық қорға тарамайды. Алғашында өзгеріс жеке фонемаға қатысты болып, бірлі-жарым өзгеріс енуі мүмкін, мысалы, бір әріпті өзгерту, қос әріптің бірі түсіп қалуы, **ь** белгісін түсіріп жазу сынды өзгерістерді атауға болады: *älbom, älpinis, Әлнi//Äлri* (Альпы емес), *Ыстамбұл, Тәшкент*, ал мағыналас *Олюдениз, Кизилагач емес Өлітеңіз, Қызылаңаш* деп жазса, Түркиядағы *Өлітеңіз* бен *Қызылаңаш* екендігі қосалқы ақпарат арқылы ғана білуге болады.

Арабтектес атаулардың жазылуы:

Абу, Әд, Әз, Эль, Эр, Эс, Эт, Эш, артикілдерімен жазылатын атауларда бұл компоненттер қазақ тілінің айтылу, жазылу ерекшелігіне бейімделіп алынады: *әбу, әд, әз, әл, әр, әт, әш*: *Әбу-Даби, Әбу-Камал, Дайр-әз-Заур//Дайыр-әз-Зауыр, Әд-Дивания, Әл-Катиф, Әл-Кунфуда, Әс-Салман, Әс-Сулайил, Әд-Даммам, Эр-Рияд, Эр-Рувайс, Эт-Таиф, Эш-Шарма, Эш-Шихр* т.б. Өйткені бұл оның географиялық сәйкесімділігі мен танымалдылығына нұқсан келтірмейді, сондықтан орыс тіліндегі **а** әрпінің орнына **ә** әрпі жазылғаны дұрыс.

Дж дифтонгымен келетін экзонимдерде жалғыз (жалаң) **ж** әрпімен жазылады: *Джидда/Жидда, Джизан/Жизан, Шарджа/Шаржы, Эль-Джауф/Әл-Жауф, Эль-Ваджх/Әл-Важх, Умм-Ладдж/Умм-Ладж, Джабаль-әз-Занна/Жабал-әз-Зәнна*, ал *Лос-Анджелес* сынды атауларды *Лос-Анжелес* деп жазса болады. Бұл ережеде ешқандай қайшылық



жоқ, өз тіліміздің айтылу заңдылығына сәйкестендіріп жазған жөн. Таяу Шығыстағы *Египет, Дамаск* шаһарларының ежелгі қазақ қисса-дастандарында, ақын-жыраулар шығармаларында *Мысыр елі, Дамшық* т.б. үлгіде қолданылғанын білеміз. Орыс тілінен ауысқан *Алжир* атауын арабтар түпнұсқада *Al-Zesair* деп жазып, қолданылады. Қазақ тілінде *әл-Жазира* елі деп түпнұсқаға жақындатып атаудың қисыны бар. Осы тізімді толықтыруға болады.

Қытай тіліндегі географиялық атаулар.

Қытай жеріндегі топонимдердегі орыс тілі арқылы енген **цз, чж**, әріптікестері мен **чжоу** сынды онимдік маркерлердің қазақ тілінде қолданылуы қиындық тудырды: *Гуцзяо, Цзянмынь, Цзинчэн, Цзесю, Шочжоу, Хуайжэнь* т.б. көптеген атаулардың айтылуы тым күрделі, әрі қиын екендігі рас. Ескеретін жайт, өз жеріміздегі орыс тілінде қалыптасып кеткен *Чунджа* елді мекен атауын *Шонжы* деп айтып, жазып, тіліміздің дыбысталу табиғатына жақындатып алдық және оның еш сөкеттігі жоқ. Өте үйлесімді болып тұрғандығы анық. Сол сияқты қытай тіліндегі осы типтес географиялық атауларды Қытай қазақтарының тілінде жергілікті айтылуы мен жазылуы тарихи жолмен қалыптасқан екен, мәселен:

Орыс тілінде қалыптасқан транслитерациясы	Қытай қазақтарының тілінде қалыптасқан жазылуы	Латынграфикалы қазақ әліпбиіндегі транслитерациясы
Гуцзяо	Гужияшы	Gujiaşy
Цзиньчжун:	Жинжұң	Jinjūñ
Цзесю	Жиешию	Jieşiu
Цзиньчэн:	Жинчың	Jinşyñ
Гаопин	Гаупиң	Gaupin
Синьчжоу:	Шинжүү	Şinjūu
Юаньпин	Иуэнпин	Iuānpin
Шочжоу:	Шуошүү	Şuoşūu
Линьфэнь:	Линфин	Linfm
Шицзячжуан	Шыжия жуаң	Şyjia juañ
Юньчэн:	Йүнчың	Iūnşyñ
Цзуньхуа	Зүнхуа	Zūnhua
Хэцзинь	Хыжин	Hujin
Юнцзи	Йұңжи	Iūñji
Люйлян:	Лүйлиаң	Lüiliañ
Гуанчжоу	Гуаңжүү	Guañjūu
Цзянмынь	Жианмін	Jiañmin

Байқағанымыздай, топоним тұлғасы қатты өзгеріке ұшырайды екен. Алайда бұл үдерістен бас тарпау керек. Бірден болмаса да, осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру керек деп есептейміз. Өйткені әр мемлекет өзге мемлекеттегі ономастикалық атауларды ешкімге жалтақтамай өз тілінің орфографиясына, фонетикалық табиғатына үйлестіріп, тіптен мүлдем басқа сөзбен де жазып, транслитерациялайтындығы белгілі. Оған көптеп мысалдар келтіруге болады.



Ресей атауы вали тілінде *Руша*, фин тілінде *Веняйя*, моңғол тіліндегі *Урус* қытай, корей, вьетнам тілдеріне негіз болып, *Eluosi*, *Leosia*, *Nga La Tu* деп өзгертіліп игерілген. Ресеймен есте жоқ заманнан іргелес болған латыш елі *Кривевия* деп ежелгі Русті мекендеген шығыс славян тайпалары кривичтердің атынан қойған екен.

Германия экзонимінің де әр тілдегі әрқалай аталуы қалыптасқан екен: словак тілінде *Nemesko*, серб. *Немачка*, пол. *Niemcy*, норвег. *Tyskland*, литва. *Vokietija*, мажар. *Nemetország*, баск.испан. *Alemanian*, эстон. *Saksamaa*, фин. *Saksa*, ал бірқатар еуропалық тілдерде *Duitsland*, *Germania* үлгісінде жазылған. Біздің елдің атауы да басқа елдерде өз тілдерінің ерекшеліктеріне сай жазады екен.

Қазақтың белгілі фонетист ғалымы, Мемлекеттік комиссия жанынан құрылған Орфографиялық жұмыс тобының мүшесі, ҚР ҰҒА академигі З.М.Базарбаева шеттілдік сөздерді қазақ латын әліпбиінде жазуға қатысты транслитерация мен транскрипцияның ерекшеліктерін былай көрсетеді: «Особую область орфографии составляет передача средствами казахской графики иноязычных слов. В заимствованных словах могут произноситься такие звуки, которых нет в казахском языке. При передаче заимствованных слов используется два приема: транскрипция (передача при помощи букв казахского алфавита звуков иноязычного слова) и транслитерация (передача соответственными казахскими буквами букв иноязычного слова). Если написание исконно казахских слов подчиняется в основном фонематическому принципу, то заимствованные слова пишутся по фонетическому принципу, то есть они будут преломляться согласно орфоэпическим нормам казахского языка» (2, 2019). Басқаша айтсақ, қандай да бір шеттілдік сөзді қабылдағанда, қабылдаушы тілде рецепиент тілдегі сәйкес әріптер жоқ болған жағдайда офроэпиялық, айтылу нормасына жүгінеді. Бұл қытай тіліндегі топонимдерге тікелей қатысты жайт. Алайда географиялық атаулардың, әсіресе, картадағы атаулардың жөні бір бөлек, олар құжаттық дәлдікті, нақтылықты қажет етеді. Осыны да естен шығармаған абзал. Бұл жөнінде орыс ономастикасының теоретик ғалымы А.В.Суперанская былай дейді: «Предъявляемые к надписям в географических пособиях (картах, атласах, словарях) требования, с одной стороны, смыкаются с требованиями, предъявляемыми к документации — документальная точность. С другой стороны, они аналогичны требованиям, предъявляемым к иноязычным словам в общей прессе — сохранение фонетической близости неисходному и идентификация на слух» [3, 53].

Түркітөктес және қытай тіліндегі атауларды қазақыландыру қажеттілігін айта отырып, біз, ең алдымен, мына критерийлерге сүйену керек деп есептейміз: қазақ қалың отырған аймақ, тілінен, ұлттық мәдениетінен қол үзбеген, тарихи тамыры бір, ертеден қатынаста болғандықтан ондай аймақтардағы атауларды қазақ тілінің фонетикалық ерекшелігіне бейімдеп жазған жөн. Түркия, Әзербайжан елдері шалғайлау, аралас-құралас болмағандықтан, ол елдердегі атауларды жаанды түрде өз тілімізге иілдірмей, өзгеріссіз алған жөн шығар деп пайымдаймыз.

Белгілі ғалым жаңа емлені басты әзірлеушілердің бірі, проф. Нұргелді Уәлидің сөзімен қорытындыласақ: “Латын графикасын қабылдау арқылы осы жазуды қолданып жатқан түркітөктес мемлекеттермен жалпытүркілік бірегейлікті дамытуға, қазіргі жазуда орын алып отырған компьютерлік, интернеттік желідегі қиындықтарды жеңуге, орын алып отырған орфографиялық, орфоэпиялық кемшіліктерді жоюға, терминологиялық, ономастикалық атаулардың ұлттық сипатын қалыптастыруға және құлдық психологиядан арылып, ұлттық сананы қалыптастыруға оң ықпалын тигізері сөзсіз”. (4, 142). Жоғарыда айтылған проблемалардан тыс шеттілдік атаулардағы латын әліпбиінің дауысты, дауыссыз дыбыстардың, жеке даулы орфограммалардың қолданылуы, экзонимдердің негізгі үлгі-



типтері, олардың жазылуының орфографиялық емле-ережелеріне қатысты мәселелерді алдыңғы уақытта сөз етеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. - Москва: Наука, 1978, - с.164.
2. Базарбаева З. Новые правила для нового алфавита // Казахстанская правда. – 5 февраля, 2019-газет мақалалары.
3. Суперанская А.В. Теоретические основы практической ономастики.-Москва: Наука, 1978.-283 с.
4. Уәли Н. Ұлттық сана және «әліпби» концептісі // Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау теориясы мен практикасы –Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016.-142 бет.-монографияның тараушасынан.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ: ӘЛІПБИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТІЛДІК ЖАҒДАЯТ

Ербол Тілешов

Ш.Шаяхметов атындағы

*«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық
орталығының атқарушы директоры, ф.ғ.к.*

Әлемдік өркениет көшіне үлкен үлес қосып, дүние жүзінің картасында оңтүстікте Ақ теңізден солтүстігінде Еуразияның даласын басып, Мұзды мұхитқа дейін, шығысында Саян, Алтайдан бастап, Орал тауларына дейін аса ірі аймақты иемденетін түркі халықтарының тілдері қолданылу жағынан, дамуы тұрғысынан, ресми мәртебесі жөнінен әр алуан. Оның тарихи себептерін көпшілігіміз жақсы білеміз дей келе, бәріміздің басымызды қосқан осы семинар-кеңестің мүмкіндігін пайдаланып, тағы да бір рет туыстас тілдердің ахуалы жөнінде айтқымыз келеді.

Қазіргі кезде түркі халықтарының 7 мемлекеті бар екен. Олар: Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түркіменстан және Түрік Кипр республикалары. Бұл мемлекеттерде 6 тіл мемлекеттік немесе ресми тіл мәртебесіне ие. Осы тілдерде сөйлеушілер санының әртүрлі болуына қарамастан, олардың ресми мәртебесі аса маңызды. Яғни, бұл мемлекеттердегі түркі тілдерінің жағдайы өте жақсы деуге болады. Өйткені бұл тілдер заңмен қорғалған, қамқорлыққа алынған.

Түркі тілдерінің келесі тобына автономиялық құрылымдардағы тілдерді жатқызамыз. Олар: *башқұрт, татар, тыва, саха, қарақалпақ, гагауыз, қарашай-балқар* тілдері. Ресей, Өзбекстан, Молдова мемлекеттерінің ішіндегі бұл тілдердің де қолданылуы, оларға деген қажеттілік пен сұраныс әртүрлі. Мәселе, сол мемлекеттердің ұлттық саясатында және демографиялық жағдайдың барысында. Айталық, ұлттық автономиясында басым көпшілікті құрайтын *татар, саха, тыва, гагауыз* тілдеріне қарағанда, ұлттық автономия халқының жартысына да жетпейтін *башқұрт, қарақалпақ, хакас, алтай* тілдерінің жағдайы бірдей емес екендігі түсінікті.

Автономиялық құрылымдардағы түркі тілдеріне назар аударсақ, олардың барлығы посткеңестік кеңістіктегі тілдер екенін байқаймыз. Алдымен Ресей империясының, кейінірек Кеңестер одағының құрамында болған түркі тілдеріне тән құбылыс миллиондаған адамның өз ана тілдерінде білім алмауы, қызмет істемеуі. Соның салдары қазіргі кезге





дейін сезілуде. Қазақстанда да осындай мәселе бар. Әсіресе үлкен қалаларда тұратындар көбінесе орыс тілінде сөйлейді, қызмет істейді. Әрине, кеңестік билік ыдырағаннан кейін посткеңестік кеңістікте ұлттық жаңғыру ерекше байқалды. Дегенмен тіл мәселесі біздің ойымызша ұлттық автономияларға толық шешілмеуде.

Мемлекеттілігі және автономиялық мәртебесі бар түркі халықтарының тілдік мәселесінің толық шешім табуының саяси мүмкіндіктері бар. Мәселе тұтынушылары аз, шашыраңқы орналасқан түркі халықтарының тілдік проблемасы қиындау. Біздің ойымызша, ондай тілдердің өкілдерімен біздің байланыстарымыз мардымсыз. Соған орай, осы семинар-кеңесті пайдаланып түркі тілдерінің дүниежүзілік ассоциациясы деген сияқты халықаралық қоғамдық ұйым құрылуы қажет сияқты. Қазіргі кезде «Түрксой» ұйымы, мемлекеттер мен автономиялардағы зерттеу институттары, орталықтар бұл проблемамен шұғылданбайды. Шұғылданған күннің өзінде тек қана ғылыми қызығушылықпен қарайды. Біздің ойымызша, тұтынушылары азайып бара жатқан түркі тілдеріне дәл осылайша этнографиялық көзқараспен қарау аздық етеді.

Қазақстанда тұратын түркі халықтарының тілдік жағдайына келсек, бізде де ахуал әртүрлі. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие екенін білесіздер. Мемлекеттің Конституциясы бойынша біздің елімізде ана тілдерін оқып-үйренуге мемлекет толық қамқорлық жасайды. Өзбек, ұйғыр мектептерінің жүйесі жасалынған. Қалған тілдер әртүрлі курстар арқылы оқытылады. Әр облыста ашылған «Достық» үйлері, этномәдени бірлестіктер осындай оқыту курстарын мемлекеттік қамқорлық арқылы ұйымдастырады. Біздің ұлттық орталық жылсайын Тіл саясаты комитетінің тапсырмасымен оқу құралдарын шығарып таратады. Біздің ойымызша, мәселе үйретуде ғана емес, мәселе әр адамның өзінің ана тіліне деген қатынасына байланысты. Мұндай әртүрлі қатынас Қазақстанда ғана емес, жалпы посткеңестік елдерде тұратын халықтардың көпшілігіне тән.

Жалпы әлемде саны 200 миллионнан асатын түркі халықтары бірнеше әліпбиді қолданатынын білеміз. Атап айтсақ, 56 пайызға жуығы латын, 25 пайызы араб, 17 пайызы кирилл әліпбилерін және өте аз бөлігі грек, еврей әліпбилерін қолданады екен. Бұл арада кирилл әліпбиін қолданатындар азайып, латын әліпбиін қолданатындар санының көбею динамикасын атап айтуға болады.

Көне түркі әліпбиінен қазірге дейінгі тарихи дамуды қарасақ, түркі халықтарында әліпби реформасы XX ғасырда екі рет жүргенін байқаймыз. Біріншісі, 1920 жылдар, екіншісі, 1990 жылдар. Біріншісі, кеңестік саясаттың ықпалымен жүзеге асып, оның ғылыми негізі 1926 жылғы Баку сиезінде жасалды. Осы кезеңде көптеген түркі халықтарының тілі латын графикасына көшірілді.

Екіншісі, кейбір түркі халықтарының тәуелсіздік алуымен байланысты екенін жақсы білесіздер. Латын әліпбиіне көшуде Стамбул қаласында 1991 жылы өткізілген халықаралық симпозиумда қабылданған жалпытүркілік әліпби жобасының маңызы болды. Осы әліпбиді 1991 жылы желтоқсанда Әзербайжан, 1993 жылы сәуірде Түркіменстан, қыркүйекте Өзбекстан қабылдады. Бірақ 1992 жылы оған Әзербайжан өзгеріс енгізсе, көп ұзамай Түркіменстан, Өзбекстан басқа үлгідегі әліпбилерді қабылдады.

Түбі бір – түркі тілдерінің ұқсастықтары мен бірге ерекшеліктері де бар. Сондықтан бәріне бірдей, тіпті бірнеше тіл үшін бір әліпби жасау оңай емес. Дегенмен біздің ойымызша, әліпби түзудің ортақ ғылыми принциптері болғаны жөн. Ол үшін әр дыбысты беруге арналған латын таңбалары және диакритикалар орнымен қолданылу керек. Мысалы, Ортақ түрік әліпбиінде жіңішке дауыстыларды белгілеу үшін умлаут, қысқа дыбыстарды белгілеуге бревис, мұрынжолды дауыссызды беру үшін тильда, қатаң, ызың дыбыстарды белгілеу үшін седиль қолданылғанын білеміз. Мәселе осы принциптен шықпауда.





Егер бұлардан өзге дыбыстар болса, оларға да тиісті диакритикалар бар. Айталық, қазақ тіліндегі созылыңқы дауысты Ұұ дыбысын таңбалау үшін макрон деген сияқты. Негізі латын әліпбиіндегі түркі тілдері осы принципке келсе, онда түркі халықтарының әліпби арқылы өзара жақындасуы туралы толық әңгіме айтуға болады.

Қазақстанның тілдік ахуалы және демографиялық жағдайы сол кезеңде латын әліпбиіне көшуге дайын емес еді. 2017 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан кейін қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Одан бері де әліпбидің екі нұсқасы бекітілді. Қазір әліпбиді жетілдіру жұмыстары ғылыми тұрғыдан пысықталуда.

УМЛЯУТ СПОСОБСТВУЕТ ГАРМОНИИ КАЗАХСКОЙ РЕЧИ

(к вопросу об изменении казахской латиницы)

Жантас Жақыпов

д.ф.н., профессор

*Евразийского национального
университета им. Л.Н.Гумилева*

Известно, что до сегодняшнего дня были предложены различные варианты казахской латиницы. Однако они не соответствовали гармонии казахской речи, что является основной отличительной особенностью нашего языка. К тому же, звучание латинских букв должно более-менее подойти произношению на казахском языке. Вместе с тем, казахский алфавит должен способствовать не только адаптации заимствованных слов, но и стать более функциональным в формировании навыков письма. Для того, чтобы найти решение этих проблем, Орфографическая рабочая группа при Национальной комиссии по переходу казахского языка на латинскую графику предлагает внести изменения в утвержденный латинский алфавит казахского языка.

Первое. В буквах *ә, ө, ү*, обозначающих мягкие гласные звуки, акут (диакритический знак ударения) заменить умляутом (*ä, ö, ü*). Так как умляут является одним из самых распространенных среди латинописменных языков знаков, обозначающих по международному фонетическому стандарту мягкость гласных звуков. В этой функции он применяется в германских языках, в финском, в тюркских языках: турецком, азербайджанском, туркменском. Немаловажный факт, что умляут в немецком языке также заменяет двойные буквы: *ä – ae; ö – oe; ü – ue*. Это мы привели для тех, кто предлагал обозначать мягкие гласные казахского языка диграфами. Умляут в письменной практике также употребляется произвольно, в стилистических целях, а именно, для выражения экзотических названий в английском письме. Если учесть, что звуки *ә, ө, ү* являются специфическими, применение умляута дает знать об этой специфичности. В практике письма и чтения знак умляута легкоузнаваем, комфортен для зрительного восприятия и часто используется в системе UNICODE.

Второе. Общеизвестно, что акут обозначает ударение гласных. Его применение для знаков согласных противоречит международному фонетическому алфавиту. В этом отношении целесообразно использовать надстрочные или подстрочные знаки, принадлежащие обозначению согласных звуков. Это, в данном случае, так называемые надстрочный бревис и подстрочный сидиль. Они успешно применяются в латинописменных





тюркских языках. Мы предлагаем для обозначения казахского звука **ғ** применять бревис. Таким образом звук **ғ** будет выглядеть как **Ğğ**. Это удобно для узнавания и для навыка письма. В утвержденном алфавите звук **ш** обозначен двумя буквами **s** и **h**, что стало помехой для различения некоторых казахских слов, в которых соседствовали звуки **с** и **х** (*асхана, Асхат* и др.), да и нарушало принцип традиционного казахского письма: «один звук – одна буква». Выход из этого положения – использование «крючка» (седиль). В международном фонетическом алфавите седиль применяется для обозначения щипящего согласного, каким является звук **ш**. С этой целью «крючок» успешно применяется в азербайджанском, турецком, узбекском, туркменском письме, да и во многих языках. Таким образом звук **ш** целесообразно обозначить как **Şş**.

Относительно двойных букв в алфавите еще одно предложение. В утвержденном алфавите звук **ч** также был обозначен двумя буквами **с** и **h**, тогда как буква **с** отсутствовала в утвержденном алфавите. В то же время звук **ч** в казахском литературном языке (за исключением говора юго-восточных районов) не имеет фонологического значения, иначе говоря, не применяется. Да и таких иноязычных слов крайне мало. Поэтому предлагаем **исключить из алфавита диграф ch**. Что касается иноязычных слов со звуком **ч** (*чартер, коучинг*), следуя опыту многих других языков, звук **ч** можно передать звуком сочетанием **тиш** (*коутишиң – koutşin, чартер – tşarter*).

Таким образом можно избавиться от двойных букв (диграфов) в алфавите.

Третье. В утвержденном алфавите звук **у** был обозначен «ударением»: **Ўў**, а казахский звук **Ұұ** – **Uu**. Знак не может «забыть» свой звук, он его так или иначе носит собой. В латинской базе знак **u** всегда обозначал звук **y**. Использование для него другого знака (игрека), обозначающего в других языках звук **u, ü**, считаем, приводит к трудностям в чтении. К тому же, если сравнить частоту употребления в казахской речи звуков **ұ** и **y**, то частотность **y** намного выше чем **ұ**. Поэтому чтобы избежать частотность надстрочных знаков, выгодно обозначить звук **y** буквой **Uu**, а казахскому **ұ** применять букву **u** и отличить его надстрочным дефисом (макрон) – **Ūū**. Знак «макрон» в письме применяется для указания долготы звука, это не противоречит произношению казахских слов со звуком **ұ**.

Четвертое. В утвержденном алфавите казахский звук **ң** представлен как «**n** с ударением» - **Ññ**. Как говорилось выше, знак ударения не присущ согласным звукам. Поэтому целесообразнее воспользоваться латинской базой. В базе латиницы имеется буква **Ŋŋ**, точь-в-точь совпадающая произношению казахского **ң**. Употребление этого знака избавит пишущих от лишних затруднений при письме и способствует сохранению и укреплению специфического звука **ң** в фонетике казахского языка.

И еще одно предложение. Думается, что было бы целесообразным взаимозаменить знак звука **i** и звуков **й (u)**. И поставить надстрочную точку над заглавной буквой **İ (I) – Ĭ**. Тогда многие термины приобретают традиционную форму, привычную для зрительного восприятия. Сравните: *Institut, jinalys, universiada, paida, piramida, respublika*.

Внесение таких изменений в казахскую латиницу станет более продуктивным шагом в практике письма и произношения казахской речи.

В итоге образуется следующий алфавит: Aa, Ää, Bb, Vv, Gg, Ğğ, Dd, Ee, Jj, Zz, İi, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, Ŋŋ, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Ūū, Üü, Ff, Hh, Şş, Yy, Ii.



ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНДАҒЫ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМНЫҢ РОЛІ

Қаламқас Қалыбаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.д.

В статье рассматривается особая роль фонетического принципа в казахской орфографии. Автор видит решение проблемы правописание иностранных слов и терминов при переходе казахской письменности на латиницу в ведущей роли фонетического принципа в казахской орфографии.

The article considers the special role of the phonetic principle in the Kazakh orthography. The author sees a solution to the problem of spelling foreign words and terms in the transition of Kazakh writing into Latin in the leading role of the phonetic principle in the Kazakh orthography.

Қазіргі таңда қазақ жазуы жаңа латын жазуына көшіп жатқан тұста қазақ тіл білімінің бүгінгі көтерілген ғылыми әлеуеті өткенге сын көзбен қарап, кем-кетігімізді дұрыс бағамдауға мүмкіндік беріп отыр. Орыс әліпбиіне бейімделген жазуымыздың кемшін тұстары енді көзімізге айқын көріне бастады. Осыған орай, жаңа латын жазуына көшкен оңтайлы тұсты пайдаланып, өзіндік төл жазу қағидаттарымызды қалпына келтіруді көздегеніміз дұрыс. Бұған қатысты тілші ғалымдардың арасында түрлі пікірлер айтылып, қызу талқылаулар жүріп жатыр. Қарап отырсақ, Ағылшын, француз, неміс тіпті орыс тілі сияқты тілдер де осы күнге дейін басқа тілден келген сөзді өз тілінің айтылуына бағындырып, жұтып жіберетін «темір» заңдылығын мығым сақтау арқылы әлеуетті алпауыт тілге айналып отыр екен. Бұл тілдердің орфографиялық сөздігінде «шеттілдік сөздерді жазу ережесі» деген арнайы тарауша да кездестірмейсіз. Оны олар қажетсінбейді де. Өйткені ол тілдер шеттілдік сөздерді жазуда өз сөйлеу тілінің табиғатын ғана пайдаланады, яғни кірген сөздерді тырп еткізбей, өз тілінің дыбысталуына бағындырып айтылуы бойынша ғана жазады. Яғни, кірме сөздерді фонетикалық ұстаным қағидаты бойынша жазады. Сол себепті де бұл тілдерде төл сөзі үшін ғана ереже жасалынған. Кірме сөздер сол тілдің ережесіне амал жоқ бағынып, сол тілдің өз сөзі болып кете барады. Демек, кірме сөздерді қай тілде де бағындырып беретін - тек сөйлеу тілі.

Қазақ жазу да фонетикалық ұстанымға негізделген еді бір кезде. Халел Досмұхамедовтің «*Өзінің заңымен өзгертпей қазақ тілі ішіне ешбір жат сөзді алмайды, кіргізбейді. Бұл ақиқат нәрсе*»-деуінің өзі сол кездегі тіліміздің кірме сөздерді игерудегі әлеуетінің қаншалықты мығым болғандығын көрсетеді. Қазақ тілінің осы «тілдік механизмін» дұрыс таныған тіл жанашырлары сол кезеңде кірме сөздерді (терминдерді) жазудың басты ұстанымы сөйлеу тіліндегі үндесім заңдылығына бағынуы қажеттігін көрсетіп, жазуда фонетикалық ұстанымды басты басшылыққа алатын өте дұрыс шешім қабылдаған еді. Нәтижеде, 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінде де, 1929 жылы 2-4 маусым аралығында Қызылордадағы емле жазуына қатысты ғылыми орфографиялық конференцияда да айтыс-тартыс болғанына қарамастан, тіліміздің үндесімділік заңдылығын бәрінен жоғары қойылғанды. Соның нәтижесінде қазақ тілі кірме сөздерді адам танымастай етіп өзгертіп, өз сөзіміз етіп жібере бастады. Мысалы: *обылыс партыйа, кәмійтет, калхоз, өктәбір, тырақтыр нойәбір т.б.* [1,2013]. Яғни бұл кезеңде тіліміздегі «сингормонизм» заңдылығы қазақтың өз сөздерінде де сөз арасында естілетін қысаң дауыстыларды (І,Ы) естілуі бойынша жазу арқылы (*тұуралы, тарыйқыый, шұу, жатұу, білуу, болұу, отырұу*) кірме сөздерді де тіліміздің



зандылығына тастай етіп бағындыратын «тілдік механизмін» жұмыс істетіп отырғандығын көреміз. Біз осы «тілдік механизмнен» қалайша айрылып қалдық...

Кеңес үкіметі орнауымен байланысты қазақ лексикасында кірме сөздердің саны еселеп арта бастап еді. Мұның өзі жылдан-жылға артып келе жатқан орыс сөздерін табиғи меңгеруге қиындық әкеледі деген ой сол кездегі біраз ғалымдардың пікіріне негіз болды. Әрі сол кездерден бастап Кеңестік саясаттың орыс тіліне басымдық бере бастаған саясаты да қазақ жазуының біртіндеп өз заңдылығынан айрылуына әсер ете бастағанын байқаймыз. Осы кезден бастап тіліміздегі кірме сөздерді өзіне толық бағындыруда «кілт» болып отырған, тіліміздің үндесімдік заңына (сингормонизм) деген ғалымдарымыздың көзқарасы да өзгеріп «сингормонизм соншалықты тұрақты құбылыс емес, ол да өзгереді» деген сияқты пікірлер белең ала бастады. Бүгінгі күн тұрғысынан бажайлап қарасақ, мұның да бірқатар өзіндік себептерін аңғарамыз...

Айта кетуіміз керек, ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы қоғамдық ғылымдар аясында әсіресе, тіл білімінде Я.Н. Маррдың «Жаңа ілім» немесе «Яфет теориясы» теориясы үстемдік құрып тұрған бір қасіретті кезең еді. Әсіресе, Яков Николаевич Маррдың *«Түбінде барлық тілдер құрылымдық жағынан кірігіп бір тілге айналады», «тілдердің құрылымдық дамуының ең жоғарғы сатысы флективті тілдер»* деген секілді идеясы Кеңес үкіметінің ұлттық тілдерді ұлы орыс тілінің айналасына бірегейлендіру саясатына сәйкес келді. Мұның өзі бұл идеяны сол кезеңдегі құндылығын шарықтатып, тіл ғылымы ғана емес, бүкіл қоғамдық ғылымдардың дамуының бас ұранына айналдырғандығын бүгінде анық көріп отырмыз. Міне, осындай науқан кезеңінде біздің тілші ғалымдарымыз да бұл ұранның шырмауына ілікпей қала алмағаны анық. Тарихтағы осы бір кезеңнің келбеті сол кезеңде енді қалыптасып жатқан жазу теориясының басты қағидаларындағы сыңаржақ пікірлердің қалыптасуына да әсер етпей қалмағаны анық. Мысалы осы жылдарда (1928-1930жж) Ленинградтың Шығыстану институтынан білім алып келген Қ.Жұбанов та осы Я.Н.Маррдың талай дәрістерімен сусындаған жылдар еді. Бұл жылдардағы алған білімі Қ.Жұбановтың кейінгі лингвистикалық ой-пікірлеріне мықтап әсер еткендігін бірқатар мақалаларынан көреміз. Ол жайында бірталай ойлар айтуымызға болады. Бірақ, мақала аясынан алшақтамау мақсатында тек ғалымның жазу теориясына қатысты ойларына ғана тоқталғалы отырмыз. Айталық, Қ.Жұбанов бұл жылдары өз замандастары сияқты Я.Н.Маррдың «тілдердің кірігуі» идеясын қуана қолдады. Мысалы, ғалымның жазу арқылы тілдерді біріктіруге болатындығын айтқан мына бір пікірлеріне назар аударайық: *«Мұнан былай, жазу бұқарашылданған соң, тілді біріктіруге болады. Адам деген белсенді жануар, адам өз тұрмысын да, тілін де өзгерте алады. Бірақ жалғыз жазумен емес, түрлі шаруашылық-әлеуметтік шарттар арқылы өзгерте алады. Ол шарттар түрік тілдері түгіл барлық адам баласының тілдерін біріктіруі де мүмкін»*-дейді Қ.Жұбанов[2.131]. Сол сияқты Я.Н.Маррдың «Тілдердің сатылай дамуы» теориясына сүйене отырып: *«Мен қонармалы тіл жалғамалы тілден жетіліңкірек екеніне қосылам»*- деген секілді пікірлері ғалымның кірме сөздерді игеруде кілт болып отырған үндесу заңдылығын яғни сингормонизм заңдылығын да қайта қарап, оны түркі тілдері үшін де тұрақты құбылыс емес деген ойға алып келген сияқты. Мұның өзі ғалымның кірме сөздерді орыс тіліне барынша жақындатып, өзгертпей жазу керек деген пікір айтуына негіз болса керек. Мысалы, Құдайберген Жұбанов 1929 жылғы Қызылорда конференциясында қазақ тілінің сингормонизм заңдылығын алға тарта бермей, халықаралық терминдер мен советизмдерді өзгертпей алу керектігін ашып айтады:

- *«При этом следует совершенно игнорировать теоретизированные законы сингармонизма из расчета, что сингармонизм – не такая постоянная категория в казахском языке, что международные термины и советизмы одолеют эту преграду не хуже»*





арабских слов: *qudret, qьzmet, qasiet, qurriet* и т.д.». (Қ.Жұбановтың 1929ж Қызылорда конференциясында сөйлеген сөзі)

Ғалымның бұл сөзінен біз оның кейінгі жылдарда жиі көтерген «И,У дыбыстарын дара дыбыс ретінде беру керек» деген пікірін қалыптастыруына негіз болуы мүмкін екендігін де байқаймыз. Мысалы, ол 1935 жылы жазылған «Қосар ма, дара ма» деген мақаласында бұл дыбыстардың грузин, француз сияқты басқа да тілдерде бір кездерде қосар болғанымен бүгінде кірігіп, бір дыбысқа айналып кеткендігі жайлы тағы да Н.Я.Маррдың пікіріне сүйенгенін анық көреміз: «Мұндай дыбыстарды қосар әріппен таңбалау, байқасақ, ел-елдің бәрінде де болған екен. Ескі грек емлесінде **ϕу** дыбысын **οу** әріптерімен таңбалау болса, мұны ескі грузин әліппесінде де көреміз. Осы күнгі грузин әліппесіндегі **ϕу** әрпі дара әрпі. Бірақ бұл дара әрпі ескі грузиннің шеркеу әліппесіндегі **ο** әрпі мен **у** әрпінен қосылып жасалынты»-дейді ғалым Маррдың «Грамматика древнегрузинского языка» деген еңбегіне сілтеу жасай отырып[2.134]. Ағылшын, француз, армян сияқты тілдерде бұл дыбыстарды қосар таңбалағандарымен дыбыстауда олардың кірігіп кеткендігінен, жазу мен сөйлеудің арасында алшақтық қалыптасқандығын алға тартқан ғалым, бұл дыбыстардың орыс, грузин сияқты тілдерде дара әріпке айналғандығын айта келіп: «қосар әріптің алдағы тағдыры осы, оны қанша сүйрете бергенмен дыбыстың қосарлығын сақтап қалмақ емес»- деп түйіндеуінде де осы тілдердің Н.Я. Марр көрсеткен «кірігу» «фузиялану» идеясының жатқандығын анық байқауға болады деп ойлаймыз.

Н.Я. Маррдың ұстанымы бұл кезеңдегі барлық қазақ тілші ғалымдарының лингвистикалық зерттеулеріне әсер еткені белгілі. Мысалы, әліпби мен емлені орыс тілінің заңдылығына жақындатып жазуға көшу жайлы, бұл арада тіліміздің *сингормонизм* заңдылығын алға тарта берудің қажет еместігі жайлы ойларды Сәрсен Аманжолов та осы кезден бастап жиі айта бастады. Ғалым тіпті қазақ тілінің сингормонизм заңдылығына бағынатындығына дүдәмәлмен қарап “Социалистік Қазақстан” (1933 жылы) газетіне жариялаған мақаласында:

- “Қазақ тілінің сингармонизм заңына бағынатындығы бұлай тұрсын, қазақтың ежелгі сөздерінің талайы дыбыс жүйелі принципке бағынбайтын еді. Мысалы: *tuz+сь, ag+сь, bas+сь, gel+bau, gьzmet+ker, gazdь+gyn*” -дей келе: « ендігі жерде қосар **ый, ій, ұу, уу** дыбыстары **і, и** таңбалары арқылы беріледі»- деген ой айтады[3].

Тіпті ғалым Терминдерді орыс тілі арқылы игеру керек екендігін айта келіп: «1929 жылы емлені жасаған Т.Шонанұлы, Е.Омаровтардың шет сөздерді өз тілімізге бейімдеп қабылдайық деген ниеті олардың алашордашылдық ниеттерінен туындаған»-деп жазғырады. Ғалым осы мақаласында әліпбиде дара **и, у** таңбаларының жоқтығы салдарынан жазуда үнемдеу принципінің сақталмай отырғандығының дәлелі ретінде жекелеген шет сөздердің жазуда тұрқы ұзарып, *миссисипи, миссури* сияқты сөздердің *mijssijsijpij, mijssyvrj* деп 6, 7 әріптің орнына, 13-9 әріпке дейін жазылып жүргендігін алға тартады. Оның басты себебі ретінде жазудың фонетикалық ұстанымға негізделгені дұрыс еместігі айтылады: «Соның салдарынан кірме сөздердің әртүрлі орфограммалануы (*кило-келі, динамо-динами, бюро-бюра*) деп жазылуы сол сияқты сөз ішінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді деп, *зоология, биология, театр* сөздерінің орынан *зологыя, быйалогыя, тыйатыр, аптаномыя, апсалут* болып таңбаланды»- деп айыптайды С.Аманжолов[3]. Міне, біртіндеп, біздің лингвист ғалымдарымыз біртіндеп үндіевропа тілдеріндегі «үнемдеп жазу» ұстанымын алға тарта отырып, тіліміздегі сөз арасында дауыссыздармен селбесе естілетін дауыстыларды жазудан бас тарта бастайды. Осылайша, «үнемдеп жазуға» ұмтылыстың астарында тіліміздегі «ҰУ», «ИИ» «ЫУ», «ЫИ» дыбыстарының ығыстырылуының астарында орыс тілінің «кірігу, фузиялану» заңдылығына жақындай





түсу саясаты жатқандығын байқауымызға болатын сияқты. Ал, мұның өзі тіліміздің «кірме сөздерді» табиғи игеруінің нағыз «кілті» болғандығын бүгінде тек өкінішпен еске алуға мәжбүрміз. Міне осылайша «түп нұсқаға жақындық» принципіне сәйкес алынған емле баптары 1938 жылдан бастап жүйелі түрде іске асырыла бастады. Ал, енді 1940 жылдан бастап, қазақ жазуының кирилл жазуына көшірілуі, орыс әріптерінің енгізілуі, 1957жылғы қабылданған емле ережесі бойынша «оңтайландырып жазу» үрдісінің жолға қойылуы, яғни И,У таңбаларының таратылмай жазылуы, сөз басындағы, сөз арасындағы қысаң дауыстыларды үрдісі тіліміздің сингормонизм заңдылығының кірме сөздерге жүргізетін билігіне біржолата тосқауыл қойды.

Кірме сөздерді табиғи игеру мәселесіне қатысты Қ.Кемеңгерұлы сол ғасыр басындағы кезеңнің өзінде «...кірме сөздердің “тасқыны” оларды өте аз уақытта табиғи түрде игеруге мүмкіндік бермейді»- деген қорқынышын айтқан екен. Яғни, ғалым көптеп келе бастаған орыс сөздері тіліміздің сингормонизм заңдылығын қалайда әлсірететінін орынды байқаған. Мұхтар Әуезов те бұл орайда «...орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген сөздермен қоса дыбыстық ерекшеліктер де бірге келеді. Бұл ерекшеліктердің артикуляциялық даму туғызуына қазіргі күнде конкретті жағдайлар жасалды»-деген үрейін білдіріпті [4,113]. Сол сияқты белгілі ғалым М.Балақаев: «Қазақ тіліне енген жаңа термин сөздермен бірге «ист», «изм» сияқты қосымшалар, кейбір дыбыстар, мысалы ф, х, ц, в, ч, және жаңа буын түрлері енді. Бұрын сөз басында г, р, л, и сөз аяғында в, д, ж, г айтылмайды, екпін тек соңғы буынға түседі дейтін, кезінде дұрыс ережелер де, ертедегі кейбір түркологтардың «өзгерілмейтін темір заңы» дейтін үндестік заңы да өзгеріске ұшырады» - деп тіліміздің жазу арқылы сөйлеуіміздің де орыстанғандығын мысқылдай сөз етіпті[5.54]. Осылайша, бүгінгі сөйлеу тіліміздің бір кездегі кирилл жүйесіне негізделген емле ережелерін жазуға енгізілуінің нәтижесінде қалыптасқан бүгінгі қазақтың дыбыстау органдарында қалыптасқан акустикалы-артикуляциялық ерекшеліктеріміздің әбден тілімізге сіңісті болып, қазіргі сөйлеу тілін нормаландырып үлгерді. Дей тұрғанымызбен жазу теориясымен айналысып жүрген ғалымдарымыздың бірқатары орыс тілінің жазу теориясы арқылы келіп қалыптасқан «үнемдеп жазу» ұстанымын әлі де басты қағидаға алу керек деген ойда қалып отыр. Бір қарағанда, ода тұрған не бар деуге де болушы да еді. Алайда, өз тілінің табиғатын жоғалтқан тіл, шеттен келген сөздерді де игере алмай отырғанын қайда қоямыз. Соның салдарынан, бір тілдің табиғатынан екі түрлі (төл сөздерге, кірме сөздерге) жазу ережесін шығарып отырмыз. Төл сөздерге бөлек, кірме сөздерге бөлек ереже жасау-ол әлі сол басқа тілдің шылауында жүргеніміздің, тәуелсіздігіміздің басты көрінісі екендігін мойындауымыз керек. Емле ережелерімізде кірме сөздердің жазылуына арнайы ережелер ойластырып әлек болып келеміз. Термин сөздерді дұрыс жазудың дауы да шешімін табар емес. Демек, жазу емле ережесін жасауда басты билікті әлі де сол қазақтың жалпақ сөйлеу тіліне беруіміз керек. Кірме сөздерді сөйлеу тілі қалай игереді, сол күйінде жазуға ұмтылғанымыз дұрыс. Яғни, жазудағы басты ұстаным-фонетикалық ұстаным деген 1929 жылғы ережеге қайта оралуымыз қажет. Кірме сөздерді игеріп жазуды ойдан шығаруға болмайды. Кірме сөздерді игеретін тек қана тілдің ішкі табиғаты ғана. Тілдің сол ішкі табиғатына мүмкіндік берейік. Кезінде Қ.Жұбановтың өзі де қазақ жазуы үшін морфологиялық принцип пен фонетикалық принциптің арасын салмақтай келе «... решающую роль играет природа того языка, для которого вырабатывается орфография,...а природа нашего языка сама по себе говорит, что у нас орфография должна быть построена на фонетической основе...» деп босқа айтпаса керек. Қазақ жазуындағы фонетикалық принциптің жетекші ролін мойындамау-жазудағы үндестік заңының сақталуын әлсіретуге әкелді. Дегенмен, сингормонизм қаншалықты әлсірегенімен де, әлі





де мүлде жоғалып кеткен жоқ. Олай болса, төл сөз үшін де, кірме сөз үшін де бір ғана емле ережесін жасауымыз керек. Олай етпеген жағдайда, әліпбидегі кирилл таңбаларын шығару арқылы ғана өзге тілдің шылауынан құтылуымыз мүмкін емес.

ӘЛІПБИ ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУІ КЕРЕК

Тыныштық Ермекова

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің профессоры, ф.ғ.к.*

2017 жылғы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан соң айырықша қарқынмен дамыған қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жұмысы шарықтау шегіне (кульминацияға) тақап келеді. Өңірлердегі филолог ғалымдар, тіл мамандары арасында өтіп жатқан республикалық ашық талқылау барысында ұсынылған жобаларды талқылау барысы осыны дәлелдеп берді.

Алдымен, жоба қандай болу керек деген мәселеде, ол, алдымен, ұлттық болуы керек. Ұлттық әліпби деген сөз – ұлтқа қызмет ететін, ұлттық тілдегі жазбаша коммуникацияны жүзеге асыратын әліпби болуы қажет деген сөз. Дәлірек айтсақ, әліпби ұлттық тілдің табиғи қалпына негізделуі тиіс. Бұл неден көрінеді? Ол біздің сөйлеу тілімізде көрініс табатын дыбыстық жүйедегі фонетикалық қорымызда жинақталған дыбыстарды дұрыс таңбалауға, Ақаңша айтқанда, *таңба жүйелі (негізі ынтымақ)* ұстанымын нақтылауға тікелей байланысты. Сондықтан да жаһандану заманымызда сөздік қорымызға Халелше (Досмұхамедұлы) айтқанда, «топан судай қаптап» еніп жатқан шеттілдік сөздерді кеңестік идеология қалыптастырған «принцип минимальных расхождений» пірінсібімен қабылдау нәтижесінде енген терімсөздерді тілдің қал-қадірі жеткенше ұлттық тілдің айтылым заңдылығына сай бейімдеп алудың дәл қазіргіден қолайлы сәтін көріп тұрғаным жоқ. Ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, ұлттық тілде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұруы тиіс. Сондықтан басқа ұлттың қажетін өтеуге қызмет ететін кірме дыбыстардан арылу ел Президенті Қ. Тоқаев көрсеткен тілдік реформаның бастысы болуы тиіс. Әліпбидегі басы артық кірме дыбыстар таңбасынан арылу тілдік жүйенің барлық қабаттарына ықпал етіп, біраз мәселені өзі-ақ реттеп береді. Мысалы: *ц, ч, ф, я, ю* сияқты әріптердің жаңа әліпбиден алынып тасталуы бұрын сол әріптермен айтып, жазып жүрген сөздерді дәл осы әріптерсіз де айтып, жазуға қазақ тілінің қауқары жететінін көрсетіп берді. Айталық, кириллшеде *баю, сою, тоя (тамақ жеу), қоя (тұр)* т.т. латын әліпбиінде *bay, soy, toy, qoy* сияқты түбірін анық ажыратып, бірқатар морфологиялық мәселелерді де онтайлдандырып тұр. Орыс тілін акцентсіз сөйлеу мен сол тіл арқылы енген сөздерді сол қалпында жазу тілдің иммунитетін әлсірететін әрекет екені бұрын да айтылып жүр. Олай болса, тілді сауықтыру жолында әрекет етуге кім кедергі? Әрине, тілдік санада дейміз бе, құлдық санада дейміз бе, тұрақталып қалған нәрселерді бір күнде алып тастау бірқатар социумға қиындық тудыратыны рас, бірақ жеңуге болатын уақытша қиындықтар. Бастысы – пыйғыл. Онсыз рухани жаңғыру болмайды.

Әліпби ұлттық болуы тиіс деген мәселеде қазақтың әліпбиі ешкімдікіне ұқсамау керек деген де пікірлерді оқып жүрміз. Негізі латын графикасына ауысу – жаһандану заманының бір талабы, жазу кеңістігіндегі ортақтықтыққа ұмтылу. Оның ұтымды жақтары көп. Айталық, Қытай, Жапония т.т. елдерге барсаңыз, иеороглифтерге қарап, не жазылғанын түсінбей тұрасыз. Немесе ол елдерден, тіпті Түркия, Еуропа елдерінен кел-





ген қандастарымыздың өзі қазақша білгенімен, біздің кириллше жазуымызды танымай қиналады. Өз кезегінде біз де сол елдерде дәл сондай күй кешеміз. Жазудың ортақтығы, әсіресе, білім-ғылым кеңістігіндегі академиялық ұтқырлықпен барыс-келісте жүрген оқытушыларымыз бен білімгерлеріміз үшін де оңтайлы тұстары жетерлік. Сондықтан жаңа әліпбидегі біраз таңбаларымыз түріктің не өзбек, әзірбайжанның қарпіне ұқсаса, оған тек қуануымыз керек.

Талқылауға ұсынылған «Тіл-Қазына» орталығының («Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық және IT-сүйемелдеу жұмыс тобы» деген атпен түскен) жобасы мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұсынған жобаны Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының ұжымы да талқылады. Алғашқы топ ұсынған жекеленген әріптерге қатысты пікірлеріміз:

С әрпін қазақ әліпбиіне енгізуді құптамамаймыз. Өйткені қажеттілік жоқ. Бұл әріп ағылшын тілінің өзінде екі түрлі (s, k) оқылады: city [‘siti], doctor [‘dɔktə]. Оны пернетақтада тұр екен деп, тілімізде жоқ дыбысты таңбалауға қолданудың қажеті шамалы.

Ц дыбысымен келетін сөздер көп тілде де, тіпті бізге де қазақша «шапан киіп» еніп келе жатыр: *aksia, sirk, sement m.m.* Орфографиялық топтың бұған дейінгі әзірлеген орфографиялық ережелерінде сәтті ұсынылған емле ережесі ретінде қазір латынша жазуда қолданылып, көз үйреніп, қол жаттығып келеді. Енді жаңа бекітілетін әліпбиге «Ц»-ның орнына «С» немесе Ç әрпін алып қолдансақ, бұлар баяғыша орыс тілінің заңдылығымен тілімізге қайтадан енгелі тұр.

Сол сияқты И-Ж, Z-Ж туралы ұсынысты да қолдамамаймыз. Біріншіден, И-Ж туралы. Жалпы тіліміздің табиғатында да, сондай-ақ белгілі фонетист ғалым Әлімхан Жүнісбек әлденеше рет дәлелдеп көрсеткендей, дауысты *И, У* деген дауысты дыбыстар тілімізде жоқ. Жоқ дыбысқа таңба іздеудің қажеті шамалы. Кезінде саясатпен еніп, қазіргі социумның тілдік санасынан алып тастауға аса қиындық тудырып тұрған да осы әріптер. Бұлар да *Ц, Ф, Я, Ю* таңбалары сияқты кірме сөздерде ғана қолданылады. Қазіргі жазуымыздағы *кино* мен *киім* сөздеріндегі *и* бірдей дыбыстар емес. Дұрысы екінші сөзде – *кйім*, бұл жердегі *й* – қазақтың дыбысы, дауыссыз дыбыс. Ал *Ж* дыбысын таңбалауда ұсынылған екі әліпбиде де *Ж* таңбасы дұрыс таңбаланған, сондықтан оған ана таңба дұрыс па, мына таңба дұрыс па деп басы ашық мәселені күрделендірмеген жөн.

Ң – ға ң таңбасын алуды қолдаймыз, халықаралық фонетикалық әліпбидегі таңбасымен де үйлесім тауып тұр.

Ww, Xx, C таңбалары тек пернетақтада орналасу керек дегенді құптайсыз ба? деген сұрақтың жауабы белгілі. Біз қаласақ та, қаламасақ та, бұл әріптер пернетақтада тұрады. Өзге тілде мәтін жазуда пайдаланамыз. W таңбасын қазақ тіліндегі дауыссыз у дыбысының, ал Yy таңбасын дауыссыз й дыбысының орнына қолдану туралы ұсынысты қолдаймыз. Әліпби жасау, әріп таңдау мүмкіндігі мүмкін бір ғасырда бір-ақ берілетін жайт екенін ескерсек, дәл қазіргі буынға берілген бұл мүмкіндікті ұлт ұпайын түгендеуге жұмсақ дұрыс болар.

Әліпби мәселесі бірінші кезекте тіл білімінің орфография, терминология мәселелеріне қатысты болса, екіншіден, оқытумен, педагогика саласына да тікелей қатысы бар. Сондықтан қазір тек әліпбиді шешсек, қалғанын кейін көрерміз деген көзқарастан арылып, мүмкіндігінше бұл мәселелерді де қаперден қалдырмау қажет. Өйткені олар бір-бірімен тығыз байланысты, арасына Қытай қорғанын салуға болмайтын, сабақтас мәселелер.



ӘЛІПБИ РЕФОРМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТІЛДІК ЖАҒДАЯТ: ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ШЕШІМДЕР

Анар Фазылжан

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының директоры, ф.ғ.к.

Мақалада қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі ұлттық әліпбиге көшіру қарсаңындағы тілдік жағдаятқа сипаттама жасай отырып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясы мен сапасындағы кейбір проблемаларды және оларды шешудің жолдарын анықтауға талпыныс жасалады.

Әлеуметтік тілтанымдық зерттеулерде тілдік жағдаят деп қандай да бір тілдің өмір сүру формалары жиынтығын немесе белгілі бір географиялық аймақ, не әкімшілік-саяси құрылым шегіндегі аумақтық-әлеуметтік және функционалдық әрекеттестік тұрғысындағы тілдердің жиынтығын айтады [1, 266].

Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаятта тілдік құзіреттіліктері төмендегідей сипатталатын тіл иелмендері қалыптасып отыр:

- қазақ-орыс қостілділігі;
- орыстілділер (орыстар, белорустар, украиндар, поляктар, немістер, кәрістер, гректер, молдовандар, морвиндер, чуваштар және т.б.);
- этностық-қазақша, этностық-орысша екітілдік немесе этностық-орысша-қазақша үштілділік (өзбектер, ұйғырлар, түріктер, күрдтер, әзербайжандар, тәжіктер, шешендер, қырғыздар, татарлар, дүнгендер, башқұрттар және т.б.);
- қазақ-орыс-ағылшын үштілділігі.

Мынадай тілдік топ түрлерін атап көрсетуге болады:

- тек қазақша сөйлейтіндер (негізінен қазақтар);
- тек қазақ және орыс тілдерін меңгергендер (негізінен қазақтар);
- тек орысша сөйлейтіндер (негізінен орыс диаспорасының өкілдері);
- қазақ тілінен басқа, орыс және этностық тілдерде сөйлейтіндер (көбінесе славяндар);
- қазақ тілінен басқа этностық тілдерді білетін және орыс тілін білмейтіндер (негізінен түркітілдес диаспора өкілдері);
- этностық және қазақ тілінде сөйлейтін, орыс тілін білмейтіндер (негізінен оралман қазақтар мен түркітілдес ұлт өкілдері);
- этностық және қазақ тілдерінде, сонымен қатар орыс тілінде сөйлейтіндер (негізінен түркітілдес ұлттар мен славяндар);
- ағылшын тілін меңгергендер (негізінен жастар, ұлтына қарамастан);
- ағылшын тілін білмейтіндер (негізінен ауылдық жерлердегі аға ұрпақ).

Қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдаят мынадай әлеуметтік тілтанымдық шамалар бойынша сипатталады.

Біріншіден, Кеңестік кезеңнен қалыптасып қалған экзоглосстық тілдік жағдаят эндоглоссияға қарай ойысып келеді. Яғни елдегі қазақ тілі мен орыс тілінің арасындағы қатынас өзгерді: қазақ тілінде сөйлейтіндердің саны артты және болашақта да көбею үрдісімен ерекшеленеді. Қазіргі Қазақстандағы түркітілдес диаспора өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі жылдан-жылға өсіп келеді. Ресми мәліметтер бойынша түркітілдес халықтардың ішінде өзбектердің 95,5%-ы, ұйғырлардың 93,7%-ы, қырғыздардың

92,7%-ы қазақ тілін сөйлеу тілі деңгейінде, ал 12%-ы қазақша оқып, жаза алатын жоғары деңгейде меңгергені анықталып отыр. Славян диаспорасы ішінде орыстардың 25%-ы, украиндардың 21,05%-ы, белорустардың 19%-ы, поляктардың 20,9%-ы, сондай-ақ неміс диаспорасының 24%-ы ауызекі қазақ тілін түсінеді. Аталған диаспоралар ішінде қазақша оқып, жаза білетіндер үлесі – 2,9%-ды құрайды. Бұл үдерісті дұрыс арнаға бұрып, тіл саясатын іске асыру мемлекеттік бағдарламалары арқылы диаспора арасындағы қазақ тілінің дамуына әрі қарай жағдай жасалатын болса, мемлекеттік тілде сөйлейтіндердің қатары 2 746 755 адамға толығатын еді [2, 10]. Көрсетілген сандық өзгерістер мемлекеттік тіл қолданысының сапасын жақсартуды талап етеді.

Екіншіден, мемлекеттік тілдің демографиялық базасының күшеюі қоғамдық санадағы сапалық өзгерістерді тудырды. Бұған дейін орыс тілі басымдық танытқан этносаралық коммуникация мен ресми қарым-қатынас саласында да мемлекеттік тілдің қолданысын талап ету күннен-күнге күшейіп келеді. Мұны әртүрлі этнос өкілдері тарапынан да мемлекеттік тіл бойынша құқықтарын бұзбауды талап ету фактілерінің артуынан көруге болады.

Статустық жоспарлауда мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту, нормативтік базасын күшейту бойынша бірқатар шаралар атқарылғанмен, бұл саладағы бүгінгі күнгі өзекті мәселе – мемлекеттік тіл туралы заңның қажеттілігі. 1989 жылы «Тіл туралы» заң қабылданды. КСРО құрамынан шыққан басқа елдердің көбі мемлекеттік тілдің мәселесін 2000 жылға дейін шешіп болды: Әзербайжан, Өзбекстан, Латвия, Литва, Эстония, Молдова, Армения, Грузияда заңнамалық түрде тек мемлекеттік тілдің мәртебесі бекітілген. Қазақстанда орыс тілі мемлекеттік тілмен қатар ресми қатынаста қолданылатын тіл ретінде Конституцияда бекітілгендіктен¹, әлі күнге дейін қазақ тілінің мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Әсіресе мемлекеттік қызметшілер, заңның әлсіздігін пайдалана отырып, мемлекеттік тілді өз деңгейінде қолданбайтыны белгілі жайт. Қазақ тіліне деген қажеттіліктің, мықты тілдік ортаның тиісті деңгейде жасалмағаны туралы мәселені диаспора өкілдері де көтеріп отыр. Бұл азаматтардың мемлекеттік тілде еңбек ету, білім беру қызметтерін тұтыну, әртүрлі ақпарат алу құқықтарына қайшы келеді. Демек бүгінгі күні мемлекеттік тілге қатысты заңнамалық базада либералды тәсілдерден инструменталды тәсілге көшу барша қазақстандық қоғамның сұранысынан туындап отырған кезек күттірмейтін мәселе. Тіл саясатында жүзеге асырылатын тілдің статустық жоспарлануы үшін инструменталды тәсілдерді қолданатын Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау аса маңызды. Сондықтан тез арада осы заңды қабылдаудың шаралары енгізілуі керек.

Ана тілі ретіндегі қазақ тілінің қазіргі қолданушы жастар арасында тілтанушы мамандар жаһандық кейбір теріс үрдіс салдарынан кітап оқу мәдениеті, өз ойын ауызша сауатты жеткізу, тілдің лексика-фразеологиялық қабатындағы бейнелі сөзқолданыстарды, этномаркерлі лексикалық қорды білу, қолдану қабілеті төмендегені туралы дабыл қағып отыр [3]. Қазақ тілін жаңғырту тек тіл саясаты арқылы жоғарыдан ғана жүрмейді, тілді жаңғырту халықтың сөзшығармашылығының нәтижесінде де жүзеге асады. Сондықтан қазақ тілінің өміршеңдігі үшін жас ұрпақтың тілдік құзыреттіліктерін оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім – барлық коммуникативтік әрекетте бірдей жоғары деңгейде дамыту аса қажет. Осыған байланысты қазақ тілі ғылыми және пәндік курсының мазмұнын орфоэпия, фразеология, стилистика, тіл мен сөз мәдениеті бойынша жаңа білімдер жүйесімен байыту керек. Сонымен бірге осы Тұжырымдамада анықталған тіл өміршеңдігінің барлық параметрлерін жақсарту жұмыстарын кешенді жүзеге асырғанда ғана жастардың мемлекеттік тілдегі құзіреттілігін қалыптастыруға қолайлы жағдай жасалады.

¹ Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп белгіленген.



Елімізде орыс-қазақ қостілділігі басым. Бұдан кейінгі орында қазақ-орыс және этностық-орыс қостілділігі (өзге ұлт өкілдерінде) мен қазақ-ағылшын, орыс-ағылшын қостілділігі таралып отыр. Қостілділіктер мынадай ерекшеліктерге ие: біріншіден, аралас сипат алған, яғни екі тілдің элементтері бір сөйлеу актісінде қолданылады, сөйлемде екі тілдің де бірліктері араласып жүреді; екіншіден, әртүрлі коммуникативтік жағдаятта толықтай бір тілде таза сөйлейтін үйлесімді <лат. от лат. coordinatio> және бір тіл басым болып табылатын субординативті қостілділіктер аз таралған, мұндай қостілді тұлға санасында екі тіл автономды түрде орнығады, үшіншіден, Қазақстандағы қостілділік кеңестік кезеңнен бері алмастырымды сипатта дамып келеді, мұндай қостілділікте тұлға бір тілді үйрену барысында бірінші тілдегі құзіреттіліктерін жоғалта бастайды. Мұның қарма-қарсы түрі – қосымша қостілділікте, керісінше, екінші тілді үйренген қостілді тұлға бірінші тілдегі құзіреттіліктерін жоғалтпайды [4].

Қазақ тіліндегі ғылыми ақпарат көлемі мен сапасының артуы ұлттық сананы нығайтады. Бұл үшін ғылыми айналымдағы мәтіндер ұлттық тілде әзірленіп, ғылыми ортадағы коммуникация ұлттық тілде жүзеге асырылып отыруы керек.

2010 жылдан бастап ғылыми қызметке жауапты ресми органдар ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауына қатысу өтінімдері мен ғылыми есеп мәтіндерінің бір данасын «мемлекеттік немесе орыс тілдерінде», екінші данасын ағылшын тілінде әзірлеуді талап етеді [5]. Бұлай болмаған жағдайда өтінім не есеп қабылданбайды. Әсіресе жаратылыстану-техникалық ғылым салалары бойынша өтінім мен есептер орыс және ағылшын тілдерінде әзірленеді. Ағылшын тілін міндеттеу талабы Қазақстан Республикасының ешбір нормативтік-құқықтық құжатында белгіленбеген. Керісінше, заңмен регламенттелген мемлекеттік тілде талап ету әлсіз. Жағдайдың бұлай қала беруі ғылыми дискурстағы ұлттық тіл позициясының мүлде әлсіреуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан мемлекеттік тілдің ғылымдағы қолданысын кеңейтуге, жақсартуға арналған нормативтік-құқықтық саладағы өзгерістер мен нақты шаралар жүзеге асырылуы тиіс

Әлеуметтік зерттеулер ресми қатынастағы ауызша коммуникацияда мемлекеттік тілдің шектеліп, өз құқықтық-нормативтік негізінде қолданылмайтын жайттардың көптігін көрсетеді. Бұл әкімшіліктер мен мемлекеттік басқару орындарында респонденттердің небәрі 7,9% «қазақ тілін», ал 27,4% «көбіне қазақ тілін қолданамын» деген жауаптарынан байқалады. Ал сауалнамаға қатысқандардың 75%-дан астамы мемлекеттік тілді жетік меңгергенін ескерсе [6], басқару саласындағы қазақ тілінің деңгейі әлі төмен екені анық.

Электоратының санын көбейтуге, оның өздеріне деген оң көзқарасын қалыптастыруға мүдделі саяси деңдарлар қоғаммен мемлекеттік тілде коммуникацияға түсуі керек. Олай болмаған жағдайда саяси элитаның өз электораты сенімінен айырылу қаупі жоғары.

Ақпараттық технологияларда «Google Translate» және «Yandex Переводчик» аударма қызметіне енгізілуі арқылы қазақ тілі әлемдік онлайн платформалардың негізгі тілдері қатарына қосылды. Wikipedia онлайн-энциклопедиясында қазақ тіліндегі сегмент мәтіндерінің саны 200 000 мақаладан асты. Microsoft компаниясының өнімдері MS Office, Windows қазақшаландырылды. «Қазақстанның Интернет Қауымдастығының» мәліметі бойынша қазіргі уақытта Қазнетте қазақ тіліндегі сайттар саны қазақстандық сайттардың жалпы санының шамамен 12 %-ын құрайды. Вики платформасындағы басқа жобалар әзірге белсенді дамып жатқан жоқ, жасанды интеллект қазақ тілінде әлі де қолданылмайды. Мәтінді дауыстау, дауысты мәтінге түсіру технологиясына қазақ тілі қосылмады. Қазақтілді ақпаратты мәтін, дыбыс, бейне форматында жинақтау қолға алына бастады, дегенмен әзірге ұлттық дәрежеге жетпеді. Мемлекеттік қаражатқа дайындалып шығарылған кез келген медиа өнім (кітап, аудио не видео, анимация) интернет желіге тегін





жариялануы керек. Осы сияқты көптеген мәселелерді шешу үшін «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін тіл саясатының мемлекеттік бағдарламаларымен үйлестіру аса қажет [7], себебі қазақ тілі цифрлы форматқа көшпейінше Қазақстанды цифрландыру қиын. Ең алдымен тілтанушылар мен IT-бағдарламашылардың тандемдік жұмысы негізінде жүзеге асырылатын мегажоба – Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеудің маңызы ерекше.

Ұлттық бизнестің дамуы халықтың заманауи экономикалық мәдениетіне негізделеді. Экономикалық мәдениет қоршаған дүниені экономикалық тұрғыдан игеру (оның экономикалық құнын анықтау) арқылы қалыптасады. Ұлттық тарихи үдеріс барысында әрбір этникалық және діни бірегейлік иелмендері шаруашылық жүргізудің түрлі тәсілін жасады, жүзеге асырып отырды. Осы себепті православиелік, конфуцийлік, протестанттық, католиктік т.б. діни дәстүрлерге негізделген қытайлық, ресейлік, ағылшындық, италиялық экономикалық мәдениеттер ажыратылады. Сондықтан Қазақстанға да экономикалық мәдениеттің өзіндік ұлттық моделін қалыптастыру керек. Ұлттық тілге табан тіреген экономика ғана бұған негіз болады. Экономикалық ақпарат контентін қазақ тілінде жасап, сапасын жетілдіру ұлттық кәсіпкерлікті қалыптастырып, дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Бұл ауылдық өңірдегі өзін-өзі жұмыспен қамтып жүрген халықты кәсіпкерлік ортаға тартуға, ауылдағы кәсіпкерлік бастамаларды арттыруға септігін тигізеді. Сонымен, ұлттық болмыстағы шағын және орта бизнестің дамуына серпін беріліп, ұлттық бизнес таптың қалыптасуына мүмкіндік тудырады.

Мәселен, «Өнімді түрде жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын» іске асыру аясында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Bastau Бизнес» оқыту бағдарламасы жобасы бойынша Қазақстанның барлық өңірінде, соның ішінде ауылдарда өз ісін ашам деуші қауымға бизнес-тренингілер өткізілді. «Бастау-Бизнес» жобасы жанындағы Талдау орталығы осы тренингілер тәжірибесінде халықтың лингвистикалық құзыреттілігіне байланысты мынадай мәселелерді анықтады:

- тренингіге келген ауыл халқы көбінесе жаттықтырушыдан қайталап сұрауға ұялады, бұл, бір жағынан, сауатсыз деп бағалаудан қорықандықтан болса, екінші жағынан, мемлекеттік тілде бизнес негіздері бойынша қарапайым білім жүйесі мен экономикалық мәдениет қалыптастыратын оқыту, ақпараттық алаңдардың жоқтығы, сол себепті коммуникативтік дағдылардың жетілмегенін байқатады;

- халықтың функционалдық сауаттылығының деңгейі, оның ішінде тілдік біліктілік құзыреттері әлі де төмен;

- Қазақстан аумағында бизнес жүргізу, оны заңгерлік сүйемелдеу, қаржылық сауаттылық және басқа да мәселелер бойынша білім жүйесінің болмауы. Мұның басты себебі қазақтілді экономикалық, бизнес және қаржы жөніндегі ақпарат саны мен сапасының төмендігінде жатыр. Орта және ірі бизнес саласындағы менеджментті оқытуға арналған құралдар негізінен орыс тілінде дайындалғандықтан және мемлекеттік тілге сапасыз аударылғандықтан, қазақтілді аудиторияның қабылдауына жарамсыз;

- шет тіліндегі терминдердің көптігіне байланысты жаңа экономикалық ақпаратты түсіну қиындық тудырады;

- тренерлердің, спикерлердің тілдік (мемлекеттік тілде) құзыреттерінің деңгейі төмен [8]. Аталған проблемаларды шешу үшін «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп әзірленуге тиіс экономика, бизнес саласындағы мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейтуге бағытталған жүйелі шаралар тіл саясатына қатысты бағдарламаларда кеңінен көрініс табуы тиіс.





Біздің жүйелеуімізше, шешімдер төменде көрсетілген бағыттар бойынша атқарылатын шаралар желісі негізінде жүзеге асырылуы тиіс деп санаймыз.

I Латынграфикалы жаңа әліпби негізінде қазақ тілін жаңғырту <ағыл. modernization> бағыты бойынша:

- қазақ тілін жаңғыртудың құқықтық-нормативтік негіздерін жасау: мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау;

- қазақ тілінің ұлттық корпусын (ҚТҰК) әзірлеу және үздіксіз жетілдіріп отыру. Қазақ тілінің ұлттық корпусы – метаабелгіленім мен грамматикалық белгіленімі бар, омонимдерді ажырата білетін, кең ауқымдағы пайдаланушылардың тілтанымдық білімдерге деген алуан түрлі қажеттілігін қамтамасыз ететін, соған сәйкес үнемі толықтырылып, кеңейтіліп, байытылып отыратын, теңгерімделген және көлемі ауқымды мәтіндер базасын қамтитын, ғылыми және техникалық жағынан жетілдіріп отыруды қажет ететін терең аннотацияланған инновациялық-ақпараттық ашық жүйе; әр кезеңдегі тілтанушы-лексикограф ғалымдардың көп жылғы еңбектерінің нәтижесінде жазылған сөздіктер мен грамматикалардың барлық мүмкіндіктерінен асып түсетін, теңдесі жоқ анықтамалық құрал: корпус сұранысқа сәйкес бірнеше секундтың ішінде тілге қатысты статистикалық көрсеткіштер қоса қамтылған жан-жақты ақпараттар ауқымын береді [9], лингвистикалық зерттеулердің эмпирикалық базасын кеңейтіп, тілдік материалға негізделген дәйек-дәлелдерін байытады, қазақ тіліндегі жекелеген тілдік құбылыс, олардың қолданыс аясы туралы нақты мәліметтер алуға мүмкіндік береді және әрбір ғаламтор желісін пайдаланушыға қолжетімді болып табылады. Сондықтан оны дер кезінде жасау ұлттық мәдениетті дамытуға және ұлттық-мемлекеттік бірегейлікті нығайтуға да септігін тигізеді. Осы Бағдарлама аясында ҚТҰК-ның ауқымын 100 млн сөзқолданыстан тұратын мәтіндік база деңгейіне жеткізу керек. Корпус ашық, үнемі тоғып отыратын жүйе болғандықтан, алдағы тоғыз жылда оның мәтіндік базасын 300 млн сөзқоланыс көлеміне жеткізу көзделуі тиіс;

- жаңа әліпби мен емле ережелері негізіндегі қазақ тілінің ортологиялық кодификациясы;

- қазақ тілінің салалық терминжүйесін жетілдіру, біріздендіру және жаңа әліпби негізінде кодификациялау;

- латынграфикалы әліпби негізінде ономастикалық кеңістікті реттеу және кодификациялау;

- визуалды ақпарат тілдік құралдарының жаңа әліпбидегі ортологиясы.

II Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, мәдениетін арттыру бағыты бойынша:

- қазақ тілінің білім беру саласындағы қызметін кеңейту, қолданыс мәдениетін арттыру;

- филологиялық білім беруді жаңғырту;

- мектепке дейінгі және жалпы білім беру жүйесінде үштілді білім саясатын реттеу;

- қазақ тілінің ғылым саласындағы қызметін кеңейту, қолданыс мәдениетін арттыру;

- мемлекеттік ұйымдардағы қазақ тілін білу деңгейін арттыру және оны бағалау жүйесін жетілдіру;

- мемлекеттік емес ұйымдардағы қазақ тілінің қызметін реттеу;

- қазақ тілінің ақпараттандыру және байланыс саласындағы қолданысын жетілдіру;

- қазақ тілінің мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласындағы қызметін реттеу.

III Мемлекеттік тілдің қоғамдық беделін арттыру және насихаттау бағыты бойынша:





- тілді «жұмсақ күш» <ағыл. soft power> ресурсы ретінде пайдаланудың тетіктерін жасау және оларды қазақ тілінің отандық және халықаралық кеңістіктегі беделін арттыруда қолдану шараларын іске асыру [бұл туралы:10];

- қазақ тілінің халықаралық қатынас тілі ретіндегі қызметін жүзеге асыру;
- жазу мәдениеті жоғары тұлғаның беделді бейнесін қалыптастыру;
- қазақ тілін насихаттайтын азаматтық бастамаларға қолдау көрсету;
- «Абай институты» атты қазақ тілінде ашық білім беру бағдарламасын іске қосу.

IV Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту бағыты бойынша:

- қазақ-ағылшын қостілділігін дамыту;
- орыс-қазақ қостілділігін дамыту;
- қазақ-ағылшын-өзге этнос тілі үштілділігін дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Словарь социолингвистических терминов. Жауапты редактор М.Ю.Михальченко, Москва, 2006 – 312 б.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті // Бүгінгі Қазақстан. Қазақ тіліндегі қысқаша анықтамалығы. Астана 2017 жыл.
3. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы ұлттық баяндама (Қазақстан тәуелсіздігінің жылдарында) / Қоғамдық пікір зерттеу институты ақпараттық-талдау орталығы 2017 ж. <http://iac.kz/kk/analytics>
4. Ахметжанова З. Витальность казахского языка как проблема языкознания и языковой политики // Вестник ПГУ, №1, 2010.
5. Ақпарат Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің ресми сайтынан алынды.
6. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту комитеті «Сана» тәуелсіз ақпараттық талдау орталығы. «Қазақстан Республикасының тілдік саясаты сұрақтары бойынша социологиялық сараптамалық зерттеу», Астана, 2018 ж.
7. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>.
8. Проект «Bastau Бизнес» набирает обороты // <http://atameken.kz/ru/projects/25800-bastau-biznes-zhobasyn-oryndau-zholynda>.
9. А.Фазылжанова. Ценности и идеалы независимого Казахстана. Социокультурное значение национального корпуса казахского языка. Основные факторы формирования национального корпуса казахского языка. –Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015.
10. Сулейменова Э.Д. Язык как ресурс мягкой силы. Алматы: «Қазақ университеті», 2018.



ӘЛІПБИДЕ ЛАТЫННЫҢ БАРЛЫҚ ӘРІПТЕРІН ПАЙДАЛАНУ МІНДЕТ ПЕ?...

Құралай Күдерина

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, ф.э.д., профессор*

Латынның 26 таңбасымен ғана әліпби жасаудың мүмкін еместігін роман-герман тілдерінің өзі – ағылшын, француз, неміс әліпбилері көрсетті. Латын әліпбиінің 26 әрпін толық қолданып, ағылшын әліпбиінен басқасы қосымша диакритикалық таңбалар алды. Ағылшын графикасы (әліпбиі емес) қосар таңбалар пайдаланды. Жазба тілі мен ауызша тілінің арасында айырмашылық үлкен, жазба тілін меңгеру қиындық тудыратын, идеографиялық жазуға айналып бара жатқан жазу болса да, бұл олардың ұлттық ерекшелігіне айналды.

Француз әліпбиі тілдегі 36 фонеманы таңбалау үшін 26 латын әрпінің үстіне est, et, ai, ei, eu, au, oeu, am, on, em, en, in, aux, eou, ain, aim, ein, ien, oi, gn, ss, ph, ch, ill, il, т.б. әріптер тіркесін және â, ê, è, é, û, ô, ç, î, ï диакритикалық таңбалары бар әріптерді қосымша пайдаланды.

Неміс тілінде фонема саны 39, әріп – 26. Сондықтан әліпбиде жоқ, бірақ жазба тілінде пайдаланатын ß <с>, ä <э>, ö <ө>, ü <ү> таңбалары және sch<ш>, ch<х>, ng<ң>, ck<к> әріп тіркестері, ch<х>, ei <ай>, eu<ой>, eh<ей>, ig<их>, gu<кв>, ie<й> маркерлі әріп таңбалары tsch<ч>, tz<ц>, ph<ф>, sh<ж> сияқты шеттілдік сөздерді жазатын таңбалары және бар.

Яғни латын әліпбиін қабылдаған ағылшын, француз, неміс, норвег, дат, португал, румын, чех тілдері 26 әріптің үстіне қосар әріп те, диакритикалық әріп те алған, ал итальян, поляк, финн, венгр, түрік жазулары 26 әріпті толық алмай, оның орнына қосарлап, не диакритикалап графика жасаған, ең бастысы өздерінің тілін бейнелеген ұлттық жазулар. Яғни «Латынның 26 таңбасымен әліпби жасау мүмкін бе?» деген сұраққа мүмкін емес деген нақты жауап аламыз. Жалпы, ашық әліпби болсын, жабық әліпби болсын, белгілі бір әліпбиде пайдаланылғанда ұшталып, жетілдіріліп қолданылады. Мысалы, ашық жазу жүйесінің бірі – араб әліпбиін қабылдаған парсы жазуында (IV-V ғ.) 32 әріптің 29-ы дауыссызды, 3-і дауыстыны таңбалайды. Араб әліпбиінің үстіне парсы тілінің өзіне тән 4 фонемасына (хойе, иэ, вав, гэф) қосымша әріп берілген. а, у, и дауыстысынан басқа е, ә, ө фонемалары қарақаттар арқылы таңбаланған.

Жабық жазу түрлерінің ішінде корей әліпбиінде (1443ж.) 41 әріп бар. 41 әріптің 10-ы (а, я, о (еріндік), е (еріндік), о, е (езулік), у, ю, ы, и) дауысты фонеманы, 12-сі дифтонгоид дауыстыны (э, е, ие, ие, оа, уе, уе, ои, уо, уе, уи, ьи), 11-і дауыссыз фонеманы (к, н, т, р, м, п, с, ң, ж, ч, х), 8-і дауыссыз дифтонгоидты (кхы, тхы, пхы, кк, тт, пп, сс, джж) таңбалайды. Бір әріп екі фонеманы (мысалы, бір әріппен к-г, т-д, л-р, п-б дыбыстары таңбаланады) да бере береді. XVғ. дейін қытай иероглифін пайдаланғандықтан көне әдеби тілдегі сөздерді иероглифпен де жазды.

Б.э.д. VIғ. қытай иероглифтерінің негізінде жасалған жапон жазуында екі әліпби түрі бар: хирагана және катакана. Катакана алфавиті тек шеттілдік сөздер мен шеттілдік кісі есімдерімен жер-су аттауларын жазу үшін пайдаланылады. Жапон жазуы буын жазумен иероглиф жазу бірге қолданылатын аралас жазу типіне жатады. Әліпбиде 5 дауысты (а, и, у, э, о) дауыссыздармен (к, с, т, н, б, һ, м, й, р, в, ң, п) буын құрайтын 51 әріп бар, мысалы,



ка, ки, ку, кэ, ко, са, ши, су, сэ, со т.б. буындарының жеке-жеке таңбалары болады. Сонда төрт буыннан, 8 фонемадан тұратын хирагана сөзін 4 таңбамен береді.

Бұл мысалдар «Қосымша таңба алмай шығу мүмкін бе?» деген сұраққа мүмкін емес деген жауап айтады. Бірақ ашық әліпби түрі әріп саны фонема санынан әлдеқайда кем, жазу-оқу процесі біршама қиындық тудыратын, жазу экономиясы нашар әліпби берсе де, әр жазу тілдің қабырғасын сөкпей, «қиыннан қиыстырып» ұлттық жазуларын жасаған.

1929-1939 жж. әліпбиімізде латынның 26 таңбасын тұтас пайдаланбадық, мақсатсыз қолданбадық, қызметсіз жұмсамадық. Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарының таңбасы латынның ұқсас дыбыстарының әрпінен шығарылды: 1) ә әрпі е жінішке дауыстысының төңкерілген таңбасы, 2) ө таңбасы о әрпінің белі сызылған түрі, 3) оҕ (ғ) ұяң дыбысын қатаң қ (қ) әрпін өзгертіп бердік; 4) ы дыбысын і әрпінің жазба түрін өзгертіп (ь) таңбаладық, 5) ш дыбысын с әрпімен бердік, 6) ш дыбысының ұяң варианты ж дыбысына с әрпін өзгертіп бердік (с), 7) ң дыбысын п әрпіне ұқсатып, ң-мен таңбаладық. Ұқсас дыбыстар ұқсас әріптермен таңбаланғаны оқытуда, сауат ашуда оңай болған, әліппені тез үйренген, ал оқуда тез танылған, жазуда қолды үзбей жазуға көмектескен. Тек ұ→и, ү→у, у→v еріндік дыбыстарының таңбасы әртүрлі болды.

1929 ж. жазу ықшам, оңтайлы, жеңіл жазу болған. Ал бұл шындығында, Байтұрсынұлының жетілген, «үлгі әліпбиінің» жалғасы еді!

Бұл 1940 жылы орыс әліпбиіне көшкенде де үлгі болды: қ дыбысы к әрпінің аяқ салынған түрі, ғ дыбысы г әрпінің белі сызылған түрі, ң дыбысы н әрпінің аяқ салынған түрімен бейнеленіп, ө мен ә дыбыстары латындағы түрін сақтады, ұ мен ү дыбысы еріндік у дыбысының таңбасынан шығарылды, тек ы мен і дыбыстарының таңбасы ұқсамады.

Қазақ жазуы қашан да бір дыбысқа бір әріп арнаған, ортақ түркі әліпбиінің шарттарын сақтаған әліпби түрлерімен жазған. 1929 жылғы латын әліпбиін де, 1940 жылғы кирил әліпбиінде де ортақ келісілген таңбалардан өзгені пайдаланбаған. Қыпшақ тілдері тобындағы ноғай жазуы сияқты ә дыбысын аь, қ дыбысын къ, ң дыбысын нь, ө дыбысын оь, ұ дыбысын уь, ғ дыбысын гь әрпімен беріп жазуын ұзартпаған. Немесе қарашай жазуындай гь (ғ), къ (қ), нг (ң) қосар әріптермен қатар, орыс тілінің таңбаларымен төл дауыстыларды беріп, шатастырмаған: е (ө), ю (ү), и (і).

Ал «Әліпбиде латынның барлық әріптерін пайдалану міндет пе?» дегенге әр әліпби әртүрлі жауап көрсеткен. Ол әсіресе w, с, х әріптеріне қатысты. W әрпі ағылшын әліпбиінде дауыссыз [y] дыбысын береді, бірақ сондай-ақ, дауыстыларды беретін қосар таңбалардың ішінде қолданылады. Кез келген дауыстының алдында [y] болып оқылады, мысалы, west, winner, г әрпімен бірге сөз басында келсе, оқылмайды, мысалы wrong, write, ал aw, ew, ow диграфының құрамында «дыбысы өшеді», h әрпімен диграф құрса, бірде [y] болып оқылады, бірде тағы «үні өшеді». Ол латынның түпнұсқа әліпбиіндегі и әрпімен жарысып та қолданылған, мысалы, flour/flower, guard/ward и suede/Swede.. Бірақ мағынасы басқа сөздер жасалған. Яғни и әрпінің беретін дыбысына ұқсас болғандықтан, бұл әріптің қызметі кейде артықтық еткен. Ендеше қазақ әліпбиінде де и әрпімен бірге жарыстырмай, w әрпін алудың қажеті жоқ.

Сол сияқты с, х әріптерінің де басы артық болайын деп тұр. Әліпбиге бір [y] дыбысын белгілейтін w\и, [c] дыбысын таңбалайтын c\с, [h] дыбысын таңбалайтын h\х әріптерін жинасақ, «жоқ жерден» проблема табамыз. Бүгінгі кирил жазуының өзінде қ, һ және х әріптерінің қайсысын таңдарымызды білмей отыратынымызды еске алайық. Халі ме, қалі ме, хош па, қош па, Гаухар ма, Гауһар ма еді, жихангер ме, жиһангер ме, дастархан ба, дастарқан ба, рахмет пе, рақмет пе?





Ал әліпбиге С әрпін алсақ, ол қай дыбысты таңбаламақ? С дыбысын таңбалай ма? Әлде ц дыбысын таңбалай ма? Кирил жазуындағы ц дыбысын латын жазуына неге «ертiп кiремиз?» Алсақ, осы кезге дейiн тiлiмiзге орыс тiлi арқылы енiп кеткен термин сөздердi жазу үшiн ғана аламыз. Керек қылсақ, қазiргi кирил санамен ойлайтын өзiмiздi ғана ойлап, керек қыламыз. Ал одан кейiн бұл әрiптiң қызметi әлсiрейдi. Болашақта роман-герман тiлдерiнен осы с әрпi бар жаңа сөз алатын кезде бiзде S және C әрпiмен жазу жарыспалығы болады. Себебi ол кезде бiздiң ұрпақтың санасынан екiншi шет тiлi болатын – орыс тiлiнiң Ц әрпi кетедi.

Ендеше «Әлiпбиде латынның барлық әрiптерiн пайдалану мiндет пе?» деген сауалға мiндет емес деп жауап беремiз.

Күдеринаова Қ. «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» - Алматы, 2013.

- 1) Шығармалар мен естелiктер / Жұбанов, Құдайберген, - Алматы : Өнер, 1990 . - 208 б.
- 2) С.Аманжолов Социалистiк Қазақстан 1933ж
- 3) Қазiргi қазақ тiлi. – Алматы: Ғылым академиясының баспасы. 1954. - 60 б
- 4) М.Балақаев. Қазақ тiлiнiң мәдениетi.- Алматы: «Қазақстан», 1971. - 22 б.

ӘРШҮСТІ ДИАКРИТИКАЛЫҚ ТАҢБАЛАР. ҚАЙСЫСЫН ТАҢДАҒАН ЖӨН?

Алмагүл Хабиева

А.Байтұрсынұлы атындағы

*Тіл білімі институтының жетекші
ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*

Әрiп танып, оқып-жаза алатын кез келген адамға тiкелей қатысы бар шара – қазақ әлiпбиiн латын графикасына көшiру бастамасы қоғам арасында жоғары белсендiлiк тудырды. Мамандар мен қалың әлеумет тарапынан түскен түрлi пiкiрлер ескерусiз қалмай, маңызды саяси-әлеуметтiк, тiлтанымдық шешiмдердiң қабылдануына септiгiн тигiздi. Осы ретте ҚР Президентi Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа әлiпбидi жетiлдiру тапсырмасына сәйкес екiұшты оқылатын әрiптер тұрқын өзгерту (и, i дыбыстарының бас әрiптерi; ш дыбысының sh таңбасы) мен басы артық ч дыбысының ch таңбасын мүлдем алып тастау қажеттiлiгi туралы мамандар ұсынысын қолдай келе, төл дыбыстарымызды белгiлейтiн диакритикалық таңбаларға да назар аудартқымыз келедi.

Диакритикалық таңбалар әрiптiң үстiнде, астында не өн бойында орналасып, дыбыстардың созылыңқылы-қысқалығы, жiнiшкелiгi, әуездiлiгi, ұзақтығы, екпiн күшi сияқты басқа да фонетикалық мәндерiн ерекшелеумен қатар, таза орфографиялық мақсатта, жаңа әрiп жасауда қолданылатыны белгiлi. Көпшiлiкке «диакритикалық таңба», «макрон», «бревис», «седиль», «умлаут», «акут» сияқты тiлтанымдық терминдердiң өзi, олардың мән-мағынасы бейтаныс болғанымен, бұл белгiлердiң графикалық бейнесi таныс. Осы таңбалар кеңiнен көрiнiс тапқан немиc, француз, венгер, түрiк, әзербайжан, өзбек сияқты тағы басқа латынграфикалы әлiпбиi бар тiлдердi есепке алмағанда, қазiргi кирилграфикалы жазуымыздағы «й», «ғ», «ө», «ұ», «i», «к», «ң», «щ» әрiптерi мен әзiрге аудармасы жоқ «дирижёр», «монтёр», «режиссёр» тәрiздi сөздерде кездесетiн «ё» әрпi осы диакритикалық таңбалар арқылы жасалғанын көремиз.





Бұл жерде әріпүсті «акут» белгісі мен «умлаут» таңбасына тоқталғымыз келеді. Бұған, біріншіден, бүгінгі күнге дейін ұсынылған көптеген жобалар ішінде осы диакритикалық таңбалардың кеңінен кездесуі себеп болса, екіншіден, қазақстандық ақпарат кеңістігінде танымалдық танытқан әліпби жобаларының тиімді/тиімсіз, қолайлы/қолайсыз тұстарын анықтау мақсатында 2015-ші және 2017-ші жылдары А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жүргізілген (тәжірибелік зерттеулер жетекшісі – филол.ғ.к. А.М.Фазылжанова) сынамалар нәтижесі түрткі болып отыр.

Face-to-Face әдісі бойынша 2015 жылы өткізілген сынамаға қоғамдық-әлеуметтік мәртебесі бойынша жазу-сызумен айналысатын жас мөлшері 20-40 аралығындағы сарапшылар қатысса, Google Forms платформасын пайдалану арқылы онлайн түрінде жүргізілген 2017 жылғы сынамаға қызығушылық танытқан кез келген адам қатыса алды (сауалнамаға сілтемелер Facebook, vk.com әлеуметтік желілері мен Whatsapp, Telegram мессенджерлерінде таратылды). Сарапшыларға диграф (ae, oe), умлаут (ä, ö), апостроф (a', o') таңбаларына негізделген үш түрлі әліпби жобалары мен соған сәйкес оқу-жазу тапсырмалары берілген болатын. Оқуға, жазуға, жалпы қабылдауға икемді әліпби нұсқасын еркін түрде таңдауға негізделген сауалнамалар нәтижесі (статистикалық және тілтанымдық талдаулар көрсеткіші) умлаут (ä, ö) белгілері қамтылған жобаның артықшылығы мен көпшілік тарапынан қаланатынын көрсетті (мысалы, 2017 жылғы сынамаға қатысқан 1702 адамның 1195-сі, яғни 70,2%-ы осы екінші жобаны таңдаған).

Сонымен қатар тағы бір ойландыратын жайт – таңбалардың қарапайым халық тұрғысынан визуалды қабылдануы, яғни әріптердің психографикалық бейнесі. Апострофты, одан кейін акутты әріптер таңбалары шыққанда, Facebook, vk.com әлеуметтік желілерінде «биттеп кеткен әліпби», «жылап тұрған әліпби», «жанбыр жауып тұрған әліпби» деген сияқты тағы да басқа жағымсыз сипаттамалар көрініс тапқан болатын. Бұл адамдардың алғашқы реакциясы, жаңа таңбаның туғызған ассоциативті бейнесі еді. Ал қазіргі кезде акутты әліпбиге деген адамдар көзқарасы өзгерді ме? Осыны анықтау керек сияқты. Себебі болашақта тіл иелмендерінің өмірінде кеңінен орын алатын жаңа жазу жеңіл, жинақы, тек жағымды эмоция туғызатын таңбалардан тұру қажет.

Жаңа таңбаларды қоғам тарапынан қабылдау/қабылдамау мәселесімен тығыз байланысты тағы бір жайт – ол жаңа ұлттық әліпбиіміздің әлем тілдері, оның ішінде өзімізге жақын түркітілдес халықтар әліпбилерімен сабақтастығы, танымалдылығы, түркі дүниесімен рухани жақындасу мәселесі. Акут таңбалы әліпбиге тек қарақалпақ жазуы, ал умлаут таңбалы әліпбиге түрік, әзербайжан, түрікмен жазуларының негізделуі ойландыратын нәрсе тәрізді.

Қазіргі акут таңбалы әліпбиіміздің бір артықшылығы – қазақ тіліне тән ерекше дыбыстардың бәрін бір ғана таңба түрімен белгілеу десек, екінші жағынан, бұл оның кемшілігі деуге де болады. Дыбыстың дауысты-дауыссыздығына, жуан-жіңішкелігіне т.б. қарамай, бәрін бір диакритикалық таңбамен беру қарақалпақ тілінен басқа ешқандай тіл жазуында кездеспейді. Мәселен, тіліміздегі «ә», «ө», «ү» дыбыстарын умлаут таңбасымен ерекшелесе, ол, неміс, түрік, әзербайжан тілдеріндегідей, бұл дыбыстардың дауысты екенін, оның ішінде жіңішке дауысты дыбыс екенін аңғартып тұратын белгі болар еді. Бұл өз кезегінде қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренетін адамдар мен мектеп табалдырығын енді аттап, дыбыс-әріппен танысатын балалар үшін де бір көмек, тіл үйрену процесін жеңілдететін тетік болар еді деп ойлаймыз. Тіл үйренушілері, әсіресе бастауыш сынып балалары үшін акут белгісінің тағы бір кемші тұсы – бұл оның визуалды түрде екпін белгісімен бірдей болуы. Мысалы, «áńgimé», «ózén», «án» сөздеріндегі қазақ тілінің төл дыбыстарын ерекшелейтін белгі қайсы, сөз екпінін көрсетіп тұрған белгі қайсы? Кішкентай бала бұны қалай ажыратады?





Сөзімізді аяқтай келе айтарымыз, бұл мақаланың мақсаты – бір әліпби нұсқасын мақтап, екінші бір әліпби нұсқасын дағдау емес, ой салу. Еліміз жаңа ұлттық әліпби қабылдар алдында мамандардың, тиісті құзырлы мекемелердің назары әліпби құрамымен қатар, әріптер тұрқына, оның графикалық бейнесіне де ауса екен деген ниет. Себебі әр диакритикалық таңбаның өз алдына прагматикалық, психологиялық, педагогикалық, тілтанымдық, техникалық, типографиялық белгі-ерекшеліктері бар. Ұлттық әліпбиіміздің көзшалым мен қолшалымға жеңіл, мәтінді түсінуге, теруге оңтайлы болуы осы әріпүсті, әріпасты белгілерге де байланысты болары анық.

ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ЖАҢА ӘЛІПБИДЕ ӘРІПТЕРДІҢ КӨРКЕМ ЖАЗУ ТҮРІ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАУЫ ТИІС

Айнұр Сейітбекова

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Тіл тарихы бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.к.

Кирил әріптерін бір-бірімен байланыстырып көлбеу жазып-сызуға автоматты түрде дағдыланған бүгінгі кирилсанадағы жазарман жаңа графиканың көркем түрімен қаншалықты жылдам жазып-сызуға үйренеді?

Жаңа әліпбидегі латын әріптерін екі топқа бөлуге болады:

1. *гомогенді әріптер* (кирил мен латын әліпбилеріне өзара ортақ, ұқсас, біртекті әріптер: Аа, Ее, Оо, Кк, Мм, т.б.);

2. *гетерогенді әріптер* (кирил мен латын әліпбилеріне өзара ортақтығы жоқ, ұқсас емес, әртекті әріптер: Gg, Jj, Nn, Qq, Rr, Pp, Ll, Ff, т.б.).

Жаңа әліпбиді меңгерту тәжірибемізде екінші топтағы гетерогенді әріптерді көркем түрімен жазып-сызуда біршама психологиялық дискомфорт тудырды. 2018 жылы Елбасының Жарлығымен бекітілген әліпбиде көркем жазу түрі ұсынылмағандықтан, үйренушілердің екінші топтағы әріптердің көркем жазу түрімен әркім әртүрлі нұсқада жазып, нәтижесінде бірінің жазған мәтіндерін бірі оқып-тануда қиындық келтірген жағдайлар кездесіп жатты. Әсіресе, графемааралық интерференциялық құбылыстар кирилдегі Pp [ыр] мен латындағы Pp [пы] әріптерінің арасында болды. Жазудағы ала-құлалық J [жы] мен L [ыл], Q [қы] бас әріптерінде болды. Мәселен, жиілігі жағынан өте жоғары Q таңбасының имегін үйренушілердің бірі жолдың бойына қойса, бірі сызықтың астына белгілеген. Бір әріпті баспа түрімен жазса, бір әріпті көркем жазу түрімен өрнектеген. Осылайша үйренушілер әріптерді жазып-сызуда біршама уақыты мен қуатын жұмсады. Сондықтан үйренушілер әр әріптің көркем түрімен бірізді жазу үшін «Жаңа әліпбиде» көркем жазудың түрі ұсынылу керек еді. Осы ретте Әзербайжан елінің әзірлеген латын әліпбиі үлгі аларлықтай әліпби екенін айта кетуіміз қажет. Әзербайжан әліпбиінің бірінші бағаны баспа әріптеріне, екінші бағаны көркем жазу түріне арналған. Бұл кез келген үйренушінің жаңа әріптердің тек баспа түрін ғана емес, көркем жазу бейнесін де санасына бірте-бірте қалыптастырып, дағдыландыра беретінін көрсетеді.

2019 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Елбасының Жарлығымен бекітілген әліпбидегі баспа әріптерінің каллиграфиялық жазу үлгісін әзірлеу бойынша жұмыс тобының құрамын құрып, каллиграфиялық жазу үлгісінің жобасын әзірленген болатын. Жұмыс тобында әр әріптің көркем жазудағы негізгі және қосымша





Сонда қазіргі әліпби жобаларында ұсынылып жүрген /п/ әрпі 1929-1938 жылдардағы қазақтың латын әліпбиіндегі әрпімен сәйкес келеді деуге болады. Сонымен қатар латын әліпбилі түркі тілдес халықтардың ішінде түрікмен әліпбиінде /п, җ/ әрпі жазылады. /п, җ/ әрпі ағылшын-латын әліпбиінде жоқ болғанымен, кеңейтілген латын әрпінде бар және халықаралық фонетикалық әліпбиде тіл арты, мұрынжолды дыбысты береді. **Қж** тілінде /н/ әрпімен басталатын сөз жоқ екені белгілі. Осымен байланысты /н/ графемасының бас әрпін таңбаламасақ та болады деген пікірлер де бар. Алайда атауларды жазуда сөзді тұтас бас әріппен жазатын кезде /н/ әрпінің үлкейтілген шрифтісі қолданылады. Мысалы, ТАУ СҰҢҚАР медициналық орталығы, СҰҢҚАР тобы.

Қорыта келгенде, /н/ әрпінің /п, җ/ таңбасымен берілуі тарихи сабақтастықты қамтиды, халықаралық фонетикалық әліпбидегі дыбыстық сипатын сақтайды. Сонымен қатар тез жатталады, себебі қазіргі кирилдегі таңбасына жуықтайды. Қол үзбей келесі әріппен жалғастырып жазылатындықтан, жазуда оңтайлы болып келеді әрі қолдағдыны оңай қалыптастырады. Көзтанымды жеңілдетеді, себебі әріпүсті, әріпасты диакритикалық таңбалары жоқ.

ӘЛІПБИ ТҮЗУ ТАЛАПТАРЫ

Нәзира Әміржанова

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Тіл мәдениеті бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.к.*

А.Байтұрсынұлы Тіл білімі институты ғалымдары 20–25 жылдан бері «дұрыс әліпби» құрудың талаптарын зерттеп келеді. Сол талаптарға қоса «Ұлттық әліпби» түзудің негізгі талаптарын көрсеткіміз келеді. Оны тілтанымдық, графикалық, психологиялық, педагогикалық, техникалық деп бөлдік.

Тіл танымдық талаптар:

– Тілдің жалпы және ішкі заңдылықтары толық қамтылуы. Жалпы заңдылық типологиялық ерекшеліктерін ескерумен байланысты. Мысалы, қазақ тілінің жалғамалы тіл екені, оның тіл үндесім заңдылығы арқылы іске асатындығы жалпы заңдылық деңгейінде көрінсе, ішкі заңдылықтар қазақ тілінің фонетикалық, грамматологиялық, лексикалық, грамматикалық деңгейі арқылы бағамдалады;

– әліпби арқылы тіл көрініс табады. Сондықтан әліпбиді тілтанушы ғалымдардың, оның ішінде тілдің барлық жүйесін білетін мамандардың және грамматолог ғалымдардың пікірін ескере отырып жасаған абзал.

– орфография мен әліпби байланысты категориялар. Әліпби дұрыс құрылмаса орфографияға да өз әсерін тигізеді. Әліпби құруда әрбір әріптің қай әріппен қай позицияда тіркесетіні, мүмкіндігінше омограф тудырмайтындай болуы ескерілуі тиіс.

– әліпбилердегі әріптер тілдің табиғатын, құрылымын толық бейнелеуі және тілдің дыбыстық қорында жоқ дыбыстарға таңба арналмауы керек;

– бір-біріне жақын, өте ұқсас таңбаларды мүмкіндігінше алмау;

– вокализм, консанонтизм сияқты фонетикалық белгілерді адекваттық (барабар) мағынада қолдану. Яғни дауысты дыбыстың таңбасымен дауыссыз дыбысты, керісінше, дауссыз дыбыстың таңбасымен дауысты дыбысты белгілеуге болмайды;

– бір мағынада жұмсалатын көп әріпті таңбаларды алмау, яғни бір единица бір таңба болуы;





– дауысты және дауыссыз дыбыстардың таңбалары жазу түрлерінің ішкі жіктеліміне сәйкес келуі керек;

– мағына ажырататын әрбір тілдік бірлікке жеке-жеке әріп арналуы тиіс.

Себебі, мағына ажырататын тілдік бірлікке таңба арналмаса, уақыт өте келе дыбыстық тілден де шығуы мүмкін;

– бір әріппен екі түрлі мағына беретін дыбысты беруге болмайды;

– әліпби монобағытты принцип арқылы жасалуы тиіс;

– әліпбиге фонемограммалар алынуы тиіс, логограммалар мен фразеграммалар дыбыстық әріп түрінде алынбайды.

Графикалық талаптар:

– мәтін ішінде тез танылуы және көзшалымға қолайлы болу жағы ескерілуі тиіс;

– мағына ажырататын әр таңбаның өзіне тән белгілі бір ерекшелігі болуы;

– таңба қарапайым әрі оңтайлы болуы қажет;

– таңбалардың мәтінде үйлесімді болу жағы қарастыруы. Жиі кездесетін фонемалардың таңбалары қарапайым әрі жеңіл болу керек.

Психологиялық талаптар:

– әріпүсті, әріпасты диакретикалық белгілерді мүмкіндігінше шектеу;

– бір дыбысты екі немесе үш таңба арқылы, яғни лигатуралық тәсіл арқылы таңбаламау;

– әліпбидегі әріп жазарманның психобейнесіне сәйкес болуы керек.

Педагогикалық талаптар:

– әріптерді тану және жазу оңтайлы болуы керек;

– оқу мен жазудағы автоматизмді баяулатпауы тиіс;

– әліпби қолдағдыға ыңғайлы болуы керек;

– көзтанымға жеңіл болуы шарт;

– диграф, триграфтарды (sh, sch) мейлінше аз қолдану қажет.

Техникалық талаптар:

– әріптің пішіні бүтін болуы;

– әріптердің кескіні пернетақтаға дұрыс орналауы;

– юникод жүйесінде жиілігі жоғары таңба ретінде болуы;

– диакретикалық белгілерді шектелуі;

– экономикалық, өндірістік жағдайларға тиімді болуы көзделеді.

Қорыта айтқанда, әліпби түзу барысында осы талаптардың сақталуын қадағаласақ, ұлттық тілдің өміршеңдігіне жол ашылатыны сөзсіз. Көрсетілген әліпби талаптары «үздік» әліпбидің түзілуіне негіз болады.

ДИАКРИТИКАЛЫҚ ТАҢБАЛАРДЫҢ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Айсәуле Аманбаева

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Фонетика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.к.*

Қазіргі таңда қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру еліміз үшін маңызды да өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Өйткені жазу – білім алудың, сауаттылықтың негізгі көрсеткіші. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылдың ақпан айында ақутқа негізделген





әліпбиді бекіткендігі белгілі. Қазір осы әліпби бойынша жұмыстар атқарылып, тәжірибелер жасалып жатыр.

Қазіргі қолданыстағы әліпби нұсқасында қазақтың төл әріптеріне диакритикалық таңбалардан «акут» қойылған болатын. Жалпы диакритикалық таңба әріп үстіне немесе әріпасты қойылатын таңба. Диакритикалық таңба латын әліпбиін қолданатын елдердің көбінде бар.

Жалпы әлемдік тәжірибеде диакритикалық таңбаларды қоюдың өзіндік ерекшелігі, яғни мағынасы бар. Осы жайында ғалымдардың көбі айтып, жазып жүр. Мәселен қазіргі қолданыстағы акут таңбасы әлемдік тәжірибеде қандай сипат алатынын қарайтын болса, акуттың негізгі қызметі – екпін қою. Осы орайда орыс және швед тілдеріндегі акуттың негізгі қызметі сөздің мағынасын ажырату екен. Ал роман тілдерінде (француз, испан, итальян) ашық және қысаң дыбыстарды ажырату үшін, ал кей тілдерде дауыстылардың созылыңқылығын ажырату мақсатында қолданылады. Яғни акут таңбасын дауыстыларға қойғанда созылыңқы немесе екпін қою керек екенін, ал дауыссыздарға жіңішкерту немесе буын құрау үшін оларды созу қызметінде қолданылады. Алайда қазіргі тәжірибе жасалып жатқан әліпби жобасында дауыстыларға да, дауыссыздарға да акут белгісі қойылған. Яғни біздегі әліпби жобасында көбіне төл дыбыстарды таңбалау үшін акут белгісін пайдаланған.

Диакритикалық таңбалардың түрі көп. Алайда әлемдік әліпби жасау тәжірибесінде «седиль», «гравис», «акут», «макрон», «бревис», «анцепс», «умлаут (диерезис)» тәрізді диакритикалық таңбалар қолданылады және әрбірінің өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы «гравис» белгісі Шотланд тілінде созылыңқы дауыстыны береді, сондай-ақ француз, итальян, португал, македон тілдерінің әліпбиінде қолданылады. «Макрон» таңбасы дауыстының созылыңқылығын, «бревис» қысқалықты білдіреді, ал «анцепс» қысқалықты әрі созылыңқылықты білдіреді екен.

Қазіргі таңда тіл мамандары диакритикалық белгі қоюдың ерекшелігін зерттеу барысында «умлаут», «седиль», «макрон», «бревис» таңбасымен белгілеуді ұсынып отыр. Мәселен халықаралық әліпбиде макрон жуан дауыстыны (**Ūū**) белгілесе, ал умлаут жіңішкелікті (**Ää, Öö, Üü**) білдіреді. Сондай-ақ «бревис» таңбасы қысқалықты білдіргендіктен, **Œœ**-ға (**Œœ**) қойылған. Қазіргі диграфпен (**sh**) жазылатын **ш**-ны да «седиль» таңбасымен белгілеу (**Œœ**) ұсынылып отыр. Өйткені халықаралық тілдерде ызың дауыссыздар «седиль» таңбасымен белгіленген. Сондай-ақ жазуда әріпүсті белгілер мен әріпасты белгілерді араластырып қолдану жазудың көркемдігін арттырады. Осы орайда айтарымыз, диакритикалық таңбаны қою барысында оның өзіндік ерекшелігіне, тәжірибедегі қолданысына қараған жөн деген ойдамыз.



II ТАРАУ

ӘЛІПБИ ЖОБАСЫН ЖЕТІЛДІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ АПРОБАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖӘНЕ АШЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

«JAS OTAN» ЖАСТАР ҚАНАТЫ ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН 17 АЙМАҚТЫҢ БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТТЕРІ МЕН ЖАСОТАНДЫҚТАР АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қатысқандардың жалпы саны – 961 адам. Респонденттерге екі әліпби нұсқасы ұсынылды. Алғашқысы – бекітілген ақутты әліпбидің жетілдірілген, яғни **ū, ſ** таңбалары ұсынылып, **ı (й, и)** және **і** таңбаларының өзара орындары ауыстырылып, **ч** таңбасы алынып тасталған нұсқасы. Екіншісі – умлаутты нұсқасы, мұнда **э, ө, ү** таңбаларына жіңішкелік белгі, умлаут қойылған және **ғ** әрпіне бревис, **ш** әрпіне седиль, **ұ**-ға макрон диакритикасы ұсынылған.

Сауалнамадағы жалпы сұрақ саны – 15. Әліпби құрамына өзгеріс енгізуді қоғам болып талқылауда халықтың көзқарасын ескеру қажет дегендер саны 82% құраса, ғалымдар ғана шешуі керек дегендер саны 11% құрады.

Сауалнама нәтижесі төмендегідей:

- **У** дыбысын **Uu** әрпімен таңбалауды басым көпшілігі (84%) қолдады;
- респонденттердің 52% үшін **Ү** дыбысын **Ūū** макрон диакритикасымен таңбалап оқу және жазу қиын, 48%-ы үшін қиын емес;
- **И и/Й й** дыбысын **İi** таңбасымен бергенді қолайлы деп танығандар 65% құрады;
- респонденттердің 70-80% бекітілген әліпбидегі «в, ф, h (x), ч» әріптерін әліпби құрамында қалдыру қажет деген көзқарастарын білдірді;
- **Әә, Өө, Үү** дыбыстарын сауалнамаға қатысушылардың 70% ақут таңбасымен белгілеуді ыңғайлы деп санады;
- сауалнамаға қатысушылардың 60% үшін **Ң** таңбасын ақутпен берген дұрыс, ал 22% үшін **Ŋŋ (энгма)** таңбасы ыңғайлы;
- респонденттер үшін **Ғ** дыбысын бревиспен белгілеу қиын болса, ақутпен таңбалауды қолдайтындар саны 77% құрады;
- сондай-ақ 39%-ы **Ш** дыбысын ақутпен таңбалауды қолайлы деп танып, 35% диграфты, 26% седиль белгісін қолдаған;
- жаңа әліпбидегі **Сс** әрпін **Ц** дыбысының таңбасы ретінде алу керек дегендер – 51%. Бұл таңбаның мүлдем қажеті жоқ деп санаушылар 30%, құрайды. Қалған 19% **Сс** таңбасын **Ш** дыбысының орнына алу керек деген ұсыныстар білдірген.
- Респонденттерге екі мәтін оқуға ұсынылған, **А** нұсқасы (ақутты), екіншісі **Ә** нұсқасы (умлаутты), алғашқы нұсқасын оқу респонденттер (63%) үшін жеңіл болса, ал 22,3%-ы көзшалымға ыңғайсыз деп жауап берді.



Қорытынды: Ақутты жетілдірілген әліпбиді қолдаушылар саны, жалпылай алғанда 70 пайызды құрады. Респонденттердің тең жартысы әліпбиішілік өзгеріс енгізуді («и» және «і») таңбаларын өзара ауыстыру, ұ-ға макрон диакритикасын беру, у дыбысын и әрпімен таңбалау) қолдады. Олар кейбір таңбаларды, атап айтқанда, **Әә, Өө, Үү, Ңң, Ғғ, Шш** әріптерін ақутпен белгілегенді дұрыс санаған. Седиль, бревис диакритикаларын және **п** (энigma) фонетикалық таңбасын 22-26% ғана қолдады.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақ тілінің латын графикасы негізіндегі әліпбиін жетілдіру бойынша 2020–2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының (24.01.2020 жылғы № 21-12/1106//19-32-20.154 тапсырма) 3-тармағын орындау мақсатында сауалнама өткізді.

Сауалнамаға барлығы **551** респондент қатысты. Оның ішінде:

- 5-11 сынып оқушылары – 100;
- мектеп мұғалімдері – 50;
- колледж студенттері – 100;
- колледж оқытушылары – 50;
- жоо студенттері – 150;
- жоо оқытушылары – 101.

5-11 сынып оқушылары арасында (100), №51 мектеп-гимназиясы және №53 мектеп-лицейі:

Сауалнамаға қатысқан оқушылардың көпшілігі (59%) әліпбидің ақут нұсқасын (А нұсқа), 41% умлаут нұсқасын таңдаған. Оқушылар Ұ дыбысын Ū таңбасымен беруді, «Ш» дыбысын «Ş» таңбасымен жазуды қолдаған.

Мектеп мұғалімінің арасында (50):

Мектеп мұғалімдері арасында да әліпбидің ақут нұсқасын таңдаушылар саны басым. Дегенмен әліпбиішілік өзгерістерді қолдаған:

- Ұ дыбысын Ū таңбасымен жазуды – 66%.
- «И и/ Й й» дыбыстарын «І і» деп жазуды қолдағандар – 64%.
- «Ш» дыбысын «Ş» таңбасымен жазуды қолдағандар – 56%.

Колледж студенттері арасында (100), Гуманитарлық колледж:

Сауалнамада берілген 15 сұраққа жауап бергендердің 67%-ы әліпбидің ақут нұсқасын, 25%-ы умлаут нұсқасын таңдаған. Умлаут нұсқасынан «Ұ» дыбысын «Ū» таңбасымен, «И и/ Й й» дыбыстарын «І і» таңбасымен жазуды көпшілігі қолдаған.

Колледж оқытушылары арасында (50):

Колледж оқытушылары арасында да әліпбидің ақут нұсқасын таңдаушылар саны басым. Дегенмен, респонденттер арасында умлаут жобасын таңдаушылар да бар (барлық сұрақтарға шаққанда, жалпы екінші умлаут нұсқасына басымдық бергендер саны 44%). Олар Ұ дыбысын Ū макронмен жазуды, «И и/ Й й» дыбыстарын «І і» деп жазуды, «Ш» дыбысын «Ş» седиль таңбасымен жазуды қолдаған.

Жоғары оқу орнының студенттері арасында (150): Сауалнамаға Нұр-Сұлтан қаласы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенттері мен оқытушылары қатысты. Жауап бергендердің 67,7%-ы әліпбидің ақут нұсқасын қолдаған, 27%-ы умлаут нұсқасын таңдаған.

- Ұ дыбысын Ū таңбасымен жазуды қолдағандар – 66%.



- «И и/ Й й» дыбыстарын «І і» деп жазуды 68% қолдаған.
- «Ш» дыбысын «Ş» таңбасымен жазуды – 59% қолдаған.

Жоғары оқу орнының оқытушылары арасында (101):

Сауалнамада берілген 15 сұраққа жауап бергендердің 56%-ы әліпбидің акут нұсқасын қолайлы деп таныған. **Бұл респонденттер басқаларына қарағанда** Ū (макрон), Ğğ (бревис), Ŋŋ (энг), Ş (седиль) диакритикалы таңбаларына қарсы болған. «И и/ Й й» дыбыстарын «І і» деп жазуды қолдамаған.

Қорытынды: Сауалнаманың қорытынды нәтижесіне сәйкес респонденттердің басым көпшілігі, яғни 60-70% акут (А) нұсқасын қолдаған. Себебі әліпбидің акутты нұсқасы бойынша көпшілік арасында біршама жұмыс жүргізілді, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде бұл нұсқа кеңінен таратылды, көпшіліктің көзі үйреніп, жаттығып қалғандығын айғақтайды.

Ал умлаут (Ә) нұсқасы бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде, халық арасында насихатталып үлгермеген себепті бұл нұсқаны таңдаушылар саны төмен пайызды (30%) қамтыды. Алайда умлаут жобасындағы жекелеген әріптердің жазылуына қатысты бірнеше ұсыныстарды қолдаған. Атап айтатын болсақ:

- Ұ дыбысын Ū таңбасымен жазуды қолдағандар – 66%.
- «Ш» дыбысын «Ş» таңбасымен жазуды қолдағандар – 59%.
- «И и/ Й й» дыбыстарын «І і» деп жазуды қолдағандар – 72% .

Сауалнамада сұрақтармен қатар екі нұсқада мәтіндерді оқу ұсынылған. Акут нұсқадағы мәтінді оқуды (умлаутқа қарағанда) басым көпшілігі жеңіл деп таныған.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН СЫНАМА-САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Сынама-сауалнама еліміздің 3 жоғары оқу орнында, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Еуразия гуманитарлық институты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде ұйымдастырылды.

Қатысқандардың жалпы саны – **550** адам. Респонденттерге қазақ тілінің дыбыстық жүйесін анық көрсететін әліпби жобасымен қатар екі нұсқада жазылған мәтінді уақытқа оқу тапсырмасы ұсынылды.

I. Сынама-сауалнамада Цц әрпін Сс-мен, Чч-ны Çç-мен, Ии-ді Јј-мен, Жж-ны Zz-мен таңбалау және Ww – ұу, үу әріп тіркестерімен жазу, шеттілдік сөздерде Хх әрпімен жазу, Ww, Хх, С таңбаларын пернетақтада қалдыру қажеттілігіне қатысты сауалдар берілді.

Сауалнама нәтижесі төмендегідей:

- сауалнамаға қатысушылардың 249-ы әліпбидегі Сс әрпін Ц дыбысының таңбасы ретінде алуды құптады, пайыздық көрсеткіші – 45,3%. Ал Ц дыбысының таңбасы ретінде S әрпін таңдағандар 282 адамды құрады. Сонда сауалнамаға қатысушылардың 51,3% Ц дыбысын S-пен таңбалауды құптаған. Қалған 19-ы (3,4%) өз нұсқаларын ұсынған (мәселен, *tsement, etocia* т.б.).

- Çç әрпін Чч дыбысының таңбасы ретінде ұсынғандар саны 249 болса (45,3%), 283 қатысушы Ч дыбысын Ş әрпімен белгілеуді қолдаған, пайыздық көрсеткіші – 51,5%-ды құрайды. Қалған 18-і (3,2%) өз ұсыныстарын көрсеткен (мәселен, *flipçat, flipcat, ketçur* т.б.). Демек, қатысушылар Ч-ны Ş-мен белгілеуге басымдық берген, сан жағынан 34 қатысушыға артық болып тұр.

- сауалнамаға қатысушының 444-і (80,7%) Ж дыбысын Јј таңбасымен беруді дұрыс деп шешкен, ал Z таңбасымен жазу қажет дегендер саны 98 ғана (17,8%). Қалған 8 адам (1,5%) өз нұсқаларын берген (мәселен, *jol-jostıq, jağajay, jaynaydı* т.б.).



-Ии дыбысын Іі таңбасымен белгілегендер саны 483 (87,8 %) болса, небәрі 60 адам Jj таңбасын қолдаған (10,9%). Ал респонденттердің жетеуі (1,3%) өз нұсқаларын көрсеткен (*мәселен, siyrek, oylay-oylay, instiýt m.б.*).

- У дыбысын U әрпімен белгілегенді дұрыс деп санағандар 482 болса (87,6 %), 61 қатысушы У дыбысын W таңбасымен жазу ыңғайлы деп санаған, ол 11,6 % құрады. Қалған жетеуі (1,4%) өз нұсқаларын жазып көрсеткен (*мәселен, Aqtaý, jaý, baý m.б.*).

- сауалнамаға қатысушылардың 457-сі (83,1%) У дыбысын U таңбасымен, Ұ дыбысын Ū макрон диакритикасымен таңбалауды құптаған, ал Ү және У дыбыстарын бір таңбамен, яғни U-мен белгілеуді қолдағандар саны 90 (16,4 %), ал үш қатысушы (0,5%) өз нұсқасын көрсеткен (*тұр, уран m.б.*).

- шетгілдік сөздердегі X таңбасын x-мен белгілеуді 101 қатысушы (18,4%) құптаған болса, 435 қатысушы (79,1%) ks әріп тіркесімен жазған дұрыс деп есептеген. Ал 14 қатысушы (2,5%), өз нұсқасын жазып көрсеткен (*experiment, reflectik, koхit m.б.*).

- сауалнамаға қатысушылардың 323-і (58,7%) Ң дыбысын **Ŋŋ** (энigma) таңбасымен жазу ыңғайлы деп таныған. Ал 92 қатысушы (29,1%) бревис белгісімен **Ñ**, 67 қатысушы (12,2%) аталған дыбысты тильда белгісімен **Ñ** берген дұрыс деп шешкен. Бұл сұрақтың жауабында басымдық **Ŋ** таңбасына берілген.

- Ии/Йй дыбысын Іі таңбасымен беруді 389 қатысушы (70,7%) қолдаса, Іі таңбасымен жазуды 154-і (28%) дұрыс деп таныған. Ал қалған жетеуі (1,3%) өз таңбасын берген (*Й – J, И – I*).

- Іі дыбысын Іі таңбасымен жазуды қолдайтындар саны 369 (67,1%), ал Іі таңбасымен беруді дұрыс деп санағандар 174 қатысушы (31,6%) болды, ал жетеуі (1,3%) өз нұсқаларын ұсынған.

- *Web-site, Xerox, Coca-Cola* тәрізді сөздерді жазу үшін **Ww, Xx, C** таңбаларын пернетақтада қалдыруды 387 қатысушы (70,4%) қолдаған, 156 қатысушы (28,4%) айтылуы бойынша жазған дұрыс (*Ueb-site, Kseroks, Koka-Kola*) деп шешкен. Жеті респондент (1,2%) өз пікірін жазған (*Ueb-sait және тағы басқа сөздерді біз көп қолданбаймыз, сондықтан әрбір адам өз қалауы бойынша ағылшыншаға ауыстырып алады. Сырттан енген сөздердің жазылуын өзгертуді қажет емес деп санаймын*).

Қорытынды: Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі Ц әрпін **S-пен**, Ч-ны **Ş-мен** (ш), Ж-ны **J-мен**, И-ды **I-мен**, У-ды **U-мен**, Ұ-ны **Ū-мен**, Ң-ды **Ŋ** таңбасымен беруді, Х-ты **ks** әріп тіркесімен жазуды, **Ww, Xx, C** таңбаларын пернетақтада қалдыруды (51-87%) қолдаған.

Ч дыбысын С-мен беруді қолдағандар 45,6 пайызды көрсетсе, респонденттердің басым көпшілігі **Ч-ны Ş-мен** (ш) таңбалауды қолдаған.

У дыбысын W таңбасымен жазуды 61 респондент қана қолдаған.

И,Й дыбысын І таңбасымен беруге байланысты екі сұрақ ұсынылды. Алғашқы 4.5 пункттегі сұрақта, 483 қатысушы И-мен жазылатын сөздерді І таңбасымен жазуды қолдаса, екінші осыған ұқсас 4.12 пункттегі «**Ии/Йй** дыбысын **Іі** немесе **И** таңбасының қайсысымен белгілеуді дұрыс деп санайсыз?» деген сұрақта респонденттер И-ді «I» таңбасымен жазуға басымдық берген. Яғни қатысушының 70,7% қолдаған. Демек қатысушылардың басым көпшілігі **И**-ді **I-мен** жазуды қолдаған. **Іі** дыбысын **Іі** әрпімен жазуды қолдаушылар саны 114 қатысушыға кем болды.

II. Сауалнамаға қатысушыларға екі нұсқада жазылған мәтін ұсынылып, кейбір әріптердегі айырмашылық әр мәтіннің астында көрсетілді. Қатысушалар берілген мәтіндерді уақытқа оқыды. Мәтін 102 сөзден құрастырылды.



Нәтижесі төмендегідей:

Бірінші Сс – Цц, Çç – Чч, Jj – Ии, Zz – Жж, Ww, Xx әріптерімен жазылған мәтіннің көрсеткіші:

1-5 минут аралығында – 317 қатысушы;

5-10 минут аралығында – 124 қатысушы;

10-15 минут аралығында – 50 қатысушы;

15-20 минут аралығында – 27 қатысушы;

Қалған 32 респондент жарты сағаттан артық уақыт көлемінде оқыған.

Екінші мәтін қазақ тілінің дыбыстық жүйесін анық көрсететін әліпби жобасымен берілді. **Нәтижесі:**

1-5 минут аралығында – 364 қатысушы;

5-10 минут аралығында – 80 қатысушы;

10-15 минут аралығында – 32 қатысушы;

15-20 минут аралығында – 23 қатысушы;

Қалған 51 респондент жарты сағаттан артық уақыт көлемінде оқыған.

Қорытынды: Бірінші мәтінді 1-5 минут аралығында 317 қатысушы оқыса, 2 мәтінді 364 адам оқыған, яғни екінші мәтінді респонденттерге оқу қолайлы және жеңіл болғанын көрсетеді.

Тіл білімі институты ұсынған

латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінің жобасына

пікір

Тіл білімі институты ұсынылып отырған қазақ тілінің латыннегізлі әліпбиі 32 әріптен тұрады, әріптер дәстүрлі ретімен құрылған. А,о,у дауыстыларының жіңішке сыңырлары халықаралық стандарттағы умлаутпен белгіленген. І і (I i) мен І і (I i) дыбыстарының бірыңғай белгіленуі бір парадигарадигмалағы дыбыстарға үйлесімділік берген, сол сияқты N n (N n) O o (O o) жұптары да сырт тұласы бірыңғай болғаны әліпбиге оңтайлы сипат берген. У дауыстысы w арқылы таңбалануы жалпы тілдер қолданысынан танылымдығы белгілі. Кірме дыбыстардың төл әріптермен таңбалануы да дұрыс тәсіл деуге болады.

Жалпы қорытынылай келе, бұл жобаның өзіндік жүйесі мен жөні бар екендігіне дау тумас. Ұсынылып отырған жобаны практикалық қолданыста сынап көрсе тәуір болар еді. Әлемдік тәжірибеде бір әліпбидің бірнеше нұсқасын халықтың сынынан өткізу үрдісі бар.

Рысалды Құсайын Тынысбайұлы

Филология ғылымдарының докторы,

Профессор

29.05.2020



Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық және IT сүйемелдеу жұмыс тобының бірлескен отырысында мақұлданған ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ӘЛІПБИГЕ ПІКІР

Ел ішінде латын әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселесі бойынша түрлі іс-шаралар өткізілді. Зиялы қауым өкілдерінің, тілшілердің, тарихшылардың, ғалымдардың, сарапшылардың, жалпы бұқараның ой-пікірлері ортаға салынды. Латын негізді әліпбидің түрлі нұсқалары сараланды, әліпбиді жасау барысында қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің сақталуы, сонымен қатар ғылыми принциптер негізге алынды.

Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Латын графикасын қолданатын барлық елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлде қайда аз болуы да оның жетістігі болып табылады. Латын әліпбиінде әр түрлі диакритикалық таңбалар (нүкте, қос нүкте, сызықша, айшық, дәйекші т.б), яғни қосымша белгілер арқылы көптеген елдің барлық фонемалары латынның 26 таңбасымен ғана белгіленуі жазу үнемділігін танытатын тиімді әліпби дәрежесіне жеткізіп отыр. Жазуға қойылатын басты талап лингвистикалық (тілді дәл жеткізу) бағытта ғана емес, техникалық жағдайларға (баспа ісі, компьютер, телефакс, интернет т.б.) да сай болуы керек. Қазір латын әліпбиі осы талаптар биігінен де көрінеді, сондықтан оның бұл артықшылығын ескеріп, халық өз еркімен таңдауға мүмкіндігі болып тұрғанда әлемнің озық елдері игілігін көріп, көпшілігі қолдап отырған латын әліпбиіне біздің де көшкеніміз дұрыс деп білеміз.

Уақыт сынынан өткен өміршең латын графикасын қазіргі таңда әлем халқының 80 пайызы меңгерген екен. Әлемде көп таралған жазбаның бірі латын алфавиті екенін, әлемдік ақпараттың 70 пайызы осы таңбамен таратылатынын, ғылымның тілі, халықаралық терминдер, формулалар да негізінен латын әріптерімен жазылатынын ескерер болсақ, жаңа әліпби бізге зор мүмкіндіктер туғызады.

**Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық
және ІТ-сүйемелдеу жұмыс тобының бірлескен отырысында
мақұлданған жетілдірілген әліпбиі туралы**

ПІКІР

Қазақ тілінің жетілдірілген әліпбиінің жаңа нұсқасы бір жүйеге келтіріліп, ғылыми негізделген. Әліпбидің құрамы, әріптердің жүйе ішіндігі дәстүрлі қалпы бойынша орналасу тәртібі, базалық әріптен соң түрленген нұсқасының орналасу реті көпшіге қонымды, мысалы: -Уу-дан кейін **Ū ū** мен **Ů ů**, соған ұқсас . -Аа-дан кейін **Ă ă**, -Оо-дан к йін **Ŏ ŏ**, әріптері бір-бір микрожүйе ретінде жақсы қабылданады. Бұл халық аралық стандартқа сай, мысалы: герман тілдерінде осы ұстаным бар. Басқа тілдермен салыстырғанда біздің ұлттық тіліміздің сипатын, ерекшелігін айқын көрсетеді. Сондай-ақ **F** әрпін **Ǿ** бревис таңбасымен беру **G [g]** мен **Ǟ [ǟ]** микропарадигмасы жүйесіне үйлесімді болып әліпбидің мәнін келтіріп тұрғандай. Сонымен бірге осы тақылеттес микропарадигмалар «көзшалымға, қолдағдыға икемділігін арттырады. Осындай жүйелілік жетілдірілген әліпбидің негізгі ұстанымы болғаны оның мәнін арттыра түседі.

Қазақ әліпбиіне **F** әрпіне арнайы **Ff** таңбасының алынғаны дәйекті түрде негізделгені жөн болған, ол арқылы тіліміздің өз ауқымында шектеліп қалмай, сөздік қорының байуының сипаты екенін, оның динамикалық дамуының белгісін көрсетеді.

Жобада тілдің жазылуының мүмкінділігі мен тиімділігін арттырудың бір мүмкінділігі ретінде «кирилдегі **Й** мен **И** әріптеріне ортақ бір таңба алынғаны» құттарлық.

«**I** мен **Й**, **И** дыбыстарын беретін таңбаларды өзара алмастыру және и-дің бас әрпін нүкте арқылы **/I/** түрінде таңбалау», «**У** дыбысын **U** таңбасымен беру туралы ұсынысы» дәлелді түрде негізделген, қазақ әліпбиінің жаңа тұрпатын айғақтамақ.

Ү дыбысының таңбасына **Ů** макрон диакритикасы алынғаны бірнегіздегі тектес дыбыстар бір микропарадигма ретінде әліпбиіміздің іштей жүйелілігін айқындайды, ал **Ң** дыбысы халықаралық фонетикалық әліпбиде бар **Ŋ** таңбасымен берілгені бұрынғы әліпбиіміздегі осындай түрдегі әрікке ұқсай отырып, тез қабылданып, жазылуға оңтайлы игеріліп, сіңісіп кетеді.

Ch (Ч) әрпін алып тастау жөнеде оны **Ş** әрпімен белгілеп, ережеде түсіндірілсе, оның еш қиындығы болмас. Бір әліпбиде осындай бір ғана ерекшелікке үйрену аса қиындық туғызбас. **Ş** әрпінің жазылу ережесінде қолданылатын ауқымын нақтылап, дәйектелген жағдайда қалыптасып, сіңісіп

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым
комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұсынған
латын негізді қазақ әліпбиінің жетілдірілген нұсқасына
ПІКІР**

Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жетілдірілген жобаларын жасауда қызу талқылауда, ойларын да айтып бөлісті. Жазуды жаңа әліпбиге көшірудің мәдени, әлеуметтік, лингвистикалық, экономикалық, саяси ақпараттық, педагогикалық себептері бар. Барлық озық технологияның тіліне айналған латын әліпбиіне көшу, оны жетілдіру еліміз үшін үлкен рухани құбылыс. Латын графикасына (таңбасы) негізделген қазақ әліпбиін жасау ісінде дыбыс жүйесіндегі төл дыбыстар мен өзге тілден енген кірме дыбыстарды жеке-жеке қарастырып, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен жазу барысында туындайтын әр түрлі заңдылықтары ескерілуі тиіс.

Осы мақсатта Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, Қ. Күдерінова, А. Фазылжанова сияқты ғалымдар қазақ әліпбиін латын графикасына көшіріп қана қоймай, бұл жұмысты одан әрі қазақ жазуын реформалау (қайта қарастыру) ісімен байланыстыру қажеттігін айтып келеді.

Айта кетсек, филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және смле ережені бірдей қамтитынын» айтқан еді.

Шындығында, дыбыс, әліпби, смле ережесіне қатысты тілтанушылардың талқылау, талдауы болып жатыр.

Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек», – деді Президент Қасым - Жомарт Тоқаев. Осы орайда тілші ғалымдар Президент ұсынған мәселені шешу үшін әліпбиді жетілдіру мақсатында бірқатар жұмыстар жасады.

Тіл білімі институты атынан ұсынылған жетілдірілген жобада мынадай кемшін тұстары бар:

Жобада W таңбасы алынған. Осы әріптің енгізілуі негізсіз, себебі кірме сөздердегі [y] дыбысы [i] төл сөздердегі дауыссыз [y] дыбысы [w] мен белгілеу тиімсіз. «Қарапайым тіл иелмені тағы да дұрыс жазу үшін дұрыс жазу үшін кірме сөз бен төл сөздің тұрқын ажыратып, жағтауына тура келеді, қате таңбалалп, шатастыруға әкеледі. Екіұшты оқылатын сөздер көбейеді, оқу жазу үдерісін қиындатады. Қазақ тілді жазарманның сауаттылығы тоқырауға ұшырайды, қазақ жазуының базалық нормасының бұзылуына алып келеді» (А. Фазылжан. Ана тілі газеті.11 – сәуір, 2020ж.) Біз де осы пікірге қосыламыз.

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY
BILIM JÁNE GÝLYM MINISTRRLIGI

Respublikalyq memleketтік
qazynalyq kásiporny

YALTÝNSARIN ATYNDAGÝ
ULTTYQ BILIM AKADEMIASY

010000, Nur-Sultan q., Mángilik el dańǵ., 8
"Altyn Orda" BÓ, 16-qabat
Tel.: 8 (7172) 577203



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Республиканское государственное
казенное предприятие

НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ
ИМ. И. АЛТЫНСАРИНА

010000, г. Нур-Султан, пр. Мейілік ел, 8
БЦ "Алтын Орда", 16 этаж
Тел.: 8 (7172) 577203

№ 01-1/205

2020ж - 19 - маусым

- 19 - маусым 2020ж

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің
Тіл саясаты комитетіне

2020 жылғы 21 мамырдағы
01-41-11 хатшылығы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті Қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссиясы жанындағы Орфографиялық жұмыс тобы мақұлдаған және А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары ұсынған әліпби нұсқаларын тәуелсіз сараптамадан өткізу бойынша сараптамалық шешімді ұсынады.

Қосымша: 3 бетте.

Президент

Ж.Жилбаев

Орынд.: А.Мұқышева
Тел.: 570942

00450

ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ЖОБА

бойынша оқылым және жазылым жұмыстарының сараптама қорытындысы
4 сынып

№	Оқушы саны	Оқылым	Оқушы саны	Жазылым
И жүйесі бойынша				
1	15 оқушы	1 м. 15 сек. – 9 м. 26 сек. аралығында	15 оқушы	4 м. 19 сек. – 11 м. 46 сек. аралығында
	Барлығы: 15			

6,7,8 сынып

№	Оқушы саны	Оқылым	Оқушы саны	Жазылым
И жүйесі бойынша				
1	30 оқушы	25 сек. – 58 сек. аралығында	30 оқушы	1 м. 20 сек. – 1 м. 56 сек. аралығында
У жүйесі бойынша				
1	30 оқушы	27 сек. – 56 сек. аралығында	30 оқушы	1 м. 19 сек. – 1 м. 55 сек. аралығында

Мектеп мұғалімдері

№	Мұғалім саны	Оқылым	Мұғалім саны	Жазылым
И жүйесі бойынша				
1	21 мұғалім	15 сек. – 3 мин. аралығында	21 мұғалім	1 мин. – 4 мин. аралығында
У жүйесі бойынша				
1	21 мұғалім	15 сек. – 5 мин. аралығында	21 мұғалім	1 мин. – 7 мин. аралығында

ЕНУ оқытушылары, студенттері

№	Қатысушы саны	Оқылым	Мұғалім саны	Жазылым
И жүйесі бойынша				
1	10 қатысушы	35 сек. – 3 мин. аралығында	10 қатысушы	1 мин. – 5 мин. аралығында
У жүйесі бойынша				
1	10 қатысушы	40 сек. – 6 мин. аралығында	10 қатысушы	2 мин. – 7 мин. аралығында

ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫНЫҢ КЕЙБІР ҒАЛЫМДАРЫ ҰСЫНҒАН ЖОБА БОЙЫНША

оқылым және жазылым жұмыстарының сараптама қорытындысы
4 сынып

№	Оқушы саны	Оқылым	Оқушы саны	Жазылым
И жүйесі бойынша				

1	14 оқушы	5 м. 08 сек. – 12 м. 20 сек. аралығында	14 оқушы	9 м. 3 сек. – 18 м. 8 сек. аралығында
	Барлығы: 14			

6,7,8 сынып

№	Оқушы саны	Оқылым	Оқушы саны	Жазылым
И жүйесі бойынша				
1	30 оқушы	1 м. 25 сек. – 10 м. 51 сек. аралығында	30 оқушы	3 м. 25 сек. – 11 м. 57 сек. аралығында
У жүйесі бойынша				
1	30 оқушы	2 м. 29 сек. – 10 м. 56 сек. аралығында		3 м. 33 сек. – 11 м. 52 сек. аралығында

Мектеп мұғалімдері

№	Мұғалім саны	Оқылым	Мұғалім саны	Жазылым
И жүйесі бойынша				
1	21 мұғалім	20 сек. – 4 мин. аралығында	21 мұғалім	1 м. 45 сек. – 15 м. 05 сек.
У жүйесі бойынша				
1	21 мұғалім	17 сек. – 9 мин. аралығында	21 мұғалім	1 м. 27 сек. – 16 мин.

ЕНУ оқытушылары, студенттері

№	Қатысушы саны	Оқылым	Мұғалім саны	Жазылым
И жүйесі бойынша				
1	10 қатысушы	2 мин. – 5 мин. аралығында	10 қатысушы	3 мин. – 5 мин.
У жүйесі бойынша				
1	10 қатысушы	2 мин. – 4 мин. аралығында	10 қатысушы	3 мин. – 8 мин.

СЫНАМА ЖҰМЫСТАРЫ ЖӨНІНДЕ ЕСЕП

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың латын графикасына негізделген әліпбиді жетілдіруге қатысты берген тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық жұмыс тобы мақұлдаған әліпби жобасы мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кейбір ғалымдары ұсынған әліпби жобасына 2020 жылдың 27 мамырында

1. Тәуелсіз ғалымдардан ғылыми сараптама алынды:

1. Назарбаев университетінің Қазақ және түркология департаментінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Күзекова Зейнехан Сейітханқызы;

2. Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің доценті, филология ғылымдарының докторы Рысалды Құсайын Тынысбайұлы;



3. Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері А.Н.Мұқышева.

II. 2020 жылғы 28-29 мамырда Нұр-Сұлтан қаласында Орфографиялық жұмыс тобы мақұлдаған әліпби жобасы мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кейбір ғалымдары ұсынған әліпби жобасын сынамадан өткізуге бағытталған **Тәжірибелік сабақ** ұйымдастырылды.

ҚАТЫСУШЫЛАР:

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №86 мектеп-гимназиясының мұғалімдері;
2. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №86 мектеп-гимназиясының 4 сынып оқушылары;
3. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №86 мектеп-гимназиясының 6,7,8 сынып оқушылары;
4. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ның оқытушылары, аспиранттары, магистранттары, студенттері;

Тәжірибелік сабаққа жалғыз алғанда **91** адам қатысты, оның ішінде: 4 сынып оқушылары – **30**; 6,7,8 сынып оқушылары – **30**; мұғалімдер саны – **21**; Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ның оқытушылары, аспиранттары, магистранттары, студенттері – **10** адам.

Тәжірибелік сабақты өткізген оқытушылар:

- №86 мектеп-гимназияның директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Оразақынова Нұрша Алжамбаевна;

- №86 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Тенизбаева Алтынкүл Кунтуовна;

- №86 мектеп-гимназияның қазақ тілі пәнінің мұғалімі, журналистика магистрі Оспанова Асемгүл Амантаевна;

- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті доценті, филология ғылымдарының кандидаты Саркенова Қарлығаш Құрманғалиқызы.

III. Тәжірибелік сабаққа тәуелсіз сарапшы ретінде:

- «Piligrim» білім беру академиясының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Сабира Минатайқызы Сапина;

- Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі Жанбота Есепбай;

- Нұр-Сұлтан қаласы №78 мектеп-гимназияның қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Қаршыға Сламбекқызы Сайлаукүл тартылды.

72 САҒАТТЫҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚИТУ КУРСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН СЫНАМА-САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Сынама-сауалнама жұмыстары 264 тіл маманынан, олардың ішінде республикалық оқу орталықтары оқытушылары, «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы, «Қазақтелеком», «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамы, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Б.Алтынсарин Ұлттық білім беру академиясы, ұлттық және мемлекеттік білім беру ұйымдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, БАҚ саласының қызметкерлерінен алынды.





Сынама-сауалнама негізінде әліпби, әріптер тұрқын таңдауға, емле ереже, шеттілдік сөздердің жазылуы, қатысты пікірлер және пернетақтаға қатысты пікірлердің басымдығы айқындалды. Сауалнама қорытындысы бойынша:

1) Сауалнамаға қатысушылардың әліпбиге қатысты енгізілген өзгерістерге қатысты көзқарастары айқындалды. Атап айтқанда:

Ақутты таңбаларды жазу қиындық тудыра ма?

Қиын емес – 75 %

Қиындық тудырады – 12 %

Жауап беру қиын – 13 %

«Ә, Ө, Ү» дауысты дыбыстарын жіңішкелікті білдіретін «умлаут» (¨) диакритикасымен белгілеген дұрыс па?

Дұрыс – 66 %

Дұрыс емес – 20 %

Басқа таңба керек – 14 %

Ш дыбысын «Ş» (седиль) таңбасымен бергенді дұрыс деп санайсыз ба?

Дұрыс – 66 %

Дұрыс емес – 18 %

Басқа таңба керек – 16 %

«І» дыбысының орнына ноқатсыз /ı/ әрпін алу дұрыс па?

Дұрыс – 50 %

Дұрыс емес – 30 %

Жауап беру қиын – 20 %

«Й, и» дыбыстарына ноқатты /i/ әрпін алу дұрыс па?

Дұрыс – 70 %

Дұрыс емес – 30 %

Жауап беру қиын – 20 %

«Ү» дыбысын Ū таңбасымен белгілеуді дұрыс деп санайсыз ба?

Дұрыс 70 %

Дұрыс емес 21 %

Басқа диакритика керек 9 %

«ң» дыбысын Ŋ (энг) таңбасымен белгілеуге келісер ме едіңіз?

Иә, келісемін - 35%

Жоқ, келіспеймін – 60%

Жауап беруге қиын - 5%

Сһ (ч) таңбасын әліпби құрамынан алып тастаған дұрыс па?

Дұрыс – 51 %

Дұрыс емес – 39 %

Жауап беру қиын – 10 %

Қорытынды:

- Ақутты нұсқаны сауалнама қатысушылардың 75 % қолдап отыр;
- «Ә, Ө, Ү» дауысты дыбыстарын жіңішкелікті білдіретін «умлаут» (¨) диакритикасымен белгілеуді дұрыс деп санаушылар – 66 %, дұрыс емес деушілер – 20 %, басқа таңба керек деушілер – 14 %;
- Ş таңбасын қолдау 50 пайыздан жоғары болды (66 %);
- «І» дыбысының орнына ноқатсыз /ı/ әрпін алуды дұрыс деп санағандар – 50 %, дұрыс емес дегендер – 30 %, жауап беру қиын дегендер – 20 %);
- Ŋ таңбасына қарсылық басым, сауалнамаға қатысушылардың 35 % ғана қолдады, ал ақутты нұсқасын 60 % қолдап отыр;





- Ū таңбасын қолдау басым, сауалнама қатысушылардың 70 % Ūï таңбасы ыңғайлы деп жауап берген;

- «I» мен «Й, И» дыбыстарын беретін таңбаларды өзара алмастырып, халықаралық фонетикалық нұсқасына сәйкес келетін «İ» таңбасымен белгілеуді дұрыс деп санайтындардың саны 50%. Олар үшін «*universitet, konstitusia*» сөздерін оқу және жазу ыңғайлы, қиындық тудырмайды. Сондай-ақ осы сұраққа жауап беруге қиналатын мамандар да болды. Қарсы шыққандар саны - 50%. Жауап беру қиын деп айтқандар – 20 %;

Сауалнамаға қатысушылардың 51 % Ch таңбасын әліпби құрамынан алып тастағанды дұрыс деп есептеді. Дұрыс емес дегендер - 39 %, жауап беру қиын дегендер – 10.

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ә.К.Қабаевтың тапсырмасына сәйкес
жетілдірілген әліпби жобасындағы ДИАКРИТИКАЛЫҚ ТАҢБАЛАРДЫ
сынамадан өткізу бойынша республикалық ашық талқылау шарасының
қорытынды е с е бі**

2020 жыл 28-29 қазан күндері Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ә.К.Қабаевтың тапсырмасына сәйкес жетілдірілген әліпби жобасындағы диакритикалық таңбаларды сынамадан өткізу бойынша республикалық деңгейде 135 сағат көлемінде практикалық сабақ өткізіліп, нәтижелері талқылаудан өткізілді.

1-кесте. Қатысқандар:

Сынамаға қатысқан өңірлер	Қатысқандар саны	Жалпы саны
Нұр-Сұлтан қаласы	60	16 өңірден 2140
Ақмола облысы (Көкшетау)	60	
Алматы облысы (Талдықорған)	110	
ШҚО (Өскемен)	80	
Ақтөбе облысы (Ақтөбе)	60	
Қарағанды облысы (Қарағанды)	64	
Батыс Қазақстан облысы (Орал)	120	
Жамбыл облысы (Тараз)	75	
Қызылорда облысы (Қызылорда)	76	
Қостанай облысы (Қостанай)	500	
Маңғыстау облысы (Ақтау)	358	
Шымкент қаласы	60	
Павлодар облысы (Павлодар)	37	
Түркістан облысы	310	
Атырау облысы	110	
Солтүстік Қазақстан	60	



2-кесте. Диакритикалық таңбаларды сынамадан өткізу нәтижесі:

	Қолданылған диакритика	қолдайды (16-дан)	қарсы (16-дан)	жартылай ✓ (16-дан)	қолдау пайызы	қарсы болу пайызы	
1	Ц әрпін	Њ̇ (тильда)	8	–	3 (12%)	68 %	32 %
		Ю̇ (энг)	5	–		32%	68 %
2	Ш әрпі Şş седильмен	15	–	1 (Павлодар)	94 %	4 %	
3	Ә, Ө, Ү дыбыстары Ää, Öö, Üü умлаутпен	16	–	–	100 %	–	
4	Ғ дыбысы Ğğ бревиспен	14	1 (Павлодар)	1 (Жамбыл)	87 %	13 %	
5	У дыбысы Ūū макронмен	13	2 (Ақтөбе, БҚ)	1 (Жамбыл)	81 %	19 %	

Қорыта айтқанда, сынамаға қатысушылар онлайн және офлайн форматында сынамаға белсенді араласты. Жекелеген пікірлер көп. Көпшіліктің пікірі негізінен бір жерден шығады: жетілдірілген әліпби жобасында қолданылған диакритикалық таңбалар бұрынғы әліпби жобаларындағы нұсқаларға қарағанда әлдеқайда қолданысқа оңтайлы, эстетикалық тұрғыдан көркем. Жіңішке дауыстыларды умлаут, жуан дауыстыларды макрон арқылы беру ұтымды, қолдануға ыңғайлы деген пікірлер негізінен бір арнаға тоғысады.

Өңірлерден түскен пікірлер қандайда бір (/н/ дыбысы таңбасынан басқа) диакритикалық үстемелер төңірегінде айтарлықтай талас-талқы тудырмады. 2-кестеде көрсетілгендей, /н/ дыбысын беруге ұсынылған Њ̇ (тильда) және Ю̇ (энг) таңбаларын таразыға салу нәтижесінде 68 % де 32% пайыз көрсеткішімен Њ̇ (тильда) басымдылыққа ие болды.

Кейбір қайталанып келетін пікірлерге назар аударсақ, олардың бірі /i/ мен /и/ дыбыстарының таңбасына қатысты айтылады:

- «и» және «і» әріптерін ажырату қиындық тудырды;
- нүктесі жоқ **И** дауысты **И** болса, нүктесі бар **і** **Й**-ді таңбалар еді;
- **И/й** әріптері бір ғана **И** таңбасымен берілгені дұрыс шешім;
- **И** және **И(И)** дыбыстарына қатысты, дауысты **і** дыбысының үстіндегі нүктенің алынып тасталғанына қатысты пікірталас пайда болды (Түркістан облысында). Тыңдаушылардың 70%-ы **И(И)** әрпінің үстіне нүкте қойылуын қолдаса, 20%-ы қарсылық танытты, 10%-ы бейтарап қалды;

- «к», «ғ», «г» әріптері жазылуында типографиялық айырмашылық болғанмен, каллиграфияда ұқсас болып келеді.

Каллиграфияда ұқсас болып келеді.

Ұсыныстар:

Батыс Қазақстан (Орал):

- 1-ден, О.Сүлейменовтің мақ. орай, «Бізге 28 таңбадан артық алуға болмайды, өйткені қазақ тілінде одан артық дыбыс жоқ» (Abai.kz. 28.10.20). Сондықтан әліпби жобасындағы өзге тілдің дыбыстары таңбаларын (в, ф, х, һ, и) алып тастау туралы ұсыныс



түсіреміз. Осы жат әріптер арқылы мындаған жат сөздер жазылым, айтылым нормаларын тілімізге бірге ала келеді. Ол өз кезегінде тілдің табиғи болмысын бұзу үрдісін жалғастыратыны сөзсіз.

- 2-ден, ұлттық әліпбиде тіліміздің басты заңы үндесім (сингармонизм) А.Байтұрсынұлы жолымен анық көрініп тұруы керек деп ойлаймыз. Жұп дауыстыларды қатар таңбалап, жіңішке сыңарларын арнайы қос нүктемен беруді құптаймыз. Тек осы қатарда «ы-і» жұп дауыстыларының әріптері де болғаны дұрыс. Ол үшін бұл дыбыстарды түркі тілдерінің ортақ әліпбиіндегі (1994 ж) үлгімен (I 1 – ы, Ii - i) берген жөн. Сол сияқты жұп «ұ-ү» дауыстылары (Uu – ұ, Ü ü -ү) мен сонар «й, у» дауыссыздары таңбасын да ортақ әліпби үлгісімен (Yu - й, Ww –у) таңбалау туралы ұсыныс түсіреміз.

Тәуелсіз қазақ қоғамына тіл табиғатынан туындаған, тілге қызмет ететін, тілімізді өзге тілдер ықпалынан қорғайтын таза ұлттық әліпби қажет.

Ақтөбе облысы:

- **У, Ұ, Ү** дыбыстарына ұқсас таңба беруге болмайды. Себебі бұл таңдау қазақ тілінің **Ұ, Ү** төл дыбыстарына қауіп тудырып, **У** дыбысына артықшылық береді. Қазіргі жаһандану кезеңіндегі жағдай ролардың таңбаларындағы қосымша айыру белгілерін ескермеуге, осы **У, Ұ, Ү** дыбыстарының үшеуін де бір ғана **У** дыбысымен айтып, осы таңбамен жазуға жол береді. Жоғарыда айтылған **У, Ұ, Ү** дыбыстарының таңбалануына қатысты пікірді ескерте отырып, **У** дыбысын базалық латын әліпбиіндегі **W w** таңбасымен беру ұсынылады.

Жамбыл облысы (Тараз):

- Дауысты А, О, Ү дыбыстарын таңбалауда жіңішкелік белгісі ретінде «умлаут» қоятын болсақ, неге Ы дыбысының жіңішкесі ретінде І-ні Үу үстіне «умлаут» қою арқылы таңбаламасқа. Сонда латын әліпбиіндегі (адамды шатастыратын) көп і-ден де құтылар едік. Нүктесі жоқ І дауысты И болса, нүктесі бар і Й-ді таңбалар еді.

- Егер **Ы** мен **І** әріптерінің жуан-жіңішке жұптығын ескеріп, сыртқы формасының ұқсастықтарының да бірдей болғанын қаласақ, ондай оны келесідей таңбалау мүмкіндігі бар: **Үу-Ыы, Үү-Іі**. Мысалы: тыл – тіл/tyl-tyl, ыдыс-тігіс/ydys-tygys.

Қызылорда облысы:

- х, в дыбыстарының қажеті жоқ. «Рақмет», «дастарқан» деп қолданылып жүр.

Павлодар облысы:

- Ш әрпінің **sh** арқылы жазылуы қос әріппен берілсе де еш қиындық тудырмайды, немесе S әрпінің үстіне нүкте, сызық таңбаларын қою арқылы жазу.

3-кесте. Мәтінді минутқа оқу көрсеткіші:

	Сынамаға қатысқан өңірлер	Ең қысқасы	Ең ұзағы
	Нұр-Сұлтан қаласы	50-59 секунд	1 мин 15 секунд
	Ақмола облысы (Көкшетау)	38 сөз	92 сөз
	Алматы облысы (Талдықорған)	–	
	ШҚО (Өскемен)	–	
	Ақтөбе облысы (Ақтөбе)	–	
	Қарағанды облысы (Қарағанды)	75 секунд	3 минут
	Батыс Қазақстан облысы (Орал)	–	





Жамбыл облысы (Тараз)	–	
Қызылорда облысы (Қызылорда)	37 секунд	2 минут
Қостанай облысы (Қостанай)	–	
Маңғыстау облысы (Ақтау)	–	
Шымкент қаласы	40 секунд	2 минут
Павлодар облысы (Павлодар)	01м.37сек.10	5м.58с.35
Түркістан облысы	–	
Атырау облысы	–	
Солтүстік Қазақстан	–	

БЕКІТІЛГЕН ӘЛІПБИГЕ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН СЫНАМА-САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Сынама-сауалнама жұмыстары 51 оқушыдан (76 мектеп, 11 сынып), 26 мұғалімнен (76 мектеп, барлық пән мұғалімдері) және 40 магистранттан (ЕҰУ, 1-2 курс), барлығы 117 адамнан алынды. Сынама-сауалнама негізінде әліпбиге қатысты көзшалым, уақыт-сыйымдылық және әріптер тұрқын таңдауға қатысты пікірлердегі басым бағыт айқындалды. Сынама-сауалнамада әліпбиге қатысты енгізілген өзгерістерге қатысты сұрақтар мен уақытқа қарап оқуға арналған 5 түрлі мәтін берілді (көркем, публицистикалық, ресми және сөйлеу стилі). Сауалнама қорытындысы бойынша:

1) Бекітілген әліпби бойынша оқудағы уақытсыйымдылықтың ең көп көрсеткіші 30% көрсетті (1 минутта). Ұсынылған әліпби бойынша оқудағы уақытсыйымдылықтың ең көп көрсеткіші 21% көрсетті (3 минутта).

2) Сауалнамаға қатысушылардың әліпбиге қатысты енгізілген өзгерістерге қатысты көзқарастары айқындалды. Атап айтқанда:

Ақутты таңбаларды жазу қиындық тудыра ма?

Қиын емес – 70 %

Қиындық тудырады – 12 %

Жауап беру қиын – 18 %

«Ш» дыбысын Ш таңбасымен белгілеу қиындық тудыра ма?

Қиын емес – 56 %

Қиын – 16 %

Басқа таңба керек – 28 %

«Н» дыбысын қалай таңбалаған ыңғайлы?

Ақутпен: Њ – 52 %

Төменгі белгімен: ъ – 21 %

Жауап беру қиын: 27 %

«Ұ» дыбысын Ū таңбасымен белгілеген қиын ба?

Қиын емес 65 %

Қиын 26 %

Басқа диакритка керек 9 %

«І» дыбысының орнына ноқатсыз / і / әрпін алу дұрыс па?

Дұрыс – 47 %

Дұрыс емес – 33 %

Жауап беру қиын – 20 %



«Й, и» дыбыстарына ноқатты /i/ әрпін алу дұрыс па,

Дұрыс – 70 %

Дұрыс емес – 30 %

Ch (ч) таңбасын әліпби құрамынан алып тастаған дұрыс па?

Дұрыс – 51 %

Дұрыс емес – 39 %

Жауап беру қиын – 10 %

Жаңа әліпбиге таңбалар қосу керек пе?

Жок – 60 %

Иә – 14 %

Жауап беру қиын – 26 %

3) Сауалнамаға қатысушылардың әліпбиге қатысты ұсыныстары айқындалды:

1 адам – ә, ө, ү умлаутпен беру керек деген ұсыныс жазды;

2 адам – у дыбысына W таңбасын алу керек деген ұсыныс жазды;

2 адам – диграфтар мүлде керек емес деген ұсыныс жазды;

2 адам – і мен 1 әріптерін ажырату қиын деген пікір қалдырды.

Қорытынды:

- Ақутты нұсқаны сауалнама қатысушылардың 70 % қолдап отыр;

- Ş таңбасын қолдау 50 пайыздан жоғары болды (56 %)

- D ŋ таңбасына қарсылық басым, сауалнамаға қатысушылардың 21 % ғана қолдады, ал ақутты нұсқасын 52% қолдап отыр;

- Ū таңбасын қолдау басым, сауалнама қатысушылардың 65 % Ū ū таңбасы ыңғайлы деп жауап берген;

- «I» дыбысының орнына ноқатсыз / i / әрпін алуда ойлану басым (Дұрыс – 47 %, Дұрыс емес – 33 %, Жауап беру қиын – 20 %)

- «Й, и» дыбыстарына ноқатты /i/ әрпін алуды сауалнамаға қатысушылардың 70 % қолдады;

- Жаңа әліпбиге таңбалар қосу керек пе деген сұраққа 60 % жоқ деп жауап берген.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АШЫҚ ТАЛҚЫЛАУ ШАРАСЫ

(14.02.2020 жыл)

Дауыс беру қорытындысы

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін әліпби жобасы

№	Облыс/қала
	Нұр-Сұлтан қаласы
	Шымкент қаласы
	Ақмола облысы
	Ақтөбе облысы
	Қарағанды облысы

	<i>Қызылорда облысы</i>
	<i>Солтүстік Қазақстан облысы</i>
	<i>Түркістан облысы</i>
	<i>Шығыс Қазақстан облысы</i>
	Барлығы: 9 52,9 %

Бекітілген әліпбидің жетілдірілген нұсқасы

№	Облыс/қала
	<i>Атырау облысы</i>
	<i>Жамбыл облысы</i>
	<i>Қостанай облысы</i>
	<i>Павлодар облысы</i>
	Барлығы: 4 23,5%

Аралас жоба

№	Облыс/қала
	<i>Алматы қаласы</i>
	<i>Алматы облысы</i>
	<i>Батыс Қазақстан облысы</i>
	<i>Маңғыстау облысы</i>
	Барлығы: 4 23,5%

Әліпби жобаларын республикалық ашық талқылау шарасының қорытындысы

2020 жылдың 14 ақпанында республика бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақ әліпбиін жетілдіру жөніндегі тапсырмасы бойынша әліпби жобаларын талқылау шарасы ұйымдастырылды.

Ісшараның мақсаты – әліпби жобаларын кәсіби білікті мамандар мен көпшілік қауым арасында талқылау, ұсыныстары мен пікірлерін анықтау.

Әліпби жобаларын талқылауға республикамыздың 17 өңірінің жоғары және орта білім беретін оқу орындарының оқытушылары, танымал тілші ғалымдар, докторанттар, магистранттар, мемлекеттік органдардың тіл мәселесіне жауапты қызметкерлері, Тіл басқармалары мен мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының мамандары және БАҚ өкілдері қатысты. Қатысқан адам саны – **1366**.

Қатысушыларға үш әліпби жобасы ұсынылды. *Алғашқысы* – бекітілген әліпбидің жетілдірілген нұсқасы (**ñ, ş** таңбалары қосылған, **ı** және **і** таңбаларын өзара ауыстыру, **ч** таңбасы алынған). *Екіншісі* – қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін әліпби жобасы (**э, ө, ү** әріптері умлаут, **ғ** әрпі бревис, **ш** әрпі седиль, **ұ** макрон диакритикасымен белгіленген және **ı** мен **і** таңбаларын өзара ауыстыру ұсынылған). *Үшіншісі* – **э, ө, ұ, ү** төл дыбыстары берілген аралас жоба.

Талқылау қорытындысы төмендегідей:

Ісшараға қатысушылардың басым көпшілігі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін әліпби жобасын 52,9%, бекітілген әліпбидің жетілдірілген нұсқасын 23,5%, аралас жобаны 23,5% таңдаған.



1. *Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстары* қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін әліпби жобасын таңдаған. Аталған өңірлерде әліпби жобаларын ашық талқылауға қатысқандардың басым көпшілігі, баяндамашылар мен ұсыныс-пікір білдірушілердің талқылауы нәтижесінде осы әліпби нұсқасының басқа нұсқаларға қарағанда артықшылығы басым екенін атап өткен. Ашық талқылауға қатысушылар осы нұсқадағы **ә, ө, ү** әріптерін умлаутпен, **ғ** әрпін бревиспен, **ш** әрпін седильмен, **ү**-ны макронмен таңбалауға және **ч** таңбасын әліпби құрамынан алып тастауды, **і** мен **ї** таңбаларын өзара ауыстыруды толыққанды құптаған. Жобадағы әріптердің реті, эстетикалық тұрпатының сақталғандығы, диакритикалардың тілдің дыбыстық жүйесіне сәйкестігі, графика үйренушіге қиындық тудырмайтындығы жайлы ерекше пікірлерін білдірген.

Ашық талқылауға қатысушылар бекітілген әліпбидің жетілдірілген нұсқасынан бас тарту керектігі жайлы ұсыныс білдірген. Күнделікті қолданыста ақут арқылы берілген жалғыз жолүсті таңбаның көзшалымға қолайсыз тұстары көп екендігін айтқан. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін әліпби нұсқасын қабылдап, аз ғана өзгеріс енгізу, мәселен, **Ы, І, И, Й** дыбыстарының таңбалануын қайта қарастыру, сыңар әріптердің бір-біріне ұқсас таңбалануына қатысты пікірлерін айтқан. Алайда Ақтөбе облысының кейбір мамандары қазақ тілінің табиғаты бойынша еріндік дауыссыз **У** дыбысы мен еріндік дауысты **Ұ, Ү** дыбыстарын бір қатарға қойып, оларды графикалық жағынан ұқсас таңбалауға болмайтынын ескерткен.

2. *Атырау, Жамбыл, Қостанай, Павлодар облыстарындағы* ашық талқылауда бекітілген әліпбидің жетілдірілген нұсқасы көпшілік дауысқа ие болған. Әріптердің таңбалануында тек ақут белгісін пайдалану көбірек қолдау тапқан. Себебі латын әліпбиінің алдыңғы нұсқасымен көп тәжірибе жұмыстары жүргізілгендігі, ақутпен таңбалауға үйреніп қалғандығы жайлы пікірлер айтылған.

3. Талқылауға қатысушылар арасында *Алматы қаласы, Алматы (Талдықорған), Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары* аралас жобаға қолдау білдірген. Бұл өңірлер аралас нұсқаны кеңірек және нақтырақ талқылаған.

Ашық талқылауға қатысушылар әліпби жобасы мәселесінің оң шешілуіне орай кәсіби білікті мамандар пікірлерінің ортаға салынуы өте тиімді екендігін баса айтып, әліпбиішілік өзгерістерге қатысты төмендегі ұсыныстарын берген:

- «в, ф, и, х, Ъ» әріптерін әліпби құрамынан шығару;
- бірыңғай төл дауыстыларды (ә, ө, ү, ұ) «умлаутпен», төл дауыссыздарды (ғ,ң,) бревиспен белгілеу;
- латын бағанындағы **U** и әрпін **W** w әрпімен ауыстыру;
- латын бағанындағы **Ұ** ұ әрпін **U** u таңбасымен ауыстыру.
- **Ыы – І і, Іі – іі, Уу – Ww, Uu – Ұұ, Йй – Уу** ретінде беру;
- **У** дыбысын базалық латын әліпбиіндегі **Ww** таңбасымен беру;
- қай нұсқасында болмасын **в, х, һ, ф**, дауысты **у** мен **и** дыбыстарын таңбалау қажет емес, алып тастау керек. Тіл әуезділігін сақтау үшін өте маңызды.
- әліпбиге **Чч** әрпін қосып, оны **Сс** таңбасымен белгілеу;
- **Şş** әрпін **Šš** таңбасына ауыстыру.
- диграфтар алынып тасталып, «бір әріп – бір дыбыс» принципін сақтау.
- **У** дыбысын **U** таңбасымен беру;
- умлаут таңбасы дауысты дыбыстарды ажыратса, бревисті дауыссыз дыбысқа қою;
- **Ш** дыбысын седиль таңбасымен (**Š**) беру.



Республикалық ашық талқылау шарасы

(14.02.2020 жыл)

Дауыс беру қорытындысы

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін әліпби жобасы

№	Облыс/қала
	<i>Нұр-Сұлтан қаласы</i>
	<i>Шымкент қаласы</i>
	<i>Ақмола облысы</i>
	<i>Ақтөбе облысы</i>
	<i>Қарағанды облысы</i>
	<i>Қызылорда облысы</i>
	<i>Солтүстік Қазақстан облысы</i>
	<i>Түркістан облысы</i>
	<i>Шығыс Қазақстан облысы</i>
Барлығы: 9 52,9 %	

Бекітілген әліпбидің жетілдірілген нұсқасы

№	Облыс/қала
	<i>Атырау облысы</i>
	<i>Жамбыл облысы</i>
	<i>Қостанай облысы</i>
	<i>Павлодар облысы</i>
Барлығы: 4 23,5%	

Аралас жоба

№	Облыс/қала
	<i>Алматы қаласы</i>
	<i>Алматы облысы</i>
	<i>Батыс Қазақстан облысы</i>
	<i>Маңғыстау облысы</i>
Барлығы: 4 23,5%	

**ТІЛ МАМАНДАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨНІРЛЕРДЕ ӨТКЕН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АШЫҚ ТАЛҚЫЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес 2020 жылдың 5 наурызында өңірлердегі тіл мамандарының арасында әліпби жобасындағы жекелеген таңбаларды ғылыми тұрғыдан қайта саралау мақсатында республикалық ашық талқылау ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты – әліпби құрамындағы **и, і** және **ж, ң** дыбыстарының таңбасын қарастыру, **ц, ч** дыбыстарына таңба арнау, **с, w, x** таңбаларын пернетақтада орналастыру ұсыныстарын өңірлік тіл мамандары арасында талқылау.



Әліпби жобаларын талқылауға республикамыздың 17 өңірінің жоғары, арнаулы және орта білім беретін оқу орындарының оқытушылары, ғалымдары, докторанттар, магистранттар, мемлекеттік органдардың тіл мәселесіне жауапты қызметкерлері, тіл басқармалары мен мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының мамандары және БАҚ өкілдері қатысты. Қатысқан тіл мамандарының саны – **630**.

1. Ашық талқылаудың қорытындысы бойынша еліміздің 9 өңірі, атап айтқанда, *Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Ақтөбе, Түркістан, Атырау, Алматы (Талдықорған)*, тіл мамандары әліпбидің жетілдірілген нұсқасын толықтырусыз, еш өзгеріссіз осы қалпында қалдыру мәселесін бірауыздан қолдаған.

Тіл саясаты комитеті тарапынан ашық талқылауға тізімі берілген ұсыныстар бойынша нәтиже төмендегідей:

- аталған өңірлерде Ч және Ц әріптерін әліпби құрамына енгізу қажет еместігіне басымдық берілген, еліміздің 15 өңірі С әрпін әліпбиге енгізуге, С әрпімен Ц-ны, Ç-мен Ч дыбысын белгілеуге қарсы болса, *Қостанай облысының* тіл мамандары С әрпімен Ц-ны, Ç мен Ч дыбысын белгілеуді қолдаған; Ал *Жамбыл облысы* бойынша талқылауға қатысушылардың 50% С әрпімен Ц-ны белгілеп, Ç седильтмен Ч-ны (С) белгілеуді құптаған, 50% қарсы болған.

- жалпы сыртқы тұрқы көзшалымға қолайсыз және басқа әріптің таңбасы ретінде тану оқылымда қиындық келтіретіндіктен, И дыбысын Jj-мен, Zz-мен Ж дыбысын белгілеуге 17 өңір қарсылық білдірген.

- 12 өңір «Іі» мен «İi» таңбаларын өзара ауыстырып қолдануды толыққанды құптаса, *Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Жамбыл облыстары мен Өскемен (ШҚО) қаласындағы талқылауға қатысушылар* «Іі» мен «İi» таңбаларын өзара ауыстыруға қарсы болған, «i» таңбасын өз орнында қалдыруды ұсынған; *Алматы қаласы* Ы-ны і-мен, Й-ды Ү-мен таңбалауды ұсынған.

- 15 өңір Nn әрпінің орнына Nŋ (энг) таңбасын өзгеріссіз қалдыруды ұсынса, *Қостанай облысы* N әрпіне бревис диакритикасын қоюды және *Шымкент қаласы* N таңбасының орнына кирилдегі Н-ды немесе W қалдыруды ұсынған.

- 16 өңір W, X, C таңбаларын пернетақтада орналастыруды қолдаса, *Алматы қаласы* қазақ әліпбиіне қатысты мәселе емес деп шешкен.

Төмендегі 3 өңірдің әліпби жобасына қатысты пікірі мен ұсыныстарында қарама-қайшылықтар байқалды:

1. *Шымкент қаласының* тіл мамандары әліпбиді жалпы халыққа ыңғайлы етіп құрастыруды, жан-жақты қарастырып, бір шешімге келу туралы ұсынған жасаған. Талқылауға 30 адам қатысқан, 7 тіл маманы сөйлеген. Қоғам белсендісі, блогер Ә.Әссәнди латын әліпбиінің әріптерін қазақ тіліндегі барлық дыбыстарды белгілеуге жеткізе алмай тұрғанда, W, X, C таңбаларынан бас тарту дұрыс емес деп, қазақ тіліне тән емес B, Ф, Ц, Ч дыбыстарынан бас тарту қажеттілігін айтқан. Басқа тіл мамандары I мен i таңбалары ұқсас, дыбыстық тіркеске түскенде 2 әріп Uu таңбасына ұқсайды, бұл оқуды қиындатады деген пікір айтқан. Дыбысталуы бірдей таңбаларға арнайы таңба берудің қажеті жоқ деп есептеген. И-ға Ү таңбасын беру, I-ні Ы-мен таңбалау, Q таңбасының орнына Қ-ны, N таңбасының орнына кирилдегі Н-ды немесе W-ды беру жайлы ұсыныстарын айтқан және Nŋ әрпін жазуға қолайсыз деп таныған.

2. *Қызылорда облысы* тіл мамандары ұсынылып отырған әліпби жобасының 20%-дан астамы жарамсыз, бұл жобаны мүлдем ұсынуға болмайды деп шешкен. Талқылауға 45 тіл маманы қатысып, 3 филологтың пікірі тыңдалған. Қатысушылар ұсыныс-пікірін білдіргендердің ішінен Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың қазақ тілі мен әдебиеті және





журналистика кафедрасының профессоры, ф.ғ.к. А.Абасиловты бірауыздан қолдаған. Ол әліпбиден Х, Һ, В дыбыстарын алып тастауды, Х, Һ дыбыстарын Қ-мен, а В дыбысын У-мен игеруді ұсынған. Ы және І дыбыстарын бір таңбамен (І-ы, і-і) беру, И-ды Ү-мен беру, У-ды W-мен беру қажеттігін айтқан. Ұ дыбысын макронмен белгілеуге қарсылық танытқан.

3. **Алматы қаласындағы** талқылауға қатысушылар тізімі берілген 7 ұсынысты қазақ әліпбиіне қатысты мәселелер емес деп танып, оларды қарастырмау туралы шешім қабылдаған. Ұсынылып отырған қазақ тілінің латын графикасы негізіндегі әліпбиінің жетілдірілген жобасын жалпы қолдайтындарын айта келіп, кейбір әріптерге байланысты ғылыми негізделген нақты ұсыныстарын айтқан:

- 10-қатардағы (Йй) дыбысын Үу әрпімен таңбалау;
- 26-қатардағы Uu таңбасын Ww әрпімен ауыстыру;
- 27-қатардағы (Ұұ) дыбысын Uu әрпімен таңбалау;
- 30-қатардағы (Ыы) дыбысын нүктелі Іі әрпімен таңбалау;
- жоғарыдағы ұсыныстарға сәйкес әріптердің (жұбымен) орналасу тәртібін қайта қарау.

Өңірлер бойынша жекелеген тіл мамандарының ұсыныстары:

- У дыбысы W таңбасымен берілуі тиіс;
- Ы мен І дыбыстарын бір таңбамен (Ы-І, і-і) беру;
- Й дыбысын Ү таңбасымен беру;
- Әліпбиден Х, Һ, В, Ф дыбыстарын алып тастау, Уу таңбасымен тек сонар й дауыссызын таңбалау;
- «і» мен «ү» дыбыстарын, бревиспен белгілеу;
- диакритикалық таңбаларды азайту;
- жұптастыру заңына сәйкес Ыы, ы-у және і-ү, і-у әріптері таңбаларымен белгілену ұсынылсын;
- п әрпін тильдамен белгілеу және әріптің аты *ың* деп айту ұсынылсын;
- ұ, ү жұптарын жуан-жіңішке үлгісімен Uu (ұ), Üü (ү) таңбаларымен беру;
- «Ш» дыбысын кирилдағы С-мен немесе «С» дыбысын кирилдағы «С» таңбасымен таңбалау.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІ БАСШЫСЫ-
НЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ М.ӘШІМБАЕВТЫҢ ТАПСЫРМАСЫНА
СӘЙКЕС ӘЛПБИ ЖОБАСЫН ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДА ҚАЙТА САРАЛАУ
БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АШЫҚ ТАЛҚЫЛАУ ШАРАСЫ**

05.03.2020 жыл

№1 кесте

Әліпбидің жетілдірілген нұсқасын еш өзгеріссіз қалдыруды қолдаған өңірлер	
1.	Нұр-Сұлтан қаласы
2.	Ақмола облысы
3.	Ақтөбе облысы
4.	Алматы облысы
5.	Атырау облысы
6.	Қарағанды облысы
7.	Павлодар облысы



№5 кесте

Ң дыбысын Ӣ таңбасымен беру	
<p>Ақмола облысы Нұр-Сұлтан қаласы Алматы қаласы Алматы облысы Ақтөбе облысы Жамбыл облысы Қарағанды облысы Қызылорда облысы Батыс Қазақстан облысы Солтүстік Қазақстан облысы Павлодар облысы Шығыс Қазақстан облысы Маңғыстау облысы Атырау облысы Түркістан облысы</p>	<p>Қостанай облысы (<i>N бревиспен беру</i>)</p> <p>Шымкент қаласы (<i>Ң-мен, W таңбасымен беру</i>)</p>
Қолдайтындар: 15 өңір - 88,2%	Қолдамайтындар: 2 өңір - 11,7%

№6 кесте

W, X, C таңбаларын пернетақтаға орналастыру	
<p>Ақмола облысы Нұр-Сұлтан қаласы Алматы облысы Ақтөбе облысы Жамбыл облысы Қарағанды облысы Қызылорда облысы Қостанай облысы Батыс Қазақстан облысы Солтүстік Қазақстан облысы Павлодар облысы Шығыс Қазақстан облысы Маңғыстау облысы Атырау облысы Түркістан облысы Шымкент қаласы</p>	<p style="text-align: center;">1</p> <p>Алматы қаласы (<i>қазақ әліпбиіне қатысты мәселе емес деп шешкен</i>)</p>
Қолдайтындар: 16 өңір - 94,11%	Қолдамайтындар: 1 өңір - 5,8%

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ә.К.Қабаевтың тапсырмасына
сәйкес жетілдірілген әліпби жобасындағы
ДИАКРИТИКАЛЫҚ ТАҢБАЛАРДЫ сынамадан өткізу бойынша
республикалық ашық талқылау шарасының
қорытынды е с е бі**

2020 жылы 28-29 қазан күндері Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ә.К.Қабаевтың тапсырмасына сәйкес жетілдірілген әліпби жобасындағы диакритикалық таңбаларды сынамадан өткізу бойынша республикалық деңгейде талқылау шаралары өткізіліп, нәтижелері анықталды.

1-кесте. Қатысқандар:

	Сынамаға қатысқан өңірлер	Қатысқандар саны	Жалпы саны
	Ақмола облысы (Көкшетау)	60	16 өңірден 2140
	Ақтөбе облысы (Ақтөбе)	60	
	Алматы қаласы	–	
	Алматы облысы (Талдықорған)	110	
	Атырау облысы	80	
	Батыс Қазақстан облысы (Орал)	120	
	Жамбыл облысы (Тараз)	75	
	Қарағанды облысы (Қарағанды)	64	
	Қостанай облысы (Қостанай)	500	
	Қызылорда облысы (Қызылорда)	76	
	Маңғыстау облысы (Ақтау)	358	
	Нұр-Сұлтан қаласы	60	
	Павлодар облысы (Павлодар)	37	
	Солтүстік Қазақстан	60	
	Түркістан облысы	310	
	ШҚО (Өскемен)	80	
	Шымкент қаласы	60	

Сынамаға қатысуға тиісті 17 өңірдің 16-сы шараға онлайн және офлайн форматында белсене араласып, өз қорытынды топтамаларын берді. Шараға 1 өңір, Алматы қаласы белгісіз себептермен қатыспады.

**2-кесте. Диакритикалық таңбаларды сынамадан өткізу нәтижесі
(сандық көрсеткіш 16-дан):**

	Қолданылған диакритика	қол-дайды	қарсы	жартылай √	қолдау пайызы	қарсы пайызы
1	Ң әрпін	Ññ (тильда)	8	–	3 (12%)	68 %
		Ŋŋ (энг)	5	–		32%
2	Ш әрпі Şş седильмен	15	–	1 (Павлодар)	94 %	4 %



3	Ә, Ө, Ү дыбыстары Ää, Öö, Üü умлаутпен	16	–	–	100 %	–
4	Ғ дыбысы Gğ бревиспен	14	1 (Павлодар)	1 (Жамбыл)	87 %	13 %
5	У дыбысы Ūū макронмен	13	2 (Ақтөбе, БҚ)	1 (Жамбыл)	81 %	19 %

Өңірлерден түскен пікірлер барысында қандайда бір диакритикалық үстемелер төңірегінде айтарлықтай талас-талқы байқалмады. 2-кестеде көрсетілгендей, /ә/, /ө/, /ү/ дыбыстарын таңбалайтын Ää, Öö, Üü (умлаут) – 100%, /ш/ дыбысын беретін Şş (седиль) – 94 %, /ғ/ дыбысына алынған Gğ (бревис) – 87 %, /ұ/ дыбысын таңбалауға берілген Ūū (макрон) – 81 % қолдау тапты. Ал /ң/ дыбысын беруге ұсынылған Ññ (тильда) және Ŋŋ (энг) таңбаларының бірін таңдауға келгенде, 68 % де 32 % пайыз көрсеткішімен Ññ (тильда) басымдыққа ие болды.

Кейбір қайталанып келетін пікірлер /i/ мен /и/ дыбыстарының таңбасына қатысты айтылады: /и/ дыбысын і әрпі арқылы, керісінше /i/ дыбысын (төбесі түртілмеген) ı таңбасы арқылы таңбалау оларды бір-бірінен ажырату тұрғысынан оңай болмағаны, дауысты /i/ дыбысының үстіндегі үйреншікті нүктенің алынып тасталғаны пікірталас тудырғаны айтылады.

Жекелеген ұсыныстар:

Батыс Қазақстан:

- Қазақ тілінде төл дыбыстар саны 28 болғандықтан, әліпбиде де 28 ғана таңба болғаны, тиісінше әліпби жобасындағы өзге тілден енген әріптердің (в, ф, х, һ, и) алынып тасталғаны жөн. Өйткені жат әріптер жазылым, айтылым нормаларын, тілдің табиғи болмысын бұзады.
- 1991 ж. түркі тілдерінің ортақ әліпбиіндегі үлгімен /ы/ – ı, /i/ – і арқылы, /й/ – у, /у/ – w арқылы таңбаланғаны жөн.

Ақтөбе облысы:

- /у/, /ұ/, /ү/ дыбыстарына ұқсас таңба беруге болмайды, себебі бұл таңдау қазақ тілінің /ұ/, /ү/ төл дыбыстарына қауіп тудырып, /у/ дыбысына артықшылық береді. /У/ дыбысын базалық латын әліпбиіндегі w таңбасымен беру ұсынылады.

Жамбыл облысы:

- Дауысты /ә/, /ө/, /ү/ дыбыстарын таңбалауда жіңішкелік белгісі ретінде «умлаут» қоятын болсақ, /ы/ дыбысының жіңішкесі ретінде /i/-ні у үстіне «умлаут» кою арқылы таңбалап, кісіні шатастыратын көп і-ден арылуға болады. Нүктесі жоқ ı дауысты /и/ болса, нүктесі бар і /й/-ді таңбалар еді.
- /ы/ мен /i/ дыбыстарының жуан-жіңішке жұптығын ескеріп, сыртқы формасының ұқсастығын былайша сақтауға болады: /ы/ – y, /i/ – ŷ, мысалы, tyl – tŷl (тыл – тіл), udys – tŷgŷs (ыдыс – тігіс).
- Термин сөздерді халықаралық тұрпатына ұқсатып жазғымыз келсе, и/й-дің бас әрпіне нүкте қойылмағаны дұрыс болады, нүкте қойылса, ол сөз толықтай халықаралық тұрпатын сақтамайды: *Institut*. І әрпінің бас әрпі халықаралық стандартқа сай жазылмай, тек кіші әрпі ғана халықаралық стандартқа сай жазылатыны түсініксіз.





Қызылорда облысы:

- **Х, в** әріптерін әліпби құрамынан алып тастаған жөн, **х** әрпі жазылмай, «рақмет», «дастарқан» болып қолданылып жүр.

Павлодар облысы:

- /ш/ дыбысы **sh** қос әріппен берілсе де қиындық тудырмайды немесе **S** әрпінің үстіне нүкте, сызық таңбаларын қою арқылы жазуға да болады.

Қорыта айтқанда, диакритикалық таңбаларды республикалық деңгейде сынамадан өткізу шарасының нәтижесі көпшіліктің пікірі негізінен бір жерден шығатынын көрсетті: жетілдірілген әліпби жобасында қолданылған диакритикалық таңбалар бұрынғы әліпби жобаларындағы нұсқаларға қарағанда әлдеқайда көзшалымға оңтайлы, эстетикалық тұрғыдан көркем; жіңішке дауыстыларды умлаут, жуан дауыстыларды макрон арқылы беру халықаралық стандарттардағы және басқа әліпби тәжірибелеріндегі қолданысқа сай жүйеге түскен. Умлауттар қолшалымға бастапқыда аздаған қолайсыздық келтіргенімен, қолдағдысы қалыптасқан соң жеңіл болады.

III ТАРАУ

ӘЛПБИ, ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ: ҰСЫНЫС, ТАЛҚЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕ

«ЛАТЫННЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ӘЛПБИІ: ҰСЫНЫСТАР, ТАЛҚЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕ» АТТЫ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ЖАНЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ТОПТАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН КЕҢЕСІНІҢ СТЕНОГРАММАСЫ

Алматы қаласы,
2020 жылғы 20 ақпан

Қатысқандар: Н.Дәуешов, Ә.Қаба, Е.Тілешов, Е.Қажыбек, Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, А.Алдаш, З.Базарбаева, Ж.Жақыпов, Б.Момынова, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, Г.Мамырбек, Л.Еспекова, Ж.Жұмабаева, Қ.Сәрекенова, Н.Рсалиева, М.Тұрсынова, Қ.Қалыбаева, Ж.Қоңыратбаева, А.Хабиева, Қ.Ерғалиев, М.Ахмет-төре, Ш.Құрманбайұлы, Б.Ысқақова, С.Құлманов, Қ.Айдарбек, Б.Жөнкешов, Қ.Рысберген, Ә.Сатыбалдин, Д.Көшім, Е.Сәлім, А.Үдербаев, А.Сейтбекова, М.Мұхаметқали, Т.Аяпова, М.Жолшаева, С.Сапина, Т.Ермекова, Б.Қапалбек, Ж.Абуов, Н.Төлебаев, М.Адамова, А.Мұқышева, Ж.Есенбай, Н.Әміржанова, А.Аманбаева, Н.Төленбергенова, Р.Ізғали, Н.Исин, М.Бақытқызы, М.Зәкиев, Ж.Жақыпов.

Ә.Қаба: Қайырлы күн, құрметті ғалымдар! Бүгінгі кеңестің жауапкершілігі өте жоғары. ҚР Премьер-Министрінің бұрынғы орынбасары Сапарбаев Бердібек Мәшбекұлы әліпбиді жетілдіру жұмыстарын қортындылау, қабылдау және қолданысқа енгізу сатысындағы стратегиялық жоспарға қол қойып, бекіткен болатын. Ол жоспарда қадам-қадам бойынша атқарылатын жұмыстар нақты көрсетілген, оны жүзеге асыруға Мәдениет және спорт, Білім және ғылым, Ішкі істер, Ақпарат және қоғамдық даму министрліктері жауапты. Бүгін біз сол жоспарды орындау бойынша жиналып отырмыз және латынға көшу жұмыстарының барлығы осы әліпбиді бекіту мәселесімен тығыз байланысты екені белгілі. Сол үшін жұдырықтай жұмылып, жазу реформасының дұрыс әрі сәтті жүзеге асуына жанашырлықпен қарайық. Жалпы латын әліпбиіне көшу жұмыстарына қатысты Мәдениет және спорт вице министрі Дәуешов Нұрғиса Мұратұлына сөз береді.

Н.Дәуешов: Құрметті, кеңеске қатысушылар! Баршаңыз жақсы білетіндей, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2019 жылдың 21 қазанында Мәдениет және спорт министрі Райымқұлова Ақтоты Рахметоллақызына бекітілген латын әліпбиі нұсқасын жетілдіру жөнінде тапсырма берді. Содан бергі уақытта министрлік тарапынан бірқатар ғылыми, әдістемелік және ұйымдастырушылық шаралар жүзеге асырылды. Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық, Ақпараттық және техникалық сүйемелдеу жұмыс топтарының жеке және бірлескен семинарлары өткізілді. Бұл отырыстарда ғалымдар мен мамандар әліпби, оның



емле ережелері мәселелерін талқылады. Осындай талқылаулар барысында әліпбидегі кейбір дыбыстардың таңбалануында жазылым мен оқылымда қолайсыздық тудыратын таңбалар бар екендігі анықталды. И/Й (I), Ұ (U), У (Y), Ш (Sh), Ч (Ch) таңбаларына байланысты қолайсыздық туындағанын өздеріңіз жақсы білесіздер.

Осы таңбалар мен жалпы әліпбиге байланысты қазан, қараша, желтоқсан айларында оқушылар, студенттер, ересек тұрғындар, оқытушылар, әдіскерлер арасында сынама жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар ғылыми мониторинг негізінде қорытындыланды.

Латыннегізді қазақ әліпбиінің халықаралық жүйелерге сәйкестігі маңызды екендігі ескеріліп, Ақпараттық және техникалық сүйемелдеу жұмыс тобы мүшелерінен Unicode стандарты бойынша техникалық сараптама алынды. Бұларға қоса Министрлік әліпбидің ғылыми және әдістемелік мәселелері бойынша «Жаңа әліпби: әдістеме және халықаралық тәжірибе» атты ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Конференцияға Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан және өңірлерден жетекші ғалымдар қатысып, латыннегізді әліпбидің мазмұны, оның емле ережелері және оларды үйретудің бағыттары ортаға салынды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде әліпби жөнінде айтылған пікірлерге мониторинг жүргізілді. Сол бойынша ғалымдар сараптама жасады. Яғни көпшіліктің әліпби жөніндегі пікірлері де назарға алынды.

Президент тапсырмасынан кейін Министрлікке өздерінің әліпби жобаларын ұсына-тындардың саны артты. Атап айтқанда, 20-дан аса жоба келіп түсті. Осылармен таныса келе, олардың өзара ұқсастықтары ескеріліп, Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының 8 және 15 қарашада өткізілген біріккен отырыстарында 8 жоба ғылыми талқылаудан өткізілді. Бұл арада әліпби ұсынушылардың қазақ тілінің төл табиғатын ескермей, ағылшын тілінің әліпбиін негізге алғандары, сонымен бірге компьютерді тілге емес, керісінше тілімізді компьютерге бейімдегісі келетіндіктері байқалды.

Орфографиялық жұмыс тобының 15-қарашада ұйымдастырылған отырысында жетілдірілген әліпбидің нұсқасы мақұлданды.

Министрлік тарапынан атқарылған мақсатты жұмыстардың бір бағыты Министрлік, Тіл саясаты комитеті, «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы өкілдері мен мамандары әліпбиге байланысты теле, радио хабарлардағы әліпбиге байланысты талқылауларға қатысып көпшіліктің сауалдарына жауап берді.

Сондай-ақ Мәдениет және спорт министрі Райымқұлова Ақтоты Рахметтоллақызы жоба ұсынған азаматтарға жеке қабылдаулар жүргізді.

2020 жылы осы жұмыстар жаңа қарқынға ие болғандығын айтуға тиіспіз.

Орфографиялық жұмыс тобының 15 қарашадағы отырысында мақұлданған жобаға балама ретінде екінші нұсқа дайындалды. Бірінші нұсқа бекітілген әліпби бойынша ақут диакритикалық белгісіне негізделсе, Орфографиялық жұмыс тобының бірнеше мүшесі дайындаған екінші нұсқада қазақ тілінің табиғаты, әліпби түзудің қағидағтары мейлінше ескерілді. Бүгінгі бірлескен кеңесте осы нұсқаларды таныстырып, өзара талқылап, пікір айтысып, ортақ шешімге келіп, бір нұсқаны Ұлттық комиссияға ұсынатын боламыз. Біз бүгінгі бірлескен кеңеске үлкен дайындықпен келдік, бірнеше бағытта жұмыстар атқарылды.

Біріншіден, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде ғалымдардың, әдіскерлердің 30-ға жуық мақалалары жарық көрді. Бұл еңбектерде бекітілген әліпбидегі қолайсыз таңбалар, ұсыныстар мен пікірлер кең түрде айтылды. Олар жөнінде қоғам тарапынан үлкен қызығушылық болғанын да айтуға тиіспіз.

Екіншіден, Нұр-Сұлтан қаласындағы мектептер мен жоғары оқу орындарында жоғарыда аталған әліпби нұсқалары бойынша сынама жұмыстары жүргізілді. Оған мектеп





мұғалімдері мен оқушылар, жоғары оқу орындарының ғалымдары, оқытушылары, магистранттар мен студенттер қатысты. Олардың нәтижесі бойынша бүгінгі кеңесте ақпарат алатын боласыздар.

Үшіншіден, әліпби жобаларының халықаралық Unicode жүйесіне сәйкестігі жөнінде сараптамалық қорытынды алынды.

Төртіншіден, Министрлік Ұлттық банкке арнайы хат жолдап, аталған нұсқалардың біреуі қабылданған жағдайда ол банк жүйесіне, банктік операцияларға қаншалықты тиімді болатындығы жөнінде анықтама алды.

Құрметті әріптестер, бүгінгі бірлескен кеңесіміздің мақсаты биік, жауапкершілігі жоғары екенін әрқайсымыз терең түсініп, бүгінгіміз бен болашағымыз үшін жасайтын қадамымызды мұқият пысықтағанымыз жөн. Барша халық сіздер мен біздерге қарап отырғанын терең сезініп, ғылыми негізі мықты, тіліміздің төл табиғатын сақтауға құрылған әліпби нұсқасын таңдауымыз қажет. Таңдау бізде болғанымен, оны қолданатын жалпы халық, ертеңгі ұрпақ. Сол үшін де бұл мәселеге ерекше азаматтық позиция, ғылыми принцип ұстануымыз қажет.

Кеңес жұмысына сәттілік тілеймін!

Ә.Қаба: Рақмет, Нұрғиса Мұратұлы! Кеңесімізді ары қарай жалғастырайық. Бүгін талқылауға 4 әліпби нұсқасы шығуы керек еді, бірақ оның біреуін алып тастадық. Ол аралас әліпби жобасы болған. Ол жобада *ә, ө, ұ, ү* дауыстылары қазіргі кирилдегі тұрпатымен әліпбиге енгізілген болатын. Бірақ ол әліпби нұсқасы Орфографиялық топ мүшелері талқысынан өткізілмеген және 14 ақпандағы ашық талқылау шарасы негізінде бұл жобаны қоғам қолдаған жоқ. Сондықтан ол жобаны күн тәртібінен мүлде алып тастадық. Соңғы шешім дауыс санау арқылы анықталады. Сол үшін есеп комиссиясына араларыңыздан адам ұсыныңыздар.

Г. Мамырбек: Мархаба Тұрсынова, Ләззат Еспекова, Алмас Үдербаев.

Ә.Қаба: Олай болса енді бірінші әліпбиді талқылауды бастайық. Әліпби жобасын таныстыру үшін сөз Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Қажыбек Ерден Задаұлына беріледі.

Е.Қажыбек: Құрметті, әріптестер! Бүгінгі ұсынылып отырған жоба Тіл білімі институтының емес, бұл жоба 30 жылдан бері қарай белгілі ғалымдар тарапынан әбден зерттеліп жасалған әліпби. Атап айтқанда:

1. «Бірінші халықаралық түркі әліпбиі симпозиумының» қарары (1991)

2. Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Түркияда өткізілген арнайы халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың қарарлары (1992-1995) және осы қарарларға сәйкес даярланған Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, академик Ә.Т.Қайдардың нұсқасы.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының нұсқасы (2006-2015)

«Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу қорытындысы. «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы». Монография. –Алматы, 2016. 395 б.

4. «Türk Keneşi» Халықаралық ынтымақтастық ұйымының ұсынымы (2012 жылғы 1 желтоқсан)

«Türk Keneşi» («Turkic Council») мақұлдаған Ортақ түркі әліпбиі негізіндегі қазақ латынграфикалы әліпбиінің нұсқасы

5. Халықаралық Түркі академиясының нұсқасы

«Түркі ортақ латын әліпбиі». Монография. –Астана, 2017. 239 б.





6. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі ұлттық комиссияның Қазақ тілін латын графикасына көшіру жөніндегі Жұмыс тобы ұсынған «Қазақ тілінің классикалық латыннегізді әліпбиі» (2017)

7. «Екінші халықаралық түркі әліпбиі симпозиумының» қарары (2018 жылғы 20-21 қараша)

8. «Қазақ тілінің жаңа әліпбиі: Тіл мамандарының ортақ тұжырымы» атты ғылыми-практикалық дөңгелек үстелдің қарары (2019 жылғы 6 қараша)

9. «Ұлы дала тұлғалары: Қазақтану іліміндегі академик Ә.Т.Қайдардың тілдік әлемі» атты халықаралық форумның қарары

(ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы) (2019 жылғы 6 желтоқсан)

Бұл жобаның басты ерекшеліктері:

[й] дыбысы у әрпімен беріледі: *bay, say, ayaq*.

[і] дыбысының [ы] сынары ұқсас *ı* таңбасымен беріледі: *qır, jır*.

w әрпімен қазақтың төл дауыссыз дыбысы таңбаланады: *taw, sawap*.

Халықаралық практикаға сәйкес, кейбір кірме дыбыстар төл дыбыстарды таңбалайтын әріптермен таңбаланады. Бұл мәселе арнайы ережемен реттеледі:

[і] әрпімен төл сөздерде [i] дыбысы (*ini, kim, til, din*) және кірме сөздерде [и] дыбысы (*ministr, internet* [министр, интернет]) беріледі.

[u] әрпімен төл сөздердегі [ұ] дыбысын да (*ult, tul, tur, Nur-Sultan*), кірме сөздерде кездесетін дауысты [y] дыбысын да (*universitet, prokuratura*) таңбалаймыз. Назарларыңызға рақмет!

Ә.Қаба: Рақмет, Ерден Задаұлы! Енді осы әліпбиді талқылауды бастайық. Кімде қандай пікір бар? Пікір айтушылар сіздерге өтініш, толық аты-жөндеріңізді, қай топ мүшесі екендіктеріңізді айтып, өздеріңізді таныстырып өтсеңіздер. Пікірлеріңіз нақты, қысқа да нұсқа болғаны дұрыс.

Ж.Жақыпов: Баяндамаңызда қазақтың төл дыбыстарына ғана таңба алу керек дейсіз. Бірақ, әліпбиде кірме дыбыстардың да таңбасы алынған. Әліпби құрамындағы **в, ч** әріптерін алып тастауға болмай ма? Екінші сұрағым, бір таңба екі түрлі дыбыстың мәнін білдіреді. Мұның кірме сөздерді қазақ тіліне икемдеуге қандай әсері бар? Әр таңбаның дыбыстық мәні болады. Мұны балаға қалай үйретеміз. Емле ережесінің заңында бір ғана тоқтам болуы керек, екіұдай ереже болмауы керек.

Е.Қажыбек: Әбдуәли Қайдаров нұсқасын ұстанып, **ч** таңбасын әліпбиден алып тастауға болады. Бұл әліпбиде ол таңбалар әрі дауыссызды, әрі дауыстыны береді.

Ж.Жақыпов: Әліпбидегі **w** таңбасының түрі де жаман, әрі оның құрамында **в** да бар, **у** да бар. Мұны қазақ әліпбиіне енгізудің қанша қажеті бар?

Ә.Жүнісбек: Әріптің тұрқына қарамау керек. Ерін жуысыңқының мәнін білдіретін таңба болғандықтан, әліпби құрамына ала аламыз.

М.Адамова: Ерден Задаұлы баяндамасында сауалнама жүргізілді, сынамадан өткізілді деген. Бірақ бұл әліпби халықтың талқысына салынған жоқ, сынамадан өткізілген жоқ. Неге ашық талқылауға шығарылмады? Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан талқылауға берілген әліпби жобаларының ішінде бұл нұсқа болған жоқ. Сіздер үлкендер тарапынан ғана ойлап отырсыздар, ертең қолына қалам ұстаған оқушы бала бұл әліпбиді қалай үйренеді. Біз **w, и, у** таңбаларының қолданылуына қарсымыз.

Т.Аяпова: Тіл білімі институты ғалымдарын аса құрметтеймін. Талай еңбектер жасап жатыр. Бірақ мына әліпбидегі **i-nı «и»** деп оқу балаларға психологиялық тұрғыдан ауыр.



W кейіннен шыққан ағылшындардың таңбасы. Екі у-ды жазу қиындық тудырғандықтан w-ды ойлап шығарған. Сондықтан ағылшынның әрпін алып келіп, қазақ әліпбиіне енгізу дұрыс емес. Біз 6-7 жастағы балаларды ойлауымыз керек.

Қ.Ерғалиев: Әліпбиге **ч** дыбысын да алыпты, бірақ ч-мен келетін сөздердің жиілігі өте төмен. Сондықтан бұл дыбыстың таңбасын әліпбиге алудың қажеті жоқ. Бір таңбаға бір дыбыс қағидасын ұстанамыз дейді де, оған қайшы келетін жүйе ұсынған. Мысалы: *і*, *и* дыбыстарын бір таңбамен *ұ*, *у* дыбыстарын бір таңбамен алады. Бұл жүйе әріп үйренетін жас балаға шатастыру тудырады. Мысалы: *тіре-тире*, *тұр-тур*. Бұл сөздер мәтін ішінде келгенде мағынасы ажыратылатын шығар, ал жеке тұрғанда бала оның кірме немесе төл сөз екенін қайдан біледі? Біз қазір жуу деген сөзді 3 әріппен жазамыз, бұл әліпбимен 5 таңбаға ұзарады, сол сияқты иіссу сөзін 5 әріппен жазамыз, бұл әліпбимен 7 таңба болып кетеді. Таратып жазу қаншалықты тиімді?

Ә.Жүнісбек: 2005-2007 жылдары 5-6 институт қосылып 1 жинақ шығарды. 2016 жылы тағы бір жинақ шықты. Сол жинақтың ғылыми жетекшісі А.Фазылжанова, редакторлары З.Базарбаева, Қ.Күдерінова болды. Қаншама қаражат шықты, министрлік қабылдап алды, нәтижесін дұрыс деді. Енді неге сол нәтиже ескерусіз қалады! **W**-ға келгенде қарсы шығудың қажеті жоқ. Ол таңба біздің артикуляциямыздан айырмашылығы жоқ. 1986 жылдары Әбдуәли Қайдаров алғашқы ұлттық жобаны жасаған. Ол жобада 28 дыбысқа 28 таңба ғана берейік деген.

Е.Тілешов: Менің екі сұрағым бар. Бірінші сұрағым, ұлттық жоба мен сіздер ұсынып отырған жобаның айырмашылығы қандай? Екінші сұрағым, халықаралық терминдерді қазақ тіліне икемдеп жазып отырсыздар. Неге **в**, **ф** әріптерін алып тастамайсыздар? Кірме сөздерге берілетін таңбаларды әліпби құрамында емес, неге бөлек бермейсіздер?

Е.Қажыбек: Біз 30 жыл бойы зерттелген әліпби жобасын ұсынып отырмыз. Мәселе орысша дыбысталатын сөздерде болып тұр. Орысша дыбысталатын сөздер қазақ тіліне икемделуі керек.

Б.Қапалбек: Мен пікірлерімді Abai.kz сайтына жарияладым. Бұл жерде ақут пен умлауттың біреуін ғана талқылау керек. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін әліпби нұсқада 3 түрлі диакритика тұр. Ноқаттарды барынша пайдаланбау керек. Қазір техниканың мүмкіндігі өте зор. Кірме дыбыстарды әліпбиден мүлде алып тастау керек.

Қ.Күдерінова: 2016 жылы Тіл білімі институты зерттеу жүргізген ортақ түркі әліпбиі болатын. 2015 жылы СДУ, АГУ университеттері мен ҒЗИ –ден ақылы сауалнама алынды. Сауалнама нәтижелері сақтаулы, 2016 жылғы жинақтың 340-шы бетінде тұр. Сондағы **и** мен **у**-ға байланысты қорытындыда таратып жазуды қолдамаған. Біз таратып жазуды қазір күштеп енгізіп жібергенмен, кейін қайтадан ықшамдалатын болады.

Ә.Жүнісбек: И мен у-ды орыс әліпбиімен жазып үйренген адамнан сауалнама алуға бола ма? Өйткені олардың санасында и мен у жеке тұр. Егер таратып жазуды ұсынсақ жазу арқылы оңай үйреніп кетеді.

Н.Уәли: Таласа бергеннен ештеңе шықпайды. Қазір халықтың атынан сөйлейтін болдык. Ол дұрыс емес. Бұл жағынан байыпты болайық. Үш жоба да ғылыми жоба, негіздеделері бар. Жазуға келгенде қайсысы тиімді соны шешуіміз керек. Жазу – көптің құралы. Орфографияның елу жылдан бергі маманымын. Жазуға абай болайық. Бұл әліпбимен *Исаев*, *Уәлиханов*, *Уәлиді* қалай жазамыз? Кірме *ме*, *төл ме*? Оны бала қалай ажыратады? *Уақыт* деген сөзді қалай жазамыз? *Инжил*, *інжіл* бұларды қалай жазамыз. Әсіресе оқытушыларға қиын болады. Сондықтан бір пәтуаға келейік. Халық ғалымдар бар ма, жоқ па? деген дәрежеге жетті. Бұл жоба жазудың тәсілдеріне қайшы келеді.

Н.Исин: Әліпби бекіту оңай емес. Бірталай кемшіліктер айтылды. Халыққа ашық дауысқа салып таңдайық. Референдуммен шешейік.



М.Ахмет-Төре: Өнер мен ғылымның мәселесін дауысқа салып шешуге болмайды. Мамандардың пікірі ескерілуі керек.

Е.Қажыбек: Біз бұл әліпбиді интернетке шығарып, талқылауға салғанбыз.

Н.Дәуешов: Осы күнге дейін әр адамға мүмкіндік берілді. Барлық пікірді тындап келеміз. Әрине, халық – әрқашан биік. Бірақ ғалымдардың пікіріне сүйенуіміз керек. Сондықтан маман пікірі басты назарда болуы керек. Әңгімені ұзартпай, тұжырымға келуіміз қажет.

Ә.Қаба: Пікірталас барысында бірқатар мәселелер айтылды. Соларға жауап беру үшін сөз Ерден Задаұлына беріледі, регламент 5 минут.

Е.Қажыбек: Бұл біздің 30-жылдың ішінде қаралып жасаған ортақ жұмысымыз болатын. Дауыссыз дыбыс дауыссыздың таңбасымен берілуі керек. *В, ф* дыбыстарын алып тастауға біз де дайынбыз, бірақ қоғам оны қабылдамайды. Бұл әліпбидің артықшылығы бір дыбысқа бір таңбамен беру.

Ә.Қаба: Құрметті ғалымдар, осымен Ерден Задаұлы ұсынған әліпбиді талқылау аяқталды. Келесі жоба бекітілген әліпбидің жетілдірілген әліпби нұсқасы. Бұл нұсқа орфографиялық топтың талқылауынан өткен және жетілдіру жұмыстарын осы орфографиялық топтың мүшелері жүргізген. Жобаны таныстыру үшін сөз А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Базарбаева Зейнеп Мүсілімқызына беріледі.

З.Базарбаева: Қазақ тілін латын графикасына көшіру мәселесімен Тіл білімі институты 90-жылдардан бері шұғылданып жүр. Менің алғашқы мақалам 1998 жылы «Караван» газетінде шығыпты. Сонда латын графикасына көшкен Еуропа және түркі тілдерінің тәжірибесі жан-жақты зерттелген болатын.

Латыннегізді жобаны ұсынғанда, оның ғылыми негізі болуы керек, тілдің тарихын, оның диалектикалық дамуын ескеру қажет. Дыбыс пен әріптің қарым-қатынасын анықтау керек. Барлық тілдерге ортақ бірнеше әмбебап қағидаттар бар: әліпбидің әр таңбасының өзіндік мағынасы болуы керек және ол басқа таңбалардан ерекшеленуі тиіс, әліпбиде қосымша әріптер болмауы керек, олардың функциясы басқа таңбалармен қайталанбау керек, емле ұлттық тілдің табиғатына сәйкес болуы керек және басқа тілдің ережесін алмаған абзал, төл болмаса тілге бейімдемей сол күйі алуға болмайды. Жазбаша және ауызша сөйлеу формалары арасындағы нақты арақатынас емле ережелері арқылы және ұлттық әліпби негізінде белгіленеді.

Әріп дыбыстың (фонеманың) таңбасы. Әріп фонеманың таңбасы болғанымен, оның тілдегі дыбыстардың санымен бірдей болуы шарт емес. Еуропа тілдерінің фонетикалық жүйесі жақсы дамыған. Бір әріп бірнеше фонеманы таңбалайды. Әріптер әрдайым дыбысқа дәлме-дәл сәйкес келуі мүмкін емес. Мысалы, француз және ағылшын тілдерінде 35, 44 фонема бар, бұл фонемалар 26 латын әрпімен беріледі. Оның себебі неде?

Әр тілдің фонетикалық құрылымның дамуы оның жетілген дыбыс жүйесінің нәтижесі болып табылады. Әр тілдің фонетикалық жүйесі даму үстінде. Оған сыртқы және ішкі фактілер әсер етеді. Сыртқы фактілер: жаңа фонемалар жаңа ұғыммен, терминологиямен толығады және көршілес мәдениет пен өркениеттің ықпалымен толығады. Ішкі фактілер – ол тілдің өзіндік заңдылықтары, фонологизация құбылыстары. Фонеманың аллофондары тәуелді позициясынан айырылып, дербес фонемаға айналады.

Жаңадан пайда болған фонемаларды таңбалау керек. Оның екі тәсілі бар: диграф және диакритикалық таңбалар арқылы. Жазуы ертерек қалыптасқан тілдерде диакритикалық таңбалар, диграфтар әліпбидің құрамына кірмеген: итальян, француз, ағылшын тілдері. Олар тек жазуда пайдаланады.





Жазуы кейінірек қалыптасқан тілдерде диграф, әсіресе диакритикалық таңбалар әліпбидің құрамына кірген. Сондықтан Шығыс Еуропа тілдерінің әріптер саны 30-40-қа жетеді. Неміс тілінің әліпбиі 30 әріпті қамтиды. 26 әріпке 3 умлаутпен жасалған (*ä, ö, ü*) әріп және бір лигатура қосылған. Скандинав (швед, фин, норвеж) тілдерінде 29 әріп. Румын, молдован тілдерінің әліпбилерінде 31 әріп, поляк, литва, эстонда 32 әріп, латышта 33, венгр, чех әліпбилерінде 40-42 әріп бар.

Әр тіл төл фонетикалық жүйесіне сәйкес диакритикалық таңбаларды пайдаланады. Диакритикалық таңбалардың өз қызметі болады. «Умлаут» дауысты дыбыстардың жіңішкелігін көрсетеді. «Седиль» ызың дауыссыздардың қасиетін көрсету үшін пайдаланады. «Бревис» дауыссыздардың, ал «макрон», «тильда», «трема» дауысты дыбыстардың ерекшелігін көрсетеді.

2018 жылдың 18 ақпанында латыннегізді жаңа қазақ әліпбиі бекітілді. Қазақ тілінің ұлттық дыбыстары «акут» арқылы белгіленді. Акут дегеніміз - әріпүсті диакритикалық белгі. Диакритикалық белгілер латын әріптерінің негізгі дыбыстық мағынасын түсіндіру немесе өзгерту үшін Еуропалық және түркі тілдерінде кеңінен қолданылады. Жаңа әліпби 32 әріптен тұрады, соның ішінде 6 әріп акутпен таңбаланған және екі диграф (*sh, ch*) бар.

Бекітілген әліпбиде ұлттық дыбыстар акут диакритикалық таңбасымен берілген. Ғалымдардың пікірі бойынша, осы әліпбиге кейбір өзгерістер енгізу керек. I мен Й, И дыбыстарын беретін таңбаларды өзара алмастыру және и-дің бас әрпін нүкте арқылы /İ/ түрінде таңбалау ұсынылады: *Institut, universiada, respublika, ministrlık, kino, jinalys; bilik, Irmşık, ızgılık, kırıspe, bilim*. Себебі I дыбысы Й, И қарағанда қазақ сөздерінде жиі кездеседі, сондықтан әріпүсті нокаттар көбейіп кетеді. Ал түркі тілінің және жалпы түрік әліпбиінің тәжірибесі бойынша I нокатсыз ұлттық дыбыстарды таңбалауда қолданылады, мысалы, *Istanbul*.

У дыбысын U таңбасымен беру ұсынылады: *Universitet, turizm, magistratura, juu, qaru, беру, buu*. Сонда халықаралық сөздер көп тілдердегі тұрқына ұқсас жазылады, ал қазақ сөздерінде базалық норма сақталады.

Ұ дыбысын Ū таңбасымен беру ұсынылады: *Ūsynys, jūrnaq, mağlūmat, qūrylys*. Дыбыстық жағынан өзара ұқсас таңбаларды әліпбиде қатар орналастырған дұрыс. Сонда /U/, /Ū/, /Ū/ таңбалары оңай танылып, қабылданады және «кирил жазуындағы Ұ әрпінің ортасындағы сызық латында осы дыбысты таңбалайтын әріптің үстінен қойылады» деп ассоциация арқылы үйрету /Ū/ графемасын тез танып, жазуға септігін тигізеді.

Ш (*Sh*) дыбысын седиль таңбасымен (*Š*) беру ұсынылады: *Šańyraq, qaşyqtyq, alaş, úşınşı, şeşim*. Седиль диакритикалық таңбасы еуропа және түркі тілдерінде жиі кездеседі және ызың (жуысынқы) дауыссыздардың ерекшелігін белгілеу үшін пайдаланады. *Sh* диграф екі түрлі оқылып, шатасу тудырады, мысалы, *shema (шема/схема), sholast (шоласт/схоласт), ashana (ашана/асхана), Eshil (Эхил, Эшул), Ashat (Ауам/Асхам)*. Сонымен бірге қазақ тіліндегі «бір дыбыс – бір таңба» принципін сақтауға да мүмкіндік туады.

Ch (*Ч*) таңбасын әліпбиден алып тастау ұсынылады, себебі Ч дыбысы қазақ тілінің төл сөздерінде кездеспейді және әліпбидің базасында С әрпі жоқ. Сондай-ақ біраздан бері Шымкент, Шамалған деп жазамыз да айтамыз.

Ғ дыбысын бревис диакритикасы арқылы Ğ таңбасымен беру ұсынынылады: *jańğyru, ğylum*. Еуропа және түркі халықтарының әліпбиінде бұл белгі негізінен қысқа дыбыстарды таңбалау үшін қолданылады және UNICODE жүйесінде бар.

Ң дыбысын халықаралық фонетикалық әліпбиде бар Ñ (энг) таңбасымен беру ұсынылады. Мысалы: *ańşu, jańbyr, köleńke*. Бұл белгі кирилнегізді қазақ әліпбиіндегі Ң графикасына ұқсас болғандықтан тез дағдыландырады, әріпүсті таңбаларын көбейтпейді және қолды үзбей жазуға ыңғайлы.



«Акут» диакритикалық белгінің екі қызметі бар:

Біріншіден, акут – сөз екпінінің белгісі. Мысалы, *Janár, Aisaulé, Nazgúl, Qyzdarhán*. Екпін сөздің соңғы буынына түсетінін көрсетеді.

Екіншіден, акут француз тілінде *accent égu* қысаң дыбыстарды белгілейді: *écouter, écho, émotion, événement*. Ашық дыбыстарды *accent grave* белгілейді: *prière, poème, rivière, frère*.

Сондай-ақ, өзге тілдер үшін қазақтың *súzbé, álém, sálém, kúmán, tárbíé, kóleńké, kúrés* деген сөздерінде акут белгісі сөз екпінінің белгісі ме, әлде төл дыбыстарының ерекшелігін көрсетіп тұр ма, бірден анықтау қиын. Біздің ойымызша, *акут* диакритикасын *умлаут* диакритикасымен ауыстырса, бұл диакритикалық белгі дауыстының жіңішкелігін көрсетуші өз қызметін атқарады.

Акут диакритикалық белгісі басқа тілдерде көбінесе дауыстыларға қойылады. Сондықтан дауыссыз ғ әрпі ǵ - мен ң әрпі ń – мен таңбаланғаны латынжазулы кеңістікке аса таныс емес практика. Сонымен, Ғ әрпі *brevic* диакритикалық белгімен берілсе, ǵ өзінің фонетикалық қызметін дұрыс атқаратын болады. Ал ң әрпі ƚ таңбамен белгіленсе, жолүсті таңбалар азаяр еді. Бұл өзгерістердің арқасында, латын графикасына негізделген жана қазақ әліпбиі жалпы түркілік әліпбиге де жақынырақ болады. Назарларыңызға рақмет!

Ә.Қаба: Рақмет, Зейнеп Мүсілімқызы! Енді осы әліпбиді талқылауды бастайық. Кімде қандай пікір бар? Акутқа қатысты ешқандай пікір болмаса, келесі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін әліпби жобаны таныстырсын. Құрметті ғалымдар, осымен бекітілген әліпбидің жетілдірілген нұсқасын талқылау аяқталды. Келесі жоба умлаут негізді әліпби. Бұл нұсқа Орфографиялық топтың талқылауынан өткен және жетілдіру жұмыстарын осы топтың мүшелері жүргізді. Жобаны таныстыру үшін Еуразия Ұлттық университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жантас Алтайұлына сөз беріледі.

Ж.Жақыпов: Ә, Ө, Ү – жіңішке дауысты дыбыстарын *умлаутпен* (¨) таңбалаудың (*älpbi, örkeniet, ükmet*) негізіне тоқталайық.

Біріншіден, умлауттың жіңішке дауыстылардың жеке таңбасын жасайтын диакритикалық белгі екенін латын әліпбиін қолданатын осы заманның жұрты түгел біледі. Әрі бұл – түрік, эзербайжан, түркімен, неміс, фин, кельт т.б. тілдерде тек осы қызметте қолданылады. Және бір айғақ қосайын: бұл әріптер неміс тілінде диграфтарға балама ретінде: *ä – ae-нің, ö – oe-нің, ü – ue-нің* орнына пайдаланылады екен. Соңғы айғақты жіңішке дауыстыларды диграфпен бергісі келгендер үшін келтіріп отырмын. Ә, Ө, Ү дыбыстары қазақ тілінің ерекшелігін, басқалар үшін экзотикасын көрсететін дыбыстар екенін білеміз, осыған орай стилистикалық мақсатта қолданылатын еркін умлаут туралы да ескерте кеткен жөн. Кейбір жағдайларда умлаут фонетикалық мәнде емес, экзотикалық түр беру үшін, мәселен, ағылшын атауларын «германдық түр» беру үшін қолданылады екен. Демек, умлауттың ұлттық реңге қандай да бір қатысы бар.

Екіншіден, умлаут диакритикасы мәтінде көзшалымға ыңғайлы, танымдылығы жоғары. Бұл белгі UNICODE жүйесінде жиі қолданылады.

Бұл жобаның негізгі ерекшелігі умлаутты. Енді осы қосалқы таңба алынғандықтан, жобада өзгертуге тура келген әріптерге тоқталайық. Акут әліпбиде дауысты да, дауыссыз да бір акутпен ажырап тұрды. Ал умлаутта олай жасай алмаймыз, себебі умлаут тек дауыстылардың жіңішкелігін көрсететін қосалқы таңба, ол дауыссыздарға қолданылмайды. Қолданылған күннің өзінде ешқандай функциямен байланбайды. Сондықтан Ғ дыбысын бревис диакритикасы арқылы Ǵ таңбасымен беру ұсынылады *janǵyru, ǵylym*.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін әліпбидің тағы бір ерекшелігі: І мен Й, И дыбыстарын беретін таңбалардың өзара алмастырылуы және и-дің бас әрпіне нүкте



қойылуы: *Institut, jinalys, universiada, paida, irkit, izgiliк, bilim*. Сонда термин сөздер халықаралық тұрпатына ұқсас әрі көзшалымға қолайлы болады, мысалы, *piramida, respublika*;

Сол сияқты Ң дыбысын Ӣ (энг) таңбасымен беру тиімді. Себебі бұл әріптің жиілігі жоғары екен, сонда оған диакритиканы қолданбасақ, қосалқы таңба көбеймейді, қолжазуда қол жазу жолынан үзілмейді деп көрсетті әдіскерлер, әрі мына таңбаның графикалық кескіні бедерлі, көзге бірден ерекше ажырап көрінеді, сол арқылы тіліміздегі мұрынжолды ң дыбысынан айрылып қалмаймыз деп санаймыз.

Ұ дыбысы әріпүсті сызықша (макрон) арқылы Ū таңбасымен берілді. Сонда бұл жобада еріндік У, Ұ, Ү дыбыстыран таңбалауға /U/, /Ū/, /Ü/ қатары алынды, тексеріп көргенімізде, әдістемешілер мен ғалымдардың көбі мұның көзшалымға, қолдағдыға икемділігін айтты. Бұлай бағалануына маңызды себеп У дыбысын базалық латын әліпбиіндегі өз таңбасымен, яғни U таңбасымен берілуі еді: *konstitusia, respublika* сияқты сөздердің тұрпаты халықаралық қолданыстағы нұсқасына ұқсас келеді. Сөйтіп олар мәтін ішінде тез танылады, әрі ғалымдардың зерттеуі бойынша У әрпінің Ұ әрпіне қарағанда жиілігі аса жоғары, диакритиканың көптігін тудырмас үшін де У-ды диакритикасыз U-мен таңбалаған ыңғайлы екен.

Ш дыбысы Ş (*седиль*) таңбасымен берілді, әзербайжан, өзбек, түркімен, түрік және т.б. көптеген әліпбиде ызың дауыссызға қолданылады. Бекітілген жобадағы SH диграфымен таңбаланған Ш дыбысын Ş таңбасымен беру қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін әліпби жобасы тұтастай «бір дыбыс – бір әріп» принципіне негізеді.

Ch (Ч) таңбасын әліпбиден алып тастау ұсынылды. Ч дыбысы қазақ тілінің төл сөздерінде кездеспейді, әдеби нормада жоқ. Ал шеттен кірген сөздерде белгілеу үшін герман тілдеріндегі сияқты *чи* дыбыс тіркесін пайдаланған жөн. Мысалы: *koutsin, tšarter*. Ч-мен келетін шеттілдік сөздердің саны да аз әрі олардың қолданылу жиілігі де төмен.

Бұл жобалық нұсқада қазақ тілінде қалыптасқан әліпби дәстүріне сай әріптердің реттілігі мен жүйелілігі қалпына келтірілді. Ескерілген ұсыныстар мен пікірлердің негізінде жаңа қазақ әліпбиін көпшілікке оңай үйретуге, көздағдысы мен қолдағдысын тез қалыптастыруға, сондай-ақ оның емле ережелерін меңгертуге де қолайлы болмақ.

Ә.Қаба: Рақмет, Жантас Алтайұлы! Үш әліпби де таныстырылды. Пікірлеріңізді ортаға салыңыздар.

Е.Қажыбек: Таныстырылған әліпби жобалары бірте-бірте жақсарып келе жатыр. И мен у дыбыстарының таңбалануы шешілген жағдайда даулы мәселелер де шешімін табады. Бұл жерде негізгі принципіміз төл дыбыстарды таңбалауға басымдық беру болуы керек. Дауысты у-дың таңбасын дауыссыз у-ға беруге болмайды. Қазақтың дауыссыз у-ын орыстың дауысты у таңбасымен беру қате.

Ж.Жақыпов: 11-пункттегіні амалсыз алып отырмыз. Латындағы таңбаның дыбысталуына еріп отыруымыз керек. Таңбаны дыбыс деп емес, әріп деп үйретуіміз керек.

Т.Аяпова: W-ды қазақ әліпбиіне қолдануға болмайды. Ол екі у-дан тұрады, қысқа у-ды білдірмейді.

Ә.Жүнісбек: Ақутқа нүкте қойдық, дұрыс. Дауысты мен дауыссызды бір таңбамен беруге болмайды. 24-пунктті қараңыздар, қазақтың у-ын беріп отырмыз. Егер у-ды орыстың у-мен берсек, қазақтың у-ы жоғалады. И де солай. Сондықтан 11 мен 24-ші пункттерді ақылдасуымыз керек.

Қ.Күдерінова: Жазу – шартты нәрсе. Жазудың қызметін дұрыс түсінуіміз керек. Алаш зиялылары «аз әріп көп дыбыс – жақсы жазудың шарты» деген. Ж.Аймауытов мектепте мұғалім болған адам. Ол кісі: «Таластың үлкені у туралы, бір дыбыс болып естілетін и мен у-ларды бір әріппен жазатын ереже шығару керек» деген. Орыстанған сана жоқ болған кездегі пікір осындай болған.





Н.Төленбергенова: Тіл – қоғам өзгерген сайын өзгертін жанды құбылыс. Мемлекеттік қызметкерлерді оқытып жүрген әдіскермін. И мен у-ды таратып жазбай қазіргі күйінде қалдыру керек. Халық әліпбиді күтіп отыр. Бүгін нақты бір нұсқаны қабылдауларыңызды сұраймын.

М.Адамова: И мен у мәселесін үлкен адам тарапынан қарамай, әдістемелік жағынан қарау керек. Сауалнама алғанда халықтың басым бөлігі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін әліпби жобасын қолдады. Сол жобаны қалдыру керек.

Ж.Жақыпов: Бәрі бірдей еріндік дыбыс болғандықтан, 11 және 24 пунктке мәселе көтерудің қажеті жоқ.

Ж.Абуов: Оқушылармен көп кездесемін. Әліпбиде с әрпі жоқ. Түрік, әзербайжанда бар. С таңбасын ш-ға алуды қарастыру керек.

Н.Рсалиева: Қазіргі заманда и мен у дыбысын таратып жазайық деген мәселе ойдан жасалып отырған жасанды проблема сияқты көрінеді. Бұл екі дыбыс шетел тілдерінің біразында да бар. Орфоэпияның нормаларын орфографияға қалай шығаруға болады? Шұбалыңқы жасаудың қажеті жоқ. Соңғы төрт ғасырда сөздер қысқарған екен. Әсерлі тілдер сөзі қысқа нұсқа тілдер. Әсерсіз тілдерде сөз шұбалыңқы ұзақ жазылады, оқуға қиын. Ұзартып жазу қазір ұят нәрсе.

Ә.Қаба: Өте жақсы пікір. Қазақ сөзге тоқтаған халық. Жақсы пікірлер айтылды, талқыланды. Үш жобамыздан бір жоба шығып отыр. Нақты шешіп алатындай бір-екі мәлеле бар. **Ч** дыбысын алып тастаймыз ғой? Иә, барлығыңыздың дауысыңызбен алып тастаймыз. Келесі мәселе **Ғ** дыбысының үстіне бревис әлде умлаут қоямыз ба? Бревис дұрыс па, онда соны қалдырамыз. **Ң** дыбысы осылай қалатын болды. Келесі мәселе 11 мен 31 айырмашылық соған не айтасыздар?

Ж.Жұмабаева: Менің ойымша, Тіл білімі институтының жобасында берілген и мен і бір жүйеде кеткен дұрыс.

Ә.Қаба: 11 мен 31 ге байланысты дауыс берсеңіздер. И дыбысын і-мен, і дыбысын 1-мен беруге. Дауыс санаушылар есептеңіздер. Келесі мәселе у дыбысын умлаут бойынша беруді дауысқа салайық. Дауыс санаушылар есептеңіздер. Басқа дыбыстар бойынша барлығымыз бір ауыздан келістік деп ойлаймын. Ешқандай қарсылық жоқ. Бұл жерде осы шешім қабылданып, бірден бекітіліп кетеді деп ойламаңыздар. Ұлттық комиссия қарайды, содан кейін президент қарайды. Жалпы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін әліпби жобасы қолдауға ие болды.

А.Фазылжан: Тіл білімі институтының бір топ ғалымдары ұсынған жобаны да дауысқа салу керек. Төрт жұмыс тобының басы жиі қосыла бермейді.

Ә.Қаба: Дұрыс, Тіл білімі институтының бір топ ғалымдары ұсынған жобаны дауысқа салайық, дауыс санаушылар есептеңіздер.

Құрметті ғалымдар, керемет талқылау болды. Келелі пікірлеріңізді айттыңыздар. Тіл тағдыры шешіліп жатқан жерде өз ойларыңызды білдірдіңіздер. Сіздер бүгін үлкен тарихи мәселені талқыладыңыздар. Қорытынды сөз Нұрғиса Мұратұлына беріледі.

Н.Дәуешов: Құрметті қатысушылар, бүгін біраз талқылау жасап бір тұжырымға, ымыраға келіп жатырсыздар. Сіздер қабылдаған шешімді негізге ала отырып, әліпби жобасын Ұлттық комиссияға ұсынатын боламыз.

Ә.Қаба: Бүгінгі кеңес ғылыми негізде қызу талқыланды. Мына нәрсені баса айтқым келеді. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің, Сүлеймен Демирел университетінің, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің,





Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының ғалымдары қатысты. Бұл бүгінгі кеңестің жоғары деңгейде өткендігін көрсетеді, шешім қабылдауға толық негіз бар. Дауыс беру қорытындысы бойынша қатысқандар саны – 53 адам, дауыс бергендер саны – 43 адам, қалыс қалғандар саны – 4 адам. Қатысқандарыңызға алғыс білдіремін, барлығыңызға рақмет!

«ЖҰМЫС ТОПТАРЫНДА МАҚҰЛДАНҒАН ӘЛІПБИ ЖОБАСЫН ЖЕТІЛДІРУ» АТТЫ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ЖАНЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕСІНІҢ СТЕНОГРАММАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы,
2020 жылғы 13 наурыз

Қатысқандар: *Ғ.Мелдешов, Ә.Қаба, М.Бақтиярұлы, Ә.Асқар, Е.Тілешов, Ә.Жүнісбек, З.Базарбаева, Ж.Жақыпов, А.Фазылжанова, Г.Мамырбек, Л.Еспекова, Ж.Жұмабаева, Қ.Сәрекенова, Н.Рсалиева, М.Тұрсынова, Ж.Қоңыратбаева, А.Хабиева, Қ.Ерғалиев, Т.Аяпова, Қ.Сартқожасұлы, Б.Әбдуағалиұлы, Н.Әшім, Е.Сәлім, А.Шәріпбай, М.Мұхаметқали, С.Омарова, С.Кенжемұратова, А.Қадырхан, Н.Жұмаханова, М.Оразғалиева.*

20 ақпандағы төрт жұмыс тобы мүшелері мақұлдаған әліпби жобасындағы кейбір дыбыстардың таңбалануын қайта қарастыру және С, W, X таңбаларын ұлттық әліпби құрамына енгізу мәселесін талқылау

Ә.Қаба: Құрметті ғалымдар, тіл жанашырлары, шақырылған мамандар, өздеріңізге белгілі Президент әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Әшімбаев Мәулен Сағатханұлы ғалымдар тарапынан бірқатар ұсыныстар түскенін айтып өтті. Осыған байланысты әліпби жетілдіруге қатысты қысқа мерзімдік жұмыс жоспары жасалынды және сонымен бірге бір ай көлеміндегі жұмысты халыққа жеткізу, насихаттау мақсатында тағы да медиажоспар жасалынды. Жұмыс жоспары бойынша 4-наурыз күні аймақтардағы барлық Тіл басқармаларымен әліпбиді жетілдіруге қатысты онлайн конференция өткізілді. Яғни бұл жердегі мәселе **С** әрпін әліпбиге енгізу керек пе?, егер **С** әрпін әліпбиге енгізетін болсақ, оны қандай таңбамен белгілеуіміз керек. Бұл **ц** бола ма басқа әріп бола ма деген мәселе. Екінші, **ч** әрпін әліпбиге енгізу керек пе, керек жоқ па? деген мәселе. Сонымен бірге **й/и** мен **і**-нің таңбалануы мен екеуінің орындарын ауыстыру мәселесі. Өйткені кешегі талқылау барысында шешімін таппаған мәселелердің барлығы осы дыбыстардың шатасу болатындығы жөнінде айтылды. Сондай-ақ осындай талқылау барысында жаңағы **и** дыбысын ауыстыру мәселесі туралы айтылды. **ң** дыбысын жазудың қиыншылықтары бар деген пікірлер болды. Сонымен бірге **w, x, c** дыбыстарын біз әліпбиге енгізуіміз керек пе жоқ әлде оны кірме сөздердің пайдаланылатын дыбыстары ретінде әліпбиге басқа жерлерге белгілеу керек пе? осы мәселелер төңірегінде талқылаулар болды. 5-наурыз күні осы төңірегінде біз бүкіл республикадағы, аймақтардағы Тіл басқармаларына осыны түсіндіріп, осы мәселелер төңірегінде ашық талқылаулар өткізіңіздер дедік. Өйткені осы тілді пайдаланатын барлық қажетіне жарататын халқымыз. Сондықтан да оны бүкіл





халықтық демесек те, барлық облыстарда, үлкен қалаларда осы біздің сұрақтарды филолог ғалымдар мен тіл мамандары арасында талқыланды. Оның қорытындылары туралы Анар Фазылжанова таныстыратын болады. Талқылаудың қорытындылары шығарылды. Сол сияқты Еуразия Ұлттық университетінде талқылау өтті. Олардың қорытындылары дайын болды. Қарағанды университетінде талқылау болды. Олардың қорытындылары алынды. Білім ғылым министірлігінде оқушылар мен студенттер арасында қазір талқылау жүріп жатыр. Оның қорытындысы алынады. Сондай-ақ күні кеше Жазушылар одағында, жазушылар үйінде бір топ қаламгерлер мен ғалымдардың кездесуі өтті. Сол жерде осы мәселе ашық талқылау болды. Сондай-ақ күні кеше біз Еуразия Ұлттық университетінде үлкен ғалымдардың бастарын қосып талқылау болды. Ол жерде ғалымдар өз көзқарастарын айтты. Ерекше үлкен тартыспен өтті. Бұлардың барлық жасалған қорытындылардың ішінде бүгін енді нақты қай мәселеге тоқтаймыз, қандай дыбыстарды аламыз, қайсысын қалдыруымыз керек деген мәселе төңірегінде бүгін талқылайтын боламыз. Сіздерге көп рахмет! Ашық талқылаулар өткіздік, кездесулер өткіздік, халыққа жеткізіп жатырмыз, талқылап жатырмыз. Осының қорытындыларымен таныстыруға Анар Фазылжанова ханымға сөз берейік.

А.Фазылжанова: Құрметті әріптестер, әліпби мәселесіне қатысты бүгінгі маңызды жиында барлықтарыңызды көргеніме қуаныштымын! Әділбек мырза барлығын жақсылап түсіндіріп кетті. Өткенде Орфографиялық жұмыс тобы әзірлеген жалпыхалықтық талқы-

лауға түскен умлаутты жобаны жетілдіру бойынша Президент әкімшілігінде өткен жиналыстан кейінгі тапсырмамен біраз жұмыс атқардық. Ол үшін біздер 17 өңірді қамтитын Мәулен Әшімбаевтан келіп түскен ұсыныстарды тексеру үшін 17 өңірді қамтитын талқылау шарасын өткіздік. Енді осы талқылауда Әділбек мырза тоқталып кеткен бірнеше мәселе бойынша алдыңғы әліпбиді өзгертуге қатысты проблемаларды мүлде қабылдамаған өңірлер болды. Бүкіл 17 өңірдің 52,9 пайызы ғой. Яғни жетілдірілген әліпбиді ешқандай өзгеріссіз тура осылай қабыл-

Жоба

Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық және IT-сүйемелдеу жұмыс тобының бірлескен отырысында мақұлданған

ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ӘЛІПБИ

№	Латын	Қырғ	Өрнегі	№	Латын	Қырғ	Өрнегі
1	Aa	Аа	а	17	Dd	Дд	ды
2	Ää	Әә	ә	18	Oo	Оо	о
3	Bb	Бб	бы	19	Öö	Өө	ө
4	Dd	Дд	ды	20	Pp	Пп	пы
5	Ee	Ее	е	21	Qq	Ққ	қы
6	Ff	Фф	фы	22	Rr	Рр	ры
7	Gg	Гг	гы	23	Ss	Сс	сы
8	G̈g̈	Ғғ	ғы	24	Şş	Шш	шы
9	Hh	Хх (h, h)	хы	25	Tt	Тт	ты
10	Ii	Йй (Ii)	йы	26	Uu	Уу	уы
11	Iı	Іі	і	27	Üü	Үү	ү
12	Jj	Жж	жы	28	Üü	Үү	ү
13	Kk	Кк	кы	29	Vv	Вв	вы
14	Ll	Лл	лы	30	Yy	Ыы	ы
15	Mm	Мм	мы	31	Zz	Зз	зы
16	Nn	Нн	ны				



даймыз деген өңірлер: Нұр-Сұлтан қаласы, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстары.

Президент әкімшілігінде ұсыныс айтқан ғалымдардың пікірін мүлде қолдамады. Яғни мына әліпбиді тура осы күйінде өзгеріссіз қабылдаймыз деген қорытынды шығарып бізге жіберді. Келесі мәселелерге тоқталайық, **ц** және **ч** әріптерін әліпби құрамына аламыз ба, алмаймыз ба мәселеде бүкіл 17 өңірдің 88,2%-ы, яғни 15 өңір толықтай бұны қолдамайтынын айтты. Яғни **ч** мен **ц**-ны арнайы таңбамен әліпбиге алмаймыз депті. Екі өңір осы мәселеге басқаша көзқараста болған. Қостанай облысы мен Жамбыл облысы **ч** мен **ц**-ны алуды қолдап отыр. Бірақ Жамбыл облысының 50%-ы ғана осы мәселені қолдаған.

Өткен отырыста **и** дыбысын **ј**-мен беріп, **ж** дыбысын седильді **з** таңбасымен беру туралы ұсыныс айтылған болатын. Бұл ұсынысты айтқан тәуелсіз сарапшымыз, академик – Әділ Ахметов мырза болған. Бірақ бұл ұсынысқа бірде-бір өңірден қолдаушылар болмады.

Енді **і** (**й/и**) – **і** (**и**) алдарыңызда жатқан жобада кирилл графикасындағы **й**-дің орнына ноқатты таяқшаны алып, ал өзіміздің қысаң **і** дыбысына **и** ноқатсыз таяқшаны береміз деп, Орфографиялық жұмыс тобының мүшелері шешкен болатын. Осы мәселені қайтадан қараңыздар, бұрынғы қалпына келтіріңіздер деген ұсыныс болды. Өңірлер бойынша алдарыңызда жатқан жобадағыдай қалу керек **І** (**й/и**) – **И** (**и**) дейтіндер 70,5% екен. Осы мәселеге күмәнмен қарайтындар 29,4% болып шықты. Алматы қаласының ұсынысы мүлдем өзгешелеу болды. Кіші әрпінде ноқат бар, үлкен әрпінде ноқат жоқ.

Президент әкімшілігінің қызметкерлері құжат жасаймыз, ҚР Үкіметінің дегенде **ң** құйрығын қайырып қойып (**η**) жазу біз үшін көзге оғаш көрінетін сияқты, сондықтан осы пікірді де тексеріңіздер деген ұсыныс айтты. Содан кейін осыны қолдайсыздар ма деп сұрағанымызда, 15 өңір бұл мәселені қолдағандар 88,2%. Ал қолдамайтындар 11,7% болды. Яғни бұлар **ң**-ды бревиспен беруді қолдаймыз депті және бір қызығы **w** таңбасымен **н**-ды берген дұрыс деген пікірлер болды.

W, X, C таңбаларды неге ұлттық әліпби жүйесіне алмайсыздар деген ғалымдар да болды. Жаңа айтып кеткен өзіміздің құрметті Әділ ағамыз осы пікірде екен. **W, X, C** келетін шеттілдік сөздерді біз солай жазуымыз керек, ол біздің мұрамыз деген сияқты пікір айтты. Бұл әріптерді ұлттық әліпбидің құрамына кіргізбеу керек дегенді 94,11% айтып қолдап отыр екен.

Ал Алматы қаласы **w**-ды кіргізуді қолдап отыр. Алматыда өткен жиынында **w** әліпбиде болуы керек деген ұсыныс айтылды.

Енді Алматы қаласының ұсыныстарына тоқталайық, мына әліпби бойынша:

10-қатардағы (**Йй**) дыбысын **Yu** әрпімен таңбалау;

26-қатардағы **Uu** таңбасын **Ww** әрпімен таңбалау;

27-қатардағы (**Ұұ**) дыбысын **Uu** әрпімен таңбалау;

30-қатардағы (**Ыы**) дыбысын нүктелі **İi** әрпімен таңбалау деген ұсыныс айтылған екен. Әріптердің орналастыру тәртібін мынау латын, ағылшын тілінің әліпбиінің ретімен емес, жұп-жұбымен қойып шығу керек деген ұсыныс айтылған екен. Ал басқа өңірлер бойынша мынадай жекелеген ұсыныстар айтылған:

У дыбысын **W** таңбасымен беру;

Ы, I дыбыстарын бір ғана таңбамен (**ы-і, i-i**) беру;

Й дыбысын **Y** таңбасымен беру;

Ал **W, X, C, Ы, В, Ф** таңбаларын мүлдем әліпбиден алып тастау керек деген ұсыныстар түсті.

Содан кейін сауалнама өткіздік. Сауалнамаға 550 адам қатысты. Уақыттың тығыздығына байланысты (*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Еуразия*



гуманитарлық институты, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті) жоғарғы курс магистранттарына ғана жүргізе алдық.

Енді осы сауалнама бойынша, латынның с таңбасы туралы:

- **Сс** әрпін алмау, **ц**-ның орнына қазіргі бекітілген әліпбидің емлесіндегідей **s** жазу дегенді 60% сауалнамашы қолдады;

- **Сс** әрпін алып, оны **ц**-ның орнына таңбалау дегенді 35% қолдады;

- Басқа пікір айтқандар 5%, яғни **с**-ны **ш** таңбасы ретінде алайық дегендер.

Енді ч таңбасына тоқталайық:

- **Çç** әрпін алмау, **ч**-ның орнына кәдімгі **ş** (**ш**) жазу дегенді 58% қолдады;

- **Чч**-ны алып, оның таңбасына седильді **ç** әрпін аламыз дегенді 36% қолдады;

- 6%-ы басқа пікір иелері де болды. Олар сол бұрынғыдай **ch**-ны қалдыру, **ч**-ның орнына **с** таңбасын алса деген ұсыныстар айтылды. Ол жерде **ж** таңбасы туралы да ұсыныс болған.

- **Жж**-ны **j** әрпімен беруді 36% қолдады;

- **Жж**-ны **z** әрпімен беруді 18% қолдады;

Енді кирилдегі и таңбасы туралы сұрақтың нәтижесін қараңыздар:

- **И**-ді ноқатты **i** әрпімен алуды 87% қолдапты, яғни жобадағыдай болғаны дұрыс деп отыр;

- **И**-ді **j** әрпімен алуды 5% қолдады;

- Басқа пікір білдергендер де бар. Ол бекітілген, қолданып жүрген жобадағыдай ноқатсыз **И** таяқшамен берейік деген немесе **Уу** берейік дегендер барлығы 8% болып тұр.

Енді кирилдегі Уу таңбасы туралы:

- **У**-ды біздің жобадағыдай **Uu** әрпімен беруді 87% қолдады;

- **У**-ды **Ww** әрпімен алуды 11% қолдады;

Енді келесі мәселе латынның **Xx** таңбасы туралы:

- **X** таңбасын алмау, оны қазақ мәтінде **ks** тіркесімен таңбалау керек дегендер 81%;

- **X** таңбасын алу керек дегендер 19%;

Ң дыбысының таңбасы туралы:

- **Ң** дыбысын жетілдірілген жобадағыдай берейік деушілер 69 %;

- Бревиспен **Ññ** беру керек дегендер 29 %;

- Тильданы (**Ññ**) қолдағандар 12 %.

Ww, Xx, C дыбысының таңбасы туралы:

- Пернетақтаға алу керек деген ойды 70% қолдаған;

- Пернетақтаға алмаймыз, оларды *u, v, ks, s* әріптерімен алмастырып жазамыз дегендер 30%;

- Ал әліпби құрамына енгізу керек дегенге бірде-бір пікір болған жоқ.

Оқу үдерісі жайлы

Мәтінді оқу уақытына назар аударатын болсақ:

- 1-5 минут аралығында – 317 қатысушы;

- 5-10 минут аралығында – 124 қатысушы;

- 10-15 минут аралығында – 50 қатысушы;

- 15-20 минут аралығында – 27 қатысушы;

Қалған 32 респондент жарты сағаттан артық уақыт көлемінде оқыған.

Енді қараңыздар, дәл осы мәтінді жетілдірілген әліпби негізінде де жазып бердік. **Ц**-ны – *ts* арқылы, **ч**-ны – *tş* әріп тіркесімен бердік. Жетілдірілген әліпбимен жазылған мәтіннің оқу жылдамдығына назар аударсаңыздар:

- 1-5 минут аралығында – 364 қатысушы;



- 5-10 минут аралығында – 80 қатысушы;
- 10-15 минут аралығында – 32 қатысушы;
- 15-20 минут аралығында – 23 қатысушы;

Қалған 51 респондент жарты сағаттан артық уақыт көлемінде оқыған. Сонымен бірінші мәтінді 1-5 минут аралығында 317 қатысушы оқыса, екінші мәтінді 364 адам оқыған, яғни екінші мәтінді респонденттерге оқу біршама қолайлы болғанын көрсетеді. Міне жүргізілген сауалнама нәтижелері осындай. Тыңдағандарыңызға рақмет!

Ә.Қаба: Құрметті әріптестер, мына жерде қазір бір-біріміздің сөзімізді бөліп, эмоцияға беріліп, артық әңгіме айтпай таза аргументпен нақты бүгінгі мәселеге байланысты талқылау жасайық. Енді ұсынылып отырған қаріптерге жеке-жеке тоқталып, солар енгізілу керек пе, керек емес пе? Егер енгізсек, оны қандай дыбыспен белгілейміз сол жөнінде жеке-жеке тоқталайық. Бағдарлама бойынша бірінші И дыбысының таңбалануы туралы осы төңірегінде кімде қандай пікір бар? И жөнінде кім айтады? Анар ханым ең алдымен өзіңіз И-ге байланысты қандай пікірлер бар сол жөнінде айтып берсеңіз, сосын ары қарай кімнің қандай пікірі бар соны тыңдасақ.

А.Фазылжанова: Президент Әкімшілігіне Ерден ағай да барған. Сол уақытта ағай сөзінің соңында мына жоба біздің де ұсынып отырған жобамызбен бірдей екен деген болатын. Екі жобаның айырмашылығы у және и әріптерінің дыбыстық мазмұнында болып тұр. Мұқият қарасаңыздар мұнда 31 таңба бар. Сол 31 таңбаның тек екеуі ғана и/й, у таңбаларының дыбыстық мазмұны күрделі болып тұр. Қалған әріптердің барлығының да дыбыстық мазмұны жалаң, бір ғана дыбысты білдіреді. Осы жобадағы и мен у күрделі әріп. Бұлар бір контексте дауыссыз дыбыстың таңбасы ғана жүреді (*ай* дегенде). Бірақ *институт*, *ине* дегенде бұл і және й дыбыстарының тіркесін білдіреді, екі дыбыстың тіркесіне бір таңба ретінде жүреді. Біз неге и дыбысын осы жобада бір таңбамен қалдырдық. Қалдырдық дегенім, осы күнгі жазып жүрген кирилл әліпбиінде де бұл әріптің функциясы осындай. Мысалы, *ине* дегенде 4 дыбыс бар, бірақ біз 3 әріп жазамыз. Бұл дәстүрді сақтағанда соған үйреніп қалған жұртшылыққа да жазуға ыңғайлы. Біз и-ді осылай алып отырған себебіміз, қазір бізде шет тілінен енген сөздердің тұрқын осылай жазсаңыздар біраз елдердегідей жазылуына қатты ұқсап тұрады да, қазақтілді оқырман ол сөзді мәтін ішінен қармап-қармап, тез-тез жылдам оқып кетеді. Ал егер біз и-ді таратып жазатын болсақ, онда шеттілдік сөздердің тұрқы қиындау болады. Тіл білімі институты бұның шешімін былай берген. Мысалы, *институт* деген сөзде де ноқатты таяқшаны жазамыз і-мен, *іні* деген сөзді де осы таңбамен жазамыз. Сонда *институт* деген сөзді ертең қазақтың балалары *інститут* деп айтып кетеді деген бұл өте тамаша идея. Бұл орыс сөзін қазақшалаудың жақсы жолы. Бірақ мұнда гарантия жоқ. Ертең сол бала керісінше *іні* деген сөзді *ини* деп оқуына, *ішік* деген сөзді *ишик* деп оқуына, *тіре* деген сөзді *тире* деп оқып кетуіне кепіл жоқ. Заман басқаша болып тұр. Ол бала қазір оқшау емес, ол орыс тілін күнде тыңдап жүр, ағылшын тілін біледі. Міне сол себепті біз осындай шешімге келіп отырмыз. И дыбысының жағдайы осындай. Рақмет!

Ә.Жүнісбек: Қадірлі әріптестер, мен осындай жиындарға келуге ұялатын болдым. Не істеп жүргендерімізді білмей қалдық қой қазір. Әр нәрсенің ғылыми шешімі болу керек. Біріншіден, мына и-ға байланысты. Дауысты дыбысты дауыссыз дыбыспен белгілеуге болмайды. Сол секілді дауыссыз дыбысты дауыстымен белгілеуге болмайды. Осыны ұстануымыз керек. Екінші бір тілдің дыбыстық таңбасымен, екінші тілдің дыбыстық таңбасымен тағы да ортақ белгілеуге болмайды. И-ге байланысты мәселе осы. Сондықтан Тіл білімі институтының атынан сөйлеймін, солардың шешімін айтамын. Біріншіден, базалық ұстаным дейміз де і-ні алып келіп орыстың и-ына береміз. Екіншіден, қазақ



тілінде дауысты дыбыстар жұптасып тұрады. Өздеріңіз бәрін жақсы білесіздер. Ендеше, **і** әрпін ноқатпен береміз, **ы** дыбысының ноқатын алып тастап **и** таяқша күйінде береміз. Сонда әріптің тұрпаты екі дыбысқа ортақ болып шығады. Анау **а-ә, о-ө, ұ-ү** деген секілді. Бұл негізгі ұстаным осы болу керек деймін. Ал енді кім дегенді ноқатсыз әріппен жазсақ «*kit*», оны балалар қалай оқиды. Қадірлі ағайын 10-ші 11-ші таңбаларға біз осындай өзгеріс енгізіп отырмыз. Соны ұсынып отырмыз және біз ол ұсынысымыздан әзір қайтпаймыз. Ғылыми негіздемесіне сүйеніп айтып отырмын. Ал енді бұрынғы үш әліпбиде де, мынау төртінші әліпбиде де амал жоқ екі ескерту жүреді. **І**-ні кірме сөздерде **и** деп оқимыз деген ескерту болады, **у** дыбысына келгенде де тағы да сондай ескерту болады. Қадірлі ағайын, қазақ тілінде созылыңқы, қысқа дыбыс деген жоқ. Сондықтан қысқа **й** дегенді ұмыту керек. Бізде қысқа **й** емес, өзі бір-ақ **и** бар. Қысқа **й** деген атының өзі бізді шатастырады. **И** туралы менің айтайын дегенім осы.

Ә.Қаба: Сізге тағы бір сұрақ, мынау **і**-ні ноқатпен сол күйінде алдық, ал **ы** дыбысын ноқатсыз **и** деп алдық, ал енді **и**-ді қайтеміз?

Ә.Жүнісбек: **И**-дің өзінің халықаралық таңбасы бар, ол – **Yy**.

Ә.Қаба: Рақмет, тағы пікір білдірушілер бар ма? Қуаныш Ерғалиевқа сөз беріледі.

Қ.Ерғалиев: Құрметті әріптестер, Әлімхан ағамыз енді дыбыстарды жұптап беруді жөн деп санап отыр ғой. Ол да дұрыс шығар. Бірақ мына жерде халықаралық **у** (уай) – мен халықаралық **ы** дыбысы да беріледі ғой. Ал мына **і** дыбысымен келетіндер үстінде ноқат, ноқатсызы әзірбайжан мен түріктерде **і** дыбысы жоқ екен. Сондықтан да құр таяқшамен **и** беріледі. Ал бізде **ы** мен **і**-нің жиілігі жоғары. Сондай-ақ Батыс Еуропа халықтарында **у** (уай) мен берілетін сөздер **ы** дыбысын береді екен. Егер **ы** дыбысын таяқшамен беретін болсақ, *Сыдық, сығып* деген сөздерге күлкі болмаймыз ба тағы да. Бірінші кездегі әліпбиді қабылдап, жұртшылықтың күлкісіне ұшырап едік қой. Сондықтан **ы** дыбысы **у** таңбасымен қалған жөн болар деген ойдамын.

Ә.Қаба: Жақсы, рақмет. Өткенде сауалнама барысында **и** мен **і** дыбыстарының таңбаларын өзара алмастырсақ деген сауал болған. Яғни **і** дыбысын ноқатпен (**і**), ал **и** дыбысын ноқатсыз (**и**) деп берсек.

Ә.Жүнісбек: Ноқатсыз әріпті **ы**-ға берсек. Онда тұрған ешнәрсе жоқ. Бәрібір әліпби құрастырып жатырмыз ғой. Ал енді қазіргі **Almaty** дегендегі соңына **у** жазып отырғаны ол қазақтардың емлесі бойынша емес, ол ағылшындардың алып келген әдісі. Орыс, ағылшындар **ы** дыбысын естімейді, олар үшін ол немой звук, олар ол дыбысты есту үшін Алматы деу керек. Сондықтан анау ағылшындар солай жазды екен деп, біз сол күйінше ала қойғанымыз қалай болады екен деген пікір бар менде.

А.Шәріпбай: Өзімді таныстырып өтейін. Есімім – Алтынбек. Еуразия университетінің Жасанды интеллект институтының директорымын. Әлімхан ағаны толық қостаймын. Бірінші принцип дауыстылар қосарланып берілу керек, жуан-жіңішкесімен симметрия болу керек. Екінші, фонетикада фонема, аллофон деген бар. Жалпы орыстың дауысты и деген дыбысы қазақ тілінде жоқ. Бірақ аллофон ретінде кірме сөздерді оқыған кезде ғана дыбыстауға болады. Сондықтан **і**-ні қазіргі қазақтар қалай белгілеп жүр солай қалдыру керек. Бір дыбысқа-бір әріп деген принципті ұстап отырмыз ғой. Енді бір әріппен қалай дауыстыны да, дауыссызды да белгілейміз оны жана Әлекең жақсы айтып кетті. Сондықтан осыны қолдау керек, бұл тілдің ережесіне де кейін әсер етпейді.

Ә.Қаба: Рақмет. Тағы қандай пікірлер бар.

З.Базарбаева: Құрметті әріптестер, қазір жобалар бөлініп жатыр. Мынау – Тіл білімі институтының жобасы, мынау – Тіл-Қазынаның жобасы. Бұл мүлдем дұрыс емес. Себебі біріншісі Тіл білімі институтының жобасы болса, екіншісі – Орфографиялық жұмыс





тобының жобасы. Ал Орфографиялық жұмыс тобының құрамында көбінесе Тіл білімі институтының қызметкерлері отыр. Сонда біз Тіл білімі институты 30 жылдан бері осы проблемамен айналысып жүрміз. Сонда барлық проблемалар шешілген, бәрі зерттелген. Сондықтан қазір осы Орфографиялық топ құрылды ғой, сонда біз осы Тіл білімі институтының жобасын практикаға енгіздік, сол кезде қателер көрінді. Сонда кірме сөздер мен төл сөздерді екі ережемен береді. Бір әріп екі дыбысты да белгілейді. Осы дүниелер қиыншылық тудырды. Тіл білімі институтының жобасы, яғни бұрынғы жобамыз. Осы соңғы жоба – жетілдірілген жоба. Мұнда барлығы дұрыс. Тек менің бір ұсынысым бар. Жалпы Әділ Ахметов дұрыс айтады. Біз өркениетке жақын болуымыз керек, сондықтан с туралы айтайын деп едім.

Ә.Қаба: С-ны қазір жеке сұрақ ретінде қараймыз. Ал қазір і мен и-дің таңбаларын белгілеп алайық.

З.Базарбаева: Онда и туралы айтайын, *институт, интернет* дегенде ноқатпен жазамыз, ал түрік тілдерінде і ноқатсыз бар. Ол бірақ жуанға беріледі. Сондықтан и дыбысын ноқатпен қалдырсақ дұрыс болады. Мысалы, *інісі* дегенді ноқатпен берсек, көп нүктелер болып кетеді, сондықтан оны ноқатсыз қалдырған дұрыс.

Ж.Жақыпов: Мынау и-ді талқылағанда бірнәрсе есімізде болсыншы. Қазір мынау амал жоқ жұртқа түсінікті болу үшін латын таңбаларының жанына кирилл әріптері дей ме, дыбыстары дей ме соларды беріп отырмыз. Соңында анау кирилл әріптерінің бәрі түсіп қалады. Соны еске алыңыздаршы. Сіздер қайта-қайта и-ға жабысып қалдыңыздар ғой, ұзын и, қысқа й деп.

Ә.Қаба: Мынау с, w, x деген таңбаларды ағылшынша оқитын, ағылшынша білім алған адамдар соған жабысып алған. Осылар қайтсе де кіру керек, өйткені әлемдік өркениетке кірмей қаламыз дейді. Ц, ч, в, ф деген кірме дыбыстар кірсе, қазақ болмай қаламыз деген де пікірлер бар. Біздің мақсатымыз не еді, мақсатымыз – дұрыс ұлттық әліпби жасау.

М.Тұрсынова: Кез келген әріпті жаза бастағанда немесе оқи бастағанда қиындықтары шығады. Енді Қарағанды университетінде латын әліпбиі кейбір мамандықтарға пән ретінде енгізілді, сол кезде ең алғаш әліпби үйретіп бастағанда осы и мен у мәселесі сөз болды. Кейбіреулер халықаралық қолданыстағысын айтады, кейбіреулер ағылшын тіліндегі таңбаларды неге ала салмадық дегенді айтады. Содан кейін и мен і дыбыстарының таңбаларын неге өзара ауыстырмайды деген де пікір бар. Сондықтан біз дыбыстарға таңба беруде (и мен у) дыбыстарына қарапайым халықты да ойлауымыз керек. Олар оның төл сөз немесе кірме сөз екеніне мән бермейді, жазу барысында әріптің ыңғайлылығына, бастысы дұрыс деп танылып, оқылып тұрса болғаны. Сондықтан таңбаларды біржақты қарамау керек.

Т.Аяпова: Қазір тек и туралы ғана айтып отырмыз ғой. Мен бірнәрсені түсінбеймін, неге біз ағылшын тіліне жабысып қалдық. Ағылшын тілі латын графикасын қолданған, соны қалай қолданған. Біз барамыз да ағылшын тілінде былай, бізде де сондай болу керек деп қинаймыз. Біз ағылшын тіліне емес, латын графикасына қарауымыз керек. І деген таңба бар ма, болса соны алу керек. Мен бір ғана мысал айтайын ш деген дыбыстың дыбысталуының 13 түрлі вариантты бар. Сондықтан ағылшын тілінің әліпбиін қазақ тілінің әліпбиіне жалғастыра беруге болмайды. Латын графикасында и дыбысы, і дыбысы қалай берілген соған қарауымыз керек. Меніңше, бұл жоба өте жақсы берілген.

Ж.Жұмабаева: Менің жеке пікірім мынау и мен і мәтін ішінде қатар келсе, қалай болады. Көзшалым үшін қиын ба, оңай ма? Мысалы, киім деген сөзде біреуі ноқатпен, біреуі ноқатсыз таңбаласақ, қалай болады? Сол секілді и дыбысын у таңбасымен беріп





таңбасалақ та, ол сөз танылмай қалмай ма деген сауал бар. Жалпы үстінде ноқат тұрса оның өзі жіңішкелікті білдіреді. Сондықтан **и**-ге кирилл графикасындағы таңбалануын қалдыру керек деп есептеймін.

Ж.Жақыпов: Қатар қолдануына байланысты бірнәрсе айтайыншы. **Ы** мен **и**-нің просодикада бір ерекшелігі бар. Жазбай кетсең де оны айтасың. Бұл да бір осы жобаның тағы бір ұтымдылығы деп ойлаймын. Оны қатар келгенде бала жазады, неге жазбайды. Сондықтан оны проблема қылудың керегі жоқ деп ойлаймын. Тағы бір ескермей отырған мәселеміз, дауыссыз дыбысты дауысты таңбамен деген мәселені мен емес айтқан. Ахмет Байтұрсынұлы біз дауыссыз деп отырған **и** мен **у**-ды жартылай дауыссыз деді. Сондықтан оны дауысты таңбамен белгілеудің әбестігі жоқ.

Л.Еспекова: Ағайдың сөзіне толық қосыламын. **Ы** мен **и**-ні жұптастырып, біреуі жуан, біреуі жіңішке деп қарастырудың еш қажеттілігі жоқ. Өйткені бізде қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, бір сөздің құрамында қаншама қосымшалар келеді, яғни **ы** мен **и**-нің қолданылу жиілігі өте күшті. Осы жағынан келгенде бір сөздің ішінде **ы** мен **и** біреуі нүктемен, біреуі нүктесіз жалғап қолдана беретін болсақ, ол көпшілікті шатастыруға алып баратынын ұмытпауымыз керек. Сондықтан қайта осы екеуі екі түрлі тұрғаны өте тиімді. Бізде қазақ тілінде **и**-дің дауыссыз дыбыс екені Ахмет Байтұрсынұлының, Алаш зиялыларының еңбектерінде талай айтылған. Сондықтан ол дауыссыз **и**-ді қайта-қайта дауыстылармен теліп, оны шатастырмас үшін бұл жерде мына **и** мен **и**-нің таңбалары өте тиімді деп ойлаймын. Осы арада бұл таңбаларды ауыстырудың қажеттілігі жоқ деп ойлаймыз.

Ә.Қаба: Ал енді меніңше біраз талқыладық. Барлық пікірлер айтылды деп ойлаймын. Тағы да пікір білдіремін деушілер бар ма?

Н.Рсалиева: Мен **и** дыбысының ноқатпен қалғанын қолдаймын. Себебі осыған байланысты мысалдарды қалай да жаза беремін. Болашақта жазу деген қалатын шығар. Менің мысалы **и** дыбысымен келетін сөздерді ноқатсыз жазып, қасымда жүрген адамдарға оқытсам, оқи алмайды. Ал егер оны ноқатпен берсем бірден жүгіртіп оқиды. Сондықтан осыны әлі де ойлану керек сияқты.

Ә.Қаба: Жаксы, рақмет! Олай болса қорытындылайық. Қазір енді дыбыстарға байланысты шешім қабылдаймыз ғой, соны қалай істегеніміз дұрыс. Көпшілік айтылған пікірлерге сүйеніп отырып істейміз ба, әлде дауыс беру арқылы ма? Қалай болғаны дұрыс деп ойлайсыздар?

З.Базарбаева: Алдымен осы әріптерге байланысты пікір алмасайық, содан кейін дауысқа саламыз.

Ә.Қаба: Әрқайсысын түйіндеп кетіп отырғанымыз дұрыс болатын шығар. Бағанадан бері байқап отырмын, негізінен екі пікір ғой. Біріншісі **и** мен **и**-нің орнын ауыстыру мәселесі. Олай болған жағдайда оны жақтаушылар да бар, негізінен жақтамайтын адамдар көбірек болып отыр. Өйткені *Сыдық* деген сөздің өзі жаман болып аталуы, ертеңгі күні күлкіге қаламыз деген осындай мәселелер. Сондықтан жалпы бұл жерде менің байқағаным осы әріптер әліпбидегі қалпында қалсын деген пікірлер жеңген сияқты.

Ә.Жүнісбек: Біз ғылыми негізін айттық, енді тыңдамасандар өздерің біліңдер.

Ә.Қаба: Бүгін сіздер үшін ең жауапты күн. Сондықтан ешқандай топқа бөліну деген әңгіме жоқ. Бір адамдай жасаған әліпби ретінде осыны бәріміз келісіп алып шығайық. Сондықтан бүгін бір тоқтамға келейік.

А.Фазылжанова: Құрметті әріптестер, айтпаса сөздің атасы өледі демекші, мен сіздерге жазып көрсетейінші. Бізде **и**-нің жиілігі өте жоғары. **И** деген дыбыс жіңішке сөздің барлық жалғауларында, жұрнақтарында бар. Міне қараңыздар, *өmiriңizdiң* қанша ноқат





болды, ал егер біз **и** мен **і**-нің жиілігін салыстырайық. Кирилл әліпбиінде **и** дыбысы дауыстының да, біздегі *ый/йй* дыбыс тіркесін беретін **и** дыбысы **і**-ге қарағанда жиілігі төмен, яғни **і**-нің жиілігі өте жоғары. Қазір құр әріпті ешқандай контекссіз қарап отырмыз. Ал сіз оны мынау үлкен мәтіннің ішінде қараңызшы. Сонда әріпүсті қосалқы таңбалар азайды ма, азайған жоқ. Енді керісінше мен осыны ноқатсыз жазайын «*ömurüjızduj*». Енді тап-таза болды. Ал енді **и**-ді былай жазсақ «*institut*» және осындай **и**-мен келетін терминдердің санын санадық. Ол өте көп екен. Осы **и**-лер мынандай ноқатпен берілсе, ана мәтіннің ішінде мұны оқып отырған қазақтың баласы оны тез-тез қармап-қармап оқып кетеді. Біз ы+й, і+й дыбыс тіркестерін де бір ғана **и**-мен береміз.

Ә.Жүнісбек: Сонда да «*ай*» деген **й**-мен, «*ине*» дегендегі **и** бірдей ме?

А.Фазылжанова: Ағай сіз әріп пен дыбысты шатастырмаңыз. Дыбыс ол бөлек дүние, әріп ол оның таңбасы. Дыбыс дауысты болады, дауыссыз болады. Ал әріп ешқашан олай жіктелмейді. Ол – таңба. Жазудың мақсаты аз таңбалардың жүйесі арқылы соғұрлым көп ақпаратты соғұрлым түсінікті оқырман үшін жеткізу. Жазудың мақсаты – дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстың бір-бірінен айырмаларын көрсетіп отыру емес. Сондықтан біз әрбір аузымыздан шыққан дыбысты түгендеп отырмайықшы.

Ә.Жүнісбек: Дұрыс емес. Қадірлі ағайын ана мысалдарды ноқатпен жазғанда шатасқан жоқпыз ба? Енді **і**-нің ноқатын алып тастап, **і** деп қалай үйретесің? 16-жылы шыққан үлкен жинақ бар. Тіл білімі институтының ғылыми кеңесі бекіткен. Сол жерде нәтиже жазылған, лингвистикалық сараптаманың арқасында, зерттеудің арқасында, математикалық сараптаудың арқасында. Сөйтіп келіп Тіл білімі институты өзінің әліпбиін берген. Ал енді соны жасаған кімдер? Басында А.Фазылжанова, ар жағында Қ.Күдерінова, Н.Уәли. Ғылыми кеңесшісі – З.Базарбаева. Енді сол қанша жылдың істелген еңбектің нәтижесін көрсетпей, мына жақтан бүйректен сирақ шығарып отыр. Біз кімнің әліпбиін жасап жатырмыз?

А.Фазылжанова: Ағай, сіз кешіріңіз, үлкен басыңызбен қате пікір айтып тұрсыз. Біздің монографияда 250 адамға эксперимент жасағанбыз. Зейнеп апай ғылыми жетекшіміз болды, оның басында Нүргелді Уәли тұрды. Құралай Күдерінова екеуміз осы жобада **и** мен **у**-ды таратып жазуға байланысты 250 адамнан сауалнама алдық. Оған докторлар, магистрлер, сосын Сүлеймен Демирел университеті мен АГУ-дың мұғалімдері қатысты. Ғылыми зерттеу институттарының ғалымдары қатысты. Сонда **у** мен **и**-ды таратып жазған жерде 250 адамның 78 пайызы қате жіберген. Бұл туралы жинақтың 432 бетінде берілген. Сосын осының негізінде біздің қазақтілді қоғам **и** мен **у**-дың таратылып жазуынан қате жібереді екен, ол тиімсіз деп мен қорытынды жаздым.

Ә.Жүнісбек: Зерттеудің нәтижесін көрсетейін. Алдымен қазақтың төл дыбыстарының басын ашып алуымыз керек.

Аа, Әә, Ее, Іі, Іі, Оо, Өө, Уу, Ұұ

Рр, Тт, Ққ(-Кк), Сс, Шш

Вв, Дд, Ғғ(-Гг), Жж, Зз

Мм, Нн, Дң, Лл, Рр, Үү, Вв

Aa	Jj	Pp
Әә	Qq	Rr
Bb	Kk	Ss
Ġġ	Ll	Şş
Gg	Mm	Tt
Dd	Nn	Uu
Ee	Dң	Üü
Iı	Oo	Ww
İi	Öö	Yy
		Zz

Әйпә вйпә хйкә өйе қйчә
ya yu yo ye [a] [i]



Тіл білімі институтының Ғалымдар кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған:

физиология ғылымы кандидаты **А.Фызылжанова**

Арнаулы ғылыми редакторлар:

физиология ғылымдарының докторы, профессор **Н.Уәли**

физиология ғылымдарының докторы **Қ.Күдерінова**

Ғылыми кеңесші:

ҚР ҰА ҒА қорр.-мүшесі, профессор **З.Базарбаева**

Төзгілігі нәтижесі бойынша тілтанымдық талдаудың

қорытындысы (А.Фызылжанова) 389 бетте.

Қорытынды (А.Фызылжанова) 395 бетте.

Тәжірибелік нәтижесі бойынша «онтайлы» болып табылған латын графикасына негізделген қазақ ұлттық әліпби жобасы:

Мінекей, алдарыңызда қазақтың төл дыбыстары тұр, осының сыртынан дыбыс іздеудің керегі жоқ.


Ал енді кірме сөздерді қалай жазамыз деген сұрақ туындайды ғой. Оны міне төменде ерекшелеп көрсеттік. Кірме сөздердің жазылуының халықаралық үлгісі бар оны орыстар да пайдаланады. Бізде осыны пайдаланамыз мінеки. Енді жаңағы жинақтың бірінші бетін қараңыздар.

Міне мынау соның қорытындысы. Мына жерде бәрі көрініп тұр.

Латынша	Кирилше	Ескертпе
Aa	Аа	- латын әліпбиндегі /v/ қазақтың төл сөздерінде <џ> дыбысын береді: <i>ini</i> (іні), <i>bir</i> (бір), ал кірме сөздерде <и>-ді береді: <i>kino</i> (кино), <i>import</i> (импорт);
Ai	Әә	
Bb	Бб	
Vv	Вв	
Gg	Гг	- латын әліпбиндегі /u/ қазақ төл сөздерінде <у> дыбысын береді: <i>ul</i> (ұл), <i>uraq</i> (ұрақ), ал кірме сөздерде <у>-ды береді: <i>universitet</i> (университет), <i>Peru</i> (Перу);
Gr	Ғғ	
Dd	Дд	
Ee	Ее	
Jj	Жж	- дауыссыздан кейін тұрған кәзіргі /и, у/ әріптерінің құрамы [иә, йә, үу, үү] түрінде ажыратылып жазылады.
Zz	Зз	
Yy	Йй	
Kk	Кк	
Qq	Ққ	
Ll	Лл	
Mm	Мм	
Nn	Нн	
Ńñ	Ңң	
Oo	Оо	
Öö	Өө	
Pp	Пп	
Rr	Рр	
Ss	Сс	
Tt	Тт	
Ww	Уу	
Uu	Үү	
Üü	Үү	
Ff	Фф	
Hh	Хх	
Šš	Шш	
Cc	Чч	
h	Һһ	
i	И	



Мына жерде екі ескерту тұр, мың жерден әліпби жасайық, бәрібір. Бұл ескертулерден бас тарта алмаймыз. Енді қараңыздар, қадірлі ағайын! Мына жерде мен **и** дыбысының дауыссыз екенін дәлелдеу үшін арнайы зерттеу жүргіздім.



ABAY JOLI (üzindi).

Ұш күндік жолды бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды. Қорықтан күн сığа атқа мінейік деп асыққан-ді. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайын Байтасты да таң атар-атпаста өзі ояттып тұрғызды еді. Күн ұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған. Кей-кейде өзине танис Көк-үйірім мен Буwratıyген, Тақұрбулақ сығақты қонс-қудықтарды тус-тусына келгенде бала оқсау сığып, астындағы жарав қула bestisin ағыздып-ағыздып та алды...

-Мина баланың ауылға асығуын-ай!

Мынау Тіл білімі институтының дайындаған әліпбиімен жазылған мәтін, көріңіздер.

Бар айтайын дегенім осы.

Г.Мамырбек: Менің айтайын деген пікірім: и мен у мәселесі. Осыған дейін бірнеше талқылау болды, анау Зерендіден бастап. Одан кейін Қапшағайда, Меркідіе осы и мен у мәселесі әлі жалғасын тауып келе жатыр. Бірақ оған ғалымдардың басым көпшілігінің қолдауымен нүкте қойылған еді. Осы и мен у-ға кезінде Ахмет Байтұрсынұлы өз еңбектерінде осы дыбыстарға әртүрлі сипаттама берген. Бірінші жарты дауысты дейді, үнді дауыссыз дейді, ортақ дыбыс дейді, яғни и мен у-дың дыбыстық мәнін бірнеше рет өзгертіп отырған. 1935 жылы Құдайберген Жұбанов қазақтың бел-



гілі фонетик ғалымы «Дара ма, қосар ма?» деген мақала жариялаған. Сонда айтады осы Ахмет Байтұрсынұлындай ғұламаны әуреге салған **и** мен **у**-дың не қасиеті бар дейді. Ол **и** мен **у**-дың дауысты, дауыссыз қылып та айта беретін функциясынан дейді. Сондықтан бұл мәселеге осымен нүкте қойып, әліпбидің нақты, соңғы нұсқасына тоқтасақ екен. Халық күтіп отыр. **И** мен **у**-ды қайта-қайта талқылай бергеннен ештеңе өнбейді. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің еңбектерінде басында таратып жазған, кейінгі еңбектерінде оларды бір ғана дара таңбамен берген. Бұл дау араб жазуының кезінде пайда болды. Ол кезде бастауыш мұғалімдері таратып жазуға қатты қарсы шықты. Одан кейін бұл дау 1957 жылға дейін кириллицада жалғасын тауып, ол кезде бәріңіз білесіздер жазуда ала-құлалық болып сауатсыздық орын алды. Содан кейін барып 1957 жылы біздің Советтік ғалымдар бір-ақ таңбамен таңбалау туралы шешім шығарған. Одан бері қарай ешкім шатасқан жоқ. Сондықтан осы бір таңбамен ары қарай кете беруіміз керек.

Ә.Қаба: Ал ендеше бұл мәселені қорытындылауға жақын қалдық. Осы мәселеге байланысты Мұрат Бақтиярұлының да айтары бар.

М.Бақтиярұлы: Мен тіл маманы емеспін, саясаткермін. Мынау айтыс тартыстың болып жатқанына 3 жылға жуық уақыт болып қалды-ау деймін. Екі жақты тындасақ, бәрі дұрыс сияқты. Бірақ бәрібір бір шешімге келу керек. Қазір анау орыстілді біздің әріптестеріміз бар осы латынға көшудің түкке қажеті жоқ, өздеріңіз әлі айтыс-тартыспен келе жатырсыздар деген. Демек, «мына тіл латынға келмейді, сіздер келесіздер де босқа айтысып жатырсыздар», - дейді. Сондықтан мына айтыс-тартысты азайту керек. Әрине әлемнің өзінде жібі түзу әліпби жоқ. Біз айтып жүрген ағылшындардың өзі реформа жасау керек деген пікір айтып жүр. Сондықтан бір шешімге келгендеріңіз дұрыс болады. Қатып қалған дүние жоқ, оны кейінде ішінара өзгертуге болады. Менің айтарым осы.

Қ.Сәрекенова: Біздің осы мақсатымыз – жетілдіруде халықаралық таңбаларды оқылмағандықтан, жетілдірілсін деп Президентіміз тапсырма берді. Ал енді осы жетілдірілген әліпбиде **и** онсыз да халықаралық тұрпатымен сәйкес келіп отыр ғой. Сондықтан **и** мен **і** дыбыстарының таңбасын өзара алмастыру деген мәселені жабу керек. Ал енді **ы** мен **і** дыбыстары жұп болу керек десек, онда **і** дыбысын да умлаутпен берейік. Бізде әліпби құрамында жіңішке дауыстылар умлаутпен ажыратылып тұр ғой, солардың қатарына **і**-ні де қосайық. Ал ол мүлде келмейді бізге.

Ж.Жақыпов: Бір тарап фонологияны ұстанып отыр. Ал жазу деген ол грамматология деген бөлек пән ғой. Ол әрине фонология еленбейді деген нәрсе емес.

Т.Аяпова: Ағылшындардың өзі созылыңқы, қысқа дыбыс дегендерді транскрипциясымен береді де, оны жазу барысында бір таңбамен береді.

Ә.Қаба: Жарайды, ендеше қорытындылайық. Менің түсінгенім – бұрынғы төбесіне ноқат қойылып келген **і**-ні сол күйінде қалдырсақ, жазғанда, оқығанда да ыңғайлы болар еді. Бір жағынан біз ұлттық бір дыбысымыз болса да сақтап қалар едік деген көзқарас бар. Бұл бір жағынан дұрыс, ал енді екінші жағынан енді латынға көшіп жатырмыз ғой, сол латында пайдаланған таңбаларды сол күйінде қалдыруымыз керек. Осы айтылып жатқан аргументтердің барлығын ескеріп келіп, бір тоқтамға келетін уақыт келді деп ойлаймын. Сондықтан осы әліпбидегі дыбыстардың орнын ауыстырмай, сол қалпында қалсын деген тоқтамға келеміз бе? Сөз басында айтқанымдай, бұл ұлттың мәселесі. Біздің бәлкім бір күніміз кететін шығар. Бірақ ертеңгі күні халық қолданатын дүние болғандықтан, бүгін бір күнімізді қиып, асықпай отырып, ашу-ызаға, эмоцияға салынбай ғалым ретінде әрбір дыбысқа осылай тоқтап-тоқтап талдап өтетін болайық.

Енді екінші кезектегі дыбысымыз – **ң** дыбысы. **ң** туралы өткенде біз Жазушылар одағында болдық. Сонда Қаржаубай ағамыз керемет бір әңгіме айтты. Біздің **ң** дыбысы-



мызға Украина елінде ескерткіш қойылған екен. Өйткені бір кездері **ң** дыбысы біздің түркі аталарымыздың бүкіл әлемді билеген замандарында талай елдер **ң** дыбысын пайдаланған. Осы күнге дейін мәселен, француздар да, басқа елдер де пайдаланады. Мысалы, түріктер өздерінің **ң** дыбысын жоғалтып алды. Қазір біздің мектептегі балалар **ң** дыбысын айтпайды. Жазуда ұмытып кетеді. Оны былай қойған кезде тіпті дикторлар да айтпайды. Сондықтан жоғалып бара жатқан дыбысымызды одан ары жоғалтып алмас үшін дұрыс таңба беруді ойластыруымыз қажет. **Ң** дыбысын мына нұсқадағыдай құйрықты «**ң**», бревиспен «**ñ**», тильдамен «**ñ**» береміз бе? Осы жағын шешіп алуымыз қажет.

Н.Рсалиева: Егер **ң** дыбысына диакритика қоятын болсақ, ол жазу барысында түсіп қалуға ыңғайлы келетін таңба ғой. Ағылшын тілінің тәжірибесінде де бар. Мысалы, көп сөздерде ағылшын тілінің өзінің 26 әрпі жетпегендіктен, үстіне диакритика қойып жазатын тәжірибе өте көп. Меніңше пілге ұқсас таңбамен, бревистің орнына тильда қойылу керек. Себебі тильда жалпы тіл білімінде мұрын жолды дыбысты білдіретін таңба. Бұл диакритикалардың жалпы қабылданған мағыналары бар.

Л.Еспекова: Бревис таңбасы **ң** дыбысына келмейді. Келмейтін себебі, халықаралық фонетикалық әліпбиде әр шартты таңбаның мағыналық қызметі бар. Мына жерде бревис – ызың дыбыстарға қолданылатын таңба. Ал **ң** дыбысы бізде қазақ тілінде мұрын жолды дыбыс болып табылады. Яғни біз мұрын жолды дыбыстың өзінің қызметін жоғалтып аламыз. Ал екінші – біздің әліпбиде ұсынып отырған таңба **ң** (**энг**) халықаралық әліпби бойынша ол мұрын жолды дыбыстарға берілетін таңба. Осы жағынан келгенде, бір ескеретіні бар. Сосын екінші жағынан сіздер айтып отырсыздар **ң** дыбысын айта алмайтындар бар деп, ендеше егер біз **ң** дыбысын осы **ң** (**энг**) таңбамен беретін болсақ, онда ол көпшіліктің еріксіз сол дыбыстың бар екенін мойындатуға жол ашады. Сонда біз сол дыбыстың жоғалып кетуінің алдын аламыз. Сондықтан жетілдірілген әліпбидегі **ң** дыбысының таңбасы дұрыс.

Ә.Қаба: **Ң** дыбысына **ң** (**энг**), **ñ** бревис таңбаларынан бөлек басқа қандай таңбаларды қоюға болады?

Жарыссөз. Тильда берсек болады.

Ә.Қаба: Тильда деген қандай мағына береді, оның қызметі не?

Л.Еспекова: Егер біз **ң** дыбысын **ñ** тильдамен беретін болсақ, ертең ол дыбыстан айырылып қалмаймыз ба? Жазу барысында бұл таңбаны салу балаларға ауыр болады. Сондықтан бұрынғы қалпында қала бергені дұрыс.

Ж.Жақыпов: **ñ** латынның базасында осы таңба тұр ғой. Оны неге қайта-қайта талқылай береміз?

К.Сартқожаұлы: Бұл таңбаны о баста мына латында Томсон пайдаланған. Енді бұл таңба – өзі ғажайып әріп. Неге десеңіз, біз кейде ағылшындарды үлгі тұтып солар сияқты ойланып, кейде солар сияқты болып кете жаздаймыз. Қазақтың өзінің бір ерекшелігі болу керек қой. Біз енді ойлауымыз бойынша **ң** дыбысының аяғын созып бергеніміз дұрыс. Бұл енді базада тұр, ешқандай қиындық тудырмайды.

Т.Аяпова: Енді бұл **ң** әрпі біріншіден ағылшын тілінде бұл транскрипция. Ал енді латын графикасына алып отырғанның бір пайдасы бар. Балалардың көзі кириллицаға үйреніп қалды. Сол сияқты тұмсығы төмен қарай түскен. Адам баласының санасына **ң** дыбысын **ң** (**энг**) таңбалау өте оңай және есте қалады. Меніңше бұл таңба жақсы тұрған сияқты. Енді мұның бір кемшілігі бар. Оның бас әрпі жоқ. Бірақ қуанышқа орай қазақ тілінде **ң** әрпінің бас әрпімен келетін сөз жоқ. Сондықтан мен мынаны 100 пайыз қолдаймын.

Ә.Жүнісбек: Тіл білімі институтының ұсынған таңбасы да осы таңба. Бірақ енді бас әрпі жоқ дегенді қойыңыздар, тұр ғой бас әрпі. Менің айтайын дегенім, ұлттық әліпбиде де осы әріп, оның бас әрпі бар.





Н.Әшім: Біз енді техникалық жұмыс тобының мүшесі ретінде **ң** әрпіне байланысты бір пікір бар. Сіздер қазір оны енді таза лингвистикалық тұрғыдан қарастырып жатырсыздар ғой. Шрифтті таңдау барысында бұл таңбада шектеу болады. Мысалға, плакат сызатын болсаңыз да, компьютермен жазатын болсаңыз да Times New Roman секілді шрифттің төңірегінде ғана қазақ әріптері дұрыс танылады. Егер біз **ң** дыбысына осы таңбаны қалдыратын болсақ, сол күйді тағы кешетін боламыз.

А.Фазылжанова: Нартай сізге сұрақ қояйыншы. **Ң**-ды диакритикасыз өзінің тұрқымен берсек, оқу барысында тез танылады. Яғни бала алғаш сауатын ашқан кезде әрбір әріпті жаттайды, кейін ол оқыған сөздің образын тұтас жаттап алады. Өткенде Орфографиялық жұмыс тобының үлкен жиынында біз **ң** дыбысын ұзақ талқылаған болатынбыз. Сол кезде де осы **ң**-ның таңбасына қатысты мәселе көптеген шрифттерде бұл таңба жоқ деген жауаппен ғана шектеліп қойды. Сосын біз сол отырысқа сіздің әріптесіңіз Аршат Оразды шақырдық. Ол кісі былай деді, сөзбе-сөз айтып берейін: «Құрметті ғалымдар егер қазақ тілі үшін, қазақ жазуы үшін осы таңба дұрыс деп тапсаңыздар, біздер ІТ саласының мамандары бұл мәселені сізге аз шығынмен, аз энергиямен шешіп беруге дайынбыз», - деді.

Н.Әшім: Өкінішке қарай, бұл пікірмен келіспеймін. Егер ол кісілер дизайн жағынан керемет болатын болса, онда қазір кирилл нұсқасындағы шрифттердің саны артар еді ғой. Бір әріптің дизайнын салудың өзі өте қымбат. Әрбір шрифттің авторлық құқығы болады. Егер «Adobe» компаниясы келіссе, біз бұл шрифттерді фотошоптың көмегімен жасап бере аламыз, егер келіспесе, онда қисық-қисық жолдармен барамыз.

Ә.Қаба: Біз өткен жолы жеке-жеке әріптерге байланысты мысалы, банкке, цифрлық министрлікке т.б. жерлердің барлығына апробацияға жібердік. Не себеп, өйткені біз өзімізге ыңғайлы, оқығанда көзге визуалды жақсы деп алғанның өзінде ертең жазу-сызу басқа дүниелерде қандай да бір кедергілер туындап қалатын болса, ол ертеңгі күні әліпби жұмыс істемей қалады. Әріп оқылмай қалады, жазылмай қалады мәселе. Өткен жолы әңгіме болды. Банк саласында кодталмай қалуы мүмкін. Сондықтан осыған лайық келетін дүниені қарау керек. Осы мәселеге байланысты тағы қандай көзқарастар бар.

Н.Рсалиева: Егер де біздің қорқынышымыз жоғалтып алу болатын болса, менің ойымша бізде ондай қорқыныш болмау керек сияқты. Өйткені үстем тілдердің (ағылшын, француз) басым көпшілігінде бұл дыбыс бар, әрі олар оны тильдамен берген.

З.Базарбаева: Бұл әріптің екі жағы бар. Біріншіден, 30- жылдары бізде құйрықшамен бергенбіз, сосын кирилде де **ң** осы таңбамен бердік. Біз соған үйрендік. Бірақ біз халықаралық транскрипцияны алсақ, ол шынында да **ñ** тильдамен беріледі. Мұрын жолды испан тілінде де бар. Оларда тильдамен берілген. Сондықтан қайсымен беру керек екенімізді қазір шешу керек.

Ж.Жұмабаева: Пілге ұқсас әріпті жаңа Анар апайдың баяндамасынан көріп отырғанымыздай көп адам қолдапты. Екіншіден, Зейнеп апайымыз айтқандай, ХХ ғасырдың басында да қолданылыпты. Үшіншіден, біз қазір қаламмен жазуды ұмытып бара жатырмыз, компьютермен жазамыз дейміз. Бірақ 1-сыныпқа барған бала 11-сыныпқа дейін қаламмен жазады ғой, сол кезде мына пілге ұқсас **ң**-ды жазу қол үзбей жазуға алып келеді. Сондықтан әріпүсті, әріпасты диакритикаларды неғұрлым аз пайдаланғанымыз дұрыс.

Ә.Қаба: Осы мәселеге байланысты тағы сөйлеймін дейтіндер бар ма? Жоқ болса, қорытындылайық.

Г.Мұқанова: Қазіргі жастар визуальды информацияны көп қабылдайды екен. Сондықтан **ң** дыбысының таңбалануын әлі ойластыру қажет сияқты. Егер ауысуға үлкен қаражатты талап ететін болса, тағы да шығынға ұшырап қаламыз.

А.Фазылжанова: Әзірбайжан осы мәселені қалай шешті екен. Нартай, сіз білесіз бе? Мысалы, **э** деген әзірбайжан әліпбиіндегі әріп латында атымен жоқ. Бірақ ЮНИКОД-та





тұр ғой, соны қалай шешті. Мысалы, Аршат Ораз нақты есімде жоқ осы таңба бірнеше шрифте болғанымен, көп қолданылмайды деді.

Е.Тілешов: Осы мәселені мен айтайыншы. Мен көптеген бағдарламашылармен сөйлестім. Біз мынаған мән беруіміз керек, жаңа Гүлфаризаның да сөзінің жаны бар. Анар мұнда тілдік тұрғыдан, тілді сақтау тұрғысынан, ң-ды сақтау жөнінен беделі тұтас бір таңба қолданайық деп айтты. Оны біздің біраз әріптестеріміз қолдады. Енді мәселенің екінші жағы бар. Бағдарламашылардың басым көпшілігі әліпби мен емле ережесі бекітілгеннен кейін істейтін жұмыс – шрифт мәселесі. Осы шрифті дереу арада көбейту керек. Сол кезде бұған жол ашылады. Сондықтан біз осы екі ортадан шығуымыз керек.

Ә.Қаба: Нартай бұл мәселеге көзқарасыңыз қалай?

Н.Әшім: Олай да істеуге болады. Бірақ енді біз осы уақытқа дейін кириллицада болған кезде қазақтар өзінің дыбыстарына шрифт жасады дегенді естіген емеспін. Біздегі мақсат – бүкіл әлем қолданатын, кең қолданатын ешқандай шектеу болмай мүмкіндігінше жағдай жасау.

Ә.Қаба: Ал енді осы айтылған пікірлерді қорытындылайық. Сіздер бір шешім қабылдағаннан кейін Үкімет жанындағы комиссия қарайтын болады. Қазір енді осы латынды күтіп отырған адамдар бар. **Ң** дыбысының таңбалануын қазірден бастап дұрыс шешіп алуымыз керек. Өйткені ертең бекітіп алып, сосын **Ң** дыбысының шрифтке сәйкес дизайнын жасату керек, оған мынша қаражат керек деп бір таңбаға бола жұмысымыз тоқтап қалмасын. Сондықтан менің айтайын дегенім классикалық деген дүние бар ғой. Яғни бүкіл әлем пайдаланып отырған классикалық үлгі тұрғанда сондағы ортақ пайдаланатын таңбалардың мүмкіндігін дұрыс пайдалана алуымыз қажет.

А.Хабиева: Егер **ң** дыбысына тильданы беретін болсақ, бала оқытқанда бревиспен шатастыру болмай ма? Себебі екеуінің таңбалануы бір-біріне ұқсайды.

Н.Әшім: Негізі жобада **ү** әрпіне макрон қою ұсынылған ғой. Жалпы **і** әрпінің жоғарғы тұсына да осы белгіні қойып жасауға болады.

Е.Тілешов: Тыңдаңыз, макрон келмейді. Не себепті келмейді? Макронды дауыстыға қойып отырмыз, келсе бұған бревис келеді.

Л.Еспекова: Бревис ол ызың дауыссыздардың таңбасы.

Е.Тілешов: Онда тильданы қалдыру керек.

Ж.Жұмабаева: Егер тильданы қоятын болсақ, бір әліпбиде қаншама диакритика болады: седиль, тильда, бревис, макрон, умлаут. Оқыған бала бәрін шатастырады ғой.

А.Фазылжанова: Бір пікір айтайыншы. Мысалы, әзірбайжандар **ә**-ні алды, бүкіл мәселені шешті. Бүкіл графикалық кеңістігі бір-ақ латынмен жазылып тұр. Басында әзірбайжанша, астында ағылшынша. Орысша жоқ. Әзірбайжандар сол **ә**-нің мәселесін шешті ғой. Енді менде мынадай ұсыныс бар: неге біздің еліміздегі бағдарламашылар бір ғана әріпімізге шрифт жасап бере алмайды. Қазір техниканың дамыған заманы емес пе?!
Ә.Қаба: Қазіргі уақытта қабылдап, кейін **ң** мәселесін қайта көтеріп, сатып алып өзгерту мәселесін тағы қарауға болатын шығар. Дәл қазіргі шектеулі уақытта **ң**-ды күтіп отыратын болсақ, онда латынды кіргізбейміз.

А.Фазылжанова: Тағы бір сұрақ. Мысалы, ұялы телефонда латынға көшсеңіз біз ұсынып отырған **ш** бар. Седильді **ș** таңбасы жоқ. Онда не істейміз?
Н.Әшім: Екі нәрсе бар. Біреуі клавиатурадағы нәрсе ол бір бөлек, ал шрифт деген нәрсе IT-ға қатысты емес. Шрифт – ол таза дизайн. Сондықтан екеуі екі түрлі нәрсе.

Ә.Қаба: Ендеше пікірталасты тоқтатып, қорытындысын жасайық. Бірауыздан классикалық үлгідегі **ң** дыбысының **ñ** тильдамен таңбалануын қабылдаймыз ғой?! Үкіметке





барғанға дейін тағы бір саралап көру керек. Осымен *ң* дыбысына қатысты талқылау аяқталды. Енді келесі дыбысқа көшейік. Келесі енді *с* таңбасы. Егер әліпби құрамына *с* таңбасын енгізетін болсақ, оны қай дыбысқа береміз. Оны негізі таңбалайтын бір-ақ дыбыс бар екен ол – **ц**. Егер **ц**-ны таңбалайтын болсақ, онда бәленбай әріп кіріп кетеді деген мәселе тағы бар. Осы жөнінде Зейнеп Базарбаева апайымызға сөз берейік.

З.Базарбаева: Құрметті әріптестер, **с**, **w**, **х** таңбалары туралы Әділ Ахметов айтқан болатын. Әділ Ахметов ол үлкен ғалым, қазақ, ағылшын тілдерінің маманы. Меніңше біз бір тоқтамға келуіміз керек. Себебі **с** таңбасы – латын әліпбиінің таңбасы және барлық Еуропа тілдерінің барлығында бар. Түркі тілдерінің (әзірбайжан, түрік, өзбек, түркімен) барлығында бар. Оны алып тастасақ, ұтыламыз. Сонымен қатар жалпы түрік тілінде де бар.

Е.Тілешов: Біз әліпби құрамына **в** әрпін кіргізіп отырмыз. Бірақ **в**-ны кіргізу деген сөз, орыс тілінен енген сөздердің барлығын **в**-мен жаза бер деген сөз емес (*тауар, зауыт, ауто*). **Ц** дыбысына да солай қарауымыз керек, **ц** кірсін деп отырған жоқпын. Әділетті болсын деп отырмын **в**-ға солай қарадық па, демек **ц**-ға да солай қарауымыз керек. **Ц**-ның келетін жері бар болса **ц**-мен жазыңыз, келмейтін жері болса **с**-мен жазыңыз. Солай ережемен шешіңіз. Мысалы, *заводта - зауыт* дейсіз, бірақ *вагонда - уагон* демейсіз ғой. Екеуіне мен неге бірдей қарап отырмын. Өйткені екеуі де сырттың таңбасы. **С** таңбасын әліпбидің құрамына енгізу керек пе, керек емес пе оны сіздер шешесіздер. Бірақ **ц**-ға байланысты айтарым оқу кезінде де, халықтың ішіне барған кезде де латын әліпбиі болғаннан кейін шығар, санада **а**, **в**, **с** бар. Сондықтан көп адам осы **с**-ны сұрайды. Бірақ кеше талқылаудың барысында оны қолдамады.

Ж.Жақыпов: Мен ең бірінші айтайын дегенім, профессор Зейнеп Базарбаева апайымыздың өзінің мақаласына сүйеніп айтайын деп едім. Ол кісі деривациялық үдерісті зерттегенде **ц**-ның орыстарда да жоқ екенін айтады. Кейін келе деривациялау барысында орыстарда **ц** фонемаға айналып кеткен. Қазір **с** таңбасын әліпбиге қойғанда ол міндетті түрде **ц**-мен ассоциация болады. Содан кейін сол **ц**-ңыз біздің қазаққа фонема болып кетеді. Сондықтан жат дыбысты беретін таңбаны әліпбидің ішіне енгізудің қажеті жоқ. Бірақ пернетақтаның ішінде тұра берсін. Қазір де тұр ғой, сол сияқты тұра берсін. Бірақ әліпбидің қатарына сапқа тұрғызудың керегі жоқ.

А.Шәріпбай: Мындаған терминдер бар, адам аттары бар, қаланың аттары бар, елдің аттары бар толып жатыр ғой оны қалай жазасыз?

А.Фазылжанова: Біріншіден, **ц** деген дыбыс Зейнеп апай өзінің зерттеуінде жақсы айтқан, ол орыс тілінде фонологизация құбылысының нәтижесінде кейіннен пайда болған фонема. Ол мағына ажыратады. **Ц**-мен келетін сөздердің қазақ тілінде саны шамамен 1569 сөз. 1569 сөздің 924-і –*ция*-мен келетін сөздер. Осы *-ция* ол ағылшын тілінде *-tion* болып дыбысталғанда (шион/шн) жаңа Алтынбек аға шет тіліндегі жер-су аттарын, кісі есімдерін қалай жазамыз деді. *Tsvetaeva, Tsehovoi, Eltsin* ағылшындар орыстың **ц**-ларын тура осылай жазады екен, яғни *-ts* дыбыс тіркесінің негізінде жазылады. Шеттілдік сөздер үшін біз **ц**-ны осылай бере аламыз екен. Қазақ тіліне енген жалпы мағынадағы сөздерді біз *silindr, sentr, desimetr* деп беріп отырмыз. Егер біз **с** таңбасын әліпбидің құрамына енгізетін болсақ, онда оның атауын қалай береміз *сы* деп береміз бе, әлде *ци* деп береміз бе? Осы жағын ойласаңыздар екен.

Ж.Жақыпов: Біз бұрынғы Совет өкіметінің уақытында да **А**, **В**, **С** витаминнің атын өзіміздің **С** (*сы*) деген жоқпыз. Ол латынша дыбысталуы бойынша айтылды. Геометрияда да латынша *ци* деп айта береміз ол қазақтың сөзі емес, қазақтың дыбысы емес.

З.Базарбаева: Басқа тілдерде **с** таңбасы **к** дыбысын да, **ц** дыбысын да береді, оны ажыратады ғой. Ол қалай? Олар сонда бізден ақылды ма?





А.Шәріпбай: Егер с таңбасын әліпби құрамына енгізсек, одан қандай мәселе туындауы мүмкін.

Б.Әбдуәлиұлы: Құрметті әріптестер, тілге басқа сөздер мен қосымшалар енеді. Тілдің тарихында басқа тілдің дыбыстары екінші бір тілге енгенін көрдіңіздер ме? Мысалы, ә деген дыбысты араб тілінен енді деп жүр. Қазір зерттеп қараған кезде ғалымдардың өзі 2 топқа бөлінеді. Тілдің ішіне кірген дыбыс бұл вирус. Біз кеше кіріп кеткен дыбыстардың қаншама зардабын шегіп отырмыз. Қаланың баласы бір түрлі сөйлейді, ауылдың баласы екі түрлі сөйлейді. Қаланың баласының сөйлеген сөзін ұқпаймыз, сол кірме дыбыстардың кесірі. Сондықтан менің ойымша егер сол таңба керек болып жатса, тек клавиатураға ғана қалдырайық. Әліпбидің құрамына енгізудің қажеті жоқ.

Ә.Қаба: Келесі пікірді тыңдайық Ербол мырзаға сөз берейік.

Е.Сәлім: 13 жылдай Қазақ тілі мен латын графикасы кафедрасының меңгерушісі болдым. Ц дыбысы негізінен медицинада көп қолданылады. Алғашқы кезде ц әрпі әліпбиде болмаған соң, медицина сөзін қалай жазамыз деп ойландық. Кейін оны с дыбысымен алмастырып *medisina* деп көрсетілді. Кейіннен соның бәрін біртіндеп-біртіндеп қарап шықтым. Ағылшын тілінде де ц деген дыбыс жоқ. Біз «с» (си) деп айтқанымызбен, ол латынша сы. Қазақ тілінің әліпбиін жасағанда бірнәрсеге мән беруіміз керек. Біз тек таңбаларды ғана ауыстырып қойып жатқан жоқпыз ғой. Тілдік реформа жасап жатырмыз ғой. Өзіміздің тіліміздің дыбыстарын алып келген уақытта өзге тілдегі дыбыстарды кіргізудің қаншалықты қажеті бар. Меніңше, ешқандай қажеттілігі жоқ. Ол пернетақтада онсыз да осы уақытқа дейін болды ғой *coca-cola*, *microsoft* деген сөздерді біз осы уақытқа дейін кириллмен жазған емеспіз. Оны сол таңба күйінде таңбалап келе жатырмыз.

Л.Еспекова: Осы тұста Ербол мырзаның пікірін толықтыра кетсем. Бұл кісінің сөзінің жаны бар. Бұл бір жағы. Екіншіден, кірме сөздерді өзіміздің қазақ тіліне бейімдеу мақсатында соларды игеруде енгізілген дүниелер. Сондықтан біз сол секілді ч, ц дыбыстарын қалдыратын болсақ, кірме сөздерді тілімізге бейімдей алмай қаламыз. Мысалы, кезінде қаншама сөздер тілімізге игеріліп кірді ғой *конфет* - *кәмпит*, *ящик* – *жәшік*. Сол сияқты біз қазір шет тілінен енген көптеген терминдерден құтыла алмаймыз. Өйткені бұл қазір өркениеттің заманы болғандықтан, заман ағымына сай күнделікті лексикалық қор жаңа сөздермен толығып жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, біз егер бұл таңбаларды алып тастайтын болсақ, Орфографиялық ереже қабылдағаннан кейін өзіміздің тілімізге қарай бейімдеп қолданамыз. Сондықтан бұл жерде А, В, С деп реттілік сақтаудың ешқандай қажеттілігі жоқ.

Н.Рсалиева: С әрпіне байланысты екі мақала жариялағанмын. С таңбасы керек деп. Кейін адамның пікірі өзгереді екен біз бәрібір *цемент* деп айтпаймыз. Қаншалықты қажет болса да, барлығын қазақшаландыруымыз керек екен ғой. Олардың барлығын кіргізіп алсақ, рухани жаңғырғанымыз қайда деп сондай ойлар мазалап мен қазір қалыс қалып, үндемей отырмын. Өзімнің әріптесім Шынар Қапантайқызының сөзін жеткізсем бе деймін. Ол кісі былай деді: «Математикалық есептердің құрамында С әрпі көп кездеседі. Біздің балаларымыз сол есепті шығарып отырғанда мына есеп біздің есеп емес деп қабылдайды. Жат дүние секілді қабылдайды». Енді осындай екі ұдайы пікірде қалып отырмыз. Бәрібір ұлттық рух жағынан шешуіміз керек сияқты деп ойлаймын.

Ә.Қаба: Осы тұста өзімнің бір ойымды айта кетейін. Мәселен, осы бірнеше рет талқылау өткізіп жатырмыз. Сол жерде мынандай пікірлер де айтылды. Мәселен с таңбасын ц-ға берген жағдайда біздің сөздік қорымызға енген оны дұрыс жазу, оқу үшін бір дыбыспен белгілеуіміз керек. Ал енді біздің с әрпіміз бар, ананы да, ананы да береді деген ол толық мағынасында соны бере ма, бермей ме деген бір сұрақ болды. Одан кейін екінші мәселе





жоғарғы жақтағы кісілермен сөйлесіп қалған жағдайда айтқан мәселесі біз мысалы түрлі жиналыстар өткіземіз. Сол кезде бір орыстың аты-жөнін айтқан кезде ол кісілердің тегі өзгеріп кетпей ме? Зейнеп апай сіздің пікіріңіз.

З.Базарбаева: Мен өз пікірімде қаламын. Себебі біздің қоғамымыз тек қазақ филологиясының мамандарынан тұрмайды. Бұл жерде әлеуметтік лингвистикалық фактор тұрғысынан қарастыру қажет. Біздің артикуляциямыз жақсы қалыптасқан. Біз **ц** деп айта аламыз, ал француздар айта алмайды, олар *сы* дейді. Сондықтан, мен ойлаймын, неге біз одан қорқамыз.

Ж.Жақыпов: Қорыққанда былай, бізде мынадай бір көзқарас бар. Бізде қазір тіліміздің бұзылуы тіліміздің дамуы деп ұғамыз. Ал мен латынға көшкенде өзіміздің тіліміздің асыл нұсқасын қайтып келтіретін шығармыз деп ойлағанмын. Олай болатын түрі жоқ. Дегенмен, барынша сол асыл нұсқасын қалпына келтіруге тырысу керек.

З.Базарбаева: Құрметті әріптестер, тіл дамиды ол бір қалпында қалмайды. Неге ағылшын тілінде 45 фонема бар. Себебі олардың тілі дамыған тіл. Неғұрлым дыбыс көп болса, соғұрлым ол байлықты көрсетеді. Фонологизация деген құбылыс бар олар көбейеді.

Ж.Жақыпов: Біз басқа тілден енген сөзді өзіміздің тілімізге бейімдеп алмасақ, дыбысталуы жағынан бейімдеп алмасақ, бұл әліпбидің құны бес тиын.

А.Хабиева: Ц әрпін әліпбиге енгізетін болсақ, онда неге латынға көшіп жатырмыз. Мысалы, *полиция* сөзін *polisia* деп жазылғанға адамдардың көзі үйренді ғой.

Ж.Жұмабаева: Ең алдымен латын графикасына үгіт-насихат жүргізген кезде ең бірінші біз латынға не үшін көшіп жатырмыз деген кезде тілдік реформа өзіміздің тілдік табиғатымызға қайтадан қайтып келеміз деп осыны бірнеше рет қаншама халыққа айттық. Енді қайтадан келіп әліпбидің ретіне **ц** әрпін кіргізсек, бізде қандай реформа болады. Егер де біз фонологизациялану процесіне келетін болсақ, хатшы дегенде **ч**-мызда фонологиялық болып тұр. Ол кезде біз **ч**-ны да енгізуімізге тура келеді ғой. Үшіншіден, емле ережелерін жасау барысында сөз басында, ортасында, аяғында **ц**-мен келгенде ешқандай қиындық келіп тұрған жоқ. Барлық шет тілінен енген терминдер соған бейімделіп, игеріліп жазылып кетті. Сондықтан да **ц** әрпін қазақ тілі әліпбиіне алудың қажеті жоқ.

Ж.Қоңыратбаева: Жалпы латынға көшу ұлттық жаңғыру, рухани жаңғырумен байланысты дүние. С таңбасы **ц** әрпінің табиғатын толық аша алмайды. Екіншіден, өзіңіз айтып отырсыз неге кириллицадағы **с**-ны ала салмаймыз деп. Біз латынға көшкенде **s** әрпі дайын тұр ғой. Мысалы, *medicina, polisia*. Соған бүкіл халық үйреніп қалды. Сондықтан оны неге алмайды деген сұрақ болмайтын шығар. Орыс тіліндегі *-ович* дегендегі **ч**-ны айтып тұрсыз. Біз оларды қалай айтамыз орыстардан ұят болмай ма деген. Орыстар бізден *улы, қызы* дегенге ешқашан ұялмайды ғой. Сондықтан **ц** мен **ч**-ға келгенде жеке таңба ретінде алудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

Ә.Қаба: Мен әр әріпке оппонент ретінде қарсы пікір айтуым мүмкін. Сіздер соның қажет екенін маған дәлелдеп шығыңыздар.

Н.Рсалиева: Ц секілді дыбыстардың факультативті әріптердің қатарына енгені менің ойымды өзгерткені соншалықты *семент* деп айту, *медицина* деп қазақшалап айту мақтанш сияқты көрінеді маған.

М.Бақтиярұлы: Әлеке, біз мына түрімізбен келіспейміз. Бір әріптің негізінде он түрлі пікір айтылып жатыр. Бұл латын әліпбиіне көшу әлі оншақты жылға кетеді. Жалпы менің өзімнің ойым бағана айттым ғой, мен тілдің маманы емеспін. Бірақ енді ұлттық код дегенде мен өзімнің ұлтымды, тілімді қолдайтын азаматтың бірімін. Біз расында да *цемент* деп айтпаймыз *семент* дейміз. Сондықтан да ағайындар, бір мәмілеге келсеңіздерші.





Ә.Қаба: Латынға көшудің негізгі мақсаты – рухани жаңғыруға байланысты өзіміздің ұлттық кодымызға қайтып келеміз деген ол жақсы. Емле ережелері арқылы айтылу, сөйлеу мәселелерінде де реформалар жасауға болады. Бұрынғы кириллица кезіндегі өзгеріп кеткен сөзді пайдаланудағы кейбір өзгерістерді қайтып орнына алып келуге болатын шығар. Бірақ мынадай мәселе өздеріңіз біліп отырсыздар, қазір Қазақстанда қаншама ұлттар бар. Басқасын қойғанда тіпті өзіміздің қазақтардың да көпшілігі қазір орысша сөйлейді. Үкіметтің барлығы орысша жүріп жатыр. Біз өзіміз қазақтар латынға көшіп алайық, орыстар кириллицасында қала берсін деген айтылды. Одан кейін көшсе көшетін шығар деп. Біздің негізгі мақсатымыз – осы тіл ұлтты біріктіруші тіл болуы керек болатын. Бұл енді біріктірудің орнына бөлейін деп тұр. Қазірден басталып жатыр кириллицаға үйреніп алған қазақ балаларын орыс мектебіне беріп жатқан. Бұны неге айтып отырмын? Айтып отырған себебім, біз бір жағынан 1-2 дыбыс қосылу арқылы осы әліпбиімізді универсальды жасаса деген бір ой болып еді. Мысалы, ертең латынға орыстілділер көшу керек десе, оларға тағы да осындай бір әліпби жасау керек бола ма, сонда біздің елімізде латын әліпбиіне байланысты екі әліпби жүруі мүмкін. **В**-ны алдық, осы дыбыспен бізге тоғыз мың сөз кірді ме, **ф**-ны алдық онымен бірге бәленбай мың сөз кірді. Сонда мына жерде бір жарым мыңмен келетін **ц**-ны алғымыз келмей отыр. Ал егер ертең универсальды жасайтын болсақ, бұл әліпбиімен орыс тілді мектептерді оқыта алатындай мүмкіндігіміз болса біз оны да ескерсек. Осы мәселеге қалай ойлайсыздар?

Ж.Жақыпов: Онда орыс әліпбиі болып кетеді.

Н.Әшім: Рұқсат па?! Бір-ақ пікір айтып жатырсыздар ғой бұрынғы қазақ әліпбиіне қайтып оралсақ деген. Екі түрлі көзқарас бар мен үшінші көзқарасты қосайын. Біріншіден, бұрынғы қазақы артикуляция, орфоэпиясымен қолданса, екіншісі орыстардың әріптерін, сөздерін, дыбыстарын бәрін айта аламыз деген пікір. Біз қазір өткенді емес, қазіргіні емес, болашақты ойласақ. Біз енді техника саласының маманы болғандықтан, көп дүниені бәрібір ағылшыннан аламыз. Қанша жерден біз кереметпіз деп кеудемізді ұрсақ та. Сондықтан кейбір сөздерді әсіресе мына жастар оқыған кезде олар бәрібір ағылшынға жақын оқығанын қалайды. Бағанағы **ц** деген әріпті алып тастап, оның орнын **с**-мен беруді мен қолдаймын. Себебі ол көбіне-көп орыс тілінен енген сөздерде қолданады. Осының негізінде ертең ережелерді қалыптастырып қабылдап тастаса, ешкім күлмейді. Ереже бекітілгеннен кейін бәрі үйреніп кетеді. Бірақ мүмкіндігінше ағылшын тіліндегі нұсқасына жақындауымыз керек екені анық.

Е.Тілешов: Енді мұнда **ц**-ны сұрайтыны да рас. Бірақ біз бәрібір қазақ тілінің әліпбиін жасап отырмыз. Біздің өрістейтін, шығатын жолымыз қазақ тілінің жолы, қазақ тілінің тілдік табиғаты болуы керек. Шындығында бәріміз осыны айтып отырмыз. Бірақ әрқайсымыз бір мәселеге әртүрлі жолмен келіп отырмыз. Мүддеміз ортақ қой. Бірақ бәрімізде оның аржағын ойлап отырмыз. Он бір мың сөзі бар **в** дыбысын, мен 30 томдықтың негізінде сөйлеп отырмын жеті жарым мың сөз кездесетін **ф** дыбысын алғанда, мың жарым сөзде кездесетін **ц** дыбысына біз жол тапқымыз келіп отыр. Факультативті белгі деген бар. Өзі факультатив деген не? Біз қосымша деп жүрміз. Ол грек тілінен аударғанда мүмкіндік (возможность) деген сөз екен. Яғни факультатив арқылы бірнәрсеге мүмкіндік (возможность) беру. Сонда бірнеше таңбалар оның ішінде біз талқылап отырған **с**, **w**, **х**, одан кейін Еуропа дыбыстары үшін **U** шеттілінен енген сөздерді белгілеу үшін әліпбидің астына факультатив таңбалар деп тізіп қояды екен. Ол қандай тілде? Ол роман тілінің ішінде португал тілі. Португал тілінде дүниежүзі бойынша 240 миллион адам сөйлейді. Неге көп десеңіздер 200 миллион адамы бразилиялықтар. Италия тілінде 21 таңба классикалық латын ол Италияда. Мына 26 таңба ол классикалық емес, бұл кеңейтілген





латын. 23 таңба ол базалық латын. Италияда гарица тілінде, аситан тілінде, арагон тілінде, роман тілдерінде жаңағы сіздің **W, C, X** факультативті таңба ретінде біледі. Әліпбиіне кіргізбейді. Герман тілінде, исланд тілінде факультатив болады, фин-угор, фин, венгр тілдерінде кіргізбейді факультатив болады. Славян тілдерінің ішінде хорватта ғана екен, германда, исландта, одан кейін түркі халықтарында ғағауызда осылай қолданады екен. Осындай тәжірибелер бар екен. Кейбіреулер шведтер **W** әліпбидің ішіне кіргізеді екен де сұрмен бояп қасына «кірме сөздер үшін» деп жазып қояды екен. Сондықтан менің өзімнің ұсынысым осындай дыбыстарды тізбектеп қана көрсетсек қайтеді деген ұсыныс. Ол әлемде бар ғой, өзі латынның елі Рома ғой енді Италия. Италия соны шешіп отыр, Португалия соны шешіп отыр. Сондықтан осындай бір ой салу үшін осындай пікірімді айтқым келеді. Рақмет!

Ә.Асқар: Қазіргі грузин мен армян неге акцентпен сөйлейді? Өйткені олар өзінің мақамында сөйлейді, алфавиті өздерінде қалды. Сондықтан қазіргі әңгімеде сол орыстан эзер құтылып отырғанда, тағы да ағылшынның қоластына кіретіндей етіп, тағы да әліпбиді көбейте бермеген дұрыс. Мүмкіндігінше Жәкенді қолдаймын. Рухани жаңғыруда сол өзіміздің мақамды қайта-қайта сақтауды ойлаңыздар. Сіздер мамансыздар.

Т.Аяпова: Ерболдың айтып отырғаны өте орынды, ойға қонымды. Өйткені ол әлемдік деңгейде бар. Мысалы, ағылшын тілінде **дж** деген дыбыс бар. Бірақ шеттілінен кіретін сөздерді бөлектеп тастаған ғой. Өзінің жазылуы мен айтылуымен бөлек жазады. Сол дыбыс өзінің ана тілінде болса да, анау шет тілінен кірген сөздерді бөлек ықшамдап, бөлек қойып қойған. Сондықтан оны жеке факультатив ретінде көрсеткен дұрыс.

Ж.Жақыпов: Бұларды сапқа кіргізбеу керек (**W, C, X**). Пернетақтада тұрады әліпбиге кіргізбеу керек.

Ә.Жүнісбек: Бағана мен ұлттық әліпбиді көрсеттім ғой, сосын астына қызылмен кірме сөздерді жазатын халықаралық үлгісін көрсеттім. Орыстарда соны пайдаланып жатыр. Орыстың сөзін қараңыздаршы компаниялардың аты, адамдардың атын жазғанда латынмен жазып қойып отыр. Кирилдің ішінде жазып қойып отыр. Қытай да соны пайдаланады, араб та соны пайдаланады. Сондықтан егер біз *уагон*, *пубол* деп қалай айтамыз дей берсек, қайтадан баяғы 42-ке барамыз. Соған жол ашылып тұр өзі. Біз алдымен ұлттық әліпби жасауымыз керек. Ұлттық әліпбидің негізі бізде болғаны 28 дыбыс бар. Сол 28 дыбысымызға ие болайықшы. Осыған орай қадірлі ағайын, ой салу үшін айтайын деп отырмын. Мынау **W**-ды құрттық. Орнына **U**-ды алайық деп отырмыз. Енді қараңыздар, бірінші сабақ ағылшын тілінің сабағы оны дауысты деп оқытамыз, екінші сабақ қазақ тілінің сабағы дауыссыз деп оқытамыз. Бұл жағын ойланып отырған адам бар ма? Екінші айтайын дегенім, мынау әліпбиді санаңыздар. Дауыссыздарды санасаңыздар бір дауыссыз кем. Бәрін қосып санасаңыз бір дыбыс кем. Ондай әліпби болмайды ғой. Мінеки, осы жағын ойласаңыздар деген әңгіме. Әліпбиде қазақтың дыбыстары түгел өз таңбасымен тұрсын. **У** дыбысының дауыссыз болатын себебі ол буын құрай алмайды. *Жуу* (*жуу*) деп жазайық мынаның үшеуі де дауыссыз, енді ауа деп жазайық *аиа* енді дауыссызы жоқ сөз. Ондай да бола ма?

М.Бақтиярұлы: Аға, енді өзіңіздің әліпбиіңізбен жазыңызшы.

Ә.Жүнісбек: Мынау сөзіміз шұбалаңқы, тіліміз ұзарады дегеннен қашпау керек. *А/иа* мына жерден буын жігі өтеді. *Жуу* деген **ju/wuw** болады бұдан буын өтеді, морфем жігі өтеді. 57-жылға дейін осылай жазып келгенбіз.

Е.Тілешов: Аға, енді *Сұлтан* деп жазыңызшы.

Ә.Жүнісбек: *Sultan*.

Е.Тілешов: Аға, енді *университет* деп жазыңызшы.



Ә.Жүнісбек: Өздерің жазып алыңдар.

Е.Тілешов: Аға кетпеңіз, сіздің *Сұлтан* дегендегі **ұ** дыбысыңызбен, *университет* дегендегі **у** дыбысыңыз бірдей ғой. Жұрт содан шатаспай ма?

Ә.Жүнісбек: Екі ескерту болады. **І**-ге байланысты сосын **и**-ға байланысты. Кірме сөздерде **у** болып оқылады, төл сөздерде **ұ** болып оқылады. Кірме сөздер **и** болып оқылады, төл сөздерде **і** болып оқылады.

Ж.Жақыпов: Оның қайсысы кірме, қайсысы төл сөз екенін қайдан білеміз?

Е.Тілешов: Аға, кешіріңізші. Ертең *Sultan*-ды осылай жазсақ, біздің онсызда орысша сөйлеп жүргендер *Султан* болып кетпей ме? Олар **ұ**-ны айтпайды ғой. Мынаны ешкім *Сұлтан* деп оқымайды, *Султан* деп оқиды. Содан біздің **ұ**-мыз жоғалып кетеді. Қоғамда сондай қауіп бар ғой.

Т.Аяпова: Мен **W** туралы айтып жіберейінші. Мен айтайын дегенім ағылшындар латын графикасын қалай қолданған? Соның кішкентай ғана тәжірибесін айтқым келеді. Латын графикасы Батыс Еуропа елінде б.д. XI ғасырында бастаған. Ағылшындар бірінші болып бастаған. Олар модернизация жасаған. Яғни көптеген өзгеріс жасаған, қандай өзгеріс десеңіздер:

- Латын әліпбиін қолданайын деп жатқан тілге байланысты жаңа сызықшалар қосылды;

- Латын тіліндегі кейбір сызықшалар алынып тасталды;

- Сол тілдің дыбыстық ерекшелігіне қарай жаңа символдар енгізілді (латын әліпбиінде жоқ болғандықтан) тілдің ерекшелігін көрсету үшін;

- Сол тілдің дыбыстық айтылуын толық беру мақсатында жаңа әріптер ойластырылды;

- Кейбір латын әріптерінің жазылуына өзгерістер енгізілді.

Көрдіңіз бе қанша модернизация жасаған. Бірақ ағылшындар басқа тілден алмаған латын графикасына негізделген. Міне осыны біз есте ұстауымыз керек. Біз өйткені жаңа әліпбиді латын графикасына негіздеп отырмыз.

Латын әліпбидегі 23 әрпінің британдықтар 19 әрпін ғана пайдаланды:

- **і** және **э** әріптері жиі алмастырылып шатастырылды;

- **У** және **U** әріптері де жиі шатастырылды;

- **к, q, x** әріптері көп жылдарға дейін қолданысқа енгізілмеді;

- **а** әрпі **е** әрпімен қосылып **æ** әрпі боп жазылды; оларда **э** деген дыбыс бар, яғни үш түрі бар. А мен **е** әрпін қосып **æ** **э** шығарған. Міне өзінің тілінің, яғни ағылшын тілінің ерекшелігін көрсету үшін латынның екі әрпін алды да оны бір-біріне қосып бір дыбыс шығарды. Ары қарай көне ағылшын тілі әліпбиі “бір әріп – бір дыбыс” деген принципке жасалынған.

- Ағылшын әліпбиінде латын әліпбиіне ұқсамайтын тұстары жетерлік. Өйткені олар тек 19 ғана алған ғой.

- Қысқа немесе созылыңқы айтылатын қайталанып беріледі;

- Әріптің жоғары жағына макрон белгісі қойылады: **ā, ō** немесе **ō**.

- **W** әрпі көп жылдардан соң жаңа әріп болып қолданысқа енді ағылшын тіліне.

Ол латын графикасында жоқ. Бұл әріпті ағылшындар ойлап тапқан. Бұл әріп екі **U**, **U** әріптерінің қосындысын жазуға ыңғайлы болу мақсатында ойластырылған, сондықтан да оны (яғни **W**), “double U” (қос **U**) деп атаған. Бұл өте маңызды нәрсе. Біз барамыз да ағылшын тілінің әріптерін алып қолданамыз. Алғашында біз **Ш** дыбысын **Sh** деп таңбалағанда ағылшын тілінің емлесінен алдық. Қазір, Құдайға шүкір, оны алып тастадық. Өйткені ол ағылшын тіліне тән нәрсе. Латын графикасында болған емес, бірақ герман



тілдері қолданады. Мен ағылшын тілінің маманымын, мен мұны нақты білемін. Ол герман тілдері тайпаларының ішінде қолданылады. **W** әрпінің дыбысталуын [uɔ/уə/уі] бұдан бұрын рунамен белгілеген: р **wynn** “wynn”.

• a	• l
• æ	• m
• b	• n
• c[k] or [k'] ¹	• o
• d	• ɔ or ɑ [ɔ], [ɒ]
• e	• p
• f [f] or [v] ²	• r
• ʒ [g],[g'],[ʎ],[j] ³	• s [s] or [z]
• h [x], [g'], [h]	• t
• i	• [θ] or [ð] shown also as a crossed d : ð or d̥
• y [y] ⁴	• u
	• W

Көне ағылшын тілінде «бір әріп-бір дыбыс» дедік қой. Оны барған да француздар әбден бүлдірген ғой. Француздардың әсерінен бұл әліпби көптеген өзгерістерге түсті. Енді осыдан шығатын қорытындыға келетін болсақ:

1. Қазақ әліпбиіне [y] дыбысының орнына қолданысқа ұсынылып отырған **W** әрпі латын әрпі емес. Егер біз шынайы ұлттық әліпбиді латын графикасына негіздейтін болсақ, біз ағылшын әліпбиіне негіздемеуіміз керек. Бұл үлкен қателік. Міне осыны есте сақтау керек. Ағылшын тілінің мамандары осыны білу керек.

2. Бұл **W** әрпі өзінен кейін келетін дыбыстарға байланысты тек [U] дыбысы емес оның қосымша дыбысталуы пайда болады:

What's up [wɒts....]

Window [windəʊ]

3. Орыс тілінде және БАҚ-та **W** әрпін [в] деп дыбыстайды.
a business woman [вуман]

4. Қазақ әліпбиінде берілген әріпті “double U” деп атай алмаймыз. Біз әліпби жасауда латын графикасына негіздеп жасап отырмыз ғой, ал біз барамыз да ағылшын тілінің таңбаларын жұлып-жұлып алып соны қолданғымыз келеді. Британдықтардан үйренейік. Олар не істеді? Өздерінің η таңбасын олар ойлап тапты. Өйткені оның тіліндегі дыбыстық ерекшелікті қалай ұлттық тілдің дыбысын жоғалтпау үшін берді. Ал енді біз жастарды да ойлауымыз керек қой. Не себепті? Созылыңқы дыбыс дегенді қысқа дыбыс дегенді транскрипция бар бүкіл әлемде әлемге әйгілі транскрипция бар. Кез келген елде бар. Міне осыны естен шығармау керек.

А.Шәріпбай: Дауысты дыбыс **у** қазақ тілінде жоқ. Ол дәлелденген. Біз дауысты деп есептесек, қазақ тілінің төл морфологиялық ережелері бұзылады. Мысалы, дауыстыға аяқталатын тәуелдік жалғаудың 3-жағы. Мысалы, **су, гу** дауыстыға аяқталса ереже бойынша **-сы, -сі** жалғануы керек. Бізде **гу, ту**-да **у** дауысты. Сонда біз ережені айтып қоямыз да оны бұзамыз.

Тағы ереже түбір сөзде бірнеше дауысты дыбыс қатар кездеспеуі керек. Ереже бар ғой, бар. Мысалы, *жауын* дегенде үш дауыссыз дыбыс қатар келіп отыр. Бұзыла ма? Бұзылады. Ереже айтамыз, өзіміз бұзып отырмыз. Ал, енді осыны қалай түзеуге болады? Осыны біз морфологический анализды автоматизировать еткен кезде ереже жазып қойып істесек осындай нәрселер шыға береді. Неше түрлі оқулықтардан қазақ тілінің дыбыстық жүйесін қарасақ 40-тан бастап 28-ге дейін әлгі күнге дейін сондай. Ахмет Байтұрсынұлының





кітабын қарадым. Ол жақта тек 28-ақ дыбыс. Біз компьютерлік программамен эксперимент жасадық. Сол эксперимент нәтижесі де Әлімхан Жүнісбектің айтып жүргендерінің шындыққа жанасатынын дәлелдейді. Дауысты дыбыс жоқ деп Әлекең айтып жүргені кириллицада белгіленбей қалған. Оны тек бір дауыссызбен, орыстың «У» деп белгілеп жіберген. Ол дұрыс емес. Сондықтан, орыстың дауысты дыбысы бізге керек жоқ. Бізге дауыссыз, үндес «W»-мен беретін дыбыс керек. Мысалға, *taw, tawlar*. Дауыссыз дыбыстан кейін жаңағы айтып жатқан дыбыс кездессе мысалға, жіңішке сөзде «YU» жуан сөзде «YU» сонда ғана түбірге жалғау дұрыс жалғанады. Айтайын дегенім осы.

Ә.Қаба: Нүрсәуле Рсалиева сөз сізде.

Н.Рсалиева: Бір-ақ нәрсе айтайын. Мәселе, W таңбасы тарихында ол кімдікі болды? Қайдан шықты деген сұрақ қойылып тұрған жоқ қой. Ұсынылып отырған нәрсе қолданысқа қолайлы ма, қолайсыз ба деген сұрақ тұр қазіргі кезде. Біз соған жауап беруіміз керек. Ол қазіргі базалық латын әліпбиінің құрамында тұр ғой.

А.Фазылжанова: Сіз сол сұраққа жауап берсеңізші.

Н.Рсалиева: Менің ойымша қолайсыз. Ұсынылып отырған нәрсеге W қолайсыз.

Ә.Қаба: Ал енді олай болатын болса, «X (икс)»-ті айтып болғаннан кейін, үшеуіне бірақ қорытынды шығарайық. «X (икс)» қатысты қандай пікірлер бар? «X (икс)»-ті талай қазақтың сөздерінде қолданамыз, сондықтан оны әліпбиге енгізейік дейтіндер бар ма? Болмаса «КС» әріптері арқылы жазуға болады ғой, оның қажеті жоқ дегендер бар ма? Гүлфар Мамырбек сөйлесін.

Г.Мамырбек: «X (икс)» таңбасын әліпби құрамына енгізу керек деп жүрген пікірді ағылшын тілді адамдар айтып жүр. Сондықтан бұл ағылшын тілінде «КС» тіркесін береді бірақ оның қазақтың төл сөздеріне керегі жоқ. Сондықтан оны әліпбидің құрамына алудың қажеті жоқ. Әліпбидің астына шет тілінен енген сөздерді таңбалау үшін деп көрсетсек болды. Біз бірнеше сөзді «X (икс)»-пен де «КС» тіркесімен де беріп көрдік. Слайдқа қараңыздар, «X (икс)»-пен берсек Ақсұлу деген сөзді ел «*Axulu*» деп беріп кетіп, тіліміздің шұбарланып кету қаупі жоғары. Сондықтан, егер «X (икс)»-ті әліпби құрамына кіргізсек барлық төл сөздердегі «КС» тіркесі сол «X (икс)»-пен белгіленіп кетуі мүмкін. Сол үшін, оны әліпбиі құрамына кіргізбеу керек деп ойлаймын.

Ә.Қаба: Жақсы. Тағы қандай пікір бар?

З.Базарбаева: Керегі жоқ.

Қ.Сартқожа: Керек емес.

Ә.Қаба: Ондай болатын болса, ғалымдардың барлығы келсін. Соңғы айтылған үш дыбысқа байланысты бөлек-бөлек қол көтерейік пе?

Ж.Жақыпов: Бір-ақ қол көтере салайық.

Ә.Қаба: Бөлек болғаны дұрыс шығар. Әрқайсысы бөлек дыбыс қой, өз орны бар. Ендеше, бірінші айтылған дыбыс «С» болған. Алайық деген пікір бар. Негізі екі түрлі пікірдің де жаны бар. «С-Ц»-ға берсек басқа дыбыстарды да кіргізу керек болады. Яғни, оның бала-шағасы да бірге кірейін деп тұр. Ал енді алмайын десек оның да өзінің қажеттіліктері бар. Сондықтан бұл тұрғыда бұл таңбаны басқа дыбысқа береміз бе? Басқаша таңбалау керек пе екен? Қалай қарайсыздар? «Ш» мен ауыстыру керек деген сияқты пікірлер болды. Тағы қандай пікірлер бар? «С»-ны кіргізудің қандай жолдары бар? Әлде керек жоқ па біз үшін?

Ж.Жақыпов: Керегі жоқ.

С.Қаржаубай: Керек емес. Пернетақтада тұрсын.

Ә.Қаба: Дауыс бермейік десек те беру керек болатын секілді. «С»-ны – «Ц» ретінде әліпбиге кіргізейік деп қолдағандырыңыз қол көтеріңіздер. 5 адам қол көтеріп отыр. Ал





енді «С»-ді кіргізбейміз дегендер қол көтерсін. Көпшілік деп жазып қойғанымыз дұрыс болар.

Г.Мамырбек: Дауыс беру парағына Қ.Сәрекенова, Л.Еспекова, Н.Әшім, Ж.Қоңыратбаева «С» таңбасын алуға қарсымын» деп қол қойып кетті. Осы кісілердің дауысын да ескерсек.

Ә.Қаба: Жақсы. Енді «W»-ға қатысты айтсақ. Әліпбиге кіргізейік дегендер қол көтерсеңіздер. Енді кірбізбейік дегендер көтеріңіздер. Түсінікті. Енді үшіншісі «X (икс)»-ті кіргізейік дегендер қол көтеріңіздер. Кіргізбейік дегендер қол көтерсеңіздер. Жақсы. Берілген ұсыныс парағында жазылғандай әліпбидің астындағы кірме сөздерге қатысты осы әріптерді қолдануға ұсыныс ретінде беруді қолдайсыздар ма? Оларға сілтемелер беріледі және пернетақтаға енгізіледі.

А.Фазылжанова: Цитаталық ұстаныммен жазылатын кірме сөз деп жазып қою керек. Әйтпесе, бөтелке дегенде кірме сөз ғой.

Ә.Қаба: Мұның екі нұсқасы ұсынылған болатын. Біріншісі, әліпбидің ішіне кіргізіп, сұрмен белгілеп, қасына тек цитаталық ұстаныммен жазылған кірме сөздерге қолданылады деп жазып қояйық. Болмаса астына қалдырайық деген.

Ж.Жақыпов: Астына қояйық.

Ә.Қаба: Олай болса осы пікірді қолдамайтындарыңыз қол көтеріңіздер. Енді қолдайтындар қол көтерсеңіздер. Құрметті ғалымдар, бүгін үлкен тартысты отырыс болды деп ойлаймын. Осылай болу керек еді. Бірақ мен негізі кешке дейін отыратын шығармыз деп ойлағанмын. Солай болғаны тіптен жақсы еді. Дегенмен, сіздер үлкен жұмыс атқардыңыздар. Біраз нәрселердің беті ашылды. Осында айтылған және қолдау таппаған пікірлер әлі де болса көтеріледі, дамиды, жазылады деп ойлаймын. Негізінен осы отырыста осы әріптерді көпшілікпен шештік. Мәулен Әшімбаевтың берген тапсырмасы бойынша біз өзіміздің жұмысымызды атқардық. Сөйтіп, әліпбидегі кейбір қаріптерге, дыбыстарға байланысты мәселелерді талқылап, басым көпшілікпен бір шешімге келдік деп ойлаймын. Ал енді, бұл мәселелердің нүктесін қою біздің міндетіміз емес. Бұл әлі де болса Ұлттық комиссияда талқыланады. Одан кейін Президенттің алдына барады. Сондықтан, алдағы уақытта әлі де болса өзгерістер болып жатса оған ешкім таң қалмауы керек. Бұл ешкімнің меншікті дүниесі емес. «Біз бекітіп кеттік», «бұл осылай болу керек еді», «тек қана осылай болу керек» деуге болмайды. Қажеттілігіне қарай өзгерістер де болуы мүмкін.

Құрметті әріптестер, сонымен бүгінгі кенесте мақұлдаған әліпби жобасындағы кейбір дыбыстардың таңбалануына және С, W, X таңбаларын әліпби құрамына енгізу мәселелерін дауысқа салу барысында төмендегідей көрсеткішке ие болды:

Дауыс берушілердің жалпы саны – 22.

- ***Іі дыбысын Іі таңбасымен, Ии (Йй) дыбысын Іі таңбасына беру туралы***

Қолдайтындар – 4,

Қолдамайтындар – 17,

Қалыс қалғандар – 1;

- ***Ии (Йй) дыбысын Jj таңбасына беру туралы***

Қолдамайтындар – 20,

Қалыс қалғандар – 2.

- ***Дү таңбасы туралы***

Қолдайтындар – 11;

Тильдамен беруді Њñ ұсынатындар саны – 11 адам.

- ***Сс таңбасы туралы***

Әліпби құрамына енгізуді қолдайтындар – 5



Әліпби құрамына енгізбеуді қолдайтындар –16

Қалыс қалғандар – 1

- ***Ww таңбасы туралы***

Әліпби құрамына енгізуді қолдайтындар –1

Әліпби құрамына енгізбеуді қолдайтындар –19

Қалыс қалғандар – 2

- ***Hx таңбасы туралы***

Әліпби құрамына енгізуді қолдайтындар – 0

Әліпби құрамына енгізбеуді қолдайтындар –20

Қалыс қалғандар – 2

Құрметті әріптестер, бүгін мінеки негізгі тоқтамға келіп, пікірлеріңізді айтып, осы жерде ұлт мүддесі үшін қызмет қылып жатқандарыңызға көп-көп рақмет. Осымен отырыс аяқталды. Сау болыңыздар!

«ӘЛІПБИДІ ЖЕТІЛДІРУ: ТАЛҚЫ ЖӘНЕ ШЕШІМ» АТТЫ САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ СТЕНОГРАММАСЫ

*Нұр-Сұлтан қаласы,
2020 жылғы 30 мамыр*

Қатысқандар: *Е.Тілешов, Ә.Жүнісбек, З.Базарбаева, Ж.Жақып, А.Салқынбай, Қ.Қалыбаева, Б.Қапалбек, Қ.Күдерінова, О.Жұбаева, А.Фазылжанова, Қ.Сәрекенова.*

1-күн

Й/И дыбыстарының таңбасы

Ә.Қаба: Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Барлығымызға белгілі Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 21 қазандағы тапсырмасына орай, латыннегізді қазақ әліпбиін жетілдіру бойынша бірқатар жұмыстар атқарылғаны өздеріңізге белгілі. Бүгінде қоғамда ғалымдар арасында әліпби жобасына байланысты бірізді пікір жоқ деген қауесет тарауда. Осыған орай, бүгін біз екі тараптың ғалымдарының басын қосып, ортақ шешімге келіп, жаңа қазақ әліпбиінің тиімді жобасын ұсыну мақсатында сіздерді жинап отырмыз. Ісіміз сәтті болсын деп жұмысымызды бастайық.

Е.Тілешов: Бағдарламаны алыңыздар. Бағдарлама шартты. Біз мынау и тобы мен у тобын екі күнге бөліп алдық. Екі үлкен басты мәселені жеке-жеке талдау, пысықтау үшін осылай 2 күнге қойып отырмыз.

З.Базарбаева: Менде ұсыныс бар. Бүгін маңызды жиналыс нақты сөйлейік. Бәріміз патриотпыз, бәріміз қазақ тілінің жанашырымыз, сондықтан бүгін әліпбиді қалай практикаға енгіземіз соны ойластыруымыз керек. Сосын бір таңбаға ұсыныс бергенде, мысалы осы дыбысқа мына таңбаны береміз дегенде оны жазып көрсетсін. Мен латынша жаза алмаймын деген болмайды.

Ә.Қаба: Жаксы, былай істейік қазір бағдарлама бойынша жекелеген дыбыстардан бастаймыз. Содан кейін соның ережелері, қағидалары, негіздемелерін жазып көрсетсек. Содан кейін осы дыбысты қолдансақ қалай болады, қолданбасақ қалай болады



деп тек қана осының төңірегінде талқылайық. Олай болатын болса, біздің білуімізше, бағдарлама бойынша Й/И дыбыстары тұр. Й/И дыбысы өздеріңізге белгілі қазақша і сияқты белгілеп келген болатынбыз. Қысқа й және созылыңқы и дыбыстарын бүгінгі күнге дейін бір таңбамен алып келдік. Ал енді қазіргі көзқарас екеуін бір таңбамен белгілеген соншалықты дұрыс болмайды деген болғандықтан, екінші таңба ретінде у таңбасын й ретінде алсақ деген ұсыныстар болды. Осы мәселенің төңірегінде әңгімемізді бастайық. Бірінші сөз кезегін Әлімхан Жүнісбекке бергім келіп отыр, сосын ары қарай жылжимыз.

Ә.Жүнісбек: Бабаш ағамыздың бір сөзі есіме түсіп отыр: «Барған жердің бәрінде мен үлкен боламын да, маған бәрі бата жаса» - дейді. Сол айтқандай, енді Әлеке маған баста деп отырсыз. Қарап отырсам 5-6 рет жиналған екенбіз. Бәрінде бір-ақ әңгіме. Бізге мынадай жоба ұсынасыздар. Сондықтан ғалымдар тіліміздің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін нұсқа деп атады, қай ғалымдар? Оның ішінде мен жоқпын. Мен олай деп айтқан жоқпын, айта алмаймын да. Мынау аспаннан түскен таңбалар емес, әрқайсының өзінің фонетикалық негіздемесі тұр. Соған лайық таңба қалыптасқан, халықаралық жүйеде қалыптасқан таңбаларды беріп отырмыз. Оның бер жағында 2016-2017 жылдары екі жинақ шықты. Тіл білімі институтында жүргізілген зерттеуге 40-тан аса адам қатысты. Соның нәтижесі жарияланған. Нәтижесі Институттың ғылыми кеңесінде бекітілген. Сол жерде тасқа басқандай етіп мына әліпби жарияланған. Жарияланғанда да кәдімгі мінеки фонетикалық талдаудың негізінде, әлеуметтік талдаудың негізінде, статистикалық талдаудың негізінде т.т. 5-6 параметрлермен шығарылған. Ол жерде нақты жобалардың ішінде ең дұрысы осы деген сөз де тұр. Яғни Тіл білімі институтының ғылыми кеңесі бекітті, осы жерде отырғандардың бәрі соның мүшелері. Менің айтайын дегенім қадірлі әріптестер, мына жерде фонетистер отыр, грамматистер отыр бәрі тілдің маманы. Әліпбидің әрбір таңбасының фонетикалық негіздемесі болу керек, ғылыми ақиқаты болу керек. Егер біз соған тоқтасақ, бір пікірге келеміз. Жоқ оған тоқтамасақ, онда жоқ. Сондықтан әрбір дыбысты талдайды екенсіздер алдымен соның маған анықтамасын айтып беріңіздер, тілдегі қызметін айтып беріңіздер, содан кейін барып мінеки егер Тіл білімі институтының анықтамасы дұрыс емес, оның анықтамасы мынадай десеңіздер оны көрейік. Біз қай тілдің әліпбиін жасап отырмыз, біз қазақ тілінің әліпбиін жасап отырмыз. Сондықтан бірінші кезекте қазақ тілінің төл әліпбиінің басын ашып алайық. 29 дыбысымыз бар. 29 дыбысқа 29 таңбаны алайық бірінші кезекте. Содан кейін ағылшыннан келіп жатыр ма, орыс тілінен келіп жатыр ма, енді біз орыссыз күн көре алмаймыз, орыс тілін ескермей тағы да болмайды. Сондықтан үстіне тағы да қосылатын мәселелер болып жатса, сол төл әліпбидің қабатына әкеліп қосайық. Сондықтан бірінші кезекте біз қазақ тілінің төл әліпбиін жасап аламыз, осыған келісейік, тоқтайық. Осыны жасап алғаннан кейін ғана қалған мәселеге көшеміз. Осыны жасай алмаймыз ба, онда ар жағын өздеріңіз білесіздер. Өткенде өздеріңізге де айттым он рет жиналды, осы әңгіме. Былай шығара береміз, артынан мынау шығады. Біздің айтқанымыздың бәрі бір нәрсе, ескерілмейді. Сондықтан осы жағы да естеріңізде болсын. Сөздің басы осы Әлеке.

Ә.Қаба: Жақсы, енді былай істейік. Бұл өзі айтылуы жөн бұғанға дейінгі болған әңгімелерді айтып отырсыз ғой енді осылай болды, осылай талқылап келіп едік деп. Жаңа сөз басында айтып өткенімдей, бұл жерде келіспеушілік неде тұр осыдан бастайықшы. Қане кім айтады толық түсіндіріп, осының ара-жігін ажыратып, осының төңірегінде көзқарас қандай, Құралай?



Қ.Күдерина: Мен айтпаймын.

А.Салқынбай: Мен айтайыншы. Құрметті әріптестер, бұл бір жауапкершілігі өте жоғары іс. Алдымен осында ғалымдардың басын қосқан Сіздерге көп рақмет айтқымыз келеді. Біз бұның өте жауапты іс екенін сезіп отырмыз. Бірінші біз қазақ тілінің әліпбиін жасауымыз керек. Ең бірінші У дауысты дыбыс па, дауыссыз дыбыс па осыны айырып алсаңыздар. Мен фонетист емеспін, бірақ грамматологиядан дәріс оқып жүргендіктен бұл саладан шетте емеспіз. Біз алдымен әріпке келген кезде біз дауысты дыбысты таңбалап отырмыз ба әлде дауыссыз дыбысты таңбалап отырмыз ба дегенді Ұлттық комиссия жанындағы жұмыс топтарының кеңейтілген кеңесінде мақұлданған әліпбидің жобасын жасап отырған ғалымдар қазір ойын ортаға салса деп ойлаймын. Өйткені әлемдік лингвистикада қалыптасқан бір үрдіс бар. Ол үрдіс емес қалыптасқан дағды. Ол дауысты дыбыстың өзінің таңбасы бар, дауыссыз дыбыстың өзінің таңбасы бар. Мінеки осы мүддеден шығатын болсақ, яғни бүгінгі мәселе болып отырған у мен и дауысты дыбыстың таңбасымен таңбаланып отыр ма, әлде дауыссыз дыбыстың таңбасымен таңбаланып отыр ма? Сонда өзінен-өзі шыға келейін деп тұр. Мысалы, мына жерде у дыбысы и таңбасымен белгіленіп тұр. Әлемдік лингвистиканың барлығында ағылшын дейсіз бе, француз дейсіз бе барлығында бұл дауыссыз дыбысты таңбалайды. І таңбасы да дауысты дыбысты таңбалайды. Сондықтан құрметті әріптестер, сіздер бізге айтыңыздаршы ана жазған кітаптарыңыз рас па, әлде халыққа айтып отырғандарыңыз өтірік пе? Егер біз осыны ашып алатын болсақ, онда мына әріптердің өзгеретіндігі ақиқат. Өйткені мынау екі дыбыс та дәл қазіргі осы көрінісінде дауысты дыбыстың таңбасы. Тыңдағандарыңызға рақмет!

З.Базарбаева: Ахмет Байтұрсынұлы кезінде осы дыбыстарды жарты дауыстылар деген болатын. Себебі олардың бойында дауыстының да, дауыссыздың да қасиеттері бар. Және осындай дыбыстар қазақ тілінде емес, басқа да тілдерде бар. Француз тілінде, поляк тілінде, ағылшын тілінде бар. Сонда олар әртүрлі таңбалайды. Жалпы таңба деген ол шартты нәрсе. Қазір жұрт айтады дауыстыларды дауыссызбен таңбалаймыз, дауыссыздарды дауыстымен таңбалаймыз деп. Бұл жалпы дұрыс емес. Себебі таңба ол дауысты, дауыссыз болмайды. Жаңа мына и таңбасын дауыстыны көрсетеді дедіңіздер. Француз тілінде бұл жарты дауыстыны көрсетеді. Поляк тілінде де солай. Сондықтан ол шартты нәрсе. У-ды былай таңбалай берсек те бола береді. Жұрт айтады бұл болмайды, ол дауысты біз тау дегенді жаза алмаймыз дейді. Неге жаза алмаймыз, жаза аламыз, ол шартты нәрсе.

Ж.Жақып: Шартты болғанда, акустика жағынан ол дауысты. Тек бізде буын жасай алмайды.

З.Базарбаева: У мен и-ды дауыссыз дейміз. Мысалы, б мен п-ны салыстырып көрдіңіз бе, ж мен у-да бар ма айырмашылық, бар. Үн бар ма, бар, ал ж дыбысында үн жоқ. Сондықтан А.Байтұрсынов дұрыс айтқан болатын жарты дауысты деп. Сондықтан бұны жарты дауысты деп айтуға болады.

Ә.Жүнісбек: Кезінде XIX ғасырда қазақ фонетикасын зерттеген орыс ғалымдары болды ғой. Солар «полугласный» деген термин ұсынған. Сол бізге кезінде шала дауысты, жарты дауысты болып әлі келе жатыр. Ал енді оны біз қалай түсіндіреміз. Біріншіден, бұл дыбыстардың жасалуында ауыз қуысында ақиқат кедергі жоқ. Бірақ бұл екі дыбыс буын құрай алмайды. Оның басты қызметі осы. Дауысты мен дауыссыздың айырмашылығы осында. Буын құрай ала ма, буын құрай алмай ма? Буын құрай ма ол – дауысты, буын



құрай алмай ма ол – дауыссыз. Сондықтан ақиқат бұл екеуі дауыссыз дыбыс. Сондықтан бұл жерде дауысты ма, дауыссыз ба деген мәселеге таластың керегі жоқ.

А.Фазылжанова: Кешіріңіздер, Зейнеп апайдың айтып отырғаны әріпке дауысты, дауыссыз деген термин қолдануға болмайды.

Ж.Жақып: Әріп деген акустиканың таңбасы ғой.

А.Фазылжанова: Ал егер дыбыс туралы айтсақ, ол әрине не дауысты, не дауыссыз болады. Функциясына қарап у мен и-ды дауыссыз деп айтамыз, рас ол солай. Бірақ таңба таңдағанда дауыстыға мына таңбаны ғана аламыз, дауыссызға мына таңбаны ғана аламыз деген бірде-бір әліпби жоқ. Апай соны айтып отыр.

Ә.Жүнісбек: Өзі 28 дыбыс бар, 9 дауысты, 19 дауыссыз. Бұған талас жоқ қой, болды. Ол үн бар, үн жоқ деген емес, екеуін ажырататын бір-ақ белгі бар. Буын құрай ма, құрай алмай ма?

О.Жұбаева: Бір ауыз сөз қосып өтейінші. Біріншіден, Анар ханымның сөзіне байланысты қаріп таңбаланады оны бәрі біледі. Байтұрсынов өз еңбектерінде а, у, и дегендердің бәрі дыбыстар дейді, ал дыбыстардың таңбасын біздер дауысты, дауыссыз деп жіктейміз соған сәйкес біз оларды дауысты қаріп, дауыссыз қаріп деп ажыратамыз деген. 1918, 1921, 1927, 1929 жылғы «Тіл-құралдың» бәрінде дауыссыз қаріп, дауысты қаріп, дауысты таңба, дауыссыз таңба деп айтқан – біріншіден. Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы айтады у мен и-ды Зейнеп апай айтып отырғандай шала дауысты, жартылай дауысты, орта дауысты деп үш түрлі айтқан. Тек қана и мен у-ды айтпаған. Ол жерде үнділердің бәрін айтқан. Жеке тұрғанда у-дың алдына дауыстыны қоймаса, қазақ айта алмайды дейді. У-ды да, и-ды да қазақ айта алмайды дейді. Міндетті түрде оның алдында ы, і қандай да бір дауысты болса ғана соны шығара алады дейді. Бұл менің сөзім емес. Бұл – А.Байтұрсыновтың сөзі. Сондықтан біз осындай нәрселерге кішкене тоқтауымыз керек сияқты. Егер біз у мен и-ды дауысты деп алатын болсақ, онда м, н, ң, р, л олардың бәрін А.Байтұрсынов дауысты деп айтқан. А.Байтұрсыновтың үлгісінен кейін Қ.Кемеңгеров те, Т.Шонанов та, Қ.Жұбанов та солай айтқан. Енді олардың дауысты емес екені бесенеден белгілі ғой. Оларға таласпайтын болсақ, неге біз мына екеуін олардан бөліп шығарып алуымыз керек. А.Байтұрсынов та кезінде сол сұрақты қойған. Қазақ білімпаздарының бірінші сиезінде осы мәселеге байланысты бірнеше күн талқылау болған. Сонда Байтұрсынов бастаған 5 адамнан комиссия құрылып, Халел бар, Байтұрсынов бар барлығы дәлелдеп шығады және осыған нүктесін қояйық дейді. Бір ғасырдан астам уақыт өтіп кетті. Біз сол мәселеге қайтадан келіп отырмыз.

Ж.Жақып: Жаңағы айтып жатқан дауысымыз табиғи нәрсе. Ал біздің талқылап отырғанымыз шартты, жасанды нәрсе. Сондықтан сіздер мынау таңба мен дыбысты табиғи, екеуін бір жерден шыққандай қылып істегілеріңіз келеді ғой. Олай болса жақсы ғой! Бірақ жасанды екенін ұмытпаңыздар.

Қ.Күдерінова: Менде сұрақ бар. Ербол ағай өткенде осы мәселе талқыланады деген кезде біз айтылып жатқан пікірлерді осы уақытқа дейін неше рет тыңдадық қой. Қанша жиналыста тура осылай осы сценарий қайталанды. Енді бұл сценарий қайталанбау үшін өткенде келісіп едік қой біз емес жазатын. Жазатын мынау мектепте бастауыш, педагогтар солардың эксперименттері қандай нәтиже берді біз соған көнейік деп едік қой.

Е.Тілешов: Эксперимент кеше бітті. Оның нәтижесін ертең алып келеміз. Бүгін мониторинг жасалып жатыр.

Б.Қапалбек: И дауыссыз ғой, иә?! Енді оны қалай таңбалаймыз соған көшейік те. Жәке, и дауыссыз ба?



Ж.Жақып: Жартылай дауысты.

Б.Қапалбек: Жартылай дауысты деген термин жоқ қой. Сіз фонетикада жүйені қарамайсыз ба? Жартылай дауысты деген бағана бар ма сол жерде, не айтып отырсыздар. И дауыссыз болды.

Ж.Жақып: Оны Ахмет Байтұрсынов айтқан жартылай дауысты, жартылай дауыссыз деп.

Ә.Қаба: Модератор ретінде мен айтайын. Осы отырған отырыста сіздер сараптау кеңесінің құрамындасыздар. Мынау кешегі Тіл комитетінің бұйрығымен арнайы құрылған сараптау кеңесі. Бұл Орфографиялық топ емес, бір топ ғалымдар өздерінше бөлініп алып отырған жоқ. Бұл кәдімгі Комитеттің бұйрығымен жасалып отыр. Яғни сіздер бұл жерде тарихи шешім қабылдай аласыздар. Мен сіздерге соны айтайын деп отырмын. Сіздер кәдімгі қорытынды шығара аласыздар. Жаңа сіздер дұрыс бастадыңыздар. И дауысты ма, дауыссыз ба, буын құрай ала ма, жоқ па? Ондай болатын болса біз қайсысын пайдаланғанымыз дұрыс, кімге сүйенеміз, неге сүйенеміз осыны қазір жазып көрсетіңіздер, сызып көрсетіңіздер. Дәлелденіздер, сөйтіп бір-біріңізге дәлелденіздер де, бір тоқтамға келейік.

Ә.Жүнісбек: Әлеке, тағы қайталамаймын. 28 дыбысымыз бар ма мойындаймыз ғой. Тілімізде бар ғой, мойындаймыз ба? Осы төл дыбыстарымызға төл таңба аламыз. Таңбаның шартты екені шартты. Шарттың ішінде шартты емесі бар. Ол мынау халықаралық фонетикалық әліпби деген бар. Бүкіл дүние жүзі мойындап отыр. Ол мынау дыбыстың артикуляциясынан туындайды. Дыбыстың артикуляциясын айтамыз қазір соған мынадай таңба қоямыз. Мінеки болды, ал ол жарты ма , ширек пе, ол полякта бар ма, басқа да бар ма онда біздің жұмысымыз жоқ, ағайындар.

Ж.Жақып: Жұмыстарыңыз болып отыр ғой, қайта-қайта соны айтып отырсыздар. Қазіргі жазып жүрген тәжірибеде й – у/і беріледі. Мен қазір бір мысал жазайын: *Aian qoidy aidady / Ayan qoydi aydadi*. Мен екеуіне де теріс қарап тұрған жоқпын. Екеуі де ыңғайлы. Қазір мынау Аян деген қысқа й-мен (у) жазылып жүрген жағдай бар. Мен осыған дауыс беруді ұсынамын. Келесі: *Kiimdi inemen tigedi*. Енді Тіл білімі институты бойынша жазатын болсам: *Kyimdi ynemen tigedi*. Егер бізше жазатын болсақ, институт сөзін «institut» болады, ал Тіл білімі институты бойынша былай жазамыз «ynstytwt». Мен ойлаймын егер Тіл білімі институты бойынша жазсақ, соңыра емледе мынадай жұмыс істеуіміз керек *институт* сөзін *іністәтүт* деп оқытатын боламыз. Мен екеуіне де дауыс бермеймін қалыс қаламын.

Е.Тілешов: Мәселе мынаған бара жатыр, тындап алыңыздаршы. Біз жаңа шет тілін енгізбейміз, кіргізбейміз дедік қой. Біздің ғылым мен білімдегі қолданып жүрген мен сізге ескертемін 30 томдықтың 6,7 пайызы ғана қазақтың сөзі екен. 93,7 пайызы орыс тілінен енген сөз. Біз шет тіліне бармайық деп айтып жатқандарыңыз да дұрыс, бірақ оның ар жағында перспективасын қараңыздар.

З.Базарбаева: И мен у-дың функциясы бірдей. Егер и-ге у алсақ, онда у дыбысына w алу керек болады.

Ә.Жүнісбек: Мың жерден керемет әліпби жаса, екі ескертпеден құтыла алмаймыз.

Е.Тілешов: Осы тұста екі ескертпе арқылы біз «бір дыбыс - бір таңба» принципін бұзып тұрмыз.

Ә.Қаба: И дыбысына у таңбасын беру қаншалықты дұрыс осы мәселеге келейікші. Жаңа оның дұрыс екенін дәлелдедіңіздер, енді дұрыс емес екенін кім дәлелдейді.

З.Базарбаева: Айтуға бола ма? Мен оған қарсы емеспін, маған ұнайды. Назарбай, Базарбай дегенде, мен өзімде Зейнеп дегенде й-ды у таңбасымен жазамын. Онда біз таратып жазамыз басқа амал жоқ. Ал таратып жазуға мен қарсымын. Сондықтан мен оны қолдамаймын.

Ә.Қаба: Таратып жазғанның қандай кемшілігі бар?

Қ.Күдеринова: Мен айтайыншы. Мысалы таратып жазғанда қазақтың сөздерін таратып жазуға болады. Кәдімгі *кино* деген кірме, шеттілдік сөздерді қояйықшы, біз кәдімгі *иман, илһам* кірме арабтан кірген, шығыстан кірген сөздерді мысалы, *илләһи, табиғи, мәдени, тарихи, Иран, Иншалла, Иса* деген сияқты сөздерді қалай жазамыз?

Б.Қапалбек: Біз мынаны қалай жазамыз демеуіміз керек? Дауыссыз ба фонетикада солай тұр ма кетті ары қарай ол емленің мәселесі. Ананы қалай жазамыз түрі ұнамайды деген болмайды. Қазақ тілінде дыбыстардың тіркесімділігі бар соған салынады. Орыс тілінде шет тіліндегі сөздерді қалай жазамыз деген ереже жоқ.

Ә.Қаба: Біз жаңа басында айттық қой рухани жаңғыру, қазақша дыбыстау, қалай дыбыстайды солай айтамыз деп, яғни бұл жерде егер ол сөз орыстікі болмай, арабтікі болып өзгеріп кетсе онда тұрған түк те жоқ.

О.Жұбаева: Жаңа Әлімхан аға керемет сұрақ қойды ғой, сол сұраққа қарсы келетіндер болса ғылыми баяндама айтсыншы. Жантас ағай өте керемет мәселе көтеріп отыр соған қарсы дау айтатындар болса соны айтайықшы. Егер қарсы пікір болмаса онда мақұлдады деген сөз.

Ә.Қаба: Сонымен у таңбасын й дыбысына беруге ешқандай қарсылық көріп тұрған жоқпын. Осы тұрғыдан дауысқа салсақ, қалай болады?

А.Фазылжанова: Қазақтың баласы қандай болу керек, қазақтың баласы ертең ғаламмен құрмаласқан болу керек. Ол енді төл сөз деген бірінші орында тұрады. Мына жобада төл сөздің ешқайсысы танылмайтындай жазылмайды. Екіншіден, бұл жобаның тағы бір артықшылығы бұл жобамен жазған кезде шеттілдік сөздер мәтіннің ішінде қармап оқуға өте ыңғайлы. Мен сіздерге бірнәрсені қатты айтқым келеді, құрметті әріптестер, дыбыстық жүйе деген бар, жазу жүйесі деген бар. Дамыған тілдерді қараңыздар. Дамыған тіл ағылшын тілі болса, солар сияқты бізде халықаралық деңгейде дамимыз десек, солардың тәжірибесін қараңыздар. Олардың ешқайсысы да ауыздан шыққан дыбыстың барлығын таңбалап отырмайды. Өйткені жазудың функциясы ақпаратты неғұрлым тез және түсінікті жеткізу. Міне, сондықтан біз қазір ең алдымен жазуды ойлайықшы. Дыбыстық жүйені біз қазір сіздер бізден кем, біз сіздерден кем білмейміз емес, барлығымыз бір деңгейде білеміз. Ал енді жазуға келейікші, біздің жетілдірілген жобада мына Іі таңба бар. Бұл таңба жана Жантас ағай айтқан й дыбысын және ый/ій дыбыс тіркестерінің мәнін білдіреді. Бұл әріптің мәні күрделі. Әріп деген шартты таңба. Біз әріпке қандай мән береміз ол әріп солай түсіндіріледі. Бір қуаныштысы Орфографиялық жұмыс тобындағы ғалымдар әрбір әріпке берген мазмұн қазіргі қазақ тілділердің санасындағы мазмұнға сәйкес келеді. Енді осы таңбаның бір үлкен артықшылығы, біз қазір өзімізді емес, болашақты ойлауымыз керек. Біз ХХ ғасырдағы дүниені қайтадан қайталап отырмыз. Мен сол үшін ұяламын. Сондықтан мен осы жетілдірілген жобаны дұрыс деп ойлаймын. Себебі ый/ій мына мазмұн төл сөздің де тұрқын қазақшалайды, шеттілдік сөздің де тұрқын қазақшалайды. Мысалы, қараңыз біз жазғанда *кино* сөзінің транскрипциясы [*кйінә*] болады. йй дыбыс тіркесінің мәні і (и)-ды беріп тұр. Таратып жазуға мен қарсымын. Өйткені мысалы *ит* деген сөздің мен қазіргі кириллдегі дыбыстық мазмұнын жаздым [*ййт*]. Мына жердегі і мен қысқа й бұлар тұтасып кеткен дыбыстар. Бұны біз бір таңбамен жазсақ, бұның фонетикалық негізі күшті. *Ит* деп жазғаннан ешбір қазақтың баласы бұны *айт, өйт, ойт* деп оқымайды. Бұны тек қана ит деп оқиды. Яғни ондай болатын болса, біз ол жерде оны неге таратамыз. Жазу деген ол ауыздан шыққан әр дыбысты таңбалап отыруға арналған құрал емес. Дыбыстық жүйе мен жазу жүйесін шатастырмайық. Енді қараңыздаршы, мына і дыбыстың күшті болып тұрғанын қараңыздаршы, мысалы, *institut, respublika* осы сөздерді қалың мәтіннің ішінде елестеніңдерші бұны қазақтың баласы тез-тез, қармап-қармап оқиды.



А.Салқынбай: Бұл жерден бір-ақ нәрсе көріп тұрмын. Мына жердегі мысалдардың барлығы орыс тілінің сөзі.

А.Фазылжанова: Ал жақсы қазақтың сөзін жазайын. Мысалы, *itmūryn* міне жетілдірілген жобамен жазғанда тез оқылады, ал енді сіздердің жобамен жазайын *iytmurin* міне қарайық қайсысы тез оқылады. Тағы бір сөз жазайын *mapuxu – tarihi* ал мына жобамен жазсам *tarihyu* бола ма әлде *tarihyiu* қалай жазамын деген сұрақ тек қана жас бала емес, жазу-сызу қолында қаламы бар адамда туындайды. Яғни бұл қауіпті орфограмма. Егер бұл әліпбиімен жазатын болсақ, қауіпті орфограммалар көбейеді. Жазуда плюрализм туындайды. Жазуда қате көбейеді. Ал егер бұл сөзді біз Орфографиялық жұмыс тобының жобасымен былай жаза салатын болсақ *tarihi* сөз жоқ ешкім қате жібермейді. Бұны біз талай эксперименттен көрдік, Әділбек мырза. Сондықтан мен у мен и-дың таратылып жазуына қарсымын.

Ә.Жүнісбек: Мынау қандай сөз *qi*? Ал енді әліпбиде мынадай тапсырма бар екен. Сөздің құрамындағы дыбыс (дауысты, дауыссыз) буын, тасымал. Ал енді осы сөзді дауысты, дауыссызға бөліп беріңдерші кәнеки?

А.Фазылжанова: Ағай бұл дауыстыға да, дауыссызға да бөлінбейді. Себебі бұл жазу, оның транскрипциясын жасап дыбыстарды дауысты, дауыссыздарға бөлеміз.

Ә.Жүнісбек: Сонда сендер *qi* деген сөзді транскрипция арқылы *qiu* деп көрсетесіңдер ме? Жарайды.

З.Базарбаева: Дұрыс біреуі орфография, біреуі орфоэпия болады.

А.Салқынбай: Сонда сендер біздің тілімізді ағылшынның транскрипциясына салып қояйын деп тұрсыңдар ма? Ағайдың әліпбиімен транскрипция жасалмайды.

О.Жұбаева: Анардың ойын ары қарай сабақтастырайын. Анар айтты: «Мына *i* таңбасы екі түрлі дыбыстың мәнін береді» - деді. Олай болған жағдайда бізде *кеми, байи* деген сөздер бар. Бұл сөздердің түбірі бірі - *кем*, бірі – *бай*, яғни сын есімдер, ал бұларға жалғанған и-ды көсемше деп түсіндіреміз. Көсемше ешқашан сын есімге жалғанбайды. Университеттің адамдары *кеми, байи* деп жазып жүр. Сонда біздер сын есімге көсемшені жалғап отырмыз. Ол миға сыймайтын нәрсе. Мысалы, *байып, байыт* осы сөздердің құрамында *ы* дыбысы сақталады, себебі екі дауыссыз дыбыстың арасында тұр. Енді *кеми* дегенде *й* дыбысы бізде дауыссыз неге *і*, *ы* дыбысы кетіп қалады. Осы тұрғыдан келген кезде Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: «*ы, і* дегендеріміз бүкіл басқа *а, о, е* сияқты толық дауыстылар» - дейді. Дауыстыларды естілмей қалады екен деп өшіріп тастауға болмайды дейді. Мысалы, *мылтық, ірімшік, қырық, қылмыс* дегендер де бастапқы буындағы *ы, і*-лер естіледі де, қалған буындарда естілмейді. Олар естілмейді екен деп бәрін қысқарта беруге болмайды. Тілде не жүйе қалады? Алдымен өзіміздің төл сөздірімізді анықтап алайықшы, буын жігі, морфема жігі. Қазір әліпбиге дейінгі кезең бар. Балалардың құлағын үйретеді. Қандай дыбыс бар, дауысты, дауыссыз. Дыбыспен жаттығады. Мысалы буынға тасымалдағанда *байы* дегенді *ба-йы* болады. Немесе қазіргі кезде біздің мамандар былай деп жүр *киін* деген сөзді тасымалдайтын болсақ, *ки-ін* тасымал онда дауыстыға келеді. Буын тасымалданған кезде, тасымал ешқашан дауысты дыбыстан басталмайды. Ол қазақ тілінің заңдылығына қайшы. Буын тек қана дауыссыздан басталу керек.

Қ.Күдерінова: Былай істейікші. Біз мұндай пікірді 5-6 рет естідік. Орынай саған бір сұрақ қояйыншы. Жаңа *байы, кейі* дегеннің қалай түбірін табады дедің, енді маған *ойнады* дегеннің түбірін жазып көрсетші. *Менің бүйрегім ауырып отыр* дегенде, *бүйректің* түбірін қалай табады?

О.Жұбаева: Ол кірігіп кеткен сөздер.





А.Салқынбай: Біз жаңа Анар ханымды тыңдадық. *Республика, кино* деген сөздерді қалай жазамыз дегенде, яғни таратып жазбайтын болсақ, орыс тіліндегі сөздерді былай жазуымыз керек деп тәптіштейтін болсақ, онда бізге ең алдымен Елбасы рухани жаңғыруды не үшін қойды? Онда біз не үшін кириллицада қалмай, латынға өтіп жатырмыз. Латынға өтуіміздің себебі не? Менің ойымша, Елбасының да, Президенттің де қойып отырған талабы бізге қазақ тілінің әліпбиін жасау. Яғни кириллицада еніп кеткен орыстың әріптерінен құтылып, қазақтың өзінің төл таңбасын жасау. Сондықтан да дәл қазіргі таңда алдымен *президентті* қалай жазу емес біздің мақсатымыз, қазақтың өзінің төл сөздерін қалай жазуға ыңғайлануымыз керек. *Кино* деген сөзді қалай жазу дәл бүгінгі күннің мақсаты болатын болса, онда мен шынымен де қазір қайтамын.

Ж.Жақып: Сендер емлені неге айтып жатырсыңдар?

Ә.Қаба: Біраз жерге бардық. Енді қорытындылайтын жеріне келейік. Әріп туралы айтайық. Сонымен мынау Йй дыбысына Уу таңбасын аламыз ба, алмаймыз ба? Осы мәселенің төңірегінде қазір тоқтаймыз да, дауысқа саламыз ба қалай істейміз?

Ә.Жүнісбек: Әлеке, мен ол дыбыстың табиғатын айттым ғой. Болды. Соған қарсы уәж айтатындар болса.

З.Базарбаева: Құрметті әріптестер, әліпби жазу үшін жасалады. Егер біз й дыбысына латынның у таңбасын берсек, онда біз таратып жазамыз. Басқа амал жоқ. Ал егер ол таңбаны бермесек, онда таратпай жазамыз.

Ә.Қаба: Яғни, у таңбасын береміз де төл сөздерді таратып жазамыз, сол кезде ол қазақшаға келеді.

З.Базарбаева: Анар жаңа егер таратып жазатын болсақ, қандай қауіп болатынын айтты ғой.

Б.Қапалбек: Біз осы 42 әріппен жазылған терминдердің орфографиясын көрсеткенбіз. Абай.кз сайтында тұр. Сол жерде Орынайлар тілдің жүйесін көрсетіп берді. Сол жерге мысалдарды салғанда ана мысалдар тура қазақша болып тұр. Сонда орфографияны жасағанда мына принциппен кеткен ғой.

Ә.Жүнісбек: 1957 жылға дейін таратып келгенбіз.

Ә.Қаба: Ендеше қорытындылайық. Түркімен тілінен басқалары й дыбысына у таңбасын алады дұрыс қой?! Қазіргі й дыбысына у таңбасын алуды қолдайық. Таратып жазу мәселесін алайық, ол біздің рухани жаңғыруымызға келеді. Осы мәселені дауысқа салып көрейік. 3 адам қарсы, 2 адам қалыс қалды, 5 адам қолдады.

Ы/І дыбыстарының таңбасы

Ә.Қаба: Құрметті әріптестер, түске дейін жақсы талқылау болды, пікірлерімізді айттық. Енді соны ары қарай жалғастырайық. Екінші тұрған мәселе бізде ол ы дыбысының таңбалануы. Біз жаңа у таңбасын й дыбысына қойсақ, онда ы дыбысына қандай таңба береміз? Ғалымдардың арасында ы дыбысына Іі таңбасын берсек деген ұсыныстар айтылып жүр. Бұл таңба көзге таныс, әрі бірнеше елдерде осылай Іі таңбасымен беру мүмкіндігі бар. Осы таңбаға қолдау бар ма, қарсылық жоқ па?

А.Салқынбай: Қолдау бар, қарсылық жоқ.

Ә.Жүнісбек: Сосын бізде а-ә, о-ө, ұ-ү деп ы-і жүйе сақталады.

Е.Тілешов: Онда і дыбысына да умлаут берсеңіз жүйе бұзылмайды.

Ә.Қаба: Енді ол дыбысқа да келеміз. Өйткені жаңа біз й дыбысының бір түрін алдық та, екінші орыстың и қалып қойды. Бірақ та енді ол біздің алдымыздан бәрібір шығатын шығар деп ойлаймын. Біз барлық и-ды у таңбасымен бермейтін шығармыз.



Е.Тілешов: Үу таңбасын тек қысқа й-ге ғана береміз ғой.

О.Жұбаева: Ұзын и-дың қажеті жоқ. Ол қазақ тілінде жоқ қой.

Ә.Қаба: Бағана біз й дыбысына – у таңбасын алдық, мына и дыбысына – і таңбасын берсек, і дыбысына – і таңбасын алсақ. Осының төңірегінде ұсыныстарыңызды беріңіздер, мысалдарыңызды ойлаңыздар, пікірлеріңізді айтыңыздар.

Ж.Жақып: Кейін компьютерден мына таңбаны (і) таба аламыз ба?

Ә.Қаба: Бар-бар, мен қазір ғана қарадым.

Е.Тілешов: Юникодта бар, халықаралық фонетикалық әліпбиде бар барлық жүйеде бар.

О.Жұбаева: Бірыңғай жіңішкелікті білдіретін болады ғой, ол жақсы ғой.

А.Фазылжанова: Бір жердегі и-ды ы және й екі әріптің тіркесімен бересіз, бір жерде жалаң і-мен бересіз, иә? Маған *интернет, институт* дегенді жазып беріңізші.

Б.Қапалбек: Олар і-мен жазылады.

Ж.Жақып: Нүктесі бар І-ні мына қызылдың ішіне кіргізу керек шығар.

Б.Қапалбек: Оны Әлекең дұрыс айтты ғой. Емле ережені талдағанда 40 түрлі менде бар бір ереже бір ережені терістейді. Мына жерде екі-ақ қосымша ереже болады. І орыс сөзінде дауыстының қызметін атқарады, у-да сол секілді.

Ә.Жүнісбек: Мың жерден бас-аяғы бүтін әліпби дайындаңыздар, орыс тілінен құтыла алмаймыз. Умлаутты і дыбысына алған кезде жыбырлап кетпей ме? Сондықтан мына умлаутымыздың өзі сол жағынан қиын болайын деп тұр. Бізде базалық норма деген бар, ол мынау – і. Көзіміз үйренген, бүкілі қабылдаған, бүкіл әліпби сонымен жазылған мынау – і. Сондықтан біздің өзімізге тән әріптен, көзіміз үйренген қазақ тілінің жіңішке әуезін беретін мына нүктелі і әріптен қашқанымызға мен қарсымын.

Ж.Жақып: Әлекеңнің айтайын деп тұрғанын мен былай түсіндім. А-Ä, О- Ö, U-Ü, I-İ осы жүйені ұстанғысы келіп тұр.

Е.Тілешов: Таңбаларға байланысты айтып жатқан тұжырымдарыңыздың бәрі дұрыс. Бірақ біздің адамдар і-ні қылып айтып жүргенін ұмытпасаңыздар екен. Ертең әліпбиіңді емес, біздің Совет үкіметі кезінде әліпби болды ғой, соның өзінде қазақ өзінің тілін ұмытты ғой. Дұрыс па?! Ол тілді ұмыту қандай әліпбиің мықты болса да ұмытатын заман. Қазір сондай заман келе жатыр. Біз соған жол ашамыз.

А.Салқынбай: Мәселе мынада болып тұр ғой, құрметті әріптестер. Бағана мен у мен и мәселесін ашып алайық дедім. Олар дауысты ма, дауыссыз ба деп. Өздеріңіз айттыңыздар и мен у дауыссыз деп, дауысты и мен у жоқ деп. Сонда мен түсінбеймін біз нені талқылап отырмыз. У мен и неге дауысты болып кетті, өйткені олардың алдындағы ұ мен ү, ы мен і дыбыстары айтылмаудан.

Ж.Жақып: Нақты мәселе қойылды ғой, неге соны айтпайсыздар. Қазір мәселе умлаут қоямыз ба әлде бір нүктемен береміз бе?

Ә.Қаба: Құралай ханымға сөз кезегін берейік.

К.Күдерінова: І дыбысының таңбасын умлаутпен берсек жүйеге сәйкес келеді дұрыс. Бірақ бір ғана кедергі бар екен. І әрпі бізде қолданылу жиілігі жағынан 5 орында көп кездеседі. Мен жазып көрдім кәдімгідей төбелері моншақ-моншақ болайын деп тұр. Біріншісі ә болса, екіншісі міндетті түрде і-мен аяқталады екен. Сонда ә де умлаут, ө де умлаут, і де умлаут төбесі моншақ-моншақ болып кетейін деп тұр. Бір кедергісі сол әйтпесе болады.

Е.Тілешов: Біз басында ашып жазуға келістік қой. Әріптің саны көбейсе де, тілдің табиғатын сақтап ашып жазамыз дедік. Бұл ашып жазудан қиын мәселе емес. Онымен салыстырғанда қиын емес. Ашып жазуға келгенде тілдің табиғатын сақтаймыз дейміз, ал мынаған келгенде табиғатты сақтағымыз келмейді.



Ә.Қаба: Енді келесі мәселеге көшейік. С (ц) мәселесі. Әліпбидің құрамында жоқ, бірақ дегенмен біз оны айтуымыз керек. А, В, С дегенде алдыңғы екеуі бар да, неге С жоқ деген сұрақтар туындауда. Сондықтан С таңбасын мынаның қатарына енгізсек.

Ә.Жүнісбек: Әлеке, тиянақтап алайық. Ы дыбысы нүктесіз І таңбамен, ал і дыбысы нүктелі і таңбасымен алынды. Болды. С таңбасын қосасыздар ма, жоқ па мен оған араласпаймын.

Ж.Жақып: Жоқ оны әліпбидің қатарына енгізудің қажеті жоқ.

Ә.Қаба: Мәселе ц-да болып тұр ғой. Витамин С деп жазатын болсаңыздар оны немен жазасыздар?

А.Салқынбай: С-ды алфавиттің құрамына енгізудің қажеті жоқ. Онда кирилден айырмашылығымыз қалмай қалады. Ертең сынайтын адамға біз әдемілеп факт тауып берейік деп отырмыз.

Б.Қапалбек: Баяғыда кириллицаға өткенде бүкіл орыстың әріптерін алып, қазақтың дыбыстарын артына тіркеп еді ғой. Сол сияқты біз өзіміздің төл дыбыстарымызды А, В, С емес бізде а, ә, б ғой тәртібі солай тізіп шығайық. Сосын қызылмен қанша әріп кіргізеді, кіргізе берсін астына.

Ә.Қаба: Кейбір мәселелерге байланысты бір мәмілеге бару керек. Сондықтан бұның да қазіргі қажеттілігін ескере отырып, С таңбасын ц дыбысымен кіргізуге тура келеді.

Ж.Жақып: Біз кірмеде В дыбысын құрта алмадық. *Володя* дегендегі.

А.Салқынбай: Бұл жерде *Володя* да тұр, *фабрика* да тұр.

Ж.Жақып: *Фабрика* тұра береді.

А.Салқынбай: Неге?

Ж.Жақып: Бізде қазір ф дыбысы мағынаға ие болып кеткен сияқты. Х мен ф бізге кіріп кеткен. Олар бізге арабтан келген ғой. Ал енді в-ның керегі жоқ.

Ә.Қаба: Онда әліпбидің құрамына С таңбасының керегі жоқ дегенді барлығыңыз қолдайсыздар ма? Біз ертең Үкіметке береміз, ар жағында Президентке береміз. Одан кейін ол жақтан мына әріптер жоқ екен қайта жетілдіріңдер деп қайтып келмесін деген әңгіме біздікі. Қалай дегенде де біз ол кісілердің көзқарастарын біліп отырмыз.

А.Салқынбай: Елбасының сөзі бар ц, я, ь, ь, белгілері керек жоқ деген.

Е.Тілешов: 30 томдық сөздікте в-дан келетін сөз 14 мың, ф-дан келетін сөз 7500, ц-дан келетін сөз 1600 сөз-ақ. 21 мың сөзді кіргіземіз де, 1600 сөзге келгенде тарылып қаламыз. Біз егер осы ғалымдар деп шешіп отыр екенбіз мен Бижомарттың сөзіне қосыламын. В-ны да, ф-ны да мынадай етіп қызылдың ішіне беру керек. Біз өзіміз бірізділіктен шығып отырмыз. Біз ақыры төл әліпби істедік пе, онда бұлардың қатарына в мен ф-ны қоспай цитаталардың қатарына енгізу керек. В мен ф-ны әліпбидің құрамына кіргіземіз де С таңбасына келгенде дауласып отырмыз.

Ж.Жақып: Ерболдың айтқанына байланысты ұсыныс тыңдайсыздар ма?! Тыңдасаңыздар в-ны да төменге түсіреміз, сонда 30 әріп қалды, ф-ны да түсіріп бас-аяғы тек 29 әріп болу керек.

А.Фазылжанова: Маған мынаны айтыңыздаршы, сіздер әліпби жасағанда ұстаным басымдық па жоқ әлде бұл жасалған әліпбимен адам тезірек оқып, жазып ойын жеткізу басымдық па?

Е.Тілешов: Басымдық қазақ тілінің дыбыстық жүйесі сақталу керек болды бітті.

А.Фазылжанова: Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін сіз қалай істесеңіз де сақтай алмайсыз. Негізгі база әліпби болғанымен, әліпби бәрібір де жазуға қызмет етеді.

Қ.Күдеринова: Әлімхан ағайға сұрақ қояйыншы. Ағай бізде тоғысыңқы дыбыс көп айтыла ма, әлде жуысыңқы дыбыс көп айтыла ма? Сөйленісте, артикуляциямызда, біздер қазір қайда кетіп бара жатырмыз тоғысыңқы ма, жуысыңқы ма?



Ә.Жүнісбек: Тоғысыңқы көп айтылады.

К.Күдерінова: Тоғысыңқы көп айтыла ма?! Өйткені орфоэпияны жасағанда тоғысыңқының бәрі жуысыңқыға айналып жатты ғой. Вариацияларымыз солай шықты. Мысалы, қ деген тоғысыңқы болса, біз оның жуысыңқы қ-ны шығардық. Тіл эволюциясында бізде қазір жуысыңқыға қарай кетіп бара жатырмыз. Ал мына ф, в және х қазақ тілін жуысыңқы айтуға көмектесетін дыбыстар. Олар араб кезінде кірген ол бізге оңай сіңіп кетті. Себебі біздің тіліміз жуысыңқы айтуға кетіп бара жатыр.

Ә.Қаба: Құрметті әріптестер, біз бұрынғы заманда емес, қазіргі заманда өмір сүріп жатырмыз. Тіліміз күнде дамып жатыр. Кезіндегі арабтан сіңген сөздер әбден сіңісіп кетті тілімізге. Қазіргі орыс тілінде айтылып жүрген халықаралық терминдер, қаншама сөздеріміз бар. Қазіргі жастар, оқыған қауым, ертеңгі өсіп келе жатқан жастар тура солай айта ма? Жарайды енді мен С-ға байланысты айтпай-ақ қояйын, в, ф дыбыстарымызды алып тастаймыз. Менің ойымша осынша жасалып келген дүниеге тиісудің қажеті жоқ.

О.Жұбаева: Соңғы жылдары термин сөздіктерді қайта шығарып жатыр. Қазір геология деген секілді неше түрлі сала бар ғой, солар терминдерді орыс тілі бойынша емес, түпнұсқаға негіздеп алып жатыр. Олар бізге таңқалып отыр неге Орфографиялық сөздікте мысалы вольфрам деген түпнұсқа бойынша олай қолданылмайды сендер неге оны орыс тіліне сәйкестендіріп отырсындар дейді. Сондықтан біз сол ғалымдарға мүмкіндік берейік.

Ә.Қаба: Бізде кірме сөздер миллиондап саналады олар қалай болады?

О.Жұбаева: Біз Терминология бөлімімен отырып бәленбай терминдерді істедік қой сонда терминдерді жүйеге салдық дыбыс тіркесімімен. Формулаға салғанда бәрі шығып тұр. Егер әліпби осылай кететін болса, онда ол мақтаныш болады. Бәрі қуана-қуана көшеді.

Е.Тілешов: Мен италияның әліпбиімен таныстым. Неге таныстым италиямен ағылшынның бәрі қоспа. Мәселенің бәрі w таңбасынан шықты. Әлімхан ағама қарсы болу үшін, w таңбасының керек емес екенін өзімше дәлелдеу үшін италияның әліпбиімен таныстым. Сонда 21 әріп тұр. 21 әріп архаикалық әліпби, 23 әріп классикалық әліпби, 26 әріп базалық әліпби. Сол 21 әріптен италия әліпбиі қосымша 6 әріпті төменге қойған. Осындай әліпби Еуропаның бәрінде қолданылады. Ешкім төменге 6 әріпті болмаса 10 әріпті тізіп қойыпты деп жатқан жоқ. Өйткені бәрі өзінің дыбыстық жүйесін сақтап, әліпбиін жасады.

А.Фазылжанова: Мен бірнәрсе айтайыншы. Мынау цитаталық принциппен жазылатын сөздерге арналған таңбалар ұлттық әліпбидің жүйесінде бұларға орын жоқ дедік. Ербол ағай айтқандай, цитаталық принциппен жазылған сөз тырнақшаның ішіне аламыз да ол брэнд атауларында ғана солай жазамыз дедік. Мысалы «Windows» немесе Кока-кола компаниясында жұмыс істейді дегенде «Coca-cola» дегенді тырнақшаға аламыз. Енді сіздер осылардың қатарына ф дыбысын түсірсеңіздер Фараби дегенді тырнақшаға алып жазамыз ба?

Ә.Жүнісбек: Керек десеңдер Фараби да кірме сөз, Фердоуси да кірме сөз. Өзбектердің өзі Фердоусиды ерін-еріндік қылып айтады. Біз айтып жүрген ф дыбысы емес, басқаша айтады. Сондықтан қазіргі шешім былай болсын төл әліпби басы ашылды. Басында ретімен тұрады. Төмен жағына қимаған дыбыстардың бәрін тізіп көрсетейік.

А.Салқынбай: Бәрінің не керегі бар. Ц, ч дыбыстары дифтонгтар олардың қажеті жоқ.

Е.Тілешов: Ол әңгімені неге айтып отырмын. Біз өзіміз жарым-жартылай жұмыс істеп отырып, әңгіме неден басталды С таңбасынан басталды. Егер біз в мен ф-ны кіргізетін болсақ, ц дыбысы да кіру керек. Ол кірмейді екен аналар да кірмеу керек. Егер әліпбиіміз өтеді деп Әлекең соған сенімді болса, онда ц-ды қосақтап кіргізуіміз керек. Принцип жоқ қой.



Ә.Қаба: С-ға әкеп тіреудің керегі жоқ. С-ны қоссаң қос, қоспасаң астында тұра берсін. Менің айтайын дегенім А, В, С латынның өзінде бар базаны пайдаланындар, қалдырындар ертеңгі сөйлеген сөзімізде бізде толық болсын деген әңгіме. Осындай әңгіме айтылды, ескерту жасалды. Біз өткенде Әшімбаевқа барған кезде осы әңгіме айтылды. Айтылған адамдардың да пікірін ескерейік. Тек қана мына жерде өзіміз отырып заң шығармай, қоғамды да ескеру керек. Сіздер ғалымсыздар. Сіздердің ғылыми тұжырымдарыңыз дұрыс, бүгінгі ертеңгі болатын дүниені біліп отырсыздар. Ал қарапайым халық бар ғой олар қалай пайдаланады, ертең олар соны айта ма? Мысалы сіздердің балаларыңыз айта ма, мысалы, *футбол* дегенді *путбол* деп.

А.Салқынбай: Оның жауабы мынадай. Кез келген адам қолына латын қарпін алған кезде латын дегеннен кейін А, В, С-ды іздейді. Менде іздедім С қайда кеткен, С жоқ қой деп. Ағылшында неге С бар, себебі С мен S оларда екі түрлі. С-ның өзі бір жерде к болып оқылады, бір жерде ц болып оқылады. Ал біздің тілдің табиғатында ондай жоқ қой. Сондықтан біз ол С-ның біреуін ғана алып отырмыз.

Е.Тілешов: Әлеке былай болып тұр, мынаны түсініңіздерші. Біздің айтып отырғанымыз в мен ф-ның мәртебесін түсіреміз, *вольфрам* деп айта бересіз Зейнеп апай, *Владимир* деп айта бересіз. Бірақ оның мәртебесі түсіп, бөтен дыбыс екені астында тұрады. Италия айтпайды емес, италия айтады. Бірақ оның бөтен екенін көзіне шұқып астына б әріпті қосып қойған. Сіздер мынаны түсінбей отырсыздар, әліпбиден алып тастау деген айтпайды деген сөз емес. Италия жаңағы б әріпті айтады цитата емес, кірме сөздер үшін. Біз қазақтың ұлттық әліпбиінің құрамына бермейік, астына қоямыз. *Путбол* деп ешкім айтпайды, *футбол* деп айтады, *вольфрам* деп айтады.

Ә.Қаба: Қорытындылайық. Біз тілдік эволюцияны ескеруіміз керек, қалай дамып жатырмыз, мысалы біздің өмірімізге қаншама сөздер кіріп жатқандығын, біздің интеллигенцияның қалай сөйлеп жатқандығын, жастарымыздың қалай сөйлеп, қалай жазып жатқандығын ертең біз мәселен жаһандануға еніп жатырмыз оны қалай пайдаланып, қалай сөйлейміз осылардың бәрін ескеруіміз керек. Бұл – бір. Екінші нәрсе, бір жүйеге келуіміз керек. Нақты, өзгертпейтіндей соңғы бір нұсқаға келуіміз керек. Оған келу үшін әбден зерттеңіздер. Оны құрғақ эмоциямен, құрғақ патриотизммен шешуге болмайды. Өйткені қанша дегенмен бұл халық пайдаланатын дүние. Оны тұтынушы ретінде сол тұрғыдан келіңіздерші. Сөйтіп қараңыздар.

Ә.Жүнісбек: Әлеке былай, керек дыбысын іздеген адам таппай қалса онда әңгіме басқа. Тұр ғой астында. Және мынау астында тұрғанның өзінде бір ақпарат жатыр. Сондықтан төл дыбыстарды қалдырып, қалғанын нешеу соларды астына түсірейік.

Ә.Қаба: Енді былай жасауға болады. Кірме дыбыстардың бәрін астына түсіріп, и мен у-ды таратып жазу арқылы қазақыландырып, басқа да дыбыстарды солай келтіреміз. Бірақ қазіргі тілдік эволюция соны қабылдай ма, қабылдамай ма? Мәселе сонда.

Б.Қапалбек: Мен бірдеңе айтайыншы. Бұл Әлекеңнің идеясы. Мысалы, біз 28 ғана алып, сонымен бүкіл жаңағы 14 мың сөзді бірден игеріп жіберсек, халықтың бәрі шу ете қалады. Ол дұрыс емес. Ал анау гибкий нәрсе, в мен жаза береді бірақ мына жақта Тіл білімі институты шапан тігеді, яғни кірме сөздер қалай кіру екеніне. Сөйтіп сөздік жасала бастайды. Мына жақта Шерубай сияқты сөздік жасалмайды, ол дұрыс емес сөздік. Сөздік *музей*, *уагон* сондаймен болады қазақтың сөзімен сөздік болады, анау орыс орфограмма-сымен мына жерге әкеліп көшірген ол сөздік болмайды. 42 әріппен жазылатын нәрсеге мына кісілер формула тауыпты. Соның ішінде біршама сөз кәдімгідей қазақ болып тұр да. Ол енді бұрынғы әліпбиден қазіргі әліпбиге көшудің жолын көрсетіп отырмыз.

Е.Тілешов: Біз осы әліпби арқылы ертең бүкіл халықтың ұлт болатынының алғышартын істеуіміз керек. Бұл алғышарт, бұл бастама.



**«ӘЛІПБІДІ ЖЕТІЛДІРУ: ТАЛҚЫ ЖӘНЕ ШЕШІМ»
АТТЫ САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ СТЕНОГРАММАСЫ**

*Нұр-Сұлтан қаласы,
2020 жылғы 31 мамыр*

Қатысқандар: Е.Тілешов, Ә.Жүнісбек, З.Базарбаева, Ж.Жақып, А.Салқынбай, Қ.Қалыбаева, Б.Қапалбек, Қ.Күдерінова, О.Жұбаева, А.Фазылжанова, Қ.Сәрекенова.

2- күн

У дыбысының таңбасы

Е.Тілешов: Бүгін бағдарлама бойынша бізде У дыбысы.

З.Базарбаева: Кеше қорытынды жасамадық, соны жасайық.

Қ.Күдерінова: Тәжірибелік сабақтың нәтижесін айтамын деп едіңіз.

Е.Тілешов: Нәтижелерді алып келдім. Мұғалімдерге байланысты айтатын болсақ, біз тәжірибелік сабақтың нәтижесімен танысуға міндеттіміз. Қорытындысымен таныс болайық.

Қ.Сәрекенова: Жетілдірілген әліпби жобасы бойынша өткізілген сынама сабақтың қорытындысы. Бірінші мектеп мұғалімдерінен алынған. 21 адам қатысыпты. Қорытындысы мынадай: осы сабаққа қатысушы мұғалімдер екі жүйе бойынша оқу тапсырмаларын орындауға аздау, ал жазу тапсырмаларын орындауға көбірек уақыт жұмсаған. Дегенмен сөйлемдерді оқу ең тез оқыған адамдар әр жүйе бойынша 16-дан 30 секундқа дейін, ал ең баяу оқыған адам 3-тен 5 минутқа дейін уақыт жұмсаған. Және жекелеген сөздер мен сөйлемдерді жазуға кеткен уақыт ең тез жазған адамдар 1 минутта, ең баяу жазған адамдар 7 минутта жазған. Айырмашылығы көп емес екендігі байқалады.

Қазақтілді аудитория оқылым барысында әрбір сөздің басынан аяғына дейін әр әріпті оқуға күш, уақыт жұмсамайды. Сөздер қазақы жадымызда сақталғандықтан, сөздердің тіркесімін жақсы білетіндіктен сөздің басын оқығаннан-ақ соңын тани береді. Оқылымға уақыттың аз жұмсалудың біріншіден осымен, екіншіден бұрын бекітілген әліпби бойынша жазу, оқу тәжірибемізге еніп үйреншікті болып қалғандығымен, сынақтан өткізіп отырған мына әліпби жобасы бекітілген сол әліпбиден айырмашылығы аз екендігімен түсіндіруге болады деп ойлаймыз. Жазылым жаттығуларының орындалу барысы туралы да осыны айтуға болады. Ескерту. Тыңдаушылар жазылым жаттығуларында берілген у-ларды үу, үу түрінде таратып жазамыз ба әлде ыу, іу деп таратып жазған дұрыс па, сөздердің қайсысы кірме сөз ажырата аласыз ба осыларды үу, үу дыбыс тіркесімен таратып жазғанды қолдайсыз ба, сөздер буынға қалай бөлінеді деген тапсырмаларды орындамаған. Оларға мән бермеген немесе орындай алмаған. Қолымыздағы жұмыстарды қарай отырып, тыңдаушылардың жазылым тапсырмаларын орындауда жіберген қате аз екендігін өзінің қатесін өзі түзеткен ішінара жұмыстар болмаса тыңдаушылардың барлығы дерлік жаттығуларды бірден таза орындағанын көруге болады.

Тіл білімі институтының кейбір ғалымдары ұсынған әліпби жобасы бойынша өткізілген сынақ сабақ жөнінде қорытынды. Осы топ тура мектеп мұғалімдері қатысқан адам саны – 21. Қорытынды: осы сабаққа қатысушы мұғалімдер екі жүйе бойынша оқылым тапсырмаларын орындауға аз уақыт, ал жазылым тапсырмаларын орындауға көп уақыт



Ғалымдармен кеңес





Тәжірибелік сабақтар



Мектептегі тәжірибелік сабақ





Жұмыс топтарының кеңесі



Орфографиялық жұмыс тобының семинары





Сараттамалық кеңес





Әліби жайын талқылағанда





Орфографиялық жұмыс тобының кезекті онлайн семинары



«Әлем тілдеріндегі диакритикалық таңбалар» халықаралық сұхбат алаңы




«Түркі әлемі: тілдік ахуал, латын әліпбиі және әдістеме» халықаралық семинар кеңесі





Конвертер, пернетақта және таңбалардың ІТ-ге сәйкестігін талқылау



Онлайн семинар





жұмсаған. Сөйлемдерді оқуға кеткен уақыттың жазылымға кеткен уақыттан аз болғандығына екі себеп бар деп ойлаймыз. Біріншіден, аудитория қазақтілді болғандықтан, әрбір сөздің басынан аяғына дейін әр әрпін оқуға күш уақыт жұмсамайды, бұл сөздер қазақы жадымызда сақталғандықтан сөздің басын оқығаннан-ақ соңын тануға болады. Екіншіден, бұл сөйлемдер сабақтың алғашқы бөлігінде таныстырылған, жетілдірілген әліпби нұсқасында да болды. Сондықтан тыңдаушылар оқыған сол сөйлемдерін естеріне түсіруі мүмкін. Әйтсе де аудиторияда дауыстап оқу барысында сөйлемдердің таныс екендігіне қарамастан, іркіліс көп болды. Ал жазылым жаттығуларын орындауға ұзақ уақыт кетуінің себебі біріншіден, и, у дыбыстарын таратып жазу ұсынылды. Бұл сөзді алдымен іштей немесе дауыстап дыбыстау қажеттігі ұу ма, ыу ма, үу ме, ый ма, ій ме деген сияқты қосымша ойлау әрекеттері талап еткендігінен, екіншіден осы уақытқа дейінгі жазу тәжірибемізде мұндай құбылыс болмағандығы да әсер етті ме деп ойлаймыз. Ескерту. Тыңдаушылар жазылым жаттығуларында берілген у-ларды ұу, үу түрінде таратып жазамыз ба деген әлде ыу, іу түрінде таратып жазғанымыз дұрыс па, сөздердің қайсысы кірме сөз ажырата аласыз ба осылардың ұу, үу тіркесін таратып жазғанды қолдайсыз ба, сөздерді буынға қалай бөлінеді деген тапсырмаларды орындамаған. Оларға мән бермеген немесе орындай алмаған. Қолымыздағы жұмыстарды қарай отырып, тыңдаушылардың жазылым тапсырмаларды орындауында жіберген қате аз екенін өз қатесін өзі түзеткен ішінара жұмыстар болмаса тыңдаушылардың барлығы дерлік жаттығуларды бірден таза орындағанын көруге болады.

Жалпы қорытынды сынаққа қатысқан адамдар тұлғалық психологиялық білімі жақсы, мамандығы тағы басқа жағынан әртүрлі болғандығымен жоғарыда келтірілген нәтижелер сабақ барысындағы ауызша пікірлер, сұрақтар жетілдірілген әліпби жобасын қолданысқа енгізілгендігін байқатты бізге. Сарапшы филология ғылымдарының кандидаты С.Сапина. Келесі оқытушылар, докторанттар, магистранттар және студенттер. Дәріске қатысқан адам саны – 14.

Қорытынды: Орфографиялық жұмыс тобының әліпби жобасы бойынша жетілдірілген әліпби нұсқасы қолданысқа анағұрлым ыңғайлы екендігі байқалды. Бір дыбыс - бір әрпі қағидасы сақталған. Жазылым мен оқылым тапсырмаларын практикалық тұрғыда орындау барысында аса қиындықтар туындаған жоқ. Тіл білімі институтының кейбір ғалымдары ұсынған жоба бойынша бірінші таратып жазу қолданысқа ыңғайсыз тудыратындығы өтілген сабақтардан байқалды. Сөздердің шұбалаңқы жазылатындығы жазуда қиындық тудырады, екінші і мен и таңбаларын бір ғана ортақ і таңбасымен беру шатастыруға әкеледі. Латын әліпбиін жаппай халыққа енгізу үшін нақты жүйелі әліпбиді таңдау маңызды. Латын әліпбиін үйрететін арнайы сауатты ғалым, мамандар ұстаздарды көпшілік қауымды оқытатын дәрістер жүргізу керек.

А.Салқынбай: Мынау мәтінде саяси қате бар. Неге, өйткені оқыған дәрістер дейді. Қалай дәріс алады БҒМ белгілі бір аудиторияны жинап алып отыр ма әлде кез келген аудиторияны жинап алып отыр ма мәселе осында. Екіншіден, неге екі сараптамада да С.Сапина жүреді.

Е.Тілешов: Анар апай мен сізге осыған байланысты бір-ақ нәрсе айтамын. Осылай өтуіне байланысты біз бұның есебін есепке, назарға алмаймыз. Ары қарай жүрейік. Бағдарлама бойынша бізде у дыбысының таңбасы. Тақта тұр, пікірлеріңіз, ойларыңыз болса ортаға шығып түсіндірулеріңізге болады. Әлеке сіз бастайсыз ба?

Ә.Жүнісбек: У дыбысының халықаралық таңбасы мынау W. Орыс тілінде бұл жоқ. Қазақ тілінде бұны әртүрлі белгілеп біраз әуреледік. Ең өкініштісі ту, су, бу дегенде анау дауысты деп үйреттік. Қазір мұғалімдердің өзі осы таңбаның екі дыбыстан тұратынын





білмейді ұу/уу. Сондықтан қадірлі ағайын менің ұсынысым осы. Осындай дауыссыз дыбысымыз бар. Оның дәлелдейтін жолы көп. Оны қайталап жатудың керегі жоқ. Сондықтан осы таңбаны алуды мен ұсынамын. Осы менің айтайын дегенім.

Ж.Жақып: Екі дыбысты біріктіру үшін амал жасау керек болған. Содан екі дыбысты біріктіру үшін лигатура жасаған. Сөйтіп лигатурада екі vv в-ны қосқан. Бұл негізі, жолдастар, екі дыбыс. Үндіеуропа тілдерінің ауыспалығын білдіретін ауыспалы екі дыбыс. Бұл Әлекең айтқандай анау у емес. Атының өзіне қарасаңыздар бұл қос в. Бұл дыбыстың тарихына қарасаң бұл у мен в-ның ауыспалы кезеңінде пайда болған нәрсе. Бұның қос дыбыс екенін білдіретін тағы бір нәрсе дабль ю дегенде қараңыздаршы бұл қос дыбысты білдіретін таңба. Бір қызығы үндіеуропа, фин-угор тілдері осы латынды қолданатын тілдер бұл әріпті шеттілінен кірген сөздерде ғана қолданады. Латынның негізі роман тілдері ғой, роман тілдерінде бұны шеттілінен кірген сөздерде қолданады. Менің ұсынысым латынның V таңбасын у-ға берсек қалай болады. В мен у-дың естілімінде ұқсастық бар. Қабылдамасаңыздар ренжімеймін. Жетілдірілген әліпбиде біз у-ға латынның Uu таңбасын алдық. Біз у-дың дауыссыз екенін білмей отырған жоқпыз. Жалпы таңба дегеннің бәрі шартты. Мысалы біздегі Аа деген барлық жерде а деп жүрсек, кейбір жерлерде дауыссызды белгілейді екен. Егер менің ұсынысымды қабылдамасаңыздар, онда мен у-дың бұрынғы жетілдірілген әліпбидегі нұсқасымен қалғанын қалаймын. Өйткені ол акустиканы таңбалайтын әріп. Буын жасау, жасамауға байланысты емес, акустикаға байланысты. Бұл жерде дауысты, дауыссыз дегенді ұстанбай, өзінің Uu таңбасын қалдырған дұрыс деп ойлаймыз.

З.Базарбаева: Құрметті әріптестер, мысалы, қауын, тауық деген сөздерде жаңағы таңба жақсы келеді. Мен мысалы, орфоэпиялық сөздікте солай жазамын тawıq, qawıп. Ww таңбасы тек ағылшын тілдерде ғана бар, басқа тілдерде ол жоқ. Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінде екпін соңғы буынға түседі деп, осы екпінмен ол француз тіліне ұқсас деген. Сондықтан Ww таңбасын алғанша өзінің Uu таңбасы тұр ғой соны алайық.

А.Салқынбай: Құрметті әріптестер, бүгінгі мәселе өте маңызды. Маңызды болатын себебі бұл жүз жылдан астам тарихы бар атақты у. Бұл тек қазақ тілі үшін мәселе емес, әлемдік тілдердің бәрінде бар. Тіпті қазіргі өзімізге үлгі ретінде алатын ағылшын тілінің өзінде бұл мәселе. Бірақ бәріңізге ағылшын тілінің өз ішінде проблемалары өте көп. Олар жазылу мен айтылудағы айырмашылықты біріктіріп жіберген. Жантас ағайдың сөзіне қосыламын біздің у-да в-ның да қасиеті бар, у-дың да қасиеті бар. Мысалы, Еуразия университеті деп те айтамыз, Евразия университеті деп те айтамыз басқа мысалдың керегі жоқ. У-дың тілдік табиғатында у-дың қасиеті бар, в-ның да қасиеті бар. Ағылшынның в-сын біз бәріміз у қылып алып жатырмыз.

Е.Тілешов: Түркі халықтарында Ww таңбасы бар деп айтпаңыздар. Оларда жоқ. Бүгін сіздерге арнайы материал алып келдім. Яғни қай тілдердің әліпбилерінің құрамында кірме дыбыстарды таңбалайтын әріптер төменде көрсетілетіні жөнінде. Гаевица деген 7 славян халқы бір әліпбиді пайдаланады. Соларда Q, W, X, Y таңбаларын әліпбидің құрамына енгізбейді де, оны ескерту ретінде төменге кірме сөздерді жазу үшін қолданылады деп көрсетеді. Келесі ирланд тілінде 18 таңба бар. 6-7 әріпті төменде көрсетеді. Шотланд тілінде де 18 таңба және оларда 5-6 таңбасын астына көрсетеді. Және бәрінде бірдей жазып қояды оларда цитата деген сөз жоқ, кірме сөз деп қолданады. Міне итальян тілі 21 классикалық таңбаларын сақтайды, J, W, K, X, U таңбаларын әліпби құрамына енгізбеген.

З.Базарбаева: Неге олай екенін айтайын ба? Себебі итальян тілі I ғасырда қалыптасқан онда 21 таңба бар. Тілдің даму процесінде әріптер сол күйінде қалады ол өзгермейді. Ал фонемалар өсе береді. Сол кезде олар фонемаларды артына қоя салады. Басқа тілдерде де солай. Ал қазір XXI ғасыр бәріміз осы таңбаларды пайдаланамыз.





А.Фазылжанова: і-і, ı-ы, ī – й /ый/ій мынаның дыбыстық мазмұнын қарасаңыздар бұлардың барлығы қазақтың дыбыстары. Мына у таңбасын біз – й дыбысына алатын болдық. Жалпы түркілермен біздікі енді сәйкес келетін болды. И мен у Байтұрсыновтың айтқанындай олар тел әріптер. Бұл тел әріп деп айтатын себебі ұу дыбыс тіркесін – у беріп тұр, ый дыбыс тіркесін – и беріп тұр. Сонда біз кирилде қалыптасқан қазақ жазуындағы базалық норманы да сақтаймыз, екінші жағынан сіздердің айтқан ұсыныстарыңызды ескеріп отырмыз.

А.Салқынбай: Анар ханым сіз дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбысты бір таңбамен беруді ұсынасыз. Бұл әлемдік тәжірибеде дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбысты бір таңбалау жоқ. Ертең балалар мектепке барған кезде әліпбидегі таңбаларды дауысты, дауыссыз деп оқиды. Сонда сіз балаға қайсысын дауысты, қайсысын дауыссыз деп бересіз. Бала қай жерге ы жазады, қай жерге й жазады. Ал егер оны латынның у таңбасымен берсеңіздер мүлдем бөлек екені көрініп тұр.

Ә.Жүнісбек: Егер біз u-у, ū-ұ, ü-ү осы таңбалардың ішіндегі у дыбысына латынның w таңбасын алсақ мәселе шешіледі.

Б.Қапалбек: Тілдің жүйесі нені айтып тұр біз соны жүйелеп көрсетіп беруіміз керек. Басты мақсат сол. И мен у дыбысының жүйесі бірдей, қызметі де бірдей. Буын құрай алмайды, үнді. Міне дауыстылардың жүйесі 9. Жүйе сақталу керек.

Ә.Жүнісбек: Былай болсын. Латынның Іі таңбасы әліпбидің құрамында тұрады ол төл сөздерде і болып оқылады, төменге де түсірейік ол кезде ол кірме сөздер үшін и болып оқылады. У да сол сияқты. Латынның Uu таңбасы әліпбидің құрамында тұрады ол ұ дыбысын береді төл сөздер үшін, ал кірме сөздерде у болып оқылады. Сондықтан осыған келіссек мәселе жоқ.

Қ.Күдерінова: Құрметті әріптестер, біз 17 миллион халыққа қолына қалам алатын адамға жазу жасап берейік деп отырмыз. Жақсы таратып жазуды қолдайық, осы әліпбидің ертең болашағын ойластырайықшы. Күтейік не болады ары қарай. Осы тұста жазу тарихына назар аударып и мен у ға қарасақ не болды олар. И мен u-ды ый деп тараттық, ұу деп тараттық бірақ екі рет бізде қайтып келді. Біріншісінде латында қазақтар өздері қайтты. Оны ең бірінші Құдайберген Жұбанов айтты. Құдайберген Жұбанов айтады біздегі ең көп қате осы и мен u-да болып тұр дейді. Біз бұл дыбыстарды фонетикалық тұрғыдан дұрыс айтып отырмыз, бірақ жазғанда осы дыбыстардан қате көп кетіп жатыр. Рабиға Сыздықовада өзінің бір мақаласында ең қиыны и мен u болып тұр, сондықтан оларды бір таңбамен жазайық деп сол кісінің өзі ұсынады. Тіпті Жүсіпбек Аймауытовтың өзі бізді мына қатеден құтқарыңдаршы деді. 1957 жылы таратылды енді содан бері қарай қате бар ма деп мен қарадым. Неге қате жоқ себебі ол айтылуға зиянын тигізбейді екен. Егер біз осы таратып жазуды қолдайтын болсақ, онда сол замандағы қателікті, тарихты қайталаймыз.

Ә.Қаба: Құрметті әріптестер, сонымен 2 күндік талқылауымызды қорытындылайтын сәт жетті. Сондықтан бүгін бір ортақ шешімге келу керек. Екі жобадан жақсы бір дүние алып шығайық. Бірақ ол дүние тілге зиянын келтірмеу керек. Қай дыбысты талқыласақ та әлі де бір тоқтамға келгеніміз жоқ. Сонымен тағы бір нақтылап алайық. Й дыбысына Uu таңбасын бердік, и дыбысы керек емес ол орыстікі дедік жақсы. Бірақ бұл и дыбысын алып оған Іі таңбасын берейік. Енді өзіміздің і дыбысымыз бар ғой соны ī таңбамен берейік. Ал енді ы дыбысымызға Іі таңбасын бердік. Енді у дыбысына келдік. Онда кирилдің у дыбысын w таңбасын белгілеп, ұ дыбысын u таңбасымен, ү дыбысын ü таңбасымен берсек. Бұл бір нұсқа енді осыны талдап көріңіздер. Бұл ұсыныс енді өздеріңіз жазып көріңіздер, қай жері келмейді соны айтыңыздар.





Ж.Жақып: Мына сөзді оқып көріңіздерші JUWUW. 1 минуттан кейін жуу деп оқыдыңыздар. Енді JUWIW жуу яғни жақындау деген мағынадағы жуу бар. Жуықтау дегендегі.

Ә.Қаба: Тағы бір нұсқа бар й-у, и-і, у-и, ұ-і, ү-і осындай болғанда қалай болады?

О.Жұбаева: Бұл жерде и дыбысына қандай заңдылық ұстансақ, у дыбысына да сондай заңдылықты ұстануымыз қажет. Ахмет болсын, Жұбанов болсын қай-қайсысы да екеуін бірге қарастырған, себебі екеуі дауыссыз. Й дыбысына дауыссыз у таңбасын алдық па, онда у дыбысына дауысты U таңбасын алуға хақымыз жоқ. Байтұрсынов айтады у мен и жеке дара дыбыстала алмайды дейді. Сондықтан екеуіне бір заң жүреді. Біреуіне бір заң, екіншісіне бір заң деген болмайды.

А.Салқынбай: Ы-ның жіңішке варианты і болатын болса сіздің ұсынып отырған нұсқаңызда ы мен і, а мен ә сияқты, о мен ө сияқты негізгі жүйені ұстап тұрсыз. Сол тұрғыдан ол бізге ұнайды. Ал енді и деген ол қазақ тілінің дыбысына жат дыбыс. Бұл негізінен орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады. Ал енді мысалы, *иман* деген сөзді осында ғалымдар айтып жатыр, менің ойымша *иман* дегенді 4 әріппен емес, 5 әріппен *ыйман* деп жазатын болсақ қазақ баласы оны қабылдайды деп ойлаймын. Сондықтан сіздің мына и-ға қатысты бірінші нұсқаңызды мен қабылдаймын. Енді екінші нұсқаңызда ұ дыбысы мен ү дыбысын бұрынғыдай қалдырып, у дыбысын w бергеніңізді қабылдаймын. Неге өйткені мұнда ғылыми тұрғыдан жүйе бар. Ұ мен ү екеуі де дауысты дыбысты таңбалап тұрған әріп болғандықтан, ол екеуінің арасында табиғи сәйкес байланыс бар. Сіз осыны дұрыс аңғарып, дұрыс пайымдап отырсыз.

А.Фазылжанова: Мысалы *туу туралы куәлік* дегенді таратып жазатын болсақ, *Tuwuw tuwralı küwälik* болады, ал егер оны жетілдірілген әліпбимен жазсақ онда тұрпаты мынандай болады: *Tuu turaly küälik*.

Ә.Жүнісбек: Бір қараған адамға таратып жазылған оқуға қиын болатын шығар бірақ ертең сауат ашылады ғой мынау сонда буынға оп-оңай бөлінеді, дауысты өзінің орнында, дауыссыз өзінің орнында тұр. Біздің шырылдап отырғанымыз осы. Бәрі өзінің орнында тұр. Ал енді екінші нұсқасына келейік буынға қалай бөлеміз, екінші *Tuu* мына буынның ішінде дауыссыз жоқ. Ақуттың кезінде дауысты жоғалып кетіп еді. Енді мына жерде дауыссыз жоғалып кетеді. Тіпті ең оңай *аиа* дегенде де дауыссыз жоқ қой.

Ә.Қаба: Қазір мен соңғы нұсқаны ұсынамын қалайсыздар ма, қаламайсыздар ма бір шешімге келу керек.

й-у	у-w
и-і	у-и
і-ї	ұ-і
ы-1	ү-і

Мен сіздерге бәрін ұсындым, ұлттық әліпби жасайық дедім. Сонымен жетілдірілген әліпбидің құрамына мына өзгерістердің бәрі салынды. Бұл жерде бір кеткені у дыбысын w таңбасымен емес, и таңбасымен аламыз. Басқасының бәрі сол күйінше. Қазір мен дыбыс-дыбыс бойынша жүріп өтемін келіспейтін жеріңізді айтыңыздар. Әйтпесе осымен кетеміз. Мінеке, а, ә, б, г, ғ, д, е, ж сол күйінше қалады, й-у таңбасымен аламыз, к, қ, м, н, л, ң, о, ө, п, р, с, т сол күйінше қалады. И дыбысын і макронмен алдық. Енді у дыбысына келген кезде у-и, ұ-і, ү-і солай алдық. Содан кейін в, ф, х/һ, ш сол күйінше қалады. Ы дыбысын таяқша қылдық 1, і және з дыбыстары сол күйінше қалады. Қалған С, W, X дегендеріңіз астына түседі.

Ә.Жүнісбек: Енді бәрібір жаңағы ескерту, негіздемеге бәрібір қайтып келдік. Орыстың у мен қазақтың дауыссыз у мына жерге ереже керек. *Университет* дегенде орыстың – у, *уқалау* дегенде қазақтың дауыссыз– у. Екеуі екі нәрсе. Біреуі дауысты, біреуі дауыссыз.





Б.Қапалбек: Қазақтың дауыссыз у дыбысын таңбасыз қалдыруға болмайды. Орыстың у дыбысы керек жоқ. Тілдің жүйесін бұзып тұрмыз ғой.

Ә.Жүнісбек: Әлеке мына әліпбиде біздің тау, ауа дегендегі у дыбысымыз жоқ.

Қ.Күдерінова: Латынның негізгі таңбасы Uu (ю-ды береді). Осы латынның негізгі таңбасын біз қазіргі у-ға алып отырмыз. Біз балаларға түсіндіргенде бұл ұу, уу дыбыс тіркестерін береді деп айтамыз. у-и, ұ-і, ү-і бұның барлығы грамматология тұрғысынан негізгі базалық таңбадан мынадай таңбалар жасалып тұр. Бұл оқытуға және тануға жеңіл. Біз жазба тілді үйретіп жатырмыз. Бір таңбаға әрі дауысты, әрі дауыссыз дыбыстың тіркесін үнемдеп беріп отырмыз.

А.Салқынбай: Бұл ғалымдардың айтып отырғаны и мен у, ұ мен ү бір ғана таңбамен берейік деген. Бұған екі түрлі ой айтылады. Егер біз осылай деп алғымыз келетін болса, онда я, ц-ларды да қосып шығайық.

Ә.Қаба: Құрметті әріптестер, бір шешімге келдік деп ойлаймын. Мынадай мәселені ескерейік. Бұл жерде біздің негізгі мақсатымыз ұлттық әліпби жасау ғой. W таңбасының өзі ертең бізге таратып жазуға керек болады. Сондықтан да мына у дыбысына W таңбасын алу керек. Осыменен бітті. Ертеңгі өтетін отырысқа негіздемелеріңізді дайындаңыздар. Рақмет!

Е.Тілешов: Мен өз басым бұл шешімге қуанып та, ренжіп те отырған жоқпын. Бастысы шешіміміз дұрыс болса болды. Ертеңгі отырысқа Әлекеңе осы әліпбидің негіздемесін әзірлеуді жүктеймін. Рақмет, сау болыңыздар!

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ЖАНЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНЫҢ СТЕНОГРАММАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы,
2020 жылғы 2 маусым

Қатысқандар: *Ғ.Мелдешов, Ә.Қабаев, Е.Тілешов, А.Әлібек, Ә.Жүнісбек, З.Базарбаева, Ж.Жақыпов, Қ.Күдерінова, А.Ғазылжанова, Г.Мамырбек, Л.Еспекова, Қ.Сәрекенова, Н.Рсалиева, М.Тұрсынова, Қ.Қалыбаева, Ж.Қоңыратбаева, А.Салқынбай, О.Жұбаева, Б.Қапалбек, С.Абдрахманов, Н.Уәли, Б.Момынова, А.Хабиева, Ж.Жұмабаева, Д.Қамзабекұлы.*

Ә.Қаба: Құрметті, ғалымдар! Өздеріңізге белгілі Президентіміз Қ.Тоқаев мырза латын әліпбиіне байланысты тағы да тапсырма беріп отыр. Соған байланысты бүгінгі отырысқа дейін ғалымдар арасында 2 күндік талқылау жұмыстары болды. Бүгін сол жұмысты жалғастыратын боламыз. Отырысты ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ғалымжан Сәрсенбайұлы ашып берсін.

Ғ.Мелдешов: Қадірлі, әріптестер мен ғалымдар! Бір емес бірнеше талқылаулар болып жатыр. Қанша кездесулер болды, оны өздеріңіз де жақсы білесіздер. Бірнеше апробациялық жұмыстар, бірнеше онлайн дәрістер, қанша талқылаулар өтіп жатқанын да хабардарсыздар. Бүкіл қауым болып бізден нақты шешімді күтіп отыр. Сондықтан бұл арада көп сөйлейтін әңгіме жоқ. Тек қана ғылыми тұрғыдан ғана емес, әдістемелік тұрғыдан да қарауға болар еді ғой деп ойлаймыз. Неше күнгі кездесудің нәтижесін шығарудың реті келген сияқты. Бүгінгі жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз. Бір-біріңізбен қауымдасып, ұжымдасып бір нәтижеге қол жеткізейік. Сондықтан жұмысымызды ары қарай жалғастырайық. Рақмет!





Ә.Қаба: Рақмет! Енді олай болатын болса, тәртіп бойынша жұмысымызды бастайық. Президентіміз Қ.Тоқаев тапсырма бергеннен кейін жұмыс тобының 6 (алты) кеңейтілген кеңесі өткізілді. Олардың ішінде нақты икемге келеді деген 34 әліпби жоба қаралды. Әліпби жобалары сараптамадан өтіп, жауаптар берілді. Одан кейін апробациялар өткізілді. Халықтан жасыратын ештеңе жоқ, талқылау, сараптама жұмыстары ашық түрде жүріп жатыр. Осыған орай медиа жоспар құрылып, тартыс тудырып жүрген мәселелерге байланысты интернет желілерін қоспағанда 582 материал басылып шықты. Әліпбиден де басқа пернетақтаға байланысты 3 нұсқасы жасалды. Ол нұсқаларды сараптауға бердік.

Ендігі мәселе бірқатар таңбаларға байланысты болып отыр. Ол жағдаймен Қасымжолдас Кемелұлы Тоқаев мырза хабардар. Осыған байланысты басшымыз БҒМ-мен бірлесіп жұмыс жасаңыздар деген тапсырма берген болатын. Сол тапсырманың негізінде бірнеше күннен созылған кездесу ұйымдастырып біраз шешімін шешкендей болдық. Дегенмен, ол жобаны 100 пайыз толықтай қолдады. Жоғары жаққа сол жобаны ұсынамыз демейміз. Қазір Әлімхан мырза баяндамасын жасап сіздерге түсіндіретін болады. Соған байланысты ары қарай атқаратын жұмыстарымызды бірігіп ойластыратын боламыз. Олай болса, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы Әлімхан Жүнісбек мырзаға сөз береміз.

Ә.Жүнісбек: Құрметті, әріптестер! Алдарыңызда дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың жүйесі. Қазақ тілі басты типологиялық белгісіне қарай үндесім (сингармонизм) және жалғамалы (агглютинатив) тіл болып табылады. Дыбыс артикуляциясы мен буын әуезі үндесім тұрғысынан түрленіп отырады. Дыбыстың латын таңбасы (әрібі) артикуляциялық белгісіне қарай Халықаралық фонетикалық әліпби құрамынан алынды.

Қазақ тілінде 9 дауысты дыбыс, 19 дауыссыз дыбыс бар, барлығы – 28 дыбыс. Әрбір дыбыстың фонетикалық (артикуляциялық) анықтамасы жіктелім кестелер мен слайдтар арқылы өрнектелді. Алдарыңыздағы алып келіп, таныстырып отырғанымыз біздің ұсынысымыз:

1. Академик Ә.Қайдари 1991 жылы негізін салған.

2. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жүргізген гранттық зерттеулер нәтижесі (2007, 2016) жарияланған.

3. Халықаралық Түрік академиясының зерттеу-талданымы (2013) өткен болатын.

4. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жүйелі зерттеулер нәтижесі (1990-2020)

5. Академиялық «Қазақ грамматикасы» мен «Қазақ фонетикасы» атты еңбектердің теориялық талданымы (2000, 2009) талданған болатын.

[Yy] [Ww] – дауыссыздарының жасалымында ауыз қуысында ақиқат кедергі жоқ, бұл жағынан олар дауыстыға ұқсайды, бірақ олар өзге дауыссыздар тәрізді буын құрай алмайды, сондықтан олар дауыссыз дыбыс болып табылады. Буын құрай алмайтын белгісі басты болып табылады. Халықаралық фонетикалық әліпби тәртібі бойынша олардың таңбасы (әріпі) [Yy], [Ww] болып табылады.

Біз бұған дейін дыбыс таңбасын, кирилге алаңдамай, артикуляциясынан туындатып отырдық. Өйткені біздің мақсатымыз әліпбидің ұлттық үлгісін құрастыру болды. Ал әліпби дыбыс артикуляциясынан барып шығады.

Бетпе-бет кездесуден кейін ақылдаса келіп, мынадай кесте түзіп келдік.

Бұл әліпбиде «İi» дыбысының жиілігі ескеріліп, дәстүрлі İi таңбасы қалдырылды, сондай-ақ айналымға еніп кеткені ескеріліп «Ұұ» дыбысының Uu таңбасы да өз орнында қалдырылды.

Шет тіл (атаулар) сөздерінің жазылымын ескеріп, кірме таңбаларды арнайы бөлектеп, кестенің төменгі жағына орналастырылды.





Сонымен қатар дәстүрлі қазақ әліпбиіне кірігіп кеткен «и», «у» дыбыстарына арнайы таңба қарастырылды.

№		latn älip-biy	ata-luwu				
1	Аа	Aa	a	16	Ңң	Ŋŋ	ŋ
2	Әә	Ää	ä	17	Оо	Oo	o
3	Бб	Bb	bı	18	Өө	Öö	ö
4	Дд	Dd	dı	19	Пп	Pp	pı
5	Ғғ	Ĝĝ	ĝı	20	Рр	Rr	rı
6	Гг	Gg	gi	21	Сс	Ss	sı
7	Жж	Jj	ji	22	Тт	Tt	tı
8	Зз	Zz	zi	23	Уу	Ww	uw
9	Ее	Ee	e	24	Ұұ	Uu	u
10	Йй	Yy	ıy	25	Үү	Üü	ü
11	Ққ	Qq	qı	26	Шш	Şş	şı
12	Кк	Kk	ki	27	Ыы	Iı	ı
13	Лл	Ll	lı	28	Іі	Ii	i
14	Мм	Mm	mı	29	Ии	İi	i:
15	Нн	Nn	nı	30	Уу	Üü	u:

Негізгі айтайын деген ойым осы. Тағы да талқылап көресіздер. Рақмет!

Б.Момынова: Бұл жобада диакритикалық таңбалар көп болғандықтан, олардың санын азайту керек. Өйткені мектеп жасындағы балалар қабылдай алмауы мүмкін. Тағы да айтатын бір мәселем, w-ды алуға қарсымын. Мұны шешу жолы басқа да ұсынылған әліпбиімен қатар халық талқысына беріп, пікірлерін білуіміз керек. Осы айтылған мәселелер жөнделетін болса әліпбиі бір ретке келетін шығар. Менің ойым осы.

Ә.Қаба: Жақсы, рақмет! Сіздің әліпбиі жайлы пікіріңізді тыңдадық. Қазір ғалымдарымыз өздерінің пікірлерін айтады деген ойдамыз. Мұндағы диакритикалардың өзінің белгілі себептері бар:

Умлаут – жіңішке дауыстыларды белгілейді;

Бревис – қысқа дыбыстыларда;

Тильда – мұрын жолды дауыссыз дыбыстарда;

Макрон – дауысты дыбыстардың созылыңқылығын білдірсе;

Седиль – ызың дауыссыздарда қолданылады екен. Сондықтан ғалымдарымыз диакритикаларды ойдан алып қоса салған жоқ шығар деп ойлаймын. Осыған байланысты өз ойларыңызды білдіре отырсаңыздар.

Н.Рсалиева: Бағдан апайдың айтқан ойының негізі бар. Әр диакритикалық таңбаға байланысты Әлібек Қаба мырза дұрыс айтып кетті. Мұндағы әр диакритикалық таңбалар өздерінің халықаралық мағынасына қарай тағайындалған. Бағдан апайдың айтуы бойынша ә таңбасын өзіміздің үйреншікті ә орнына беру керек деген пікірі көңілге қонымды деп ойлаймын. Себебі, ары тартып бері тартып і орнына өз таңбасын бердік. Сол себепті ә орнына өз таңбасын беретін болсақ, диакритика саны да азайып, үйренуге де қолайлы болар еді.

Ә.Қаба: Жақсы. Тағы пікір айтушылар бар ма?

Қ.Күдерінова: Үстіміздегі желтоқсан, ақпан айларында әліпбиді сараптауға байланысты жұмыстар жүргізілгенін жақсы білеміз. Бүгінгі ұсынылып отырған әліпбиі сол кезде неге сараптауға берілмеді? Ұлттық комиссияның отырысы алдында сараптаудан өтпеген жоба ұсынылып отыр. Соның себебін білгім келеді. Өйткені әліпбиді сараптау және ұсыну процедурасы бұзылып отыр. Осыған нақты жауап берсеңіздер.



Ә.Қаба: Бұл сұрағыңызға отырыс соңынан кейін жауап беретін боламын. Алдымен, бүгінгі мәселемізді анықтап алайық.

К.Күдерінова: БҒМ-ның ғалымдары жетілдірілген әліпби жобасы мен Тіл Білімі институтының кейбір ғалымдары ұсынған әліпби жобасына сараптама жүргізген болатын. Бүгінгі кеңейтілген отырыста сараптама нәтижесі неге таныстырылмады? Сараптама жасаған ғалымдар неге шақырылмады? Соның жауабын білгім келеді.

Е.Тілешов: Оған байланысты кеше де айттық. Өзінің баяндамасында төраға орынбасары да айтты. Осы отырыстан кейін барып бүгінгі ұсынылып отырған әліпбиді сынамаға беретін боламыз. Ұлттық комиссия апробация жұмыстары біткеннен кейін ғана өтетін болады.

К.Күдерінова: Сынама жұмыстарын неге ертерек ақпан, наурыз айларында бастамадыңыздар?

Ә.Қаба: Біріншіден, ол кезде сіздер нақты бір шешімге келмедіңіздер. Бірқатар таңбаларды ауыстырдыңыздар.

Е.Тілешов: Ұлттық комиссия отырысы наурыз айына белгіленген болатын. Карантин мерзіміне сәйкес келгендіктен кейінге шегерілді.

Г.Мамырбек: Жасыратын ештеңесі жоқ, осы отырыста жетілдірілген әліпби талқылану керек болған. Тіл білімі институтының кейбір ғалымдары ұсынып отырған жоба сол кезде талқылануға берілуі керек еді. Осының алдындағы отырыста әліпбилерге дауыс берген болатын. ТБИ-дың әліпби жобасына сол уақытта 4 адам ғана жақтап дауыс берді. Одан кейін қаншама жетілдіру жұмыстары жүргізілді, мәреге жеткен уақытта жалт бұрылып мына әліпби келіп отыр. Бұл әліпбидің соншама созылып жатқаны А.Байтұрсынұлының жазу жүйесін, ережесін алу мәселесіне келіп тұр. Байтұрсынұлының барлық жазу жүйесін алсақ, кезінде Байтұрсынұлы сілтеу есемдігін *қайсыға* деп берген. Қазіргі уақытта *қайсыға* деп ендіре алмаймыз. Сол сияқты жіктеу есімдігінің екінші жағын *-сын* жалғауымен берген. А.Байтұрсынұлы барлық еңбектерінде өмірінің соңына дейін *адамсын, баласын* деп келген. Бірақ қоғам қабылдаған жоқ. Сондай-ақ, Байтұрсынұлы ы дыбысын бас буында және бітеу буында ешуақытта таңбаламаған. Қазіргі қоғамда біз А.Байтұрсынұлынша жазуымыз керек деп айта алмаймыз ғой. Содан кейін сіздер білесіздер, ы дыбысы бітеу буында таңбаланбайды. А.Байтұрсынұлының еңбектерінде *ми* сөзі ешуақытта *мый* деп, *оқы* сөзін *оқыу* деп бермеген. А.Байтұрсынұлы өзінің әліпбиінде төл сөздердегі и-ге бөлек, кірме сөздердегі и-ге бөлек таңба арнамаған. Ол барлығында бір ғана и-ді береді. Басында и мен у-ды жарты дауысты деп келді, кейіннен ғана дауыссыздардың қатарына ендірді. Сондықтан, дауысты, дауыссыз деп таласып отырмай Байтұрсынұлының жарты дауысты деген осы жүйесін неге ұстанбаймыз. Одан кейін таратып жазу мәселесі 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде үлкен дау болған. Одан кейін 1926 жылы Бакуде, 1929 жылы Қызылорда қаласында өтті. Сол уақытта таратып жазу мәселесі даумен, жүйесіздікпен ұласты. Одан кейін латын келді. Сол кездегі бүкіл конференциялардың барлығы и мен у-ды таратып жазу мәселесіне арналды. Тек қана 1957 жылы ғана бұл мәселеге нүкте қойылды. Сонда 40 жыл дау болып келген мәселені қайтадан талқыға салуымыз дұрыс па? Осы мәселені 20 жылдары Ж.Аймауытов та көтерген. Бірақ ол кісінің сынын әдебиетші деп қабылдамайсыздар. 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіндегі «балаға оқыту, үйрету қиын» деген бастауыш мектеп мұғалімдерінің сөзін білесіздер ғой. Сол уақытта «бір дыбыс болып естілетін нәрсені, екі әріппен жаз деп қалай үйретеміз» деген. XX ғасырдың басындағы газет, журналдардың барлығын ақтарып қарасаңыздар и мен у-дың мәселелері толып жатыр. Сол кезде мұғалімдер «Тілдің заңы, ғылым жолы деп, жазуды қиындатпаңыздаршы» деген мәселе көтерген. Қазір біз



жетілдірілген әліпбиді талқылауымыз керек еді, бірақ ол әліпбиді жасаған ғалымдардың ғылыми негізі жеткіліксіз, аргументі жеткіліксіз деген себеппен мына әліпбиді ұсынып отырсыздар. Сонда осы уақытқа дейінгі қаншама мақала жазған, еңбектері жарияланған орфографиялық топ мүшелерінің жетілдірілген әліпбиге қатысты жасаған жұмыстары қайда қалды? Ол сіздерге аргумент емес пе? Олай болса жетілдірілген әліпбиге үлес қосқан Орфографиялық жұмыс тобы ғалымдарын топтан шығарып, мына жобаны жасап отырған ғалымдарды топқа алыңыздар. Менің ұсынысым осы.

Ә.Қаба: Жақсы. Екі жобаны салыстыра отырып, ғылыми негіздемемен дәлелдеңіздер.

Г.Мамырбек: Жетілдірілген әліпби Республика көлемінде ашық талқылауға шықты. Өзіңіз жақсы білесіз, тіл мамандары, әдіскерлер, бастауыш мектеп мұғалімдері барлығы отырып талқылады. Бірақ ол кезде Тіл білімі институтының кейбір ғалымдары ұсынған әліпби берілген жоқ. Одан кейін жетілдірілген әліпбиге 500 адамнан артық адамға қаншама сынама-сауалнама жұмыстары жүргізілді. Соның барлығын қоқысқа тастап ешқандай сынама-сауалнамадан өтпеген, Орфографиялық топтың талқысына берілмеген басқа әліпбиді қайтадан келіп талқылап отырмыз.

Ә.Қаба: Бұл – қабылдау емес, талқылау. Соны түсініңіздер. Бүгінгі жиналып отырғанымыздың да себебі сол. Бұл мәселені аяғына дейін жеткізу. Екі әліпбиден ортақ әліпби жасау.

А.Фазылжанова: Фонетикалық әліпби деген – фонетикалық зерттеу жүргізетін сала мамандарының құралы. Ол бір халықтың тіліне негіз болатын әліпбидің базасы бола ала ма? Бұл қандай ғылыми негіздеме. Осыған ойланайықшы. Әліпби түзу ұстанымы – бір дыбыс, бір таңба болып табылады. Құрметті, әріптестер! А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 2007, 2009, 2016 жылдары шығарған ғылыми монографиялық зерттеулерін қараңыздар. Сонда: «Әліпби түзудің басты ұстанымы – бір әріп, бір дыбыс» делінген. Бірақ оның басқа да принциптері бар. Әлемдегі әліпбилердің тәжірибесі бір ғана принципке сүйенген әліпбидің өте икемсіз, өте қолайсыз аморфты сипатта болатынын дәлелдеп отыр. Егер қандай да бір ереженің астында ескертулер болмаса ол ереже ереже ме, жоқ әлде догма ма? Ол – догма ғой. Сондықтан да әліпби түзудің басты принципі – бір әріп, бір дыбыс. Біздің әліпбидің принциптері – 2007, 2009, 2016 жылдары Тіл білімі институтынан шыққан ғылыми монографияларда берілген. Олардың авторлары беделді ғалымдар. Соның ішінде Әлімхан ағайымыз да бар. Соның ішінде бір дыбыс, бір әріптен басқа да 14 принципті анықтаған. Бұл принциптерді анықтауда қаншама ғалымдардың зерттеу нәтижесі негізге алынды. Бұлардың барлығы монографияның ішінде тұр. Айнымалы принциптің саны – 10, ықтимал принциптің саны – 8. Яғни қасаң принциптің ішінде бір әріп, бір дыбыс принципі бар. Оның ішінде айнымалы принципті де ала аламыз. Мына жерде: «А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жүргізген гранттық зерттеулер нәтижесі негіз болды» деп жазылған. Мен сол институттан түлеп шықтым. 2007 жылғы Тіл білімі институты шығарған монографияда мына әліпби жоқ. Ол монографияда 5 әліпби бар. Ол кездегі директорымыз Көбей Құсайынұлы: «Бұл мәселе әлі саяси шешімін таппайды, сондықтан алуан түрлі әліпбилердің ішінен 5 әліпбиді ұсынайық» деді. 2016 жылғы монография мына әліпбиге негіз болады деп жазылған. Әділбек мырза егер мына негіздемені үкіметке алып барсаңыз, біз үндемей отыра алмаймыз.

2016 жылғы монографияда мына әліпби бар. Себебі 2013 жылы латын әліпбиін зерттеңіздер деп тапсырма берілген кезде диграф, апостроф алфавиттер ұсынылып қаптап кетті. Сонда барлық ғалымдар бір дыбыс, бір әріп принципінде жасалған әліпбилерді бір-бірімен салыстырайық деп шештік. Солардың ішінде Әлімхан ағайдың анау Әбдуәли ағай ұсынған, дәстүрмен келе жатқан бір жобаны алдық. Оның ішінде w болды. Мен өз





басым оған қарсы болдым. Мынау сол кездегі эксперименттің нәтижесі. Сол эксперимент нәтижесінде ең оңай танылатын әріптер мен ең қиын танылатын әріптердің ішінде w таңбасы жүр. Эксперимент алған 250 адам сауатсыз адамдар емес, жаңа жазып жүрген бүлдіршіндер емес, ол адамдар – зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері, С.Демирел университетінің, Абай атындағы оқыту университетінің магистранттары мен докторанттары. Солардың өзі мына әріп өте қиын деген болатын. Мінекей мынау - эксперимент нәтижесі. Үш әліпби типі бойынша кему ретімен берілген қуат сыйымдылық көрсеткіші. Құрметті әріптестер, әліпби жасау деген фонетикаға, грамматологияға сүйене салатын ғылыми ізденіс емес екен.

Қуат сыйымдылығы бойынша ең жоғары әріптерге назар аударсақ, w-ды көріп тұрсыздар ма? Қуат сыйымдылығы 30 пайыз. Яғни, сауалнамаға қатысқан адамдар осы таңбаға байланысты қаншама қате жіберді деген сөз. Ал, о таңбасы 0 пайызды құраған, қате жоқ. Біз бұл зерттеулермен қаншама жылдар бойы айналысып келе жатырмыз.

Әлімхан ағай мықты фонетист маман. Фонетист дегеніміз – ауыздан шыққан дыбыстың әрқайсысының жігін шағып, жіліктейтін маман. Ал, ауыздан шыққан дыбысқа негізделетін жазу болса онда қазір бір-бірімізді жазу арқылы 100 пайыз түсінеміз дегенге кепілдік бере аласыздар ма? Мен мүмкін сақау сөйлейтін шығармын. Сондықтан жазудың өзінің жүйесі бар. Оны сол үшін ғылымда грамматология деген сала қалыптастырып, сол сала бойынша еңбек етіп жатқан Нұргелді Уәли мен Құралай Күдериноваларды атауға болады. Мысалы, й – /ый,ій/ у - /ұу,уу/ жақша ішіндегі тіркестерді бір таңбамен беруді ұсынып отырмыз. Яғни, су сөзін *su dep* жазуды ұсынамыз. Осылай бір таңбамен берудің бернеше негіздемесі бар. Бірінші негіздемесі грамматологиялық негіздеме. Жазудың негіздемесі алдымен жазу теориясынан шығуы керек. Менің айтпағым – фонетикалық негіздеме. Сондықтан жазу теориясының фонетикалық негіздемесі осындай. Рақмет!

А.Салқынбай: Орфографиялық топ ұсынып отырған әліпби жобасын өзгерткеніміз жоқ. Сондықтан да менің өз басым ешкімнің авторлығына ұсынып отырғаным жоқ. Осыны жақсылап ұғып алыңыздар. Біздің алдымызға қойылған мәселе – екеу болды. Біреуі и дыбысын қалай береміз, екінші у дыбысын қалай береміз деген. Біздің негізгі шешпек болған күн тәртібіндегі мәселеміз осылар болды. Оны өздеріңіз де біліп отырсыздар. Шешімді төрағалық етіп отырған Әділбек Қаба мырзаның өзі қабылдады. Осыған байланысты айтатын, теориялық тұрғыдан уәждеріңіз бар ма дегенге ешкіміңіз жауап бермедіңіздер. Енді бүгін сыпайы бола қалу дегенді өз басым түсінбеймін. Әліпбиде кирилл негізде емес, қазақтың төл жазуы болуы керек, ағайындар! Ұлттық жазу болуы керек. Қазіргі ұсынылып отырған екі жобаның екі негізі бар. Біріншісі, кирилл негізді, екінші төл дыбыстар негізінде. Екінші, диакритикалық таңбаларды жүйелеп, бір сипатта жасап, өзгертсек деген ұсынысым бар. Балаға қайсысы ыңғайлы соны отырып шешкеніміз жөн болар. Сонда біздің диакритикамыз азаяды. Сондықтан ұлттық таңба болғаннан кейін үстіндегі таңба мен астындағы таңба біреу болсын. Мен осыған келісемін деген ойымды айтқым келеді.

Ә.Қаба: Жақсы. Рақмет!

Ә.Жүнісбек: Қазір әліпби мәселесі қайтадан көтеріліп жатыр. Әліпби емес, әліппе. Сонда дауысты және дауыссыз дыбыстар, буын және тасымал жасаудан басталады екен. Мысалы, су сөзіндегі у-ды бірде дауысты, бірде дауыссыз деп үйретіп келдік. Дәл осылай беретін болсақ у-ды дауыссыз дейді әрине. Сондықтан сауалнамаларды жалған сауалнама деп қараймын. Ал, суы сөзін қалай буынға бөлеміз, қалай түсіндіреміз? Мұнда дауыстысы қайсы, дауыссызы қайсы?

А.Фазылжанова: Андағы әріп қой ағай. Әріп пен дыбысты шатастырмасаңызшы.





Ә.Жүнісбек: Осыдан кейін араласпаймын. Бұдан кейін мені шақырмандар. Әліппе, әліпби сауат ашу үшін жасалмай ма? Сонда жаңағы тақырыпты қалай түсіндіреміз? Суы сөзін қалай дауыстыға, қалай дауссызға бөлеміз? Қалай буынға бөлеміз?

Қ.Қалыбаева: Егер мен сіздерге орысша бір сөйлемді айтсам, оны дәл сол айтылуы бойынша жазу мүмкін емес. Орыс тілінде мүмкін емес, себебі оның жазу тарихы мыңдаған жылдарға созылып кеткен. Олар талпынды, реформа жасағысы да келді. Бірақ болмады. Ал мен сіздерге қазақша «Біз осы жерде алфавитті талқылап отырмыз» десем. Мұнда қалай естиміз солай жаза аламыз. А.Байтұрсынұлының айтуынша, бір дыбысқа бір таңба бере аламыз. Сондықтан қалай сөйлейміз, солай жазуға мүмкіндігіміз бар. Бірақ, кейбір әріптестеріміз түсінбеген сыңай танытып отыр. Себебі жазудың емле ережесі бар. Транскрипциялық жүйе мен фонетикалық ұстанымды білмегенсіп шатастырмаңыздаршы. Ол емле ережесі арқылы реттеледі. Сол уақытта қырық адам қырық түрлі оқып, жазады деген мәселе өзінен-өзі шешіледі. Ал, енді и мен у-ға келгенде неге дау туа береді? Біздің тілімізге кірме сөздер лек-легімен кіріп жатыр. «Тіл-Қазына» орталығы сауалнама жүргізіп, сынамадан өткізіп жатыр деп отырсыздар. Ол сынама жұмыстарының қорытындысы дәлел бола алмайды. Себебі, дәл қазір Ұлттық әліпбиді қоғам қабылдай алмайды. Оған біраз уақыт керек. Маған ешқандай атақ, даңқтың керегі жоқ. Менің *иық* емес, *ыйық* деп жазғым келеді. Қазір осылай қалыптастырсақ, кірме сөздерді де солай икемдеп жібереміз. Бізге керегі осы. Кірме сөздерге қарауыл болып тұрған осы құбылыс. Сондықтан осы жағын ескерсеңіздер екен.

Қ.Күдерінова: Осы и мен у мәселесі үшін 5-6 рет басымызды қостық. Яғни, қаншама уақытты осы мәселеге арнадық. Бірақ әлі шешімін таппады. Неге десеңіздер сіздер фонетика тұрғысынан сөйлейсіздер, біз грамматалогия тұрғысынан сөйлейміз. Сіздер ауызша тіл тұрғысынан, біз жазба тіл тұрғысынан сөйлейміз. Сондықтан біз бір-бірімізді түсінбейміз. Сол себепті дауласып, алысып, жұлысып келе жатырмыз. Сол үшін әдістемелік тұрғыдан мұғалімдердің пікірі керек болатын, өкінішке қарай сараптама жасаған әдіскерлер бұл отырысқа қатыса алмай отыр.

Г.Мамырбек: Кешіріңіз, Құралай апай! Өткенде 4 топтың отырысында Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясының директоры орынбасары Манара Адамова сараптама қорытындысымен таныстырған болатын.

Қ.Күдерінова: Жаңа айтып жатырсыздар, ашып жазуда не тұр, нені экономдаймыз деген сияқты. Мәселе экономдауда емес екен. Өткенде «Нені экономдайық деп отырмыз» деген тақырыпта мақалам да шығып еді ғой. Жаңа көрсеткен әліпбиде ұзын и-дің таңбасы, қысқа й-дің де таңбасы бар. Сонда 350 сөзден тұратын мәтінді тексерген кезде 29 рет ұзын и-ді жазады екен. Арасында тарихи, мәдени деген сөздерін жазатын кезде қалай жазамын деп ойланады, *тарыйхый ма, тарихи ма?* Бағанадан бері бір и-мен жазып келе жатты. Әдістеме арқылы үйретуге болады дейсіздер. Басында қате жазамыз, соңында барлығын тастап ашып жазудан бас тартады екенбіз. Ол ғылымда дәлелденген шындық. Мысалы, *ырас, ырақмет* дегендегі ы-ны келте естілгендіктен *рас, рақмет* деп түсіріп тастадыңыздар. Рухани дегенде алдында ұ бар. Оны қосуға қарсы емессіздер. Нағыз профессор Байынқол Қалиев: «Фонологиялық жүктемесі жоқ қысандарды жазудың қажеті жоқ» дейді. Енді Әлімхан ағайдың у-ның артикуляциялық белгісінде «ерін-еріндік-жуысыңқы-үнді» дейді. Ағай осы арадағы жуысыңқы дегеннің нақты анықтамасын айтыңызшы. Өйткені, мына жерде у жасалуы жағынан дауыстыға ұқсайды деп жазасыз. Бұл жерде сіз айтқан з, л, р, ш төртеуі жуысыңқы және у мен и жуысыңқы дейсіз. Сондықтан әліпбиді қабылдас бұрын дұрыстап ойланыңыздар дегім келеді. Рақмет!

О.Жұбаева: Баршаңызға сәлем бердік. Бағанадан бері айтылып жатқан ұсыныстардың барлығын белгілеп отырмыз. Жантас аға w-ды екі у-дан шыққан деп айтып кетті.





Бірақ қазақ үшін ол маңызды емес. Біз *w* дауыссыз болғаннан кейін немесе *y* дауыссыз болғаннан кейін *y* таңбасын бердік. Жантас ағай дауыстылар мен дауыссыздар бөлек берілгеннен кейін түсінбей отырған болар. XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы араб жазуын реформалаған кезде *a* деген әріпті *e* деп алды, шын мәнінде *h* еді. Ол әріп дауыссыз, бірақ А.Байтұрсынұлы дауыстының орнына алды. Себебі, таңба шартты болғандықтан дауысты, дауыссыз деген жоқ. Екіншіден, «*w*» *b* мен *y*-ға қатысты жүреді дейді. Қазақ тілінде Москва-Мәскеу деп айтатынымыз сияқты *b* мен *y* да алма-кезек жүреді. Онда тұрған ештеңе жоқ деп ойлаймын. Мысалы, *WINDOWS*- *ВИНДОВОС*. Сондықтан Юнесконы айтқан кезде, *o* баста Әлімхан ағай кірме сөздерге келгенде мынаны, төл сөздерді жазғанда мынаны жазайық деп айтқан болатын. Қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың барлығын түсініп отырмыз. Қазір бірден барлық кірме сөздерді игеріп кетеді десек, оны ешкім қабылдамайды. Сондықтан амалдың жоғынан астына келтіріп беріп отырмыз. Жаңа Бағдан апай өз сөзінде *и* мен *y*-ды дифтонг деді. Ол ешқандай да дифтонг емес.

Жаңа өз сөзінде Гүлфар Мамырбекова ханым: «А.Байтұрсынұлы ұстанымдарының барлығын бастан аяқ қолдана беруге болмайды» деді. Қазақ білімпаздарының съезінде А.Байтұрсынұлы «сын-адамсын» сөзінің этимологиясында *сен* деген сөзден шыққан. Сол себепті соңында *ң* болмауы керек деп айтып шырылдады. Бірақ қабылдаған жоқ.

Бізде XX ғасырдың басында жазу мәселесі қатты күрделі болды, сосын бастауыш мектеп мұғалімдерінің шырылдағаны рас. Оның себебі не? Оның себебі, А.Байтұрсынұлы бастапқыда *мысық* деген сөздегі *ы-ны* алып тастап, бітеу буында жазбай-ақ қояйық дейді. Осы бітеу буын теориясы көпке дейін қазақ даласында пайдаланылды. Сосын Қазақ білімпаздарының съезінде қате екенін дәлелденіп, бітеу буын болса да, ашық буын болса да жаза берейік дегенге келіспеді. Әркім өз теориясы бойынша жазды. Сол кездегі жағдайды да ескеруіміз керек. Сосын Гүлфар ханым өз сөзінде: «А.Байтұрсынұлы *мый* сөзін ешқашан *ми* деп, *оқыу* сөзін *оқу* деп жазбаған» деді. Олай емес, қателесесіз. А.Байтұрсынұлының 1929 ж. «Еңбекші Қазақстан» газетіндегі 27 наурызда жарияланған мақаласында: «*ұу*-мен таңбалаймыз дегендер қателеседі, *оқыу* дегендегі *ы-ны* сақтауымыз керек» дейді.

Одан кейін *y* мен *и* мәселесі 1924 жылы Қазақ білімпаздарының съезінде біржақты шешілді. Себебі, олар Елдес Омарұлының өзі бірнеше сағат бойы баяндама жасады. Одан кейін реплика жасаушыларды қазіргідей тоқтатқан жоқ. Олардың барлығы да кереметтей баяндамалар жасады. Сонда олардың баяндамаларының барлығында *y* мен *и*-дің дауыссыз екендігі, оларды жеке таңбалауға болмайтындығы жөнінде баяндалды. Өздеріңіз білесіздер, 1929 жылы Қызылордада ғылыми Орфографиялық кеңесі болады. Сол конференцияға Алматыда профессор болып жүрген кезінен А.Байтұрсынұлы кеңеске келмекші болып, поездан түскен бойда ұстап әкетіп, Арханелскіге жер аударып жібереді. Ол конференцияға Елдес Омаров пен Қошке Кемеңгерұлы қатысады. Қазақ тілінің бүкіл заңдылығы сол жерде бұзылады. Сонда Қошке мен Елдес олай емес былай еді деп шырылдайды. Ең соңында комиссия мүшесі болып отырған екеуі орындарынан тұрып кетуге мәжбүр болады. Өйткені бүкіл терминдерімізді бұздыңдар, бүкіл тілдік жүйені бұздыңдар деп дымдарын қалдырмайды. Соңында Елдес Омаровты ату жазасына кесумен тынады. Сол кездегі саяси мәселеге мән беруіміз керек.

Түсінемін, Жүсіпбек Аймауытов керемет жазушы. Бірақ ол кісі лингвист емес, А.Байтұрсынұлымен қатар қоюға келмейді.

Жаңа өз сөзінде Анар ханым: «Орынай, Рәбиға апайдың еңбектерін оқыса да түсіне алмай жүр» деген сын айтты. Рәбиға апай үнемі *и* мен *y*-ды дара таңбалай береді деп айтпайды. Мысалы, ол кісінің анықтағышын қарасаңыз немесе қазақ әдебиетінде шыққан мақаласында *байы*, *кемі* деген бірнеше сөздерді келтіреді. Сондағы сөз соңын-





дағы **ы** мен **і** сақталып, *байиды* емес *байыйды* болуы керек дейді. Бұл жердегі *бай*-сын есім, *ы*-сөз жасамдық қосымша, *й*-көсемше бола алады. Ал егер *байи* дейтін болсақ, сын есімге көсемше жалғап жіберген боламыз. Ол дегеніңіз қазақ тілінің заңдылығына қарама-қайшы. Бұл жағын да ескеруіміз керек. Анар ханым өз сөзінде *и*-ді қысаң деді. Қазақ тілінде дауысты *и* жоқ, ол дауыссыз. Сол себепті қысаң деп айта алмаймыз. Одан кейін А.Байтұрсынұлы бүкіл еңбектерінде позицияға ерекше мән береді. Жаңағы Анар ханымның слайдта көрсетіп отырғандарының барлығы позиция. Бүкіл қазақ зиялылары қатысқан Қазақ білімпаздарының съезінде *и* мен *у*-дың тек дауысты екені дәлелденді, нүктесі қойылды. XX ғасырда қайтадан *у*-ды бірде дауысты, бірде дауыссыз деп келді. Ол дегеніңіз миға қонымсыз. Ол туралы Ы.Маманов: «Сөз табы ретінде әрі үстеу, әрі есімдік деген ақылға сыймайды» деп айтады.

Құралай өте дұрыс айтып отыр. Біз екі тұрғыдан кетіп отырмыз. Бұлай екі жаққа кете бермейік. Бұл жерде өз қазағын, тілін жек көріп отырған адам жоқ. Бәріміз де қазақ тіліне жанымыздың ашығанынан отырмыз ғой. Ортақ пікірге келе алмады деген шикілік бар деген сөз. Мысалы, Әлімхан ағайдың тұжырымдары – А.Байтұрсынұлы мен Қошкениң тұжырымдарымен үйлеседі. Себебі, шындық біреу. Осы нәрсеге мән берсек.

А.Байтұрсынұлы айтқандай сөз басында *ы*, *л*, *у*, *й* тұрған жердің бәріне дауысты дыбыстардың тіркесуін мен де қолдамаймын. Себебі, А.Байтұрсынұлының 1929 жылғы «Емле туралы» деген мақаласында «Кез-келген жерге *ы-ны* жазбайды оған қазақтың құлағы керек» дейді.

1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының №3 санында шыққан мақаласында А.Байтұрсынұлы *у* мен *и*-ді айтпайды, оқулықтарында айтады. Оқулықтарында *у*, *й*, *л*, *р* ауыз шығысты, *м*, *н*, *ң*-ды мұрын шығысты деп айтады. Жантас ағай бар және басқалар *у* мен *и* буын құрай алмайды деп айтып жатыр ғой. *Ия*, буын құрай алмайды. Себебі, ол дауыссыз болғандықтан буын құрай алмайды. Екіншіден, А.Байтұрсынұлы «*у* мен *й*-ді жеке тұрғанда дыбыс дей алмайсын» дейді. Оған міндетті түрде дауыстыны тіркестіресің. Менің айтайын дегенім осы. Айтқанымың барлығын қабылдаңыздар дей алмаймын. Бұдан кейін мұндай жиналыстарға қатыспаймын. Бірақ, пікірлерімізді ескерсеңіздер екен.

Г.Мамырбек: А.Байтұрсынұлы ұстанымы бойынша *м*-ашық, *сық*-бітеу буын. Сондықтан *мсқ* деп жазылады. Мысалы, *мысығына* дегенде *мы*-басқы буын, *сы*-ашық буын, *ғы*-ашық буын. Енді ол кісінің ережесінде *жаз*, *оқы* түбірі болса, *жазуды-жазуу* деп жазады. Оқуға келгенде *оқу* деп жазылады, *ы* жазылмайды. *Оқуына* дегенде *оқыуына* деп жазады. Ондай ешқашан болмаған деп айтылғаннан кейін, А.Байтұрсынұлының ережесі осындай екенін көрсетіп жатырмын. Бірақ осы ережемен жазу процесінде балалар қиналған болатын. Сол үшін де мұғалімдер қарсылық білдірген.

Ә.Қаба: Өздеріңіз білесіздер, Орфографиялық жұмыс тобында жетілдірілген әліпби талқыланып, бекітілген болатын. Оны сол кезде мен емес, өздеріңіз бекіткен болатынсыздар. Одан кейін онлайн отырыста кейбір таңбаларға байланысты ұсыныстар болды. Сондықтан қазір жеке таңбаларды жетілдірілген әліпбиге енгіземіз бе, жоқ па? Сол мәселені нақтылап алайық:

1. *й* таңбасын *у*-пен аламыз ба, алмаймыз ба?

Жауап: аламыз

2. *и* таңбасын *і*-мен аламыз ба, алмаймыз ба?

Жауап: аламыз. Бұл қазақ тілінің жүйесінде жоқ болғандықтан, астында тұрады. Сол себепті әліпбидің ішінде тұрмайды.

3. Одан кейін *і* таңбасына қарсы пікірлеріңіз бар ма?

Жауап: жоқ





4. ң-й таңбасына пікірлеріңіз қалай? Біз өткен жолы осылай айттық. Бірақ жұмыс тобында бекітілген жоқ.

Жауап: Бағдарламашылардың жауабын тыңдаймыз деген болатынбыз.

5. Ендігі мәселе у-и болып тұр. Ол таңбаға деген пікірлеріңіз қалай?

Жауап: дұрыс, қалсын

6. Енді у-ды w-мен беру мәселесі. Бұған кімнің қандай пікірі бар?

Жауап: бірауызды пікір жоқ, сұрақ белгісін қойыңыз

7. Ары қарай ы-1 дыбысына деген көзқарастарыңыз қандай?

Жауап: қолдаймыз

Жетілдірілген әліпбиге ы мен і-ні енгіземіз. Ары қарай ң-ды дауысқа саламыз. Бұған Орфографиялық жұмыс тобы мүшелері ғана дауыс береді.

Е.Тілешов: Қазір менің ойымша дауыс берудің қажеті жоқ. Таңбалардың ішінде үшеуін ғана қабылдадық, қалғанын апробацияға пысықтауға жіберуіміз керек.

Ә.Қаба: Мен түсініп отырмын. Менің айтайын дегенім – ертең осы мәселелерді алдыларыңызға қайтарып береміз ғой. Бұл арада бірауыз пікірлеріңіз жоқ болса нг тіркесін де қосып жібереміз.

А.Салқынбай: Бұл өзі қызық жағдай болды. Айналып-айналып осыдан үш жыл бұрынғы нүктеге қайтып оралып отырмыз. Бұл арада w таңбасын ұсынып отырғанымыздың өзіндік себебі бар. Ол – ұ мен ү дыбысы дауысты дыбыс. Сол себепті оған халықаралық деңгейдегі и-еріндіні алғанымыз сол еді. Ал, у-ға басқа таңба алып отырғанымыздың мәнісі үшеуі де бір таңбамен кетіп қалайын деп тұр. Мынаның қасиеті басқада. Мынау дауыссыз у болып тұр. Бұған дейін де Орфографиялық жұмыс тобы мүшелері дауысқа салып бізді жеңген болатын. Қазақ тілінде дауысты и дыбысы жоқ. Біз жаңадан әліпби ұсынған жоқпыз, и мен у-ға қатысты ғана айтып жатырмыз. Мына алдымыздағы әліпби біздің емес, Орфографиялық жұмыс тобының әліпбиі.

Ә.Қаба: Өткен жолы Орфографиялық топта ң дыбысы туралы талқыланған болатын. Бірақ қай таңбаны алатынымыз жөніндегі сұрақ ашық қалған. Ертеңгі күні апробацияға берген кезде кестеге жазып көрсетеміз ғой, сол кезде қайсы таңбамен бергеніміз дұрыс. Бірінше осы мәселені шешіп алуымыз керек.

О.Жұбаева: Бұл жерде бәрібір біздің сөзіміз өтпейді. Екі-үш күндік уақытымыз босқа өтіп кеткеніне қынжыламын.

Е.Тілешов: Орынай, сендер ұсынған әліпбидегі үш таңбаны Жетілдірілген әліпби жобасына алып отырмыз ғой. Бұл үш күндік шаруа үшін аз ба?

Ә.Қаба: Жұмыс тобы үш күннің ішінде үш таңбаны өзгертті. Оның барлығы Әлімхан мырзаның бұрыннан ұсынып келе жатқан таңбалары. Өзгертілді, орнына келді. Сіздерге қарсы ғалымдар еш қарсылықсыз ескеріп, көніп отыр. Екі жақ неше күн отырып әліпбидегі таңбалар мәселесін талқыладық. Бүгін бір шешімге келеміз бе деген ой болып еді, олай болмады. Мақсатымыз ұлттық деп есептеген әліпбиде кірме сөздердегі артық таңбаларды астына қойып, ұлттық сөздерімізді таратып жазайық деген ойымыз болған. Таратып жазу үшін уақыт керек екенін ғалымдарымыз да айтып өтті. Таратып жазатын болсақ, оқытуда, қабылдауда, жазылуда көптеген қиыншылықтар болады деп отыр. Онымен бірге ертеңгі күні ол сөздерді маңдайшаға жазамыз және төлқұжат береміз. Сол кезде жұртшылық қалай қабылдайды екен? Ол да бір сұрақ. Мұның барлығы менің сөзім емес, сіздердің сөздеріңізден шығып отырған қорытынды. Қорыта келгенде айтарым, жетілдірілген әліпбиді толықтырамыз. Бұл – Орфографиялық жұмыс тобындағы ғалымдардың өткізген жұмыстарының жетістігінің біреуі. Неше күннен бергі жасап келген жұмыстың нәтижесі ретінде Ұлттық әліпби жобасы пайда болды. Яғни, біз осы уақытқа дейін бірнеше әліпби





ұсынып жүрдік. Осы уақытқа дейін ұсынып жүрген Жетілдірілген әліпби жобасын да апара салып, бекіте салмаймыз. Оның барлығын жазып, оқып көріп, халық талқысынан өткізуіміз керек. Сондықтан сіздерге айтарым, осы екі әліпбиді ескере отырып, арнайы апробацияға берейік. Бізге төрелігін жазатындар, оқытатындар айтсын. Апробациядан қай әліпби өтеді, соны негізге алатын боламыз. Келістік пе? Осымен бүгінгі отырысымыз аяқталды. Барлықтарыңызға рақмет!

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ЖАНЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ СТЕНОГРАММАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы,
2020 жылғы 22 шілде

Қатысқандар: Ә.Қаба, Е.Тілешов, М.Бахтиярұлы, Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, А.Алдаш, З.Базарбаева, Ж.Жақыпов, Б.Момынова, Қ.Күдерина, А.Фазылжанова, Г.Мамырбек, Л.Еспекова, Қ.Сәрекенова, Ж.Жұмабаева, Н.Рсалиева, М.Тұрсынова, Қ.Қалыбаева, А.Хабиева, Ж.Құрманғалиева, Г.Әбелдинова, Ж.Өтелбаева, Р.Ізғали, Н.Аитова.

Ә.Қаба: Барлықтарыңызға қайырлы күн, құрметті ғалымдар, тіл жанашырлары, қонақтар. Өздеріңізге белгілі 2020 жылдың 28 мамырында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әліпби нұсқасына байланысты Білім және ғылым министрі А.Қ.Аймағамбетовке және Мәдениет және спорт министрі А.Райымқұловаға әліпбиді тиісті мамандармен егжей-тегжейлі талқылау туралы тапсырма берді. Оған дейінгі біздің, әрине, Президенттің тапсырмасы бойынша 9 айға жуық уақыт ішінде үлкен жұмыстар жасадыңыздар, сондықтан да бүгін осы әліпбиді жетілдіру мәселесін тағы да бір рет талқылап, қорытындыласақ деп жиналып отырмыз, қазір жұмысымызды бастаймыз.

Күн тәртібі өздеріңізге белгілі, алдарыңызда тұр. Сондықтан, енді бүгінгі күні кворумға байланысты айтатын болсақ, мынау, орфографиялық жұмыс тобының 27 мүшесінің 19-ы қатысып отыр қазір, яғни кворум бар. Жұмысымызды әрі қарай жүргізе беруімізге болады. Бұдан бөлек, біздің бүгінгі жұмысымызға ҚР БҒМ Ғылым комитетінің төрағасы, белгілі қоғам қайраткері Жанна Дулатқызы Құрманғалиева қатысып отыр. Өздеріңізге белгілі, бұрынғы уақыттарда ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігінің жауапты хатшысы қызметін атқарды, өзге де биік лауазым атқарды, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, бүгін, енді, мінекей, жұмысымызға қатысып, осы қорытындылау жұмысымызға пікірін айтатын болады. Негізгі жұмыс тобының төрағасы, министрдің орынбасары Дәуешов Нұрқиса Мұратұлы бүгін қатыса алмайды. Қазір ҚР БҒМ Ғылым Комитеті төрағасы Жанна Дулатқызы Құрманғалиеваға сөз береміз.

Ж.Құрманғалиева: Рақмет, сәлеметсіздер ме? Баршамыздың аман-есен болғаныңызға, осы жиынға қатысқандарыңызға өте қуаныштымын. Біз алдын ала 2-3 жұма бұрын кездесіп, бірнеше мәселелерді талқылаған болатынбыз. Жазу реформасын үкімет бекіткен қадамдық жобасында өздеріңіз білесіздер, қазақ тілін орфографиялық, орфоэпиялық тағы басқа нормативтік сөздіктерін жасау, үлкен академиялық қазақ грамматикасын әзірлеу, 2-3 тілдік сөздіктер дайындау, ономастикалық, топонимикалық атаулар анықтағышын жасау, сонымен бірге оқулықтарды, оқу әдебиетін латын әліпбиіне қайта шығару, сол сияқты мемлекеттік тілдің бүкіл ғылыми лингвистикалық базасын латын әліпбиінде жағыртып, қайта жасақтау тапсырмасы бар. Бұл шаруалардың көбі осы жыл-





дың соңына дейін, сол жоспар бойынша бітуі керек болатын. Бірақ түсінікті, бұл үлкен жұмыс, бірінші кезекте Тіл білімі институты, оқулық орталығына министрлік тарапынан тапсырмалар болған. Бірақ бұл жұмысты межелі мерзімде орындау үшін жетілдірілген әліпбидің бекітілуі аса қажет. Сондықтан мемлекет басшысының тапсырмасы болды, өткен жиналыста да оны біз талқыладық, сол тапсырманы қалай тиімді орындауымыз қажет деп. Осы бірден-бір қажетті шаралардың бірі – осы Орфографиялық жұмыс тобының кеңесіне шығарып, орфографиялық кеңестің отырысында жан-жақты талқылап, бір шешімге келу керек деп өзіміз де жоспарлаған болатынбыз, естеріңізде болса, өткен жылы. Сондықтан мен бұл шараға қатысып отығанымна қуаныштымын және бүгін бізде 27 мүшенің 20-сы осы жерде, сондықтан біз бұл мәселені, бізге жіберген материалдарды жан-жақты қарап шықтық. Бірінші кезекте бұл мәселе бойынша ең басты адамдар бұл – біздің ғалымдарымыз, сондықтан ғалымдарға ғылыми-зерттеу нәтижелеріне арқа сүйеп бір шешім қабылданады немесе сол шешімді қабылдау үшін бүгінгі отырыстан жақсы, қомақты бір нәтижелер жеткіземіз деген үміттемін. Сондықтан барша ісімізге, әріптестер, сәттілік тілеймін! Ағаларымыз айтып жатыр ғой, мынау, «біз айттық «Первое время чумы», - деп, осы мәселелерді мүмкін қазіргі кезде талдау керек пе, жоқ па дегендей. Біз егер ғылыми тұрғыдан алатын болсақ, қазір бүкіл әлемде, мына психологтар да осы пандемия жағдайында адамның мінезінде жалпы қандай өзгерістер болып жатқаны, соны әлемде көп ғылыми орталықтар зерттеп жатыр. Сол мәселені мына Ресей Ұлттық Ғылым Академиясының Психология институтының директоры Дмитрий Ушаков жуырда жиын өткізіп, анау әйгілі орта ғасырларда чума, испанка деген аурулар, пандемиялар болды ғой, сонда былай жазыпты «После чумы и испанки в США и в Европе часто оказывалось что выжившие в них люди жили дольше, а инноваций пошли быстрее». Сондықтан да сондай бір әлеуметтік оптимизмді ешқашан жоғалтуға болмайды. Оның бірден-бір жолы – қоғам қайраткерлері үшін, қоғамдық санасы жоғары, бірінші кезекте, біздің ғалымдар үшін де ол сондай маңызды ұлтқа, рухқа қатысты үлкен шаруалармен айналысу, сондықтан бүгінгі отырысты да терапияның бірден-бір жолы деп қабылдайық, әпкелер мен ағалар. Үлкен мәселемен айналысып жатырмыз. Кеше де бір жиналыста айтып кеттім – «аурулар, пандемиялар келеді-кетеді, ал бізден кейін қалатыны – осы: ғалымның сөзі, қабылдаған шешіміміз. Мүмкін кім біледі бірнеше жылдан кейін, бір жарты ғасырдан кейін, осы латын қаріпіне көшу бір шешуші отырыстардың бірі осындай заманда, осындай кезде болды» деп еске алынар. Рақмет азаматтар! Енді іске сәт!

Ә.Қаба: Рақмет! Өте мағыналы болды сіздің пікіріңіз, рақмет, өйткені шынымен де, өзіңіз айтқандай, мына індет ол бір өтетін- кететін дүние, ал ұлт қалады, ұлттық мүдде қалады, сондықтан бізде тоқтау жоқ болуы керек. Қайта неғұрлым осындай қиындық туындаған сайын, біз кемшіліктерімізді алып шығып, одан әрі дамып өсуіміз керек. Бұл жерде сіздің сөзіңізге 100% қосыламыз. Ал енді осы тұрғыда, мына жерде отырған осы біздің ғалымдарымыз соңғы Президенттің тапсырмасын, тапсырма бергеннен бері қарай, былайша айтқан кезде тынбай еңбек жасады, үлкен еңбек жасады, пікірталастар болды, қаншама жиындар болды өздерінің уақыттарын арнап, қиын болып жүрсе де, ауырып сырқап жүрсе де, жиындардан қалмай пікірлерін айтты. Мынадай үлкен бір жұмыс тындырылды. Осыған байланысты бір кішкентай фильм дайындап едік, рұқсат етсеңіздер, соны көрейік қазір.

[Фильм көрсетілді]

Ә.Қаба: Құрметті ғалымдар, өздеріңіз көргендей, бұның барлығы сіздердің атқарған жұмыстарыңыз. Бүгін енді мынау өздеріңіздің, осы уақыттың ішінде қандай үлкен іс





тындырғандарыңыз жөнінде де мына бір фильмде айтылған және айтылмаған мәселелер бойынша мен бір-екі ауыз айтып өтейін, кішкене ұзақтау болуы мүмкін, бірақ, кейбір мәселелер бойынша нақты ақпараттарыңыз болғаны дұрыс деп ойлаймын. Сондықтан маған бір ауыз сөз сөйлеуге рұқсат етіңіздер.

Қадірменді орфографиялық жұмыс тобының мүшелері, құрметті Жанна Құрманғалиқызы, шақырылғандар! Ең алдымен барлығыңызды осы әліпбиді жетілдірудегі ерекше еңбектеріңіз үшін үлкен алғысымызды жеткізгіміз келеді. Осылай тынымсыз еңбектеріңіз бен ізденістеріңіздің арқасында біз бүгін әліпбидің қорытындылау кезеңіне жеттік. Мұндағы әр таңба – сіздердің ғылыми дәйектеген зор еңбектеріңіз. Сондықтан маған біршама уақыт берсеңіздер сіздер жасаған орасан зор жұмысты рет-ретімен қашан, не жасалғаны туралы көз алдырыңыздан өткізіп бір баяндап өтейін.

Тіл – қазақтың жаны, мемлекеттілігіміздің символы, сондықтан елбасы рухани жаңғыру бағдарламасы аясында тілімізді жаңа деңгейге көтеру міндетін жүктеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында «Қазақ тілінің қолданыс ауқымын кеңейту мәселесіне ерекше маңыз беріп, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін, бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғазға жасамай жұмыс жүргізуіміз керек», - деген сөзі отаншылдық сезімі бар әр қазақстандықтың мемлекеттік тіл – қазақ тілін құрметтеуге үйренуге деген құлшынысын оятты. Бұдан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев латын графикасына негізделген жаңа қазақ тілінің әліпбиін жетілдіруді тапсырды. Әліпбиді латын қаріпіне көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына 2 жылға жуықтады. Бірақ қаріпімізде әлі де олқылықтар бар. «Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіру керек», - деді Президент. Содан бері қанша уақыт өтіпті міне? Не істелді? Осы уақыт ішінде құрамында 70-тен астам ғалымы бар ұлттық комиссия жанындағы 4 жұмыс тобы әліпбиді жетілдіруге арналған жеті отырысын өткізіпті. Бүгінгі отырысымыз – сегізінші. Қазақ сегізді құт санайды, қасиетті сан санайды, сондықтан да бүгін сегізінші отырысымызда бір үлкен қорытындыға келеміз деп үміттенеміз. Әрине, ғалымдар арасында, жалпы әліпби жобасын ұсынушы қоғамдағы азаматтар арасында пікір қайшылықтары болды, әлі де бар. Бұл – қалыпты нәрсе. Сіздер сол ұсыныстар мен пікір алуандығын қаперге ала отырып үлкен іс тындырдыңыздар. Жіліктеп айтсам, біріншіден, осы 9 айға жуық уақыт көлемінде ҚР Мәдениет және спорт министрі Тіл комитетінің ұйымдастыруымен өздеріңіз сияқты еліміздің ең маңдайалды ғалымдары жұмылдырылып, бұған дейін атқарылған жұмыстар түгел пысықталды. Жұмыс барысында жаңа әліпбидегі кейбір дыбыстардың таңбалануы жазылым мен оқылымында қолайсыздықтар тудыратыны анықталды. Техникалық мүмкіндіктері жағынан сәйкессіздіктер шықты. Екіншіден, қоғам тарапынан ұсынылған ұсыныстар, пікірлер зерделенді, ұтымды ұсыныстар назарға алынды. Тәуелсіз сарапшылар тартылды. Осы уақытқа дейін латын графикасына қатысты 30-дан астам жобалар қарастырылды. Жобаны ұсынушылардың сапалық құрамы әртүрлі, олар - филолог ғалымдар, жаратылыстану, техника ғалымдары, жеке азаматтар, кәсіпкерлер, т.б. азаматтар бар кейінгі кезде БАҚ беттерінде «Осынша уақыт ішінде ғалымдар не бітірді, неге тездетіп әліпбиді жасап ұсынбайды, осынша созғаны несі?» деген сияқты сауалдар қойылып жүр. Алайда өздеріңіздің қатысуыңызбен осынша үлкен жұмыс жасалып, барлық пікірлер ескеріліп, мүмкіндігінше, талқыланып, әр таңбаға ғылыми дәйектеме берілмесе, бұл жұмыс тағы да шала болар еді. Сондықтан, бүгінгі әліпбиді жетілдіру жұмысын қорытындылау күні «Осынша уақыт ішінде ғалымдар не бітірді?», «Жұмыс тобының әр жиынының мақсаты не?», «Не нәтиже берді?» - деген сұраққа осы уақыт ішінде жасалған бүкіл жұмысты кезең-кезеңімен, көз алдымыздан өткізе отырып, нақтырақ тоқталуды жөн көріп отырмын.





Жаңа айтып өттік, ең алдымен, Қасым-Жомарт Кемелұлы тапсырма берді. Бұл 21 қазан болатын. 2019 жылы 8 қарашада Нұр-Сұлтан қаласында латын графикалық негізді жаңа әліпби жобалары атты Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының бірлескен семинары өтті.

Мақсаты – министрлікке келіп түскен жобаларды талқылау, отырысқа орфографиялық әдістемелік ақпараттық және техникалық сүйемелдеу жұмыс топтарының және «Нұр-Отан» партиясы жанындағы Мирас Республикалық қоғамдық кеңесінің мүшелері сарапшылар әліпби жобаларын ұсынушылар қатысты. Нәтижесі: ұсынылған жобаларға лингвистикалық әдістемелік және техникалық сараптамалар жасалды, әліпби түзеудің критерийлері түсіндірілді. Бұл жерде мен әдейі тоқталып айтып жатырмын, «мақсаты, нәтижесі» деп, өйткені әрбір жиын бекер өткен жоқ, мақсат қойылды, нәтижеге жетті.

Әрі қарай, 2019 жылы 13 қарашада Нұр-Сұлтан қаласында Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде және мектептерде әліпбиге «Ш, Ң, Ұ, І, И/Й, Ч» дыбыстарын таңбалауға байланысты сауалнама жүргізілді. Оған университеттердің магистранттары және мектеп мұғалімдері мен оқушылар – барлығы 117 респондент қатыстырылды.

Мақсаты: Сауалнама арқылы әліпбиді түзу принципі мен кейбір дыбыстарды таңбалауын анықтау.

Нәтижесі: Қатысқандар сауалнама сұрақтарына жауап берумен бірге, алғаш рет казак тілінің дыбыстық ерекшелігіне қарай тиісті диакритикаларды алу қажеттігін және диграфтарды қолданбау керектігі айтылды. Бұл қаперге алынды.

2019 жылғы 15 қараша, Министрлікке келіп түскен жобаларды талқылау. Орфографиялық жұмыс тобының бұл отырысында әліпбиді жетілдіруге байланысты ұсыныстар мен пікірлер талқыланды. Әліпбиді жетілдіру бойынша жүргізген апробация жұмыстарының нәтижесі тыңдалды.

Мақсаты: Жобаларды талқылау және әліпбиді жетілдіруге байланысты ұсыныстарды сараптап, ғылыми қорытынды жасау.

Нәтижесі: Апробация нәтижелері назарға алынды, ғылыми сараптамалар жасалды. Ұсынылған жобаларға лингвистикалық, әдістемелік және техникалық сараптамалар жасалды, әліпби түзудің критерийлері түсіндірілді.

2019 жылғы 18 желтоқсан, Жұмыс топтарының «Латын графикасына көшу жұмыстарының нәтижесі және міндеттер» атты кеңейтілген кеңесі өткізілді.

Мақсаты: әліпбиді жетілдіру апробациясының қорытындысы және «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейінгі кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарында» көрсетілген «Қазақ тілінің пунктуациялық ережесі» және «Қазақстан азаматтары аты-жөндерінің және географиялық атауларының латынграфикалы әліпби негізінде жазылу ережелерінің» жобаларын талқылау.

Нәтижесі: кеңесте әліпбиді жетілдіруге байланысты және аталған ережелердің кейбір тұстарын өзгерту және толықтыруға байланысты міндеттер қабылданды.

2020 жылғы 18 қаңтар ҚР Премьер-Министрінің сол кездегі орынбасары Б.М.Сапарбаев әліпби жобасымен танысып, нақты тапсырмалар берді.

Мақсаты: әліпбиді жетілдіру, қоғамға латын негізді қазақ әліпбиінің қажет екендігін жеткізу. БАҚ беттерінде қоғамға түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін тапсырды. Өйткені осы кезде, қоғамда «Осы латынның бізге не керегі бар? Кириллицада қала берейік» деген сияқты ойлар айтыла бастаған болатын, сондықтан, осындай тапсырма болды.

Нәтиже ҚР латын негізді қазақ әліпбиін жетілдіру қабылдау және оны жүзеге асыруын қамтитын 2020-2025 жылдарға алған стратегиялық план жасалды. Осы планды





Б.М.Сапарбаев қабылдаған кезде мен өзім алып бардым, сол жерде көрсетіп, қолма-қол қарап шығып бекітіп берді және сол жерде біз, БАҚ жұмыс жөніндегі медиапланды да бекітіп алдық, сөйтіп осы бойынша үлкен жұмыс жасалды.

Қоғамдық пікірмен жұмыс және БАҚ-тағы жарияланымдарға келетін болсақ, қоғамда жана әліпбидің қажеттілігін жеткізу мақсатында 2 медиаплан жасалды. Барлық БАҚ-та осы отырған өздеріңіздің ғылыми материалдарыңыз жарық көрді. Сол кезде бүкіл БАҚ-та әрқайсысыңыз біреуден, екеуден мақала жаздыңыздар. Яғни барлығы сол кезеңде 600-ден астам материал жарық көрді. Яғни, әліпбиді жетілдіру жөніндегі сіздердің жұмыстарыңыздан бүкіл ел, қоғам үнемі хабардар болып отырды. Ешкім ештеңені жасырып жасаған жоқ. Қоғамға жария етіп отырып жасадық. Барлық орфографиялық жұмыс тобының, жұмыс тобы ақпараттық құралдар шақырылап жария етіліп отырды. Артынан тағы баспасөз релиздері таратылып отырды. Сондай-ақ әліпби жобасын ұсынған әр авторға және әліпбиге қатысты қойылған әр сұраққа жан-жақты әрі уақытылы жауап беріліп отырды.

2020 жылғы 14 ақпан бірінші рет Республикалық ашық талқылау өткізілді, бұған дейін ашық талқылау өткізілген жоқ болатын, өздеріңіз білесіздер, алдыңғы 2 әліпбидің кезеңінде де ондай ашық талқылау болғаны есімде жоқ. Ол осы бірінші ашық талқылау да бұл Республика көлемінде өтті, оған бүкіл Республикадағы филология саласының ғалымдары, азаматтар, ғалымдар ұсынған 30-дан астам жобаның ішінен осы біздің ғалымдарымыз іріктеп алған 3 жоба ұсынылды. Олар – орфографиялық жұмыс тобы дайындаған жетілдірілген жобаның сол кездегі нұсқасы, екіншісі сол кездегі алдында пайдаланылуға берілген, кейін кемшіліктері шыққан бекітілген ақутты жоба дейміз, үшіншісі кейбір ғалымдардың айтуынша біздің өзіміздің «Қ, І, Ө, У» деген сияқты кириллицадағы дыбыстарымызды алып қалайық деген ұсыныстар негізге ала отырып жасалған жоба. Осы үш жоба берілді. Бұған ЖОО-ның, мектептердің, өңірлік оқыту орталықтарының қазақ тілінің мұғалімдері мен әдіскерлері, ғалымдар қатысты. Барлығы 1366 тіл маманы қатысып, талқылады.

Мақсаты: еліміздегі тіл мамандарының әліпби жобаларына қатысты пікірін анықтау болатын.

Нәтижесі: талқылау барысында Орфографиялық жұмыс тобы дайындаған жетілдірілген әліпби жобасын 52,9%, бекітілген ақутты әліпби нұсқасын 23,5%, аралас жобаны 23,5% адам қолдады. Осы әліпби жобалары жұмыс топтарының кеңейтілген кеңесіне ұсынылды.

Яғни 2020 жылы 20 ақпанда ашық талқылаудан бөлек осы мезетте жетілдірілген әліпби нұсқасына байланысты 2 апробациялық жұмыс өткізілді. Бұл, былай айтқанда, параллель жүргізіліп жатқан жұмыс болды. Біріншісі – Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп Нұр-Сұлтан қаласында С.Сейфуллин атындағы Агротехникалық университетте, Гуманитарлық колледжде және мектептерде 551 респондент қатыстырылып, ЖОО оқытушылары, студенттері, колледж және мектеп мұғалімдері, оқушылары арасында сауалнама ұйымдастырылды. Екіншісі – еліміздегі барлық 17 аймақта «Jas Otan» Жастар қанаты филиалдарының ұйымдастыруымен жасотандықтар және студенттер арасында 961 респондент қатысқан сауалнама өткізілді. Оған осы біздің жаңағы әліпбиіміз ұсынылып, олар ол туралы өздерінің пікірлерін айтты.

Мақсаты: Орфографиялық жұмыс тобы мүшелері дайындаған жетілдірілген әліпби нұсқасын сынамадан өткізу болатын.

Нәтижесі: апробацияға қатысқан ғалымдар ұсынған нұсқаны қолдап, оның кейбір таңбалары бойынша ұсыныстар берді. Оның ішінде Й/И-ді таңбалау, Ш дыбысын қалай таңбалау, У дыбысын таңбалау мәселелері дұрыс шешім тапты. Бұл сауалнамада умлаут, бревис, макрон, седиль диакритикаларын әліпбиде қолдануды респонденттердің басым





көпшілігі қолдады. Яғни, біздің қазіргі әліпбиіміздің ішіндегі осы диакритикалардың қолдануы, бұл тек қана, ғалымдардың ғана ұсыныстары емес, қоғамның қолдауы, мамандардың қолдауы.

2020 жылғы 20 ақпан

Ұлттық комиссия жанынан құрылған Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық, Ақпараттық және техникалық сүйемелдеу жұмыс топтарының қатысуымен Алматы қаласында «Латыннегізді қазақ әліпбиі: ұсыныстар, талқы және нәтиже» атты кеңейтілген кеңес өткізілді. Бұл отырысты бір бетбұрысты отырыс деп айтуымызға болады. Өйткені бұл отырыстың мақсаты жетілдірілген әліпби, бекітілген ақутты әліпби және А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кейбір ғалымдары ұсынған әліпби жобалары. Әр жоба бойынша баяндамалар жасалып, ғылыми талқылау өткізілді. Талқылау негізінде әліпби жобалары дауысқа салынды. Бұл жерде өздеріңіз түгелдей қатыстыңыздар.

Нәтижесі: кеңеске қатысқан жұмыс топтары мүшелерінің 81,4%-ы жетілдірілген әліпби нұсқасын, яғни қазіргі сіздер осы қарап отырған нұсқаны, 9,3%-ы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кейбір ғалымдары ұсынған әліпби жобасын қолдаса, бекітілген ақутты әліпби нұсқасы, яғни бұрын қолданылған нұсқа бірде-бір дауыс алмады. Сөйтіп ақутты әліпби, былай айтқан кезде қалыс қалды. Жұмыс топтары мүшелерінің 9,3 %-ы қалыс қалды. Былай айтқанда, ақутты әліпби бұдан кейін бізде қайтадан талқылауға ұсынылған жоқ.

Бұл нұсқаның кейбір таңбалары бойынша пысықтау қажеттілігі жөнінде шешім қабылданды. Яғни, бұл жұмыс одан әрі қарай жалғасты. Бұл жерде, мына *i* дыбысына қатысты, *й/i* дыбысына қатысты, *у* дыбысына қатысты, *ұ, ы* дыбыстарына қатысты біршама қандай да болса ғалымдарымыздың көзқарастарында біркелкілік болды, сондықтан, бұл мәселені әрі қарай жалғастыратын болдық. Жалпы бұл кеңестің басты берген сол кездегі нәтижесі жұмыс топтарының барлық мүшелері қазақ тілінің фонетикалық ерекшелігі негізделетін ғылыми принципті мақұлдады. Әліпбиге умлаут, бревис, макрон, седиль диакритикалық белгілерін алуды құптады. Сөйтіп, бізде осы сіздерге ұсынылып отырған жетілдірілген әліпби жобасының алғашқы жобасы пайда болды.

Ал енді жалпы жетілдірілген әліпбиде қолданылған диакритикалар алдын ала сарапталып, шетелдік тәжірибені зерттей отырып, олардың қолданылуының ғылыми негіздемесі жасалды. Яғни көріп отырғаныңыздай умлаут қай жерде қолданылады, бревис қайда қолданылады, тильда қайда қолданылады? Мәселен, біздің алдымыздағы әліпбиде (ақуттық) қоғамда айтылды, «мынау – ақут деген ударениенің белгісі, оны бүкіл дыбыстың үстіне қойып шыққансыздар, бұл сауатты емес», - деген болатын. Сондықтан ғалымдар зерттей отырып мынау қазіргі диакритикалардың әрқайсысының қай кезде қолдану керектігін зерттеп шетелдік тәжірибелерді негізге ала отырып, осылай, біздің әліпбидің ішіндегі диакритикаларды қолданды. Сөйтіп, жұмыс тобында басым дауыспен қолдарыңыздағы жетілдірілген әліпби жобасы мақұлданды.

2020 жылдың 23 ақпанда жаңағы кеңейтілген отырыстан кейін біз осындай шешім қабылдаған болатынбыз: «жалпы егер осы күйінше болатын болса, біз бұны үкіметке қарауға ұсынамыз» деп, бірақ осы кезде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының сол кездегі бірінші орынбасары М.С.Әшімбаев мырза Орфографиялық жұмыс тобындағы және өзге де тәуелсіз бір топ ғалымдарды жинап, жетілдірілген әліпби жобасымен танысты.

Мақсаты: әліпбиді жетілдіру жұмысын зерделеу, қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізу. Бұған байланысты М.С.Әшімбаев ғалымдарға тиісті тапсырмалар берді.

Нәтижесінде апробациялық жұмыстар ұйымдастырылып, республикалық ашық талқылау өткізілді. Осы кезеңнен бастап сіздер мен біздерді кейінгі кезде әлгі *С* дыбысын





әліпбиімізге енгіземіз бе енгізбейміз бе, мынау басқа, шетелдік әріптерді енгізе аламыз ба, алмаймыз ба? деген мәселе көбірек қозғалып, сол уақыт созылуына бірталай себеп болды деп ойлаймын.

2020 жылғы 4-5 наурыз

Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес еліміздің барлық өңірлерінде ЖОО-ның, колледждердің, мектептердің және өңірлік оқыту орталықтарының қазақ тілі пәнінің мұғалімдері мен әдіскерлері, ғалымдары қатыстырылған республикалық екінші ашық талқылау өткізілді. Бұған 630 тіл маманы қатысты.

Мақсаты: Орфографиялық жұмыс тобы дайындаған жетілдірілген әліпби жобасының құрамына С, W, X таңбаларын енгізу және и, і, ж, ң дыбыстарын таңбалау, ц, ч, дыбыстарына таңба арнау қажет пе деген мәселелер қойылды. Сол мәселе талқыланды.

Нәтижесі: еліміздегі 9 өңір Орфографиялық жұмыс тобы дайындаған жетілдірілген әліпби жобасын еш өзгеріссіз сол қалпында қалуды қолдады. Ал 16 өңір С, W, X таңбаларын әліпбиге енгізбей, тек пернетақтада ғана сақтауды жақтаса, 15 өңір Ц және Ч дыбыстарын әліпбиге енгізуге мүлде қарсы болған.

Бұл ашық талқылау нәтижесі назарға алынды, қолдарыңыздағы жетілдірілген әліпбиде көрсетілгендей С, W, X таңбалары әліпбиде цитаталық принциппен жазылатын шетелдік сөздерде қолдалынылатыны туралы ескертумен төменге сілтемеге түсірілді.

2020 жылғы 11 наурыз

Қазақстан Жазушылар одағының Нұр-Сұлтан қаласы филиалындағы жазушылар мен ғалымдардың қатысуымен ашық талқылау өткізілді. Бұл үшінші ашық талқылау. Яғни, бұл «қоғам қатыстырылды ма?» деген мәселеге жауап деп ойлаймын.

Мақсаты: жетілдірілген әліпби жобасын зиялы қауыммен талқылау, қоғамдық пікірді ескеру, сондай-ақ құрамында С, W, X таңбаларын енгізу немесе енгізбеу, жаңағы айтып өткен дыбыстарға таңба арнау деген сияқты мәселелер бойынша жазушылар қауымының пікірін алу және ескеру болды.

Нәтижесі: жазушылар жалпы жетілдірілген әліпбиді қолдады және ғалымдардың ұсыныстарын талқылап, Ц, Ч, дыбыстарының және С, W, X таңбаларының әліпбиге енуіне мүлде қарсы болды. Ұсыныс Орфографиялық жұмыс тобының назарына алынды.

2020 жылғы 11-12 наурыз

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Еуразия гуманитарлық институтында және Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде сауалнама ұйымдастырылып, оған 550 респондент қатысты.

Мақсаты: еліміздегі жетекші оқу орындары ғалымдарының әліпбиді жетілдірудегі пікір ұсыныстарын алу, ескеру, сондай-ақ респонденттерге Орфографиялық жұмыс тобы дайындаған жетілдірілген әліпби жобасына С, W, X таңбаларын енгізуге байланысты, сондай-ақ жаңа айтып өткен басқа да өзге дыбыстарды таңбаларға өзгерістер енгізуге байланысты сауалдар берілді.

Нәтижесі: Әліпби жобасына аталған таңбаларын енгізуді де және ұсынылған өзге таңбаларды да сауалнамаға қатысқан ғалымдар, оқытушылар мен студенттер қолдамады. Бұл жетілдірілген әліпби де назарға алынды. Яғни, студенттер мен оқытушылар жаңағы С, W, X таңбаларын енгізуді олар да қолдамады.

2020 жылғы 13 наурыз

Орфографиялық жұмыс тобының «Жұмыс топтарында мақұлданған әліпби жобасын жетілдіру» атты кеңейтілген жұмыс өткізілді. Бұған өздеріңіз барлықтарыңыз қатыстыңыздар.

Нұр-Сұлтан қаласында өткізілген кенеске Әдістемелік, Ақпараттық және техникалық сүйемелдеу жұмыс топтарынан мамандар шақырылды.





Мақсаты: Жетілдірілген әліпби құрамына С, W, X таңбаларын енгізу, Ц, Ч дыбыстарына таңба арнау, И, І және Ң дыбысының таңбаларын қайта қарастыру мәселелері бойынша ғылыми тұрғыдан талқылау өткізу.

Жекелеген таңбаларға байланысты ғылыми баяндамалар жасалды. Талқылау мынадай талаптар негізінде жүзеге асырылды: әріптердің фонетикалық, графикалық негіздемелерін көрсету; таңбалардың дыбыстық мәнді дұрыс беру функциясын анықтау; төл сөз бен кірме сөздерді таңбалаудағы үйлесімділікті анықтау.

Нәтижесі: Кеңеске қатысушылар талқылау барысында жекелеген таңбаларға дауыс беріп, С, W, X таңбаларын әліпбиге енгізуді қолдамады. Бірақ бұл таңбаларды цитаталық принциппен жазылатын шеттілдік сөздерде қолдану қажет деп шешті. Олар пернетақтада тұратындықтан, ондай сөздерді жазуда мәселе туындамайтындығы айтылды. Жұмыс тобының тең жартысы Ң дыбысын піл тұмсықты «N» таңбасымен беруді, екінші жартысы Ы таңбасымен беруді қолдады. Яғни ғалымдардың пікірі екіге бөлінді.

Ақпараттық және техникалық сүйемелдеу жұмыс тобындағы IT мамандары N» - ң қолдану кезінде техникалық қиындықтар туындайтынын негіздеді. Ол туралы пікірлерді тағы да негіздейміз, талқылаймыз.

2020 жылғы 15 сәуір

Орфографиялық жұмыс тобы мүшелерінің және А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының қатысуымен онлайн отырыс ұйымдастырылды.

Мақсаты: Отырыстың күн тәртібінде /y / i / i / таңбаларының дыбыстық мәні қарастырылды. Аталған дыбыстардың таңбалануы бойынша арнайы баяндама жасалып, жан-жақты ғылыми талқылау жүргізілді.

Нәтижесі: Дыбыстарды таңбалауда ғалымдар ортақ бір шешімге келмеді. Сондықтан бұл мәселе алдағы уақытта тағы да пысықталатын болып келісілді.

2020 жылғы 20 сәуір - 6 мамыр

Жалпы әліпби түзу практикасы мен теориясына байланысты фонетика, орфография және түркі халықтарындағы әліпби жасау тәжірибелері бойынша Орфографиялық жұмыс тобының ғалымдары 18 онлайн дәріс жүргізді. Бұл әлеуметтік желілерде көрсетілді.

Мақсаты: Еліміздегі тіл мамандарына әліпби түзудің ғылыми қағидастарын түсіндіру.

Нәтижесі: Онлайн дәріс жоғары ғылыми деңгейде өткізіліп, тыңдаушыларға теориялық және әдістемелік ақпарат берілді.

2020 жылғы 18 мамыр

Өздеріңізге белгілі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы бірінші орынбасары қызметіне Абаев Дәурен Әскербекұлы тағайындалды. Осыған орай, Президенттің әліпбиді жетілдіру туралы тапсырмасын пысықтау мақсатында ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованы қабылдады. Кездесуде жетілдірілген әліпби жобасы мен ғалымдардың ұсыныстары сұратылғандықтан, ұсыныстар мен оның шешу жолдары ұсынылды. Мынау астында тұрған ұсыныстар мен шешу жолдары деген – осы, кейінгі мына жетілдірілген әліпбиден бөлек кішкене пікірлеріміз сәйкес келмейтін, бірақ ғалымдарымыздың ұсынып жүрген пікірлерін осы жолы ғалымдар қарауына ұсындық, яғни ешкім бұл жерде жасырып қалған жоқ, бізде, мінекей, осындай ұсыныстар бар деп, ғалымдардың ұсыныстарын Президентке бердік.

Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары өз кезегінде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевқа жалпы әліпбиді жетілдіру жұмысының аяқталып, қорытындылау кезеңінде тұрғанын баяндады.

Осы арада Ұлттық Кеңес отырысында Тіл комитетін күшейту мақсатында Президентке немесе Үкіметке тікелей бағынатын құрылым ретінде қайта құру немесе ҚР Білім ғылым





министрлігіне беру туралы мәселе көтеріліп, Мемлекет басшысы 2021 жылдан бастап Комитетті БҒМ-ға беру туралы тапсырма берді.

Осыған орай, 2020 жылғы 28 мамырында Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаев әліпби нұсқасына байланысты Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетовке және Мәдениет спорт министрі А. Райымқұловаға «Бұл мәселені тиісті мамандармен егжей-тегжейлі талқылау керек» деген тапсырма берді. Осы тапсырманы алған бойда, яғни 2020 жылғы 30-31 мамырда жалпы Орфографиялық жұмыс тобы басым дауыспен мақұлдаған жетілдірілген әліпби жобасы ақпан айында дайын болғанымен, ғалымдар арасында пікір қайшылығын, ғылыми ұстанымдарын ескеру, ортақ шешімге келу мақсатында соңғы бірнеше жиындарда әртүрлі шешімдер ұсынылды. Соңғы отырыс – осының дәлелі. Соңғы отырыстың қандай үлкен тартыспен өткендігін өздеріңіз білесіздер.

Президент тапсырмасын орындау мақсатында әуелі Алматыда ғалымдармен кітап палатасында бірнеше талқылаулар өткіздік өздеріңізбенен. Сөйтіп 30-31 мамырда Нұр-Сұлтан қаласында пікірлері үйлесе бермейтін, өзіндік көзқарасы, ұстанымы бар ғалымдардың басын қосып, сараптамалық кеңес құрылды.

Мақсаты: Әліпбиді жетілдіруде ғалымдардың өзара талқылай отырып, ортақ тоқтамға келуіне қол жеткізу болатын.

Нәтижесі: Әліпби құрамына қазақ тілінің төл дыбыстарын енгізу мәселесі әңгіме болды;

Жаңағы С, F, V, X таңбалары кірме сөздерді таңбалау үшін әліпби соңына қарай түсіру мәселесі сөз болды; Й мен У таңбасын беру туралы сөз болды; Ы таңбасы І таңбасына қатысты, жаңағы У таңбасын W-мен беруге байланысты ғалымдар осы жерде пікірлерін айтты, ұсыныстарын жасады. Сөйтіп бұл жерде былайша айтқан кезде егер бұның алдында бізде жетілдірілген І әліпби ғана мақұлданған болса, енді осы жерде екінші баламалы тағы бір жоба пайда болды. Сөйтіп біз ең соңғы отырысымызда өткен 2020 жылғы 2 маусымда ғалымдар ұсынған осы жобаларды Орфографиялық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында қарадық.

Мақсаты: Ғалымдар ұсынып отырған жобалардың артықшылықтарын ала отырып, ортақ мәмілеге келу, жетілдірілген әліпбиді қалыптастыру. Өйткені біз осылай таласып-тармасып жүре беретін болсақ, өмір бойы жүруіміз мүмкін. Ал халық мұны күтіп отыр, ертеңгі күні бұл халықтың ашуын келтіруі мүмкін.

Нәтижесі: Орфографиялық жұмыс тобы отырысында ғалымдар екі жобаны да БҒМ-ға ұсынып, оқытушылар, студенттер, мектеп оқушылары арасында апробация өткізіп, қай нұсқаның тиімді екенін анықтау, соны негізге алу туралы шешім қабылдау туралы ұсыныс болды. Осы ұсыныспен арнайы хат дайындалып Білім және ғылым министрлігіне бірлесіп апробация өткізу жөнінде хат жолданды. Бірақ БҒМ қазіргі уақытта оқушылар мен студенттер жазғы демалыста болғандықтан апробация жұмысын жасау мүмкін еместігін жеткізді.

Бұл – түсінікті нәрсе. Сондықтан ғалымдар енді А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында өзінің ғылыми кеңесінде, Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы өзінің ғылыми кеңесінде қарап, ғалымдардың басым дауысымен қолдаған жобаны бүгінгі орфографиялық жұмыс тобының қорытынды отырысына ұсыну туралы шешім қабылдады.

Сөйтіп, 2020 жылы 13 шілдеде және 17 шілдеде Орфографиялық жұмыс тобы тарапынан қаралып жетілдірілген әліпби Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ғылыми кеңесінде қаралып, кеңеске қатысқан 24 ғалымның 20-сы қолдағаны туралы қорытынды берді. Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық





ғылыми-практикалық орталықты 17-сі өткен ғылыми кеңесте қаралып, кеңеске мүше 15 ғалымның 13-і жетілдірілген әліпбиді қолдағаны туралы қорытынды берді.

Сөйтіп, сіздер мен біздердің алдымызда 2 ғылыми кеңесте әбден талқыланған жоба ұсынылып отыр. Бұл жерде тек 1 дыбысқа ғана қатысты айырмашылық бар, жалпы ғалымдар бір тоқтамға, бір мәмілеге келген сияқты бүгін. Ал енді осы жерден талқылауды бастаймыз. Енді бір сөзбен айтқанда бүгінгі осы Президент тапсырмасын орындауға орай әліпбиді жетілдіру жұмысының 99,9 пайызы жасалды деуге мүмкіндік бар. Бүгін біз осы уақытқа дейін өздеріңіз жан-жақты талқылап ғылыми дәйектеген ғылыми жобаны қорытындылап, Үкімет жанындағы Ұлттық Комиссияға ұсынсақ деген мақсатпен жиналып отырмыз. Бүгінгі сіздерге осы уақыт ішіндегі жасалған жұмысты жеткізу мақсатында айтып отырмыз.

Енді мына баяндама ұзақ болды деп ренжімеңіздер, өйткені бұл жасалған дүниенің барлығы менің оқып бергенім болмаса, бұның барлығын жасаған – сіздерсіздер. Сіздердің жасаған жұмыстарыңыз, осы нәтижеге жету үшін қаншама жұмыс жасалғандығын атап өту парыз деп ойлаймын және бұл жерде тағы да атап өтуіміз керек, айтпай қоюға болмайды, жекелеген ғалымдарымыз өз пікірлерінде қалды. Өздеріңіздің пікірлеріңіз бар, оны тағы айта жататын шығарсыз, ал енді біз онда жұмысымызды әрі қарай жалғастырамыз. Ендігі мәселе әліпбиге қатысы, мына қабылдауға байланысты, қандай пікірлеріңіз бар? Егер пікір болмаса, онда былай істейік, қазір енді белгілі болып тұр ғой жалпы егер қарсы пікір, келіспеушілік басқа жоқ болатын болса. Ал сұрақтарыңыз болса қойыңыздар, сұрақ болса, беретін түсініктемелеріңіз болса айтыңыздар. Әлеке, сөз сізде.

Ә.Жүнісбек: Жақсы, қайырлы күн ағайын, қадірлі әріптестер, аманшылық болсын. Мына індет деген бәледен құтыла алмай отырмыз ғой енді. Бәріне аманшылық тілеймін, отбасыларыңыз аман болсын, дендеріңіз сау болсын!

Мына мен неден бастап неден аяқтарымды білмей отырмын. Мына Әділбек мырза *ТБИ-дің кейбір ғалымдары* деген термин тауыпты, мен сол «кейбір ғалымдардың» тобына жататын адаммын және сол «кейбір ғалымдардың» атынан сөйлеймін. Ұзақ сөйлемеймін, тек 3-4 мәселеге тоқталамын да, сонымен аяқтаймын. Енді қадірменді ағайын, мына ТБИ-да осыны талқылағанбыз, бұл соңғы талқылау, сол кезде адамдармен ақылдасып, мына кейбір компоненттердің академиялық анықтамасына, осыған байланысты ортақ бәтуәге келген сияқты едік. Ал енді мен кеше ашып қарасам, «кейбір ғалымдардың» айтып жүрген (ана терминді қайтадан айтып жатырмын) ешқандай ескертпелік пікірі ескерілмеген. Содан соң, Әділжан айналайын, сен мынау бұрқыраған Афганистанның астында қалдырдың ғой бізді, соған қарағанда, енді берген сауалнамаларыңа қарағанда, мына әліпби дұрыс әліпби сықылды. Жақсы, қарсы емеспіз, мына әліпбиді кімге ұсынасыздар, президентке жібересіздер ме? Жіберіңіздер. Бұған біздің қарсыласуға да шамамыз жоқ, қарсыласқысы келетін де ешкім жоқ. Сондықтан менің айтайын дегенім, енді әліпбиге тоқталайық. Екі-үшеуіне ғана. Оған жаппай тоқталуға уақыт жоқ. Мына қазақтың дауыссыз *Й* дыбысы деген бар, оны апарып орыстың дауысты *И*-імен қосақтап қойыпсыздар. Енді мына емлеміздегі *И* бірде дауысты болады, бірде дауыссыз болады дегеннен құтыла алмай жүрсек, мына жерде соны қайталап қойыпсыздар. Сондықтан біз мына тоғызыншы бапқа, мына 9-шы нөмірге түгелдей қарсымыз. Тілдің әліпбиінде мұндай мәселе болмауы керек. Дауыссыз – ол бар уақытта дауыссыз, дауысты – ол бар уақытта дауысты. Енді мен өздеріңіздің сөздеріңізге жүгінейін, мінекей, қараңыздар мына жерде жазыпсыздар: Умлаут деген – жіңішке әуезді таңбалайтын белгі. Өте жақсы. Ал енді қазақтың *І* дауысты дыбысы жуан әуезді дыбыс па, не жіңішке әуезді дыбыс па? Жіңішке





әуезді дыбыс қой, ендеше мына әріптің үстінде ешқандай умлаут таңба жоқ. Ендеше бұл жіңішке дауысты дыбыс емес ол – жуан әуезді дыбыс. Мінекей, өздеріңізбен өздеріңіз қайшылыққа келіп умлауттың ұстанымын бұзып отырсыздар. Бұл бір мәселе жарайды, енді мына орыстың И, мен У-ынан айырылмаймыз деп мына жерде айтып отырсыздар, У дауысты дыбысы Ұ дауысты дыбысынан қарағанда жиі қолданылады, сондықтан, біз оған мынадай таңба бердік депсіздер. Ағайындар-ау, енді қазақ фонетикасын білмейсіздер ме? Сол әрбір У-дың құрамында Ұ тұрған жоқ па? Неше У кездесе, сол жерде сонша Ұ тұр, ендеше егер оны Ұ-ны өзінің орнына қойып жазатын болсақ оның жиілігі ана сіздердің У-ыңыздан 10 есе ұрып алып кетеді. Сондықтан бұл ұстанымдарыңызға да біз келісе алмаймыз. Ұ-ға байланысты жарайды енді. Ана сызықшаны төбесіне шығарып отыр екенсіздер, оған біздер араласпай-ақ қояйық. Содан кейін енді мына қараңыздар, Ы-ға байланысты. Ағылшын тілінде, ағылшын орфографиясында осыны мына Ү-мен белгілеген, соны ала салдық. Осы тілтанымдық теориялық ұстаным ба – осы? Ертең қытай былай белгілеген екен деп соны ала салдық деп тағы отырамыз ба? Сондықтан мынау оның үстіне дыбыстарымыздың үндесі быт-шыт болған. І қайда жүр нүктесіз әліпбименен, Ы қайда жүр әліпбидің соңына түсіп. Енді мына жақта тәртіп жүйе деген бар ғой енді. О Ө дұрыс, А Ә дұрыс бар екен, Ұ Ү келе жатыр өте жақсы, енді, Ы келгенде неге біз бәрін бүлдіреміз енді? Жарайды, оны енді қабылдамапсыздар, оған енді қабылдамадыңыздар деп өкпелемейміз.

Айтайын дегенім, әліпбиді асарға салып, қол жинап, дауысқа салып шешуге болмайды. Әліпбиді ғұлама ғалымдар бар, солар жасайды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың ұлттық әліпбиін жасап берді, академик Әбдуали Қайдаров қазақ тілінен латын әліпбиінің нұсқасын жасап берді. Мынау ұсынып отырған әліпбилеріңіздің 99 пайызы – сол Әбдуали жасаған әліпби. Тек мына кей мәселеде кейде кірме таңбада сіздер араластырып жіберіп, кішкене шатастырып отырсыздар. Сондықтан біз 30 рет айттық, 40 рет жаздық. Біреуі қабылданған жоқ. Енді ар жағында Тіл комитетіне деп арқа сүйеп едік, Әдекеңнің айтып отырған сөзі анау. Тіл институтының кейбір ғалымдары Нұрғиса келеді дегенге қуанып едік. Мүмкін біздің сөзімізді енді министрлік естіп қалар деп. Сөйтсек, жауап енді мәдениет министріңде үміт жоқ. Енді не істейміз? Қадірлі ағайын, басымыз кетсе де енді, әлгімен тоқ етер – мынау: Жақсы. Мынау әліпбиге біз дауыс бермейміз. Мейлі, қабылдансын, біз бәрібір оның академиялық кемшіліктерін көрсетерміз. Ертең оқулық жазғанда, оқу әдістемелігін жасағанда, сауат ашуға берген уақытта осының бәрі шығады алдынан. Мақсатымыз – біз бір дәреже қуып отырған жоқпыз, болашақ ұрпақ «жый» дегеннің орнына «джи» демесінші, «мый» дегеннің орнына «ми» сөйлемесінші, «су» дегендегі «у» дауысты дыбыс деп шатаспасыншы деген мақсат біздікі. Жақсы, енді не істейміз? Мен қазір мынадай ойға келіп отыр едім. Жақсы. Біз енді «кейбір ғалымдар» – Президентке шығу амалдарын қарастырамыз. Президентке біз арызданып бармаймыз, арыз айтпаймыз, тек бір нәрсені айтамыз, ол – кезінде академик Ә.Қайдаров ұсынған ұлттық әліпби, Тіл білімі институтында талай талқылауынан өткен деп әлібидің нұсқасыменен, оның өрнегі ретінде мәтінін қасына қойып. Өзіміз, әрине, алдына жете алмаймыз, бірақ қағазымыздың жеткенін қалаймыз. Көрсін, қарасын, қандай шешім қабылдайды, ол – өз алдындағы әңгіме. Бірақ біздің мақсатымыз – енді, қазір қарап қалмау, мынадай әліпбиді біз қолдай да алмаймыз, қоштай да алмаймыз. Сондықтан айтайын дегенім, содан басқа бізде жол қалмай отыр. «Тіл-Қазынадан» үміт жоқ, Тіл комитетінен үміт жоқ, Мәдениет министрінен тағы да үміт жоқ, енді содан басқа үміт жоқ. Енді осыменен менің сөзім бітті.





Ә.Қаба: Жақсы, пікіріңізге рахмет. Әлекеңнің пікіріне байланысты түсіндіріп айтатын кім бар? Анар ханым, Тіл білімі институтынан, сіздер осы мәселені талқыладыңыздар, шешім қабылдадыңыздар.

Н.Уәли: Мынау жетілдірілген әліпби жобасын мен қолдаймын. Оның себебі, ол бірнеше уақыттан бері мына тарихи тәжірибе тұрғысына да тексерілді. Біз қарап отырғанымыз жоқ. Ана әліпбиді бекер әкеліп кіргізіп отырғанымыз жоқ. Алдымен тарихи тәжірибе дегенді кім зерттеді? Міне, осыны ұсынып отырғандар зерттеді. Тарихи тәжірибеге барған жоқ. Алдымен, ана «и»-ды, «w»-ды айтып отыр ғой, ол үлкен дау болған кезінде, сол дау болған «у» менен «и»-ді екі таңбаменен, қосарменен бергенде сол тәжірибеден көрейік, өтсін деп осылай бекітілген болатын. Бірақ тәжірибеде ол ешқандай ақталған жоқ. Кешегі күндері мен периодиканы, облыстық газет, аудандық газет, Социалистік Қазақстан, Лениншіл жастарын қарап шықтым: «у» мен «и»-ді қарасаңыздар, мінеки, бір ізге түспеген жазу өте қиын болған. Содан кейін барып 57-ші жылы ол жөнделді. Міне, Әлекеңнің, үлкен ғалымымыздың жаңағы айтып отырғаны, ол кісі – фонетика жағының маманы. Ал фонетика жазуды толығымен қамтымайды, оның негізі фонетика болғанымен, жазудың өз тәжірибесі бар. Сондықтан мына дара таңбаға көшу, мінеки, Әлекеңнің айтып отырғаны – әуелден сол. Соған байланысты Әлекеңнің пікірі осы шешілмей келе жатқан, айта беретіні – осы. Бірақ бұл тәжірибеде әбден тексерілді. Содан 57- жылдан бері бұл бір ізге түсті. Қазір енді, Әдеке өзіңіз де, мынау газет-журнал, мінеки, біздің депутатымыз отыр, барлық қағаздарды қарайсындар, осы «у» мен «и»-ді таңбалауда қате бар ма? Қандай да қиыншылық бар ма? Жоқ. Ол тәжірибеден өткен. Сондықтан біз дара таңбамен беруіміз керек. «Су»-ды 3 таңбаменен жазып, «w»-мен жазып, біз қайтадан анау бұрынғы өткен қиындаққа қайтадан түсе алмаймыз. Жалғыз ол «у»-мен «Су» ма екен? Бір ғана «су», «бу» деген екі сөзді айтады, бәрі дұрыс сияқты көрінеді. Ал енді «буыну», «суыну», «жуыну» дегендерді қараңыздар, «туу туралы куәлік» дегенді жазып қаранындар, егер жанағы «w»-мен жазатын болсақ, қанша таңба болады? Жұртты қалай шатастырамыз? Мінеки, осыған байланысты келіспеушілігіміз бар, қиыншылығымыз бар, бәрінің пікірін де сыйлаймыз. Мен өз басым Әлекеңнің айтып жүргендерін, кешіріңіздер, мен тереңірек барып қарадым. Әлекең айтып отырғаны, ол – басқа жүйе. Ал енді жазудың өз жүйесі бар. Жазуда бүлініп кеткен жоқ, жақсы болды, бір ізге түсті. Сондықтан тәжірибені ескеруіміз керек. Мен тарихи тағылым өтті деген нәрсені айтқым келеді.

Содан кейін, фонетикалық тұрғыдан қарастырылды – бір. Фонетикалық тұрғыдан осцилограммасы да жасалды. Бұл кірігіп кетеді «й» менен «у». Өйткені себептерін көрсетіп тұрып жаздық. Оның Анар Фазылжанова да осцилограммасын көрсетті, осы семинарлық жұмыстарда. Одан кейін, мынау графикалық, орфографиялық тұрғыдан тағы қарап тексеріп, оның әлі психологиялық жағы бар, жазуға жеңілдеу жағы бар, қолға оңтайлы жағы бар, көзге қабылдауға оңтайлы жағы бар. Осының бәрі, мінеки, біздің осы жаңа жобаны, анау жетілдірілген жобаны ұсынушылар осы жағын да қарастырды. Енді графикалық, орфографиялық жағы. Енді лингводидактикалық жағы да тексерілді.

Жаңа, Әдеке, баяндамаңыз өте жақсы болды, бәрін рет-ретіменен түсіндіріп айтып бердіңіз. Қалай болғанын, мәселесі жақсы, мен өзім риза болып қалдым, өте жақсы баяндама болды. Бәрі көрсетіп, талданған, көп сөз жоқ, көп сөйлеген жоқсыз, тура факт, міне, осылай. Сондықтан бұл жағы да, лингводидактикалық жағы да тексерілді. Енді, оның әлгі шеттілдік сөздерді жазу жағы да жақсы тексерілді.

Біздің осы жерде отырған маманымыз – Гүлфар, анау Сейітбекова Айнұр – осылар араб, парсы сөздерінің ескі жазу тіліндегі, ескі жазба қазақ тіліндегі, солардың қазіргі





орфографиялануы мына жаңа әліпбименен қалай болады деген мәселені жақсылап тұрып пайымдады. Одан кейін, ағылшын, өзге де сөздерменен, шет тілдің сөздеріменен жазуға келгенде ол қалай болады? Ол жағын да мамандар жақсы айтып берді. Сондықтан менің айтарым: бұл тек қана «Мә, жетілдірілген жоба, міне – осы» деген нәрсенің тізбесі емес, реестр емес, бұл әрқайсысы жеке-жеке зерттеулерден өтті, жеке-жеке талдаулардан өтті. Сондықтан да, айта берсек, ренжи берсек, бұл мәселеміз шешілмейді. Бір тоқтамға келейік, өз басым жетілдірілген жобаны, осыны қолдайтындымызды айтқым келеді. Рақмет.

Ә.Жүнісбек: Мен қолдамайтындымызды айттым, Нұреке!

Ә.Қаба: Әлеке, сіз өз пікіріңізді айттыңыз, ол кісі өз пікірін айтып жатыр. Сіз енді «А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кейбір ғалымдары» деп айтты де-меңіз, сіздің сол жерде жұмыс жасайтыныңыз анық қой енді. Сондықтан сізді жекелеп, бөліп айтып жатқанымыз жоқ. Пікіріңізді айттыңыз. Енді осы мәселе бойынша кім пікір жалғастырады?

З.Базарбаева: Құрметті, әріптестер! Бүгін өте жақсы баяндаманы тындадық. Әлеке, Сізге рақымет! Қыруар жұмыс атқарылыпты. Баяндамадан көріп отырмыз және фактілік материал бәрі беріліпті. Тіл білімі институты осы мәселемен – қазақ тілінің латын графикасына көшіру мәселесімен 30 жыл бойы шұғылданып жүр. Шынын айту керек, бірінші жобаны ұсынған Әбдуали Қайдаров болатын. Біз Францияға барып, оны таныстырған болатынбыз. Содан бері неше жыл өтті, содан бері әліпбимен шұғылданып жатырмыз. Ал осы әліпбиді практикаға енгізгенде, жазу басталғанда, диктант жазылғанда, оның кемшіліктері табылды. Мысалы, бұл әліпбиде бір таңба екі дыбысты көрсетеді. Сонда жұрт шатасты. Содан көп жұмыс атқарылды. Методистер қосылды, диктант жазылды. Оқытушылар, студенттер, мектептің оқушылары, бәрі диктант жазғанда, осындай қателер табылды. Сондықтан, осы жетілдірілген әліпби – өте жақсы әліпби, тексерілген әліпби, оңтайлы, жазуға оңай, оқуға оңай. Бұл әліпби – ХХІ ғасырдың әліпбиі. Сондықтан мен осы әліпбиді қолдаймын.

Қ.Қалыбаева: Сәлеметсіздер ме, көпшілік. Бәріңізбен бір амандасып алайын. Енді айтайын дегенім – мына мәселе: мына әліпбиді қолдаймын, қолдаймаймын деген нәрсені айтқым келіп тұрған жоқ. Неге десеңіз, осы әліпбиге көшуді ұсынғаннан бастап, бұл жерде екі принципті мәселе алдыңғы қатарға шықты. Осы мәселелерді Нұргелді ағайдың өзі де бірнеше рет айтты. Ең алғашқы қойылған мәселе, ол әліпби – қазақтың жазуын реформалау. Бұл талай айтылып жүрді. Реформалау – қазақтың жазуын қазақыландыру. Міне, дәл осы жерге келген кезде осы әліпбиіміз қазақыланды ма? Егер де ондай қазақыландыру, жазуға реформа жасау деген мәселе басынан қойылған болса, енді неге одан келіп бас тартамыз? Тарихи тағылым деген, әрине, жақсы нәрсе, себебі қандай жазуды біз бекітсек те, сол жазумен жазамыз және соған қалыптанамыз. Сол болды біздің басымызда. Біз 70 жыл бойы осы жазуға қалыптандық, үйрендік. Ешқандай кедергі жоқ. Тіпті біздің мына кирилл әліпбиімен келген орыстың әріптерін жазуда ешқандай қателік жібермейміз. Күні бүгінде тура осы жазумен әп-әдемі ары қарай да жазып кете беруімізге болатын еді. Тек қана біз осы жазуға көшкен уақытта осы мәселені Нұргелді ағайдың өзі бастап осыны жазып айтып еді. Ол тек қана әліпбиді ауыстыру емес, қазақ жазуын қазақыландыру және реформа жасау. Ал енді біз бірнеше рет айтып жүрміз, реформа жасауға келгенде қоғам дайын емес. Мәселені біз қоғамның алдына шығарып, қоғамдық талқылаулар арқылы іске асыруымыз қаншалықты дұрыс? Әрине, қоғам дайын емес кезеңде осы көрсетілген нәрсені қолдайсың ба, қолдамайсың ба дегенде көпшілік шошып, бас тартып, біз осы жазуға дайын емеспіз деген мәселені біз осы талқылаудың нәтижесі етіп көрсетіп келе





жатырмыз. Осылай осы мәселені жазуды реформалауға қатысты айтылған екі-үш ғалымның пікірі о бастан назарға алынбады, алынбай келді және алынбай кетіп бара жатыр. Дәл енді осы кезге келгенде, менің де ешқандай қауһарым жоқ, не айтарымды білмеймін. Ондай болатын болса, жазуды реформалау деген мәселені алып тастайық та, тек жазуды техникалық құрал ретінде қалдырамыз десеңіздер, бәріміз де амал жоқ, солай қалдырамыз ендеше. Мәселе осылай, менің айтайын дегенім – осы.

Ә.Қаба: Әңгімені жалғастыртын кім бар? Енді бұл мәселе өткенде талқыланды ғой. Жалпы айналып келген кезде, ашып жазу немесе қысқартып жазу деген – екі үлкен мәселе. Негізгі мәселе осыған келіп тіреліп тұр ғой. Ал енді жаңағыдай айтатын болсақ, рухани жаңғыруға келтіреміз, бұрынғыда қалай сөйлесек, солай жазамыз дегенді, әрине, көрдіңіздер өткен жолғы талқылауда, оны мен де қолдадым. Өйткені ол шын мәнінде, қайтып бұрынғыға оралу жағына келген кезде, жүрегінде патриоттық сезімі бар адам шынымен-ақ қолдайтын еді. Иә, оны мен де қолдадым. Бірақ, қазір қарайтын болсаңыз, ақырын-ақырын мына заманның дамып келе жатқан кезеңі. Ондай болатын болса, біз кешегі Күлтегін жазуына, Шумер жазуына баруымыз қажет. Сол кезде қайтіп сөйлеген болса, соған қайтып баруымыз керек. Иә, сондықтан бұлай болмас үшін қазіргі уақытта қазіргі техникалық мүмкіндіктерді пайдалану керек. Айтыңызшы, ертеңгі күні біз қабылдайтын болсақ, біздің алдымыздағы әліпбиді неге қоғам қабылдамады? Өйткені онда дұрыс болған жоқ. Осы сияқты, біз егер, мысалы, ертеңгі күні мына ұзартып жазу мәселесін берсек, қоғамда ертең тағы да түсініспеушілік туындауы мүмкін. Осы – менің пікірім емес, сіздердің өздеріңіз айтқан пікірлеріңіз. Осының төңірегінде кім нақтылап айтып береді?

А.Фазылжанова: Құрметті әріптестер! Бүгін бәріміздің басымыз осы үлкен игі істің басында қосылып отырғанына қуаныштымын. Бәріміздің сау-саламатты отырғанымызға қуаныштымын. Мынау елімізде індет жайлаған қиын кезеңде өте маңызды, руханиятымыз үшін, жалпы біздің болашағымыз үшін өте маңызды мәселені шешпекшіміз. Осы жерде Жанна Дулатқызының манағы айтқаны шынымен де көңілге қонымды. Өйткені бұндай кезде, керісінше, елге үміт сыйлайтын, рухын көтеретін, еңсесін көтеретін жұмыстарды жасауымыз керек біздер – зиялы қауым өкілдері. Осындайда менің пікірім мынандай еді, кешірсіздер енді, мен осыны алам да Президентке жазам деп айтуды, айып етпеңіз, Әлімхан ағай, ғалымдықтың белгісі деп танымаймын. Президентке жазу бәрінің қолынан келеді, сіздің келіспей отырғаныңыз дұрыс, бұл сіздің жеке көзқарасыңыз, бірақ біз қазір әрқайсысымыздың жеке көзқарасымыз бар адамдар екенімізді ұмытпайық. Әрқайсысымыздың бұл әліпбиге келгенде жеке өзіміздің көзқарасымыз тұрғысынан дұрыс емес-ау, жөндеу керек-ау деген мәселелер бәрімізде де болды. Міне, осы жерде мен өтірік айтсам қазір, өтірік айтып отырсыз деп айтыңыз, мен себебі осы әліпби мәселесі көтерілген анау 2006 жылы Қазақстан Халық Ассамблеясының 16-шы съезінде айтқан сөзінен бастап, Тіл білімі институтына берілген бүкіл тапсырмаларды қарапайым орындаушы ретінде жобаға қатысып келе жатырмын. Ал анау 90-шы жылдан бері, латын әліпбиі көтерілген кезеңнен бері сол мәселені ғылыми деңгейде зерттеген ғалымдарымыз осы жерде отыр. Олардың беделі де, олардың зерттеу дәрежесі де өзіңізден ағай енді кем шығар, бірақ сізбен бірдей десем де болады. Ол 90-шы жылдардағы Әбдуали ағай алғаш жобаны ұсынған кезеңде, Зейнеп апай жаңа айтып отыр ғой, «Францияға барып, соны алғаш рет жариялағанбыз» деп. Содан кейін мына халықаралық зерттеулер қоғамында, сонда Нұргелді ағай мен Көбей ағай бастап, осы латын әліпбиінің ғылыми негіздерін жазудан жоба ұтып алған. Сол кезде сіз сол жобада өзіңіз де орындаушы болғансыз. Енді бұл жерде сонда менің пікірім дұрыс, ал басқа





ғалымдардың пікірі тап-таза қате деп айту, меніңше, дұрыс емес. Бұл жерде 24 ғылыми кеңестің мүшелері қатысты жиынға. Бір өкініштісі, өздеріңізге айттық сол ғылыми кеңесте әліпби мәселесі талқыланады деп. Ерген ағайымыз ауырып қалды, қатыса алмады. Бірақ өзіңіз қатыспаймын деген екенсіз. Енді сол 24 ғылыми кеңестің мүшелерінің барлығының, енді қалай айтуға болады олардың пікірін ескермейтіндей, олардың пікірі түкке тұрғысыз деп қалай айтуға болады? Оның осы жерде отырған Нұргелді ағай да бар, Зейнеп апай да бар, осы жерде отырған Айман апай да бар. Қанша жылдан бері Айман апай мен Нұргелді ағай Рабиға апайдың мектебін жалғастырып қазақ жазуының ортологиялық негіздерін, кодификация негіздерін жазып отыр.

Құрметті әріптестер, мен бұл жердегі аразымызға қосылып отырған Ғылым комитетінің төрағасы Жанна Дулатқызының назарына, құрметті сенаторымыз Мұрат Бахтиярұлының назарына мына мәселені айтқым келеді. Біріншіден, Орфографиялық жұмыс тобының құрамындағы ғалымдардың дені – осы жазу мәселесімен айналысқан, соған өмірін арнаған, соған ғылыми еңбектер жариялаған ғалымдар. Мысалы, Нұргелді ағайдың кандидаттық диссертациясы сонау 90-шы жылдары қорғалды, ол қазақ жазуының кодификациялануының ғылыми негіздері бойынша жазылған алғашқы тұңғыш ғылыми жұмыс болды. Осы жерде отырған профессор Құралай Күдеринованың докторлық диссертациясы – Қазақстанда тұңғыш рет жазу теориясы бойынша әзірленген арнайы ғылыми диссертация. Осы жерде отырған Айман апайдың қаншама ғылыми еңбектері бар. Бағдан апайдың да осы мәселенің төңірегінде қалам тартқан зерттеген мәселелері бар. Сондықтан менің айтайын дегенім, 24 адам қатысқан, Тіл білімі институтының Ғалымдар кеңесінің 20-сы мақұлдап жіберіп отырған жобаны біз қалайша жарамайды, жарамсыз деп айтамыз? Екіншіден, бұл жобаның осы күнге дейінгі келу тарихын Әділбек мырза жаңа бір сағат бойы сол жобаны тексеру, сараптау, сауалнамадан өткізу, барлық шараларын көрсетіп отыр. Бұның барлығы, (осы шаралардың басы-қасында жүруді нәсіп етті маған, екі жылдай «Тіл-Қазынада» жұмыс атқардым), бұның барлығы ғалымдар айтты-бітті деп шешілген мәселе емес. Біздің мына жазу теориясының корифейлері Рабиға апайдан бастап, осы жерде отырған Нұргелді ағай былай айтады: “Жазу – ол таза лингвистиканың зерттеу объектісі болғанымен, ол бүкіл халық, әлеумет қолданатын дүние. Сондықтан да оны тек қана ғылыми көзқарасқа сүйеніп шеше салу қиын. Ғылыми теориялар көп. Бір ғана ғылыми теорияға сүйеніп жазуды жасасақ, ол халыққа қаншалықты оңтайлы болатынын анықтамай істесек, ол күмәнді. Сондықтан бұл жерде жазармандардың, яғни қазақ қоғамының, қазіргі қазақ қоғамының санасындағы құбылыстарды ескермей, біз жазуды жасай алмаймыз” деген ілімі біздің жетекші принципімізге айналды, жасыратынымыз жоқ. Орфографиялық жұмыс тобының құрамындағы белді ғалымдарымыз жоғары оқу орындарында жазу теориясынан сабақ беріп жүрген Жантас ағамыз бар осы жерде. Мына Қарағанды университетінің ұстазы осы мәселенің төңірегінде неше жылдар бойы жұмыс істеген Мархаба апайымыз бар. Мына жақта Павлодар университетінің мұғалімі Қуаныш Ерғалиев деген осы жазу теориясынан диссертация қорғаған жас маманымыз бар. Осылардың барлығы, біздер осы принципті ұстандық орфографиялық жұмыс тобының іс-шараларында. Өздеріңіз білесіздер, оған біздің ұйымдастырушылық жағынан Тіл-саясат комитеті үлкен қолдау көрсетті. Біздер осы шараға қатыстық. Меніңше, осы әліпби жобасы әбден пісіп жетілді. Бірақ дүниеге кемел, толыққан, толымды нәрсе жоқ. Ол тек Аллаға тән қасиет. Сондықтан да, бүгінгі тоқтамымыз әлі де жетілетініне, әлі де оның өзгеріске ұшырап, сол әрбір қоғам ортақ пайдаланған сайын жақсарып отыратынына күмән жоқ. Ол – өмірдің метафизикалық заңдылығы. Сондықтан егер біз қазір бір тоқтамға келіп, көпшілік жазарман қауым, жай ғана жазарман емес, жаңа 630-дан астам





филологтың қолына берілді. Ол филолог деген – өздеріңіздің шәкірттеріңіз, өздеріңіздің әріптестеріңіз арнайы өз өмірін осы салаға арнаған мамандар. Яғни жай жазарман емес, сарапшылық жазарман топқа берілген. Соның сынамасынан өткен. Талай сауалнамадан, сараптамадан өткен, өзіңіздің осындай алаңдарда талай талқылаудан өтіп, осындай қорытындыға барлығымыз, міне, әлгі «наконец-то» демекші, бір жерден шығып отыр ғой пікіріміз. «Тіл-Қазынаның» ғылыми кеңесінде де, Тіл білім институтының ғылыми кеңесінде де көпшіліктің қолдауымен ұсынып отырған осы жобаны, меніңше, қазіргі кезде қабылдауға, мақұлдауға беру керек деп санайын. Рақмет.

Ә.Қаба: Пікіріңізге рақмет. Енді былай істейік, меніңше бұл мәселеде барлықтарыңыздың пікірлеріңіз айтылды, ендеше бір пікірді қайтадан қайталап керегі жоқ шығар деп ойлаймын. Ендеше жұмысымызды бір мәселемен негіздесек. Мәселен, енді Анар да айтып отыр, өздеріңіз де айтып отырсыздар, бұл әшейін бір аспаннан түсе қалған шешім емес қой, бүгінгі ұсынылып отырған шын мәнінде 9 ай ішінде толғатып, бүкілін талқылап ғалымдарымыздың бір ауызды пікірге әрең-әрең келгені – осы. Өткендегі «наконец-то» дегендей бір ауызды пікірге келдік. Сондықтан бұл жердегі Анардың сөзін қолдаймын. Өйткені Тіл білімі институтының 24 ғалымының 20-сы қолдаса, мына Шаяхметовтегі 15 ғалымның 13-і қолдап отырса, олардың барлығының ғылыми дәрежесіне, олардың тіл туралы білетініне біз күмән келтіргендей боламыз бір жағынан. Екінші жақтан орталық, өздеріңіз жұмыс жасап отырған орталық, өздеріңіздің әріптестеріңіз. Сондықтан да, осы мәселенің бәрін негізге ала отырып, әрине, қарсы болған адамдар өздерінің пікірлерін айтады. Оларға ешкім бізге қосылыңыз деп айта алмайды ғой. Сондықтан да қазір былай істейік. Енді осы екі әліпбиді алып отырып, олардың қандай айырмашылығы бар, осы мәселені қарап өтсек. Меніңше, бұл жерде екі әліпбидің арасында айырмашылық жоқ, екеуі бірдей. Бірінші рет 99 процент ұқсаған әліпби болып отыр. Ал енді соның ішінде, тек қана мына «ң»-ға ғана қатысты мәселе бар екен. Сондықтан қалай істегеніміз дұрыс, сол осы бір әріпті талқылап, қалғанын содан кейін жалпы дауыспен шешеміз бе, әлде әрбір әріпке тоқталып-тоқталып өтейік пе?

Жұмыс тобы мүшелері:

- Сол «ң»-ды айтайық та қояйық.

- Иә, бір әріпті айтайық.

Ә.Қаба: Иә, онда бір әріпті талқылайық та, соған тоқталайық. Бірақ та мынандай нәрсе, мынау келісу парағы деген нәрсе бар. Бұл – тарихта қалатын дүние. Мысалы, енді сіздер ренжімеңіздер, бірақ мен сияқты кішкене азаматтар бар, бүгін бір сөзінде тоқтап, ертеңгі күні ауысып кететіндей. Сондықтан, ондай пікірауысулар болмас үшін, әрбір әліпбиге тоқтап, соның қасына қол қойып, солай қабылдасақ. Сонда, мысалы, сіздердің әрқайсысыңыз осы әліпбиді қабылдағандарыңызды біз шын мәнінде негіздеп отырамыз. Ертең бұл бір тарихи документ болып қалсын бір жағынан деп ойлап отырмын. Ол өте көп уақыт алмайды, 10-11 минуттың ішінде бір рет жүріп өтеміз.

Ал енді бірінші мәселе онда мына «ң-ға» байланысты. Енді осы екеуінің біреуі «тильдамен» берілген, ал екіншісі піл тұмсық дедік пе, қалай айтамыз енді, «нг» дыбысы. Екеуінің жазылудағы ерекшелігі өткенде бір талқылаған кезде бірдей болып шықты. Сондықтан осы мәселеге тоқталайық та, содан кейін ары қарай әліпбиді қабылдайық. Енді қандай пікірлеріңіз бар «ңг-ге» қатысты?

Ж.Жақыпов: «Тильда» деген мұрынжолдыны білдіретіні мәні бар екен. Сондықтан, «тильда» дұрыс деп ойлаймын.

Н.Рсалиева: Мен айтып жіберейін. Біз өткенде талқылағанбыз және осы жерде менің ойым, осы «тильда» нұсқасы – Жантас ағай айтып отырғандай, өте дұрыс, тиімді нұсқа.





Себебі, пілдің тұмсығына ұқсайтын нұсқа («ң») біздің IT мамандарымыздың тұрғысынан оншалықты қолдау таппады, қиыншалық тудыру мүмкін деп. Сосын бізде әлі өте жиі қолданыста «ы» деген дыбысымыз, ағылшынның «уайымен». Сонымен қатар келген жағдайда, көп дыбыстардың тұрқы төменгі жолға қарай салбырап кететін қауіп бар. Сондықтан осы «тильда» және жанағы «нейзал» – ағылшынша назаль, мұрын жолды таңбаны білдіретін диакритикалық таңба. Осы өзінің орнында өте жақсы тұр деп ойлаймын. «Тильданы» қолдаймын.

Ә.Қаба: Жақсы. Тағы да пікір бар ма?

А.Фазылжанова: «Ң-ға» байланысты айтуға бола ма?

Ә.Қаба: Жақсы, айтыңыз.

А.Фазылжанова: Жантас ағай мен Нұрсәуле апайдың ескертіп отырғаны «ңг» деп алып отырмыз ғой аяғы қайырылатын «ң» («ң»), аяғы қайырылатын болғандықтан жазуда салбырап түсіп кететін болады деп қауіптеніп отыр. Жантас ағай тек тильданың мұрынжолды дегенді көрсете алатын қасиеті бар екен, сол үшін тильда дұрыс деп отыр. Ал енді осыған байланысты менде мынадай пікірлер бар еді. Бұрын да айтқам, қазір енді әріптестер тыңдаса, мен былай ойлап отырмын, бұл жерде бәрін таразыға салайық. Міне, екі нәрсені айтты ғой жаңа Нұрсәуле апай мен Жантас ағай. Енді таразының мына жақ басына мен «ңг-нің» («ң») мәселелерін айтайыншы. Мысалы, тильда ол – диакритикалық белгі. Біздің мына әліпбиде диакритикалық белгілер көп. Сонда диакритикалық белгілер, міне, умлауымыз бар, бревисміз бар, седиліміз бар, анау қоятын жалпы бұрыннан келе жатқан нокат нүкте бар, сонда бұған келіп тильда қосылады. Бұл – бір деңіз. Енді, жарайды, тильданы егер жанағы «ғ-ның» таңбасында бревис, мысалы, «ғ-да» тұр жиілігі онда жоғары емес. Сондықтан «ғ-ға» бревис қойған кезде жазуда әріпүсті қосалқы таңбалар көбейіп кетеді деген қауіп жоқ. Ал «ң-да» тильданы қойсақ, әріпүсті қосалқы таңбалар көбейеді. Қосалқы таңба деп ерекшелеп тұрғаным, ол базалық графемадан бөлек жазылады. Яғни, базалық графемадан қолды үзбей жазу оны мүмкін емес. Қосалқы таңбаны жазғанда сіз базалық графеманы жазып аласыз, сонан қолыңыз жолдан үзіліп оның үстіні тильданы қоясыз. Енді «ң-ның» жиілігін қарайық, ол жиілігі – дауыссыз дыбыстардың ішіндегі ең жоғары жиіліктегі дыбыс. Яғни, оның ірпі де жиі қолданылатын болады. Әрине, «ң» сөздің басында жазылмайды» деген ереже бар, бірақ «ң» ең жиі complicationлық грамматикалық формаларда бар. «Менің, сенің» деген тәуелдіктің және ілік септіктің. Тәуелдік пен ілік ең жиі қолданылатын грамматикалық формалар. Коммуникация кезінде екінші жақ міндетті түрде бар, екінші жақсыз коммуникация жүзеге аспайды. Яғни, мәтінде «ң-ның» жиілігі жоғары болатыны түсінікті. Сонда тильдаларды қойып, ана ирек сызық, ирек сызық, барлық жерде ирелендеген сызық болып кете ме деген қауіп бар – бір. Екіншіден, «ң-ға» байланысты, неліктен «ң-ды» тұтас таңба ретінде аяғы қайырылатын таңбамен береміз дедік? Бұның бірнеше себебі бар. Бірінші себебі, бұл қазіргі кирилдегі «ң» таңбасымен жақсы ассоциацияланады. Яғни қазіргі кирилл графикасына қолы да, көзі де үйреніп қалған халық мұны тез игеріп алады. Екінші себебі, қол жазу барысында үзілмейді. Үшінші себебі, аяғы қайырылып алынатын «ңг» таңбасы бедерлі таңба боп шығады. Бедерлі, яғни графикалық суреттегі образы ерекше, мысалы ана ван Гоктың суреті бар ғой «без уха», адам көргенде санасында жатталып қалатындай бұл образды таңба болып тұр. Енді ол не үшін керек дегенде, қазіргі кезде «ң-ның» дыбысталуы бір проблемаға айналды. Әуелі күнде қазақтың сөзін құлағымен тыңдап отырған, қазақша ортада өскен, қазақтың сөзін білетін қазақ тіл иелмендері «ң-ды» айтпайды. Неліктен екен, оның себептерін зерттей жатармыз. Бірақ айтпайтын фактілер бар. Ал егер оны графикада жаңағы мен айтқандай бедерлі таңбамен берсек, онда ол оқып отырған адам-





ның басына барып сигнал ұрады: «мынау бір ерекше дыбыс деген». Сөйтіп ол «ң-ды» айта ма деген бізде ой болған. Ал тильда болса, оны жазбай кету қаупі жоғары. Өйткені қазіргі балалар, тек балалар ғана емес, ересектердің өзі «ң-ды» айтпайды. Айтпаған адам тильданы жазбай кетуі де мүмкін. Тильда деген қосалқы таңба ғой. Сонда біз дыбыстық жүйемізге де ол графема әсер ете ме деген оймен «ңг» деген таңбаны дұрыс деп шешкен болатынбыз бірнеше ғалым осы жерде. Рақмет назарларыңызға.

Ж.Жақыпов: Мен бір-екі сөз айта салайыншы. Менің тильданы ұсынып отырғаным, мен анау «сирағы барға» қарсы болып отырған жоқпын. Әнекүні информатик қалай айтты? Информатик жігіт айтқаннан бері оны арнайы мәселе ету керек деп ойлаймын. Компьютер жағынан қиындау болатын сияқты ғой сирағы барынды алсақ. Әйтпесе, Анар, қарсы боп отырғаным жоқ. Сол мәселе бойынша қазір бір информатик айтсын. Сол мәселеде бізге бөгет болатын болса, онда тильданы алайық. Ал бөгет болмаса, онда мына «піл». «Піл» маған керемет ұнайды.

Н.Рсалиева: Иә, бізге ол қымбатқа түсетін сияқты.

А.Фазылжанова: Компьютерге қатысты бір нәрсе айтайыншы. Компьютердегі проблеманы, меніңше біз мүлдем көңілге алмауымыз керек сияқты. Өйткені техникалар, технологиялар қазіргі кезде геомериялық прогрессияның қарқынымен дамып келе жатыр. Бәлкім, бүгін шеше алмаған мәселе оп-оңай екі күннен кейін шешілетін шығар. Сондықтан сол, алдымен тіл жағына назар аударсақ. Бірнеше програмиспен сөйлескенімде олар менің осы пікірімді дұрыс деп қолдаған еді. Сол себепті айтып отырмын.

Ә.Қаба: Жақсы. Ал енді қазір оны әрі-бері пікірталасқа сала бермейік. Иә, сіздер барлық мәселеде программист, техниктердің сөзіне қарай айтып жатырсыздар ғой. Сондықтан қазір біздің өзіміздің азаматтар бар осында, осы мәселе бойынша өзінің пікірін білдірсін. Осы техникалық мәселелер қаншалықты тиімді, тиімсіз екендігін айтсын.

Ж.Жақыпов: Егер олар қолдаса, біз де қолдаймыз.

Ә.Қаба: Рымбек Ізғали деген азамат, Техникалық және ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі, IT маман, пернетақтаны жасаушы азаматтардың бірі. Осы азаматтың пікіріне сүйенейік.

Р.Ізғали: Тильда немесе «ңг» таңбасына қатысты айтсам, әрбір әріптің базалық әрпі болады. Мысалы, қазіргі тильда ол классикалық латиницадағы «п» әрпінің негізінде, одан да басқа оның нұсқалары толып жатыр. «F-ның» үстіндегі бревисі бар, умлауы бар, толып жатыр. Ал мына «ң» - ол бөлек таңба. Оның бір ғана минуса бар. Сіздер гуглдан бірдеме іздесеңіз, мәселен, «аңшылық» деген сөзді «ң» арқылы іздесеңіз (системалар көп, банктік жүйелер бар, ЦОН-да іздейді ғой мысалы), бұл кезде кішігірім проблемалар туындауы мүмкін. Ал тильдамен ондай проблемалар болмайды, өйткені ол халықаралық базалық «п-ның» кеңейтілген түрі, классикалық тұрпаты. Ал «ң» ондайға жатпайды.

Ә.Қаба: Енді Ербол мырза бір ауыз пікірін қоссын.

Е.Тілешов: Ассалаумағалейкум, саламатсыздар, құрметті ағайындар! Көргенімізге қуаныштымыз. Әлекең айтты ғой, бір-бірімізді аман-есен көргенімізге қуаныштымыз. Баршаңызға рақмет. Істелген жұмыстар бар. Айтылды. Оны көзі бар адам, құлағы бар адам, сезетін жүрегі бар адам біледі, сезінеді деп айтамын. Өйткені бұның бәрі баланың ойыны емес, қаншама жүйке құрыды, қаншама уақыт арналды, осында отырған азаматтарға тағы да рақыметімді айтқым келеді.

«Тильдаға» байланысты: «Тіл-Қазына» әліпбидегі тильданы қолдады. Неге қолдады? Біріншіден, жаңа Анар айтты ғой, диакритика көп пе, аз ба, біз диакритикаға бардық. Жіңішке дауыстыға қойдық, ызыңға қойдық, қысқаға қойдық, созылыңқыға қойдық, сол





сияқты мұрынжолдыға келгенде, біз де сол принциппен мұрынжолдының өз таңбасын қоюымыз керек. Мұрынжолдының таңбасы – тек қана тильда. «Бір диакритикаға көбейді, бір диакритикаға азайды» мәселесі емес, мәселе мұнда – принципте. Бұл – бір. Екінші, өздеріңіз білесіздер, жылдар бойы Маңғыстаудан бір азамат осындай фонетикалық таңбалармен құрастырып әліпби жасап әкелді. Ол – Ванов Қуантқан. Сол Ванов Қуантқанға біздің таққан кінәміз, оның кемшілігі – ол фонетикалық таңбаларда әліпби құрастырды. Біз өзіміз 8-15 қарашада Вановтың әліпбиін осында отырған әріптестер сынадық: «Сіздің мынауыңыз – фонетикалық таңбалар, бұлар графика емес» деп. Енді сол фонетикалық таңбалар қатарын - «ң-ды» алып келіп, графикалық әліпбиімізге қосып отырмыз. Біз бір принципті бұзып отырмыз, бір принципті сырттан әкеліп отырмыз, қарап отырсаңыз. Анардың айтқанына қосыламын, Анар бір диакритика болса да азайсын, бедерді деген сөзді Анар көп қолданады, дұрыс – бедерлі. Тұтас таңба. Оның бәрін қолдаймын. Ол қажет. Ол – Анардың емес, жалпы ғылымның пайдасына дұрыс нәрсе. Бірақ, тильданың артықшылығы, біріншіден, біз өзіміздің дыбыстың табиғатын, сипатын беретін диакритиканы ғана қолданып отырмыз. Бірінші плюсі. Екінші плюсі – қасымда отырған техник Техникалық, ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары жөніндегі топ мүшесі Рымбек Ізғали атқандай, біз іздеу жүйелерінің бәрінде тильда стантартты. «Ю» жүйеде жоқ емес, бар. Бірақ аздау. Үшіншіден, фонетикалық таңбаны емес, кәдімгі өзі латын әліпбиінде бар, графикалық таңбаны таңдадық. Төртіншіден, мен алдыма алып қарап отырмын, мынау латынға көшкен бауырластарымыз түркі халықтарынан, түрікмен тильданы алып отыр, қырым татарлары тильданы алып отыр, сосын біз есептесуіміз керек көшпесе де, 1995-2004 жылдары татарлар 5 жыл латында болған. Татар халқының лингвистикасы жақсы екенін бәріңіз де білесіздер, татар ғалымдарының мықты екенін білесіздер, олар да тильданы алған. Ал қарақалпақтарда үстіне тильданы емес, ақутты қойды, себебі оларда – ақуттық әліпби. Яғни «ң» дыбысы бар түркі халықтарының бәрі диакритикалық белгісі бар таңбаны алды. Ол тәжірибеде негізгі болмаса да жанама ретінде ескерілгені дұрыс деп есептеймін. Тыңдағандарыңызға көп рақымет!

Ә.Қаба: Жақсы. Рақмет. Ал олай болатын болса, мен бір ауыз сөз айтайын, 9 айдың ішінде бір адам дүниеге келеді. Сол бала 9 айдың ішінде жетіледі, аяқ-қолы, барлық мүшесі пайда болады, егер ол оған дейін туып қалса, ол шала болуы мүмкін еді. Енді сіздер тоғыз ай толғатып, әбден талқылап, дүниеге әкелгелі отырған мынау әліпби түгелдей жетілдірілген, барлық мүшесі сау, ертең шын мәнінде халыққа, қоғамға қызмет ете алатын бір жақсы дүние болады деп ойлаймын. Сондықтан да осы уақытқа дейін біз енді аз созғанымыз жоқ, біз әрі-беріден соң мемлекеттің біраз жұмысын тоқтатып қойдық. Қазіргі уақытта биылғы жылға жоспарланған әліпби шығару, басқа да оқулықтар шығару, құжаттарды ауыстыру деген сияқты бір жылға қаржысы бөлінген мемлекет атқаруы керек біраз жұмыстардың бәрі тоқтап тұр. Біз өткенде хат жазып, біз әлі қабылдай алмай жатырмыз, тоқтата тұрыңыздар деп кешірім сұрауға тура келді. Жылдың аяғында оның да, бәрінің де сұрауы бар. Бірақ екінші жағынан, мұны шала-шарпы қабылдауға тағы да болмайды. Сондықтан бүгінгі күні осындай тоқтамға келу дұрыс. Әрине, жаңадан дүниеге келген бала ертең өседі, оның аяғы шығады, оның тілі шығады, ол сөз үйренеді деген сияқты эволюциялық жолға түсіп, дамиды. Халықтың ішіне барғаннан кейін жазып көреді, оқып көреді, кемшіліктеріміз сол кезде шығады. Сол кезде Әлекең айтқан жаңағы кемшіліктер шығып, қайтып келіп, біз түзетіп жататын болсақ, Әлекең шынымен тағы бас иеміз. Айтамыз «Әлекең заманымыздың әулиесі екен», - деп. Соған жетейік шын мәнінде. Ал енді бүгінгі күні мұны әрі қарай соза бермей, бәріміз де елдің патриотымыз, елдің азаматымыз, сағызша созудың ендігі жерде қажеттілігі жоқ, еңбектеріңізді





нәтижелеп, осы жетілдірілген әліпбиді бүгін қабылдап, әрі қарай Үкіметке комиссияға қарауға ұсынайық.

Енді «ң-ға» байланысты мәселені қазір дауысқа салмай-ақ қояйын. Сіздерге жіберілген «Келісім парағы» деген бар. Осы келісім парағын шығарып, қолдарыңызға алыңыздар, А-дан Z-ке дейін жүріп өтеміз, сол жерде егер сіздер «ң-ды» тильдамен десеңіз келіссеңіз, «келісемін» деп, келіспесеңіз «келіспеймін» деп қоясыз, сол жерде «ң» да тұр. Егер қазір қолдарыңызда жоқ болса, қолдауларыңызды айтыңыздар, келісім парағын шығарып алып, түсіріп, скриншотын бізге жіберсеңіздер, сол арқылы сіздердің қандай әріпті қабылдағаныңыз белгілі болады. Барлық әліпбиді түгелдей қарап, түгелдеп өтеміз, сонан кейін оны қабылдайық. Қарсылық бар ма?

Е.Тілешов: Тындап алыңыздар! Сіздер қазір А-дан Z-ке дейін «келісемін»/ «келіспеймін» деп әрқайсысына қол қоясыздар. Бұл жерде талқыламайсыздар. Сол қол қойған қағаздарыңызды өздеріңіздің телефондарыңыздан суретке түсіріп, скриншоттарын бізге жібересіздер. Сосын ол бізде сақталады. Оригинал өзіңізде тұрады, кейін оригиналды аламыз сіздерден. Сосын сіздерге айтамыз, міне, А-ны 30 адам қолдады, «ң-ні» 15 адам қолдады немесе тильданы тағы да бір 15 адам қолдады деген сияқты біз есептейміз. Сіздер тек қана «келісемін»/ «келіспеймін» деп қол қоясыздар әр таңбаға. Сонда әр таңбаға өз пікіріңізбен, өз ақылыңызбен, ғылыми өреңізбен қарап, қол қоясыз да, скриншотты бізге жібересіздер. Сосын біз оның нәтижесін сіздерге айтатын боламыз. Бізде ол нәтиже сақталатын болады, құжат ретінде біз оны сақтап, тігіп қоямыз.

Ә.Қаба: Жақсы. Ондай болатын болса, қазір өз пікірлеріңізді қағаз жүзінде білдіресіздер. Жаңағы сөйлеген адамдардың ішінде біреуінен басқасы негізінен тильданы қолдап жатыр ғой. Сондықтан тильда түрінде қабыл аламыз. Жеке келіспеушіліктеріңіз болса, келісу парағында өздеріңіз білдіресіздер. «Н-ды» өздеріңіз келісіп аласыздар. Ал түгелдей осы әліпбиді қабылдайсыздар ма?

Жұмыс тобы мүшелері: Қабылдаймыз! Қабылдаймыз! Келісеміз оған!

Ә.Қаба: Онда рақымет. Басым көпшілігі қолдап отыр, қалғаны келісім парағында көрініс табады деп ойлаймын. Параққа жақсылап қараңыздар. Келісіп парағын шығарып алып, жоғарыда өз қолдарыңызбен әрбір әріптің тұсына қолдарыңызды қойып, содан кейін телефонға түсіріп немесе электронды поштамен бізге жіберіңіздер. Өйткені біз ертеңгі күні осы мәселе бойынша хаттамасын жасап, жіберуіміз керек. Алдағы уақытта БҒМ-менен келісе отырып, бұл жетілдірілген жобаны Үкіметке ұсынатын боламыз.

Е.Тілешов: Таныстыра кетейін. Бұл жерде «Тіл-Қазынаның» ғалым хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты Нұрлыхан Аитова отыр (Әдекеннің сол жағында). Сол Нұрлыханға, міне Біржан, Сұлтанбек өздеріңіз білетін осылардың ватсабына, поштасына қазір бір-екі сағаттан кешіктірмей, келісім парақтарыңыздың скриншоттарын жіберіңіздер, құрметті әріптестер! Қайсысын қолдайсыздар, қайсысын қолдамайсыздар, өздеріңіздің еріктеріңіз.

А.Алдаш: Әліпбидің реті осы тәртіппен қала ма? Латын әліпбиінің ретімен емес қой?

Е.Тілешов: Қазіргі мәселе – әліпбидің жалпы сұлбасын қабылдау. Оның ретіне байланысты әртүрлі пікірлер бар. Қазір оны талқылайтын болсақ, тағы да уақыт кетеді. Қазір күн тәртібінде 2-3 мәселе бар. Дәл қазір осы ретпен қойыңыздар. Қазір біз ретін бекітіп жатырғанымыз жоқ. Біз таңбаларға келісіп жатырмыз. Келістік пе?

Ә.Қаба: Ендігі мәселе, біз енді әліпбиді қабылдадық, ертеңгі күні Үкіметке барады ғой. Үкімет жанындағы комиссияға барып, қаралады. Барғаннан кейін әліпбидің өзін жалаң бекітіп беретін болса, кейін емле жасауға тағы да бәленбай уақыт кетіп, оны тағы





апарып бекітіп, оның бәрі процесс қой, көп жұмыс жүруі мүмкін. Сондықтан бүгін осы жасаған жұмыстардың ішінде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында осы уақытқа дейін Емлеге қатысты көп жұмыс жасалды. Осы мәселе бойынша Анар ханым өзі баяндап, айтып берсе. Кейін біз ұсынған кезде әліпбиге Емлені қоса ұсынсақ.

А.Алдаш: Анар, кешіріңіз. Әділбек, «ң-ға» байланысты келісім парағындағы жауаптар теңбе-тең болған жағдайда қайтесіздер?

Ә.Қаба: Енді ондай жағдайда төрағаның дауысы бар, реттейміз оны.

А.Фазылжанова: Құрметті әріптестер! Мен бұл жердегі «Емле жобасы қалай жасалды, оның ғылыми негіздері қандай?» деген мәселеге тоқталмаймын. Оны барлығыңыз білесіздер. Менің айтайын дегенім, осы жерде қатысып отырған біздің Ғылым комитетінің төрағасы Жанна Дулатқызы бар, сол Комитеттегі басқарма басшысы Жұлдыз Амантаевна бар, бұйыртса, енді алдағы уақытта министрлікке қарасты болады ғой бұл мәселелер, сол кісілердің назарына қажетті деп осындай ақпаратты – Емле туралы айтайын деп отырмын. Ал оның ғылыми-теориялық негіздері талай тура осы құрамдағы Орфографиялық жұмыс тобының жиындарында талай талқыланған. Оған тоқталмай-ақ қояйын. Сонымен бірге арамызда отырған Мұрат ағаға да осы бір ақпарат қажет болады ғой деп, біздің бүкіл мұң-мұқтажымызды билікке жеткізетін ағамыз ғой арамыздағы, сол кісіге де қажет болады деп осыны айтайын деп отырмын.

Енді жаңа емле жобасы қандай үлкен ғылыми-зерттеулер нәтижесінде дайындалғаны белгілі. Ол, білесіздер, Тіл білімі институты мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру арқылы талай жобаны жүзеге асырды осы латын әліпбиінің мәселесі көтерілгеннен бері. Ол бірінші жоба 2017 жылғы 1 жылдық жоба болған. Одан кейін 2018-2020 жылға арналған биыл аяқталатын үлкен мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру аясындағы латын графикасына көшудің ғылыми-теориялық негіздемесіне арналған жоба бар. Осы екі жобаның аясында жаңа Емле ережелері жасалды. Бір қарағанда ереже – 15-20 сөзден тұратын, мына сөзді, мына әріпті былай жазасың деген мәтін. Ал сол мәтінді жазу, сол мәтінді дұрыс құрастыру ол үлкен ғылыми ізденістерді қажет етеді. Себебі жаңағы ережемен қазақтың барлық мәтіндеріндегі бір типті барлық сөздер жазылады. Оның типтерін анықтау, әрбір ереженің ерекшелігін көрсету, оның ескертпелерін шығару бұлар үлкен тілдік материалдармен жұмыс істеуді қажет етеді. Тіл білімі институты өзі құрылған кезден бастап бұл мәселемен айналысып келе жатыр. Тәжірибесі бірден-бір бар мекеме, тәжірибесі бірден-бір зор мекеме – осы институт.

Енді жаңа Емле жобасы деген не? Ол енді сайып келгенде 100-ден астам параграфтан 9 тараудан тұратын бет саны шамамен 25-35 б.т. көлеміндегі құжат. Материалдық образы не дегенде, ол – осы.

Жаңа емле жобасы – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының зияткерлік мүлкі. Себебі сол ережедегі барлық ұстанымдардың ғылыми негізін жасап отырған, айттым жаңа, ол – Институт. Ол және биыл, бүгін жасап отырған жоқ, ол – дәстүр сабақтастығымен жасалған жоба. Жазуда дәстүр болмаса, жазу плюрализмге ұрынады. Саясатта, т.б. мәселеде плюрализм өте жақсы. Ол сол саланы дамытады. Бірақ емледегі плюрализм керісінше, ол – өте қауіпті мәселе. Ол жазба коммуникацияны керісінше, кедергіге ұшыратады. Мысалы, бір сөзді бір адам өзінше, ал екінші адам өзінше жазатын болса, сол қоғамдағы коммуникация әлсірейді. Сол қоғамдағы институттар арасындағы бірін-бірі түсіну деңгейі төмендейді. Сол қоғамдағы жазу мәдениеті төмендейді. Жазу мәдениеті төмендеген қоғамда мемлекеттілік те әлсірейді. Сондықтан бізде мына Емле жобасына өте мұқият қарау талабы бар. Ол талапты білетін ғалымдарымыз бар, осы жерде отырған ғалымдарымыз осыны әзірлеген. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі





институтының зияткерлік мүлкі деп отырғаным бұл 1 жылда да, 10 жылда да әзірленген дүние емес, оның тамыры өте тереңде жатыр.

Екіншіден, Емле ережесі – Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық жұмыс тобының сараптамасы арқылы ғана соңғы нұсқасы ұсынылатын құжат. Яғни Тіл білімі институты мұны әзірлегенімен, Тіл білімі институты тікелей мұны ұсына алмайды. Өйткені бұл жерде Орфографиялық жұмыс тобы оны сараптамадан өткізуі керек. Орфографиялық жұмыс тобының сараптамасын ұйымдастыратын енді білесіздер «Тіл-Қазына» орталығы. Ол сараптаманы ұйымдастырудың әртараптылығын, біздің қоғамдағы әртүрлі жазарман қауымның өзі алуан түрлі топқа бөлінді ғой. Журналистер бар, олардың ішінде редакторлар бар, жазушылар бар, олардың ішінде оқушылар бар, студенттер бар. Жаңа Әділбек мырза көрсеткен слайдтардан байқап отырған боларсыздар, «Тіл-Қазынаның» қырағы көзінен жазарман қауымның ешбір әлеуметтік тобы шеттетіліп қалған жоқ. Солардың барлығын қатыстыра отырып Тіл білімі институты берген жобаны, Емленің жобасын сараптамадан өткізіп, ол Орфографиялық жұмыс тобының қатысуымен жүзеге асырылып, соңында осы топтың құзырында ғана оны жоғары жаққа ұсыну қажет деп ойлаймын. Ол – өте дұрыс операциялық шешім, меніңше.

Енді сонымен бірге жалпы емле жобасы ғылыми-зерттеудің нысаны ғана емес, ол – халық игілігіне берілетін мәдени, әлеуметтік, саяси маңызы жоғары нормалаушы құжат. Мына Конституциямыз біздің күнделікті тіршіліктегі біздің азаматтық-институционалдық қарым-қатынасымызды реттейтін құжат болса, бұл Емле – осы барлық институттар мен қоғамда өмір сүріп жатқан жеке тұлғалар арасындағы коммуникацияны реттейтін нормалаушы құжат. Олай болатын болса, бұған тек қана тілтанушылардың зияткерлік еңбегінің жемісі деп қарауға болмайды.

Емлені міндетті түрде мәдени-әлеуметтік маңызы жоғары дегенді жұртқа түсіндіру керек. Емлені міндетті түрде жаппай қолданысқа енгізу керек. Осы бағытта Тіл білімі институтының қауқары жетпейді жұмыстар жүргізуге. Осы бағытта «Тіл-Қазына» орталығы өте жақсы жұмыстар атқарғанын бәріміз білеміз. Ал енді бұл құжатты саяси құжат деп те айтып тұрған себебім, егер біз Емлені қазір тек қана Орфографиялық жұмыс тобының құзырымен мақұлдап немесе бекітетін болсақ, онда жазудағы плюрализмге бәрібір де жол беріп алатын сияқтымыз. Осы жерде Емлені ең жоғары биліктің органымен бекіту керек. Үкіметпен бекітілу керек ол ереже немесе мына Ресейдегідей керек десеңіз Президенттің жарлығымен де бекітілуі тиіс деп ойлаймын. Олай болмаса, жаңа жазудың мәдениетін бірден қалыптастырып алмай, керісінше бірден бүлдіріп аламыз деген ой. Міне, осы жерде нормалаушы құжат ретінде Емлені көрсетіп отырған себебім сол. Бүгінгі мына жетілдірілген әліпбимен бірге Емлені де Ұлттық комиссияға ұсыну керек. Ал енді осы жерде Емлені ұсынудың қандай негізі бар деген сұрақ туындайды. Әрине, оны Орфографиялық жұмыс тобының мүшелері жақсы біледі. Бірақ осы жерде басқа да мамандар отыр, ол кісілердің құлағына алтын сырға.

Жаңа Емленің мақұлдану жолдары: бұл Емлені мақұлдауға беруге әбден болады, себебі бұл Емле нұсқасы 50 ЖОО филология факультеттері кафедралары сараптамасынан өтті. Бұл Емлені 9 тәуелсіз сарапшының қолынан өткіздік. Яғни ешбір Орфографиялық жұмыс тобы сияқты т.б. латынға қатысты шараларға мүлдем қатыспаған, өзінің жеке мүддесі жоқ 9 мықты деген сарапшыға беріп, олардың айтқан ескертпелерімен Емле түзеліп, толықтырылды. Сонымен бірге Емле ЖОО, барлық министрлік қызметшілері, мектеп оқушылары арасында сынама-сауалнамадан өтті. Сонымен бірге бұл Емле ғылыми-тілтанымдық қауымдастық арасында, түрлі ғылыми алаңдарда талқылаулардан өтті. Сонымен бірге бұл Емле жаңа әліпбимен үйретуге арналған оқыту курстарында тексеруден өтті.





Біз білеміз, 2018 жылы БҒМ жанындағы «Өрлеу» білім жетілдіру орталығында, қазір санын дәл айта алмай отырмын, 600 ғой деймін, мүмкін қате шығар, дәл білмей отырмын, әйтеуір бәленбай мұғалімді біз жаңа Емлемен латынға қатысты оқыту курсынан өткіздік және ол тек қана латынды оқыту үшін ғана ұйымдастырылған жоқ деп ойлаймын, бұл курстың нәтижесінде білікті, білімді ұстаздардың бүкіл Емлеге қатысты айтып кеткен ескертпелерін жинақтап, оны түзетті Тіл білімі институты. Ал «Тіл-Қазына» орталығы ересектерді оқытуға арналған облыстардағы тіл үйрету курстарында және өздері 72 сағаттық емле мен латын курсын жүзеге асырған. Сол курстар бойынша да біраз Емлені түзетуге қатысты ұсыныстар айтылды. Ұсыныстар Емледе ескерілді.

ЖОО, колледждер мен мектептердің жоғары сыныптары оқушылары арасында сынама сабақтар өткізілді. Сол сабақтар барысында да Емленің методикалық тұрғыдан қаншалықты қолайлы екені тексерілді.

Яғни Емлені қазіргі әліпбимен бірге мақұлдауға беруге әбден болады деп есептеймін. Бұған өз пікірлеріңізді айта жатарсыздар. Мына жерде мен Емле жобасын талқылау, сараптау, мақұлдау хронологиясын жинақтадым. «Тіл-Қазына» орталығының жинағында шыққан. Бұл жерде «Тіл-Қазына» орталығы өзі құрылғаннан бері латын әліпбиіне қатысты 90 шара өткізген екен бүгінгі күнге дейін. Сол 90 шараның 64-і Емле жобасын жетілдіруге тікелей немесе жанама қатысты екен. Міне, мында көріп тұрсыздар, 2017 жылғы шаралар, 2018 жылғы шаралар, т.б. Мына қарамен белгіленіп қойғандар Емле жасаудағы өте маңызды кезеңдер: Емле ережелерінің концепциясы мақұлданды, жай жасалына салған жоқ, алдымен концепция жасалынды. Мына жерде, міне, Зерендідегі үлкен талқылау, Қапшағайда өткен үлкен талқылау, онан кейін өткен Ұлттық комиссия отырысында Емленің таныстырылуы, одан кейін Емленің мақұлданып, «Егемен Қазақстан» газетіне шығуы. Қарап отырсаңыздар, бұл Емле де тура жаңағы Әділбек мырза айтқандай әліпбидің ұзақ та сынама жолынан өтті.

Қорыта келгенде, Емле жобасын жетілдірілген әліпбимен бірге бекітуге ұсыну керек. Ол үшін сіздердің қаншама ай болды емлемен жұмыс істемегендеріңізге, ұмытып қалған шығарсыздар, сондықтан мен мынадай ұсыныс айтпақшымын: Соңғы Меркедегі бірнеше күн бойы талқылап, қорытындыға келіп, Орфографиялық жұмыс тобы мақұлдаған Емле жобасын тағы да бір ТБИ ғалымдары пысықтап, Ғылыми кеңесімен бекітіп, Орфографиялық жұмыс тобына осы бірер күн ішінде ұсынсақ. Сонан кейін келісу парағы деген парақты толтырып, Емлені өздеріңіз мына әліпбиді мақұлдағандай мақұлдап берсеңіздер. Екеуі бірге кетсе... Екеуі бірге жүру керек деп ойлаймын. Менің айтайын дегенім – осы. Назарларыңызға рақмет!

Ә.Қаба: Өте жақсы, Анар ханым. Енді Емлеге қатысты сұрақ, ұсыныс жоқ шығар. Әлде бар ма?

Ж.Жақыпов: Менде бір күмән болып тұр. Мынау әлгі, әсіресе, шеттілдік сөздер бар ғой, соның емлесіне өзгерістер енбей ме әліпбиіміз енуге байланысты? Ондай жоқ па? Емленің жобасын бәріміз көреміз ғой, иә?

А.Фазылжанова: Өзгеріс жоқ. Жантас аға, Меркідегі жоба бар еді ғой, соны аламыз да ТБИ ғалымдары тағы бір жаңа сіз айтқан мәселе тұрғысынан, жаңа әліпби тұрғысынан өткізіп сүзгіден, содан кейін түзетуге болады-ау деген жерлерін түзейміз де, бірақ оның өзін сіздердің көздеріңізге көрініп тұратындай ерекшелеп бояп қоямыз. Сосын өздеріңізге қайта саламыз. Сіздер егер мақұлдасаңыздар келісім парағын толтырып «Тіл-Қазына» оны жинап алады.

Ә.Қаба: Жарайды. Менің білуімше осы тоғыз айдың ішінде жетілдірілген әліпби дамыған сайын бұл Емле өзі дайындалып, бірте-бірте қосылып, толықтырылып отырды





параллель. Сондықтан бұл соншалықты көп уақытты алмайды. Бүгінгі болып жатқан өзгеріс тек қана бір қаріпке байланысты. Ол қалай қабылданады ертең, соған байланысты өзгерістер енгізетін шығар. Тағы да осында азаматтардың берген ұсыныстарын қосып отырып, Емлені, ана жақта Анар ханым оны өзі ұйымдастырады, мына жақта Ербол мырза өзі ұйымдастыратын шығар, бұл жерде, мысалы, алдын ала таратып беріп, кейін өздеріңіздің ғылыми кеңестеріңізде қарап, қорытындысын шығарып беретін шығарсыздар.

Ал енді бұл мәселеге осымен нүкте қояйық. Рақмет! Осымен Емле туралы әңгімеміз аяқталды. Ендігі мәселе, өздеріңіз білесіздер, бұл тек қана әліпбиді қабылдау, оның Емлесі мен жазу ғана емес, сонымен бірге қазір техниканың заманы. Пернетақта деген мәселе бар, оған біз қалай орналастырамыз? Елдің бәрі ұялы телефон пайдаланады. Оның ішінде ол қалай тұратын болады? Дыбыстардың орналасуы қалай болады? Бұрынғыдай жетімсіреп үстінде тұрады ма қазақтың әріптері? Не болмаса қазір босаған сол жақтағы орындарға лақтырып тастап, жетім бала құсап сол жағында жүре ме? Ол қазақтың нағыз әліпбиі болғаннан кейін жиілігі есептеліп, ортасында қойыла ма? деген мәселелерді біздің ғалымдарымыз тағы да зерттеді, біраз дүниелер жасады. Әсіресе осы мәселеде көп еңбек жасаған мына Рымбек Ізғали деген азамат. Сондықтан Рымбекке сөз берейік. Ертеңгі күні Үкіметке берген кезде әліпбиімен қосып Емлені және пернетақтаның жобасын қоса берейік. Өйткені оның бекітілуі бар, оның өзі бізде емес, шетелде жасалады, сол үшін бізде қазіргі уақытта қолда бекітілген нақты құжатымыз болуы керек. Осы жөнінде бізге қазір айтып берсін!

Р.Ізғали: Бізде жұмыс тобында техникалық және ақпараттық жұмыс тобында біраз талқылау, біраз отырыстар болды. Жалпы осы уақытқа дейін көп мәселе қарастырылды, сол қарастырылған мәселелердің ішіндегі ең маңызды үш мәселе болды. Ең біріншісі – пернетақтадағы пернелердің орналасуы. Мүмкін қарапайым адам үшін ол қиын нәрсе болып көрінгенімен, ол IT маман үшін ол 5-10 минуттық жұмыс. Сол Microsoft корпорациясының өзінің ресми сайтында арнайы программасы бар, сонымен әркім өзінің кестесін жасап ала алады. Жалпы менің және жұмыс тобының ұйғарымы бойынша осы «кьюрти» стандартын, яғни қазір ағылышын әріптері қалай тұр, сол күйінде қалдыру жөнінде бір шешімге келдік. Көпшілік соған дауыс берді. Неге? Оның екі үлкен мәселесі бар. Біріншіден, қазіргі «кьюрти» стандартында қай әріп қай жерінде тұратынына адамдардың көздері үйреніп қалған. Мысалы ертеңгі күндері біз осыны бекітетін болсақ, «кьюрти» стандартын қалдырып, біздің жаңадан қосылған 8 таңбаны қалған орындарға орналастырсақ деген ой бар оларда. Өйткені, біріншіден, біз латынға көшкеннен кейін міндетті түрде жаңағыдай ЦОН-ға барамыз, банкке барамыз, билет сатып аламыз, сол кезде біз жаңа клавиатура ойлап тапсақ, яғни жиілікке байланысты, яғни «кьюрти» емес, басқа болатын болса, сол кезде қызмет көрсететін адамдардың үйренісуіне көп уақыт кетеді. Ол кез келген жұмыс процесін баяулатады және ол күнделікті бола беретін нәрсе. Екінші мәселе – физикалық пернетақта. Бізге техникалар шетелден келеді. Ол пернетақтаны Қазақстанда шығармайды. Сол себепті де, біздің жаңа орналастырған үлгімізді сызып, гравировкасын жасап, оның бәрі бір ізге келу үшін көп уақыт кетеді. Міне, мынау – бос пернетақта. Бұл жерде бос пернетақтада 47 перне бар. Әр пернеге 2 символдан орналасады. Бұл жанағы 46 пернеде 26 әріп бар. Яғни 26 әріп 20 пернеде орналасқан. 40 таңба басқа пернелерде орналасқан. Міне, мына жерде сирек қолданатын таңбаларды, яғни доллардың белгісі, жаңағыдай дәреже көтеретін «η» деген сияқты, жүйелі жақша, тік жақша, апостроф деген сияқты «седиль» таңбаларды біз жай күндерде сирек қолданамыз. Жалпы стандарт пернетақтада, өздеріңіз білесіздер, екінші қосымша пернетақта бар. Осы жерде мен мынадай вариант ұсынып отырмын. Оң жақтағы пернелерді, үстіге





көтердім, ана жерде көрдіңіз, біздің көп пайдаланатын таңбаларды үстіге орналастырдым. Сол оң жақтағы босаған пернелердің орнына біздің жаңа таңбаларымызды қоссақ деген ұсыныс. Сосын екінші мәселе – бізде банк жүйелеріне ертеңгі күнде халықаралық құжаттар бар, паспорттар бар, т.б да көп қой енді құжаттар. Сосын біздің есеп шоттарымызды білесіздер «KZ» әрпімен белгіленген. Сол стандартты «QZ-ке» ауыстырсақ деген сияқты сұрақтар болды. Біз бұл сұрақтар бойынша ұлттық банктің өкілдерімен осылай видеоконференция жасағанбыз және Цифрлық даму инновация министрлігімен де, оларға ресми хат жіберіп, ресми жауап алғанбыз. Олардың жауабы мынау. Бір жауап қысқа болды: «бізге жаңа әліпбидің транскрипция кестесін берсеңіздер, қалған жұмысты өзіміз жасап аламыз». Яғни бұл жағынан көп шу болды, ертең көп ақшамыз кетеді, миллиардтаған ақшамыз кетеді стандартты өзгертсек деген сияқты. Бұл жағынан сұрақ толық шешілді. Яғни әліпби бекітілгеннен кейін Орфография тобы транскрипция кестесін беру керек. Үшінші мәселе, біздерде конвертер деген мәселелер болды, шу болды, қоғамдық қызу талқылау болды. Бұл жағынын, «Тіл-Қазына» орталығынан көп кешенді конвертер әзірленген болатын. Оның ішінде барлық мәселелерге арнайылап программалар жасалынды. Яғни тек тексті, құжаттарды ауыстыратын емес, оның ішінде презентацияны да ауыстыратын, мәліметтерді оқуды, программистерге арналған ішінде шешімдері бар. Ертеңгі күндері қажеттіліктер туындайтын болса, олар оңай шешілетін болады. Өйткені ең керекті алгоритмды дайындап қойған. Сосын шрифтіге байланысты, мына соңғы бекітілген алфавиттің екі нұсқасы бар ғой, классикалық 26 әріптен бөлек «ғ» бар, «ә» бар, солардың бәрін мына Windows-тің шрифтер басында 126 шрифт бар ма, соған жазуға жарамды деген 122 шрифт бар, сонда қалғандары, олар таңбаларға арналған. Солардың бәрінде, осы әріптердің басым көпшілігі бар, 90 процентті құрайды. Содан енді біз бәріміз сайт қараймыз, ашамыз, сол жаққа google-дың сервисі бар, googlefont деген, ол жақта да басым көпшілігі бар. Тек талас туып отыр ғой, мына «тильда» ма, «җ» ба деген сияқты. Сол жерде «җ» деген әріп көп жерде жоқ. Ертеңгі күндерде, біздерде болды ғой 90-шы жылдары, сұрақ белгісі шығып кетіп жатқан сияқты, болмаса басқа бір шрифтіге ауыстырып жіберіп. Сондай кішкентай проблемалар болады. Сосын әріптердің бәрі юникодта бар. Ол жақта 143 000 таңба бар, оның ішінде өліп кеткен жазбалар да, алфавиттер де бар. Ол жақта 100 процент қолдайды, басқа ертеңгі күндері сұрақтар, мәселелер болып жатса, оны ІТ саласында шешуге болады. Ешқандай проблема жоқ. Жалпы, ІТ саласына қатысты проблемалар туындайтын болса, оны біз «рабочий момент» деп қабылдаймыз да, яғни кез келген нәрсе шешіледі. Менің айтпағым осы, рахмет. Сұрақтарыңыз болса.

Ә.Қаба: Пернетақтаға қатысты күдік, ой, ұсыныс бар ма?

Қ.Күдерінова: Менің бір сұрағым бар, мына пернеде 7 орын бар екен ия, ал диакритикалық таңбалар - 8, сонда 8-іншісі қайда тұрады дедіңіз?

Р.Ізғали: Үстіне көтеруге болады, үстінде негізі тағы да орын көп. Мен бұны минимум пернетақтамен есептедім. Ноутбуктардың екі түрі бар: 45 перне немесе 46 перне. Оны кейбіреулері мына шетіне қояды, сол жақ төменгі шетіне қояды, не болмаса жоғарыға. Біз енді қазіргі кириллицадағы «х» әрпі бар емес па, «ө»-нің астындағы, осының орнына қоюға болады.

Қ.Күдерінова: Жаңағы 7 әріптің өзінің орнына орналасуында қандай да бір принциптер бар ма? Мысалы, «үстіңге екі пернеге қай әріп, неге ол әріп?» деген сияқты.

Р.Ізғали: Мен ол жерде тек қана бос орын деп қалдырып кеттім, яғни қай орынға қандай әріп орналасу керек, оны, меніңше, Орфографиялық жұмыс тобы жүйелікке қатысты шешеді деп ойлаймын. Яғни бұл жерде принципте ондай сұрақ туған жоқ.



Қ.Күдерінова: Ондайды шешіп қою керек қой бірден. Жарайды онда.

Р.Ізғали: Біз тек орын ұсынамыз, осылай болғаны дұрыс деген сияқты. Біз ІТ маман ретінде тек орын ұсынамыз.

Н.Рсалиева: Менде мынадай сұрақ бар. Сіздер ертең осы таңбаларды орналастыратын кезде, мысалы, ағылшындағы «кюрти» жүйесін айттыңыз ғой, сол ағылшынның жүйесіне біздің қолымыз өте жақсы үйреніп кеткен де, өйткені ең жиі қолданылатын сөздер, әріптер «оз» «эз» дегендер өзінен-өзі түртіп қалғанда жазылып тұрады да, оларда қатар тұрады бір-бірімен. Жанағы екі саусағымен, үш саусағымен бірден жазылып кетеді. Сондай нәрселер ескеріледі ғой, ия? Қазақ тіліндегі таңбалардың қолдану жиілігіне қарай, осылардың барлығы қарастырылады ғой ия?

Р.Ізғали: Мен түсіндім сұрағыңызды, жалпы жиілікке қатысты айтатын болсам, «кюрти» стандарты жалпы әріптердің қазіргі көз үйренгені, ия ағылшындардың, қайдан пайда болды? Ол ХІХ ғасырдың ортасында «печатный машинканы» ойлап тапқан Америкада, содан ол кездегі печатный машинка механикалық болды ғой. Яғни ана кнопканы басқан кезде бір-біріне сол темірлер тиіп кетпес үшін ойлап тапқан екен. С.Дворк деген америкалық ғалым, сол 1926 жылы сол жанағы сіз айтып отырғандай ағылшын тілінің раскладкасын жасады, жиілік бойынша. Ол қазіргі мына «кюртиге» қарағанда, бес есе жылдам болды және екінші дүниежүзілік соғыс кезінде АҚШ сол пернетақтаны пайдаланды. Өйткені ол кезде уақыт қажет болды ғой. Бірақ қанша жерден мына Дворктың ойлап тапқаны, жанағыдай жиілік бойынша қаншалықты тиімді болса да, «кюрти» пернетақтасы қала берді, әр түрлі себепке байланысты. Яғни оларда да бар. Жалпы раскладка деген, ол қатып қалған раскладка емес, ағылшын тілінің өзі, мысалы, Windows-тың тілдерін ашып қарайтын болсаңыз, тек қана ағылшын тілінің бірнеше раскладкасы бар (7 ме, 8 бе). Яғни ол жерде әдебиетшілерге арналған, журналистерге арналған, деген сияқты, математиктерге арналған деген сияқты раскладкілер бар. Сол сияқты, бірнеше раскладка жасауға болады, ол ешқандай да проблема емес.

Н.Рсалиева: Тағы бір сұрақ қойып жіберуге бола ма? Сіздердің орталарыңызда айтып отырған пікірлеріңіз талас тудыратын, мысалға біз тіл мамандарының арасында талас тудыратын нәрселер көріп отырсыз ғой, сол сияқты талас тудыратын мәселелер бар ма? Өйткені біз Орфографиялық жұмысқа осы екі маманды шақырған кезде, ІТ мамандарды, олардың пікірлері бір-бірімен сәйкес болған жоқ. Талас бойынша, біріншіден, ІТ саласы ол – нақты ғылым, сондықтан да, ол жанағыдай, гуманитарлық емес, енді таласып отыратын, талас сирек болады. Талас болатын болса, ол қанша дегенмен, әркімнің білім деңгейіне байланысты. Оны да көрдік, біздің кейбір әріптестеріміз мысалға, біреуі мықты ІТ маманы болады, біреуі ортаңқол деген сияқты, біреуі жаңадан үйреніп жүргендей. Ондай пікірлер болды. Бір кезде Астанада жаңадан ұйымдастырылды ғой, сол кезде. Дегенмен келіседі ең соңына келген кезде. Яғни біз нақты фактімен ғана жауап бере аламыз.

Ә.Қаба: Ербол мырза бір ауыз пікірін айтса.

Е.Тілешов: Пернетақтаға байланысты «Тіл-Қазынада» бірқатар жұмыстар істелді, атап айтқанда, бізде Орфографиялық басқарма бар. Басқарманың Алмажан Қадырхан деген ғылыми қызметкері екеуміз Әділбек Күнесханұлының тапсырмасымен бірқатар жұмыстар істедік, істегеннен гөрі зерттедік. Кюрти пернетақтасы, шынында да Рымбек айтып отырғандай, әлемге таралған, ыңғайлы. Бірақ ол қазақ тілінің табиғатына, қазақ тілінің сипатына, қазақ тілінің таңбаларының немесе буындардың жиілігіне құрылмаған. Осыны ескере отырып, осы ағылшынның «кюртиінен» басқа, немістерде де баламалық қолданылады. Немістер «кюрти» емес, өздерінің тілдерінің жиілігіне, ағылшын емес, неміс тілінің таңбаларының жиілігіне сай қолданады. Осындай мәселе мына Балтық



жағалауы елдерінде туындаған. Балтық жағалауы елдері тәуелсіздік алғаннан кейін барып, оларда «кьюрти» жүйесі кетіп, өздерінің пернетақтасын әзірлеген. Енді түркі халықтарына келетін болсақ, олардың ішінде мынау гагауыздар, әзірбайжандар да өзінің төл пернетақтасын әзірлеген. Сондықтан бұл жерде Рымбектің маман ретінде айтқанын естіп отырмыз. Бірақ Рымбектің айтып отырғаны қазақ тілінің жиілік сөзге негізделмеген. Біз тіл әдебиеті хат жазып, Тіл білімі институты мен ұмытпасам, Жанар Жұмабаеваның қолымен бізге 20-дан астам беттік зерттеу жіберді. Іл білімі институтында бұл зерттеу істелген. Біздің ойымызша, Рымбектің айтқан пікірін ескере отырып, қазіргі танымалдығын, жылдамдығын ескере отырып, біз бәрібір де пернетақтамыз да қазақ тілінің таңбаларының және буындарының жиілігіне негіздейтін клавиатураға тоқталғанымыз жөн. Оған аздаған бір уақыт керек белгілі, соны біз тіл мамандарымен, Тіл білімі институтымен, «Тіл-Қазынамен» сосын Рымбек сияқты мамандармен, біз соны әбден пысықтауымыз керек. Қазіргі кездегі Рымбектің ұсынысындағы шетіндегі 7 таңбаға қоя сала алады дегенге келіспеймін. Себебі ол қазақ тілінің жиілігі емес, компьютердегі «кьюрти» таңбаның қалдық принципімен, яғни ана жерде 7 бос орын бар, соған қоя саламыз дейді. Бұрын әріптеріміз түзіліп тұрды, енді үстінен алып тағы бір бұрышқа қойды, сондықтан енді оны тұтынатын қазақтілділер, сондықтан қазақ тілінің өз, жылдамдықтың өзі соған байланысты ғой, жиілікке байланысты. Сондықтан бәрібір қазақ тілінің жиілілігі ескерілу керек деп ойлаймын.

Р.Ізғали: Мен бір нәрсе қосып жіберейін деп едім. Сіздер білесіздер ғой, қанша жерден сіздер тіл маманы болғанымен, қолмен жазу, қаламмен жазу қалып келе жатыр, ия. Бәріміз қазір компьютермен жазатын болып кеттік. Енді мен сіздерді тағы бір қуантайын, бір күні, бір жылдары, жақын уақытта, тіпті клавиатурамен жазуды қоятын да боламыз. Микрофонмен осылай сөйлеп отырамыз. Ол қазірде де бар, бірақ қазақ тіліне қатысты ол әлі процесте. Орысша бар, сіз гуглда мысалы микрофонға сөйлеп шықсаңыз болады. Сондықтан жиілік деген мәселе, енді сіздер өздеріңіз шешесіздер ғой, бұл менің жалпы ұсыныс-пікірім.

Ә.Қаба: Ал жақсы, ондай болатын болса, пікірталас осымен аяқталды. Меніңше, жанағы 3 вариантты көрсетті ғой негізгі деген. Былай айтқан кезде, бұл қазақтың пернетақтасы емес сияқты. Бұл АҚШ-тікі болғандықтан, солар сияқты енді біздер әр жерден тығып қойғанбыз, ол жерде жиілік ескерілмеген. Мына екіншісінде қазіргі біздегідей қолданып жүргендей ол жанында да тұр ғой. Ал енді мына азаматтардың айтып отырғаны, шын мәнінде, ертеңгі күні зерттеу жүргізіліп содан кейін мәселені айтайық, тура ортасында тұрған дыбыстарға қарағанда біздің «н» дыбысының, «і» дыбысының қолданылуы әлдеқайда жиі болуы мүмкін. Сондықтан ол тура мына пернетақтаның ортасынан орын алу керек. Екіншіден, бұл біздің ұлттық пернетақтамыз. Оны жасаудың ешқандай қиындығы жоқ. Сондықтан ол ғылыми зерттелген болу керек. Бұл тұрғыда, мен мына азаматтардың пікірін қайталап жатқан себебіміз біз келесі аптаның, енді мына емлені жетілдіреміз дедік қой, сонымен бірге келесі аптаның сәрсенбісіне дейін сіздер де осы мәселе бойынша, талқылау, зерттеу жұмыстарын өткізіп, содан кейін осының қорытындысын беріңіздер. Және жиілік мәселесін тағы бір рет қарап шығып, ертең осыны ұсынған кезде Емлемен бірге пернетақтаның ұлттық жобасын қоса ұсынатын болайық. Ал ертеңгі күні бұл пернетақталар бізде жасалса да, шетелде жасалса да, тек қана біз ұсынған пернетақта ғана кіретін болады біздің елге, басқа пернетақталар кіргізілмейді. Өйткені, оларды алып келгенімен біздің еліміз қабылдамайды оларды. Осындай стандарт пайда болады бізде.

Ж.Жақыпов: Жанағы оң жағында тұрған дұрыс сияқты, көбіміз оңқай жазамыз ғой, сол қолмен баспаймыз.





Ә.Қаба: Менің айтайын деген нәрсем, мына қай дыбыс бізде жиі қолданылады, соған қарай оң жақ сол жағында тұрғаны дұрыс.

Ж.Жақыпов: Мынау да теріс емес сияқты. Өйткені негізі оңқаймыз ғой.

Ә.Қаба: Ана орыстардың әрпіне жоғары жағынан теріп үйреніп қалдық қой.

Е.Тілешов: Жәке, оңқай болғанмен мына компьютермен тез жазатындар екі қолмен жазады ғой бірден. Тек қана оң қолмен басатындар тек біз сияқты енді үйреніп жатқандар. Ал енді екі қолмен бірдей жүгірткен кезде, екі қол бұрышқа кетіп қала береді. Ол дененің қимылына ыңғайсыз.

Ә.Қаба: Ал енді құрметті ғалымдар, осында бүгінгі күні бір үлкен тарихи мәселе болды деп ойлаймын. Шыдамдылық танытып, аяғына дейін отырып пікірлеріңізді айтып, тек бүгінгі күні емес, жалпы 9 айдың ішінде қаншама шаштарыңызды ағартып, қаншама нервтеріңізді жіберіп, күнде «аға», «көке» деп жақсы көріп жүрген ағаларыңызбенен, ұстаздарыңызбенен тай-таласқа түсіп, жаманатты болып, сонда да болса осы ұлттық мүдде үшін, ұлттық әріп үшін, өстіп күресіп жасаған еңбектеріңізге рахмет! Айтады ғой, жұмыс барысында бәрі болады деп. Ал бірақ өмірде, бір-бірімізді құрметтеп жүрейік, бір-бірімізді ұстаз тұтып жүрейік, жақсы-көріп жүрейік. Енді ертеңгі күні осы жұмысты нәтижелеп, ары қарай білім-ғылым министрлігіне хатпен ертең біз жібереміз.

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ЖАНЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОНЛАЙН ОТЫРЫСЫНЫҢ СТЕНОГРАММАСЫ

*Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды,
Павлодар қалаларынан қосылды
2020 жылғы 20 тамыз*

Қатысқандар: *Н.Дәуешов, Ғ.Мелдешов, Е.Тілешов, Ә.Қаба, Ә.Асқаров, Д.Қамзабекұлы, Н.Уәли, А.Алдаш, З.Базарбаева, Ж.Жақыпов, Б.Момынова, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, Ғ.Мамырбек, Л.Еспекова, Қ.Сәрекенова, Н.Рсалиева, М.Тұрсынова, Қ.Қалыбаева, А.Хабиева, Қ.Ерғалиев, Ғ.Смағұлова, Б.Базарғалиева, Б.Сағындықұлы.*

Е.Тілешов: Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Амандықта жүздескенімізге қуаныштымын! Бүгін орфографиялық жұмыс тобының кезекті отырысы. Отырысқа орфографиялық жұмыс тобының төрағасы, ҚР Мәдениет және спорт вице министрі Дәуешов Нұрқиса Мұратұлы, Тіл комитетінің төрағасы Мельдешов Ғалымжан Сәрсенбайұлы, төрағаның орынбасары Әділбек Қаба, «Тіл-қазына» орталығының бас директоры Әлібек Асқар, Ғылым және білім министрлігі Ғылым комитеті төрағасының орынбасары Кеңес Болат Нұрланұлы, Ғылым комитетінің Халықаралық үйлестіру басқармасының басшысы Өтелбаева Жұлдыз Амантайқызы, сондай-ақ емлеге тәуелсіз сарапшы болған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызы, Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Бекен Сағындықұлы, Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Дарын» лицейінің әдіскері Базарғалиева Баян Теміржанқызы және жұмыс тобының мүшелері қатысып отыр. Бүгінгі отырыста техникалық-ақпараттық сүйемелдеу тобының мүшесі Рымбек Ізғали пернетақтаға қатысты баяндама жасауы керек болған, сырқаттанып қалуы-





на байланысты қатыса алмайды. Жалпы кворум бар. Отырыс жұмысын бастауға рұқсат етіңіздер. Кеңесті ашып беру үшін сөз Орфографиялық жұмыс тобының төрағасы, ҚР Мәдениет және спорт вице министрі Дәуешов Нұрқиса Мұратұлына беріледі.

Н.Дәуешов: Құрметті Орфографиялық жұмыс тобының мүшелері! Ең алдымен осы ортақ жұмысқа атсалысып отырған баршаңызға алғыс айтамын. Әліпби жобасына сай емле ережелерін ұсынудың жаңа кезеңі басталды. Бұл бағытта біз Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп жұмыс істейтін боламыз. Осы маңызды мәселеде ғалымдардың ғылыми бірлігі қажет.

Өздеріңізге белгілі, ұсынылған Емле ережелері жобасы өткен шілде айындағы отырыста да талқыланып, сарапталды және әбден жетілдіру мақсатында тағы да талқыға түсіріліп отыр. Ұлттың мүддесіне қызмет ететін келелі іске жауапкершілікпен қарап, өз пікірлерін білдірген әр азамат осы әліпби мен емленің жетіліп пісуіне өз үлесін қосты. Сондай-ақ, тәуелсіз сараптамашыларға да ризашылығымыз зор. Жалпы халықтың осы әліпби мен емле ережесіне қатысты тұста бейтарап қалмағанына куә болдық. Бұның өзі Сіздердің аса маңызды ұлттық жобаны жүзеге асыруға араласып отырғаныңызды, келешектің жауапкершілікті жүгін алға тартуға бірадамдай еңбек сіңіріп отырғаныңызды білдіреді. Ғылыми, кәсіби, рухани, адамгершілік позицияларыңызды көрсете білдіңіздер, белсеніп қызмет еттіңіздер. Екі жылға жуық уақыт жеке әрқайсысыңыз үшін де, тұтас топ үшін де өз мүмкіндіктеріңізді сарқа пайдалануға, әліпбиді, емлені екшеуде жан-жақты зерттеу жасауға, сыни пікірлердің ақ-қарасын пайымдап, тура жол табуға, ұлт мүддесіне қызмет ететін мейілінше қырналған, ықшам да ыңғайлы жоба ұсынуға жететіндей уақыт болды деп санаймыз. «Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей өз ісінің кәсіби мамандары мен ғалымдарымыздың бір мәмлеге келіп, түйін жасар сәті де жеткен тәрізді. Біз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, түсіністікпен, парасатты пайыммен бір байламға келтірер жиын болғанын қалап отырмыз. Сондықтан осы мәселеге ерекше мән беріп, осында жиналған әрқайсымыз отырыстың нәтижелі болуына атсалысуымыз қажет. Орфографиялық жұмыс тобының отырысын ашық деп жариялаймын. Бүгінгі отырысымызға сәттілік тілеймін!

Е.Тілесов: Нұрқиса Мұратұлы, сізге көп-көп рақмет! Жалпы әліпби, емле мәселелері екі жыл бойы талқыланды. Зеренді, Қапшағай, Меркі кеңестерінде Орфографиялық топ мүшелері мен бірқатар ғалымдар қатысып талқыға салды, одан бөлек 72, 12 сағаттық оқыту курстарында, мектептер мен жоғары оқу орындарында емле ережелері біршама сынамадан өтті. Енді соның бәрін қорытындылайтын сәт жақындады. Бұған министрлік тарапынан да, комитет тарапынан да үлкен қолдау болып жатыр. Емле ережелері А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңесінде кеңінен талқыланды, дауысқа салынып «Тіл-Қазынаға» ұсынылды. Ол емле Орфографиялық топ мүшелерінің бәріне таратылды. Топ мүшелерінің емлеге берген пікірлерін 17 тамызға дейін жинақтап, ресми түрде Тіл білімі институтына қайтадан жолдадық. Себебі, бәріңіз білесіздер, емле ережелерінің авторы – Тіл білімі институты. Сонымен қатар емле ережелері үш тәуелсіз сарапшыға берілді. Енді орфографиялық жұмыс тобының емлеге жасаған сараптамаларының қорытындысын баяндау үшін сөз А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Фазылжанова Анар Мұратқызына беріледі.

А.Фазылжанова: Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Ең бірінші, осы емле ережелерін мұқият қарап, сараптама жасаған Орфографиялық топ мүшелеріне және тәуелсіз сарапшыларға үлкен алғысымды айтамын. «Латынграфикалы жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле ережелеріне» тәуелсіз сарапшылар мен Орфографиялық жұмыс тобы мүшелерінің ескертпе-ұсыныстары бойынша айтар болсам, жалпы барлығы 95 ұсыныс



келіп түсті. Оның қабылданғаны – 26, қабылданбағаны – 69. Орфографиялық жұмыс тобы мүшелерінің 19-ына емле ережелері сараптауға берілген, оның 10-ы осы емлемен толық келісетінін растаған, 8 адам емле жобасына толықтыру енгізу керектігін ұсынып, оны дәлелдеу мақсатында сараптама берген, 1 адам қалыс қалған. Енді тәуелсіз сарапшы Бекен Сағындықұлының сараптамасына тоқталайық. Ұсынысы - 15, қабылданғаны - 1, қабылданбағаны - 14.

Е.Тілешов: Анар Мұратқызы тәуелсіз сарапшылардікін емес, ең бірінші Орфографиялық жұмыс тобы мүшелерінің сараптамасы туралы айтыңыз. Тәуелсіз сарапшыларға сөз беріледі, ол кісілердікі содан кейін ғана талқыланатын болады.

А.Фазылжанова: Жақсы, онда Орфографиялық жұмыс тобы мүшелерінің ұсыныстарына тоқталайын.

Профессор Жақыпов Жантас барлығы 11 ұсыныс берген. Оның қабылданғаны – 2, қабылданбағаны – 9. Жанар Қоңыратбаеваның ұсынысы – 6, қабылданғаны - 2, қабылданбағаны – 4. Бұл жерде мына мәселені ескерте кеткім келеді, Жақыпов Жантас пен Қоңыратбаева Жанар екеуінің берген ұсыныстары бір-біріне ұқсас. Келесі Рсалиева Нұрсәуле 11 ұсыныс берген, оның қабылданғаны - 4, қабылданбағаны – 7. Н.Рсалиева ономастикалық атауларға қатысты өте пайдалы сын-ескертпе айтқан. Алайда жалқы есімдер емлесі бөлек дайындалып жатқанын білесіздер, сондықтан Н.Рсалиеваның ескертпелері бұл емледе емес, ономастикалық атаулар емлесінде қарастырылады. Қалыбаева Қаламқас 14 ұсыныс берген, оның қабылданғаны – 2, қабылданбағаны – 12. Қабылданбаған 12 ұсыныстың көбі кірме сөздерді фонетикалық транскрипцияға салып жазу қажеттілігі туралы айтылған. Бірақ өзі ұсынған мысалдарының ішінде қайшылықтар көп болды. Сондықтан ғалымдар Меркідегі емленің принциптерін өзгертпей, қалдыруды дұрыс деп санады. Саркенова Қарлығаш барлығы 11 ұсыныс берген, оның 8-і қабылданды, 3-еуі қабылданған жоқ. Қарлығаш қырағы көзбен қарап, техникалық қателерге дейін түзеткен. Ол үшін әрине, кешірім сұраймыз. Ерғалиев Қуаныш барлығы 6 ұсыныс берген, қабылданғаны – 4, қабылданбағаны – 2. Қуаныш мырзаның ұсынысы шынымен, осы күнге дейін қаншама ғалымдардың аңғармай, байқамай қалған нәрселеріне арналған екен. Рақмет айтамыз. Келесі профессор Әлімхан Жүнісбек барлығы 3 ұсыныс берген. Алайда нақты параграфтар көрсетілмей, жалпылама жазылған, нақты параграфтардан мысалдар арқылы дәйекті көрсетілмегендіктен, үш ұсыныс та қабылданған жоқ.

Қорыта айтқанда, сіздерге жіберілген емле ережелеріндегі параграф саны 107 болған, ұсыныс ескертпелердің негізінде тағы бір параграф қосылып, 108 болды, бірақ емленің құрылымы мен тараулары сол күйінде сақталды. Назарларыңызға рақмет, сұрақтарыңыз болса, жауап беруге дайынмын.

Е.Тілешов: Анар Мұратқызы, сізге көп рақмет! Құрметті әріптестер, Анар Мұратқызына сұрақтарыңыз болса, қойыңыздар.

Ж.Жақыпов: Менде сұрақ болып тұр, емлеге қатысты ескерту мен ұсыныстарымыздың қайсысы қабылданды, қайсысы қабылданбады, қабылданбауының себебі не? Осыған нақты тоқталып, анықтап айтып берсе, дұрыс болар еді. Жалпылама түрде айтылғандықтан, түсініксіз болып тұр. Тағы бір сұрағым: бүгінгі сараптамадан соң емле жобасы біздерге тағы беріле ме?

А.Фазылжанова: Жантас ағай, өте дұрыс айтасыз! Ұсыныстар не себепті алынбағаны нақты айтылуы керек. Бірақ барлық 95 ұсыныстың әрқайсысына тоқталып отыру көп уақыт алады. Ұйымдастырушылар әр ұсынысқа тоқталуға рұқсат етсе, айтайын. Әр ұсыныстың не үшін қабылданбағанына негіздеме дайын.



Ж.Жақыпов: Емлеге жасаған сараптаманың бәрін жібердіңіздер ғой, мысалы менің *уда-шу, аста-төк, ұрда-жық* сөздеріне қатысты айтқан ұсынысым мен ескертпем бесалты адамда да тұр екен. Яғни бұл сөздердің бөлек жазылатынын Гүлдархан да, Қарлығаш та, Қаламқас та көрсеткен. Бірдей ескертулердің бәрін осылай топтастырып-топтастырып, қабылданбаса, неге қабылданбады, қабылданса не үшін қабылданғанын айту керек. Мына баяндамаңыз тым жалпылама болып кетті.

А.Фазылжанова: Әрине, егер тоқталып айту керек десеніздер айтамын, ұсыныстардың не үшін қабылданғаны, не үшін қабылданбағаны туралы мәлімет тұр. Бірақ ұйымдастырушылардың уақытын аламын ғой, рұқсат берсе, айтып шығайын.

Е.Тілешов: Құрметті әріптестер, мен түсіндім. Былай келісейік. Ұсыныстардың алынғаны, алынбайғанын растайтын мәліметті келесі аптадан қалдырмай Анар бізге жіберсін. Біз оны Орфографиялық топ мүшелерінің бәріне қайтадан таратамыз. Содан кейін Орфографиялық жұмыс тобын қайта-қайта жинамай, екі-үш адамнан тұратын жұмыс тобын құрайық. Сол топ үйлестіріп, жұмыстарды ары қарай жалғастыратын боламыз. Келісесіздер ме? Анар Мұратқызы ертеңнен қалдырмай емлені жіберіңіздер.

А.Фазылжанова: Әрине, жібереміз, барлық мәлімет қолымызда дайын тұр. Енді Жантас ағайға жауап бере кетейінші. Міне, менің қолымда қазақ жазуының кодификациясына қызмет еткен сөздіктер тұр. Мына орфографиялық сөздік 60-шы жылы шыққан, мына сөздік 63-ші жылы, мынау 78-ші, ал мынау 88-ші жылдары шыққан. Міне осымен барлығымыз сауатымызды ашып, жазып-сызып келдік. Одан кейін 2004, 2007, 2013 жылдары шықты. Нұргелді ағай бастаған мамандар осы жұмыстардың басы-қасында жүрді. 60-жылдары Нұргелді ағай қатыспаса да, Рабиға апайымыз сол заманнан бастап күні кешеге дейін осы жұмыстардың ішінде жүрді. Дәстүр сабақтастығы деген бар. Базалық норма мына сөздіктерде берілген. Ғалымдарымыз жаңағы сіз айтып отырған ұрда-жық тәрізді сөздерді базалық нормада қалдыру керек деп шешті.

Қ.Күдерінова: «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» 1977 жылы жарық көріп, олардың фразеологиялық тіркесінің сыңарлары бөлек жазылады дегенмен іле-шала 1978 жылы академиялық сипаттағы орфографиялық сөздік шықты. Сол сөздік кезінде І.Кеңесбаев ағай ол сөздікті көрді. Мысалы сол сөздікте фразеология болып табылатын біраз сөздер бірге жазылып кетті. Мысалы: *арамтамақ, ақжолтайадам, алыпсатар, алаяқадәм, ауызбастырық, ауызбірлік, сужүрек, үйкүшік, шөпжелке* деген сөздер бірге жазылды.

Ж.Жақыпов: Құралай, су жүректі бірге жазсаң, аурудың аты болып кетеді. Мен бұл сөздерді бірге жазуға қарсымын.

Қ.Күдерінова: Фразеологиялық тіркестер енді бірігіп жатқандай, мына реформа кезінде сіздер енді көріп жатқандарыңызға мен таң қалып отырмын. Ол 1978 жылдан басталғанын айтқымыз келеді.

Ж.Жақыпов: Бізден ешкім сұраған жоқ. Өздеріңіз кабинетте отырып, жаза салдыңыздар.

Қ.Күдерінова: Фразеологияны бөлек жазу деген сөз – сыңарларының мағынасы экспрессивті поэтикалық мағынасын сақтап тұрғандарды бөлек жазуға болады. Олардың экспрессивті поэтикалық мағынасы төмендеген сайын, олар наменативтік сипатқа ие болады, наменативтік қызмет атқарады. Сіз оның барлығын қазір бөлек жазып бергенменен де, ертең қоғамда бұл сөздер бәрібір бірігеді. Біз сөздерді бөлек жазып келдік, тырысып бақтық. Соңында не болды?!

Ж.Жақыпов: Әңгіме басқа ғой. Жазу тілдік бірлікті жазады.

Қ.Күдерінова: Бұл дау бәрібір шешілмейді. Гүлдархан апай, сіз фразеолог маман тұрғысынан айтып отырсыз, ал бұл жазудікі.



Е.Тілешов: Әріптестер, бір-бірімізді тындайық. Біріміз сөйлейік, біріміз тындайық.

Н.Уәли: Мен бірауыз сөз айтайыншы. Жантас мынандай құр таласыңды қой, қарағым. Ол бірнеше жылдан бері жазылып келе жатқан нәрсе. Сол мәселені кезінде неге көтермедің?! Неге көтермедіңіздер?! Фразеологияда С.Кеңесбаевтың жасаған сөздігінде, мен білемін, басы қасында болғанмын. Әуелде «бәрін бөлек жазу керек» деген, ол біріккен сөздердің барлығына қарсы болған. Егер сөз жеке қолданылатын болса, ол ешқандай бірікпейді. Мысалы, баспа сөз – «баспа» деген ол жеке, «сөз» дегеніміз жеке, «оларды біріктіруге болмайды» деген. 1973 жылы алғаш шыққан академиялық сөздік осындай бағытта кетті. Одан кейін Балақаев деген профессор келді. Гүлдархан да содан оқыдыңыздар. Сол кезде неге осыған қарсы шықпадыңыздар?! Егер Жантас ұр да жық сөзіне ұрдажықтық дегенді қосыңызшы, не болады сонда?

Ж.Жақыпов: Онда зат есім жасалады да, сөз бірге жазылады.

Н.Уәли: Таласа берудің қажеті жоқ, ақылға салыңыздар. Астатөк сөзі де солай. Бұл асып төгіп таста деген сөз емес. Бөл сөз бірігіп кетеді. Ұр да жық деп жазылмайды. Алдыңғы сөзге бірігіп, бір екпінде болады. Екпін мәселесіне қараңыздар. Сондықтан біз мұны базалық норма ретінде айттық. Орфография бізде негізгі әліпби мәселесіне арналуы керек. Орфографияны баяғыда жөндеулеріңіз керек еді. Ұсыныс жасауларыңыз керек еді. Соны неге баяғыда жасамадыңыздар?! Біз қазір әліпбиден шығып кетіп, орфография жасап отырмыз. Біздің әліпби комиссиясы тізілген әліпбидің орфографиялануы. «Бірге жазу, бөлек жазуды» емес, бөлек жазудың өзінің дәстүрі бар, бірге жазудың өзінің қалыптасқан нормасы бар. Осыған тоқталыңыздар.

Ж.Жақыпов: Алдыңғы ұрпақтың жансақтығын, кейінгі ұрпақ түземесе, не ол?!

Н.Уәли: Жоқ жерден, мынандай дауды көтермейік. Оны осы уақытқа дейін айту керек еді.

Е.Тілешов: Нұрғелді аға, пікіріңізге рақмет! Алдаш Айманкүлге сөз кезегі беріледі.

А.Алдаш: Құрметті әріптестер! Аман-есенсіздер ме? Жағдай былай: ас та төк, ұр да жық туралы осы емле ережелерін талқылау барысында біз көп айтып келе жатырмыз. Мен үш нәрсеге назар аудартқым келіп отыр. Біріншіден, мен өз тарапымнан мына «Қазақ әдебиеті» газетіне подписка жасаймын. Сол подпискада осы ұр да жық, у да шу, ас та төк деген сөздердің жазылуын ылғи санап жүрдім. Кез келген әңгімелерден, көркем очерктерден осы алдыңғы екі сөз еш уақытта бөлек жазылған жоқ, ылғи бірге жазылып жүр. Бұл бір мәселе. Екіншіден, бірге және бөлек жазылатын сөздерге байланысты мынандай мәселені айтқым келеді. Бірігу процесі деген бар. Біріккен сөз категориясын жоққа шығармаймыз, ал сол біріккен сөз бірден бірікпейді. Ол алдымен шынында тіркес түрінде болады. Сол тіркестің әрі қарай жазуда градациясы болады, орфографияланудың сатылану үдерісі жүреді. Әуелі тіркес болады, ол тіркес бірте-бірте дефис түрінде жазылуы мүмкін. Ол тіркес жазуда орфографиялық вариант жасауы мүмкін. Бірде бөлек, бірде бірге, бірде дефис арқылы. Сөйтіп жазу практикасы ол сөзді бірте-бірте реттейді. Ахмеди Ысқақовтың арғы жағында Құдайберген Жұбановтың, Рабиға апайдың еңбектерін қарасақ, сол еңбектерде жазу дағдысы, жазу тәжірибесі деген терминдер бар. Құралай Күдерінова жазу дәстүрі деген терминді қолданады. Демек, бұл жазу дәстүрі бірте-бірте осындай сөздерді сатылану үдерісінен әкеліп, бірте-бірте тіркестерді біріктіре бастайды. Мәселен, құрметті әріптестер! Ахмет Байтұрсыновтың еңбегінде «соқыр теке, киіз құйрық» деген сияқты атаулар бөлек жазылған. Ол кісі біріккен сөздердің мәселесіне мән бермегенімен, өзінің мектеп оқулықтарына арнаған еңбектерінде бұл сөздерді бөлек жазған. Ал қазір біз оларды осылай екен деп бөлек жазбаймыз. Өйткені, алдында ғалымдар айтқандай, жазу тәжірибесі, жазу практикасы, жазу дәстүрі, жазу дағдысы 4-5 ғалымның пікірін



айтып отырмын. Қайталап айтамын, мен өз тарапымнан Қапшағайда да, Меркіде де осы мәселе айтылғандықтан, бір жағынан қызығушылықпен, өзім осы біріккен сөздердің мәселесімен ептеп аналысамын. Сонда мен «Қазақ әдебиеті» газетінен әбден қарадым. Қайталап айтайын, құрметті әріптестер! Фраза болса, болған шығар. Фразалық тіркес бөлек жазылады. Бірақ, осы қазіргі жазу дағдысы, жазу дәстүрі, жазу практикасы бұл сөздерді ешқашан бөлек жазбай келеді. Ертең біз осы жазу дағдысы, жазу практикасын бұзып, қайтадан бұл фразалық тіркес еді деп ережеге кіргізетін болсақ және осыны мойындату жөнінде насихат жүргізетін болсақ, біздің жазуымызда үлкен ала-ғұлалық пайда болады. Сондықтан, біріккен сөздердің жасалу процесінде үдеріс жүріп жатады. Бұл әуелі тіркес күйінде пайда болады. Ол тіркес содан кейін түрліше орфографиялануға ұшырайды. Сөйтіп оның біреуінің қолданылу жиілігі артады да, сол артатын жиілік жазуда орнығады. Базалық норма деп отырғанымыздың бір жағы осы. Сондықтан, Сіздер қазіргі мына жазу практикасына қараңыздар. Егер Сіздер айтып отырғандай болатын болса, онда ала ауыз, ала аяқ деген сөздерді кірігіп бара жатқан біріккен сөздерді бөлек жазуымызға тура келеді. Соңғы айтайын дегенім, бұл мәселені бірнеше рет Жантас мырза, құрметті әріптестер, Сіздер айтып жүргеннен кейін осы жазу мәселесімен айналысатын емлеге жауапты адам болғандықтан біз назардан тыс қалдырған жоқпыз. Кімдігі дұрыс екендігін объективті түрде қарадық. Осы объективтіліктің себебі, жазуға кірудің себебі осы. Тіпті біздің кейбір әріптестеріміз, ұр да жықты бірге жазайық деген ұсыныстар айтылып жатыр. Оның себебі бар, арғы жағында өзегі болып тұр. Өйткені бұл жазу практикасына қарай кетіп бара жатыр. Міне осындай жағдайды ескергендіктен, бұл орфографиялық ереженің құрамына осы сөздер осылай беріліп отыр. Міне, менің айтайын дегенім осы. Емле ережелерінің осы пунктіне келгенде, мен осы пікірімді ұстанамын. Рақмет!

Б.Момынова: Менің дефиске бір ауыз пікірім бар. Дефистің бірнеше қызметі бар. Сөзді айыратын және сөзді біріктіретін қызметі. Жантас ағайлар айтып отырған проблема үш-төрт сөзге ғана қатысты емес. Бірде, бірге-де қатысты. Ол жерде де дефиспен жазуға қарсы болған пікірлер бүгінгі ғылыми-кеңестің отырысында талқыланды. Мен о баста ұр да жыққа да, аш та жапқа да қарсы болғанмын. «Да» сөздерді жалғастыратын жалғаулық шылау ретінде қарағанмын. Әрине, сол кездері мен Жантас ағайларды қолдаған болатынмын. Кейіннен ойлана келе, аш та жап, ұр да жықтардың барлығы негізінен жазудың әсерінен, сөйлеудің әсерінен, жалпы тіркесімділіктің әсерінен негізгі қызметі анықтауыштық қызметке көшкен екен. Мысалы, *ұр да жық адам*. *Ұр да жық* жеке айтылмайды, көбінесе *адаммен* тіркесіп айтылады, яғни қызметі даму барысында өзгерді деуге болады. *У да шу* сияқты сөздер 60-шы жылдардағы орфографиялық сөздіктерде *ұр-да жық*, *у-да шу* түрінде жазылған екен. Кейіннен *у да-шу*-ға көшкен екен. Сонда, белгілі бір процестің жүріп жатқаны рас. Дефистің бұл жердегі қызметі, қарасаңыздар, бөлек жазылатын сөздер ақырындап бірігіп жазылуға көшіп бара жатқанын көрсетеді. Ондай бірігуге ұмтылып жатқан сөздерді жинап мен қарастырдым. Сонда *ізім гайым*, *аш та жап* деген сөздердің бірігуге қарай, тіпті көптеген қаламгерлердің еңбектерінде олардың бірігіп жазылғанын байқауға болады. Мен мұндай сөздерді біріктіріп жазуға бейіммін. Қолдаймын. Әрине, грамматиканы мен жақсы білемін. Бірақ, жазудың практикасы сондай болғаннан кейін біз қайда барамыз енді. Мұның екінші зиянды жағы қайсы. Бұл фразеологизмдердің тағы да іріктелуін, тағы да фразеологиялық сөздіктің жанартылуын талап етеді. Әрине, фразеологизммен айналысатын адамдар, сөз тіркесімен айналысатын адамдар бұл сөздерді біріктіріп жазуға қарсы. Себебі, фразеологизм деп жүрген сөздердің көбі өзінің қызметін сөз табы ретіндегі және лексикалық топтағы өзінің қызметін ауыстыра бастағаны көңілдеріне жақпайды. Бұл кісілердің айтатын уәжі не? Мысалы, аш та





жап сөзі. Екі қимылды білдіреді. Сондықтан мұны біз шылау ретінде қалдыруымыз керек дейді. Практикаға көп көңіл бөлулеріңізді сұраймыз. Рақмет!

Е.Тілешов: Бағдан апай, рақмет! Шынында да, ойланатын нәрсе екен.

Қ.Қалыбаева: Бұл шынында да бітпейтін мәселе.

Н.Дәуешев: Құрметті әріптестер! Кешірім сұраймын. Бүгін бір өте өзекті талқылау болып жатыр. Аяқ астынан іссапарға кетуім керек болып тұр. Жұмыстарыңызға жеміс тілеймін.

Е.Тілешов: Рақмет, жолыңыз болсын!

Қ.Қалыбаева: Меркідегі айтылған пікірлер қайтадан қайталанып отыр. Бірақ Емле ережесі жазудың сауаттылығына арналғандықтан, фразеологизмдер бөлек жазылады деген тарау тұр ма? Қарапайым халық тек соған қарайды. Ал, Айман, Бағдан апайлар бекітілген емле ережесін білетін адамдар. Соған салып, туралап жазған. Ал қарапайым google-ға салып тексерсеңіз, *ұр да жық* сөзі неше түрлі формада тұрғанын көресіз. Мұның өзі нені көрсетеді? Мұның өзі осы ереженің әлі қалыпқа түспегендігін көрсетеді. Ал, бағанадан бері айтылып жатқан жазудың дәстүрін сақтау, осыны көп айтып жүрсіздер, ол дұрыс нәрсе. Бірақ, біз латын әліпбиіне көшкен уақытта, осының тұжырымдамасын жасаған Нұргелді ағайдың өзі айтқан бір цитатаны айтқым келеді Сіздерге. Біз *дәстүр, дәстүр* деп дәстүрді сақтайтын болсақ, біз бұрынғы жолмен кете де беруімізге болатын еді деген. Бұрынғы жолмен кете беретін болсақ, онда біздің әріп ауыстыруымыз арқылы қалай біз рухани жаңғырамыз деген ағаның сөзі бар. Нұргелді ағай, бұрыннан бері неге айтпадыңыздар деп отыр. Бұл бұрыннан айтылып жүрген мәселе. Ал қазіргі кезде мұның өзекті түрде көтерілуінің себебі, латын әліпбиіне көшкен кезде, бұрынғы кем-кетігімізді түгендеп алайық деген ұстаным болды ғой. Сол себепті бұрынғы сөздіктерде осылай екен деп, оны ұстаным ретінде қолданудың керегі жоқ деп ойлаймын. Ол сөздіктерде де кеткен кемшіліктер бар. Соларды қайта реттеп алсақ. Себебі, бұл екі ұштылық жалғаса береді. Бұрынғы қателер, қате болып қала береді. Қаншама адам осыған қарсы, ал бірақ Сіздер бой бермейсіздер. Мәселе тек бір сөзде ғана емес. Бұл модель ғой. Фразеологизмдер бөлек жазылады деген түсінікті ғой. Болды. Нақтылықты сақтау керек. Осы жағын да ойланайық. Тыңдағандарыңызға рақмет!

Е.Тілешов: Рақмет!

А.Фазылжанова: Кешіріңіз, «қаншамама адам қарсы» деген репликаға пікірімді айтайыншы. Бұл ұр да жыққа қарсы адамдардың санынан гөрі, оның бірге жазылуын қолдайтындар көп. Оны дауысқа салсақ болады. Бұл мәселе бойынша қаншама сынама-сауалнамалар жүргізілді. Сонда бір таңғаларлығы, мектептің мұғалімдері мен оқушылары бұл орфограмманы жақсы білетін болып шықты да, керісінше біздің филолог, лингвистердің арасында ол орфограмманы білмейтіндердің саны көп болып шықты. Негізі, лингвистер, материалдармен жұмыс істеуі керек. Жұрттың санасында бұл орфограммалар осылай қалыптасып қалды. Жантас ағай дұрыс айтып отыр, фразеологизм, синтаксистік құрылым деп отыр. Бірақ, бұл сөздер басқа сөз табына өтіп кеткен, сондай мағынадағы дефразеологизацияланған бірліктер деп танымын. Менің пікірім осындай, рақмет!

Ж.Жақыпов: Мұғалімдердің жазуына байланысты бір пікірімді айтып жіберейінші. Өйткені 2010-2013 жылдардағы сөздіктерде солай жазылды ғой. Олар сол сөздіктерге сүйенеді. Мұғалімдер ол сөздіктерді заңдай көреді. Демеулік еш уақытта бірге жазылмайды. «Да» бір рет қолданылса, демеулік болады. Екі рет қолданылғанда жалғаулыққа көшіп кетеді. Рақмет!

Н.Рсалиева: Осыған байланысты мен өз пікірімді айтайын. Ағылшын тілінің тәжірибесінде осы дау-дамай былай шешілген. Ұр да жық сөзін жазғанда, үш сөздің ортасына





да дефис қойылады. Анықтауыш пен анықталғыш қарым-қатынасты осылай реттей қояды. Мысалы, ұр да жық адам болса, морфологиялық теңдікті сақтау үшін бұл сөздердің арасына дефис қойылады.

Қ.Қалыбаева: Ағылшын тілінің жүйесі басқаша ғой, Нұрсәуле. Ол кіріккен тіл. Ол өзі солай қысқара беретін тіл ғой. Оның құрылымы мен жүйесі мүлдем басқа.

Е.Тілешов: Сізге рақмет! Енді тәуелсіз сарапшыларға сөз берейік. Алғашқы сөз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, белгілі ғалым Г.Н.Смағұловаға беріледі.

Г.Смағұлова: Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! Сіздерге көп рақмет! Емле ережесімен танысып шығып, пікірімізді жолдаған болатынбыз. Осы жолы да сіздерге айтайын деп отырғаным, әріптерге қатысты 3 (үш) жерге ескертпе жасадым. Енді Қазақ әліпбиінің өзіне келейік. 31 әріп және С, W, X әріп таңбалары цитаталық принциппен жазылатын шетгілдік сөздерде қолданылады деген қыстырма қоса берілген. Дәл осының қажеттігі шамалы. Ескертулерге жіберілу керек. Түп негізін сақталатын Coca-Cola т.б. сөздер онсыз да көзге әбден жатталып қалған. Көз шалыммен сақталып қалғандар ғой. Сондай-ақ бұрыннан қалыптасқан рет жүйесін дұрыс сақтамаған. Zz - 3 әрпі 31 орынға жайғасқан. Ары қарай әңгіме осы әліпбидегі диактрикалық таңбалар туралы. Жана әліпбиде ежелгі грек грамматистері қолданған және әлем тілдері әсіресе, роман-герман тілдері осы күнге дейін кеңінен қолданып жүрген диактриктерден қазақ әліпбиіне мына төмендегі түрлерін алыпты. Олар:

Диерезис (умлаут) жіңішке дауыстыларға; ä Ö – ә, ө...

Макрон - Ū ū – Ұ

1. Циркумфлекс түрлерін §9 параграфта уі (ый), іі (ий) дыбыс тіркестері сөздің барлық шенінде і әрпімен жазылады: *iman, tiyn, sia, ġylymi, baiidy; igulik, kim, kino, mädeni, keiidi.*

Е с к е р т у. уі (ый) дыбыс тіркесі тек *суі* (сый), *туі* (тый) түбірлерінде және олардан туындаған сөздерде жазылады: *суі, суіlyq, суіymdylyq, суіu; туі, туіym, туіyly, туіu.* Осы ескертудегі уі (ый) дыбыс тіркесі тек *суі* (сый), *туі* (тый) түбірлерінде деген мысалдарға *туі* (мый) сөзін қосу керек деген ұсыныс бар екен. Бұл ұсынысты талқылай келе қолдамайтын пікірлер көп болды. Сондықтан бұл мәселені алдағы уақытта Орфографиялық жұмыс тобымен бірге шешейік.

2. § 26 параграф бойынша «Кейбір мысалдарды берудің қажеті жоқ, өйткені ол мысалды жазғанда жұртшылық қате жібере қоймайды» деген екен. Бірақ, ол жердегі мысалдар өзінің құрамындағы шылаулардың бөлек жазылатыны туралы айтылды. Бәлкім Гүлдархан апай байқамай қалған шығар. Мәселен, *да, де, та, те* шылаулары бөлек жазылады десек, әр мысалға бөлек-бөлек жазып көрсетуіміз керек. Сондай-ақ ол мысалдар, әдетте күнделікті коммуникацияда жазарман үшін танымал мысал болуы керек. Сондықтан осы ескертпені қабылдамадық. Енді ұр да жық пен ас та төктің мәселесіне тоқталмаймын. Ол жөнінде талқылап өттік.

3. §53 параграфта «Кісі есімдеріне байланысты таныс славян есімдері: *Lüdmila, Lйbov* т.б. тоқталып өтсеңіздер» деген. Ол ойыңыз өте дұрыс. Басқа ұлт өкілдері есімдерінің жазылуын жұртшылық білуі тиіс. Алайда бұл қазақ тілінің емлесі болғандықтан және Ономастикалық атаулардың жазылу ережесі бөлек ұсынылатындықтан (Анықтамалық) тоқталмадық. Қазіргі уақытта Тіл білімі институты Кісі есімдеріне байланысты анықтамалықты дайындап отыр.

4. §78 параграфта «ә әрпі е әрпімен жазылады: *element, elevator, elektr.* Бірақ сөз соңындағы оә әріп тіркесі *oi* түрінде беріледі: *aloi, kanoi, arnoi.* Осы келтірілген соңғы





үш мысалды айтылуына қарай беріледі десек болады» деп айтқан екен. Біз шет тілдік сөздерді жазған кезде халықтың бірден қабылдауына ұғынықты болып кететін осындай сөздердің дыбысталуы бойынша наразылық тумайтын сөздерді сұрыптап бердік. Ол үшін «Тіл-Қазына» орталығы сауалнама да жүргізген болатын. Сауалнамаға қатысты түрлі пікірлер де айтылады. Бірақ, қазіргі жазарманды да ойлауымыз керек. Сол себепті бұл ескертпеңізді қабылдай алмадық.

Енді VIII тарау бойынша КІРМЕ СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ. «Болашақта жас буын осы ережеге сәйкес жазады. Өз басым латын графикасымен сыныптағы жазуын бастайтын жас буын үйренеді, үйретеді деген сенімдемін» деген. Осы сеніміңіз үшін рақмет! Бұл жерден Гүлдархан апайдың VIII тарауды қолдағанын байқаймыз. Бұл жерде кірме сөздер кирилдегідей жазылмайды. Бірақ осының өзін әлі жеткіліксіз деп отырған әріптестеріме ауыздан қалай естіледі, солай жазып кете алмаймыз дегенді ескертіп айтқым келеді. Өйткені олардың ауызша тілдегі орнығып қалған *aloi*, *kapoi сияқты* моделдері жоқ екен. Гүлдархан апайдың ұсыныстарына айтарым осы.

Келесі сарапшымыз – Бекен Сағындықұлының сараптамасына жауап берсем. Ол кісі 15 ұсыныс берген екен. Оның 1 (біреуін) қабылдап, 14 (он төртін) қабылдамадық. Ең алдымен Емленің атын өзгертіп бергені үшін Бекен мырзаға алғысымызды білдіреміз. Біз үшін ескертпенің ішіндегі үлкен ескертпе болды. «Латын графикалы» деген сөзді қолданбай, «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле ережелері» деп берген абзал деген екен. Сіздің осы ескертпеңіздің арқасында Емлеміздің атауы біраз шұбалаңқылықтан арылды. Мысалы, I Тарау бойынша *şaineк* деген сөздегі *ä* әрпі жазылады дегеннің орнына «Ал екінші буыны жіңішке дауыстыдан болатын болса, түбір сөзде *ä* әрпі сақталады» деген. Алайда ол жердегі «*ә*» екінші буынның жіңішкелігіне байлаулы емес екенін дәлелдейтін тілдік фактілер өте көп болып шықты. Сондықтан біз мұны ережеге арқау ете алмайтындығымызды айттық. Себебі, біріккен сөздердің екінші буыны жіңішке болғанмен, түбір сөздегі «*ә*» бәрібір сақталмайды. Мысалы, *майсөк* сөзіндегі екінші буынның жіңішкелігінен «*ә*» жазылып тұрған жоқ. Бекен ағай II тарауды толығымен қолдаған екен. §34, 35, 36 параграфтағы мәселені бөлек жазылатын сөздерге апару керек дегенсіз. Сөздердің бірге тұлғаланып тұрғанына келіспегенсіз. Біз осыған қатысты біраз талқыладық. Ғылыми кеңесте ортаға салдық, сондықтан біздің ғалымдарымыз бұны қабылдай алмады. Бұл сөздердің бірігу үдерісі дәл бүгін, дәл биылғы жылы басталып отырған жоқ. Бағана ол үдеріс туралы, сөздердің бірге тұлғалану үдерісі туралы біздің ғалымдар жақсы айтты. Сол пікірді сіздің ұсынысыңызға қатысты ғылыми кеңесте айттық. §44 параграфтағы араб, рим цифрлары деп бөлектемей, осы араб цифры болса да, рим цифры болса да одан кейінгі сөзді жалғағанда оны дефис арқылы жазайық деп ұсыныс айтқан екенсіз. Ол жерде дефис санның реттік сан есім екенін көрсетеді, сондықтан рим цифрынан кейін дефис жазбау деген ережені жөнде деген екенсіз. Жалпы бұл дефистің мәселесі өте қызық. Егер назар аударсаңыздар, біз дефис деген кезде мынау қарапайым жұртшылықтың санасында орныққан бір ғана концептіні ұстап аламыз. Ол қос сөздерді таңбалау немесе сан есімнің реттілігін білдіру деген. Бірақ дефистің функциялары өте көп жазылды. Ал енді бұл рим цифрына қатысты келген кезде дефисті неге жазбаймыз деген кезде біз әлемдік стандарттарға сүйендік. Жалпы рим цифрының өзі реттілікті білдіреді. Рим цифрын білдірмейтін контексте ешқашан қолданылмайды. Рим цифры тұрған жер ол реттілікті білдіріп тұр деген концептімен байлаулы. Сол себепті бұл жерде Бекен мырза өзіңіз жақсы білесіз ғой «избыточность» деген бар бірінен-бірі қайталап, артық ақпарат беріп жазуды күрделендіреді деп біздің ғалымдарымыз бұл ұсынысыңызды қабылдай алмады. §49 параграфта «өлеңнің әрбір жолы» тіркесін алып





тастау керек, біз былай айтқанбыз: «өлеңнің әрбір жолымен жаңа сөйлем бас әріппен жазылады». Емледе берілген ғой. «Өлеңнің әрбір жолы» дегенді алып тастау керек, себебі сөйлемді екі үш жолмен беруде өлеңде сондай үрдіс бар деген екенсіз. Өлеңнің конструкциясында бас әріптің функциясы жаңа синтаксистік сөйлемді бастап тұру керек деген қызметті атқармайды. Себебі өлеңнің конструкциясында ол жеке жолды бастап тұрма, ол бас әріппен жазыла береді. Сондықтан біз осы білімдерді ескере отырып, Сіздің бұл ескертпенізді қабылдай алмадық. §54 параграфтағы -ова,-ева дегенді алып тастау керек деген ұсыныс айтқан екенсіз. Себебі -ов, -ев бар дегенсіз. Алайда -ов, -ев-ке жалғаулардың жалғану ережесі басқашалау. Ал -ова, -ева ол -ов, -ев-тегімен бірдей емес. Олар өздерінің алдында тұрған қазақтың төл буыны жуан-жіңішке болса да -ова-дағы а мен үйлесімді түрде жуан жалғанады, сондықтан бұл ережені міндетті түрде жазарман іздейді. Оны ала алмаймыз. §70 параграфтағы АҚШ-қа, БАҚ-тың, ЖАК-қа болып жазылады деген бөлікті алып тастау керек деген ұсыныс айтқансыз. Бірақ бұл жерде мысалы ТМД деген сөзді қысқартқан кезде, оған жалғанатын жалғаулар оның құрамындағы әріптерден кейінгі дауысты дыбыс айтылып жалғанады. Мысалы, ТМД-ның, ал енді АҚШ-ға емес. Сондықтан да біз бұны бірақ деп ережеден ескерту ретінде бөліп жұртшылықтың өзіне АҚШ-қа деп Ш-ның өзіне барып жалғанады. Одан кейінгі дауысты дыбыс онда ол АҚШ-ға болу керек еді. Мысалы, БАҚ-қа емес, БАҚ-ға болу керек еді. Бірақ БАҚ-ға болмайды, қазір бұл дәстүр мықты орнығып қалды. Бүкіл империкалық материалды қарасаңыз, бұдан ауытқитын бірде-бір мысал таппайсыз. Сондықтан біз ережеде бұны айқын көрсеттік. Сіздің ұсынысыңызды сол себепті де ала алмадық. §74 параграфта бірқатар кірме сөздер қазақ тіліндегі дыбыстардың үндесіміне сәйкес жазылады деген пікір сол жердегі *бірқатар* деген сөзді алып тастау керек деген екенсіз. Кірме сөздер қазақ тілінің үндесіміне сәйкес жазылады деп беріңдер дегенсіз. Шыныменде ол рас, өте жақсы болар еді бірақ біз жұртқа өтірік айта алмаймыз ғой. Шеттілдік сөздің барлығы да қазақ тілінің үндесіміне сәйкес жазылмайды ғой. Сол себепті біз ол жердегі бірқатар деген сөзді алмадық. §75,76, 77, 78, 81, 82 параграфтағы кирилл әріптері болмаса, оны емлеге қалай алдыңыз дегенсіз. Бұл өте орынды сұрақ. Ұлттық емле ережелер, ұлттық әліпби болған соң, ол ешқандай да басқа тілдің әліпбиіне, басқа тілдің емлесіне арқа сүйеіп немесе табан тіремеу керек. Бұл дұрыс. Біз соған келе жатырмыз. Себебі біз егер қазір сіздің ойлағаныңыздай, біздің армандағанымыздай бұл әріптерді көрсетпейтін болсақ, қалың жазарманның біз қазіргі жағдайын ескермеген болып шығамыз. Өйткені барлық жазарман олар тіл мамандары емес, қарапайым мынау чиновниктен бастап етікшіге дейін олар кирилл санаға әбден кирилл әріптеріне үйренген. Ертең емледен осы әріппен келетін шеттілдік сөздерді қалай жазамын деп іздейді. Сіз айтқан принциппен де емле түзіп көргенбіз. Осы жерде әріптестеріміз отыр. Бірде-бір кирилл әрпін алмай, оны жұртқа таныстырған кезде жұрттың бәрі оны түсінбеді. Бұл аралық екенін сіздерге ескертеміз. Бұл – аралық емле ережелер, бұл – аралық кезең. Бірақ бір графикадан, екінші графикаға көшу жазарман санасы үшін оңай процесс емес. Сондықтан біз аралық кезеңді қамтамасыз етіп беруіміз керек. Ол біздің ұлттық әліпбиге көшуімізге негіз болады, себеп болады. Сол себепті, Бекен мырза, біз ю әрпінің емлесі, щ әрпінің емлесі, я әрпінің емлесі деген параграфтарды амалсыз қосып отырмыз. Аралық кезеңнен өткеннен кейін қалың қазақ жазарманы латын әліпбиін меңгеріп, қазақ сөздерінің мәтін ішіндегі латын тұрқын көзшалымына дағдыландырып жаттап алғаннан кейін бұл емлелер өздігінен ережелердің тінінен түсіп қалатын болады. §102 параграфты алып тастау қажет деген ұсынысты біз қабылдай алмадық. Бұл §102 параграф құрамында у және и әріптері бар дыбыстарды емес, әріптері бар сөздердің тасымалына қатысты. Нак





осы мәселені бүкіл мектеп мұғалімдері іздейді, оқушылары да іздейді. Сондықтан біз сіздің ұсынысыңызға келісе алмадық. «Ескерту» және «бірақ» деген құрылымдардың ереже конструкциясында болмағанын қалар едік» деген өте сыпайы ұсыныс айтқан екенсіз. Әрине оны бізде қалар едік. Бірақ тілдің өзі тірі табиғат болғандықтан, тілдің жазуы да соны проекциялап көрсететіндіктен жазуда ешқашан бір қатып қалған ережелердің ғана жиынтығы болмайтынын сіз жақсы білесіз. Және де осы біздің жазу кодификациясын Байтұрсынұлынан бастаймыз ғой, дегенмен осы заманауи жазу кодификациясының негізін қалаған Рабиға апайымыз: «Ескертпесіз ереже – ереже емес, ол догма» деп ылғи айтады. Және атақты орыстың Тони деген адвокаты: «ескертпесіз заң – заң емес» деп айтады. Қызық, олардың пікірі сәйкеседі деген осыдан шығады. Ескертуді біз көрсетпейтін болсақ, жазарман ол ережеге бағынбайтын тұстарды анықтай алмай қалады. Сондықтан біз осы ескертпеңізді қабылдай алмадық. Енді үшінші сарапшы Базарғалиева Баян Теміржанқызы сіздің мынау практикаңыз өте мықты екені байқалды. Біздің ғалымдар кеңесі мүшелерінің атынан сізге зор алғысымызды білдіреміз. Себебі сіз өзіңіздің ұсынысыңызда әрдайым Рабиға апайдың анықтағышына апелляция жасап, сүйеніп отыратыныңызды байқадық. Бірақ сіз айтқан ұсыныстың тек екеуін ғана қабылдадық. Қазір неге екенін айтайын. §2 параграф бойынша ё әрпінің орнына ө әрпі таңбаланады дегенге түсіндірме қосу деген екенсіз. Біз мұндай ереженің конструкциясындағы сөйлемдерді өзгертуге негізі қарсымыз. Өйткені ереже неғұрлым қарапайым тілмен қысқа конструкциялармен берілу керек және бұл стандарт тек қана сіз айтып отырған осы параграфта емес, ереженің барлық параграфында сақталды. Егер біз осы ұсынысыңызды қабылдасақ, онда бүкіл ереженің барлық параграфтарында осы конструкцияны өзгертуге тура келер еді. Сол себепті бұл ұсынысыңызды ала алмадық. Себебі §2 параграф а,ә,о, ө әріптері сөздің қай шенінде жазылуына қатысты ереже. Ё әрпіне қатысты ереже кірме сөздер тарауында арнайы көрсетілген. Жоқ біз бұны кірме сөздер де міндетті түрде көрсетуіміз керек. Бұл қазір аралық кезеңде өте қажет. §4 параграфта езулік дауыстылар дегеннің орнына ы,і,е әріптері жазылады деп нақтылау қажет деген пікірді де қабылдай алмадық. Өйткені бұл жерде езулік дауыстылар дегенің өзі онсызда түсінікті ғой ы,і,е деп езулікті санамалап бермедік. Онда ереже біз айтқан стандарт бар ғой, сол стандарттан шұбалаңқы болып оқырман мазмұнын түсінуде ой бөлініп мазмұнын дұрыс түсіне алмай қалады. Және академиялық ережеге сәйкес келмей қалады. Оның үстіне терминдер бөлігінде езулік дауыстыларға берілген анықтамаларда ы,і,е дыбыстары екені айқын көрсетілген. Мәселен, мынау біздің алғы сөзден кейінгі тұрған емленің бөлігінде дауысты дыбыстарды нақты көрсетіп қойғанбыз, сондықтан бұның басы-артық деп санадық. §5,6,7 параграфтар нақты жеткізілген деп емлеші мамандарға осындай қолпаш білдірген екенсіз рақмет. Осы қолдағаныңыз үшін алғыс айтамыз. §9 параграфқа сәйкес байиды, кейиді дыбыс тіркесі туралы айтылмаған деген пікіріңіз өте орынды болды және өте маңызды болды. Сол үшін сізге зор алғысымызды айтамыз. Сіздің арқаңызда §107 параграфтан тұратын емле §1 параграфқа байиды. Осы байиды, кейиді деген сөздердің емлесін арнайы параграфта ашып түсіндіріп бердік. §17 параграфқа сәйкес ауыл сөзінің жазылу емлесін нақтылау қажет деген пікір білдірген екенсіз. Бұл жерде біз ауыл сөзін мысалға берген жоқпыз, өйткені ауыл сөзінің өзі контексте екі түрлі жазылатын жерлері бар ма сондай бір кілтипан шықты. Екіншіден, сонор дыбыстардың алдындағы қысаң дауыстылар барлық жағдайда түспейді екен. Бұның барлығын біз анықтағышта көрсетеміз деп ойлап отырмыз. Анықтағышта міндетті түрде айтып отырған ауыл сөзі беріледі. Анықтағышта тура осы ереже сияқты жалпақ жұрттың қолына таратылады. Енді қараңыздаршы, құрметті әріптестер, неге осы жерде осы мәселені айтпайсыздар дейсіздер ғой. Се-





бебі біз арнайы осы мәселені зерттедік. Мысалы, кырық-қырқы, орын-орны дегендегі ы-лардың түсіп қалуының бір стандарты жоқ екен. Орын дегендегі р мен н-ның ортасындағы ы түседі деп жазайық десек, оның түспейтін сөздерінің қатары да көп екен. Сондықтан біз бұны арнайы анықтағышта кәдімгі тәптіштеп тұрып түсіндірейік дедік. Ал ереженің форматына бұл сыймайды. Енді қосымшалардың жалғануы тарауына етістікке көсемше жұрнағының жалғануы мен тұйық етістік жұрнағының жалғануына қатысты ереже қосылуы қажет деген екенсіз. Қабылданған ұсынысыңыз осы. Шынымен де бұған байланысты ережеде параграф бар, сол параграфты біз міндетті түрде осы ұсынысыңыз бойынша толықтырамыз. Енді жетінші бөлек жазылатын сөздер емлесіндегі ережелердің берілу тілі түсінікті, мысалдар қатары жеткілікті. Ескертулермен толықтырылып нақты жеткізілген деп бағалап, барды бар деп көрсеткеніңіз үшін көп рақмет. §33 параграфта әртүрлі бөлек жазылғаны дұрыс депсіз, бірақ сол §33 параграфты қарасаңыз -әр, -бей осы тектес сөздер сын есімдер бірге жазылады деп тұр. Осы «әртүрлі» дегендегі «түрлі» деген сөз сын есім бұл ережеге сәйкес тұр. Және әртүрлі деген сөзді біз бөлек жаза алмаймыз. Себебі ол бір ғана мағынаны білдіреді және ол бірге жазу дәстүрі әбден қалыптасқан. Сондықтан бұған ғалымдар келіспеді. §26 параграфта ұрда-жық мәселесі. Ол туралы біз айттық. §47 параграфтағы актив жұмсалмайтынына байланысты ережені алып тастау пікірі айтылған екен. бірақ біз бұған келіспейміз. Актив жұмсалатын, жұмсалмайтынына қарай ереже жасалмайды. Ереже орфограммаларға қарай жасалады. Жазарман мына жерде қиналады-ау, қайсысын жазамын деп ойланып қалады-ау деген мәселеде біз ереже жасаймыз. Бас әріп емлесі, қысқарған сөздер емлесінде ережелердің берілу тәртібі ұғынықты, жақсы берілген деп ойыңызды білдіріпсіз. §78 параграфта -оэ-ге аяқталатын сөздер -ое түрінде берілсе депсіз. Бірақ мен оның жауабын жаңағы Гүлдархан апайдың ескертпесіндегі жауапқа айттым. Түсіндірдім-ау деп ойлаймын, оған тоқталмаймын. §83 параграфта айырым белгісіне байланысты айтылған пікіріңізді де ғалымдар кеңесі қабылдай алмады. Себебі осы айырым белгісіне қатысты ереже Орфографиялық жұмыс тобында қанша талқылау болғанда да бірде-бір маман тарапынан сынға ұшырап көрген емес. Бір орнықты ереже осы ереже. §86 параграфта қайталама дауысты дыбыстар қайсысында сақталады, қайсысында сақталмайды соны түсініксіз депсіз. Бірақ ол жерде анық тұр. Егер өлшем бірлік атауы болса және сөздің мағынасына нұқсан келсе, қатар тұрған екі дыбыс түсірілмейді деп ережеде берілген. Анық көрсетіліп тұр. Мұның өзі де жеткіліксіз деп айтсаңыз біз сізбен келісеміз. Ондай жағдайда біз анықтағышта егжей-тегжейлі көрсетеміз. §91 параграфта ереже мен мысалдың сәйкестігін қарастыру керек деген пікір бар екен. Бірақ ереже дұрыс. Ережені дәйектейтін мысалдар да дұрыс алынған деп қорытынды айтты. Біз ол жерде сізді ережені дұрыс түсінбей қалды ма деп ойлаймыз. Бұл жерде стереотип, архетип деген сөздегі -п соңғы дыбысы тәуелдіктің жалғауы жалғанса да қазақ тіліндегі жалпы ереже бар ғой олардың ұянданатыны туралы сол ережеге бағынбайтынын айтқанбыз. Стереотибі емес, стереотипі, бірақ доп-добы. Ол жерде б жазылады фонетикалық принципке байланысты. Бұл жерде олай емес. Бұл жерде морфологиялық принциппен түбір өзі сақталып жазылатыны туралы ереже көп. Сондықтан біз осы пікіріңізді қабылдай алмадық. Қорытындылай айтқанда, жалпы үш сарапшыға да алғысым зор. Ол кісілердің қабылданған ескертпелері емленің деңгейін біршама жоғары көтеріп тастады. Рақмет!

Е.Тілешов: Анарға көп рақмет! Анар арқылы Тіл білімі институтының ғалымдарына рақмет! Үлкен жұмыс істелген бүгін барлық сұрақтарға жауап берді. Енді қорытындылайтын да уақыт болып қалды ғой. Біздің қыздар тараумен жіберген екен, қайтадан параграфпен жіберетін болады. Соған өздеріңіз қолдарыңызды қойып, ескертпелері-





нізді айтасыздар. Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты сұрақтарыңыз бар ма екен?! Біраз айтылды ғой деп ойлаймын. Енді ары қарай жазбаша жұмыс істейміз келісіп. Қажеттілігі болып жатса тағы да басқосатын боламыз. Оны уақыт көрсетеді. Күн тәртібіндегі келесі мәселеге көшейік. Ұлттық қазақ әліпбиін пернетақтаға орналастыру мәселесі оған көп уақыт алмаймыз. Бізге Рымбек Ізғалидің негіздемесі келіп түсті. Біз сіздерге Рымбек Ізғалидің пернетақтасының жобасын, негіздемесін жіберетін боламыз. Сіздерден біз жазбаша пікір күтеміз. Бір айта кететін нәрсе пернетақта дыбыстардың жиілігіне негізделмеген. Бұны біз әлі де пысықтайтын боламыз. Онда бүгін қатысқан барша әріптестерімізге, Орфографиялық жұмыс тобының мүшелеріне, Білім және ғылым министрлігінің өкілдеріне, қатысқан біздің басшыларымызға алғысымыз зор. Енді Анар Мұратқызына бір өтініш айтамыз. Жаңағы ережелерге байланысты айтылған ескертпелерді назарға алып, бізге ереженің жобасын қайта жіберсе. Сосын біз оны Орфографиялық жұмыс тобының мүшелеріне, тәуелсіз сарапшыларға қайта жіберетін боламыз. Сосын ары қарай жұмысымызды онлайн форматта жалғастыратын боламыз. Онда баршаңызға рақмет, жақсы күндерде кездесейік!

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ЖАНЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ СТЕНОГРАММАСЫ

*Нұр-Сұлтан қаласы,
2020 жылғы 13 қазан*

Қатысқандар: Ә.Асқар, Е.Тілешов, М.Бахтиярұлы, Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, А.Алдаш, З.Базарбаева, Ж.Жақыпов, Б.Момынова, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, Г.Мамырбек, Қ.Сарекенова, Л.Еспекова, Н.Рсалиева, М.Тұрсынова, Қ.Қалыбаева, А.Хабиева, Қ.Ерғалиев, Ж.Өтелбаева, Ж.Болатхан.

Ә.Асқар: Құрметті Орфографиялық жұмыс тобының мүшелері, ардақты ғалымдар! Сіздердің атқарып жатқан жұмыстарыңыз ұшан теңіз. Бұл мәселе жөнінде барлығы хабардар. Жалпы латын графикасына көшу жұмыстарының насихатталуы, оның БАҚ беттерінде берілуі, онлайн форматта өтіп жатқан іс-шараларымыз туралы көпшілік қауым хабардар деп ойлаймыз. Дегенмен өздеріңіздің тараптарыңыздан ұсынылып отырған әліпбидегі диакритикалық таңбалар мәселесіне, оның тез игерілу жағдайы, жалпы көпшіліктің меңгеру мәселелерін қарау туралы тапсырма қосымша беріліп отыр. Осы ретте, бүгінгі жиынымызда әліпбиіміздегі төл дыбыстарымызды белгілеп тұрған диакритикалық таңбаларды біріздендіру мәселесін өзара талқылап, халықаралық тәжірибеге жіті мән беретін боламыз деп сенемін. Орфографиялық жұмыс тобы және А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарымен бірігіп, осы мәселенің нақты шешімін табамыз деген ойдамыз. Бүгінгі жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін! Әуелі жаңа әліпби жобасындағы диакритикалық таңбаларды біріздендіру мәселесі туралы ақпарат алу үшін А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, ф.ғ.к. Анар Фазылжановаға сөз береміз.

А.Фазылжанова: Құрметті әріптестер, барлықтарыңыз білесіздер, осы айда жаңа әліпбидегі диакритикалық таңбаларды біріздендіру мақсатында, институтта ғалымдар кеңесін өткіздік. Ғалымдар кеңесі тіпті үш рет өтті десе де болады. Бірінші ретте өз арамызда осы





диакритикалық таңбалар туралы талқылаулар жүргіздік. Онда жетілдірілген әліпбидегі диакритикалық таңбаларды қалай ықшамдаймыз деген мәселе қойдық. Ғалымдарымыз ойланып, дұрыс шешім қабылдауы үшін уақыт бердік. Соның негізінде екінші рет болатын ғалымдар кеңесінің күнін тағайындадық. Сол аралықта диакритикалық таңбаларға байланысты бірнеше ұсыныс келді. Диакритикалық таңбалардың неліктен осылай жұртшылықтың арасында талқының объектісіне айналды деген сұраққа жауап іздеп көрдік. Жалпы осы диакритика мәселесін, оның әрқайсысының атауын біздің ғалымдарымыз латын әліпбиін насихаттау барысында жұртшылыққа әбден танымал еткен екен. Қазіргі кезде, жасыратыны жоқ, тілтанымға, лингвистикаға ешқандай қатысы жоқ, бірақ латын әліпбиіне қызығушылық танытып жүрген кез-келген Қазақстанның азаматы диакритикалық таңбалардың ғылымдағы атауларын (*седиль, бревис, макрон*) жақсы біліп отыр. Мүмкін осы танымының негізінде көптеген ұғым пайда болған шығар, ал шын мәнінде қарасақ, бар жоғы бес диакритика: *умлаут, макрон, седиль, бревис, тильда*. Тильда – *ң*-ның үстінен қойылған ирек сызық. Барлығы бес-ақ диакритика. Бірақ әрқайсысын жеке-жеке атағаннан кейін, бұл көп сияқты көрген болар деген ойды ғалымдарымыз ортаға салды. Ол кісілердің ойынша, әріпүсті диакритикасы, әріпасты диакритикасы деп атай салсақ қайтеді деген ойлар болды. Латынның өзінің кеңейтілген базасында әрқайсысына арнайы атау берілген. Енді осы әрбір диакритикаға қазақша атау берсек қайтеді деген ұсыныс болып, оларды қазақшалауға талпыныс жасадық. Алдағы уақытта солардың қазақша атауларын насихаттап бір мақала жазамыз ба деген жоспар бар.

Енді «Диакритикаларды оңтайландыру бойынша қандай ұсыныстар болды» дегенге жауап берейін. Ең алдымен, осы *ң*-ның төбесіндегі ирек сызықты алмай-ақ, Тіл білімі институты ұсынып жүргендей, соңғы жағын қайырып, қазіргі кирилдегі *ң*-ға ұқсатып берген дұрыс болар деген шешімді бірауыздан біздің ғалымдар қолдады. Бірақ қалған 4 диакритиканы ғалымдар кеңесінің басым көпшілігі солай қалдыру керек деген ұстанымын білдірді. Ерекше бір ұсыныстар да болды. Мысалы, *седильмен* берілген *ш*-ны, төбесінен *бревиспен* берсек, бір диакритикаға қысқарады деген ұсыныс болды. Бұны біздің ғалымдардың ішінде 2-ақ адам қолдады. Қалған ғалымдар кеңесінің 24 мүшесінің 22-сі бұны қолдамады. Сонымен бірге *макронды* да *бревиске* айналдырып жіберсек, *у*-дың үстіндегі сызықшаны, тағы да бір диакритикаға ықшамдалады деген ұсынысты 24 адамның ішінде 3 адам қолдап осындай ұсыныс айтты. Бірақ қалған осы 4 диакритиканың сақталғаны абзал деген қорытындыға келдік. Орфография жұмыс тобының мүшесі Хабиева Алмагүл: «Егер мұқият қарайтын болсақ, кирилицада да диакритика жеткілікті», - деді. Мысалы, базалық кириллицаның негізінде жасалған қазақ кириллицасында 5 диакритика бар деп анық айтып отыр. Мысалы, *ё*-ның үстіндегі қос таңбаны қараңыз, *қ*-ның құйрықшасын қараңыз, *ө*-нің белінен сызылғандағы, *ұ*-ның белінен сызылғаны. Олар да бір өзгеше диакритика. Осындай кирилл әліпбиінде де өзгеше диакритика бар. Диакритика қолайсыз деген көзқарастағылардың бетін бұру үшін насихаттау жұмыстарын жүргізуіміз керек шығар деген ниетпен медиа жоспарын құрдық. Медиа жоспар бойынша Әміржанова Назираның бірінші мақаласы шықты. Қарап көрсеңіздер болады. Міне осылардың барлығы біздің институттың позициясы. Сонымен біздің позициямыз өзіміздің жетілдірілген әліпби деп ұсынған жоба бойынша қалып отыр.

Ал одан кейін екінші рет ғалымдар кеңесі өтті. Ол кезде Тіл комитеті төрағасы Әділбек мырзаны жиынымызға шықырдық. Ол кісінің ұсынысы бойынша диакритикаларды тексеру үшін диакритикалық жетілдірілген әліпби жобасының қасына тағы да бір жобаны қойып, сараптама жұмыстарын өткізсек қалай болады деген ұсыныс айтты. Біздің ғалымдарымыз бұл ұсынысты қолдап отыр. Егер ондай өткіземіз десеңіздер біз, әрине,





қолдаймыз. Бірақ, кирилл әріптерін диакритикалы латын таңбалардың орнына қою туралы ұсыныс айтқанда Әділбек мырза, біздің ғалымдарымыз бірауыздан оны қолдамады. Осыны хабардар еткім келеді. Әзірше осындай жұмыстар.

Ә.Асқар: Келесі сөз Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. Гүлфар Мамырбекке беріледі.

Г.Мамырбек: Диакритикаға байланысты мәселе туындаған кезде «Тіл-Қазына» орталығы қызметкерлеріне Ербол ағай тарапынан тапсырма берілген болатын. Ондағы мақсат: әлем тілдері, түркі тілдері ғана емес роман-герман тілдері, славян тілдері латында отырған төл дыбыстарын жоғалтпау мақсатында қандай амалдарды қолданған, жалпы диакритикадан қашу үрдісі бар ма? деген мәселелерді анықтау үшін тапсырма берілді. Сол бойынша әдістеме басқармасының басшысы София Омарова, әдістеме басқармасының ғылыми қызметкері Салима Кенжемұратова, Орфография басқармасының ғылыми қызметкері Алмажан Қадырхан және мен осы мақсатта біраз зерттеу жұмыстарын жүргізген болатынбыз. Бүгін сіздердің алдарыңызға осы «Тіл-Қазына» тарапынан жүргізілген жұмыстың қорытындысы ретінде алып шығып тұрмын.

Бірінші – ғағауыз әліпбиі. Ғағауыздар – Молдова Республикасының құрамында отырған халық. Олар 1995 жылға дейін кирилицада болған екен. 1995 жылдан бастап латынға көшкен. 17 қыркүйек «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен үлкен халықаралық семинарда ғалым, тіл маманы – Галина Мутаф қатысты. Ол кісінің мәліметінше, Молдовада ғағауыздардың саны 150 мыңдай екен, ал бүкіл әлем бойынша 250 мыңға да жетпейтін ұлт болып саналады. Қазір олар латын әліпбиінде отыр. Әліпби құрамында 31 әріп, 3 диакритика алынған. Ал осы үшеудің ішінде түркі тілдерінде қолданысы жоқ циркумфлекс деген диакритиканы әріп тіркесі ̂-ға қолданып отыр. Басқа седиль және басқалары барлығымызға таныс. Барлығы 7 дыбысты олар диакритикамен беріп отыр.

Келесі, түркі тілдерінің ішінде қырым татарлары. Бұлар Татарстандағы татарлар емес, Сочиде, Қырымда тұрған татар халқы. Енді оны бәріңіз білесіздер. Қырым татарлары қазір латын әліпбиінде отыр. Олардың әліпбиінде 31 әріп бар екен, соның 4 диакритикалық белгімен берілген.

Әзербайжан әліпбиі. Әзербайжандар 32 әріпте отыр. Умлаут, седиль, бревис 3 ғана диакритика қолданылған. Барлық 5 дыбысты да осы таңбалармен беріп отыр.

Өзбек әліпбиі. 17 қыркүйекте өткен халықаралық конференцияда Насимхон Рахмонов деген өзбек ғалымы қатысқан болатын. Ол кісінің мәліметінше 2018 жылдан бастап өзбек әліпбиіндегі дұрыс емес таңбаларға реформа жүргізу әлі күнге дейін талас күйінде және әлі шешімін таппағанын айтқан. Бірнеше жобалар Үкіметке ұсынылып, қаралып жатқан көрінеді. Оларда диакритика 2 әріпке қойылған, слайдта көрсеткен теріс үтір – әріп үсті белгісі деп қойдық, теріс үтірмен екі таңбаны одан бөлек төл дыбыстарын диграфқа айналдырған екен. Соған орай 2021 дейін әліпбиді реформалау жұмыстары аяқталуы мүмкін деген пікірін айтты.

Қарақалпақ әліпбиі де бәрімізге белгілі, бір-ақ ақут белгісі бір ғана диакритикамен 6 дыбысын таңбалап отыр. Бұл белгі дауыстыға да, дауыссызға да қойыла береді. Диакритикалық белгілердің де бір шартты қатып қалған функциясы жоқ. Оны білесіздер. Ақут дауыстыға да қойылады, дауыссызға да қойылады, екпінге де қойылады, қысқартпалықты да білдіреді. Оны әр ел келісілген тұрпатта дыбыстарына қабылдап отыр.

Түркімен әліпбиі. Түркі тілдері ішіндегі ең көп диакритика таңбалары түркімен әліпбиінде болып отыр. Онда 30 әріп, 4 диакритикалық белгі бар. Умлаут, седиль, ақут, бірақ тильда мен бревистің орнына гачек деген диакритика алып отыр екен. Слайдта көрініп





тұрғандай 2 әріпке қойылған. Барлығы бес дыбыс осы диакритикалық таңбалармен беріліп отыр екен.

Түрік әліпбиі бәрімізге жақсы таныс. Әліпбиде 29 әріп, 3 диакритикалық белгі (*умлаут, седиль, бревис*) қолданылған.

Ең көп диакритика түркіменде 4, қырым татарда 4, түрікте 3, әзербайжанда 3, ғағауызда 3, қарақалпақта 1, өзбекте жол үсті таңбасы.

Диакритикалық таңбаларды қабылдаған тағы қандай тілдер бар дегенде роман герман, фин-угор, славян тілдеріндегі диакритикаға назар аударылды. Роман тілдері деп жақшаның ішінде тұрғандар тек диакритикасы бар тілдер ғана көрсетіліп отыр.

Ең көп диакритика португалда. Яғни роман тілдеріне жататын португал әліпбиінде 5 диакритика бар: акут, циркумфлекс, тильда, гравис, седиль. А дыбысының өзі 5 диакритикамен беріліп тұр. 5 диакритика әртүрлі таңбалардың үстіне қойылған екен. Қажет болғандықтан қабылдап отырған болуы керек.

Литвада 4 диакритика бар. Мұнда таныс емес, ілмек тәрізді әріп асты белгі тұр. Мысалы, *a*-ның асты көрініп тұр, әріп үсті нүкте бар екен, гачекпен берген, макрон бар литвада ол *u*-дың ұзындығын білдіреді.

Латышта да 4 диакритика. Мұнда да әріпасты, *z*-ге назар аударсақ *z*-ның бас әрпінің астында үтірге ұқсас диакритикалық таңба тұр, ал *z*-ның кіші әрпінде керісінше оның үстіне қойған. Осындай да белгі бар екен. Макрон ұзын *a*-ны, ұзын *e*-ні, ұзын *i*-ді, ұзын *u*-ды белгілеген. Бір макронның өзі осылайша 4 әріптің үстіне қойылып отыр.

Шведте 2 диакритика. Әріп үсті дөңгелек, *a*-ның үстінде тұрған дөңгелекті қолданған олар төл дыбыстарын белгілеу үшін. Исландта 3 диакритика. Бірақ, мысалы, *d* деген оны *et* деп атайды екен. *D*-ның белін сызған, кіші әрпінің де белін сызған. Осындай бір белгі алынған. Ал фарерде көлбеу сызық пен лигатура бар екен. Венгрде акут бар, бірақ қосарланған акут тағы бар екен, акуттан бөлек.

Бізде қазір макрон мен тильда, макронды әрине, дыбыстың созылыңқы айтылатынын білдіретінін бәріміз білеміз. Бұл ең алғашында мына араб, қытай сөздерін латынға транслитерациялау барысында пайда болған екен. Қорытындыласақ, әлем тілдері бойынша ең көп диакритика бесеу болып тұр.

Диакритикалық белгілерді қабылдаған әліпбилер

Португал – 5 диакритика (акут, циркумфлекс, тильда, гравис, седиль). *А дыбысы: Áá, Ââ, Ãã, Àà; О дыбысы: Óó, Ôô, Ôõ*

Литва – 4 диакритика (әріпасты ілмек *Ąą Ęę Įį Ūų*; әріпүсті нүкте *Êê, гачек Čč, Šš, Žž*, макрон *Ūū*).

Латыш – 4 диакритика (әріпасты үтір *Ģģ Ķķ Ļļ Ņņ*; макронмен *Āā Ēē Īī Ūū*)

Швед – 2 диакритика (умлаут, әріпүсті дөңгелек - *Å*)

Исланд – 3 диакритика (умлаут, акут, сызық белгісі *Ð, ð* (эт))

Фарер – 3 диакритика (акут, көлбеу сызық *Ø, ø*, лигатура *Æ, æ*)

Венгр – 3 диакритика (умлаут, акут, қосарланған акут *Őő, Űű*)

Каталан – 4 диакритика (гравис, седиль, акут, трема)

Румын – 3 диакритикалық (бревис, циркумфлекс, седиль)

МАКРОН ЖӘНЕ ТИЛЬДА

Макрон - дыбыстың созылыңқы айтылуын білдіретін диакритикалық белгі және араб, қытай, жапон сөздерін латынға транслитерациялау үшін қолданылады. *Литва, латыш, бретон* тілдерінде созылыңқы у дыбысын таңбалайды: *Ūū*

Тильда - Тильда алғашында сияны және қағазды үнемдеу үшін қысқарту белгісі ретінде қолданылған, ортағасырлық еуропалық құжаттарда (бұйрық, жарлық, т.б.) тильда белгісі көп кездеседі. Кейіннен диакритикаға айналған.



Испан – жінішке н дыбысы (**Ññ**), әріп аты «еñе» (еñье)
Португал – мұрынмен айтылатын дауысты дыбыс (**Ã, Ö**)
Эстон – тіл арты дауысты дыбысы (**Õõ**)

Орфографиялық жұмыс тобының мүшесі ретінде деакритикаларға байланысты пікірімді айта кеткім келеді: слайдтан көріп отырғандарыңыздай төл дыбыстары үшін диакритикалық белгілері тұрмақ, әртүрлі әлемде халықаралық әліпби тұрғысынан таныс емес үтірді, нүктені, сызықты, лигатураға дейін қолданып отыр екен. Тіпті роман-герман тілдерінің өзі алуан түрлі диакритикаларды қолданып отыр. Сондықтан, менің ойымша, қазіргі жетілдірілген әліпбиде 5 диакритика тура дәлме-дәл орнында тұр және диакритика көп деген пікір ұшқары айтыла салған. Тыңдағандарыңызға рақмет!

Ә.Асқар: Өте мазмұнды баяндама болды. Келесі сөз кезегі Ербол Тілешовке беріледі.

Е.Тілешов: Құрметті әріптестер, амансыздар! Аман-есенсіздер ме? Гүлфар Мамырбектің ойына өз ойымды қосқым келеді. Европа тілдерінде диграфтар да бар. Егер диграфтарды қосатын болсақ, онда тіпті біздің айналдырған 5 диакритикамыз ешқандай қиындық тудырмайтыны анық. Бізде бір дыбысымыздың бірнеше позициясын көрсететін диакритикамыз жоқ. Барлығы нақты, тұрақты позицияда. Сонымен бірге, Анар Фазылжанның диакритикаларды қазақшалаймыз деген пікіріне қосылмаймын. Бүкіл әлем бревис, седил, макрон деп атап дағдыланған. Ол халықаралық фонетикаға сай айтылған. Диакритикалардың бұлай аталуының өз тарихи, терминдік, этимологиялық себептері бар. Бұл шатасуға әкеледі. Бізде әр диакритика өз қызметін атқарып тұр. Енді апробацияға байланысты айтатын болсақ, келесі аптадан бастап «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығы 17 өңірде апробация жұмыстарын жүргізеді. Атап айтқанда, оған қатысатын контингент:

- 1) Өңірлердегі тіл басқармалары мен орталықтары арқылы ұйымдастырылады;
- 2) Контингент: апробацияға сала мамандары, атап айтқанда мектеп мұғалімдері мен әдіскерлері, колледж, ЖОО-дағы филолог мамандар қатысады;
- 3) 3 сағаттық дәріс түрінде өтеді және соңынан қорытынды тест алынады;
- 4) Апробациялау уақыты: 20-21 қазан.

Бұл апробацияда 5 диакритикаға бірнеше сағаттық сабақ өткізіледі және сынаманың тағы бір тәсілі – апробацияға қатысушылардан тест алынады. Осы екеуінің нәтижесінде сараптама жасалады. Сараптама нәтижелері Орфографиялық жұмыс тобының назарына ұсынылатын болады.

Сынама дәріс

Мақсаты: диакритикалық белгілердің жазылым мен оқылымдағы оңтайлылығын және артықшылығы мен кемшілігін анықтау.

Дәріс тапсырмасында:

- 1) Жетілдірілген қазақ әліпбиінің құрамы таныстырылып, әліпбидегі әріптер атауы мен дыбысталуы үйретіледі.
- 2) Оқылым мен жазылым бойынша әр диакритикаға жеке-жеке тапсырма мәтіндері беріледі.

Сынама дәріс үлгісі

«Н» дыбысының таңбалары – «Ññ» / «Ńń»

ТИЛЬДА (~) – мұрынжолды дауыссыз дыбыстарды белгілеу үшін қолданылады. Әріптің төбесіне қойылады.

«Ññ» – өте сирек кездесетін дыбыс. Қолданылу жиілігі басқа таңбалардан аз. Түркі тілдерінен қырымтатар, татар сондай-ақ, баск, испан және т.б. тілдердің әліпбилерінде бар.

«Ńń» – мұрынжолды «Н» дыбысының халықаралық фонетикалық әліпбиге сәйкес таңбасы. Аталуы – «эңг».

Жазылым бойынша 2-3 тапсырма беріледі.

Оқылым бойынша мәтін (таңбалардың оқылымда танылым жылдамдығын есепке алу)

Тест тапсырмалары (10 сұрақ)

Күтілетін нәтиже?

- диакритикалық белгілердің жазылым мен оқылымдағы оңтайлылығы сараланады;
- әліпбиде таңдалған диакритикалық таңбалардың артықшылығы мен кемшін тұстары анықталады;

- алынған апробация қорытындысы жетілдірілген әліпби жобасын негіздеуге дәйек ретінде қолданылу үшін Орфографиялық жұмыс тобы назарына ұсынылады.

Орфографиялық жұмыс тобының мүшелері өз позициямызды ұстануымыз керек. Бұл қорытылған білім. Латын әліпбиін жасаудың қаншама жылдық тарихы бар. Содан бері осы диакритикалық таңбалар қолданылып келеді. Әліпби жасау тәжірибесінде бұл әбден қалыптасқан белгілер. Осыған байланысты қаншама апробация жұмыстары өтті. Оған барлық өңірлер, мындаған адамдар қатысты. Бұл біздің жұмысымыздың қорытындысы. Тильда жөнінде ойлануымыз керек және оның да фонетикалық таңба екенін ұмытпауымыз керек. Қазіргі таңда бұл диакритикалық таңбаны қолданып жатқан мемлекеттер бар. Соңғы шешімді Орфографиялық жұмыс тобының мүшелері жасауы қажет. Аmandық болса, келесі аптаның аяғына қарай апробация жұмыстарының қорытындысын Сіздерге ұсынатын боламыз. Тыңдағандарыңызға рақмет!

Ә.Асқар: Рақмет Ербол! Енді талқылауға кірісейік.

А.Фазылжанова: Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! Тіл білімі институты апробация өткізе ме? деген сұраққа жауап берейін. Біз апробация өткізбейміз, себебі бұл жетілдірілген әліпбидің бірнеше мәрте «Тіл-Қазынада» апробациядан өткенін жақсы білеміз. Біз осы ғылыми тұжырыммен қаламыз. Бәлкім, біздің жас ғалымдарымыз осы мәселенің төңірегінде сауалнама жүргізер. Оның қорытындысын келесі отырыста таныстыратын боламыз. Бірақ, апробация өткізбейміз. Сізден сұрайын дегенім, осы апробацияға Тіл саясаты комитетінің төрағасы Әділбек Қаба мырзаның айтқатындай екі жоба беріле ма, жоқ әлде осы жетілдірілген диакритикалық жоба беріле ма? Осы сұрағыма жауап берсеңіз.

Е.Тілешов: Рақмет Анар! Менің ойымша, өздеріңіз білесіздер, біз бірнеше жобаны ұсыну кезеңінен өттік. Былтырғы апробацияларда бірнеше жобаларды қарастырған болатынбыз. Жобаларды жарыстырып болған сияқтымыз. Оған оралмауымыз керек деп ойлаймын.

А.Фазылжанова: Рақмет!

Ә.Асқар: Кімде қандай сұрақ бар?

А.Фазылжанова: Тағы бір сұрақ қояйын, рұқсат болса.

Ә.Асқар: Айта беріңіз.

А.Фазылжанова: Тіл саясаты комитетінің Латын әліпбиіне көшу басқармасының басшысы Гүлфариза Мелдешқызына сұрағым бар. Біз осы диакритикаға байланысты Тіл білімі институты ғалымдарының жауабын жібердік. Біз Ғылым комитетіне қарайтын мекеме болғандықтан, сіздердің алдарыңызда айтқан мәселе бойынша Ғылыми кеңестің хаттамалық шешімі мен жауабымызды жіберген болатынбыз. Бізді мазалайтын мәселе латын әліпбиіне көшу мәселесімен қазір Мәдениет және спорт министрлігі айналысып отырғандықтан ары қарайғы жұмыс жоспары қандай болмақ? Ербол ағайдың сөзі менің көңілімнен шықты. Әліпбилерді жарыстыратын кезеңнен өттік деп ойлаймын. Ғалымдарымыздың пікірі бір арнаға сайды және бір ауызды. Ішінара бір-екі ғалымдарымыздың өз пікірлері бар. Ғалымдарымыздың 70-80 %-ы бір жобаны қолдап отыр. Осыған талай жұмыстар атқарылды, талай тер төгілді. Әрі қарай қандай жоспарларыңыз бар? Біздің тарапымыздан қандай көмек қажет? Осыны айта аласыз ба? Рақмет!



Г.Мұқанова: Сұрағыңыз өте орынды. Сәлеметсіздер ме, құрметті Орфографиялық жұмыс тобының мүшелері! Айта кететін болсам, әліпбиге қатысты тапсырманың бізге берілгенін өздеріңіз көріп отырсыздар. Бұл тапсырма Білім министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігіне ортақ берілді. Біздің білуімізше, бізге біраз уақыт берілген сияқты. Апробация өткізуіміз керек. Орфографиялық жұмыс тобы ғалымдарының бұл соңғы әліпби жобасы деп ойлаймыз. Сондықтан осы әліпбиді қайтадан апробациядан өткізіп, қалай болғанда да осы әліпбидің дұрыс екенін біз шегелеп беруіміз керек. Бұл кісілер диакритикалық таңбаларды біріздендіру қажет деп отыр. Дегенмен де, біз ғылыми тұрғыдан өз позициямызды зерделеп берсек, осы әліпби бекітілуге кететін шығар. Ал, 22-ші Өкімге байланысты іс-шаралар жоспарына қатысты биылғы жылғы жоспарланған шаралар әліпби бекітілмегеннен кейін ол тармақтар орындалмайтын сияқты. Білім және ғылым министрлігі бұдан хабардар. Біз желтоқсанның аяғына дейін бұл мәселе созылатын болса, барлық өнімдер тек қолжазба түрінде деп есеп береміз. Жоспар бойынша біз биыл Орфографиялық сөздіктерді латын қарпінде шығаруымыз керек болатын. Сондықтан, жылдың аяғына дейін әліпби бекітілмесе, биылғы жылға берілген қаржыны Республикалық бюджетке қайтадан қайтарамыз. Қазіргі жағдай солай болып тұр. Тыңдағандарыңызға рақмет!

А.Фазылжанова: Рақмет!

Ә.Асқар: Тағы кімнің ұсыныс-пікірлері бар?

Н.Рсалиева: Менде бар.

Ә.Асқар: Айта беріңіз.

Н.Рсалиева: Баршаңызға, қайырлы күн! Менің де осы мәселеге байланысты өз пікірім бар. Диакритиканы біріздендіру деген мәселе жетілдірілген әліпбиді әлі де тереңнен қарастырсақ дегендей, бұл да бір құптарлық жағдай деп ойлаймын. Ал сол мәселенің өзіне келетін болсақ, мен ағылшын тілінің маманы ретінде, ағылшын тілінде жазылған диакритикаға байланысты мағлұматтардың қаншамасын көз алдымнан өткізіп отырмын. Негізі, әлемдік тәжірибеде бірізді диакритикада тұрған тек ирлан тілі екен. Оларға бірыңғай «акут» таңбасы қолданылады екен. Басқа тілдердің ешқайсысында бірізді диакритика қолданылмаған, яғни біздің әліпби жобамыз жан-жақты қарастырылған, дұрыс шешім екендігін дәлелдейді. Ал, Анар Мұратқызының Тіл білімі институтынан ұсынылып жатқан «ң» әрпін ауыстыру, тильданы құйрықты ң мен беру идеясы проблеманы азайтады немесе шешеді деп айта алмаймын. Себебі, ол да әлем тілдерінде IPA international phonetic alphabet-тің таңбасы. Екіншіден, кейбір тілдерде диакритикалық таңба болып саналады екен. Айтайын дегенім осы.

Ә.Асқар: Рақмет, Нұрсәуле!

Қ.Қалыбаева: Менің де айтар сөзім бар.

Ә.Асқар: Айтыңыз.

Қ.Қалыбаева: Біз о баста, осы әліпбиді талқылаған кезде мен өз ойымды айтқан болатынмын. Диакритикалық таңбалардың мағынасы, мазмұны әлемдік жазуда әртүрлі екендігі рас. Әсіресе, үнді-еуропа тілдеріндегі олардың рөлі тіпті кең және орынды деп айтсақ болады. Өздерінің табиғатына өте сәйкес келеді. Сондықтан олар диакритикалық таңбаларды түрлі мағынада, өзінің негізгі мазмұнына сәйкес қолдана алады. Ал, енді біздің әліпби түзуімізде осы әлемдік мазмұнын, мағынасын дәл қолдану қаншалықты біз үшін қажет. Бұл жазуменен әлемдік азаматтар келіп қазақ тілін оқымайды. Қазақтың негізгі тілінің дыбысын дұрыс беру үшін, оны біз өзімізге оңтайландырып қолданғанымыз өте дұрыс. Мысалы, мен Анар Мұратқызының айтып отырған ұсынысын қолдаймын. Бұл арада мәселе неде? Диакритикалық таңбалардың әріптің үстінде тұрғандығы және оның





бойында тұрғандығы екі түрлі рөл ойнайды. Әріптің бойында тұрса, ол әріптің жазылуына да қолайлық туғызады. Екіншіден, сырттан қарағанда да жинақылықты көрсетеді. Каллиграфиялық жазу бізден бәрібір қалмайды. Ол қалмауы да керек. Каллиграфиялық жазуға әлем қазір басқаша көңіл бөліп отыр. Жазба жұмыстарын тексерген кезде де, бізде қиындықтар туындайды. Кей жағдайда, бір әріптің мазмұнын ашып тұрған нүкте түсіп қалып жатса, ол қатеге есептеліп кетеді. Сондықтан менің ұсынысым, о баста айтқан ұсынысымды тағы да қайталап айтқым келеді: Мүмкіндігінше макрон таңбаларын осы әріптердің бойына енгізіп, ретке келетіндей жағдайда қолдануға тырыссак. Ретке келмейтін жағдайда ғана әріп үстінде тұратын ноқат белгілерін алсақ. Сонда біраз болса да оңтайланатын еді. Кирил таңбасына қатысты айтылып жатыр ғой. Оны да біз өзімізге қолайлы етіп алдық. Мысалы, «ø» әріпінің ортасында тұрған макрон белгісінің оның ортасын түсуі. Оны да біз қазіргі латын әліпбиінде өзімізге қолайлы етіп алуға болады деп ойлаймын, яғни менің ұсынысым мүмкіндігінше диакритикалық таңбалардың әріп үстінде шашырап жүруін азайтып, сол әріптердің бойына сыйғызуға тырыссак. Тыңдағандарыңызға рақмет!

Е.Тілешов: Осыған байланысты бір ауыз пікірімді білдірейін. Диакритиканы бізден де бұрын қолданғандар бар. Бүкіл Еуропа жұрты алып отыр. Олар сол таңбаларды әріптің бойына ала алмағандықтан, түрлі диакритикаларды қолданып отыр. Әр әріптің өзінің тұрқы бар. Онда шашырап жүрген ештеңе жоқ. Макрон да, бревис та, умлаут та өз орындарында тұр және әлем солай қолданып жатыр. Оны ойлап тапқан біз емес. Егер біз диграфты қоссақ, мәселе бұдан да қиындайды. Қайта бұл диграфтан қашудың оңай жолы. Бұл талай рет талданған мәселе.

Ә.Жүнісбек: Сіздер, 5 диакритика көп емес деген қорытындыға келіп отырсыздар. Ол диакритикаларымыз А.Байтұрсынұлының бір дәйекшесінің қызметін береді. Осы жерде біз Ақаңның ұстанымына сүйенетін болсақ, қазақ тіліне екі-ақ дәйекше керек. Ол үшін қазақтың төл дыбыстары өз орындарында тұруы керек. Төл дыбыстардың төл таңбалары тұруы керек. Басқаның ештеменің керегі емес. Сонда екі диакритика ғана қалады (қос нүкте дауысты дыбыстылардың үстінде тұрады, қанатша бір дауыссыздың үстінде тұрады). Осы уақытқа дейінгі ұсынысымыз сол. Біз ол ұсынысымыздан қайтпаймыз. Қаламқастың ойы дұрыс, дұрыс айтып отыр.

М.Бахтиярұлы: Шулатып тұрып басталған жұмыс еді, одан кейін жалаулату басталды. Енді мұның арты сұйылып бара жатқан сияқты. Мен тіл маманы емес екенімді үнемі айтамын, саяси жағын ғана қараймын. Ұлтымызға латын әліпбиі керек пе, керек емес пе?. Мына түрімізбен 30 жылдың ішінде де енгізе алмаймыз. Бітпейтін айтыс-тартыстар. Айтыстың болғаны дұрыс, бірақ жететін шегі болды ғой. Латынның керегіне жоғары жақтағылардың өзі күмәнмен қарайтын болды. Себебі ғалымдарымыз әлі бір шешімге келе алмай жүр. Мемлекеттен қаншама қаржы бөлінді. Жаңа бөлінген қаржы игерілмейді деп айтып қалды. Биыл ол қаржы игерілмесе, келер жылы бөлінбейді. Кемшіліктер бар шығар, оны жүре түзеуге болады ғой. Мен өзбек бауырларымыз бен эзербайжан бауырларымызға таң қаламын. Олар да айтысты, тартысты бірақ латынға өтті. Кемшіліксіз ештеме болмайды. Әлемде керемет жасалған әліпби жоқ. Сондықтан бір шешімге тоқталуларыңыз керек.

Ә.Асқар: Рақмет! Осымен отырысымызды аяқтайық. Қатысқандарыңызға көп рақмет!



IV ТАРАУ

«ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ТІЛДІК АХУАЛ, ЛАТЫН ӘЛІПБИ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОНЛАЙН СЕМИНАР-КЕҢЕСІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысы бойынша Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы «*Түркі әлемі: тілдік ахуал, латын әліпбиі және әдістеме*» тақырыбында онлайн режимде а.ж. 17 қыркүйекте халықаралық семинар-кеңес өткізді.

Семинар-кеңестің мақсаты – түркі тілдерін зерттеушілермен, әдіскерлерімен ғылыми пікір, тәжірибе алмаса отырып, өзара туыстас тілдердің мамандары арасында халықаралық байланысты қалыптастыру болды.

Осы халықаралық жиын барысында жаһандану жағдайындағы тілдік ахуал ортаға салынды, әліпби және түркі тілдерін оқыту әдістемесі бағытында ортақ және жеке ғылыми-әдістемелік дәстүрлер мен жанашыл бастамалар жөнінде пікір алмасып, тәжірибелер қорытындыланды.

Сонымен қатар түркі халықтары қолданатын әліпби нұсқалары, әліпби түзу принциптері, әр тілдің фонетикалық ерекшеліктері, емле ережелері жөнінде әңгіме қозғалды. Сондай-ақ осы ғылыми басқосуда ортақ түрік әліпбиі, оның қажеттілігі мен мүмкіндіктері жөнінде мәселе көтерілді.

Онлайн-школа состоит из 9 уровней, каждый из которых содержит 8 разделов, т.е. в общей вбирает в себя 72 темы, 288 уроков, 1600 упражнений, 9 уровневых тестов, 288 видеороликов, 10950 аудиофайлов.

Пользователь может начать обучение с любого уровня. Для этого он определяет свой настоящий уровень владения татарским языком по основным видам речевой деятельности (аудирование, говорение, чтение и письмо), и компьютер выдает ему информацию, с какого уровня следует начинать обучение. Каждый раздел направлен на изучение определенных тем, связанных с реальными жизненными ситуациями, в которых обучаемый использует изучаемый язык для порождения собственных высказываний, а также для понимания татарской речи в процессе активного общения. Первый уровень включает такие темы, как «Знакомство», «Цвета и числа», «Моя семья», а на более продвинутых уровнях пользователи учатся вести беседу на более широкие темы. Например, «Здоровье», «Поиск работы», «В мире культуры» и т.д. Темы разделов выбраны с учетом познавательных коммуникативных интересов пользователей и направлены на информирование их о национальных традициях, культуре и искусстве, литературе и истории, выдающихся личностях татарского народа, достопримечательностях Республики Татарстан. Предложенные темы общения охватывают многие сферы жизнедеятельности людей, позволяя пользователям учиться слушать собеседника, отвечать на вопросы, сравнивать и сопоставлять услышан-





ную информацию, устно или письменно выразить свое отношение к происходящему. С первых уроков пользователи знакомятся с речевыми моделями и этикетными выражениями для ведения беседы в различных ситуациях повседневной жизни, с вопросительными и утвердительными конструкциями, которые активно употребляются в татарской устной речи. Каждый раздел состоит из 4 уроков, разделенных по конкретным видам речевой деятельности, каждый из которых включает несколько этапов: просмотр видеосюжета и выполнение задания на понимание его содержания; усвоение и применение в речи новой лексики; изучение грамматического материала; понимание татарской речи на слух (аудирование); речевая практика; письмо и т.д. Урок завершается итоговым заданием, в котором обобщается изученный на данном уроке лексико-грамматический и речевой материал, проверяются коммуникативные навыки обучающихся. Количество упражнений, представленных в каждом уроке, варьируется от 20 до 25. Наиболее часто представлены такие задания: «Просмотрите фильм и ответьте на вопросы»; «Поставьте слова в нужной последовательности, чтобы составить предложение»; «Прослушайте аудиозапись. Перемещайте полоски со словами вверх и вниз, пока не поставите их в правильной последовательности»; «Перетащите полоски со словами справа, чтобы они соответствовали тому, что слева»; и т.д. Многократное повторение изучаемого материала через данную систему заданий обеспечивает пользователю осмысленное усвоение языкового и речевого материала по предложенной теме; выработку необходимых навыков понимания татарской речи на слух, говорения, чтения и письма. Как отмечают пользователи онлайн-школы в своих отзывах, разнообразные по тематике и объему диалогические и монологические тексты, составленные с использованием наиболее частотно употребляемых лексических единиц и их грамматических форм, языковые и речевые упражнения, ситуативные аудио- и видеозадания, богатый лингвострановедческий материал обеспечивают практическое усвоение татарского языка, погружая в языковую среду. В структуре раздела имеется также общий обзор, где содержится активная лексика с транскрипцией, произношением и переводом.

Электронный образовательный ресурс «Ана теле» вовлекает пользователей в непосредственную речевую деятельность, так как предусматривает реализацию ситуаций, стимулирующих речевую инициативу пользователей для осуществления коммуникации на татарском языке. Через них они практически усваивают знания, необходимые для удовлетворения своих потребностей в общении. Содержащиеся в каждом разделе ситуации помогают пользователям усваивать те речевые образцы, которые характерны для носителей языка. В результате у обучающихся формируется способность самостоятельно пользоваться татарским языком для составления диалогического или монологического высказывания, обмена мнением, подготовки устного или письменного сообщения. Созданию реальной обстановки общения в рамках той или иной ситуации способствуют задания, в которых используются различные фотографии, аудиозаписи, фрагменты телепередач на татарском языке. Материал в пределах каждого уровня отобран таким образом, чтобы пользователи научились воспринимать на слух звучащую татарскую речь; строить устные и письменные высказывания разной степени сложности; читать тексты различных типов, т.е. участвовать в подлинном речевом общении.

Разговорные групповые уроки – важная составляющая онлайн-школы «Ана теле». Они позволяют пользователям, находящимся вне языковой среды, участвовать в речевой коммуникации и получить необходимые комментарии от преподавателя, повышают мотивацию изучения татарского языка. В онлайн-школе «Ана теле» 48 человек одновременно могут участвовать на уроке в режиме реального времени.





С целью проверки коммуникативных умений обучающихся в онлайн-школе используются уровневые тесты, которые дают возможность оценить уровень усвоения материала по грамматике, лексике, а также определить уровень навыков чтения и аудирования. Уровневый тест включает 20 заданий по грамматике, 10 заданий по лексике, 10 заданий по содержанию двух прочитанных текстов и 10 заданий по содержанию двух прослушанных текстов. Таким образом, всего пользователь должен выполнить 50 заданий и набрать максимальное количество баллов. В заданиях по грамматике и лексике пользователь должен найти правильный вариант из 4-х предложенных ответов. При работе с текстами он должен ответить на вопросы по их содержанию и также выбрать правильный ответ на заданный вопрос. Тесты от уровня к уровню усложняются с учетом изученного лексико-грамматического материала и содержания разделов данного уровня.

Разделы по произношению и письму, а также лаборатория по грамматике разработаны с учетом функционального подхода к отбору и подаче языкового материала. Они направлены на углубление лингвистических знаний пользователей, осознанное усвоение специфичных явлений, присущих татарскому языку. Благодаря этим материалам пользователи овладевают необходимыми для общения коммуникативными единицами и получают сведения о структуре татарского языка.

Онлайн-школа «Ана теле» получает положительные отзывы от пользователей из различных городов и стран, которые имели возможность дистанционно изучить татарский язык с помощью данного электронного ресурса. Назовем наиболее активных: *Бернард Монот из Испании (бывший дипломат)*; *Ник Заруев из Канады (менеджер)*; *Нурия Шарифетдинова из Бишкека (учитель математики)*; *Олег Мелентьев из Москвы (переводчик)*; *Гульнара Якупова из Сарова (учитель английского языка)*; *Елена Зимина из Иванова (главный бухгалтер)*; *Людмила Адиева из Казани (учитель русского языка)*; *Александр Елизаров из Санкт-Петербурга (учитель физкультуры)*; *Сергей Мамешин из Хабаровска (менеджер)*; *Лилия Хусаинова из Твери (менеджер)* и т.д. В разные годы они по велению сердца приступили к изучению татарского языка и достигли определенных успехов.

Особый интерес у пользователей вызывают видеосюжеты, которые представляют собой типичные жизненные ситуации, где звучит естественная речь. Пользователи слышат и запоминают типы речевых реакций и нужные для общения фразы. Когда слушатели уже знакомы с основной лексикой в рамках изучаемой темы, им можно предложить просмотреть видеосюжет без звука, догадаться о контексте беседы, предположить, какие фразы были использованы. После небольшого обсуждения в группе, слушатели могут попытаться озвучить диалог, а лишь затем просмотреть видеоматериал со звуком. Такой же тип упражнения «озвучки» можно рекомендовать, даже если слушатели уже посмотрели видео со звуком и знают сюжет, для увеличения беглости речи и совершенствования произносительных навыков: студенты озвучивают немое видео, стараясь соблюдать такой же темп речи, как и в видео.

Внедрение в образовательный процесс цифровых технологий способствует совершенствованию методической системы обучения татарскому языку, распространению дистанционного образования, а также сохранению, развитию и популяризации татарского языка не только в Татарстане и России, но и за рубежом. При переходе от одного уровня к другому у пользователей развиваются речевая, языковая и этнокультурная компетенции. Речевая компетенция предусматривает практическое овладение всеми видами речевой деятельности и основами культуры устной и письменной речи, умениями и навыками использования татарского языка в различных ситуациях общения. Языковая компетенция предусматривает овладение основными нормами татарского литературного языка, обо-





гащение словарного запаса и грамматического строя речи. Этнокультурная компетенция включает в себя овладение нормами татарского речевого этикета, культурой межнационального общения, изучение национально-культурных особенностей татарского языка.

Цифровой образовательный ресурс - онлайн-школа обучения татарскому языку «Ана теле» служит совершенствованию языкового образования, его интенсификации и индивидуализации. Пользователи данного дистанционного курса учатся самостоятельно получать знания и развивают коммуникативные навыки в результате активной познавательной и речевой деятельности.

Использованные литературы:

1. Замалетдинов Р.Р., Фатхуллова К.С., Юсупова А.Ш. Из опыта использования мультимедийных технологий в обучении татарскому языку //Филология и культура, 2013. -№ 3(33). - С. 277 – 282.

2. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб.пособие для студ. высш. учеб.заведений. – М.: Академия, 2007. – 368 с.

3.Онлайн школа EF-АНА ТЕЛЕ// URL: [http:// anatele.ef.com](http://anatele.ef.com). (дата обращения 1.09.2020).

4. Fatkhullova K.S., Zamaletdinov R.R., Yusupova A.Sh.Information-Communicative Devices for Tatar Language Teaching//World Applied Sciences Journal 26 (1): 103-107, 2013/ S.103-107 ISSN 1818-4952.



V ТАРАУ

«ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ӘЛІПБИІНДЕГІ ДИАКРИТИКАЛЫҚ ТАҢБАЛАР» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СҰХБАТ АЛАҢЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы 2020 жылғы 21 қазанда «Әлем тілдері әліпбиіндегі диакритикалық таңбалар» тақырыбында онлайн режимде халықаралық сұхбат алаңын ұйымдастырды.

Тіл саясаты комитетінің төрағасы Әділбек Қаба: Бүгінгі шарамыз әліпбиді жетілдіру жұмыстарын одан әрі жалғастыру бағытында «Әлем тілдері әліпбиіндегі диакритикалық таңбалар» тақырыбына арналмақ.

Жалпы, жазу жүйесіндегі әр таңбаның графикалық формасы, белгілі бір мағынасы болады. Осы орайда қазақ тілінің төл дыбыстарын таңбалауда диакритикалық белгілердің рөлі қандай деген мәселе туындайды.

Бұл халықаралық басқосудың өзектілігі – әліпби түзу барысындағы диакритикалық таңбаларды қолданудың мүмкіндігі мен қажеттігін халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып нақтылау болып отыр.

Бүгінгі онлайн сұхбат алаңына Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры, ф.ғ.к., Ербол Тілешов, Түркия Республикасындағы Памуккале университеті Түркі тілдері мен әдебиеттері бөлімінің меңгерушісі, профессор Нергис Бирай, Әзербайжан Ұлттық Ғылым академиясы И.Насими атындағы Тіл білім институтының Түркі тілдері бөлімінің директоры, профессор Елчин Ибрахимов, Өзбек әлем тілдері мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.д. Маханбет Жүсіпов, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Фаузия Оразбаева, Түркия Республикасы Башкент университетінің профессоры Суер Екер, Түркия Республикасы Хитит университетінің Ғылым және әдебиет факультеті деканының орынбасары, Түрік тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы, доктор Иса Сары, Түркия Республикасы Анкара университетінің профессоры Гулзура Жумакунова, Қарақалпақстан Республикасы Әжнбия атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, ф.ғ.д., Алима Пирниязова, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімінің инженер-бағдарламашысы Дархан Тоқмырзаевтар қатысып отыр.

Бұл турасында айтылайтын әрбір пікір мен ғылыми көзқарастан тұщымды ой қорытылып, жақсы нәтижеге қол жеткізуге басатын қадамдардың бірі болмақ деген сенімдемін!

1 СҰРАҚ: *Диакритикаларды әлем тәжірибесінде қолданудың ортақ қағидаты жоқ. Осыдан келіп ала-құлалық туындайды. Белгілі бір критерийлерді ортақ мүдде үшін жасау мүмкіндігі бар ма?*

Нергис Бирай (Памуккале университеті, Түркі тілдері мен әдебиеті бөлімінің меңгерушісі, профессор. Түркия): Еуропа әліпбилері ең алғаш латын әліпбиіне негізделген. Алайда әлемде латын әліпбиін қолданатын тілдерді қарасақ, әрқайсысының әртүрлі



диакритикалық қолданыстары бар екендігі байқалады. Негізгі латын әліпбиінде түрік тілінің барлық дыбыстарын таңбалайтын әріптер жоқ. Латын әліпбиінен таңбалар алынған кезде нақты мән дыбыс пен әріптің сәйкестігін тексеру арқылы анықталды. Түркияда бұл тәжірибе еуропалық қолданыстағы латын әліпбиінің өзгерістерін де зерттеді. Осы шолулардан кейін түрік тілінде қандай әріптерді қолдану керек, негізгі латынға жатпайтын дыбыстардың орнына қандай әріптерді таңдау керек деген мәселе шешілді. Мұндағы басты ереже әр дыбысқа бір әріп ережесі. Басқаша айтқанда, түрік тілінің әліпбиінде бір дыбысқа бір әріп ережесі қолданылады. Латын әліпбиінен кейбір дыбыстар табылмаған кезде оларды таңбалау үшін диакритикалық таңбалар алынып, түрік әліпбиі үшін арнайы жасалды. Олар *ı, ö, ü, ç, ş, ğ* (ы, ө, ү, ч, ш, ғ) дыбыстарын таңбалайтын әріптер. Диакритикалық таңбалар барлық тілдерде бірдей болуы мүмкін емес. Әр тілдің өзіне тән ерекше дыбыстық мәндері бар. Дәл сол сияқты түрік тілінде де, ағылшын тілінде де өзіне тән бөлек дыбыстары бар.

Маханбет Жусупов (Өзбек әлем тілдері мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.д. Өзбекстан): Диакритикалық белгілерді, басқаша қосымша белгілер дейді (вспомогательные). Реформатскийдің сөзі бар «Диакритические знаки – признак отчаяний», яғни не істерін білмеген соң шыққан дүние, қазақша айтқанда. Қазақ тілінің, жалпы түркі тілдерінің сана сезімінде дыбыс яғни фонема, сөз дыбыс өзгертетін сингармофонема бір психобейне болып қалыптасқан. Біз сол психобейнені бір сурет қылып көрсетуіміз керек. Бұл А.Байтұрсыновтың қағидасы. Диакритикалық таңбалар әріп сәл жетпесе сонда ғана алынады. Бір мысал келтірейін, классикалық латын әліпбиінде *ө* таңбасы тұр. 16 жылғы В.Ивановтың кітабын оқыңыздар, «От буквы и слога к иероглифу» ең үлкен үндіеуропалықтардың бірі. Сонда *ө* таңбасы тұр, *э* таңбасы тұр, сіздер бұлардың барлығының үстіне үтір қойғансыздар. Көне латын классикасында 3 түрі тұр, *у* дың да 3 түрі тұр. Ал мына жерде *тау*, *Атырау* дегендегі *у*-дың үстіне үтір қойып қойған. Ал А.Байтұрсыновтың ережесі бойынша, дүниежүзілік ереже бойынша қосымша таңба тек жінішке таңбаларға қойылады. *Атырау*, *тау* дегендерде *у* жуан дыбыс, оған қойылмайды. Ал сіздер, *Атырау* дегенде *у* мен беріп жібергенсіздер. Бұл дұрыс емес, өзгерту керек. Елбасының сөзі бар, осы әліпбиді қабылдағанда: «Көш жүре түзеледі» деген, соны пайдаланып отырып, өзгерту керек.

Қазақ тілінің қазіргі әліпбиінде 6 қосымша белгі тұр. Бұл дыбыстарға көне классикалық латын тілінде 15-16 түрі болған таңбалар тұр. Міне әзербайжандар *ә*-ні кіргізді, *а*-ның үстіне нүкте қоймай. Өте сауатты жасаған. *Ө*-нің өзі латын классикасында тұр. Батыс семит әліпбиін толық алып, гректің көне әліпбиінің бәрі тегі бір, кириллица бәрі, сонда біз бірде-бір диакритика алмасак болады. Кириллицада бірде бір диакритика жоқ еді, себебі, оны сауатты адамдар жасаған. Қазақтың ойлау қабілетіндегі сингармофонеманың дәл психобейнесін дұрыс табу керек, дұрыс суреттеу керек. Қазақ әліпбиін диакритикалық таңбаларсыз жасау керек. Себебі, жазуда қиын болады. Фонетикалық транскрипция жасағанда сөздің барлығы диакритика болып кетеді, себебі транскрипция жасағанда бәріне белгі қою керек үстінен, ал фонетикалық транскрипциясыз орфоэпияны жасай алмаймыз. Сондықтан, диакритикті азайту керек, жоқ қылу керек. Олай жасауға мүмкіндік бар.

Елчин Ибрахимов (Әзербайжан Ұлттық Ғылым академиясы, И.Насими атындағы Тіл білімі институтының Түркі тілдері бөлімінің директоры, ф.ғ.д. Әзербайжан): Сіз айтып өткендей, әлемдік тәжірибеде диакритикалық белгілерді қолданудың бірыңғай қағидасы жоқ. Мұны түркі әлеміндегі ортақ қағидалар бойынша қолдану қиын. Мүмкін бұл болашақта ортақ әліпби үшін жасалуы мүмкін. Бірақ қазіргі жағдайда бұл сәл қиын, тіпті мүмкін емес деп айта аламын. Диакритикалық белгілер барлық тілдерде сөйлеу мен жазуда әр түрлі көрінеді. Түркі тілдеріндегі орфография мен орфоэпиясында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Сондықтан қазіргі таңда ортақ қағидаға жету мүмкін емес деп ойлаймын. Алайда келешекке үмітпен қараймыз.





Гулзура Жумакунова (Анкара университетінің профессоры, доктор. Түркия): Білесіздер әлемде көптеген тілдер бар. Әріптер аз болғандықтан диакритикалық белгілер қолданылады. Диакритикалық белгілерді қолданудың үш жолы бар. Айтылып кеткендей, бір дыбыс – бір таңба. Бұл ең жақсы жолы. Себебі, әліпби жасалғанда тілдің барлық дыбыстары қамтылуы керек. Жаңадан қабылдап жатқан әліпбиде таңбалар жетпеген жағдайда диакритика қолданылады. Басқа тілден таңбалар алынады немесе жасалынады. Ал екінші жолы – бір дыбыс үшін екі, үш, төрт таңбаларды неміс тіліндегідей қабылдау болып табылады. Біз түркі тілдерінің ішінде бір жылда 4 жазуды ауыстырып рекорд жасадық. Әрбір жасағанымызда қиналып, үлкен бір тәжірибе алып отырдық. Мен қырғыз тілі үшін латын әліпбиін жасаған адамдардың қатарына жатамын. Былтыр, 2019 жылы қырғыз тілі үшін латын әліпбиін жасап, таныстырдық. Әзірше бізде сондай мүмкіндік жетіспей тұрғандықтан, Қырғызстан түркі халықтарының егемен мемлекеттерінің арасында сыртта қалып отыр, кирилл әліпбиін қолдануда.

Елчин мырзаның ортақ қағида туралы мүмкін емес деген пікіріне қосылмаймын. Себебі бізде біріздендірілген әліпби болған кезде, бірдей таңба қолданып, жаза бастаған болатынбыз. Бұл жерде осы жұмыспен айналысатын комиссия жұмысын жақсы атқарған. Құрылған комиссиялардың өз штабтары болған. Ол бір-бірімен байланыста бола отырып аяғында бұл комиссия 33 таңбадан тұрған әліпбиді яналифті ойлап тапқан. Басқа өлкелер де өз әліпбиілерін осы әліпбиге ауыстырған. Бұл мүмкін, бірлікте жұмыс жасап, бір комиссиядан басқарылып тұрса болады. Мысалы, әлемнің кодтарын, ЮНИКОДты барлығын стандарттаған. Біз де жиырмасыншы жылдары жасалған нәрсені қайтадан жасай аламыз. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып жұмыс жасауымыз керек.

2 СҰРАҚ: *Түркияда, Әзербайжанда қолданылып отырған әліпбиілерде диакритикалық таңбалар бар. Осылар тілдің табиғатын, дыбыстық мәнін аша ала ма?*

Нергис Бирай: Түрік тілінде диакритикалық белгілер бес әріпте бар. Бұлар, ғ-ның үстіне қойылған қалпақша, ч, ш-ның астындығы ирек сызық, жоғарғы жағына қос нүкте қойылған ө, ү және и-ден нүктені өшіру арқылы ы әрпі жасалған. Бұл әріптер латын әліпбиінде болмағандықтан жасалды. Бұл шешім түрік тілінің бір дыбысқа бір әріп ережесі тұрғысынан өте қажет және маңызды шешім болды. Бұны түрік тілінің жетістігі ретінде қарастыруға болады. Бір дыбысты беретін күрделі әріптер әліпбиге енгізілмеді. Көп әріптен тұратын әліпби жүйесі де қабылданған жоқ. Бұл жүйе бір әріптік жазу жүйесі. Біздің әліпбиіміз түрік тілі үшін жеткілікті, дыбыстық жағынан ыңғайлы болып табылады. Жалпы түрік әліпбиі фонетикалық принципке негізделген. Әрине артықшылықтары бар. Түрік тілінде 8 дауысты дыбыс бар. Дауысты дыбыстар мен оларды таңбалайтын әріптер анықталғаннан кейін, дауыссыздарды жуан және жіңішкелігіне қарай анықтау қажет емес. Егер дауысты жуан болса, дауыссыз да жуан болады. Егер дауысты жіңішке болса, дауыссыздар да жіңішке болады. Осылайша көптеген жуан және жіңішке дауыссыздарға әртүрлі әріптерді анықтау қажет емес. Және аз әріптермен әліпбиді үйрету оңайырақ болады. Түрік тілінің төл сөздерінде бұл мәселенің шешімін табуы әліпбиді оқытуда қиындық тудырмайды. Мысалы, түрік тілінің төл сөздеріне ұқсамайтын және ерекше белгісі бар шеттілдік кірме сөздердің жазылуы мен айтылуында болуы мүмкін. Бұны емле ережелері аясында түзетуге болады. Латын әліпбиін қолдануда және оның ережелеріне қатысты түрік тілінің өзіндік ерекшелігі бар. Түрік тілінде бұл тәжірибенің кемшілігі жоқ, себебі диакритикалық белгілер көп емес.

Елчин Ибрахимов: Гулзура ханым айтқан 1928 жылғы әліпбиде диакритикалық таңбалар бар еді. 15 жылдай қолданылды бұл әліпби. Бүгінгі күні түркі халықтарына ортақ әліпби қолданылмаса, ортақ диакритикалық таңбаларды қолдану қиын. Мен осы тұрғыдан айттым. Себебі, қазіргі таңда, мына жердегі сұрақтарға да қарасак, бәріміз





білетіндей, ортақ әліпби шешімі қиын бір мәселе болып тұр. Ортақ диакритикалық таңбаларды қолдану қиын болып табылады. Біздің әліпбиде де диакритикалық таңбалар бар. Ғ, ч, ы, и сияқты әріптерімізде бар. Әзербайжан ғалымдары арасында әліпби мәселесінің шешімін таптық десек те, әліпбиімізді әлі де жетілдірудеміз. Бұдан 3-4 жыл бұрын бір маманның айтуы бойынша, мысалы *ş* (ш) әрпінің орнына екі әріпті *sh* қолдану сияқты. Тарихымызда біз апостроф қолдандық, ол қиындық туғызды. Қазіргі таңда да диакритикалық таңбаларды қолдануда ғалымдар арасында тартыс бар. Әліпби оңай болғаны дұрыс деп ойлаймын.

Гүлзура Жумақунова: Мен кирилді қабылдаған ұлттың өкілімін. Диакритикалық белгілер мәселесі тек латында ғана емес, кирилл жазуында да болды. Мысалы, қырғыз бен қазақ бір-бірінің тілін жақсы түсінетін ел, бірақ жазуға келгенде қырғызда 36 таңба болса, қазақ 42 таңбаны қолданады. Ауызша түсінгенімізбен, жазуға келгенде үлкен айырмашылық бар. Мысалы, қырғыз тілінде жоқ *ә, і, ү, ұ, қ, ғ*-лар қазақ алфавитіне алынған. Осы алты дыбыс оқуда да, жазуда да екі егіз елді ажыратып қойған. Сондықтан қырғыздар қазақтың тексін оқи алмайды. Сол үшін латынға көшкен түркі елдері диакритикалық белгілерді ұқсас етіп алса бір-бірін түсінуге септігі тиетін еді. Бірдейлетіп жасауға ешқашан кеш емес. Түркі халқының әліпбиін ортақ ұқсастықтарымен бірдейлестіру керек. Себебі біз алфавитті бес, он жылға емес, мәңгілікке жасаймыз. Сол үшін еларалық, түркілік ортақ стандартты ұстанған жөн. Өзбек алфавитінде диграф жоқ, бұл өте жақсы.

1991 жылы Стамбулдағы Мармара университетінде өткен жиында жасалған ортақ түркі алфавитінде 34 таңба бар. Осыны түркі халқы негізге алуы керек. Ол жиынға Әзербайжанның, Татарстанның, Қазақстанның т.б. он үш елдің ғалымдары қатысып талқылаған болатын. Бұл өте жақсы алфавит, осыған сүйенуіміз керек, түркі елдері осы алфавит негізінде өз алфавиттерін құрастырса. Сол алфавитке қайтуымыз керек деген ойдамын. Рақмет!

Маханбет Жусупов: Мәселе диакритиканы қолдану немесе қолданбауда емес, мәселе қанша диакритика қолдануда. Түрік тілі мен басқа да түркі тілдерінде диакритика аз, ал қазақ тілінде көп болып тұр. Бұны оғыз тілдері мен қыпшақ тілдері тұрғысынан қарайық. Оғыз, қарлұқ тілдеріне қарағанда қыпшақ тілдерінде жіңішке дыбыс көп. Сондықтан бұл жерде таңба да көбірек болады. Өйткені сөз мағынасын өзгертетін жуан-жіңішкелік көп. Соған қарай жаңа таңбалар жасау керек. Әзербайжаннан қатысып отырған ғалымның сөзіне толық қосыламын. Менің ойымша, Әзербайжан әліпбиі түркі әлеміндегі ең жақсы алфавит. Жаңа қырғыз тілі мен қазақ тілі туралы айтты. Әрине қырғыздарда әріп саны аз болады. Оларда ерін сингармонизмі, қазақта тіл сингармонизмі. Қырғызда *Алатоо*, қазақта *Алатау*. Олардағы ерін сингармонизмі әріп санын қысқартып жіберген. Жаңа өзбек алфавиті туралы да айтылды. Ия, өзбек алфавитінде диграф жоқ, бұл өте жақсы дүние, жаңағы сөйлеген ғалымның сөзіне толықтай қосыламын. Ал өзбек алфавитін түркі әлеміндегі алфавиттермен салыстыру мүмкін емес. Өйткені өзбек тілінде жуан-жіңішкелік бөлінбеген. Олар *қыр, кір, ки* деген үш сөздегі үш дыбысты бір ғана әріппен жазады, *ал, әл, сол, сәлді* де бір әріппен жаза береді. Себебі оларда сингармонизм жоқ. Сондықтан өзбек алфавитінде әріп саны аз. Қазақ тіліндегі *ә, ө, ү*-лер өзбекте жоқ. 1939 жылы кириллицаға көшкенде жоқ қылған, латында жүргенде сингармонизм бар еді. Сондықтан өзбек алфавитін біз үлгі тұта алмаймыз, жалпы түркі әлеміне үлгі бола алмайды. Әр ұлт өзінің сана-сезіміндегі қалыптасқан дыбыстардың психобейнелерін көрсетуі керек. А.Байтұрсынұлы солай істеген. Мысалы, қазан, қазанда май қайнап тұр, біз оған қойдың құйрығын кесеміз де тастаймыз, сонда дыбыс шығады. Соны қазақтың баласынан қандай дыбыс деп сұрасаңыз «шыж» деген дыбыс деп айтады, ол тағамды шыжық дейді. Ал өзбек баласынан сұрасаңыз басқаша айтады. Міне, туысқан екі ха-





лықтың ойлау қабілетіндегі дыбыстардың психобейнелері әртүрлі. Сондықтан олардың жазуында да айырмашылық бар.

Ербол Тілешов (Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры, ф.ғ.к. Қазақстан): Эзербайжан ғалымы Елчин мырзаға сұрақ қойғым келіп отыр. Сіздердің әліпбилеріңізде Ә әрпі бар. Бұл латынның таңбасы емес, классикалық латында да, базалық латында да жоқ шва деп аталады. Осы ә-ні қолдану барысында іздеу функциясынан, компьютерде теруден, базадағы мәліметтерді іздеуден кедергілер болған жоқ па?

Елчин Ибрахимов: Сұрағыңыз үшін рақмет! Ия, бізде ә таңбасы үлкен мәселе тудырады. Мысалы үшін мақалаларда, халықаралық жазбаларда, библиографиялық жұмыстарда ә әрпінен қиындық көреміз. Ә әрпін кейде біз е әрпімен алмастырып жазамыз және болашақта бұл ә-ні диакритикалық таңбамен беруді ойлаймыз. Алайда бұл мемлекеттің саясаты болғандықтан, қиын мәселе болып табылады. Ә әрпін қолданудан қиыншылықтар көріп келеміз. 1991-2001 жыл аралығында 10 жыл бойы ә таңбасы әліпбиде болуы керек пе, жоқ па деген талас болды, сол әлі күнге дейін жүріп жатыр.

Маханбет Жусупов: Мен эзербайжан бауырымның сөзімен келісемін. Олар расында да кейіннен әліпбилерін өзгертті, ал өзбектер екі рет өзгеріс жасады. Елбасының «көш жүре түзеледі» дегені тек Қазақстанға ғана емес басқа да елдерге қатысты болып тұр. Жалпы тілді компьютерге бейімдеу керек, техниканы тілге бейімдеу керек. Негізгі ұстаным осы болуы керек. Мен сіздерге бір-екі күнде классикалық латында, көне жазуда ә-нің тұрған суретін жіберемін. Ивановтың кітабынан. Бұлардың тегі бір. Сондықтан бұл жерде мынау латындікі, мынау латындікі емес деген дұрыс емес. Әр алфавит заманына қарай қосыла береді. А.Байтұрсынұлы қазақ тіліне х, ф дыбыстарын алу қажет, соған әрпі беру керек деген. Жалпы біз диакритикаларды қысқартуымыз керек. А-ның үстіне нүкте қойдыңыз ба, бұл компьютер үшін жаңа таңба немесе о-ның үстіне үтір қойдыңыз ба ол жаңа таңба, жаңа символ. Диакритикалардың өз ұстанымдары тұр. Қазір әліпбидің жаңа нұсқасын істеп жатыр дедіңіз ғой, бірақ оны көрмедік. Өтініш, бұған фонологты қосыңыздар. Себебі таңба адамның ойлау қабілеті мен психобейнесіне байланысты нәрсе. Оны әр ғылым докторы біле бермейді. Сондықтан қазақ алфавиті қазақтың өзінің төл сөзінің төл дыбыстау қасиетін жақсы көрсетуі үшін фонологты қосу керек. Бүгінде, менің ойымша, түркі халықтарының ішіндегі ең жақсы алфавит эзербайжандікі.

Алима Пирниязова (Әжнияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, ф.ғ.д. Қарақалпақстан): Айтылып жатқан пікірлердің барлығын да жақсы тыңдап отырмын. Біздің Қарақалпақ тілі 1994 жылы латын жазуын қабылдады. Содан бері бірнеше жыл өткенімен халқымыз 100% меңгеріп кетті деп айта алмаймыз. Себебі, жаңа жазу жасы үлкен адамдарға қиындық тудырады екен. Президенттің қарарының шығуына байланысты барлық жерде сабақтар латын графикасында оқытылып, оқулықтар жаңа жазумен басылып шықты. Латын әліпбиі 1994 жылы қабылданса, 1995 жылдың қыркүйек айынан бастап І сыныптан жоғары сыныптың оқулықтарының барлығы латын графикасында басылып шықты. Газет, журналдар толығымен өтіп болған жоқ. Жасы үлкендер үшін газеттің І бетін арнадық. Сауаты бар адамдар тез үйреніп кете алады. Біз тек ақут белгісін ғана алдық. Сонда алты әріпке ақут белгісі қойылды. Біз бірінші мектеп, университет мұғалімдерін оқытып алдық. Одан кейін барлық мекеме қызметкерлерін 30 сағаттық курста оқыттық. Ол жерде қиындық болған жоқ. Мектепте басқаша үйреттік. Латын графикасына бірден өтіп кету үшін қаражатты көп қажет етеді екен. Қысқаша осы.

3 СҰРАҚ: *Әліпби үйретуде контингент мәселесі қалай болуы керек? Кімнен бастауымыз керек, бастауыштан бастау керек пе? Болмаса жаппай үйреткеніміз дұрыс па?*





Диакритикалық таңбалармен келетін әліпбидің емле ережелерінде қандай қиындықтары болады? Қай таңбаларды оқыту қиындық тудырады?

Фаузния Оразбаева (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Қазақстан): Жалпы өзекті мәселе қозғалды. Бір таңба – бір дыбыс принципін ұстануымыз керек. Екінші айтарым, әрине диакритика болуы керек. Бірақ диакритика көбейген сайын жазудың сауаттылығы төмендейді. Баланың қабылдау қабілеті нашарлайды. Ол көзшалымға, жүктемеге, жаздың барлығына кері әсерін тигізеді. Сондықтан диакритиканы да таңдап, сұрыптап алуымыз керек.

Контингентті дайындаған кезде ең алдымен жоғары мектептегі ұстаздарды арнайы курстардан 2 ай, 1 жылдық курстардан өткізіп алуымыз керек. Мықты әдіспен қаруланған, балаға да, үлкенге де үйрете алатын ерекше ұстаздарды дайындау арқылы бір мезетте нәтижеге де, сапаға да қол жеткізе аламыз ғой деп ойлаймын.

1) Әліпбиді фонетикалық сипаттама беру әдісімен үйреткен басқа әдістермен салыстырғанда тиімдірек. Бұл әдіс әліпбиді жылдам әрі ұтымды игеруге көмектеседі. Себебі фонетикалық сипаттама-талдау әдісі бір-бірімен сабақтас бірліктер арқылы үйретіле келіп, жүйелі әрі жеңіл жүзеге асырылады. Мәселен, дыбыс – әріп (таңба) – буын – сөз – сөз тіркесі – сөйлем біртұтас кешенді құрайды және есте жақсы сақталады.

Әліпбиді үйретуде нақты бір әдісті жеке бөліп алу да біржақты қызмет атқарады. Әліпбиді меңгеруде: а) белсенді әдістер; ә) қосымша әдістер; б) аралық әдістер бар. Олардың әрқайсысы оқушылардың жасына, сұранысына, психологиялық жай-күйіне қарай қолданылады.

Әліпбидің таңбасын меңгертуде Ахмет Байтұрсынұлы қолданған «Әліпби» әдісі (кирилл таңбасымен жазылған сөздерді белгілі бір уақыт аралығында латынәліпбилі қазақ жазуымен жазғызу) әдісі, «Түсіндіру» әдісі (сөздердің жазылу емлесін түсіндіру), «Салыстыру» әдісі (инвариант сөздерді және т.б. салыстырту), «Буындау» әдісі («й», «у» таңбасының емлесін меңгерту), «Ойнаңдар! Ойлаңдар!» әдісі (оқылым дағдыларын жетілдіру) және т.б. әдістерді қолданған тиімді. Білімалушылардың қызығушылығын арттыруда оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану да ұтымды болады.

Әліпбиді меңгерту әдістерін таңдауда мынадай факторлар ескерілуі керек:

- әліпбиді үйренетін аудиторияның контингенті;
- білім алушының жасы мен психологиясы;
- білім алушының қазақ тілін білу деңгейі (өйткені жаңа жазу емлесінде біршама қиындықтар осы тілдік деңгейге қатысты болуы заңды);
- әліпбиді үйренушілердің латын графикасын қолдану деңгейі;
- әліпби үйренудің мотивациясы мен мақсаттылығы және т.б.

2) Әліпбиді фонетикалық сипаттама беру әдісімен меңгерту үйренушілердің жас ерекшелігіне байланысты анықталады. Жалпы, эксперимент барысында бір әріп-бір таңбаны үйрету үшін 2 сағаттан кем уақыт берілмегені дұрыс екені байқалды. Алдымен әріп үйретіледі, содан соң қайталанатын, сосын бекітіледі. Әліпбиді меңгерту уақыты мектеп табалдырығын енді аттаған бастауыш сынып оқушыларына және ересек адамдарға жеке-жеке белгіленуі керек. Бастауыш сынып оқушыларына бір сағатта бір таңба (әріп) меңгертілуі мүмкін. Ал сауатты ересек адамдарға бір сағатта бірнеше таңбаны меңгертуге болады.

3) Қазақ тілінде ғана бар ерекше дыбыстарды акут таңбасымен белгілеу өзге тілді адамдарға қазақ тілін үйретуде қиындық келтіруі мүмкін. Елімізде қазақ тілінен кейін орыс тілі белсенді қолданылатыны белгілі. Сондықтан тіл үйренушілердің басым бөлігі





- орыс тілді азаматтар. Тіл үйретудің алғашқы кезеңінде акут таңбасын орыс тіліндегі екпінмен шатастыруы мүмкін.

U (у), Ú(ү) дыбыстарының графикалық бейнесіне қатысты. Кирилл графикасында артық белгі Ұұ әрпінің бел тұсында сызықша түрінде бейнеленген. Латын графикалы жазуда акут таңбасы Үү әрпінің төбесіне қойылады. Сол акут не себепті Ү емес, Ү әрпіне қойылған? Акут таңбасы Ү емес, Ү әрпіне қойылғанда визуалдық тұрғыда әріптің бейнесін тез қабылдауға септігін тигізер еді.

И, і дыбыстарының бас әріптерінің бір таңбамен берілуі қиындық тудырады.

Ш дыбысының Sh қосар таңбасымен берілуі қиындық келтіреді.

Қазіргі таңда ағылшын тіліне басымдылық беріліп отырылғандықтан, ағылшын әліпбиімен сәйкес келетін таңбаларды жазу оқушыға қиындық тудырмайды. Білімалушылар «и» таңбасын ағылшын тіліндегі «и» таңбасымен, «и» таңбасын ағылшын тіліндегі «у» -мен шатастырып қолданады. Қосарлы sh [ш] дыбысын жазу қиындық тудырады. Яғни ұ,ү,і,й, ш әріптерін латынәліпбилі қазақ жазуымен жазуда қиналады.

4) Әліпбиді қабылдау - субъективті мәселе. Сондықтан, біріншіден, нақты қабылданған әліпбиге қатысты халық арасында БАҚ арқылы да, тікелей жүздесу арқылы да алдын-ала нақты түсіндіру жұмыстары кең және сауатты жүргізілуі шарт. Екіншіден, жаңа әліпбиге көшу қоғамның барлық саласына бірдей заңмен міндеттелмесе, яғни түгелдей көшірілмесе, әліпби толық қолданымдық сипатқа ие бола алмайды. Оған көрші Өзбекстанның қазіргі жағдайы дәлел. Кеңес дәуірінде білім алған ересек адамдардың біразы жалпы латын әліпбиіне көшу идеясының дұрыс екенін түсінеді. Бірақ үйреншікті қалыпты бұзбай, кирилл әліпбиімен жүре бергенді қалайды. Ал жастар (негізінен 30 жасқа дейінгі адамдар) қолдайды.

5) Әліпбиді бастауыш сыныптан бастап, барлық аудиторияда оқыту керек. Тек «қазақ сыныптары ғана оқу керек» деген ұстаным дұрыс емес. Бұл мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясын одан әрі құлдыратуға ықпал етеді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, жаппай түгел көшу қажет. Әліпби енген кезде халыққа жаппай үйретілуі керек. Онсыз нәтиже болмайды. Жалпы халық үйренбесе, әр жерде әр қилы әліпбидің болуы сауаттылықты төмендетеді, бірізді жазу жоғалады, әркім әртүрлі қолданысқа көшеді, ересек адамдар әлеуметтік тұрғыда өздерін қолайсыз сезінеді. Мысалы: поштаға барғанда, мектепке баласының жиналысына барған кезде т.б. жағдайларда іс қағаздарын толтыруы мүмкін. Әліпбиді білмесе, қолайсыздық туындайды.

Сонымен, бір мезгілде барлық азаматтарға бірдей үйрету ұтымды. Ол үшін, біріншіден, алдын-ала педагогикалық жоғары оқу орнының филология факультеті студенттерін оқытып дайындап алу қажет. Екіншіден, республикадағы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру институттары жанынан арнайы курс ашып, кезең-кезеңмен мектеп мұғалімдерін оқыту керек.

6) Мүмкіндігінше, қазақ тілінің дәстүрлі емле жүйесін, яғни қазақ тілінің жалғамалы тіл екенін ескере отырып, А.Байтұрсынұлы негіздеген «бір дыбыс – бір әріп» принципін басшылыққа алу қажет әрі тиімді. Ә, ө, ң, ғ әріптерін таңбалап жазу мүмкіншілігі бар. Ал І, Й, Ү, У әріптерін ажыратып жазуда қиындық көп кездеседі.

Алима Пирниязова: Әліпбиді тілші мамандар әуелі меңгеріп алғаннан кейін ғана үйрете алады. Басқа кәсіпте жүрген халық үшін әліпбидің теориясын түсіндіріп отырудың еш қажеті жоқ. Оларға дауысты, дауыссыз дыбыстардың айырмашылығын ғана айту қажет. Қарақалпақ тілінде сөз қалай айтылса, солай жазылады. Ол жағынан еш қиыншылық болмады. Диакритикалық белгілерде де онша қиналмадық. Менің пікірім осы.





Маханбет Жусупов: Фаузия Оразбаеваның пікіріне қоспақ ойым бар еді. Ол кісі ұстаным жайлы өте жақсы пікірлер айтты. Түркі тілдері, моңғол тілдері соның ішінде кәріс тілі. Солардың барлығы сингармониялық жазу. Тіл білімінде фонетикалық жазу дейді. Бізде сингармо-фонологиялық дейді. Себебі біздің фонетикамыз басқа. Біздің фонологиямыз да басқаша. Сондықтан Фаузияның сөзін толық қолдаймын. Ендігі бір мәселе, 1942 жылы кәріс әліпбиі пайда болып, емлесін жасауды бұйырды. Емле жасауға 2 жыл уақыт берді. 1944 жылы яғни екі жылдан кейін ғана ұсынды. Бізде әліпбиі пайда болмай көшелердегі жарнамалар жаңа жазумен жазылып жатыр. Бұл – заңсыз нәрсе. Ұстанымдар жайлы айттыңыз. Ең алдымен 5 ұстаным жасау керек: бірінші буын ұстанымы, екінші сингармо-фонологиялық ұстаным, үшінші морфологиялық ұстаным, төртінші дәстүрлі ұстаным, бесінші дифференциалды ұстанымның біреуін де жасамай оқуға ендіруге болмайды. Ұстанымдарды жасамай оқытуға болмайды, ол заңсыз нәрсе. Түркияның өтуі басқа жағдай, түрік тілінде кірме сөздер өте аз болған. Қазақстан өте биік деңгейдегі сауатты мемлекет. Өзбекстанның жазу тарихы 2 жарым мың жыл. Бірақ осы жылға дейін көше алмай отыр. Неге? Газет, журналдардың 70-80 пайызы кириллицада шығады. Тек қана мектеп оқулықтары ғана латын графикасымен шығады.

4 СҰРАҚ: *Әріптердің пернетақтада орналасуы, үйренуге ыңғайлылығы тұрғысынан кейбір дыбыстарды екі түрлі беру мүмкіндіктері болғанда қалай таңдалғаны дұрыс? Мысалы, мұрын жолды «ң» таңбасының тильда Ñ арқылы берілгені дұрыс па, әлде Ю (эң) таңбасы қолайлы ма немесе «Ш» дыбысы седильмен берілгені жақсы ма немесе бревис қолайлы ма?*

Иса Сары (Хитит университетінің Ғылым және әдебиет факультеті деканының орынбасары, доктор. Түркия): Бірінші кезекте қолдану жиілігі мен алфавиттік тәртіп қарастырылды. Сонымен қатар мәтіндік басылымдарда ең көп қолданылатын транскрипциялық белгілер алфавиттік рет бойынша орналастырылды. Шындығында, түрік тілінің тарихи-салыстырмалы зерттеулерінде негізінен ең үлкен көлемге ие араб әріптерін транскрипциялау болды. Әліпбиде жоқ таңдай арты/ таңдай алды дауыссыздар, мәтіндерде жиі кездесетін созылмалы дауысты дыбыстар және кейбір басқа дыбыстар негізгі пернетақта бөліміне қосылды. Пернетақтаның диакритикалар бөлігі бар, диакритиканы қажет ететін әріптің үстіне қоюға болады. Осылайша, теория жүзінде мыңдаған, он мыңдаған әртүрлі әріптер мен белгілер жазуға болады. Тіпті бір әріпке бірнеше диакритиканы қолдануға болады. Осылайша, ықтималды әріптер мен белгілер саны едәуір артады және зерттеушілерге, әліпбимен айналысатындарға қолайлы. Екіншіден, мен әртүрлі тілдерге арналған ұқсас пернетақта үлгілерін қарастырдым. Алайда бұл пернетақталардың көпшілігі күрделі және қолдануға ыңғайлы емес. Яғни оңай қолданылмайды. Мен неғұрлым практикалық және қолданысқа оңай пернетақтаны қалай жасауға болады деп ойландым: жиі қолданылатын әріптердің тізімін жасап, осы әріптерге сәйкес олардың пернетақтада қолайлы бір ретте орналыстырылуын жоспарладым.

Сонымен қатар диакритикалық таңбаларды орналастыруда белгілі бір иерархияның болуын байқадым. Алдымен үстінде орналастырылған, кейіннен төменде орналастырылған таңбаларға байланысты. Әрине, диакритикалық таңбалардың саны көп, алайда мен түрік тілін зерттеу тұрғысынан жиі қолданылатындарын пернетақтаға енгізуге тырыстым. Сонда да, сұраныстар мен талаптарға байланысты басқа да диакритикалық таңбаларды пернетақтаға қоса аламын. Болашақта мен интерфейс пен мобильді үйлесімділікті, тіпті мүмкіндігінше практикалық жазуға мүмкіндік беретін мобильді қосымшаны да ойластыруды қарастырамын. Әрине, бұл үшін бір институттың қолдауы мен қаражаттың бөлінуі шарт. Үшіншіден, бұдан бұрын да атап өткенімдей, түрік тілі зерттеулерінде және Түркия-





да қолданылатын әріптердің әліпбилік тәртіпте қолданылу жиілігін байқадым. Сонымен қатар, әр қатарда 8 әріптің орналасуын қолдандым. Осылайша, тіпті ажырату мүмкіндігі төмен экрандарда да барлық әріптер экранда бірден пайда болады. Бұған қосымша мен бас әріп пен кіші әріп түріндегі реттілікке мән бердім. Сондай-ақ, олардың біреуі үлкен-кіші жұптарда төменгі сызыққа ауыспайтындығына назар аудардым. Диакритикалық таңбаларда қазіргі заманғы түрік тілінің нұсқаларын және диалектке байланысты зерттеулерін ескере отырып, мұрындық пен екпін сияқты таңбаларды орналастырдым. Төртіншіден, QWERTY тәртібінің стандарт емес, ең кең таралған тізілім деп айту дұрысырақ болар еді. Бәріне белгілі, әлемдегі ең кең таралған пернетақта орналасуы – QWERTY болып табылады. Осы тәртіпке негізделген, аздаған өзгертулері бар QWERTZ де QZERTY сияқты әріптердің пернетақтада орналасуы болып табылады. Сол кезде түрік тіліне ыңғайлы F-пернетақтаның орналасуы жасалды және бұл ғылыми зерттеулермен сәйкесіп қолдау тапқан F-пернетақта жасалды алайда, өкінішке орай, ол қабылданбады. Менің айтайын дегенім, бүкіл әлемде бірдей пернетақта қолдануын қолдаймын. Осылайша, әлемнің қай жеріне барсақ та, кез келген компьютерді қолданғанда үйреніп қалған тізімді пернетақтаны қолдана отырып тез жаза аламыз. Бірақ бұл сәл утопиялық болып қалады және әр тілдің өзіне сай қажеттіліктері, ерекшеліктері ескерілмейді. Сондықтан ғылыми жұмыстар арқылы бір тіл үшін қандай пернетақта ретінің қолайлы болатынын зерттей отырып, сол жүйеге сәйкес пернетақта ретін жасау керек. Сондай ақ, ең жиі қолданылатын әріптерді саусақтар оңай жететін жерде орналастыру керек, және мықты саусақтар жететін жерге орналастыру керек.

Транскрипциялы пернетақта

<https://www.isa-sari.com/transkripsiyon/>



Барлық транскрипциялық белгілер мен диакритикалық таңбаларды, сонымен қатар сирек кездесетін белгілерді компьютерде оңай жазуға көмектесетін **қосымша** болып табылады. Қазіргі уақытта ескірген және әр түрлі компьютерлерде дисплей проблемаларын тудыратын *Oktay New Transcript*, *Times Turkish Transcript* сияқты қосымшалардың орнына осы қосымшаны пайдалана отырып шартты белгілерді қосу және т.б. кез-келген транскрипция белгілері мен әріптерін пайдалану, сонымен қатар өзіңіз қалаған диакритикалық мыңдаған әртүрлі белгілерді қолдана аласыз. Бұл қосымша тарихи мәтіндік басылымдар, диалектология, заманауи түрік нұсқаларынан жасалған әріп өзгерту сияқты көптеген салаларда қолдануға жарамды. Транскрипцияланған мәтіндік басылымдарды дайындау барысында әртүрлі әдістермен (мысалы, алты нүктелі k-ні k* деп жазып, содан кейін барлық k* -ларды алты нүктелі k-ге бір мезгілде бірден ауыстыру) және еш қиындықсыз түрлі нұсқаларда транскрипцияларды тез дамытады. Сонымен қатар әртүрлі әдістер де бар.



Қосымшаны дамыту:

- Apple iOS және Android үшін қосымшаның мобильді нұсқасын жасауға болады.
- Пернетақтада Alt + k немесе Alt + s сияқты тіркесті пернетақтаға орналастыру арқылы диакритикалық таңбалары мен транскрипция әріптерін компьютерге оңай теруге болады. Екінші жағынан, макрон сияқты диакритикалық таңбаларды оңай қосуға болады (мысалы, Alt + - содан кейін түймешік).
- Берілген қосымша жаңа диакритикалық таңбаларды қосуға өте ыңғайлы. Қажет болған жағдайда, диакритикалық таңбаларды қосуға немесе алып тастауға болады. Бұл мүмкіндікті соңғы пайдаланушы да жасай алады. Басқаша айтқанда, пайдаланушылар өздерінің жиі қолданылатын диакритикалық таңбаларын өздеріне ыңғайлы және жеңіл түрде пернетақтаға енгіздіре алады.
- Бұл қосымшаны тек латын әріптеріне ғана емес, кириллицаға да бейімдеуге болады.
- Қосымшаны Word және басқаларымен бірлестіруге болады, осылайша үлкен мәтін жазуын жеңілдетеді.
- Бағдарламаға әртүрлі тілдерді қосуға болады.
- Қосымшаға автоматты диакритикалық таңбаларды қосуға болады.

Бұлардың барлығы үшін қаржылық және институционалдық қолдау өте қажет.

Дархан Тоқмырзаев (А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қолданбалы лингвистика бөлімінің инженер-программисі. Қазақстан): Компьютер де, тіл де адамға қызмет ететін құралдар. Сондықтан, бұл құралдар адамға пайдалану жағынан ыңғайлы болуы керек. Әліпбиіміздің кирил графикасынан латын графикасына өтуге байланысты, цифрлық әлемдегі пернетақтамызды да жөндеп алғанымыз болашаққа өте қолайлы.


Қазіргі заманда көпшілік айтып жүрген әлемдегі QWERTY пернесінің орналасу пернетақтасына көшу жайлы жайттар бар. Бірақ бұл пернетақта қашан және қалай жасалғаны бәріне бірдей мәлім емес. QWERTY пернесінің орналасу тарихы жазу машинкасынан басталады. Бұл пернетақтаның орналасуы 150 жыл бұрынғы машинкалардың ыңғайына қаралып орналастырылған. Ең басты себебі машинканың тетіктері біріне-бірі кедергі жасамас үшін жасалған. Демек, QWERTY пернетақтасында тілдің ерекшеліктері де, адамның психологиялық қабылдауы да, тілдің статистикасы да, мәтінді жылдам теру мүмкіндігі де ескерілмеген. Пернетақтаны жылдам басқанда екі тетік біріне-бірі аяқасып басылмай қалмас үшін, жиі кездесетін әріп тіркестерін бір-бірінен алшақ қою жағы ғана қарастырылған. Осы пернетақтаны бұл күнге дейін қолданып келе жатқанымыз скевоморфизм (функциясын жоғалтқан, бірақ әлі де қолдану) деуге болады. Келесі суреттерде жиі жазылатын сөздер мен мысалдар көрсетілген. Осы әріптердің QWERTY пернетақтасында бір-бірінен алшақ орналасқаны байқалады.

Адамдардың бірден басқа дизайнға, яғни пернетақта әріптерінің жаңаша орналастырылған нұсқасына үйреніп кетуі қиын, бірақ біз QWERTY пернетақтасын өз тілімізде өте сирек қолданамыз. Өйткені қазақ тілін қолданушы қазақша мәтінді кирил графикалы пернетақтада тереді. Ағылшынша мәтін теретін адамдар аз, санаулы. Демек, латын графикалы QWERTY пернетақтасы қазақ тіл ұстарманы үшін жаттанды, мәтін теруге үйреншікті емес. Қазақ тілді мәтін теруші үшін QWERTY пернетақтасын қолдану маңызды емес.

Ал QWERTY пернетақтасынадағы кирил әріптерінің орналасуы бойынша мәліметтерге сүйенсек, орыс пернетақтасында маңызды әріптердің сұқ саусаққа ыңғайланып орналастырылғаны айтылады. Алайда, *біріншіден*, бұл ЙЦУКЕН пернетақтасы да қол мәшинкесінің кезінде жасалған, *екіншіден*, орыс пернетақтасында әріптердің орналасуы қазақ мәтіндерін теру үшін ыңғайластырылмағаны анық. *Үшіншіден*, кирил пернетақтасында қазақтың төл (ә, і, н, ғ, ү, ұ, қ, ө, һ) әріптері сандар мен символдар тұратын үстіңгі



қатарда орналастырылған. Бұл дұрыс емес, себебі пернетақтада әріптерді орналастырудың әлемдегі қабылданған жүйесі бойынша ортаңғы үш қатар негізгі әріптер тұратын аймақта, ал үстіңгі қатар сандар мен символдардың орны.



Осындай себептерді ескерсек, латын әліпбилі ұлттық пернетақтамызда қазақ әріптерін орналастыруда қандай принциптерді басшылыққа аламыз деген сұрақ туындайды. Негізгі мақсат - пернетақтада қазақша мәтіндерді жылдам әрі сапалы теру мүмкіндіктерін қарастыру. Ол үшін біз қазақша мәтіндерде жиі кездесетін әріптерді және сөзді құрайтын әріп тіркестерінің жиілік мүмкіндіктерін анықтауымыз қажет.

Осы ретте Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білім институты Қолданбалы лингвистика бөлімі профессор Асқар Құдайбергенұлы Жұбановтың қазақ тілінің статистикасына сай пернетақтаны орналастыру ұсынысымен, үлкен көлемдегі мәтіндерден (7 млн. сөзқолданыстан тұратын) әріп жиілігін анықтап, қазақ графемаларының статистикалық сипаттамасына зерттеулер жүргізді:

1) Әріптердің жиілігі. Қазақ тілінде ең көп қолданылатын әріптен ең аз қолданылатын әріптердің пайызын шығару.

№	Әріп	Абсолютті жиілік	Әріптің мәтінді қамту пайызы
1	а	8630862	12,796
2	е	5660025	21,187
3	ы	5378832	29,161
4	н	4192570	35,377
5	і	4154893	41,537
6	т	4066134	47,565
~~~~~			
38	һ	5406	99,983
39	ъ	5148	99,991
40	ч	3702	99,996
41	щ	1679	99,998
42	ё	1018	100

Әріптерді пернетақтада орналастыруда тек қана әріп жиілігін анықтау аздық етеді. Сонымен қатар мәтінде кездесетін сөздерді құрайтын әріп тіркестерінің жиілігін де білуіміз қажет.



2) Әріп тіркесінің жиілігі. Қандай әріптер бір-бірімен жиі қолданылу пайызы.

№	Әріп тіркесі	Жиілігі	Мәтінді қамту пайызы
1	АР	688046	2,044763
2	АН	582203	3,774978
3	АЛ	565092	5,454341
4	ЫН	562670	7,126507
5	ДА	560947	8,793552
6	ТА	511163	10,312647
7	ЕН	501533	11,803123
8	ЕР	481452	13,233921
9	ҚА	460416	14,602204
10	ДЕ	458037	15,963417
11	ІН	451436	17,305013
12	ЛА	422561	18,560797

Осы аталғандардың басқа мәтін теруші үшін қазақ тіліндегі сөйлемдердің құрамындағы сөздердің тіркесім мүмкіндіктерін білу де маңызды болуы мүмкін. Бұл үшін қазақ тіліндегі сөз тіркесімділігін жиілік пайызын анықтау қажет. Бұл алдағы зерттеулерімізге жатады.

Қазақ тілінің ұлттық пернетақтасын жасауда мынадай ұсыныстарды ескеру қажет:

- пернетақтаға қаріптерді орналастыруда бірінші ретте, жеке әріптердің қолданыс жиілігін, екінші, тіркестердің қолданыс жиілігін басшылыққа алу қажет;

- қазақ тілі әріптерін компьютердің пернетақтасына орналастыруда әлем тәжірибесі бойынша жиі кездесіп, қатар қолданылатын әріптерді бір бірінен алшақ орналастыру және мәтінде жиі ұшырасатын жеке әріптерді сұқ саусақ басатын ауданға орналастыру қажеттілігін басшылыққа алуымыз керек;

- жиі кездесетін тіркестерді қатар орналастырмай, оң қолмен сол қол басатын аудандарға параллель орналастыру қажет;

- қазақ тілінде әріп тіркестері көбінесе дауысты мен дауыссыз қатар келеді, сол себепті дауысты, дауыссыз дыбыстарды екі қол бөліп басатындай пернетақтаның екі жағына бөліп алшақ орналастыру керек.

- сөз басында жиі кездесетін әріптерді оң қолға бейімдеп, пернетақтаның оң жақ бөлігіне қою керек;

- әріп тіркестерінің жиілік сөздігінен ең жиі кездесетіндерін ғана негізге алу керек.

- пернетақтаға әріптердің қолданыс жиілігін ескере отырып, физикалық тұрғыдан күшті саусақтан әлсіз саусақтар ретімен орналастыруды дұрыс деп танымыз.

Егер әріптерді пернетақтаға осы қолданыс жиілігіне сәйкес орналастырсақ, мәтін теруде уақыт үнемділігі, физикалық күшті аз жұмсау сияқты нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Жоғарыда аталған әріп және әріп тіркестерінің жиілігін және аталған принциптерді





ескере отырып, біз пернетақтаның статистикалық негіздегі пилоттық нұсқасын төмендегіше құрастырдық.

Пернетақта батырмалары екі қолмен басылатындықтан, ортасынан оңға және солға қарай есептеліп, екі қолға бөлінеді. Пернетақтаның шекарасы қазіргі кирил пернетақтасындағы А және О әріптері тұрған керткіпен есептеледі. Осы екі әріптің ортасында тұрған П және Р әріптерінің ортасы орталық (центр) болып саналады. Яғни ЕПИ әріптерінің оң жағы, НРТ әріптерінің сол жағы.

- Әріптерді пернетақтада орналастыруда оның бетіндегі батырмалар орналастырылған қатар басуға, яғни мәтін теруге ыңғайлылығына қарай актив және пассив аймақтарға бөлінеді.

- Пернетақтаның әріп теруге ыңғайлы жері ортаңғы аймақ, әсіресе керткі тұрған жердің айналасы, асты мен үсті болып табылады. Ал шеткі батырмалар пассив аймаққа жатады.

- Актив және пассив аймақтарды пернетақтаның горизонталь (көлденең) және вертикаль (тіке) бөліктері бойынша да көрсетуге болады. Көлденең жеке бойынша актив аймақ – ол екі керткі тұрған ортаңғы қатар, яғни қазіргі кирилдегі Ф әрпінен басталып, Э әрпіне аяталатын қатар. Одан кейінгі актив аймақ осы қатардың үстінде орналасқан үстіңгі қатар.

- Ал астыңғы қатар көбінесе сиректеу кездесетін әріптер орналасатын аймақ.

- Батырмалардың тік бағыттағы (вертикалды) межесі керткі тұрған батырмалардың жаны, яғни ортаңғы, екінші қатардың жаны, ортаңғы тұсы. Сонымен қатар үстіңгі қатардағы кертпенің үстіңгі ортаңғы бөліктері. Одан кейінгісі кертпенің астыңғы ортаңғы бөліктері.

- Ал осы үш қатардың шеткі бөліктері пассив аймақ болып есептеліп, сирек кездесетін әріптер не тыныс белгілер орналастырылады.



Мысалы, жиі кездесетін бірнеше әріптің өзіміз ұсынып отырған статистикалық пернетақтада орналастыруымыздың уәжін түсіндіріп өтейік:

**А (А)** әрпі – жиілік сөздік бойынша 1-орында тұрған ең жиі кездесетін әріп. Біздің пернетақтада А әрпі басуға оңтайлы болып саналатын ортаңғы қатарға бұрынғы

кирилдегі А әрпінің орнына қойылды.

Жиілік сөздікте жиілігі жағынан 2-орында тұрған **Е (Е)** әрпі осыған сәйкес оң қолға екінші кертпенің үстіне қойылып отыр.

Жиілік сөздікте 3-орында тұрған **Ы (У)** әрпі де ортаңғы қатарға А-ның сол жағына орналастырылды.

**Н (N)** әрпі жиілігі бойынша 4-орында тұр. Сонымен қатар әріп тіркесінің жиілік сөздігінде А-дан кейін жиі тіркесетін әріп (АН). Сондықтан N әрпін А әрпінен кейін қою статистикалық тұрғыдан дұрыс болып табылады.

**І (I)** әрпі – жиілігі бойынша 5-орында. Сондықтан ортаңғы бөліктің жоғарғы қатарына Е-нің үстіне, оң жақ қолға латынның бұрынғы І-сі тұрған батырмаға орналастырылды.







**Т (Т)** әрпі – жиілігі бойынша – 6-орында, әріп тіркесі бойынша да тіркес басында, 6-орында (та) тұр. Сондықтан үстіңгі орталық бөлікке орналастырылды.

Жоғарыда ұсынылған статистикалық пернетақтадан басқа да нұсқалары жасалған. Олар: 1) Пернетақтаның оң жақ символдарының орнына бір шоғыр болып орналасуы. 2) Кирил әріптерінің үстіне орналастыру. 3) QWERTY пернетақтасының үстіңгі қатарына қазақ төл әріптерін орналастыру.

Біз Қолданбалы лингвистика бөлімінің қызметкерлері статистикалық және жоғарыда аталған үш пернетақта нұсқасы бойынша арнайы компьютерлік бағдарламасын жасап, пернетақтаға әріптерді жапсырып, әрбір нұсқасы бойынша теріп эксперимент жасадық. Зерттеу барысында аталған нұсқалардың қайсында болмасын бірдей қиындық кездеседі. Демек, қазақ мәтіндерін басушы үшін бұл пернетақталадың барлығы таныс емес. Олай болса, біз латын негізді пернетақтамызды жасауда үйреншікті пернетақтаны қолдануға ұмтылмауымыз қажет. Осы орайда қазақтың ұлттық пернетақтасы қазақ тілінің мүмкіндіктерін ескеріп құрастырылуы қажет деп санаймыз. Ал бұл мүмкіндік қазақ әріптері мен әріп тіркестерінің жиілігіне негізделеді.

**Иса Сары.** Пернетақтаға орналасуы, үйренуге ыңғайлылығы тұрғысынан кейбір дыбыстарды екі түрлі беру мүмкіндіктері болғанда қалай таңдалғаны дұрыс. Мысалы, мұрын жолды «ң» таңбасының тильда Ñ арқылы берілгені дұрыс па, әлде Ŋ (эңг) таңбасы қолайлы ма немесе «Ш» дыбысы седильмен берілгені жақсы ма, немесе бревис қолайлы ма? деген сұрағыңызға жауап берейін. Мұнда қайсысы кең таралған және әмбебап, тіпті «дұрыс» деген сұрақ туындайды. Алайда, егер түркі әлеміне ортақтық, бірізділік туралы айтатын болсақ, жағдай өзгереді. Бұл ретте Түркі әлемінде түсінуге жеңіл әріптерді қолданған қолайлырақ болып келеді. Мәселен, мұрын жолы ñ-ң орнына құйрығы бар ŋ-мен қолдану жағындамын. Себебі біз осылайша бірізділікке жақындай түсеміз. Tilde ñ басқа әлем тілдерінде көбінесе nŭ дауыссыз жұбын белгілеу үшін қолданылады (мысалы, Sp. Señor / señoга ‘еркек / әйел), ал ŋ таңбасы тек мұрын жолы n-ды белгілеу үшін қолданылады және бұл IPA да осындай. Сондай-ақ құйрығы сол жаққа қараған варианты бар <ŋ> және ол әлі күнге дейін таңдай n, бірақ алдыңғы таңдай n көрсетеді, ал екіншісі - артқы таңдай n. Сондай-ақ мұндай айырмашылық бар. Өкінішке орай, бұл ерекшелік көпшілікке таныс емес.

**Маханбет Жусупов:** Графиканың буын ұстанымы қазақ жаңа жазуында жасалмаған. Орфографияның төрт ұстанымы қазақ жаңа алфавитінде жасалмаған. Ол туралы мемлекеттің қаулысы да жоқ. Осы жасалды, ендірілсін деп. Сондықтан әліпбиді қазір жасау, жазу бұл заң. Заңды бұзып болмайды, ол заң жоқ. Меніңше ертерек. Себебі 3-4 жылдан кейін әліпбиді қайтадан ауыстыру керек болады. Сондықтан заңды ойлау керек. Екінші, Байтұрсынов дәйекшені бір рет қойған. Ол заманда жіңішке сөздің бірінші буынына қойған. Ол заманда кірме сөздер аз болған. Сондықтан бір дәйекше бәріне жететін болған. Кейін кірме сөздер орыс тілі арқылы, латын, көне грек тідерінен келді. Одан бұрын кірме сөздер арабтан, парсыдан еніп, қазақшаланған. Мыналар қазақшаланбады. Сондықтан мына жерде біз қазір бір рет дәйекшені қолданып, мәселені шеше алмаймыз. 1939 жылы латын алфавитіне көшкенде сол кездегі ағаларымыз өте сауатты болған. Солар Байтұрсыновтың теориясын, сингармониялық 6 әріп қосып шешіп жіберген. Сөйтіп біз бүгінгі, кейін кириллицадағы алфавитті көрдік. Өте күшті жасалған, оны кейін қырғыздар, татарлар, башқұрттар қарақалпақтар қолданды. Мына алфавитте *жаһан* дегендегі h, *хат* дегендегі x бір әріппен беріліп тұр. Ал бұлар екітүрлі фонемалар. Екі түрлі мағына береді. Екі түрлі сөздің мағынасын өзгертеді. Неге оны олай істейді, олай жасамау керек. Әрқайсысына бөлек әріп беру керек. Келесі қысқа й мен созылықы и қосып жіберген. Бұл дұрыс емес.





Қысқа й қазақ тілінде төрт мың сөзде кездеседі. Созылыңқы и дауысты, буын жасайды, қысқа й дауыссыз, буын жасамайды. Екі түрлі затты, бір затпен беріп отырсыздар. Сол себепті алдымен алфавитті жөндеп алайық. Тілді компьютерге бейімдемейді, компьютерді тілге бейімдеу керек.

**Разия Ниетова** (Нөкіс қалалық №32 мектеп мұғалімі. Қарақалпақстан): Латын әліпбиін кімдерден бастап үйрету керек десеніздер, мәселен, біздер латын графикасына өткенде бастауыш кластардан бастадық. Бастауыш класқа өтпестен алдын мектеп мұғалімдерінің білімдерін жетілдіру институтына барып, пікірлесулер болады. Енді оқулық мәселесіне келсек, әліпби шығарылды. Әліпбиде стандарт бола ма деп жатырсыздар, стандартсыз әліпби түзілу мүмкін емес. Қарақалпақ әліппесінде әрбір әріпке бір сағаттан сағат беріледі.

**Ербол Тілешов:** Тағы да қайырлы күн құрметті әріптестер! Қатысқан баршаңызға рақмет! Сөз сөйлеген азаматтарға, алыстан Түркиядан, Әзербайжанның, Қарақалпақстаннан, Өзбекстаннан қатысып отырған ағайындарға зор алғысымызды білдіреміз! Қазіргі Орфографиялық жұмыс тобы дайындаған әліпби ортақ түркі әліпбиіне өте жақын келеді. Ғалымдар түрік немесе әзербайжан әліпбиінен емес, сол әліпбилер қолданған халықаралық принциптерді қолданды. Умлаут, бревис, макрон, седиль деген сияқты. Сондықтан біз бұл тұрғыдан келгенде, ортақ түркі жұртының әліпбиіне жақындаймыз ғой деп ойлаймын. Әр тілдің өзінің ерекшелігі бар, оны сингармонизмге байланысты айтты жаңа. Фонетикалық жүйеге байланысты айтты. Оны да біз ескеріп жатырмыз. Фонетиканың, фонологияның, грамматиканың, әдістеменің мамандары Орфографиялық жұмыс тобында бар. Біз әліпбиді компьютерге бейімдейміз деп отырған жоқпыз, компьютерге бейімдемейміз. Біздің әліпби компьютерге негізделмейді. Егер негізделетін болса, ешқандай диакритикасыз диграфты әліпби болар еді. Диграфты әліпби ғана компьютерге негізделеді, ал диакритикалық әліпби ол компьютерге негіздеу емес, тілдің фонетикалық табиғатына негіздеу. Әр ғалымның өзінің пікірі бар. Біз оны құрметтейміз. Бүгінгі жиынның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті төрағасы Әділбек Күнесханұлы Қабаның сіздерге алғыс хатын, сертификатын сол кісінің атынан табыстауға рұқсат етіңіздер. Мен бір ғана мәтінді оқимын: «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті Маханбет Джусупов мырзаға «Әлем тілдері әліпбиіндегі диакритикалық таңбалар» тақырыбында өткізілген халықаралық сұхбат алаңына белсене ат салысқаны үшін алғыс білдіреміз. Төраға Әділбек Қаба. 21 қазан 2020 жыл». Осындай алғыс хатпен бүгінгі спикерлеріміздің барлығы марапатталады.



- ШАЙСУЛТАН ШАЯХМЕТОВ  
АТЫНДАҒЫ «ТІЛ-ҚАЗЫНА»  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ - КЕАК



ИАО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ  
ЦЕНТР «ТИЛ-ҚАЗЫНА» ИМЕНИ  
ШАЙСУЛТАНА ШАЯХМЕТОВА»

010001, Пер-Султан каласы Сайын көшесі, 25  
Тел/факс: 81712121-71-92

010001, Пер-Султан үйі Сайын, 25  
Тел/факс: 81712121-71-92

№ 13-12/322  
2020 ж. 13.10

Әзербайжан Республикасы  
Ұлттық Ғылым академиясы  
И.Насыри атындағы Тіл білім институтының  
Түркі тілдері бөлімінің директоры,  
доктор Елчи Ибраһимовке

Құрметті Елчи мырза!

ҚР Ұлттық комиссия жанынан құрылған Орфографиялық жұмыс тобындағы талымдар Ә дыбысы үшін Аә таңбасын қолдаты. Сондықтан латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі жобасында Ә дыбысы умлаут диакритикасы арқылы Аә таңбасымен атылды. Қазіргі таңда бұл таңба он елдің әліпбиінде қолданылып келеді, яғни халықаралық танымалдылығы жоғары. Дегенмен а дыбысына Ә таңбасын алу мәселесі де көтеріліп отыр. UNICODE жүйесінде бұл таңба (Әә) шва деп аталады. Бұл әріп латын әліпбиіне қолданытын елдердің ішінде әзербайжан әліпбиінде ғана сақталған. Осыған орай доктор Елчинен мына мәселелерге байланысты сұрақтарға ресми түрде жауап беруін өтінеміз:

- 1) Ә таңбасын қолдану барысында қандай қиындықтар бар?
- 2) Латын әліпбиінің құрамындағы Ә таңбасы техникалық қолданысшылар тұсында ма?
- 3) Ә мек Аә таңбасының қайсысын қабылдаған дұрыс? Себебін ашып жазсаңыз.

Сіздің пікіріңіз қазақ әліпбиі құрылымы үшін зор маңызы екенін ескерте отырып, жауабыңызға алдын-ала зор алғысымызды білдіреміз!

Бағе директор

Ә.Асқар

Орындаған: Құратпаны Ә.  
-77759400969

00400

«ШАЙСУЛТАН ШАЯХМЕТОВ  
АТЫНДАҒЫ «ТІЛ-ҚАЗЫНА»  
ҮЛТТІК ҒЫЛЫМИ-  
ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» КЕАҚ



TIL-QAZYNA

НАО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ  
ЦЕНТР «ТИЛ-ҚАЗЫНА» ИМЕНИ  
ШАЙСУЛТАНА ШАЯХМЕТОВА»

010000, Нур-Султан қаласы, Сапаров көшесі, 25  
Телефон: 8(7172)25-71-32

010000, Нур-Султан қаласы, Сапаров көшесі, 25  
Телефон: 8(7172)25-71-32

№ 13-12/122  
23.10.2020

Azerbaycan Cumhuriyeti  
Milli Bilimler Akademisi  
Nesimi Dilbilimi Enstitüsü  
Türk Dilleri Bölümü Müdürü  
Dr. İbrahimov Elçin'e

Sayın Elçin İbrahimov!

Kazakistan Cumhuriyeti Ulusal Komisyonu Yazın Çalışma Grubundan bilim adamları, Ə sesi için Ää harfini desteklediler. Bu nedenle Latin alfabesine dayalı Kazak alfabesi projesinde Ə sesi umlaut diyakritika işaretiyle Ää harfi gösteriliyor. Bugün bu harf on ülkenin alfabesinde kullanılmaktadır, bu da uluslararası popülaritesinin yüksek olduğu anlamına gelmektedir. Ancak Ə sesi için Əə harfini kabul etmek sorunu da var. UNICODE'da bu harfe (Əə) şva denir. Latin alfabesini kullanan ülkeler arasında bu harf sadece Azerbaycan alfabesinde var. Bu yüzden, Azerbaycan Milli Bilimler Akademisi, Nesimi Dilbilimi Enstitüsü Türk Dilleri Bölümü Müdürü, Dr. Elçin İbrahimov aşağıdaki soruları resmi ve yazılı olarak yanıtlamasını rica ediyoruz:

- 1) Əə harfini kullanmanın zorlukları nelerdir?
- 2) Latin alfabesindeki Əə harfi teknik rahatsızlıklara neden oluyor mu?
- 3) Əə ve Ää harflerinin hangisi kabul edilmelidir? Lütfen, sebebini geniş bir şekilde açıklarsanız.

Sizin fikriniz ve cevabınız Kazak alfabesinin yapısı için çok önemli. Size şimdiden çok teşekkür ederiz.

Genel Müdür

A.Askar

İcracı: A. Kairatkyzy  
+77759400969

00400



AZƏRBAYCAN RESPUBLİKASI

AZƏRBAYCAN MİLLİ ELMLƏR AKADEMİYASI

İMADƏDDİN NƏSİMİ adına DİLÇİLİK İNSTITUTU

Poçt indeksli: Az1143, Bakı şəhəri Hüseyn Cavid prospekti 115  
Təl: 837 20 81 Faksı: (99412) 510 41 87 E-məl: [linguistics@day.az](mailto:linguistics@day.az)

«26» *Oktyabr* 2020

№ *037/166*

Şahsultan Şayaxmetov "Til-Qazyna"  
Ulusal Bilimsel ve Pratik Merkezi Genel Müdürü  
Alibek Asker

Sayın Alibek Askar,

Alfabe konusunda – Bir asrda üç dəfə əlifbəsi dəyişdirilən Azərbaycanı örnək versək, onu belə də bilərik ki, əlifbəni sük-sük dəyişmək kəndisiylə birlikdə birçək sənəmləri də ortaya çıxartır. Kazakistan'da əlifbə reformasını gerçəkləşdirəcək olan kurumlər və bilim adamları Azərbaycanda və Türkiyədə kullanılan Latın əlifbəsini gözədən keçirmiş olurlar, düşünürəm daha uyğun əlifbəni kəbul edərler.

Bildiyimiz gibi bugün Kazakistan'da yeni Latın əlifbəsini kəbuləylə ilgili birçək projələr üzərindən çətilməkdədir. Kazakistan Cümhuriyyətinə elinə bugün tilm Türk cümhuriyyətinin cən gelecekte kullanacağı 24 hərften ibarət ortaq Türk əlifbəsini kəbul cürək ləvərlər var. Bu əlifbə proyəsü 18 Kasım 1991 tarixində Mənzərə Üniverəsində yapılan "Milletlərarası Çəğdəş Türk Əlifbəsini" Sempozyumunda Türk Cümhuriyyətlərindən olan bilim adamlarının imzasıyla kəbul edilmişdir (a, a, b, c, e, d, e, f, g, g, h, i, j, k, l, m, n, o, o, a, p, q, r, s, t, u, v, w, x, y, z).

Mektubunuzun cəvəp olmaq belirtmək istiyorum:

1. Azərbaycanda 1991-2001 sənələrində "a" hərfinin yerinə "ä" kullanılışıdır. Dönemin bilim adamlarının cüklü itirazları sonucunda 10 yıl devam eden tartışmalardan sonra nihayet 2001 sənəsində "ä" yerinə "a"

kullanılması kararlaştırılmıştır. Sebep ise bilim adamları arasında bu harfin noktasına konusuna yanda zorluklarının gösterilmesi olmuştur. Örneğin "məhəbbət" veya "məsələ" sözlərinin kullanılmasında "məhəbbəttə", "məsələdə" sözlərinin yazılması və digər səbəpler göstərmişdir. Burada diqqət edilənli konulardan biri də, "ə" kullarıldığı 1991-2001 senesinde basılan kitaplarda günümüzün öyrəncilərin və yetişən nəsli okuyamaması da bir başqa sorundur. Sizlər də bu önəmli fərsətə gözəllərdə bulundurun.


2. Latın alfabəsindəki "ö" harfi əlbəttə teknik sığınatı oluşturuşor. Həm də cüddü. Örneğin uluslararası yazışmalarda "ö" kullarınamıyuruş. Başka bir öcnək uluslararası e-postalardə və yazışmalardə "ö" kullarınamıyuruş. Bilgisayarlarda həc birində "ö" harfi yokuş. Özel olaraq bilgisayarlarımızda "ö" harfi olan yazıları kullarıyuruş. Ölkəmizin uluslararası platformalardə yazımında "Azərbaycanın", "Azərbaycanın" yazılması konusu günümüzdə də tartışılmaktadır. Bu və bənzeri sığınatlı durumlarda "ö" harfiylə buğı sığınatlıdır. Bəfittəğimləz bu hususların ölkə daxilində hər luğı sığınatı yokuş.

3. "Ö" vəya "Aö" harflərinin hangisini kullarılanmızra gələcəcə isə, yukarıda da nödenlərdəndə geniş şəkildə bəhşetdim. Amn Kazakistan imlasında "ö" bu toplum tərəfindən kabül edilmiş, yazımda, orfoqrafidə sığınatlı oluruşu onu biləcəyuruş. Yukarıda da dediyim gibi bizim dilbilimcilerim ləpsi 1991-2001 sərəsində kullarılan "ö" harfinə kesinliklə karsıydılar. "Ö" yerine "e" harfini də öyrerər bilim adamları olmuştur. Bu zaman "ö" harfi yerine "e" kullarılan və öyrerine "ə" gibi okunmalı durumlardə hər hangi bir nöxtə işarətinin konulması öyrerimışdir. Amnək "ə" sesi içir: "ö" harfinin kullarılanmasının da sorulanı bəlliydi. Bən açıq şəkildə bəfite bilirim ki, öz buğün "ö" harfinin sığınatlılığını yazıyuruş. Amn bu da bir gərək, sığınatlı olsa bile artıq 19 sərəddir: öyle vəya öyle bizdə alfabə sığınatı çözülmüşdür. Bən alfabəni aşğıran bir bilim adamı olaraq Siziərə özəlliklə təvsiyəni bə olabılır ki, ən son kabül ediləcək alfabəni də preje gibi devlete sunmadan, toplumun tartışmalarına təqdim edilmişli bu işə faydalı oluş. Azərbaycanda olduğı gibi 1991-2001 yılarında yazıldı sənə "ö" harfini kullarılan kitaplarda basıldıktan sonra təkər "ö" harfini kabül etməyin.

Sizlərə yapacağımız və gərəkələştireceğimizi işlər də başarılar dileriz. Başka konularda da yapacağımız birşeylər olursa seve seve hazırız. Arzumuz və istəğimizi karsılaş Kazakistan Cümhuriyyətinin ən kusa zamanda Latın alfabəsinə gəciti çalıştırmalarının başarıyla sonuçlanmasındır.

Sayğılarımla,

Azərbaycan Milli Bilimler Akademisi  
Nesimi Dillilimi Enstitüsü Türk Dilləri  
Bölüm Müdürlüğü



Dr. Elçin İbrahimov

**ӘЗЕРБАЙЖАН ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ И.НАСИМИ  
АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМ ИНСТИТУТЫ ТҮРКІ ТІЛДЕРІ БӨЛІМІНІҢ  
ДИРЕКТОРЫ ДОКТОР ЕЛЧИН ИБРАХИМОВКЕ «ТІЛ-ҚАЗЫНА»  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ТАРАПЫНАН Ә  
ТАҢБАСЫНА ҚАТЫСТЫ ЖОЛДАНҒАН РЕСМИ ХАТҚА КЕЛГЕН  
ЖАУАПТЫҢ АУДАРМАСЫ**

**Әзербайжан Республикасы  
Әзербайжан Ұлттық Ғылым академиясы  
И.Насими атындағы Тіл білім институты**

**Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»  
ұлттық ғылыми-практикалық орталығы КеАҚ  
Әлібек Асқарға**

Құрметті Әлібек Асқар,

Әліпби турасында: Бір ғасырда үш мәрте әліпби өзгерткен Әзербайжанды мысалға келтірсек, әліпбиді жиі өзгерту өзімен қоса көптеген мәселелерді де тудырады. Қазақстанда әліпби реформасымен айналысып жатқан мекемелер мен ғалымдар Әзербайжан және Түркия мемлекеттерінде қолданылған латын әліпбиін қарап өтсе, нәтижесінде ең жақсы қазақ әліпбиін жасап шығарады деген ойдамын.

Бәрімізге белгілі, қазіргі таңда Қазақстанда латын негізді жаңа әліпбиге қатысты жобалармен жұмыс атқарылуда. Қазақстан Республикасы барлық Түркі әлеміне ортақ, келешекте қолданатын 34 әріптен тұратын Түркі әліпбиін қабылдау мүмкіншілігі бар. Бұл әліпби жобасы 1991 жылдың 18 қараша айында Мармара университетінде ұйымдас-тырылған «Ұлтаралық қазіргі Түрік әліпбилері» симпозиумында Түркі Республикалары ғалымдары тарапынан қол қойылып, қабылданған болатын (*a, ä, b, c, ç, d, e, f, g, ğ, h, i, i, j, k, l, m, n, ñ, o, ö, p, q, r, s, ş, t, u, ü, v, w, x, y, z*).

Хатыңызға жауабым былайша:

1) Әзербайжанда 1991-2001 жылдарының аралығында «ә» таңбасы орнына «ä» қолданылған болатын. Ғалымдардың қатаң келіспеушілігі мен 10 жылға созылған пікірталас-тардан соң әйтеуір соңында 2001 жылы «ä» орына «ә» таңбасының қолданылуы туралы шешім қабылданды. Себебіне келетін болсақ, ғалымдар арасында «ä» бұл таңбаның нүкте қойылуы емледе, жазғанда қиындықтар тудыруы болып табылады. Мысалы, «*mähəbbət*» немесе «*məsələ*» сөздерінің «*mähäbbät*», «*mäsälä*» болып жазылуы және тағы басқа да себептер әсерінен өзгертілді. Назар аударатын жайт: «ä» таңбасы қолданылған 1991-2001 жылдары басылып шыққан кітаптарды қазіргі таңдағы оқушыларымыз бен ересектері-міздің оқи алмауы да тағы бір мәселе болып табылады. Сіздер бұл маңызды мәселенің алдын алуларыңызды өтінемін.

2) Латын әліпбиіндегі «Әә» таңбасы, әрине, техникада күрделі мәселелерді тудыра-ды. Мысалы, ұлтаралық хат алмасуда «ә» таңбасын қолдана алмаймыз. Сонымен қатар, ұлтаралық пошталарда және хат алмасуларда «ә» таңбасын қолдану мүмкіндігі жоқ. Компьютерлердің ешқайсысында «ә» таңбасы жоқ. «Ә» таңбасы үшін компьютерлерімізге арнайы жазу түрін жүктейміз. Мемлекетіміздің ұлтаралық платформада «*Azerbaucan*» немес «*Azərbaycan*» деп жазылуы әлі күнге дейін талас үстінде. Осындай және басқа да мәселелер «ә» таңбасына қатысты мәселелер болып табылады. Көрсетілген бұл мәселелер мемлекеттің ішінде мәселе болып табылмайды.





3) «Ә» немесе «Ä» таңбаларының қолданылуына келетін болсақ, жоғарыда кең түрде себептерін көрсеттім. Алайда Қазақстан емлесінде «Ä» осы қоғам тарапынан қабылданады ма, жазуда және орфографияда мәселелер тудырады ма оны білмеймін. Жоғарыда атап өткенімдей біздің лингвистердің барлығы 1991-2001 жылдарында қолданылған «ä» таңбасына түбегейлі қарсы болған. «Ә» таңбасы орнына «е» таңбасын да ұсынған ғалымдар болды. Яғни «ә» таңбасы орнына «е» таңбасы қолданылсын және «ә» ретінде оқылу керек кездерде «е» таңбасына нүкте қойылсын деген ұсыныс болды. Алайда «ә» дыбысы үшін «ә» таңбасының қолданылуының мәселелері де айқын болатын. Біз «ә» таңбасын қолдануда қазіргі таңда қиындықтарға тап болып отырғанымызды ашық түрде айтамын. Алайда, шынын айтсақ, мәселелер күрделі болса да, 19 жылдан аса уақытта қалай дегенмен біздің әліпбидің мәселесі шешілді. Мен әліпбиді зерттеген ғалым ретінде Сіздерге мынандай бір кеңесім бар: ең соңғы қабылданатын әліпби нұсқасын жоба ретінде мемлекетке тапсырмай тұрып, қоғамның пікірталастарымен танысу өте пайдалы болады. Әзербайжан мемлекетінің басынан кешкендей, 10 жыл бойы «ä» таңбасын қолданып, кітаптар шығарып кейін «ә» таңбасын қабылдағандай қателікті қайталамаңыздар.

Сіздердің жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз. Басқа тақырыптарда да көмегіміз қажет болса қуана-қуана дайынбыз. Бауыр Қазақстан Республикасы ең қысқа уақыт ішінде латын әліпбиіне көшу жұмыстарын сәттілікпен аяқтағанын қалаймыз.

Құрметпен,  
**Әзербайжан Республикасы**  
**Ұлттық Ғылым академиясы**  
**И.Насими атындағы**  
**Тіл білім институтының**  
**Түркі тілдері бөлімінің директоры**

**доктор Елчин Ибрахимов**





**ЖЫЛНАМА**  
**2020 жылы атқарған ішаралар тізімі**

№	Күні	Ішара атауы, өткен жері
1.	3 қаңтар	Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары М.Әшімбаев әліпбиді жетілдіру жұмыстарын қорытындылау сатысындағы жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде тапсырма берді.
2.	18 қаңтар	ҚР Премьер-министрінің орынбасары Б.М. Сапарбаев әліпби жобасымен танысып, нақты тапсырмалар берді.
3.	10-11 ақпан	Әліпбиді жетілдіру бойынша қашықтан сынама-сауалнама жүргізілді (білім беру саласы, “Jas Otan” Жастар қанаты филиалы)
4.	11 ақпан	Нұр-Сұлтан қаласында «Жаңа жаһандық кезеңдегі қазақ тілі» атты 2018 жылғы атқарылғын жұмыстар мен дайындалған өнімдердің тұсаукесері өткізілді.
5.	13 ақпан	Нұр-Сұлтан қаласы Әскери полиция ұжымында «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері» тақырыбында дәріс өткізілді.
6.	14 ақпан	Әліпби жобаларын ғылыми тұрғыда саралау мақсатында республикалық ашық талқылау ұйымдастырылды.
7.	20 ақпан	Алматы қаласында «Латыннегізді қазақ әліпбиі: ұсыныстар, талқы және нәтиже» атты жұмыс топтарының кеңейтілген кеңесі өткізілді.
8.	22 ақпан	Алматы қаласында «Орфографиялық жұмыстарды үйлестірудің жаңа міндеттері» атты семинар-кеңес өткізілді.
9.	23 ақпан	ҚР Президенті әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары М.С. Әшімбаев Орфографиялық жұмыс тобындағы және өзге де тәуелсіз бір топ ғалымдарды жинап, жетілдірілген әліпби жобасымен танысты.
10.	5 наурыз	Әліпби жобасындағы жекелеген таңбаларды ғылыми тұрғыдан қайта саралау мақсатында республикалық ашық талқылау шарасы ұйымдастырылды.
11.	10-13 наурыз	Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Еуразия гуманитарлық институты, Е.А.Бөкетов атындағы ҚМУ-да қашықтықтан сынама-сауалнама ұйымдастырылды.
12.	13 наурыз	Нұр-Сұлтан қаласында «Жұмыс топтарында мақұлданған әліпби жобасын жетілдіру» атты Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық жұмыс тобының кеңейтілген кеңесі өткізілді.
13.	30 наурыз – 10 сәуір	Нұр-Сұлтан қаласында «Мемлекеттік тілді оқыту әдістемесі» атты онлайн дәріс өткізілді.
14.	1 сәуір – 1 мамыр	Нұр-Сұлтан қаласында «Қазақ тілін үйретуге арналған ең үздік подкаст» республикалық онлайн байқауы өткізілді.
15.	1 сәуір – 1 маусым	Нұр-Сұлтан қаласында «Үздік сабақ-2020» республикалық онлайн байқауы ұйымдастырылды.
16.	15 сәуір	Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық жұмыс тобының кеңейтілген онлайн отырысы өткізілді.
17.	20 сәуір – 6 мамыр	«Жаңа әліпби негізіндегі ұлттық жазудың жаңғыруы» атты ҚР Үкіметі жанындағы қазақ жазуын латынграфикалы жаңа әліпбиге көшіру жөніндегі Ұлттық комиссияның Орфографиялық жұмыс тобы ғалымдарының онлайн дәрістері ұйымдастырылды.

18.	15 мамыр	Нұр-Сұлтан қаласында Қазақ әліпбиін және емле ережелерін түсіндіру мақсатында бейнероликтер, мемлекеттік тілді насихаттауға бағытталған балаларға арналған анимациялық фильм әзірлеу бойынша жарияланған байқау жеңімпаздарын анықтау үшін сараптамалық кеңес отырысы ұйымдастырылды.
19.	18-19 мамыр	«Тіл үйрету әдістемесі: теория және тәжірибе» атты онлайн дәріс ұйымдастырылды.
20.	28-29 мамыр	Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ мен №86 мектеп-гимназиясында әліпби жобаларын сынамадан өткізуге бағытталған тәжірибелік сабақтар өткізілді.
21.	30-31 мамыр	«Әліпбиді жетілдіру: талқы және шешім» атты сараптамалық кеңес өткізілді.
22.	2 маусым	Орфографиялық жұмыс тобы мүшелерінің кеңейтілген онлайн отырысы ұйымдастырылды.
23.	19 маусым	Нұр-Сұлтан қаласында «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауы жеңімпаздарын анықтау бойынша сараптамалық топтың онлайн отырысы ұйымдастырылды.
24.	26 маусым	Нұр-Сұлтан қаласында «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауы жеңімпаздарын онлайн марапаттау рәсімі өткізілді.
25.	10 шілде – 30 қазан	«Қашықтан оқып, тіл үйрен!» акциясы ұйымдастырылды.
26.	22 шілде	ҚР Үкіметі жанындағы Қазақ тілін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық жұмыс тобының онлайн отырысы өткізілді.
27.	27 шілде мен 2 тамыз	«1 минут» жобасының түсірілімі Нұр-Сұлтан қаласы «Қазмедиа» орталығында жүргізілді.
28.	30-31 шілде	Қарағанды және СҚО-да «Тарихи диахрондық әдіс арқылы ономастикалық атауларды жүйелендіру қызметі» атты онлайн конференциясы өткізілді.
29.	3 тамыз, 3 қыркүйек, 14 қыркүйек	ХҚКО мен қоғамдық көліктерде терминологиялық алаңды насихаттау мақсатында бейнеролик әзірленді, бейнеролик келісімшартпен тиісті орындарда жарияланды.
30.	20 тамыз	Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық жұмыс тобының онлайн отырысы өткізілді.
31.	26-28 тамыз	Қазақстандық және шетелдік (Ұлыбритания, Түркия, Мәскеу, Башқұрт) жетекші ғалым-әдіскерлердің қатысуымен «Тәжірибе алаңы: тіл, әдістеме, нәтиже» атты халықаралық онлайн семинары ұйымдастырылды.
32.	3 қыркүйек	Астана телеарнасында «1 минут» тележобасының тұсаукесері онлайн форматта өткізілді.
33.	4 қыркүйек	Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен еңбектері, қазақ жазуына, руханиятына сіңірген еңбектеріне арналған онлайн отырысы ұйымдастырылды.
34.	7-10 қыркүйек	Қазақша-ағылшынша, ағылшынша-қазақша ілеспе аударма курсы өткізілді.
35.	10 қыркүйек	Терминологияның өзекті мәселелері бойынша «Бекітілген терминдердің ғылым тілін дамытудағы орны» (бетпе-бет) онлайн-семинар өткізілді.



36.	15 қыркүйек	Ш.Құрманбайұлының «Терминологияны біріздендірудің критерийлері мен қағидаттарының ғылыми-әдістемелік негіздері» ғылыми-әдістемелік құралы әзірленіп, Терминологиялық жұмыс тобының отырысында талқыланды.
37.	16 қыркүйек	«Қазақстан халқы тілдері» іс-шарасы аясында «Тіл шебері» республикалық байқауы ұйымдастырылды.
38.	17 қыркүйек	Түрік, Өзбекстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей мемлекеттері ғалымдарының қатысуымен «Түркі әлемі: тілдік ахуал, латын әліпбиі және әдістеме» атты халықаралық онлайн семинар-кеңесі өткізілді.
39.	18 қыркүйек	Еліміздің 11 өңіріндегі Тілдерді оқыту орталықтары әдіскерлерінің қатысуымен «А. Байтұрсынұлы атындағы оқытушылардың республикалық байқауы» ұйымдастырылды.
40.	23 қыркүйек	«Термин жасаудағы бір тәсіл жайында (экономикалық терминдер негізінде) электронды алаңдағы онлайн конференция ұйымдастырылды.
41.	24 қыркүйек	Нұр-Сұлтан қаласында балаларға арналған анимациялық фильм әзірлеу туралы Ғылыми кеңестің кезектен тыс отырысы өткізілді.
42.	24 қыркүйек	«Ресми құжаттарда бекітілген терминдердің қолданысы» тақырыбында Төрағаның кездесуі ұйымдастырылды.
43.	25 қыркүйек	Нұр-Сұлтан қаласында «Тіл тұтастығы – ел тұтастығы» атты онлайн-конференция ұйымдастырылды.
44.	29 қыркүйек	«Әліпби» энциклопедиясының қолжазбасын талқылау өткізілді.
45.	29 қыркүйек	«Лингвистика және әдебиеттану саласы терминдерін дамыту» тақырыбындағы онлайн отырыс өткізілді.
46.	1 қазан	Нұр-Сұлтан қаласында «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті» ММ қызметкерлеріне «Латын әліпбиін меңгертудегі ІТ жобалар» тақырыбында онлайн оқу семинары ұйымдастырылды.
47.	8 қазан	«Тарихи диахрондық әдіс арқылы ономастикалық атауларды жүйелендіру қызметі» жобасы жұмыс тобының онлайн конференциясы өткізілді.
48.	9 қазан	ҚР Үкіметінің жанындағы терминология комиссиясының отырысы онлайн форматта ұйымдастырылды.
49.	12-16 қазан	Қазақ-орыс, орыс-қазақ тілдерінде «Ілеспе аударма: теориялық негіздері мен практикасы» атты курс ұйымдастырылды.
50.	13 қазан	«Ақпараттық терминдердің сөзжасамы» атты электронды алаңдағы онлайн конференция өткізілді.
51.	13 қазан	Өзге ұлт өкілдері арасында «Мен қазақша сөйлеймін!» акциясының марапаттау рәсімі өткізілді.
52.	13 қазан	Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық жұмыс тобының онлайн отырысы өткізілді.
53.	14 қазан	«Алаш зиялыларының шеттілдік салалық терминдерді қабылдауға байланысты ұстанымдары» атты электронды алаңдағы онлайн конференциясы ұйымдастырылды.
54.	14 қазан	«Мемлекеттік тіл – тәуелсіздік символы» атты республикалық байқауы өткізілді.
55.	16 қазан	Нұр-Сұлтан қаласында еліміздегі аниматорлармен онлайн кездесу ұйымдастырылды.



56.	16 қазан	«Мемлекеттік тілді, этностардың ана тілдерін, үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) оқыту бойынша оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, басып шығару, тарату және шығарылатын өнімдерге қажеттілікті анықтауды, өзектілігіне қарай олардың үздіктерін сұрыптауды ұйымдастыру» бойынша сараптау комиссиясының отырысы өткізілді.
57.	21 қазан	Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан және Қарақалпақстан мемлекеттері ғалымдарының қатысуымен «Әлем тілдеріндегі диакритикалық таңбалар» атты халықаралық сұхбат алаңы ұйымдастырылды.
58.	28-29 қазан	Диакритикалық таңбаларды сынамадан өткізу бойынша республикалық ашық талқылау шарасы ұйымдастырылды.
59.	28-30 қазан	«Қазақ тілін үйрету: халықаралық және қазақстандық тәжірибе» біліктілікті арттыру курсы өткізілді.
60.	28-30 қазан	Нұр-Сұлтан қаласында «Абай институты» жобасы аясында шетелдегі қазақ тілін үйретуші әдіскерлерге арналған онлайн курс өткізілді.
61.	29 қазан	«Дизайн терминдерінің жасалу жолдары» электронды алаңдағы онлайн конференциясы ұйымдастырылды.
62.	30 қазан	Нұр-Сұлтан қаласында Бейнероликтерді қабылдау және сараптау туралы Ғылыми кеңес отырысы өткізілді.
63.	4 қараша	Терминологияның өзекті мәселелері бойынша «Жарнама тіліндегі терминдердің қолданысы» атты (бетпе-бет) онлайн-семинар өткізілді.
64.	9 қараша	ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев жетілдірілген әліпби жобасын мақұлдады.
65.	12 қараша	Нұр-Сұлтан қаласында «БАҚ-тағы сөз мәдениеті» тақырыбында журналистермен онлайн кездесу ұйымдастырылды.
66.	16-21 қараша	«Атамекен» ақпараттық жинағы шықты.
67.	18 қараша	Нұр-Сұлтан қаласында «Абай институты» жобасының тұсаукесері өткізілді.
68.	19 қараша	Терминологияның өзекті мәселелері бойынша «Бекітілген терминдерге мониторинг жасау әдістемесі» атты (бетпе-бет) онлайн-семинары ұйымдастырылды.
69.	23-28 қараша	Бекітілген терминдер жинағы (I-II том) шығарылды.
70.	23-28 қараша	«Терминологияны біріздендірудің ғылыми-әдістемелік негіздері» атты ғылыми-әдістемелік құрал жарыққа шықты.
71.	23-27 қараша	Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруге байланысты емле ережелерін талқылау апталығы ұйымдастырылды.
72.	23-27 қараша	Емле ережелерін сараптау үшін апробациялық сабақтар өткізілді.
73.	25 қараша	ҚР Үкіметінің жанындағы терминология комиссиясының отырысы ұйымдастырылды.
74.	26 қараша	«Мемлекеттік тілдің ресми интернет-ресурстар мен көрнекі ақпараттағы қолданысы» атты республикалық онлайн семинар өткізілді.
75.	27 қараша	«Терминдерді игерудегі ағылшын тілі тәжірибесі» электронды алаңдағы онлайн конференциясы ұйымдастырылды.
76.	3 желтоқсан	Орфографиялық, Техникалық және ақпараттық сүйемелдеу жұмыс топтарының бірлескен онлайн отырысы өткізілді.



77.	10 желтоқсан	«Тарихи-диахрониялық әдіс арқылы ономастикалық атауларды жүйелендіру қызметі» жобасының қорытынды семинары өткізілді.
78.	14 желтоқсан	2017-2019 жылдары Республикалық комиссияның терминологиялық комиссиясы бекіткен терминдердің электрондық жинағы (дефинициясымен) әзірленіп, электронды алаңға ілінді.
79.	желтоқсан	Әліпби энциклопедиялық анықтамалығы дайындалды.
80.	желтоқсан	Жұмыс топтарының семинары өткізілді.

**Қазақстан Республикасында Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында XIII тармақ «Мемлекеттік тілді, этностардың ана тілдерін, үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) оқыту бойынша оқу-әдістемелік құралдарын» әзірлеу**

*Ана тілі қазақстандағы этнос тілдерін оқытуға арналған мәтіндер жинағы А1, А2 деңгелері (10 этнос тілінде)*

*«Alfabе» (күрд тілі)*

Ж.Тұрлыбекова  
*Ағылшынша тіл сындыру*

З. Күзекова  
Қазақ тілі. С1 Жоғарғы деңгей + CD диск

З. Күзекова  
Қазақ тілі. Грамматикалық жаттығулар жинағы

*А.Игенова, Д.Қуанбаева,  
М.Ағымбаева,  
Ж.Хасенова* Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы + CD диск

*А.Игенова, Д.Қуанбаева,  
М.Ағымбаева,  
Ж.Хасенова*  
Тіл үйренушілерге  
арналған кеспе карточкалар жинағы



## МАЗМҰНЫ

Аңдату.....	3
<b>I ТАРАУ</b>	
<b>Қазақ тілінің жаңа емле ережелері: орфография, терминтаным және әдістемелік негіздемелер .....</b>	<b>5</b>
<i>Ә.Жүнісбек</i> Міне, «қызық» енді басталды.....	5
<i>Н.Уәли</i> Орфографияға оңтайлы әліпби керек ( <i>сұқбат</i> ) .....	8
<i>З.Базарбаева</i> «Ақут» диакритикалық белгісінің қызметі.....	13
<i>А.Жұбанов, А.Жаңабекова</i> Қазақ әліпбиі: пернетақтада орналастырудың статистикалық негіздері .....	15
<i>Б.Момынова</i> Қазақ жазуының қалыптасуы тарихынан кейбір мәліметтер.....	20
<i>Қ.Рысберген</i> Шеттілдік географиялық атауларды латын әліпбиінде қалай жазамыз? .....	24
<i>Т.Тілешов</i> Түркі тілдері: әліпби және қазіргі тілдік жағдаят .....	29
<i>Ж.Жақыпов</i> Умляют способствует гармонии казахской речи.....	31
<i>Қ.Қалыбаева</i> Қазақ жазуындағы фонетикалық ұстанымның ролі.....	33
<i>Т.Ермекова</i> Әліпби ұлтқа қызмет етуі керек.....	37
<i>А.Фазылжан</i> Әліпби реформасын жүзеге асыру кезеңіндегі тілдік жағдаят: проблемалар мен шешімдер.....	39
<i>Қ.Кудеринова</i> «Әліпбиде латынның барлық әріптерін пайдалану міндет пе?».....	45
<i>А.Хабиева</i> Әріпүсті диакритикалық таңбалар. Қайсысын таңдаған жөн?.....	47
<i>А.Сейітбекова</i> Жетілдірілген жаңа әліпбиде әріптердің көркем жазу түрі елеусіз калмауы тиіс .....	49
<i>Ж.Жұмабаева</i> Ң әрпін қалай жазамыз?.....	50
<i>Н.Әміржанова</i> Әліпби түзу талаптары.....	51
<i>А.Аманбаева</i> Диакритикалық таңбалардың латын әліпбиіндегі көрінісі .....	52
<b>II ТАРАУ</b>	
<b>Әліпби жобасын жетілдіруге байланысты апробациялық жұмыстар және ашық талқылау .....</b>	<b>54</b>
«Jas Otan» Жастар қанаты филиалдарының ұйымдастыруымен 17 аймақтың белсенді студенттері мен жасотандықтар арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы .....	54
Білім беру саласында ұйымдастырылған сауалнама қорытындысы.....	55
Жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері арасында жүргізілген сынама-сауалнама қорытындысы.....	56
Жетілдірілген жоба бойынша оқылым және жазылым жұмыстарының сараптама қорытындысы ( <i>4,6,7,8 сынып, мектеп мұғалімдері, ЕНУ оқытушылары, студенттері</i> ).....	63
Тіл білімі институтының кейбір ғалымдары ұсынған жоба бойынша оқылым және жазылым жұмыстарының сараптама қорытындысы ( <i>4,6,7,8 сынып, мектеп мұғалімдері, ЕНУ оқытушылары, студенттері</i> ).....	63
Сынама жұмыстары жөнінде есеп .....	64
72 сағаттық республикалық оқыту курсына жүргізілген сынама-сауалнама қорытындысы ...	65
Диакритикалық таңбаларды сынамадан өткізу бойынша республикалық ашық талқылау шарасының қорытынды есебі.....	67
Бекітілген әліпбиге енгізілген өзгерістерге қатысты жүргізілген сынама-сауалнама қорытындысы .....	70
Республикалық ашық талқылау шарасы ( <i>14.02.2020 жыл</i> ).....	71



Тіл мамандарының қатысуымен өңірлерде өткен республикалық ашық талқылау қорытындысы.....	74
Қазақстан Республикасы Президент әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары М.Әшімбаевтың тапсырмасына сәйкес әліпби жобасын ғылыми тұрғыда қайта саралау бойынша республикалық ашық талқылау шарасы (05.03.2020 жыл).....	76
Диакритикалық таңбаларды сынамадан өткізу бойынша республикалық ашық талқылау шарасы.....	79

### III ТАРАУ

<b>Әліпби, емле ережелері: ұсыныс, талқы және нәтиже</b> .....	82
----------------------------------------------------------------	----

«Латын негізді қазақ әліпбиі: ұсыныстар, талқы және нәтиже» атты ұлттық комиссия жанындағы жұмыс топтарының бірлескен кеңесінің стенограммасы.....	82
«Жұмыс топтарында мақұлданған әліпби жобасын жетілдіру» атты ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық жұмыс тобының кеңейтілген кеңесінің стенограммасы .....	92
«Әліпбиді жетілдіру: талқы және шешім» атты сараптамалық кеңестің стенограммасы.....	116
«Әліпбиді жетілдіру: талқы және шешім» атты сараптамалық кеңестің стенограммасы.....	128
Ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық жұмыс тобы кеңейтілген отырысының стенограммасы.....	133
Ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық жұмыс тобы отырысының стенограммасы.....	143
Ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық жұмыс тобы кеңейтілген онлайн отырысының стенограммасы.....	170
Ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық жұмыс тобы отырысының стенограммасы.....	182

### IV ТАРАУ

<b>«Түркі әлемі: тілдік ахуал, латын әліпбиі және әдістеме» атты халықаралық онлайн семинар-кеңесі</b> .....	190
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----

<i>S.Eker</i> Latin tabanlı türk alfabesi çağdaş dünyaya uzanan yolda ilk adım .....	191
<i>A.Каксин</i> О предпосылках и условиях перевода тюркского письма на латиницу (на сравнительном материале хакасского и казахского языков).....	198
<i>Н.Рахмонов</i> Принятие латинской графики в узбекистане и некоторые проблемы в данной сфере.....	203
<i>A.Pirniyazova</i> Qaraqalpaq tiliniñ latyn jazıwına ótiwdegi máseleleri hám jetiskenlikleri .....	206
<i>С.Қукаева</i> Ногайский язык: перспективы сохранения и развития в полилингвальной среде.....	210
<i>Н.Серээдар</i> Проблемы графики и орфографии тувинского языка.....	215
<i>К.Джаманкулова</i> История кыргызской письменности .....	219
<i>Г.Мутаф</i> Специфика преподавания гагауского языка в республике Молдова.....	224
<i>А.Юсупова</i> Внедрение цифровых образовательных ресурсов и дистанционное обучение татарскому языку.....	231

<b>V ТАРАУ «Әлем тілдері әліпбиіндегі диакритикалық таңбалар» атты халықаралық сұхбат алаңы</b> .....	236
-------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----

### ЖЫЛНАМА

2020 жылы атқарған ішаралар тізімі.....	257
-----------------------------------------	-----



# ЛАТЫН ӘЛПБИИ: ТАЛҚЫ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ НӘТИЖЕ

**Редактор**

М.Шіменбай

**Корректорлар**

О.Мақсұт, А.Әлайдар

**Бегтеуші**

Г.Алмасбекова

ISBN 978-601-7504-46-5



Басуға 04.12.2020 ж. қол қойылды.  
Пішімі 70x100 ¹/₁₆. Офсеттік баспа. Шартты б.т. 21,3 + 0,5  
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 5669.

Тапсырыс берушінің файларынан  
Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.